

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗИНОЛ-ҒАБДЕН ҚАБИҰЛЫ БИСЕНҒАЛИ

XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ
(жаңа типті кәсіби прозаның қалыптасуы)

«XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы»
пәні бойынша оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

ӘОЖ

КБЖ.....

Б ...

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Әбдіғазизұлы

филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Есембеков

Бисенғали З.-Ғ.Қ.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы (Жаңа типті кәсіби прозаның қалыптасуы): Оқу құралы / З.-Ғ.Қ. Бисенғали.

- Алматы:Қазақ университеті, 2020, 340 б.

Оқу құралы жаңа типті кәсіби прозаның қалыптасу, даму тарихына арналған. Бұл әдебиеті тарихындағы маңызды және мәселелерді қозғайтын күрделі тақырып. Автор ұзақ жылғы зерттеулері мен ғылыми еңбектерінің нәтижесіне сүйене жаңа кәсіби проза даму тарихына ықпал еткен көркемдік заңдылықтар мен қоғамдық - эстетикалық құбылыстарға талдау жасайды. Жаңа кәсіби проза қалыптастыруға негіз болған қазақ халық прозасы шығармалары мен әлемдік әдебиет тарихында бар туындылар мен құбылыстарға талдау жасайды, салғастырады, салыстырады. Қазақ прозасының даму заңдылықтарын көрсетеді.

Оқу құралы студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, қоғамдық гуманитарлық факультеттердің студенттеріне, ұстаздарға әдебиеттанушыларға арналған..

Бисенғали З.-Ғ.Қ.
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2020

КІРІСПЕ

Қазақ прозасының жанр ретінде қалыптасу, даму жолдарының заңдылықтарын зерттеу – әдебиеттану ғылымы мен тарихы үшін аса маңызды істердің бірі. Өйткені, өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарында-ақ, біршама қысқа мерзім ішінде, көркем прозда алып адым жасаған қазақ әдебиетінің ірі табыстарға жетуі ойландырмай қоймайды. Бұған негіз болған тарихи жағдай мен себеп салдарлары, сол кезеңдегі әдебиетіміздің ішкі даму тенденциялары, жаңа типті кәсіби проза жанрының қалыптасу, даму жолдары жөнді зерттелмей келеді.

Оның, біздің ойымызша, екі түрлі себебі бар. Алдымен, ХХ ғасыр басындағы прозалық шығармалар бүгінгі күн биігінен талдауға алынады да, көркемдік құндылығы төмен, құрылысы қарабайыр деген бағаға ұшырайды. Сонан соң – кешегі кеңес үкіметі кезінде ол шығармалардан таптық тартыстар көрінісін іздеп әуре болсақ, бүгінде де сол әдіснама шырғаландарынан шыға алмай келеміз. Біздің көркем шығарма талдауларымыздағы басты әдіснамаларымыз да осыған негізделді. Әдебиеттегі ірі характерлер жасаудың жалғыз жолы түрлі әлеуметтік топтар мен типтер арасындағы қайшылықтарды бейнелеуде деп ұғамыз. Оның өзге де сансыз әдіс-тәсілдердің, жолдарының барлығын ескермейміз.

Мәдени мұраға мұндай көзқарастың әлдеқашан күні өткені бүгінде әркімге аян. Алайда, жаңа типті қазақ прозасының қалыптасу жолдары, тарихы мен теориясы әлі күнге дейін тиісті деңгейде зерттелген емес. Мектеп программаларын былай қойғанда, жоғары оқу орны студенттері алдына да сиректеу ұсынылады.

Ендеше мұны жеке проблема ретінде қолға алатын уақыт жетті. Өйткені, жаңа типті қазақ прозасының қалыптасу жолдарының бүгінгі әдебиеттану ғылымының соңғы жетістіктері мен әдістерін ескере арнайы зерттелмеуі көптеген мәселелерге көлеңкесін түсіріп жүр. Мысалы, проза жанрының туу, қалыптасу, даму, жіктелу жолдарын зерттеуде. Мұны жеке проблема ретінде көпшіліктің, әсіресе, орта мектеп оқушылары мен студент жастардың, жас зерттеушілердің назарына ұсыну аса маңызды.

Бұл туралы кезінде проф. Б.Кенжебаев, біраз нәрселер айтқан еді: «Қисса әнбиядағы» мейлі қиссалар болсын, мейлі ертеке-аңыздар болсын бәрі де көркем шығарма стилінде келген: өткір, шешен, сыпайы, көркем тілді, қызық, күрделі сюжетті, әр алуан тәсілді әңгімелесу – диалог ретімен, ертедегі шығыс әдебиетіне тән өлең мен қара сөз аралас келіп отырады. Тіпті бірсыпыра қиссаларда, мысалы «Әбіл мен Қайн» (5 бет), «Нұх пайғамбар» (15 бет), «Жүсіп, Зылиха» (60 бет), «Ибраһим пайғамбар» (26 бет), «Мұса пайғамбар» (24 бет), «Сүлеймен пайғамбар» (15 бет), «Расул» (15 бет), «Ғайса» (10 бет), «Әбутәліп» (19 бет), «Қисса мақыраж» (12 бет) сияқты қиссалар көлемі, мазмұны жағынан да сол заманғы нағыз көркем әңгіме, дастан, роман деуге әбден келеді. «Жүсіп, Зылиха» сөз жоқ нағыз роман» деп жазады ХШ-

ХІҮ ғасырлардан Орта Азияға, тіпті әлемге белгілі Рабғузи кітабы¹.

-ХҮІ ғасырлардағы түркі халықтарының әдебиетіне, әсіресе қазақ әдебиетіне тура қатысы бар Захиридден Бабырдың «Бабыр намасы» мен Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» мемуар-романдары туралы деректі зерттеулер бұл шығармалардың да дәстүрлі әдебиеттер негізінде жазылғандығын дәлелдеді².

Қазақ прозасы туралы Академик С.Қирабаев былай жазады: «ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басында шын мәнінде көркем проза пайда болып, жедел дамығаны аян. Онда прозалық туындылар – ғылыми, философиялық. Публицистикалық, шығармалар да, ғақлиялар да, шешендік сөздер де, новеллалар да, әңгімелер де, роман да туып, жанрлық түрлері, өзіндік формалары, стилі қалыптасты, мазмұны байыды. Міне, осы процеске Шәкәрімнің прозалық туындылары – тарихи, ғылыми, философиялық шығармалары – шежіренама «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «мұсылмандық шарты» трактаттары, «Бәйшешек бақшасы» әңгімелер топтамасы, «Қайғылы роман» деп аталған шығармасы («Әділ мен Мария» романы), «Мәңгі сөздер» афористік топтама, «Шын бақыттың айнасы», «Мне жетпіс жасқа келгенше» т.б. шығармалары қосылады.» Бұлардың әрқайсында өзіндік идеялық, көркемдік салмақ бар. Бірде адам болмысын, тағдырын, жан-жақты суреттеуге тырысушылық, бірде күнделікті өмір құбылыстарының кейбір көріністері, сыр-сипаттары арқылы толғамды ой жүйеленуі кездеседі³.

Оқулықтар мен оқу құралдарын заман талабына сай деңгейде басып шығару ісін түбегейлі жақсарту - күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселе. Біздің бұл бағытта істейтін жұмыстарымыздың ендігі арнасы – қоғамдық пәндерге арналған оқу құралдарын бұрынғы саяси-әлеуметтік идеологияға негізделген әдіснамалардан тазарту. Ғылыми негізді әдеби-тарихи кешенді, құрылымдық-эстетикалық талдауларға сүйенген замана талабына сай деңгейге жеткізу.

Бүгінде бір кездерде зерттемек түгіл мүлде сөз болмаған, көпшілікке белгісіз болып келген ақтаңдақтарды әдеби айналымға қосып жатырмыз. Оларды мұқият тексеріп, жан-жақты тереңдей талдап, қоғамдық сана дамуының жаңа талаптарын ескер отыра тарихымызға қосуымыз керек.

Осыған орай, қазақ әдебиеті пәні мен әдебиет тарихына қатысты жаңа оқулықтар жазу ісінде енді ескермеуге болмайтын біраз жайлар бар. Солардың бірі – қазақ әдебиетіндегі жаңа типті кәсіби проза жанрының та-тыра тексеріп заман талабына сай оқу құралдарын дайындау.

Бұған бір кездерде отаршыл идеология тарапынан тиым салынған қаламгерлердің шығармашылығы мен шығармалары енгізуі керек. Бірақ, тереңдей зерттелмеген асығыстау айтылған, пікірлерге абай болғанымыз жөн.

¹ Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің тарихының мәселелері.- Алматы: Ғылым, 1973. 20-21 бб.

² Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер.- Астана: Фолиант, 2004. 322-345 бб; «ҮШ Дулати оқулары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.- Тараз, 2014.

³ Қирабаев С. Шәкәрім// Шәкірім Құдайбердиев шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. 15-16 бб.

Әдебиет тарихын зерттеудің жаңа талаптарына басшылыққа алған. әдеби-тарихи деректерге мән берген еңбектерге жол ашып, тарихи шындықты қалпына келтіру басты мақсат болуға тиіс.

Бүгінгі әдебиеттану ғылымы мен тарихы әдеби шығармалар мен құбылыстарды, бағыттарды көкке көтеру мен дәлелсіз күдіктене қараудың кесел көріністерінен арылып келеді. Тұрпайы талдаулар мен дәлелсіз пікірлерді, дауларды артқа тастағандаймыз. Ғылыми, тарихи фактілерге негізделген байсалды зерттеулер көбеюде. Күн санап ашылып, тарихымызға қосылып жатқан «кененің кезі» – әдеби мұраларымыз аз емес. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының тәжірибесі мен этикасының, эстетикасының артуы да осының айғағы.

Әдеби шығармалар мен үдерістердің сыртқы түрі мен құрылысын, ішкі дамуын жан-жақты, тереңдей зерттеу басталды. Енді ірі әдеби үдерістер мен бағыттарды ғана емес, жеке жанрлардың да қалыптасу, даму заңдылықтарына, типологиясына салыстырмалы, жүйелік зерттеулерге кірістік. «Жеке әдеби бағыттардың, нақтырақ айтар болсақ, олардың ұлттық түрлерінің ішкі типологиясын ашып көрсететін зерттеулер өте қажет. Әсіресе, жанрлар мен стильдер типологиясының мәні зор. Бұл салада шешілмеген проблема көп. Әлемдік әдеби процесті терең ұғу үшін, жанр мен стильдердің сан алуан түрлерінің арасынан, түрлі тарихи-әлеуметтік ортада жанрлық түзілулердің күрделі түрленуінен байқалатын «типологиялық сәйкестіктерді», ортақ бастауларды аша білу **керек**»⁴. Қазіргі қолда бар әдеби фактілердің өзі-ақ ХХ ғасырдың басында профессионалдық прозаның қажетті компоненттерінің әдебиетімізде түгел қалыптасып, берік орныққанын және осы жолдағы саналы шығармашылық ізденістерді айқын көрсетеді.

Қоғамдық дамудың әсерімен мәдениет пен әдебиеттің алдыңғы қатарлы өкілдері көркем прозаға жаппай шабуылды бастады. 1910 жылы М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», 1913 жылғы Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романдарының дүниеге келуінен бастап бұл ізденістер белгілі көркем жүйеге айналды.

Үлкен әлеуметтік қозғалыстар мен таптық шайқастардың шиеленіскен дәуірінде қоғамдық өмір әдебиет алдына сан алуан міндеттерді тартты. Осы міндеттердің өзі қоғамдық өмірге араласушы адамдарды түрлі идеялық бағыттарға жіктеді, топтарға бөлді. Сол бір қилы заманда қолына қалам алған жанның бәрі қоғамдық даму әкелген «тосындау» жаналықтар негізіндегі объективті прогресті көре алмады. Мұның нақты себептері бар. Өмірге ене бастаған осынау жаналықтар мен мәдениет үлгілерін қазақшылықтың, қазақ елі дәстүрінің құруына балап, байбалам салушылардың бір тобы адамды қанауға қарсы күреске шындап көтеріле бастаған күштерден сұмдық шошынды.

Ал екінші топты патша үкіметінің қазақ даласында ұстаған тонаушылық саясаты шошындырды. Қазақ даласының байлықтары мен

⁴ Храпченко Б.М. Собр.соч. В 4-х т. - Т.4.-М., 1982.-С. 392-393

құнарлы жеріне құныққан патша үкіметі оны тез игеру жолында жергілікті халықтың жағдайына қараған жоқ. Оған қарайтын шамасы да жоқ еді. Өйткені оның да соңғы сағаты жақындап келе жатты. Россияның орталық қалаларында басталған жұмысшы, шаруалар қозғалыстары большевиктер партиясының басшылығымен саяси күрестерге көтерілді.

Патша үкіметі соңғы күнін ұзарту мақсатымен ұлт аймақтардары қанауды шегіне жеткізді. Ал осы қанаудың шектен шыққан қорқау чиновниктер қолындағы түрі тіпті қорқынышты еді. Оған қазақ қоғамының байлықтан басқаны ойламаған Қарабайлары мен зұлымдарының зорлық-зомбылықтары қосылды. Осының барлығы саяси сауаты шағын, білімі шамалы қазақ ағартушыларының бір тобының тіксінуін, шошынуын, жаналыққа үрке қарауын, болашаққа сенімсіздігін туғызды. Өткенді көксейтін гөй-гөй мен ұлтшылдық көзқарастарға бастаған себептердің бірі де осы.

XX ғасыр басындағы ағартушы-демократтардың үлкен тобы өмір жаңалықтарын қабылдауға, соған бейімделуге, әсіресе, жерге орналасып, мәдениетті елдер қатарына жетуге, өнер-білімге шақырды. Олар шығармаларында халық тұрмысындағы ірі-ірі түйінді қиындықтар мен қайшылықтарды бейнеледі, ел алдындағы маңызды проблемаларды көтерді. Олардың саяси, идеялық бағыттарының XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыстың ағартушы-демократтарының көзқарастарымен сәйкес келетінін оңай байқауға болады.

XX ғасыр басындағы қазақ ағартушы-демократтарының, жазушы, журналистерінің шығармашылығын талдағанда көрнекті қоғам қайрааткерлерінің мәдени мұра: әдебиет пен өнердің халықтық сипаты туралы пікірлерін, өнер шеберлері мен зерттеушілерінің, ғалымдардың мәдениет пен әдебиет, көркем творчество туралы еңбектерін басшылыққа алу керек.

Әдебиеттану ғылымының бүгінгі қол жеткен табыстары мен ғасырларға созылған бай тәжірибесіне сүйеніп тарихи типологиялық, жүйелік, салыстырмалы, кешенді зерттеу әдістерін пайдалана отырып қана XX ғасырдың басындағы қазақ прозасының даму заңдылықтарын, көркем прозаның маңызды компоненттерінің қалыптасу даму процесін, жанрдың ішкі динамикасын жан-жақты ашып көрсетуге болады.

Бұл бағытта бүгінде біраз тәжірибе жинақталды. Көрнекті әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектерінде әлемдік әдебиеттің даму жолдарының бірлігі мен ұқсастығы, типологиялық сәйкестігі көрсетіліп әдебиет дамуының «европоцентристік» және «оқшау мәдениеттер» туралы көзқарастарының негізсіздігі көрсетілді. Әлемдік әдебиет тарихы мен оның даму жолдарын зерттеудің түрлі методологиялық, теориялық маңызды принциптері көрсетіледі.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасының даму процесін кейбір бағыттарын талдайтын жеке шығармалар мен кейбір идеялық бағыттарға арналған еңбектер бар: М. Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Ә. Дербісәлин, Ы. Дүйсенбаев, С. Қирабаев, Ш.Сәтбаева, А.Нұрқатов,

Т.Нұртазин, З.Қабдолов, Б.Шалабаев, М.Базарбаев, Х.Сүйіншәлиев, Т.Кәкішұлы, М. Дүйсенов, Х. Әдібаев, Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов, Р.Бердібаев, Ш.Елеуқенов, Р.Нұрғали, С.Ордалиев, З.Жұмағалиев, Т.Әбдірахманов, Е.Жанпейісов, К.Бейсембиев, Ә.Жиреншин, С.Қасқабасов, Б.Байтанаев, Е. Тұрсынов, У.Қалижан, Б.Мамыраев, Т.Сыдықов, Б.Әбдіғазизұлы, Ө.Әбдіманұлы т.б. ғалымдардың еңбектерінде ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасында өтіп жатқан түрлі процестерді түбегейлі зерттейтін болашақ еңбектерге көмек көрсететін бағалы пікірлер мен әдеби фактілер мол. Сол тәрізді аталған дәуір өдебиетіндегі жаңа типті прозаның орыс және әлем әдебиетіндегі қалыптасу, даму тарихы көрнекті әдебиеттанушы ғалымдар: В.И.Жирмунский, Д.С.Лихачев, М.М.Бахтин, М.Б.Храпченко, Б.Л.Сучков, И.С.Брагинский, А.С.Бушмин, Г.И.Ломидзе, В.Р.Щербина, Д.Д.Благой, С.М.Петров, Г.Н.Поспелов, Л.И. Тимофеев, М.Я.Поляков, Ю.Б.Борев, Б.С.Мейлах, В.И.Кулешов, Е.Н.Купреянова, Г.П. Макогоненко, И.Г.Неупокоева, еңбектерінде жан-жақты айтылған.

Күрделі жанр, прозаны, игерудегі ізденістер мен көркемдік мәселелерін зерттеудің теориялық та, практикалық та мәні бар. Ол қазақ прозасының жиырмасыншы ғасыр басындағы жедел дамуының себептерін ғылыми түсіндіруге жағдай жасап қана қоймайды, сонымен бірге, қазақ әдебиеті тарихындағы кейбір олқылықтарды да толықтыруға мүмкіндік береді. Біз қазақтың профессионалдық прозасының қалыптаса бастауын тек қана 1917 жылдан бастайтын болсақ осы жылдарда дүниеге келген, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған профессионалдық дәрежедегі көркем шығармалардың жазылу сырын немен түсіндіреміз? М.Дулатов пен С.Торайғыров, М.Әуезов пен Б.Майлин, С.Сейфуллин т.б. осы жылдар шамасында жазылған әңгімелері мен повестерін, романдары мен драмалық шығармаларының поэтикалық заңдылықтарын қалай түсіндіреміз? Олар таптық шайқастар мен экономикалық қиындықтарға толы 6-7 жыл шамасына сыя ма? Мұндай қысқа мезгілде көркемдік дамудың кенет қанат жаюы, керкем проза тәрізді күрделі жанрдың кемелденуі мүмкін бе? Бұл сұрақтарға нақты дәлелдерге, әдеби фактілерге сүйенген ғылыми жауап қажет.

Қолыңыздағы осы еңбекте қазақ әдебиетінде жаңа типті прозаның дүниеге келу, өмір сүру заңдылықтары мен көркемдік ерекшеліктерін мүмкіндігінше толығырақ қамту көзделінді. Негізінен осы жанрда бірнеше шығармалар жазған және жаңа жанр жолындағы ізденістердің іздерін байқата алған авторлардың шығармалары алынды. Кейде проза жанрының қалыптасу, даму процесіндегі осындай ізденістерді аңғарта алатын белгісіз авторлардың бірер шығармаларына да тоқталдық. Өйткені, ол шығармалар – авторларының жаңа жанр жолындағы саналы ізденісінің жемісі болмаса да, прозамыздың даму процесіндегі кейбір құбылыстарды аңғартатын қажетті элемент.

Бұған біз ХХ ғасыр басында жарияланған көптеген шығармаларды хронологиялық тәртіпті сақтай отыра талдау арқылы көз жеткіземіз. Жазушы идеясы мен шығарма мазмұнындағы, пафосы мен құрылысындағы, стилі мен құрылымындағы, көркемдік табыстардағы типологиялық

сәйкестіктерді аңғарамыз және осы мәнді белгілердің пайда болу, даму себептерін айқындаймыз. Қазақ жазушыларының көркем проза тәсілдерін меңгеруі, шеберліктерін жетілдірулері өзара салыстырыла қарастырылды, жаңа жанрларды игеру жолындағы табыстары мен ізденістері, проза дамуына қосқан үлестері көрсетіледі..

Қазақ прозасы дамуының жалпы заңдарын қарастыратын жұмыста, кейде авторлардың белгісіздеу шығармалары көбірек айтылса, ол зерттеу объектіміздің ерекшелігінен туған қажеттілік. Белгісіздеу немесе жаңадан табылған деректі таныс материалдармен қатар қойып, салғастыра, салыстыра тексергенде оның маңызы мен мәні ашылады. Жаңа шығарманы әдеби байланыстар жүйесіне енгізу арқылы ғана ғылыми негізді қорытындыларға келуге болады. Көркем мазмұнның жаңа қырлары жақсы таныс материалдармен жұмыс үстінде ғана, оларды өзге жаңа себеп-салдарлы қатынастар тұрғысынан тексергенде әбден пайдалы болуы мүмкін. Бұл жұмысымызда жиі қолдаратын тәсілдердің бірі. Біздің ойымызша, ХХ ғасыр басындағы прозаның жай-күйін, даму жолдарын анықтау үшін осындай салыстыра зерттеулер мол мүмкіндік береді.

БІРІНШІ ТАРАУ

Жаңа типті прозаның алғышарттары

Қазақ прозасы жиырмамыншы ғасырдың алғашқы жылдарында-ақ дамудың жаңа арнасына шықты. Бұл - белгілі тарихи жағдайлардағы экономикалық-мәдени, әдеби заңдылықтар нәтижесінде пайда болған жаңалық. Жаңа әлеуметтік ортаның, әдеби сананың қажеттілігінен барып дүниеге келген қоғамдық санадағы мәнді өзгеріс.

Бұл уақыт - қазақ халқының өміріндегі елеулі кезең. Тарих үшін қас қағым шақта қазақ халқы осы жылдардағы төңкерістер әкелген барша өзгерістерді тез қабылдауға себепкер болған үлкен рухани дамуды, сілкіністерді бастан кешті. Мұның ірі-ірі себептері болды және белгілі заңдылықтары да бар еді.

Патшалық Ресейдің қазақ даласына «шабуылы» ХХ ғасырдың басында күн санап үдеді, Онда өтіп жатқан ірі уақиғалар қазақ еліне салдарын тигізді. Орыс капитализмі тыныш жатқан халықты түрткілеп оятып, зырлаған өндіріс пен сауда-саттықтың айналасына салып жіберді.

Капитализмінің даму жолдарын жан-жақты талдаған ғалымдар оның ұлт аймақтарын оятудағы ролін де атап өтеді. Мәселен, капиталы дамыған елдер товар айналысына көрші елдерді, отарларын тартпай тұра алмайды. Оларды бірітіндеп жер жүзі товар айналасына қосады. Жергілікті халықтың өзгешеліктерін томаға тұйық тұрмысын жойып өзінің саудасына жәрмеңкелер мен базарлар ашады. Қалалар салады. Натуралды шаруашылықтың күйреуі тездейді. Қазақ кедейлері осындай жағдайда амалсыз отырықшылыққа көше бастады. Күнелтіс үшін қосымша табыс іздеп қалаларға, темір жол бойларына ағылды. Қалай болғанда да, осы кезде қазақ даласы үлкен уақиғалар қарсаңында тұр еді.

Ұлттық буржуазия мен ағартушы-демократтық бағыттағы зиялы қауым қазақ елінің ауыр жағдайы мен азаматтық құқықтарының аяқ асты болуын, ата мекенінен айрылуын мерзімді баспасөз беттеріне айта бастады. Осы ой-ойларды Ресей мемлекеттік думасына дейін жеткізді. Отарлық қанудың құйтырқы тәсілдеріне қарсы ұлттық рухты оятуға, тәуелсіздік, азатшыл идеяларды таратуға күш салған ағартушы-демократтардың бұл әрекеттері қазақ халқының тарихындағы бетбұрысты кезең болып табылады.

Қазақ елінің экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайы осы кезеңде үлкен өзгерістерді бастан кешті. Бұл кезде қазақ қоғамын басқарудан бастап оның қараша үйіндегі тұрмысына дейін: киім-кешегі, ішетін тамағы, тіпті, аяқ-табағына дейін өзгерді. Қазақ даласын басқарудың жаңа жүйесі толық күшіне енді. «Осылай, ХІХ ғасыр соңында - ақ Россия губерниялары мен облыстарында орныққан әкімшілік-территориялық басқару жүйесі Қазақстанда да қалыптаса бастады. Қазақтарды басқару жүйесінде сақталған рулық, феодалдық қоғамның аздаған заң-тәртіптері шаруашылық-территориялық

аймақтар арасындағы ауылнайларды сайлаумен ғана **шектелді**»⁵.

XX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өлкенің өнеркәсіп орындарында жұмысшылардың жалпы санының көбі қазақ жұмысшылары болды.

XX ғасыр басы - әлемдік масштабтағы тарихи уақиғаларға толы. Олардың ішіндегі маңыздылары: Ресейдің империализмге өтуі және дүние жүзілік революциялық қозғалыстың орталығына айналуы. Бұл осы елдегі капитализмнің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болды. Шоғырлана бастаған ірі өндірісте монополиялар тез өркендеп, үстемдік құрса, елдің басқа шаруашылықтары мен саяси негізінде крепостниктік құрылыстың қалдықтары сақталды. Жұмысшыларды қанау шегіне жетті, шаруалар әбден титықтады. Ал ұлан-ғайыр өлкенің алыс аймақтарында тұратын қараңғы халықтардың хал-жайы бұдан да ауыр еді. Сондықтан да XX ғасырдың басында Ресейде революциялық қозғалыстар үшін барлық жағдайлар пісіп, алапат дауылдың лебі анық сезілді.

Ірілі-уақты қақтығыстардан үлкен дүмпуді сезе бастаған патша үкіметі шегіне жетіп шиеленіскен қайшылықтарды бәсеңдетуге тырысты. Мұның негізгі түйінінің бірі жер мен арзан шикізат қорына байланысты еді.

1905 жылғы орыс революциясы жеңілісіне қарамай халыққа ептеп те болса саяси бостандықтар алып берді. Халықтың осы саналы күресінен шошынған патша үкіметі жер саясатын қолға алуға мәжбүр болды. Қазақ жеріне қоныс аударушылардың жаңа легі, жаңа саясаты қалыптаса бастады..

Қазақ елінің шаруашылығы мен қоғамдық санасына мықты әсер еткен бұл саясаттың мазмұны мен көлемінің қаншалықты болғанын мына жай салыстырулардан да байқауға болады. 1917 жылға дейін егін салуға жарамды, шұрайлы жерлерден 45 млн. десятинадай жер қоныс аударушылар қорына алынды. Ал осы уақыттарда Россияның Европа бөлігіндегі 10,5 млн. шаруаның 75 млн. десятинадай ғана жері **болған**⁶.

Халық басына ауыр күндер орнады. Жаңа жағдайға бейімделу, жаңа кәсіпке көндігу, жер алу, егін егу, үй салу керек еді. Әлбетте, мұндай өзгерістердің өмірде оңай жүзеге аспайтыны белгілі.

Отарлаушы үкіметтің әрекеті қатал, дөрекі болған сайын, жергілікті жерде оған қарсылық та табанды бола түсті. Ұлт кедейлерінің аграрлық қозғалыстары біртіндеп жалпы халықтық сипат алды. Оларды Ресейден қазақ даласына, өндірістеріне қоныс аударған жұмысшылар мен шаруалар да қостап отырды.

Халықтың «ақ патшаға» деген сенімі мүлде азайды. Ояна бастаған қазақ халқы саясат туралы сөздерге құлақ түрді. Бостандық жолындағы күреске құрметпен қарап, төңірегіне көз тіге бастады. Осы кездегі халықтың көңіл күйін «Айқап» журналы былай жазды: «Біздің 1905 жылда Россияның ар жағында ескен самал жел көрпені жылы жамылып ұйықтап жатқан қазақ жұртының етіне тиіп кеткен еді. Жұрт та ақырын-

⁵ Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов среднего жуза. –Алма-ата, 1994. –С. 116

⁶ Қазақ ССР тарихы.5 томдық. 3-т.-Алматы:Ғылым,1979. -423-424 бб.

ақырын көзін уқалап, былшығын сүртіп төсектен басын көтеріп біраз ойға қалды. Ойлап тапты, бұл дүние тек ұйықтап рахаттанып қана жататын ахрет жұрты емес... өнерлі болу, ғылым арқасында екендігін тапты. Оқысақ білімді, өнерлі болып жұрт қатарында жұрт болып жасаймыз, оқымасақ һәр жұрттың аузында жем болып **кетеміз»**⁷.

Осы уақыттарда қазақ даласында ұлт-азаттық қозғалыстармен қатар түрлі саяси-идеялық-бағыттар да кең өріс алды. Осылардың біразы өз мақсаттарына ислам дінін желеу қылуға тырысты. Мұның негізгі себебінің бірі – Ресей империясының қазақ даласында орыстандыру саясатын ашықтан-ашық жүргізуі еді. Өктем әрекетке қарсылық ретінде халық ортасына панисламдық идеялар кең қанат жая бастады. Бұл қозғалысты, қазақтың ағартушы демократтарының азатшыл рухты, тәуелсіздікті аңсаған, әсіресе, ұлтын айрықша сүйетін өкілдері жан-жақты пайдалануға, өздеріне құрал қылуға **тырысты**⁸.

Жергілікті халық мүддесімен санасуды мүлде қойған патша ұлықтарының зорлығы, қоныс аударушылар келуіне байланысты елдің ата қонысынан айрылуы бұл бағыттың өркендеуіне өте қолайлы жағдай жасады. Сонымен қатар бұған мұсылман діні үгітінің күшейе түсуі консервативтік көзқарастағы қазақ атқамінерлері мен дін өкілдерінің Ресей капитализмнің тегеуірінді шабуылына шыдай алмай талқаны шығуы да қосылды. Ислам дінін уағыздау орыс капиталының тықсыруына қарсы күресте өз «құқықтарын» қорғамақ болған жергілікті ұлттық буржуазия мен дін өкілдерінің туына да **айналды**⁹.

Мұсылман діні қағидалары мен шариғат жөн-жосығын қазақтың ағартушы-демократтары да өз мақсаттарына пайдаланды. Халықты оқу-өнерге шақыруды дін қағидалары да қостайды дегенді желеу ете отыра, түрлі мақсаттағы діни кітаптардан үзінділер келтіріп білім мен ғылым, өнер мен мәдениетті насихаттауды күшейтті. Бұл тек қана қазақ әдебиетіндегі құбылыс емес. Діни кітаптар мен қағидаларды басқа елдердің әдебиетінде де ағартушы-демократтардың пайдаланғаны **мәлім**¹⁰.

Кеңес үкіметі кезінде олардың шығармаларындағы құран, пайғамбар аттарына шошына қарап, оларды бірден реакциялық ағымға тели салуға мәжбүр болдық. Қазақ елінің тарихында қоныс аударушылар мен қазақ кедейлері арасындағы түрлі қақтығысулар аз болған жоқ. Өйткені қоныс аударушыларға патша ұлықтары «бұратана» атанған халықтарға қарағанда біраз жеңілдіктер жасады. «Қоныстандыру қоры жергілікті халықтардың праволарын ерескел бұзу жолымен жасалады, ал Россиядан қоныс аудару «шет аймақтарды орыстандыру» жөніндегі бәз-баяғы ұлтшылдық принципті дәріптеу үшін **жасалады**»¹¹. Бұл саясат капиталға қарсы күреске бірігіп көтеріле бастаған түрлі ұлттар арасына жік салуды

⁷ История КПСС.-Москва, 1982.-С.68

⁸ Жәйшібек Әубәкір. Әйелдеріміз жайынан.-Айқап журналы.-Троицк:Энергия,, 1913. -391 –б.

⁹ Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.-Алматы, 1976. 2-31 бб.

¹⁰ Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана.-Алматы:Наука,1976.-С.228-229.

¹¹ Берков П.Н. Проблемы исторического развития литературы.-Ленинград,-С.149

көздеді.

Біреп жылда шаруашылығын түзеген кейбір қоныс аударушылар ата қонысы мен күнелтіс-кәсібінен айрылып, азып-тозып отырған жергілікті халыққа зорлық жасай бастады. Ал оның үкімет тарапынан да қолдау табатынын, әрі жергілікті халықтың қараңғылығын көрген соң мұндай әрекеттер күшейді.

«Айқап» журналы мен сол кездегі баспасөз бетіндегі көптеген хабарларда, әңгіме, очерктерде және 20-жылдардағы жазушылар творчествосында бұл жағдайлардың, қақтығыстардың көріністері **бар**¹².

XX ғасырдың басында қазақ даласында азаттық, тәуелсіздік күрес идеялары кең тарай бастады. Қазақ жұмысшыларының ұйымдасқан түрде бас көтерулері көбейді. Патша үкіметі мен капитализмге қарсы күрестерден бостандық, теңдік, азаттық жолындағы күреске көтерілген барша халық оқығандарының саяси санасы тез көтерілді. Қазақ даласында демократтық-ағартушылық идеяларды қалыптастыруда әдебиет пен өнерінің маңызы өте зор болғанын айту ләзім. Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев пен Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханұлы мен Х.Досмұхамедұлы, Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытов пен Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Смағұл Садуақасов т.б. адамзат ақыл-ойынның небір інжу-маржандары мен табыстарына дәстүрлі әдабиетіміз арқылы жол тапты. Ұлы гуманистер мен ойшылдардың, философтар мен ағартушы-демократтардың бостандық пен азаттықты аңсаған идеялары қазақ даласына да тарала бастады.

Шоқан мен Ыбырайлар, Абайлар тек қазақ еліне ғана емес, басқа елдерге де белгілі болды. Қезінде Петербургтың зиялы қауымын елең еткізген Шоқан еңбектерінің кейбірі Лондонда ағылшын тілінде де **басылды**¹³. Академик А.Н.Веселовский 1904 жылы Санкт-Петербургте басылып шыққан Шоқан еңбектерінің жинағына редактор болды және қазақ ғалымының әлем қоғамдық санасына қосқан үлесі туралы осы кітапқа беірлген алғы сөзде былай деп жазған: «Өз жұмысымның күрделілігіне қарамастан, мен бұл істен бас тарта алмадым. Өйткені Шығысты зерттеу ғылымының мүддесі үшін де, Шоқан Уалихановты есте қалдыру үшін де бұл іс сөзсіз пайдалы, әрі қажет деп білдім... Шоқан Уалиханов Шығысты зерттеу әлемінің үстінен құйрықты жұлдыздай жарқ ете қалды. Орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдарының барлығы да оны ерекше бір құбылыс деп танып, одан түрк халықтарының тағдыры жайында ұлы және маңызды жаңалықтар ашар деп күткен еді. Бірақ, Шоқанның мезгілсіз қазасы біздің бұл үмітімізді үзіп кетті».

Қазақ даласын сауаттандыруға бағытталған Ы.Алтынсарин көзқарасы орыс ағартушыларына жақсы таныс болған, көзі ашық Ресей азаматтары оны тек қана Н. Ильминскийдің естеліктерінен емес, шығармаларынан да таныды. Мысалы, оның «Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесі

¹² Шәріпов С.2 томдық шығармалар жинағы. 2-т.-Алматы, 1982

¹³ Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. в 5-ти томах. Т.- 5.-Алма-Ата, 1961.-С.100

1890 ж. орыс тіліне аударылып «Родник» журналының 6-санында басылған болатын¹⁴. Халқымыздың ұлы ақыны Абай шығармаларының Петербуртта жарық көруі, оның қазақ даласына келген орыс оқымыстыларына, ағартушы-демократтарына, революционерлеріне таныстығы бүгінде көпшілікке мәлім. Семейдегі орыс география қоғамының бөлімшесі ақынның қайтыс болуының онжылдығын үлкен кешпен атап өтуінің өзі дала өміріндегі үлкен уақиға емес-пе?! Осының барлығы ХІХ ғасырдың екінші жартысында-ақ Европа ғылымының негізгі сырларына орыс тілі арқылы жол тауып, өздерінің асқан талант, парасаттары арқасында адамзат ақыл-ойы дамуының асқарына шыққан ұлы гуманист, демократтарымыздың табысын ғана емес, халқымыздың қоғамдық санасындағы да үлкен өзгерістерді көрсетеді.

Ағартушылық, азаматтық идеялардың халық арасына тарауы ХХ ғасырдың басында кең өріс алды. Бұған сол кезде Қазақстанда көптеп ашыла бастаған мектептер мен түрлі оқу орындары, баспа мен баспасөз ісінің жолға қойылуы зор ықпал етті.

Қазақ даласын игеруге бағытталған осынау істерде патша үкіметінің қазақ даласын өркендетейін, жергілікті халықты сауаттандырып, өнер-білімге жеткізейін, мәдениетті елдер қатарына қосайын деген мақсаты болған жоқ. Тіпті қазақ халқын сауаттандыру ісіне белсенді қызмет атқарғансыған Н.Ильминскийдің мақсатының өзі мүлде басқа еді:

«Бұратаналарға білім беру жүйесінің түпкі мақсаты, бұратаналарды орыстандыру және дінін де, тілін де мүлдем ұмыттырып, бүтіндей орысқа сіңіріп жіберу. Міне, соған ұмтылуымыз керек»- деп жазады, біз қазақты сауаттандыруға зор еңбек сіңірді деп жүрген миссионер¹⁵. Қазақ даласындағы сауаттандыру ісіне белсене араласқан орыс ағартушы-демократтарының бәріне жуығының мақсаты осы еді.

1.1. Мақсаты бөлек мектептер және қазақ қоғамдық санасы

Қазақстандағы мол шикізат қорын Ресейдің орталық қалаларындағы өнеркәсіптерге жеткізу үшін түрлі қатынас жолдары: су жолы, әсіресе, теміржол құрылыстары басталды. Осындай бірін-бірі қуалап кеткен өндіріс талаптары шаруашылықты басқару үшін жергілікті халықты патша саясатына бейімдейтін мекемелермен тілді ұлықтарды қажет қылды. Осы мақсатта қазақстанда мектептер ашылып, түрлі оқу құралдары мен екі тілді сөздіктер шығарыла бастады. Патша жарлықтарын халыққа жеткізетін газет, журнал, баспа орындары пайда болды. Осы ашылған мектептер мен мерзімді баспасөз құралдарын қазақ елінің мұңын жоқтайтын құралдарға айналдыру, олардың беттерінде халық басына түскен трагедияны айту, оны ата қонысынан көшіріп, мал-мүлкін түрлі жолдармен талан-таражға салып жатқан патша ұлықтары мен жергілікті болыс билерді сынау- тек қана осы кезде ояна

¹⁴ Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 томдық. 2-том, 1-кітап.-Алматы, 1961. 284-б.

¹⁵ Ильминский Н.И. Директор Казанской учительской семинарии.-Казань, 1892

бастаған елдің үлкен мақсаттағы ұл-қыздарының ісі. Орыстандыру мақсатымен ашылған мектептерді бітірген қазақ жастарының бәрі ұлық болып шыққан жоқ. Көпшілігі халықтың сауатын ашуға еңбектенді, мәдениет пен өнерге шақыруға арнап оқулықтар жазды.

Далада ашылған үкімет тізіміндегі мектептердің бәрінде тек қана бір мақсат көзделінді. Ол - патшаның "орыстандыру" саясатына жол ашатын орыс мектептерінде оқуға **даярау**¹⁶. Қазақ тіліндегі газет - журналдарға үкімет тарапынан қаржы бөлінген жоқ. Ол ұйымдастырушылар мен жазылушылар ақшасына, дәулетті зиялылар көмегіне тәуелді болды.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің дамуына ықпал еткен экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайлар М.Әуезов, Б. Кенжебаев, К.Бейсембиев, М.Фетисов, Ш.Сәтбаева, Ә.Дербісәлин, К.Канафеева, Х.Әдібаев, Х.Сүйіншәлиев, Т.Кәкішұлы, Ы.Дүйсенбаев, Х. Бекхожин, М.Бөжеев, Ү.Сұбханбердина, Ә.Жиреншин, Р.Нұрғали, Ә.Дербісәлі, У.Қалижан, Б.Мамыраев, Б.Әбдіғазизұлы, Д.Хамзабекұлы, Р.Тұрысбек т.б еңбектерінде айтылады.

Біз жаңа типті көркем проза дамуына тікелей әсер еткен кейбір мәнді құбылыстарға ғана көңіл аударамыз. Мысалы, баспа мен баспасөз ісінің дамуы көркем проза дамуының жаңа сатысын сипаттайтын болса, мектептердің ашылуы оларға арнап әдебиеттен оқу, құралдарын жазыуды қажетсінеді. Бұл көркем прозада еңбектене бастаған көптеген қаламгерлер үшін мектеп болды. Түрлі аудармалар мен әңгімелер жазу үстінде көркем проза заңдылықтарымен танысты, шеберліктерін ұштады. Ең бастысы - жаңа типті көркем проза тілін, бейнелеу құралдары мен тәсілдерін, жазу техникасын қалыптастырды. Көпшіліктің көркем прозаға көзін үйретті.

Қазақ қоғамдық саласындағы осындай ірі өзгерістердің тікелей көркемдік дамуға ұласатын салаларына тоқтала кетейік.

1897 жылғы санақ бойынша Қазақстандағы халықтың сауаттылық дәрежесі 8,1 процент болса, бұл санның 1917 жыл қарсаңында едәуір жоғары болғаны да дау туғызбайды.

19-20 ғасырдағы қазақ көркем аудармалары жайлы монографиялық еңбектер жазған Сейділ Талжановтың "Көркем аударма туралы" т.б. және қазақ әдеби байланыстарын зерттеген Б.Ысқақов еңбектерінде қазақтардың сауаттылығы жөнінде басқа сандар көрсетіледі.

Біздің ойымызша, көрнекті қазақ жазушысы, ақын, қоғам қайраткері М.Шахановтың "Қазақ әдебиеті" газетінің 1988 жылғы 22 апрель күнгі, 17-санындағы мына пікірлері тіпті де негізсіз емес: "Жасыратыны жоқ, халыққа дүмше ғалымдардың зияны көп тиеді. Олардың пікірінше Октябрь революциясына дейін қазақ халқында есте қаларлық жөнді мәдениет болған жоқ. Қараңғылық, сауатсыздық қана жайлады. Осы пікірді алғаш айтқан және бірінен бірі іліп алып таласа, тармаса айтқан өзіміздің қазақ ғалымдары. Бұл кім үшін қажет болды? Ұлтымыздың терең тамырын жасырудан не ұтпақпыз? Осы күнгі жастарға тағылып жатқан басты мін тамырсыздық қой.

¹⁶ Храпченков Г.М. Научно - педагогические вопросы народного образования в Казахстане. - Алматы:Наука, 1976. - С.144

Енді мынаған қараңыз. Кітап тарихын зерттеуші көрнекті татар ғалымы А. Каримуллин 1807 жылдан 1917 жылға дейін мыңға тарта кітап қазақ тілінде араб әрпімен басылып 2 миллион 700 мың тиражбен қазақ даласына тарағанын жазады. Яғни осыншама көп кітапты оқыған елді түгелдей қараңғы деп атаудың өзі қараңғылық емес пе? Әлде араб әрпімен хат таныған адамдарды сауатты деп айтуға болмай ма? Тарихи деректерді ақтарып отырып, Қазақстанда Европаша оқып өнеге, білім алғандар революцияға дейін 7-8 процент, арабша сауаттылық 20-25 процентке жеткенін кезіктірдім".

2010 жылы жарық көрген "Қазақстан тарихында" (3-т.) бұл көрсеткіштер саны бұдан әлдеқайда жоғары. Сан алуан идеологиялық мақсаттармен ХХ ғасыр. басында оқыған балалар мен мектептер саны да Кеңес үкіметі кезінде бұрмалана көрсетілген. Бұл сандардың соңғы зерттеулерде "Қазақстан тарихында", мүлде басқа екенін айттық.

Оқу іздеген қазақ жастары Ақмола, Семей, Орынбор, Ташкент, Верный, Теке, Кереку, Троицк, Уфа, Қазан, Самарқанд, Бұқара, Қызылорда т.б. қалалардағы орта дәрежелі медреселерде де оқыды. Бұлардың ішінде әсіресе, медресе Ғалия, Уәзифа, Хұсайыния, Мамания, Мұхамедия, Расулия тәрізді т.б. оқу орындарының маңызы өте зор болды. Мысалы, "Ғалия" медресесінің қазақ әдебиеті мен мәдениетін дамытуда үлес қосқан көптеген қоғам қайраткерлерін тәрбиелегені мәлім. Ғалияны бітірген дипломы бар кісілер осы күні жоғары білімді саналады. Медресе "Ғалия" - Еділ бойында, Орта Азияда, Қазақстанда жоғары білімді оқытушы мамандар даярлаған прогрестік бағыттағы оқу орны. Өйткені медресе "Ғалияда" шығыстану пәндер: логика, философия, тарих, география, математикамен қатар орыс тілі мен әдебиеті де оқытылатын. "Осы орайда қазақ аулындағы мұсылмандыққа байланысты жол берілген ұшқарылықтың салдарынан, соңғы уақыттарға дейін, әсіресе, сыңар жақ идеологияның үстемдігі тұсында халқымыздың рухани өміріне елеулі нұқсан келтіріліп келгенін өкінішпен айтуға тура келеді.

Біріншіден, мұсылман оқуының мәні жоққа шығарылуы себепті - революцияға дейінгі халықтың сауаттылық көрсеткіші жасанды түрде төмендетіліп, қазақтар 1917 жылға дейін өзіндік жазу-сызуы жоқ жабайы халықтар қатарына қосылып келді.

Екіншіден, қазақ халқы өзінің табиғатында атеист халық еді,- деген қисын жасалып, оның "дінсіздігі" жақсы қасиеттерінің бірінен саналып келді. Бұл деректі ресми идеологиямызда әжептәуір мақтан тұтып айттық.

Шындығында солай ма еді? Олай емес екендігіне Міржақып өлеңдерін оқып отырғанда көз жеткізе түсеміз. Мәселен, "Мешіт, медресе хақында" атты өлеңінде ақын қазақ мұсылмандығының шалалығын, жұрттың көбі дін күтпей, құр мұсылман деген атақты малданып жүргенін айта келіп, оның себептерін ашады, Ең алдымен, көп ауылдарда мешіт жоқ, барларын да оны халыққа рухани ықпал ете алатындай үлгілі дәрежеде ұстайтын білгір имамдар жоқ.

Осы тұста М.Дулатов тағы бір үлкен шындықтың бетін аша кетеді.

Бақсақ, көп жерлерде мешіттің ашылуына орыстың миссионер топтары кедергі келтіреді екен. Демек, қазақ даласында ислам дінінің әлсіз болуының бір ұшығы патшалықтың отаршылдық саясатына барып тіреледі екен. Оның ар жағында шығыстың көптеген ұсақ халықтары арасында қазақты да шоқындыру мақсаты жатқаны белгілі.

Ал біз болсақ, осының байыбына бармастан, қазақтың мұсылмандығы жай, бер жағы ғана еді деп, бүкіл халыққа ұждан жалғандығын таңып, оны екі жүзді етіп көрсетіп келдік.

Қазақ қоғамының оянуына Россияның ірі қалаларының жоғарғы оқу орындарында оқыған қазақ жастарының да ролі зор болды **дейміз**¹⁷. Бұл шындық. Бірақ, олардың біразының аты-жөні адам танымыстай өзгертілген.

Қазақстанда өте көбейіп кеткен осындай мектептерге оқытушылар дайындау үшін патша өкіметі мұғалімдер семинарларын да ашты. Омбы мен Орскіде, Орал мен Ақтөбеде, Ақмола мен Семейде ашылған бұл оқу орындарының білім дәрежесі біршама жоғары болды. Мысалы, Семей қаласындағы Семинария туралы Ә.Қ.Марғұлан былай деп жазады: "Семинария өз түлектеріне шын мәнінде тыңғылықты білім берді... Осы күнгі пединституттар деңгейінде деп айтуға да болады. Оны бітіруішлер озық көзқарасымен, мықты білімімен ерекшеленетін. Сондықтан да осы семинария қабырғасынан мемлекет және қоғам қайраткерлерінің көп шыққанына таңдануға болмайды. Сәкен Сейфуллин оқыған Омбы семинариясының да халық арасында "Сібір университеті" аталған **ғой**¹⁸.

Мінеки, осы оқу орындарында тәрбиеленген көптеген қазақ жастары өздерінің өмірлерін тікелей халық-ағарту ісіне: өнер мен ғылымды, мәдениетті насихаттауға арнады. Олар ХХ ғасыр басында қазақ даласындағы демократтық, ағартушылық бағыттағы көзқарастар мен пікірлердің қалыптасуына себепкер болды, мерзімді баспасөз беттерінде халық басындағы халдерді көрсетіп түрлі мақалалар жазды. Қоғамдық қызметке сәл кейінірек араласатын көптеген қайраткерлер мен мәдениет пен әдебиеттің екілдері осы ортада, дәстүрде, мектептерде тәрбиеленді.

1. 2. Қазақ қыздарының бас бостандығы

Қазақ арасындағы оқу-ағарту ісінің осы кездегі басты бағыты үлкен әлеуметтік, қоғамдық проблемаларға апарды. Солардың үлкені қазақ қыздарының білімге оқуға ұмтылуы еді. Олардың арнайы ашылған мектептерге баруы ХІХ ғасырдан басталады. 1840-жылдары Бөкей ордасында Жәңгір хан ашқан мектептер мен қатар, қыздар семинариясы да болған. Одан бітірген 9 қазақ қызы Ресей жоғары оқу орындарында оқуларын жалғастырған. Жәңгір ашқан мектептер мен онда оқып білім алған шәкірттер саны Бөкей ордасының мектеп инспекторы А.Вознесенский қалдырған

¹⁷ Зиманов С. Роль университетов и научных обществ России в культурном развитии Казахстана XIX века.// *Навеки месте.-Алма-Ата:Наука, 1982.-С. 208-213; Тажибаев Т. Просвещение и школа Казахстана во второй половине XIX века. -Алматы:Наука, 1962.*

¹⁸ Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. -Алматы,1976. - Б.84.

жазбалар мен мектептер орналасқан елді мекендерді көрсеткен карталарда келтірілген¹⁹.

XIX ғасырда (шамамен 1880 ж) қазақ қыздарын оқытуға арналған интернаттар Семей мен Павлодарда ғана болды. (Қазақстан тарихы, 3-т, 524-б). Ғасыр соңына таман ресми ашылған мектептерде оқыған қазақ қыздарының саны арта түседі(сонда,525-б.). Ал мұсылман мектеп мереселерінде оқыған қазақ қыздарының соны әлі күнге дейін көпшілікке белгілі емес, бірақ өте көп болғаны мәлім. Мәселен М.Дулатовтың бақытсыз Жамал" Т.Жомартбаевтың "Қыз көрелік" романдарында қазақ қоғамының қыздарын оқытуға деген ықыластарының өте жоғары екені суреттейді.

Қазақ қыздарының XX ғасырдың басында оқуға, мектеп, медреселерге деген ұмтылыстарының аз болмағаны және оларға қазақ қоғамы басындағы азаматтар мен ағартушы демократтарының көмегі туралы аз болған жоқ (Қараңыз: Сонда, 676-б.). Есте болатын бір жай, Ресей үкіметі осы талпыныстар мен қозғалыстардың халықтық сипат алуынан, қазақ елінің сауаттанып кетуінен өлердей қорықты. Ресми түрде ашылған мектептердің басты мақсаты қазақтарды орыстандыру еді.

Алайда қазақ қыздарының бостандыққа ұмтылуы қазақ қоғамдық санасында ірі мәселелердің біріне ұласты. Солардың бірі және халықтың назарын өзіне көп аударғаны - қазақ қыздарының бас бостандығы үшін күреске көтерілуі, білімге ұмтылуы. Бұл күрестің қанат жайғаны сонша, ол халық арасындағы әңгімеден баспасөз бетіндегі негізгі проблемаға, көркем шығармалардың басты тақырыбы ретінде көрінді.

Объективті жағдайларға байланысты оқуы мен білімі арқасында, кейде патша заңдарына сүйеніп те бастарына бостандық алған қазақ қыздары болды. Олардың даланың қатал заңдарын бұзып, бостандық алуы, мызғымайтын тәрзді дала өмірінде сенсациялық сипатқа ие болып, көпшілік назарын аударды және ояна бастаған ойға қозғау салды.

"Айқап" бұл проблеманы жеке адам мен махаббат бостандығы, адамдық сезім мен қасиетті қастерлеу турасында ғана емес, халықтың өсуі мен ұлттың болашақ өмірі, дамуының басты кепілі бағытында да **көтерді**"²⁰.

"Айқаптың" бұл тақырыпқа ерекше мән беруінің тағы бір сыры әйел-ананы болашақ адам тәрбиесіндегі басты тұлға деп қарағандықтан. "...Жұрт шешесі болып, көргенді бала өсіреді деген қыздарымыз білімсіз, тәрбиесіз, **меніреу**"²¹.

Бұл тақырыптың әдебиеттегі көрінісі: "Бақытсыз Жамал", "Қыз көрелік", "Қалың мал", "Қамар сұлу" романдары, "Шұғаның белгісі" повесі мен "Надандық құрбаны", "Манап", "Бақыт жолында", "Еңлік-Кебек" пьесалары мен "Бейшара қыз" т. б. әңгімелер. Тізілген атаудың өзі қазақ қаламгерлерінің бұл объектіге ерекше назар аударғанын бірден көрсетеді. Олар осы тақырыпты қыздардың махаббат жолындағы дара күресінен гөрі

¹⁹ Махамбет энциклопедиясы: 20 кітап. -Алматы: Өлке, 2004., - Б.242.

²⁰ Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана.- Алма-Ата.:Наука,1976.-С. 322.

²¹ Жайшыбек баласы Ә. Әйелдеріміз жайынан.-Айқап,1913. №18,390 -б.

кең көлемде - адамдық өмір, бостандық үшін күресі тұрғысынан көрсетуге тырысқан.

Ағартушы-демократтардың әрекеттері босқа кеткен жоқ. Халық ортасында кең өріс алған қуатты қимылға төтеп бере алмай, қазақ ауылдарында да қыздарға арналған оқу орындары ашыла бастады. Көптеген қазақ қыздары ата-аналарының ұлықсатымен қалаларға, гимназияларға, мектептерге бет алды.

Мектеп, медреселерде арнайы дайындығы бар әйел оқытушылар сабақ берді. Мұндай мұғалималарды Қазан, Уфа тәрізді қалалардағы қыздарға арналған оқу орындарынан арнайы тандап шақырып алдырған. Мысалы: Мамания мектебіндегі қыздар тәрбиесімен айналысқан мұғалима Бәтима ханум мен Семейдегі Жақия қажы медресесіндегі Әдғия ханум Орман қызы. Сол тәрізді, Зайсан шәһарындағы қазақ қыздарының оқу жайы Ғабдолрахман Жүсіпқажы ұлының "Айқапта" жарияланған қолжазбасында да айтылады: "Онан соң Зайсан шәһарында Бекшентаевтың мұғалімі Лұхман Уақытовпен сөйлестім. Қасында Сейдә деген мұғаліма бар екен. Ол қыздар оқытып тұрған екен. Бекшентаевта мұғалімінің, тұрғанына жеті жыл, мұғаліманың тұрғанына екі жыл..." ., "...Астраханьда да қыздар (қазақ. - З.Б.) городской школдарда, гимназияларда оқиды" .XX ғасыр басындағы қазақ қыздарының оқуы мен олар тәрбие алған мектеп, - медреселер туралы мәліметтер әлі де тексеруді керек қылады. Өйткені, қазақ қыздары 20 жылдардан кейін-ақ қоғамдық қызметке белсене араласқан болса, араларынан көптеген өнер мен мәдениет, қоғам қайраткерлері шыққан болса, олардың көбі негізінен осы мектептерде сауатын ашқан, қоғамдық өмірге араласа бастаған қазақ қыздары еді. Мысалы: Ш.Иманбаева, А.Оразбаева, Н. Кұлжанова, С. Тілеубайқызы, Қ. Өтегенова, С. Есова, А.Азаматқызы, т. б.

1.3. Қазақ Әліпби туралы айтыстар және кітаптарға сын

XX ғасыр басында бүкіл қазақ қоғамын алаңдатқан үлкен бір мәселе болды. Ол -әліппе (алфавит) мәселесі еді. Және онымен тікелей оқу-ағарту ісімен, немесе, әдебиетпен айналысқанда ғана емес, оқи-жаза білетіндердің бәрі шұғылданды. "Түркістан уалаятының газеті" мен "Дала уалаятының газеті" беттерінде басталған бұл пікір таластарына қазақ халқының оқыған азаматтары өте көп қатысты деп айтуға болады.

XX ғасырдың басында, баспа мен баспасөз ісі біршама дамыған жағдайда бұл ең негізгі проблемаларға айналды. Жүйеге түскен жазу нормалары болмағандықтан баспадан шыққан қазақ кітаптарының өзі ала-құла еді. Қазақ тіліндегі кейбір дыбыстарды белгілеу үшін әрбір баспа орны араб әріптерін тым еркін, өздерінше пайдаланды. Сондықтан да кез келген мәтінге араласатын татар сөздері мен "кітаби тіл" элементтерін былай қойғанда, еркін таңбалау мен әріп, тыныс белгі қателерінің өздері оқуды қиындатты. Араб таңбаларының қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл белгілей алмайтыны бірден белгілі болды. Оны қазақ тіліне бейімдеу, болмаса

өзгерту керек еді. Алфавит, емле проблемаларына арналған мақалалар мен пікір таластарын баспа мен баспасөз орындарының бәрі көтерді. 1912 жылы жарық көретін Ахмет Байтұрсыновтың "Оқу құралы" араб әріптерін қазақ дыбыстық жүйесіне негіздей жазылған алғашқы әліппе, кітаптардың бірі болды. Оның қайта - қайта басылуының өзі "Оқу құралының" қаншалықты маңызды болғанын байқатса керек. Алайда, орыстандыру бағытында әрекет еткен ресми оқыту-ағартушылық жүйе бұр әліппені қабылдауға қарсы болды. Және бұл мәселеге патша саясатын іске асырушы орыс ғалым, миссионерлері ғана емес, түрлі саяси әлеуметтік көзқарастағы қазақ ағартушы-демократтары да қатысты. Аз ғана уақыт аралығында жаңа жазу, оқу ережелерін түсіндіретін жаңа әліппелер пайда болды²².

Оқу жүйесінде негізінен К.Д.Ушинскийдің, Л.Н.Толстойдың, Н.Ф.Бунаковтың, И.Б. Водорезовтың, И.Д.Тихомировтың, Ы.Алтынсаринның оқулықтары қолданылды. Ауылдық мектептерде әр оқытушының өзінің сүйікті кітаптары да болды. Мысалы, Семей өңіріндегі көптеген ауыл мектептерінде Абайдың "қара сөздерін", өлеңдерін пайдаланған.

XX ғасырдың басында мектеп жасындағы балаларға арнап оқулық жазушылар көбейді. Онда балаларды еңбекке, мейірімділікке, оқуға үгіттейтін шағын әңгімелер де болды. Мысалы: С. Көбеев "Үлгілі тә- ржіма", "Үлгілі бала", М.Дибердиев "Қазақ балаларына ғибрат кітабы" оқу құралдарын қолданылды. Ауылдық мектептерде әр оқытушының өзінің сүйікті кітаптары да болды. Мысалы, Семей өңіріндегі көптеген ауыл мектептерінде Абайдың "қара сөздерін", өлеңдерін пайдаланған.

XX ғасырдың басында мектеп жасындағы балаларға арнап оқулық жазушылар көбейді. Онда балаларды еңбекке, мейірімділікке, оқуға үгіттейтін шағын әңгімелер де болды. Мысалы: С. Көбеев "Үлгілі тә- ржіма", "Үлгілі бала", М.Дибердиев "Қазақ балаларына ғибрат кітабы",

М. Қалтаев "Біраз ғибрат сөз", М. Нұрбаев "Көргенді ана-үлгілі бала", Ғ. Мұштақ "Шайыр яки қазақ ақындарының басты жырлары" т.б. (30). Бұл кітаптардың көбі мектеп балаларына лайықталынып, солардың қабылдауына ыңғайланылып жазылған.

XX ғасырдың басында қазақ халқын сауаттандыруда белгілі дәрежеде прогрессивтік роль атқарған "Ұсуыл-жәдит" жазу ережелерінің маңызы зор болды.

Көркем әдебиеттің, әсіресе, жаңа типті прозаның баспасөз бен баспа орындарына тәуелді екені дау туғызбайды. Алайда, баспалардың мүмкіндігін толық пайдалану үшін оны өз мақсатына жұмсай алатын адамдар қажет. XX ғасырдың басында осы іспен біржола айналысқан адамдар тобы қоғамдық өмірге қоян-қолтық араласа бастады. Алғашқы газет, журнал бетіндегі салмақты материалдар - солардың шығармалары.

Осы кездегі қазақ баспасының жемісті қызметін баспа жүзін көрген көркем әдебиет санының өзі де дәлелдей алады. Бұл санның өсуі бүгінде мыңнан асып отыр. Алайда біздің ойымызша, бұл сан да нақты емес.

²² Сыздықова Р. Изучение казахского языка в дореволюционный период.// Развитие казахского языкознания. -Алма-Ата:Наука, 1980. -С. 13-33

Өйткені, Ұлттық Ғылым академиясы орталық ғылыми кітапханасы жанынан шыққан 1807-1917 жылдар арасындағы жарық көрген әдеби кітаптардың аннотацияланған библиографиялық көрсеткішінде (Жалпы редакциясын басқарған М.Бөжеев) негізінен 31 баспахананда басылған 499 кітаптың тізімі берілсе, 1986 жылы "Мектеп" баспасынан жарық көрген "Қазақ кітаптары" библиографиялық көрсеткішінде қазақ тіліндегі кітаптар басылған баспаханалар саны жетпіс тоғыз.

Жалпы осы кезге дейін Қазан қаласында ғана басылған кітаптар жайында бізде біршама толық мәліметтер бар. Жоғарыда аталған көрсеткіштерде де, басқа мәліметтерде де өзге қалаларда жарық көрген бірлі-жарым кітаптар ғана аталады.

Осыған қарағанда Октябрге дейін қазақ тілінде жарық көрген әдеби кітаптар тізімі мен тағдыры әлі де анықтай түсуді талап етеді. ХХ ғасыр басында қазақ ортасында әдеби кітаптарға ерекше сұраныс болған. Жоғарыда аталған көрсеткіш мәліметтеріне қарағанда, түрлі қиссалар мен батырлар жыры әлденеше жарияланған. Мысалы: "Айман-Шолпан" жеті рет, (кейін оның тағы бір басылымы анықталды), "Алпамыс" бес рет (кейін оның тағы төрт басылғаны анықталды), "Қыз Жібек" бес рет (кейін оның тағы бес басылымы белгілі болып отыр), "Біржан-Сара айтысы" 1899 жылдан бастап 8 рет жарық көрсе, "Ертарғын" 11 рет қайта басылған.

Қиссалардың ішінде "Зарқұм" 12 мәрте басылған²³⁻²⁴. Бұл тізімді әрі де жалғастыра беруге болады. Қазақ арасында әдеби кітаптардың оқылғанын, оларға ерекше сұраныс болғанын, қоғамдық сананың оянуын С.Торайғыров та атап көрсетеді. "Қазақ секілді қараңғы, көшпелі халықтың ішінде шыққан газет - журналдардың малтықпай тез жүріп, кетулері" сол оянудың арқасы²⁴. ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамдық санасына әсер еткен үлкен факторлардың бірі - орыс, татар және басқа да шығыс халықтарының әдебиеті²⁵.

Осылардың арасында қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуына ерекше әсер еткен фактордың бірі - классикалық орыс әдебиеті болғанын айтуға тиіспіз.

Орыс ағартушылары мен демократтарының озық идеялары қазақ даласына баспа мен баспасөз, оқу орындары арқылы енді. Қазақ әдебиетіне орыс тілінен көптеген шығармалар аударыла бастады. Олардың ішіндегі маңыздыларын атап болсақ: Л.Н.Толстой мен А.П.Чехов әңгімелері, А.С.Пушкиннің "Капитан қызы", Мамин-Сибиряк пен А.Сорокиннің әңгімелері т.б. Біз тек қана прозалық шығармаларды алып отырмыз. Ал поэзиялық шығармалардың аударылуы бұдан әлдеқайда мол.

Сонымен қатар, қазақтың ағартушы-демократтары орыс жазушыларының өздері оқыған шығармаларын жүрген жерлерінде әңгімелеп жүрген. Бұл әңгімелерді естушілердің өздері айтушылардың жаңа легін

²³⁻²⁴ Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар 1807-1917. Аннотацияланған библиографиялық көрсеткіш. - Алматы: Ғылым, 1978.

²⁵ Юсупов Ю. Связи деятелей передовой русской культуры и просветителей Казахстана и Средней Азии в конце XIX начала XX ее. // Навеки вместе. - Алма-Ата: Наука, 1982. -С. 117

туғызған. Мысалы, Абай қасындағы жастарға талай шығармаларды оқып беріп, әңгімелеп айтып, тіпті сол фабулада түрлі өлеңдер, поэмалар жаздырса, С. Көбеев те Н.Гоголь мен А.П.Чеховты, А.С.Пушкиннің "Дубровскийін" әңгімелеп **отырған**²⁶.

XX ғасырдың басында қазақ прозасының дамуына мерзімді баспасөз жұмысының жолға қойылуы өте қолайлы жағдай жасады. XIX ғасырдың екінші жартысында "Түркістан уалаятының газеті" мен "Дала уалаятының газетінде" басталған үлкен істер ілгері жылжыды. Ал қазақ мәдениеті мен әдебиетін дамытуда бұл газеттердің ролін ешкім жоққа шығара алмайды. Олар қазақша жазудың әдеби үлгілерін баспасөз бетінде күнбе-күн насихаттап отырды, әдеби тілдің қалыптаса бастаған нормаларынан ауытқуды қатал сынға алды, өмір шындығын бейнелейтін реалистік бағытта шығармалар жариялады. Түрлі сөздердің жаңа қырын, алуан бояуларын ашты, жаңа образдар жасауда оның мүмкіндігін байқап көрді. Мерзімді баспасөз бетінде дәуір талабы алға тартқан түрлі проблемалар көрініс тапты және қоғамдық сана тілегіне сай ірі, көлемді, көркем шығармалар қажеттігі жиі айтылды.

Бұл аталған істердің бәрі үлкен кедергілерді былай қойғанда өзінің қалыптасу, даму жолында үлкен уақытты талап ететін, халық санасындағы өзгерістерге тәуелді жайлар.

XX ғасыр басында қоғамдық өмірге белсене араласқан газет-журналдар мыналар: "Бірлік туы", "Ешім даласы", "Қазақ газеті", "Қазақ", "Қазақстан", "Сары Арқа", "Серке", "Алаш", "Тіршілік", "Ұран" "Үш жүз" және "Айқап" журналы т.б.²⁷.

Осыларға қосымша қазақ халқы татар, ноғай тілдерінде де шыққан газет-журналдарды үзбей оқыды. Өйткені, олардың беттерінде де қазақ халқының жағдайына, өміріне байланысты түрлі материалдар жарияланып отырды. Мысалы, "Ақмула" (1911 жылдан бастап Троицкіде татар тілінде шыққан), "Садақ" (1917 ж. Верныйда татар тілінде шыққан), "Шора" (ноғай тілінде) журналдары қазақ арасына кең тараған. Бұл газет-журналдар беттерінде жарияланған түрлі саяси топтар мен көзқарастар арасындағы пікірталастар қоғамдық сананы оятуға түрткі болды.

Октябрь алдындағы баспасөз, проза туралы әңгімелер қозғағанда "Айқап" журналының орны бөлек. Журнал бетіндегі көптеген материалдар патша үкіметінің баспасөзге қоятын талаптарымен сыйыса бермейді. Мысалы: "Қазаққа алауыздық қайдан келеді" деген мақалада II Екатеринаның колонияларда ұлт араздығын қоздырындар деген губернаторларға арналған құпия бұйрығын жариялап, ол туралы түрлі пікірлер **айтады**²⁸. Сол тәрізді баспа жүзін көрген кітаптар ішінде де патша үкіметінің саясатымен сыйыспайтын "бұзық ойлылары" баршылық **еді**²⁹. Бірақ осылардың

²⁶ Көбеев С.Таңдамалы шығармалар.-Алматы, 1960. - Б.221

²⁷ Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.-Алматы:Жазушы, 1976.

²⁸ "Айқап" журнал. 1913. №20. -Б.222-226

²⁹ Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан.-Алматы:Ғылым, 1971

барлығы да халық санасының ояна бас-тауының бастапқы нышандары болатын.

Газет-журнал бетінде жариялану көптеген қазақ жастарын қоғамдық жұмысқа дайындады. Оларды халықпен жақындастырып таныстырды, қанаттандырып, шабыт беріп отырды. Қоғамдық қайраткерлер тобының қалыптасуына ықпал жасады.

Патшалық Ресейді астан-кестен қылған үлкен тарихи уақиғалар қазақ даласында да қуатты жаңғырық тауып, оның енді-енді бас көтере бастаған ұлдары мен қыздарын жауапты сындардан өткізді. Олар мақсаттарының халық өмірімен тығыз байланысын сезініп-біліп, күреске шыға бастады. Прозалық шығармалардың көбінде осы мақсат жолындағы адамдар күресінің тынысы айқын сезіледі. Сондықтан да ХХ ғасыр басындағы санаулы жылдарда қазақ әдебиеті - сан түрлі шығармалармен толықса, ол шытырман уақыттардағы халқымыздың рухани дамуының нәтижесі, соның заңды жалғасы. Бұл - өмірдің өзі тәрізді диалектикалық процесс

Бақылау сұрақтар ман курс материалдарын игеру деңгейі

1. Қазақтың халық әдебиеті туралы түсінік
2. Халық прозасы және аузша әңгіме
3. Жаңа кәсіби проза туралы түсінік
4. Тарихи халық прозасы және тарихи уақиғалар шындығы
5. Дәстүрлі қазақ прозасы: ерекшелігі, жанрлық жүйесі
6. Дәстүрлі проза көркемдігі туралы ойлар
7. Халық прозасы сюжеттерінің ерекшелігі
8. Халық прозасы: тегі және құрылымы.
9. Дәстүрлі проза тақырыптары мен басты идеялары
10. Зерттелуі және негізгі еңбектер
11. Жаңа кәсіби прозаның басты бағыттары. Тақырыптары, идеялары
12. Оқу - ағарту мәселелері және қазақ прозасы
13. Қазақ халық прозасының зерттелуі
14. Қазақ қыздарының бас бостандығы идеяларының қозғалуы және кәсіби проза.
15. Халық прозасының жанрлық ерекшелігі
16. Дәстүрлі қазақ прозасының тарихы және зерттелуі
17. Қазақ халық прозасы және дәстүрлі проза
18. Халық прозасының құрылымы.
19. Жаңа кәсіби проза дамуына әсер еткен жағдайлар
20. Халық сауаттылығының артуы және кәсіби проза белестері

Өздік жұмыстар тақырыптары

1. Халық прозасы туралы түсінік.
2. Халық прозасының зерттелуі
3. Халық прозасының жанрлары

4. Халық прозасының көркемдігі
5. Тарихы халық прозасы
6. Тарихи халық прозасының зерттелуі
7. Тарихи халық прозасының жанрлары
8. Тарихи халық прозасы және ауызша проза
9. Кәсіби проза және халық прозасы.
10. Кәсіби проза дамуының алғы шарттары
11. Қазақ кәсіби прозасының ерекшелігі
12. Халық прозасының зерттелуі
13. Тарихи тұлғалардың халық прозасындағы бейнеленуі
14. Халық прозасындағы дәуір шындығы және тарихи тұлғалар.
15. Халық прозасындағы дүниетаным бейнелері.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. -Алматы:Жазушы,1989.;
2. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар.-Алматы: Жазушы,1985;
3. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы.
4. Жұмалиев Қ. Көп томдық шығармалар жинағы.- Орал, 2010
5. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. 5 томдық
6. Кенжебаев Б. 20-ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1991
7. Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы қазақтың ағартушы-демократ жазушылары. Алматы, 1958
8. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиеті. Алматы, 2006
9. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері. 1956
10. Қоңыратбаев Ә. Көп томдық шығармалар жинағы. -Алматы, 2004
11. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 6-том.
12. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 томдық, 2-том, 1,2 кітаптар. Алматы, 1961
13. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1997
14. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. Алматы, 1965
15. Дербісәлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. - Алматы, 1966
16. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984
17. Шәкәрімтану мәселелері. 5 томдық. Алматы: Паритет, 2007
18. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. -Алматы, 2007
19. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. Алматы, 1995
20. Нұртазин Т. Бейімбет Майлин. Алматы, 1966
21. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Алматы, 1987
22. Әбдіманов Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея.-Алматы, 2007
23. Бисенғали З. 20 ғасыр басындағы қазақ прозасы. Алматы, 1989
24. Бисенғали З. 20 ғасыр басындағы қазақ романы. Алматы, 1997
25. Бисенғали З. Қазақ романы. Ақтобе: А-полиграфия ЖШС, 2003
26. Бисенғали З. Қазақ прозасы. Жаңа роман жолында. 2 т., -Алматы, 2010
27. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Алматы, 1992
28. Темірболат А. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе.-Алматы: Ценные бумаги, 2009

Қосымша әдебиеттер

1. Атымов М. Қазақ романдарының поэтикасы. -Алматы: Ғылым, 1995.
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. -Алматы: Мектеп, 1973.
3. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. -Алматы: Ғылым, 1959.
4. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. -Алматы: Жазушы, 1962.
5. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. -Алматы: Жазушы, 1991.
6. Базарбаев М. Заман тудырған әдебиет. -Алматы: Ғылым, 1997.
7. Бердібаев Р. Қазақ романы. -Алматы: Жазушы, 1981.
8. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. -Алматы: Ғылым, 1991.
9. Дәстүр мен жанашылдық. -Алматы: Ғылым, 1980.
10. Қабдолов З. Арна. -Алматы: Жазушы, 1988.
11. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. -Алматы: Ғылым, 1981.
12. Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері. -Алматы: Ғылым, 1960.
13. Қирабаев С. Талантқа құрмет. -Алматы: Жазушы, 1988.
14. Мәшһүр Жүсіпов Қ. Өлең сөздің патшасы. -Алматы: Жазушы, 1991.
15. Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. -Алматы: Жазушы, 1970.
16. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы-көркемдік кепілі. -Алматы: Жазушы, 1989.

Е К І Н Ш І Т А Р А У

Кәсіби прозаның дамуы және мерзімді баспасөз

Қазақ әдебиетінде проза жанрының тез өркендеуіне ХХ ғасырдың басында қоғам өміріне батыл араласа бастаған баспасөз ісінің жедел өркендеуі ерекше ықпал жасады. Жарық көрген газет, журнал беттерінде көркем әңгіме мен очерктің, шебер жасалған аудармалардың талай түрлері бар. Мерзімді баспасөз қазақ әдебиеті мен қоғамдық өмірге кейін араласатын көптеген адамдар үшін үлкен мектеп те болды. Жарық көрген материалдары арқылы халыққа танылды, творчество қызығын бастан кешіріп, болашақ шығармаларының идеяларын, оны жеткізуге болатын әдеби түрді, формаларды тапты. Мысалы, С. Сейфуллиннің "Манап" драмасы туралы жазған сыны оның 1917 жылы жазылатын "Бақыт жолында" пьесасына апарар жол еді. Сол тәрізді Б.Майлин мен С.Торайғыров, М.Сералиндер де мерзімді баспасөз бетінде жарияланған шығармаларға сын көзімен қарау үстінде шеберліктерін шыңдады.

ХХ ғасыр басындағы мерзімді баспасөз бетінде жарық көрген прозалық шығармалар саны аз емес. С.Торайғыров пен Б.Майлин, С.Сейфуллин, М.Сералин, Ш.Құдайбердіұлы, Н.Манаев, Е.Бұйрин, Ж.Тілеулин, М.Кәшімов, Б.Ержанов, Ғ.Қалимоллаұлы т.б. прозалық шығармаларды қазақ қоғамы алдына заман тартқан ірі мәселелерге үн қосады. Ең бастысы, қозғаған тақырыпты көркем бейнелеуде Ресей, татар т.б. елдерде белгілі бола бастаған көркемдік ізденістерге үн қосады. Жарық көріп жатқан көркем шығармаларға рецензия, сыни мақалалар жазған. Осылардың арасынан көркем проза дамуына айрықша үн қосқан "Айқап" бетінде жарияланғандарға тоқталамыз. Себебі, осы кезеңдегі газет, журналдар арасында "Айқап" журналының орны ерекше. Алғашқы санынан бастап соңғы номеріне дейін көркем әдебиетке қатысты материалдар жариялауға оны насихаттауға арнайы көңіл бөлді. Тіпті 1914 жылдан бастап әдеби шығармаларды көп жариялайтынын оқушыларына хабарлайды¹.

"Айқап" программасында көрсетілетін тоғыз істің үшеуі тікелей әдебиетке қатысты. Олар: "фельетон (көркем проза. - З.Б.), өлең - жырлар, кітаптар хақында һәм ғылым бабынан".

Жарияланған шығармалармен таныса келе "Айқаптың" сол кездегі әдеби өмірдің бар саласына қоян-қолтық араласқанына оңай көз жеткізуге болады. Мысалы, әдебиеттің адамзат қоғамындағы орны мен халық алдындағы міндеттері, ауыз әдебиеті үлгілерін "өзір кеш болмай тұрғанда" жинастыру, жариялау, көркем әдебиет тілі, жаңа жанрлардың қажеттігі, үздік шығармаларға бәйге т.б. Осының бәрі "Айқап" журналы белсеке араласқан мәселелер. Бірақ күні бүгінге дейін оның қазақ әдебиеті

¹ Айқап, 1914, №23 (мұқабада)

тарихындағы ролі мен орны арнайы зерттеу объектісі болған жоқ. Ол туралы азды-көпті жазылған еңбектер арасында К.Бейсембиев пен Т.Кәкішев, Б.Кенжебаев пен Х.Бекхожин, Т.Кожакеев пен Т.Әбдірахманов, Р.Бердібаев пен С.Бурабаев, Ү.Сұбханбердина мен Н. Қарашева, З.Бисенғали пен Қ.Ергөбек, Қ.Ыдырысов пен Ө.Әбдіманов т.б.зерттеулерін ерекше атауға болады².

XX ғасырдың басы қазақ халқының қоғамдық санасының дүр сілкінген шағы. Октябрь алдындағы әдебиетіміз түрлі идеялық бағыттарға толы. Әдеби өмірдің осындай кезінде "Айқап" журналы мүмкіндігінше өзекті мәселелерді қозғаған прогресшіл, демократтық идеясы бар шығармаларды жариялауға мән берген, оны көпшілікке таныстыруға көділ бөлген басылым болды. Журналдың прогресшіл позициясы, демократтық, ағартушылық идеясы айқын. Осы идеяларды таратуда журнал әдеби шығармаларды, солардың ішінде көркем прозаны да шебер пайдаланып отырды. Бұл шығармалардан сол кездегі қазақ халқының тауқыметі мол тыныс-тіршілігін, мұң-мұқтажын, өмір жолындағы күресі мен арман-тілегін аңғару қиын емес. Қазақтың қоғамдық санасы дамуының кезекті сатысында дүниеге келіп, өмірдің үлкен проблемаларына араласа бастаған "Айқап" журналының өнердің, әдебиеттің, әсіресе, мүмкіндігі мол прозаның қуатын, қасиетін пайдалануға ұмтылуы заңды да. Ол негізінен Махамбет, Шоқан, Ыбырай, Абай бастаған реалистік әдебиетті одан әрі дамытты. Бұл жолда классикалық орыс әдебиетінің де әсері мол. Сол арқылы қазақ прозасына кәдімгідей көркемдік, түр, пішін келді. Баяндаудан диалогтерді бөлек берудің әдістерін үйренді.

Журналдың қазақ прозасын жариялау мен насихаттаудағы ролін бірнеше бағытта қарастырамыз.

Біріншіден, "Айқап" өзінің алғашқы санынан бастап прозалық шығармаларды жариялауға ерекше көңіл бөлді. Фельетон рубрикасында көркем әңгімелер мен аудармалар, қолжазбалар, очерктер үзбей жарияланып отырды. Бұлардың арасында журнал тілшісі М.Кәшімовтің, Қалимолла Ғабдолрахманұлының (Ғ.Қарасуи), М.Сералин мен Х.Лекеровтің, М. Малдыбаев пен Б. Ержановтың, Ғ.Уәлиханов пен Ә.Ғалымовтың, Б.Майлин мен С.Торайғыровтың, С. Денентаев пен Ж.Сейдалин тәрізді ағартушы-демократ жазушылардың шығармалары. Көтерген тақырыптары мен көркемдік дәрежесіне қарай оқшауланады.

"Айқап" журналы өзінің бір санында "қазақтарды қара сөзбен ойларын әдемілеп жеткізуге үйретуді мақсат қылдық", - деп жазды³. Бұл шынында да солай, қазақ халқын прозалық шығармаларды оқуға үйретуде, жарияланған шығармалардың табысын, кемшілігін көрсетуде оның ролі өте зор.

² Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана.- Алматы,1972; Кәкішев Т. Сын сапары.-Алматы,1971; Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.-Алматы, 1976; Бекхожин Х.Қазақ баспасөзінің даму жолдары. -Алматы,1964; Сұбханбердина Ү. "Айқап" бетіндегі мақалар мен хат-хабарлар. 1-бөлім. -Алматы, 1961; Қарашева Н. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX века. АҚД. Алматы,1959; Идрисов К.Общественно - политические взгляды и деятельность М.Сералина.АҚД.-Алматы, 1985; Ергөбек С. С. Мұхаметжан Сералиннің әдеби-публицистикалық мұрасы. ҚДА.-Алматы,1996; XX ғасыр басындағы қазақ прозасы. Алматы, 1989.

³ Айқап. 1911, №12.-Б.15

Журналдың С.Көбеевтің "Қалың мал" романын қазақ халқының рухани дамуының табысына балауының өзі үлкен факт.

Екіншіден, "Айқап" тек қана әдеби шығармаларды жариялап, болмаса, олар туралы хабарлама, сындармен шектелмей, үлкен ұйымдастыру жұмыстарын да қолға алған. Мысалы, жас-тарды тәрбиелеуде драмалық шығармалардың, романдардың қажетті туралы пікірлері осыны дәлелдей алады. 1914 жылғы "Айқаптың" 18-санында: "Журналымызда "Манап" драмасы басылып келе жатыр, бірінші бөлімі басылып бітті, екінші бөлімі де басылады. Ойымыз жеке кітап етіп бастыру еді, бірақ драма ұнай ма, ұнамай ма, соны оқушыларымыз ашық хат етіп жазып білдірсе", - деп жазады. Драмалық шығармалардың қажеті туралы ойларын К. Тоғысовтың "Надандық құрбаны" туралы мақаласында әрі жалғастырады⁴. 1915 жылғы бірінші санында "Қазақ" газетінде жарияланған роман бәйгесі туралы әңгімеге кеңінен тоқталып, жеңімпаздарды анықтауда өз позициясын ұсынады⁵.

Үшіншіден, "Айқап" жарияланған прозалық шығармаларға мән беріп, оларды елге таныстырып, тақырыптық, көркемдік қасиеттеріне жұрт назарын аударып отырды. Мысалы, М. Дулатовтың "Бақытсыз Жамал", С. Көбеевтің "Қалың мал", Ғ. Қарашевтің "Бәдел қаж" туралы материалдар осының айғағы.

Төртіншіден, журнал бетінде түрлі аудармалар да жарық көрді. Атап айтқанда А.П. Чехов "Қара қарға", Л. Н. Толстой "Ілияс", А.И.Лиханов "Манап", А. Сорокиннің "Ұғылмай қалған ән", "Отанның исі яки сахараның сыйы жусан" т.б. Көркем проза үшін аса қажетті шеберлік тәсілдерін үйренуде, үлгі ретінде де бұл шығармалардың мәні зор. "Айқапта" жарияланған шығармаларды типологиялық тұрғыда топтастырып, салыстырып, ХХ ғасырдың басындағы қазақ прозасының жүйесінде қарастырсақ, көркем прозада өтіп жатқан күрделі процестерді анық байқауға болады. Сондықтан да көркемдік дамудың кезекті сатыларына өтудегі ізденістер мен шегіністерді, табыстарды толықтау көрсету үшін журнал бетінде жарияланған көптеген әңгімелерге талдау жасаймыз. Қозғайтын тақырыбы мен көздейтін идеясына, құрылысына, жүйесінде қарастырсақ, көркем прозада өтіп жатқан күрделі процестерді анық байқауға болады. Сондықтан да көркемдік дамудың кезекті сатыларына өтудегі ізденістер мен шегіністерді, табыстарды толықтау көрсету үшін журнал бетінде жарияланған көптеген әңгімелерге талдау жасаймыз. Қозғайтын тақырыбы мен көздейтін идеясына, құрылысына, прозаның жеке компоненттерін сомдау жолындағы автор шеберлігіне, тіліне көңіл аударамыз.

"Әдебиеттану тұрғысынан журналды талдау әдебиет қозғалысын қатаң документальды негізде оның нақты күрделілігі мен қарама-қайшылығында зерттеуге мүмкіндік береді"⁶. Белгілі әдебиет зерттеушісі В.И.Кулешовтың ХІХ ғасырдың 40-жылдарында орыс әдебиетіне "Отечественные записки"

⁴ Тоғысов К. Надандық құрбаны// Айқап.1915. №14.

⁵ Айқап. 1915, №14.

⁶ Кулешов В.И. "Отечественные записки" и литература 40 гг. ХІХ века. - Москва, 1958.

журналының ролі туралы айтылған бұл пікірлері "Айқап" журналы туралы ойларға да қажетті бағдарларды көрсетеді.

XX ғасырдың басындағы қазақ прозасы дамуының күрделі процесін біршама толық көру үшін "Айқапта" жарияланған прозалық шығармаларға тоқталмай кетуге мүлде болмайды. Бұл күрделі прозаның кейбір құбылыстарының қазақ әдебиетіндегі көріністеріне барлау жасауға, генезисін тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олардың бүгінгі әдебиетіміздегі роліне, қызметіне, оқырман тілегін қанағаттандыру сырына қатысты зерттеулерде де үлкен әдеби дерек ретінде маңызы зор.

Қазақ прозасы ұсақ уақиғалы шығармалардан күрделі көріністерді қамти алатын кең тынысты, көлемді шығармаларға өтті. Осы шығармалар авторларының да, оқушыларының да талап-тілегін қанағаттандыра алды. "Өз заманының талабынан табылып, түрі мен рухы бағытында да соның белгісін, табын сақтай алған кез келген шығарма,-деп жазады В.Белинский, - ғана қандай үлгіде жазылса да әр минутта да, барлық ғасырда да жақсы"⁷Орыс прозасының түрлі тарихи кезеңдеріндегі идеялық, көркемдік мазмұны туралы мақалаларында айтылған атақты сыншының бұл пікірлері қазақ прозасы үшін де маңызды.

Ағартушы реализмнің қазақ әдебиетіндегі көрінісі тәрізді шығармаларда өмір алға тартқан проблемаларды бейнелеуге ұмтылған қазақ жазушыларының ізденістер ізі сайрап жатыр. Белгілі дәуірдегі әдеби процестің толықтау көрінісін жасау үшін жаңа жанрды игеру жолындағы әлгідей әрекеттерді аттап өтуге мүлде болмайды.

"Айқап" бетіндегі прозаны жариялану жылдарына қарай көркемдік мәселелеріне қатысты талдағанда авторларының алдынан шыққан негізгі қиындақтарды бірден байқауға болады. Солардың ішіндегі ең бастысы- баяндаудан диалогке және диалогтен баяндауға өтудегі қиындықтар. Осы мәселелеріне қатысты талдағанда авторларының алдынан шыққан негізгі қиындақтарды бірден байқауға болады. Солардың ішіндегі ең бастысы - жанрды игеру бағытында барлық шығармаларда романдар ман повестерде де кездеседі. Проза жанрына қалам тартқан жазушыларды әсіресе повесть, романда шығарма құрылысы мен кейіпкерлер арасындағы қатынастарды бейнелеу мәселелері де қатты ойландырғанға ұқсайды т.б.

"Айқап" бетінде жарық көрген прозалық шығармаларыды негізінен үш топқа бөліп қарастыруға болады. Олар: әңгімелер, жолжазба очерктер және аудармалар.

2. 1. "Айқап" бетінде жарияланған әңгімелер

Бұл шығармалар негізінен "фельетон" рубрикасында жарияланған. Бірақ осы айдарда жарық көрген барлық шығармаларды көркем прозаға жатқызу қиын. Мысалы, "Қазақ қай жылы Россияға қараған", "Қазақ өкпесі", "Қазақ

⁷ Белинский В.Г. Собр. Соч. В 3-х т.-Москва,1948. -С.76

шежіресі", "Қазақ халқына ең керекті оқу", "Қазақ қарындастарымызға" т.б. шығармалардың көркем прозаға қатысы жоқ. Сонымен бірге "Хабаршыларымыздан", "Басқармаға келген хаттардан" айдарларында жарық көрген кейбір шығармалардың көркем әңгіме мен очеркке жақындағы даусыз. "Қызды көп сақтаудан көрген зарымыз"⁸, К.Тоғысовтың аты көрсетілмеген үш қысқа әңгімесі⁹ және т. б. осындай шығармалар.

Жұмысымызда журнал бетінде жарияланған әңгімелердің арасынан прозаның даму заңдылықтарын нақты көрсете алатындарына ғана тоқталдық.

"Айқаптың" 1911 жылғы жетінші сапында "Бір қазақ қызы" аталатын әңгіме жарық көрген. Шығарма ел ішіндегі бір ғана қыздың басна төніп тұрған қасіретті баяндайды. Сол арқылы барлық қазақ қыздарының басындағы ауыр аянышты халді көрсетеді.

Әңгіме бірыңғай баяндауға құрылған. Кейіпкерлер портреті, мінез-кұлқы, әрекеті суреттелмейді. Диалог жоқ. Негізгі кейіпкер, Меңсұлу тап болған жайдың трагедиялық сипатын аша түсу үшін ара-тұра лирикалық шегініс те жасайды. Оның бірінде Меңсұлу басындағы қайғысын өлеңмен баяндаса, екіншісінде - ел арасында "қара күл" атанған оның болашақ күйеуінің түрін, "кісілігін" хабарлайды. Автор баяндауға өз эмоциясын жиі енгізу арқылы жастардың тілегін ескермеген заманға көзқарасын білдіреді. Сорақы әрекетке жұрт назарын аударады: "Ай, жұрт! Осындай сұлуды соқыр, саңырау мәжнүнге қалай қиып береміз? Осымыз дұрысқа келе ме?"- деген сұрақтар қою арқылы оқырманды ойлануға шақырады.

Осы тәсіл, шығарма соңында авторлық ой мен идеяның тікелей айтылуы прозада көп қолданылады. Әңгімеде Меңсұлудың бақытсыздығына оның ата-анасы ғана емес, "қызды оқытқаны несі" деген тәрізді пікір жайлаған орта да кінәлі деген үн бар.

"Айқаптың" 8, 12 сандарында "Жұмбақ әңгіме" және "Екі қыздың мұңы" аталатын екі әңгіме жарияланған. Мазмұн, тақырып ортақтығы болмағанмен екеуінде үлкен ұқсастық бар. Ол - екі шығарманың да бірыңғай диалогке құрылуында.

"Жұмбақ әңгімеде" автор енді-енді ояна бастаған қазақ халқының мәдениет жаңалығына, газет-журналдардың шыға бастауына түрлі көзқарасын көрсетеді. Бұл ойына тікелей насихат түрінде емес, өзінше шартты образ - жұмбақ арқылы жетпек болған. Автордың негізгі мақсаты белгілі идея мен ойды жеткізу ғана. Тіпті кейіпкерлерінің есімдерін атауды да қажет таппаған. Оларды шартты түрде әріптермен "Б", "С" деп қана белгілейді.

Шығармада өмірге еніп жатқан жаңалықтарға әңгіме кейіпкерлерің қуанышы көрінеді. Бірақ олардың айтып отырған жаңалықтары екі түрлі. Халық санасына сәуле түсірер, ел тұрмысын түзер жаңалық ретінде бірі - мәдениетті, білімді - газет-журналды атаса, екіншісі - зор байлық ретінде ақшаны айтады.

М.Дулатұлының "Екі қыздың мұңы" да осындай үлгіде жазылған.

⁸ Тоқтарбеков. Қызды көп сақтаудан көрген зарымыз.-Айқап,1913.№ 2.

⁹ Тоғысов К.. -Айқап, 1914. № 13.-Б.219-221

Нұрилла мен Ұлболсынның әңгімелері малға сатылып ұзатылғалы отырған Нұриланың халінен бастап барша қазақ қыздарының мұңына ауысады. "Екі қатын үстіне малға сатылып мен отырмын, алпысқа келген шалға баруға сен тұрсың, Зейнеп бейшараны сегіздегі балаға айттырып қойды, бір мақаудың тілегін тілеп Зылиха отыр". Автордың мақсатына орай әңгіме мазмұнын әдейі қоюлатқаны байқалады. Жоғарыда айтылған "Бір қазақ қызындағы" әлеуметтік мәселе тағы көтеріледі. Алайда мұнда күрес идеясы бар. Алғашқы әңгімеде автор Меңсұлу мұңын жаны аши отыра баяндап, "мұнымыз дұрыс емес қой" деп халықты әділетке шақырса, Нұрилла сөздерінде жаңа леп бар. "...Законше жолыңды тап....Әуелде барлық жұрт қыздарын сатқан, кейін оқу, өнер арқасында ол қателерін ұқты, қыздар да бас бостандықтары үшін күреске шықты.

Қазақ қыздары бастарын кесіп алса да сүймеген адамына бармасын" т.б.

Осы шығармалардан бастап журнал бетіндегі әңгімелерде диалогтерді суреттей бейнелеуге талпыныстар байқала бастайды. Негізінен бұл бағыттағы ізденістер драмалық шығармаларда пайдаланылатын авторлық ремаркалар түрінде көрінеді. "Ұлболсын (біраз үндемей отырып ауыр күрсінді де, моншақтап келіп қалған көз жасын сүртіп) Сенен жасыратын сөзім жоқ Нұрилла...); (Нұриланың сөзін бөліп, ашуланып, тағы да әрі қарай жалғап.) т.б.

Келтірілетін ремаркалар, қыстырма сөздер журнал авторларының, әңгіме үстіндегі кейіпкерлер қимылын, психологиясын суреттеудің қажеттігін сезе бастауын аңғартады.

Сонымен, жоғарыдағы әңгімелерде қазақ прозасының алдында тұрған үлкен проблемалар байқалады. Авторлық идеяны оқырманға әсерлі жеткізу үшін шығарма негізіндегі ойларды көркем формаға айналдыруға ұмтылады. Ол үшін қаламгерлік идеяға орай құрылған жасанды ситуацияларды пайдаланады.

Баяндау, диалог, суреттеу. әңгімелеу тәрізді тәсілдерді қолдану арқылы шығарма көркемдігін күшейтуге күш салады. Ойдан шығарылған уақиғаларды бірде баяндаса, бірде сюжеттер арқылы тартымды үлгіге ұластырмақ болады. Бірақ, көркем шығарманың өз заңдылықтары бар. Еңбек пен тәжірибені ғана емес, үлкен таланттар ғана шеберлікпен орындай алатын бұл компоненттер арасындағы күрделі қатынастарды игеру тіпті де оңай емес. Сондықтан да көркем прозаны игеру жолындағы қаламгерлердің қиналыстары шығармаларында сайрап жатыр. Мысалы, кейбір авторлар қиындық келтірген осы бір "қыл көпірді" айналып өтудің, соған соқпаудың әдістерін іздейді. Таза баяндауға, болмаса, диалогқа құрылған әңгімелер көбейуі осының салдары болса керек.

Журнал бетінде 1911 жылы жарық көрген әңгімелер - негізінен түрлі авторлардың шығармалары. Олардың арасында көркем прозамен табанды түрде айналысқандары некен-саяқ. Кейде суреттеме, көркем очерк, болмаса публицистикалық шығармалармен қатар анда-санда болса бірер әңгімелер жариялаған. Бәлкім, сондықтан шығар, олардың негізгі мақсаттары ағартушылық-демократтық бағыттағы идеяларда жеткізу болған тәрізді.

Бірақ, 1912 жылдан бастап проза саласында ғана жазатын авторлар тобы көріне бастайды.

Журнал бетінде жарияланған прозалық шығармалар негізінен белгілі дәрежеде редакциялауға ұшыраған. Өйткені, жарық көрген материалдарды топтастырып, салыстыра қарағанда бір стильді, түрді байқау қиын емес, Сонымен бірге осы әңгімелер де басқа шығармалардың тууына әсер етіп, өздері де үлгіге айналған, белгілі дәстүр қалыптастырған тәрізді.

Сондықтан да оларды қатар-қатар жылдық тәртіппен орналастырып, осы дәуір прозасының жүйесінде қарастырғанда белгілі бір заңдылықтарға жолығамыз.

Жарық көрген әңгімелерді басты тақырыптары мен идеяларына, мазмұны мен түрлеріне жіктей, ізденістерінің негізгі бағыттарына қарағанда кәсіби көркем прозаға жаппай шабуылдың осы кезде басталғанына оңай көз жеткізуге болады.

1912 жылдың орта тұсынан бастап "Айқап" бетінде көркемдігі жоғары, журналдың тұрақты авторларының әңгімелері жариялана бастайды. Қаламгерлердің негізгі идеяны жеткізу барысында мазмұнға сай көркем пішім іздегендері байқалып тұрады. Осылардың арасында "Айқап" жұмысына белсене араласқан Х.Лекеровтың да бірнеше әңгімелері бар. Журнал бетіндегі прозалық шығармалар арасынан әдебиетшілер назарына ерте ілінген екі-үш әңгіменің бірі де Х.Лекеровтың "Болыс пен Шотай" аталатын әңгімесі¹⁰ "Журналда қазақ байларының озбырлығын әшкерелейтін материалдар жеткілікті. Алайда осы мақсатты зорлық көрген еңбекші бұқараның наразылығы арқылы жеңіл юмор мен сатира қоса, қарсылықты астарлы жеткізетін шығармалар көп емес.

Енді осы әңгіме туралы жазылған пікірлерге келейік: Хабибулла

Лекеровтың "Болыс пен Шотан" әңгімесінде Шотан құлдың сөзімен Лекеров қазақ еңбекшілерін қанаушы бай, манаптарды әшкерелейді. Болыс пен Шотан құлдың айтысы диалог ретінде берілген. Шотан қала салуды, бас бостандығын тілесе, болыс бұрынғы.феодалдық - патриархалдық өмірді аңсайды"¹¹. Қазақ баспасөзінің даму жолдарын зерттеген белгілі ғалым Х.Бекхожиннің бұл пікіріне толық қосыла отырып, мына мәселелерді анықтаған жөн. Алдымен, Шотан емес, Шотай болуы керек, сосын, "Шотан құл" деген тіркес әңгімеде шартты түрде алынып отыр. Сөз арасында Шотай айтатын: "біз былай саған құл болуға разы емеспіз. Баяғыдан бері құл да болдық, күң де болдық, малымыз да, жанымыз да сенікі болды", - деген жолдарға қарап Шотайды құл деп алу оқырманды адастыруы мүмкін.

Шағын әңгімеде пікір таластырушы, сөйлесуші екі адамның кәдімгідей көркем бейнесі, мінез - құлқы суреттеледі. Автор Шотай бейнесі арқылы қазақ даласына келген жаңалықтар лебімен оянған, біршама сауатты, еркін ойлай алатын қазақ кедейінің бейнесін жасайды.

Х.Лекеровтың үлкен табыстарының бір - болыс бейнесін сомдай алуы. Әңгіме барысында оның қырық құбылуын көрсету арқылы автор кейіпкер

¹⁰ Дербісәлин Ә.Қазақтың октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. -Алматы,1966

¹¹ Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. - Алматы, 1964

психологиясын бейнелеуге тым жақын келеді. "Бізге енді ұрықсат берсең екен. Біз де өз халімізді көріп, жер алып, қала қалпына кірер едік",- деген Шотай сөзіне болыс алғашында онша мән бермейді. "Бейшаралар-ау! крестьянин болған соң сендерді шоқындырып, мойындарыңа крест тағады ғой. Діндеріңнен айрылып неғып тұрасыңдар. Мен ұрықсат берер едім, бірақ ақырының осындайы бар ғой",- деп жерге орналаспақ болған кедейлерге болыстың жаны ашығансиды.

Бірақ енді оған сенетін Шотай жоқ. Сондықтан да оның бұлтартпас дәлелдеріне дінді қалқан қылып ұстаудан өзге салмақты себеп айта алмай "ештене етпес, күте тұр" деген тәрізді сөздермен жұбатпақ болады. "...Бұған дейін де қор болған жоқсыңдар ғой, ...менімен бірге боласыңдар, өлмессіздер, сабырлық қылыңдар". Бірақ бұл сөздерінің де, түрлі дәлелдерінің де Шотайды көндіре алмағанын байқатан соң болыс айбарға, айқайға басады. "...Сен ит "болмас" дейсің, менен ықтыярысыз қайда барасың, сен ит әлгі баяғы жаман Досбайдың баласы емес пе едің. Маған қарсы тұруға саған ...қайдан келді" - дей келе, "жаптырам, құртам, Сібірге айдатам" деп қорқытады.

Бірақ бұрынғыдай Сібір аталған жерде төбе шашы тік тұратын қазақ жоқ-ты. Шотайдың "қолынан бір келсе, екі қыл" дегенін естіген соң болыс жалт бұрылып соңғы әдісін пайдаланады.

Енді Шотайға жалынады. "Жаңағы айтқандарым әншейін. Мені түсінбей отыр екенісіңдер! Менің де жер алғым келеді. Бірақ кішкене реті келмей тұр. Тағы төрт-бес жыл сабыр етсеңші, сонан соң бірігіп аламыз" - деп басқа жолға түседі. Алайда ол жортқан жолдың бәрін көрген, болыстың құлқыны мен қылығын білетін Шотай оған көнбейді.

Әңгіме соңында "Тоқта бәлем! Көрмегеніңді көрсетермін!",- деп кіжініп, болыс қалса, "Жанымызды сен ала алмассың", - деп Шотай кетеді.

Х.Лекеровтың бұл әңгімесінде күні өшіп, қуаты кетіп бара жатқан болыстың кәудіреген түрі мен күн санап көтеріліп келе жатқан жаңа күштің қайраты көрсетілген. Заманының өтіп бара жатқанын сезген болыс қанша жанталасып, түлкі бұлаңға салса да, ескінің кескінін жақсы білетін Шотай селт етпейді.

"Айқап" бетінде жарық көрген күрделі, көркем әңгіменің бірі - журналының хатшысы Ә.Ғалымовтың "Бейшара қыз" аталатын әңгімесі. Шығарма жарияланған прозалық шығармалар арасында ерекше көзге түседі. Әңгіменің стилі мен тілі, құрылысы мен баяндаушы шеберлігі әдемі үйлесім тапқан.

Осыған дейінгі "Айқап" прозасында табиғат көріністері көбіне жеке-дара көркем мазмұнға қатысыз бейнеленсе, мұнда кәсіби прозаның кең тынысын танытатын белгілер жеткілікті. Әңгіме идеясына сай таңдалған көріністер мен уақиғалар шығарманың көркем құрылысына жүктелген көркем мазмұн мен идеяға байланысты қаламгерлік мақсатты шеберлікпен бейнелейді:

"Июль айы еді. Жайлауға жұрт жаңа көшіп келгендіктен ауылдың әр тарапы көкорай шалғын, көзге көрінгеннің бәрі сүйкімді еді. Ерте тұрып атырапқа көз салған кісі рахаттанып, бытырап жайылып жатқан малдар һәм

есіктің алдындағы айнадай жалтыраған көл, дауыл жоқ болғандықтан дыбысын шығармай тып-тыныш қана таңның тәтті ұйқысында жатқан көлменен алты жеті шақырым шамасындағы орыс поселкасының қарасын көрер еді. Малдары балалап, аз егіндері салынып болып жұмыс бір ыңғайланғандықтан бұл мезгіл шаруаның бір тыныш мезгілі болғанға қазақ халқы жаралғаннан жан досы болған ұйқыға "енді пішенге дейін айрылмайық" деген уағдамен айналған еді. Сол себептен жоғарыда айтылғандарды ерте тұрып менен басқа көруші де жоқ еді"¹².

Әңгіменің бар уақиғасын лирикалық кейіпкер атынан баяндай отыра автор өзінің сол ортаға қатысын, демек соны қабылдаудан пайда болған эмоциялық әсерін, ойларын, толғаныстарын да ірікпей жазады.

Тып-тыныш табиғат пен өзінің әлдеқалай тыпыршыған сезімдерін қарама - қарсы қалыпта әңгімелеу арқылы оқушысын әлдеқандай үрейлі уақиғаға дайындайды.

Бейшара қыз! Әңгіменің атының өзі айтып тұрғандай-ақ оқырман сол бір трагедия тәрізді уақиғаны, қыз тағдыры туралы қою әңгімені, қорқыныштылау хикаяны қабылдауға еріксіз дайындалады. Бірте-бірте автор бір кезде еліктің лағындай ойнақтаған Алтынай сұлудың сұп-сұр бүгінгі суретін ұсынады. "...көзінің түбі қарайып, ақ беті сарғайып, шашы түсіп, сиреп, сүзектен тұрғандай..."Неге бұлай? Өйткені оның әр таңы қорқыныш пен үрейге толы. Алтынайдың өзін менсінбейтінін байқаған атастырылған күйеуі "олай болса, бір түнда алып кетемін" деп күш көрсетуде. Сондықтан да тып-тыныш тамылжыған әр таңда ол үшін сұмдық үрей бар.

Лирикалық кейіпкер тамашалаған мына таң - жастың тілегін ескермеген салт-санаға, әдет-ғұрыпқа қарсы болған қаршадай қыз үшін соңғы таң. Күйеу бала оған өзі айтқандай түнде емес, тапа-тал түсте, суға барған кезде тап береді. Ашынған қыздың жанталасқан қарсылығы алып қашушылардың жолын бөгейді. Сол екі арада ауыл адамдары жетіп Алтынайды олардан ажыратып алады. Бірақ бәрі кеш еді. Әр таңнан сұмдық күткен жас қыздың нәзік санасы мына зорлыққа шыдай алмай шырт үзіледі.

Әңгімеде уақиға өтетін ортаның көркем суреті бар. Талықсып жатқан Алтынайға көмек көрсетуге ұрықсат етпеуші діндар шал-кемпірлер, уақиғаны қызықтаушы қыз-келіншек, аяқ асты табылған дау-жанжалдан қызық күтіп, екілене сөйлеп, "барымталап" қолын уқалап жатқан топ т. б.

Ә. Ғалымовтың бұл әңгімесі - шеберлікпен жазылған әдемі шығарма. . Автор табысының бірі - әңгімеші, лирикалық кейіпкер. Ол өзі көзімен көрген уақиғаны жәй баяндаушы емес. Ол жас қыз бастан кешкен сұмдықтарды ақыл - ой таразысына тартушы. Сезім сыннан өткізуші, уақиғаға идеялық-эмоциялық бағыт беруші. Ол Б.Майлиннің Қасымжанын еске түсіреді.

XX ғасырдың басындағы прозалық шығармаларда автордың уақиғаға қатысын білдіріп, қорытынды шығаруы өте көп кездеседі. Солардың көпшілігінде үгіттік, насихаттық, публицистикалық сарын шығарма әуенінен, құрылысынан бөлектеніп тұрады.

¹² Ғалымов Ә. Бейшара қыз.-Айқап,1912. №11. -Б.243

Ал Ә. Ғалымовтың әңгімесінде авторлық идея шығарма әуенінің басты арнасын да түзеді. Жастардың тілегін ескермеген қатығез қоғамдық ортаға, оның негізін құраушы зорлықшыл күштерге деген қарсылық, оны әшкерелеу, әдемі үйлесім тапқан.

Шығармада сентиментальді стильдің әуендері де мол кездеседі.

Қазақ әдебиетіндегі сентиментальды ағымдардың XX ғасыр басындағы әдебиетіміздегі көрнекті шығармасының бірі осы. Адам түгіл барша жан-жануарлар, табиғат түгел тыныштық құшағындағы тіршілік теңдігін бұзушы - қара басының кегі мен ашу - ызысының өшін алуды ғана мақсат тұтқан кара жүрек жандар.

Осы ағартушылық реализммен қатар сентиментализм ағымы да дамиды. Бұл да классицизммен күресте қалыптасады. ХҮІІІ ғ. сентиментализммен реализм арасында жақындық өте мол. Бұлардың екеуі де адам бағалылығы оның әлекметтік тегіне байланысы емес деген бағытты ұстады. Әр тұлғаның ішкі рухани байлығы бағалы. Олардың шығармаларының басты қаһармандары қарпайым адамдар болды. Бірақ, олардың үлкен айырмалары да болды. Ең алдымен адамды бейнелеу әдістерінде (метод) айырма анық.

Реализм адамды суреттеңі отырып оны қоршаған ортамен байланысты алды; адам характері тұрмыс жағдайына ортаға байланысты алынды.

Сентиментализ болса, кейіпкер басындағы барлық уақиға, өзгерістерді оның адамгершілік әлемімен байланыстырды, сол арқылы оның адамдары және тұрмыс тауқыметтері өмір қатыгездіктерімен болған қақтығыстары арқылы бейнелейді. Бірақ, сентиментальды жазатын қаламгерлер сырқы әсерлер мен күштер туралы ештеңе жазбайды екен дегендей ой тумауға тиіс. Олар бұл туралы да жазады, бірақ олар адамның бұл сыртқы әсерлерден бос болғанын бейнелейді.

Сентиментализм ағымы арнасында жазылған әдебиет пен оның теориялық негіздері қазақ қаламгерлеріне беймәлім болған жоқ. Кейбір шығармалардың тақырыптық-идеялық мазмұны, тіпті шығарма атаулары да қазақ қаламгерлерінің бұл ағыммен таныстығын анық көрсетеді.

Мәселен: Ә.Ғалымов "Бейшара қыз", М.Кәшімов "Мұңлы Мариям", М.Дулатұлы "Бақытсыз Жамал", М.Жұмабайұлы "Зарлы сұлу", "Шын сорлы", "Алданған сұлу" тағы басқалардың жазған шығармаларының атауларына қарағанның өзінде олардың Н.М. Карамзин шығармаларымен таныстығы байқалады. Бұл сірә, осы ағымда жазылған шығармалардағы, Карамзиннің "Бейшара қызындағы" аянышты сюжеттің қазақ қоғамдық санасына таныс болғандығынан болса керек. Шығарма сюжеті уақиғасы қызықтырған,,. Сосын әсер еткен болуға тиіс. Орыс жазушылары ғана емес, неміс, француз (Руссо, Гете, Золя) әдебиетіндегі сентименталды шығармалардың әдіс-тәсілдеріне көз тіккенін жоққа шығару қиын.

"Айқап" журналының қазақ халқын жер алып, қала салуға, егін егіп, отырықшы болуға шақырғаны мәлім. Оның бұл еңбегі, шынында да, босқа кеткен жоқ. Қазақ даласының түрлі түкпірлерінде шақыруға үн қосып, отырықшы болуға тілек білдірушілер көп болды. Ұраны "жер алып, егін сал" болғанмен жеме-жемге келгенде патша үкіметінің ұлықтары халықты ата

конысынан, шұрайлы жерлерден көшіріп, сусыз, құнарсыз шөлейттерге ығыстыра бастады¹³.

Қазақ халқының санасына қатты әсер еткен саяси-әлеуметтік жағдайлардың бірі - әрі ірісі де осы, жер саясаты. Сондықтан халықтың күн көрісі мен шаруашылығына соншама өзгеріс әкелген уақиғаның қоғамдық сананың бір түрі - әдебиет пен өнерде ізсіз - кетуі мүмкін емес. Ендеше оның көрінісі көркем әдебиетте, оның образдарында сақталуы керек еді. Шынында да "Айқап" журналының беттерінде бұл тақырыпқа арналған бірнеше көлемді әңгімелер жарық көрді.

Ж.Тілеулиннің "Ат үстінде көрген түс" - аталатын әңгімесі "Айқап" журналының 1912 жылғы 12 санында жарық көрді. Патша үкіметінің қазақ жерін қоныс аударушыларға беру тақырыбына арналған шығармалардың алғашқыларының бірі. Әңгіме жер алып келе жатқан қазақтардың көңіл күйлерін суреттеуден басталады. Жерді өлшеп бөліп беру - ші ұлықтарр соңында бір жеті жүріп, әбден әуре болып, Мұқыл мен

Қақсал жер бөлгізіп алып келеді. Сөздеріне қарағанда әуреденқұтылғандарына, әрекеттеріне риза. Соларын әңгімелеп, сапырып келеді. Бірақ бұлардың әңгімесі қалың ағашты тоғайға, келгенде-ақ кілт тыйылады. Өңдері қашып, өздерімен өздері болып түс көргендей бір жұмбақ күйге ұшырайды. Бұл өзгерістің себебі осынау түгінен майы тамған жер, бұлардың ата қоныстары еді. Енді ол қоныс аударушыдар қолына өтті.

Олар осындай күймен ағаш ішіне енгенде, Мұқылға белгілі теректің жапырағы, желі азғантай болса да бір қайғылы дыбыспен судыраңқырап тіл қатты, былайша деп сөйлегендей де болып көрінді".

Сөйтіп, теректің жапырағы сөйлейді: Бізден айрылып, ағайындарыңды да ренжітіп жер алып келе жатқандарыңа мээ боласындар... Бұл ойды, идеяныжеткізудің түрлі әдістерін фольклордан іздеудің нақты бір көрінісі Әңгімеде қазақ елі тап болған қилы бір кезеңнің бүгінгі оқушыға беймәлім, шынайы көріністері бар.

Өмірдің проблемаларына арналған реалистік әңгімеде теректің жапырағын сөйлету жаңа бір көркемдік шешімге мегзейді. Саялы орман ішінде ерекше көрінетін сұлу теректер мен алуан түрлі шөптерді, осы тыныштықты бұзғысы келмей, аттардың да пысқырынбай тына қалуын Ж.Тілеулин жайната суреттейді. Әңгімеде біршама жақсы жазылған диалогтар да бар.

Осы тақырыпта Ж.Тілеулиннің "Мейірімді төре" аталатын тағы бір әңгімесі "Айқап" журналының 1913 жылғы 8 санында жарияланды.

Әңгімеде жер алуға ұмтылған қазақ кедейлерінің көрген зорлықтары суреттеледі. Уақиғаның басталуы мен жалпы әуені алдыңғы шығармалармен үндес. Мұнда да жер бөлушілерден бір топ адам қайтып келеді. Олар арыздарына көңіл қойып тындаған үлкен төреге дән риза. "...Кісіге жылы қарайды екен. Былтыр жылғы төре келгенде де бізге көп болысып сөйлесуші еді. Өзі не қылса да алғанын ақтайтын жігіт көрінеді.

¹³ Бейсембиев К.Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана.- Алматы, 1976. - С. 227-236

Екінші ақсақал: "Шіркін анау жаңа келген төрені айтсаңшы, қалай жұмсақ сөйледі. Өзі сендердің де, менің де арызымызды қабыл алды ғой. Сөйтсе де жердің, қыстаудың көшіретінақшасын крестьянский начальниктен сұра дейді. Өзі тегінде төрелердің крестьянский начальниктен артығы болмаса керек".

Осылай басталған әңгіме ақырындап өздері асыға күткен былтырғы төренің биылғы өзгерістеріне ауады. Былтыр ауылдың жерін алар кезде ата қонысынан айрылуға қорқыңқыраған жұртты тыныштандыру үшін ауыл ақсақалдарын қонақ қылып, "жерлерің үшін ақша береді деп алдап, ризалықтарын алып, қажетті қағаздарына бармақ бастырса, енді іс біткенсоң бұрынғы достарына пысқырына қараған.

Көлемді әңгімеде жер бөлудің қалай өткені реалистік тұрғыда суреттеледі. Патша ұлықтарының момын елге істеп отырған зорлығы, халықты алдауы жан-жақты баяндалады.

Ж.Тілеулин қазақ шаруаларының жерге орналасу тарихын жақсы білгенге ұқсайды. Оның әңгімелеріндегі жер бөлу ісі басындағы патша ұлықтарының алуан түрлері соның айғағы. Сол кездің өзінде-ақ олардан ешқандай жақсылық күтуге болмайтынын, олардың елді алдауын ашық көрсету автордың халқы алдындағы атқарған үлкен істерінің бірі.

Енді әңгімедегі автор шеберлігінің шамасына келетін болсақ, уақиғаларды суреттей, баяндай жазуда еркіндік танытса, кейіпкерлер сөздері - диалогтарға келгенде біраз қиындықтарға тап болады. Мысалы, барлық диалогтар мына формада беріледі.

Ақсақал: "(сөзі келтіріледі)"

Төре: "(сөзі келтіріледі)"

Ара-тұра диалогтар арасында сөйлесушілер түрін, бет құбылысын, мінезін көрсету үшін авторлық ремаркалар да келтіріледі. Негізгі мақсат ойды жеткізу болғандықтан шығар, мұнда кейіпкерлердің есімдері аталмайды. Ақсақал, төре, болыс немесе "С", "Б" тәрізді жеке әріптермен таңбаланады. Бұл әлдеде автордың көркем проза құдіреті адам характерлерін, образдарын жасау екенін сезінбеуін көрсетеді.

Әңгіме соңында автордың барлық ойын, идеясын хабарлайтын қойшы баланың әні келтірілген. Онда патша үкіметінің "жер бөлу саясатына" халықтың наразылығы жырланады.. Ж. Тілеулиннің үлкен табысының бірі өзінің негізгі идеясын, ойларын әлгіндей әдістер арқылы шығармасының ішкі тынысымен жалғастырып жіберуінде. Өзге замандастарының әңгімелеріндегідей публицистикалық сарын мен мұндалап, бадырайып тұрған жоқ. Қайта оның әңгімелерінде халық тап болған қиыншылықты көре тұра, оны аяудан басқа шарасы жоқ сентименталдық үн басым.

"Екі молданың кеңесі". У.Ғұмаровтың бұл әңгімесі "Айқап" бетіндегі дәстүрлі форма, диалогпен жазылған. Бұл әңгіме ХХ ғасырдың басындағы қазақтың ағартушы-демократтарының өз идеяларын жеткізу үшін жасанды ситуацияларды, фабулаларды қалай пайдаланғанына нақты мысал бола алады.

Оқу, білім туралы екі түрлі көзқарастағы молдаларды әдейі айтыстыру арқылы бала, жастар тәрбиесімен айналысудың тамақ табудан да басқа азаматтық борыштарын оқушыларына түсіндіреді.

Бұрын ел үстінен зекет, підие, ғұшыр тәрізді дін кәделерін жинау арқылы күн көріп келген Бисенбай молда енді күнкөрісінің қиындап бара жатқанын айтып, Сәрсенбай молдаға мұңын шағады. Елдің көбірек жаңа оқуға, "жәдитке" бет бұрғанына қынжылады. Бірақ Сәрсенбай молда жаңа оқудың жақтаушысы болып шығады да, сол арада екі молда арасында дау басталады.

Әңгімеде бала тәрбиесіндегі ана, әйел ролі де қозғалады. Жақсы тәрбиелі ананың баласы әдепті болып өседі. Ал қазақ жұртының артта қалып отырған бір себебі - қыздарын оқытпауда, сондықтан белгілі кәсіп жоқ надан әйелдің әдепті баланы тәрбиелеуі қиындау. Сондықтан да шығарма дүниеге ішіп-жеу үшін келмеген болсақ, кейінгі балаларды оқытайық, тәрбиелейік деген үндеумен аяқталады.

"Айқап" бетінде әйел, қыздардың бас бостандығына көп көңіл бөлудің, оқу-білімге үндеудің басты себебі олардың болашақ азаматтар тәрбиелеудегі ролімен байланысты қарау керек.

Журналдың 1914 жылғы үшінші санында осы автордың "Үш қатынмен тұрмыс" аталатын әңгімесі жарияланған. Мұнда У. Ғұмаров жоғарыдағы диалогтық әңгімесіндегі көзге бірден байқалатын қателерді айналып өтуге тырысқан. Жасанды ситуациядан - болған уақиғаға, оны сипаттап суреттеп жазудан - идеяға өтпек болады. Алғашқы әңгімесінде елді оқуға шақыру идеясы үшін екі молданы айтыстырып, бірін ескі оқудың, екіншісін жаңа-оқудың жақтаушысы қылып, соның аузына өзінің ағартушылық ойларын салса, былайша айтқанда жасанды ситуация жасаса, мына әңгімеде өмірдегі уақиғадан ойға, идеяға барады.

Автордың уақиғаны әңгімелеу тәсілі, тілі, шығармасының композициясы жақсы әсер қалдырады. Өмірдің ортасынан ойып алған тәрізді уақиғаға автордың идеялық-эмоциялық қатысы анық сезіледі. Әңгіменің ұзын-ырғасы мынау: Мүлгіген ауылдың таңғы тыныштығын жанжал бұзады. Бұл қазақ аулы үшін таңғаларлық жаңалық емес. Тоғайдан отын әкелмейсің деп Ақпа мырза әйелдерін сабаса, онда сорақы ештеңе жоқ тәрізді.

Берекеті кеткен үйдің үлкені - Ақпаның шешесі, бұл тірліктен әбден қажыған. Сондықтан да ала таңмен төбелес бастаған балаларына араша сұрай келіп отыр. Осы сәттен бастап әңгімеге автордың қазақтың көп әйел алушылығын сынайтын ойы-идеясы араласады. У.Ғұмаров ойларын берекесі кеткен үйді суреттеу арқылы жеткізбек болса да, ара-тұра "осы қалай" деген тәрізді, оқушыларына тікелей сұрау тастау кезінде одан жаңылып та қалып отырады.

Әңгімеде автордың біршама шеберлігін танытатын эпизодтар бар. "Оң жақта шымылдық құрылған, ішінде "ой" деп ыңырсыған дыбыс шығады. Есіктен төрге дейін күл шашқан. Оттың басында күпі, көрпелермеы ораулы бір саба қымыз тұр. Төрде көзіне былшық қатып, аузы кемсеңдеп бір кемпір отыр. Кемпір Ақпаның анасы еді".

Автордың қазақ аулының күзгі, қоңырлау күйін суреттеуі де ұтымды. "Қылышын сүйретіп келе жатқан қыс шаруаға малы үшін шөп, жағарына отын, тамағына астық даярлауға желкелейді. Аспандағы сұрғылт қара бұлттар, желді, жауынды, түнерген көңілсіз күндер, түнде түскен боз қыраулар, қамыстың ішін қиынға айналдырам дегендей қарлы қыстың келе жатқанын еске түсіреді...".

Әңгімеде Ә.Ғалымовтың "Бишара қызының" әсері анық байқалады. Ара-тұра кездесетін диалогтарды төл сөз тәрізді тырнақшамен де бөлектеп, сызықша арқылы да бөліп, тіпті "деп" көмекші етістігі арқылы да келтіре береді. Сөйлем ортасында жақшамен берілетін авторлық ремаркалар, қыстырмалар да кездеседі.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының дамуына үлкен кесел болған құбылыстардың бір қазақ атқамінерлері мен оқығандарының билікке, болыстыққа таласуы. Бұл - сол кездегі әлеумет назарын аударған үлкен уақиға. Сондықтан да прогресшіл бағыттағы қаламгерлер мен қоғам қайраткерлерінің бұл тақырыпқа қалам тартпағандары кем де кем. Қазақ әдебиетінде "күштілер алдында басын изеп, шыбындап тұрған, әлсіздер сөзін сырғытып шала ұғатын", малын шашып, билікке таласушылардың біршама сәтті бейнелері жасалды.

"Болыс болушы" деген лақап атпен жарияланған "Болыс боламын" атты әңгіме сол образдар тобына тағы бір типті қосты десе де болғандай. Әрі бұл билікке таласушылар образын қара сөзбен жасаудағы алғашқы қадамдардың бірі. Әңгімені XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін зерттеушілердің бірі Ә. Дербісәлин жоғары бағалайды: "...ол әңгіме көлемі жағынан кіші болса да, мазмұны жағынан XX ғасыр бас кезіндегі әдебиетімізде көрінген тәуір шығармалардың бірі болып табылады"¹⁴.

Әңгіме таза баяндау үлгісінде жазылған. Анда-санда кездесетін диалогтар журнал бетінде 1912 жылдары қалыптаса бастаған "төл сөздік" үлгіде берілген.

Әңгімеде тыныш жүрген жанды айдап салып екі арада пайда табушы ел атқамінерлерінің жап-жақсы жиынтық бейнесі бар. Автордың негізгі мақсаты - оқушысын халық қамы үшін қызмет істеуге шақыру.

"Айқап" журналында диалогтық үлгіде жарияланған әңгімелер арасында "Жүрсін - Тұрсын" деген лақап атпен жарияланған "Қазақ пен Ноғай" аталатын әңгіме-диалогтың орны бөлек. Автордың мақсаты халықты газет-журналдарға жазылуға үгіттеу. Әңгіме фабуласы - көзтаныс жасанды ситуация. Былайша айтқанда, қазақ пен ноғайды айтыстыру арқылы бірінің атынан өз ойларын айту. Бір қарағанда тым қарабайыр тәрізді көрінетін әңгімеде байыпты оқушыда күлкі туғызатын жеңіл юмор бар. "Айқап" туралы түк білмегенсіген қазақ, оның пайдасын түсіндіріп, журналға жазыл деп қоймаған әріптесіне: "менен басқалар да жеткілікті ғой, ноғай екеш сен де жазылып жатырсың ғой"- дейді. Манадан "Айқапты" білмегенсіген сырын

¹⁴ Дербісәлин Ә. Қазақтың октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті.-Алматы,1966.-Б.

да: "Қайдан білейін ноғайдың қазақтың "Айқабын" алып оқиды деп"- жеңіл юмормен айтады.

Автордың Қазақстан мен Орта Азия, Еділ бойы халықтары арасына кең тарала бастаған журналға деген мақтанышы анық сезіледі. Соған қарағанда әңгіменің авторы да редакцияның маңында жүргендердің бірі болуы әбден мүмкін.

Журналдың 1913 жылғы 10-санында Сартайұлы Хасеннің "Жесір әңгімесі" аталған шығармасы жарияланған. Әңгімеде табиғат көріністері, кейіпкерлер портреті, мінез-құлқы, психологиясы, диалогтар жоқ. Уақиға да суреттелмей жалаң баяндалады. Мысалы, намыстанған жігіт "бармаймын" - деген жесірін түн ішінде алып қашады. Абайсызда өртенген үй ішінде қыздың әке-шешесі қалады. Жолдағы түнгі шабыс оның қасындағылар түрмеге жабылады.

Автор уақиғаны үйіп-төгіп қоюлату арқылы оқушысына әсер етіп, осы сұмдықтар туралы ойға қалдыруды мақсат тұтқан.

"Ауырмай есімнен жаңылдым" "Айқап" журналының 1913 жылғы 17 санында жарияланған. ғасыр басындағы ағартушы-демократ жазушылар ішіндегі аса таланттысы С.Торайғыров қаламынан шыққан бұл әңгіме өзінің көркемдігімен бірден оқушысын баурап алады.

Алдымен осы кезең әдебиеті мен С.Торайғыров шығармашылығын жан - жақты зерттеуші поф. Б.Кенжебаевтың С.Торайғыровтың прозалық шығармалары туралы мына пікірлеріне назар аудару керек. Өйткені, бұл пікірді сол кездегі барлық қаламгерлердің прозасына қатысты да айтуға болады. "Ақын солардың бәрінде (прозалық шығармалары.- З. Б.) шын болған, өзі көрген, білген факт, уақиғаларды суреттейді. Оларды дәл қалпында хабар ретінде айтпай, ептеген, белгілі сюжетпен келтіреді, бірсыпыра әрлеп, көріктеп суреттейді, арасына көптеген келісті диалогтар енгізіп отырады"¹⁵.

"Ауырмай есімнен жаңылдым" - нақты орны, тіпті уақыты да көрсетілгенмен көркем әңгіме тәрізді шығарма.

"Бесінші июньде кешкі шәйді ішіп бола берген мезгілде бір бала ентелей басып келді де (қақалып-шашалып): Молдеке кітап! Неке қияр, неке кітап, сұрайды" деді.

Шағын үзіндінің өзінен-ақ ХХ ғасырдың басындағы қазақ прозасына тән ерекшеліктер бірден байқалады: уақиғаның болған уақытын, орнын көрсету, суреттеу барысында кейбір қажетті-ау деген, бірақ қалып қойған сөздерді, детальдарды жақша арқылы да келтіріп отыру, баяндау, диалог арасындағы күрделі қатынасты анық сезінбеу, оны бейнелеуде шеберліктің жетіспеуі, қалыптасқан дұрыс формаларының болмауы т. б.

Мысалы, "Ауылдан бірталай ұзап кетіппіз. "Молдашы, молда!" деп бүткіл елді көшіріп айқайлаған дауыс шықты. Апырай бірдеңе болып қалған екен, Ауыл отағасыларынан ұят болды ау, молданы шайтан қуып кетті дейді-ау, қыпылдап асыға-асыға жүгіре басып келсек, баяғы қатын алатын сабаздың тап өзі екен, омырауы ашылып, етек жайылып кеткен, жайдақ атқа

¹⁵ Кенжебаев Б ХХғасыр басындағы қазақ әдебиеті.-Алматы,1976.- Б. 150

мініп, алдымнан қарсы шықты, Ес жоқ, түс жоқ, кеудесімен жар соққандай. "Ет пісіп тұр, жүріңіз! Молдеке жүріңіз! Кітабыңызды ала жүріңіз! Қатты, қатты оқыңыз, қасіретті адам ғой" деп атпен ентелеп, мүлде үстімді басып кете жаздады, баруға уақытым жоқ, олай-бұлай деп едім, "апырай, тіпті болмаса төбеңізді көрсетіңіз" деп ішіп жемге қоймады".

Келтірілген үзіндіде диалог, баяндауды бейнелеудің бүгінгі нормалары сақталмаса да, С. Торайыровтың әңгімесінің біршама көркемдігі байқалады. Автор осы күрделі әдісті меңгеруге тым жақын тұр. Әсіресе, зарлы келіншекті әмеңгерлік жолмен алғалы жүрген құлағы естімейтін күйеудің бейнесі есте қаларлықтай. Уақиға өтетін ортаның көрінісі де реалистік қалыпта. Сорлы келіншектің бар қасіретін көзімен көріп, зарын құлағымен естіп отырса да пышақтарын жалаңдатып, ет жеуге асырып отырған отағасылар мен ауыл ақсақалдарының, қазан баққан әйелдер мен балалар бейнесі оқушы сезіміне бірден әсер етіп, түрлі сезімдер, ойлар туғызады.

Әңгімеге С.Торайғыровтың "Қамар сұлу" романына қатысты қайта оралатын болғандықтан әзірге осымен қоя тұрмақпыз.

"Айқап" журналының фельетон рубрикасында "М.М." деп қол қойылған Б.Майлиннің әңгімесі жарияланған¹⁶

Әңгіме бірден-ақ табиғат көріністерінің сұлу суреттерімен оқушы назарын аударады, "...Ағаш арасында сұлу қыздай жайқалып, найқалып, назданып тұрған әдемі шөптерді көрген адам басуға аярлық еді.

Масатыдай құлпырған көк сүйріктердің арасында отырсаң, басында қап тауындай қайғың болса да бір жарқын үміт, қиялдар аясына батар едің"¹⁷.

Табиғат құшағында көктемге маужырап жүрген жылқышыларға барымташылар келеді. Айқаста жуырда ғана үйленген Қенжеғұл деген жас жігіт соққыға жығылады. Оны дәрігерге көрсетпей, көрсетсе де, емдетпей, ақыры өлтіріп тынады. Артында кәрі шешесі мен келіншегі қалады.

Барымтаның негізгі себебі жесір дауы болып шығады. Енді көктемгі ақ пен ұйқыға тойына бастаған Қенжеғұлдың еліне де ермек табылады. Олар да барымташылар аттандырып, жылқы алдыруға және жүз жылқымызды алып кетті деп жоғарғы ұлықтарға арыз жазуға кіріседі. Ел басына туған дүрбелең мен қажетсіз дау-жанжалды суреттеу арқылы автор оның негізгі себептері мен кейінгі қасіреті туралы оқушыларын ойға жетелейді.

Әңгімеде көп кездесетін табиғат көріністері жалаң баяндалмай белгілі ой, идеяға байланысты алынады. Автордың тілі де сәтті теңеулер мен метафораларға бай. Мысалы: "Себепсіз жал-қаулықтың жайлы жастығына сүйеніп ұйықтаушылар сансыз көп еді", "Біреу бақан, біреу сойыл, әркім қолына түскен нәрсесін алып жылқыға қарай қанатсыз ұшты." т.б.

1913 жылғы "Айқаптың" соңғы санында "Мұқат" деген бүркеншік атпен М.Сералиннің аты көрсетілмеген ұзақ әңгімесі жарияланған. Автордың уезіне қараған Шұбар, Сары ой, Қара балық, Әйет һәм Дамба елдерінде жауын болмай, ыстық көп болып, егін, пішен шықпады"¹⁸. Көтеріп отырған проблемасы да салмақты. Әңгіме уақиға орны мен уақытын хабарлаумен

¹⁶ Нұртазин Т. Б. Майлин: монография. Алматы, 1964.

¹⁷ Майлин.Б. "Айқап".-Троицк, 1913, №31. 441-бет.

¹⁸ Мұқат, "Айқап".-Троицк, 1913, №24.467-6

басталады. "Өткен 1911 жылы доңызда Қостанай уезіне қараған Шұбар, Сары ой, Қара балық, Әйет һәм Дамба елдерінде жауын болмай, ыстық көп болып, егін, пішен шықпады" .

Осыған қарағанда әңгімені болған уақиға негізіне жазылған көркем очерк пе деп те қаласың. Алайда, бірте-бірте әңгіме документальдық үннен арылып, таза әдеби әуенге ауысады. Әсем табиғат көріністері мен елдің жай-күйінің келісті суреттері оқушысын бірден-ақ жетелей жөнеледі.

Шөп, егін шықпаған ауыр жыл. Қалың ел күнкөріс, мал қамымен қоныс іздеп алыс өлкелерге көшуде. Көрмеген азапты бастан кешіп барған жерлер де оңып тұрған жоқ. Малы, жаны шығынға ұшыраушылар да аз емес. Бірақ бұл әрекетте әйтеуір бір жұбаныш, үміт бар. Ол қуаңшылыққа ұшырап күйзелген ел күтіп, қауіптеніп отырған қыстан гөрі тәуірлеу тәрізді. Міне, осы көшуші топ ортасында Айтбай есімді орта шаруа келеді. Оның баласы Ерубай мен келіні Зәуре үйреншікті жайылымына жалтақтап кейін қашқан малдарды бейтаныс өлкеге әрең айдап келеді. Ызаланып келе жатқан Ерубай малға ие болмайсың деп Зәурешті құрықпен ұрып, абайсызда бір көзін шығарады. Осы кездер бастап әңгіме ағысы басқа арнаға, Зәуреш басындағы трагедияға ауысады. Бұрын ата-анасы мен ағайын-туғанының, болыс, байдың қақпақылына айналған қазақ қызының тағдыры енді сауда, есеп, ақша торына шырмалады. Аурусың деп ұрып, күн көрсетпеген Ерубайдан "Волостной управитель" Зәуреш басына бостандық әпергенде оған екінші бір торды дайындаған екен. Қайтарып алған аз-кем малын қызықтап жүрген Сәрсенбай молда, Зәурешті сыртынан "волостной управительдің" өзі ақшаға сатып жібергенде миңгірлеуден басқаға шамасы келмейді.

"Ия алған мал жоқ, ия күйеудің қандай адам екенін білген жан жоқ, управительге қайырып сөз айтуға дәрмен жоқ аузын ашып аңқиып Сәрсенбай молда қала берді". Автордың негізгі идеясы көшпелі өмірдің бар бейнетін шаруасын атқарушы қазақ әйелдерінің аянышты тағдыры ғана емес, мұнда дала өмірінің бар тірлігіне араласа бастаған ақша қатынастарымен баюдан басқа ешбір шекті білмейтін патша ұлықтарының қорқаулығы да сөз болады.

Әңгіме соңындағы адамдардың ой-пиғылын билеп бара жатқан ақша, алтын туралы автордың монологы бұл қалай әлеумет деген жалпы сұраумен аяқталады.

Дала өмірін өзгертіп бара жатқан алтын, ақша қатынасына байланысты ойдың "Айқаптың" 13-санында жарияланған (1913) А.Сорокиннің "Ұғылмай қалған әнімен" байланысы бар, оны әрі жалғастырады.

Осы шығармадан бастап журнал бетіндегі әңгімелерде диалогтарды жаңа жолдан жазып, алдына сызықша қою басталады.

"Бұл сөзді естіген соң Зәурештің жүзі құбылып кетті. Сәрсенбай начальникке.

- Дұрыс қой тақсыр, сіз маған жамандық ойлайды демеймін, сіз қолдаған іс неге теріс болсын, бірақ мен...

Начальник. "Сәрсекке, молда кісі өтірік айта ма?"

Үзіндіден диалогтарды берудің бұрынғы дәстүрінің де, тырнақша арқылы төл сөзше белгілеудің де қатар қолданылып отырғаны көрінеді.

М.Сералиннің осы әңгімесі - көлемі жағынан да, көркемдігі тұрғысынан да қазақ әдебиетінде орны болуға тиісті шығарма.

"Қасқырбай ауылнаймен дос Александр сөзі" "Айқап" журналының 1914 жылғы 9 санында жарияланған. Диалог формасында жазылған әңгімені "Айқап" қазақ бай-болыстарының өз құлқындары үшін билікке таласуларын сынау мақсатында жариялаған болу керек. Әйтпесе, әңгіменің көркемдігі де, құрылысы да тым қарабайыр.

1914 жылғы "Айқаптың" 12 санында "Ақыл мен Ырыс" аталған ертегі жарияланған.. Бұл - М. Сералин жазып алған ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі. Баяндаушының кейбір сөздері болмаса, ертегі негізінен диалог формасында берілген. Мұның өзі оның редакциядан өткенін көрсетеді. Ертегіні көл-көсір ауыз әдебиеті туындыларынан бөліп алып жариялаудың өзі адамға бақыт та, байлық та ақыл арқылы келеді деген ағартушылық ойға, идеяға қатысты болса керек.

"Айқап" журналының 12-санында Б. Ержановтың "Бозбалаларымыздың бір түрі" - аталатын желілі, ұзақ әңгімесі жарық көрді. Бұл автордың көркем прозадағы тырнақалдысы емес.

Әңгіменің көркемдігіне келер болсақ, "Оқуға махаббатқа" қарағанда сәл ілгерілеу бар. Ол әсіресе Құрмаш бейнесіне байланысты көзге түседі. Әңгімеде автор оның киім киісі мен сөйлеген сөзін, жүріс-тұрысын суреттеу арқылы жанды образ жасауға талаптанған. Құрмаштың ойларын баяндайтын жолдарда ішкі монологтың біраз элементтері бар. "...Ертең Құрмаш ойынға барады. Ойында түрлі ойындар көрсетеді. Оған ойындағылар таң қалып Құрмашты мақтайды. Сол себепті бір шеті Қопадағы Қара ағаштағы бозбалалардың басы һәм бақыттысы болады. Бұл ойды әлденеше қайта ойласа да ұшына шыға алмай, ақырында көзіне ұйқы тығылып ұйықтап кетті".

Бұл - оның алыс ауылдардағы той-томалақтарда айлап жүріп, үйіне оралған беттегі ойы. Ауылдарындағы ертеңгі ойын-сауықты естіп, соны тағатсыздана күткен кезі. Енді оның қырық күн жүріп тындырып келген ісіне қараңыз. "Бір атаның үйінен мені орталарына алды. Қыздың жақсысын менің жаныма отырғызды. Ойын ойнағанда да мен ойын бастап бердім. Үшбұлақта оңған жігіт жоқ қой. Бәрі де түк деме білмейді".

Әңгімеде Құрмаш бойындағы жақсы қасиеттер де айтылады. Мысалы, тамақ бағып, қалжың, күлкімеи күн көрген ауыл бозбалаларына молда ақыл айтқаннан кейін ол өзінше оқымақ та болады. Оқиды да. Алайда алымды жастықтың жоғалған күндері мен бойға әбден сіңген әдет оған ырық бермейді.

Әңгіме соңындағы өрім-өрім балалары мен құлагалы тұрған үйінің алдында, қарызға алған ақшасын қайыра алмай еңіреп отырған Құрмаш бейнесі - жастықтың алтын күндерін босқа, мақсатсыз өткізген адам трагедиясының жиынтық бейнесі.

Б.Ержановтың бұл әңгімесі - құрылысы мен тілінде біраз ақаулары болғанмен ХХ ғасыр басындағы прозамызда өзіндік орны бар шығарма.

"Болған іс" Б.Майлиннің "Айқаптың" 1915 жылғы 10 санында жарияланған әңгімесі.. Қазақ совет әдебиетінің классиктерінің бірі

Б.Майлиннің әңгімесі жазушы творчествосын зерттеушілердің кейбір еңбектерінде айтылған ¹⁹. Негізінен әңгіменің кемшіліктеріне тоқталған.

Біздің мақсатымыз - болашақ проза шеберінің тырнақалды әңгімелеріндегі оның кейінгі жеңістері мен табыстарына негіз болған ізденістер мен жаңалықтарды қарастыру.

Октябрь алдында қазақ шаруаларының ортасында жерін жалға беру (аренда), сату құбылыстары көп болды. Мұның негізгі себебі, жерді пайдалана алмаудан және аренда арқылы алатын аз-кем ақшаны пайда көруден еді. Жерді қиын тұрмыстан титықтап, қарызға белшесінен батқан қазақ шаруалары ғана емес, 20-30 сомды пайда көрген байлар да сатты.

"Болған істе" Б. Майлин осы тақырыпты қозғайды, жерді жалға сату мен оның нәтижелерін оқушысына көрсетпек болады.

Әңгіме өзара тең көлемдегі үш бөлімнен тұрады. Бір қарағанда әңгіменің негізгі кейіпкері Жанпейіс тәрізді. Бұл әсер образдың біршама шебер жасалуынан туындайды. Шынында да аз-мүз ақшаны олжа көріп, барды-жоққа қарамай жерін сатып, кейін өзінде жоқ жерді бере алмай, не алған ақшасын қайыра алмай соққыға жығылып, шауып жүрген Жанпейіс образында ұтымды детальдар мен сәтті теңеулер аз емес.

Алайда, әңгіменің басты кейіпкері - Қажыбай бай. Автордың ізденістері мен табыстары осы образға қатысты анық көрінеді. Ол әңгіме басында қасына молдасын ертіп өткен күн әңгімелерін ермек қылып отырған, шаруасыз, бейкам адам тәрізді. Аламда кеше ғана қаладан келген Жанпейістің барлық ісін біліп отыр. Оның артық жер сатып жүргенін көріп отырса да, алған ақшасына қызығады. Қажыбай бай - аса пайдакүнем, сараң адам. Ақшасы мен малы бір басына жете тұра Жанпейістің пайдасына қызығып, жер сатуы сондықтан. Ақша алдында тым әлсіз. Әңгімеде жерге тер төгіп еңбектену орнына оны жалға беріп, болмаса, сатып алған ұсақ-түйекке алданған адамдарға автор сыны анық сезіледі.

Әңгімеде Қажыбайдың мінез-құлқын әр тарауда көрсетіп, толықтырып отырады. Мысалы, Жанпейістің кім екенін біле тұра оның атына қызығып жерін сатса, өзі талай қызметіне жұмсаған Жанпейісті ақшамызды қайтарып бер деп жер алушылар қысып жатқанда оған қарызға жиырма сом бермейді. Жерді пайдалана түссем деп отырып, малын пісіп тұрған егінге түсіріп тынады.

Осының бәрі келісім тапқанда кәдімгідей характерге, образға апарар еді. Бірақ Б.Майлин жеке-жеке жақсы ойластырылған эпизодтарды, штрих, детальдарды ортақ образға апарар бірлікке жеткізе алмаған. Фрагменттік қызметтегі, үзік-үзік эпизодтар әңгіменің барлық бөлімдерінде де бар. Олардың арасындағы бірден бірге өтіп отыратын байланыс әлсіз.

¹⁹ Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Б.Майлин дәстүрі.-Алматы,1979

"Болған істе" болашақ суреткердің үлкен мүмкіндігі көрінеді. Тілге ұсталығы, кейіпкер психологиясын суреттеудегі шеберлігі, стилі, әдістері байқалады.

Мысалы, "сен қаламен араласып жүрсің ғой, осы шаруамды тындырып берші" дегенде, жер алатын орыс көп, мен өтікіземін деп кеудесін көтеріңкіреп қойды".

Диалогтарда кейіпкерлердің тек қана соған лайық сөз ерекшелігін сақтауға, даралауға тырысу сезіледі.

Әңгімеде кездесетін табиғат көріністері де автор ойын аша түседі және оның мүмкіндігін де паш етіп тұрғандай.

"Суық қыстың ызғарымен жер өзінің түрінің кеткендігін біліп, қарағанға көңілді көріну үшін ойын, қырын қызғалдақпен безей бастады. Алты айғы қыс жер үйде жатып күн өткізген қазақ байғұстар, таза жерге шығып рахаттану үшін киіз үйлерін тігіп қырға шықты" ²⁰.

"Болған іс" Б.Майлиннің алғашқы шығармаларының бір болса да, оның прозаға ерекше қабілетін, мол мүмкіндігін танытқан. Алайда, сол кездегі қазақ прозасына тән қиындықтарға Бейімбет Майлин де жолыққан. Мысалға, баяндау, диалог арасындағы күрделі қатынасты алуымызға болады. Бірақ оның осы қиындықты меңгеруге тым таяу тұрғаны да анық. Сонымен "Айқап" бетіндегі әңгімелерді топтастырып қатар қойып, салыстырып қарағанда мына жайларды байқауға болады.

Біріншіден, "Айқап" журналы қазақ қоғамы алдында тұрған ірі-ірі мәселелер мен проблемаларды қозғаған шығармаларды жариялаған. Кейде көркемдік шешімге онша мән бермегенді тәрізді. Журналда 1911, 1912 жылдары жарияланған әңгімелер осындай. Бірақ кейінгі сандарында құрылысы мен пішіні қарабайыр шығармалар кәдімгідей азая бастайды. Көркемдік дәрежесі тәуір, көлемді шығармалар көбейеді.

Екіншіден, "Айқап" бетіндегі шығармалар қазақ прозасы алдында тұрған проблемаларды анық көрсетті. Мүмкіндігі мол қуатты жанрдың түрлі тәсілдерін меңгеру, шеберлікке үйрену керек еді. Осы арада басты қиындық - баяндау, диалог арасындағы күрделі қатынас көрінеді. Күрделі прозаның қажеттілігі алға тарта берген қиындығы мол бұл қатынасты алғашында айналып өтуге, қолданбауға талпыну байқалады. Бірыңғай диалогқа, болмаса баяндауға құрылған шығармалардың көбеюі осының айғағы.

"Айқап" журналы редакцияға ағылған түрлі материалдарды редакциялау үстінде негізінен осы екі пішінді көп пайдаланған. Бірі - диалог үлгісінде жазылған шығармалар. Мұнда авторлар өздерінің ойын, идеясын жеткізу үшін ойдан уақиға, көбіне екі адамның кеңесін, дауды ұйымдастырады. Жасанды ситуация, фабулаларды пайдаланады. Бірақ оның негізіндегі мен мұндалаған дидактикалық мақсат пен ағартушылық ой, публицистикалық пафос көркемдік басқа шешімнің қажеттігін де аңғартты. Уақиғаға қатысушы кейіпкерлер қимылы мен іс-әрекетін суреттеудің қажеттігі көрінді.

²⁰ Майлин Б. Болған іс. -Айқап. 1915. №10. -Б.147

Диалогпен берілген шығармалар құрылысындағы көбейе бастайтын авторлық ремаркалар, түсініктер осыны дәлелдейді.

Екіншісі - уақиғалы, бірыңғай баяндауға құрылған әңгімелер. Мұнда идея мен ойды баяндалатын уақиға арқылы беруге ұмтылыс бар. Сондықтан да, оқушыға әсерді молайту үшін, әңгіме негізіндегі уақиғаны тым қоюлатып, өсіре, қабаттастыра әңгімелейді. Кейде шығармадағы ойды оқушы ұқпай қала ма дегендей "осымыз дұрыс па, халайық?"- деген тәрізді сұрақтарды да пайдаланады.

Алайда, баяндау барысының өзі жазушыны кейіпкер сөзін келтіруге немесе диалогке алып келетіні белгілі. Сөйтіп, сиқырлы шеңбер басталады. Баяндау, диалог арасындағы күрделі қа-тынасты меңгеру қажеттілігі көрінеді. Мінеки, осы жолда С.Торайғыров пен Б. Майлин, М.Сералин шығармаларының, олардың ізденістерінің ролі өте зор

2.2 "Айқап" бетіндегі жолжазба очерктер

Осы стильдегі очерктер "хабаршыларымыз" циклында да кездесіп қалады. Әдебиетіміздегі бұл серия "Түркістан уалаятының газеті" "Дала уалаятының газеттерінен" басталады. Сол кезде-ақ қазақ даласын аралай шыққан саяхатшылар мен оқыған жастар көргендері мен бастан кешкен, өздеріне әсер еткен оқиғалар мен естігендерін газеттерге жолдап отырған ²¹. Жолжазба очерктердің қазақ әдебиетіндегі пайда болу, жариялану себептерінің, идея ерекшелігінің, түрінің типологиялық тұрғыда қарастырғанда өзге елдер әдебиетіндегі осы тәрізді құбылыспен, үлгі, түрмен толық сәйкес келетінін анық аңғаруға болады.

Бұл жолжазбалардың өздеріне дейінгі шежіре-намалардан айырмашылығы көп. Оларда ел тұрмысы мен қиын жағдайларға тап болған адамдар әрекетінің кәдімгідей көріністері бар. Авторлар оқиғаларды жалаң баяндамай қолдарынан келгенше өз сезімдерін де қосады, оған

Журнал бетінде жарық көрген очерктердің сапасы да түрлі дәрежеде. Олардың ішінде материалды меңгере, көркем шеберлікпен жазғандар да, көргендерін натуральдық стильде, қаз-қалпында бұлжытпай тізушілер де бар. Қалай болғанда да, қазақ даласының тіршілігін танытуда, әдебиетіміздегі күрделі процестердің табиғатына барлау жасауда бұл шығармалардың маңызы өте зор. "Прозалық шағын шығармаларды біріктірудің өзінше бір түрі - жолжазбалар. Ол орыс сентименталь әдебиетінде сюжетті баяндауды екінші қатарға ысырып тастап негізгі "үлкен жанрға" қатысын білдіреді. Бұларда Ыбырай Алтынсарин және Шоқан Уәлиханов шығармаларының тынысы байқалады, жалғастық бар. Бұл жанрларда аты-жөні белгісіз көптеген адамдар жазады. "Топ - өнері" аталған беллетристика осы кезде қазақ әдебиетінде қанат жаяды.

Журнал бетінде жарық көрген очерктердің сапасы да түрлі дәрежеде. Олардың ішінде материалды меңгере, көркем жазғандар да бар.

²¹ Бекхожин Х. Қазақ баспасөзін даму жолдары. -Алматы, 1964

Шеберліктері де аңғарылады. Көргендерін натуральдық стильде, қаз-қалпында бұлжытпай тізушілер де аз емес. Қалай болғанда да, қазақ даласының тіршілігін танытуда, әдебиетіміздегі күрделі процестердің табиғатына барлау жасауда бұл шығармалардың маңызы өте зор. "Прозалық шағын шығармаларды біріктірудің өзінше бір түрі - жолжазбалар. Ол орыс сентименталь әдебиетінде сюжетті баяндауды екінші қатарға ысырып тастап негізгі "үлкен жанрға" айналды"²². Кезінде Карамзин мен Радищев сапарнамалары орыс әдебиетінде қаншама еліктеушілер туғызса, "Айқап" бетіндегі жолжазбалар да оқырмандар ортасында сондай қозғалыс туғызған. "Орынбордан Ташкентке шейін", "Омскіден Алтайға саяхат", "Семейден Камышовқа дейін", "Әулие ата мен Шымкент арасы", "Әулие ата мен Тоқмақ" арасы, "Верныйдағы көрген білгендерім" т.б. Авторлардың кейбіреулерінің, мысалы, М.С.Кәшімовтің, Радищев, Карамзин еңбектерімен жақсы таныстығы сезіледі. Баяндау стилі мен шығармаларының құрылысы тіпті аттарына шейін ұқсас. Мысалы, М.С.Кәшімовтің "Мұңлы Мариямы" - "Бедная Лизаны" еске салады.

Міне, осы шығармаларды бажайлай, зерттей отырып, проза дамуының кезекті сатысындағы түрлі процестерді белгілеуге көмектесетін пайымдауларға баруға болады.

Енді осы жолжазба очерктердің бірнешеуіне нақты тоқталайық. "Айқаптың" 1912 жылғы бірінші, екінші сандарында "Орынбордан Ташкентке шейін" аталатын жолжазба жарық көрген. Очерктегі мазмұнға қарағанда автордың біршама білімділігі көзге түседі. Мұнда көркемдік талаппен қарағанда көзге түсетін ерекше бояулар болмаса да, оқушысына жақсы әсер қалдырар жылылық бар. Автор қазақ арасындағы оқу жайына негізгі назарын аудара отыра үлкен-үлкен ойларға да барады. Мысалы, қазақ халқының тарихын жазу туралы. "Хұсайыния" медресесіндегі емтихандар кезінде тап болған автор лаларының біліміне сүйсіне, медреседегі оқылатын пәндердің Россия гимназияларындағы бағдарламалармен сәйкес келуі оны қуанышқа бөлейді.

Қазақ балаларының медресеге қабылдану шарттары, оларға көрсетілетін жеңілдіктер жайы сөз болады. Таза баяндауға құрылған әңгімеге автордың эмоциясы да мол қатысқан.

Журнал бетінде жарық көрген жолжазбалар ішінде көлемі мен көркемдігі жағынан да ерекше көзге түсетіні - Ғабдолрахманұлы Қалимолланың "Омскіден Алтайға саяхат" аталатын очеркі ²³ (23). Көрсетілген автордың "Айқап" бетінде "Қарасуи" деген жасырын атпен бірнеше көлемді әңгімесі, мақаласы жарық көрген. Автор ағартушы-демократтық идеяны қолдайтын прогрессивтік бағыттағы адам. Журналдың бірнеше санына созылған көлемді очеркте қазақ даласының, дәлірек жазсақ Қазақстанның шығыс өлкесінің көркем табиғаты мен адамдарының қиын тірлігі сөз болады. Көлемді очеркте суреттеу объектісі де, баяндау стилі де өзгеріп отырады. Уақиға араларында автордың түсіндірмелері, дәйектемелері бар.

²² Кулешов В.И. "Отечественные записки" и литература 40 гг. XIX века. - Москва, 1958

²³ Ғабдолрахманұлы Қалимолла. Омскіден Алтайға саяхат. "Айқап" №224.

Очерктерге негіз болатын дербес, даралығы мол уақиғалардың шашылмай қатар-қатар тұтас берілуі, өзара байланыста көркем баяндалуы оқушыны да, жазушыны да тәрбиелейтін үлкен фактор. Оның қоғамдық санаға қозғалыс салатын қуаты мол. Қ.Ғабдолрахманұлы сапар кезінде бастан кешкендерін талғап, талдап, негізінен көлемді, ірі уақиғаларды қозғайды. Мысалы, қыстан күйзеліп шыққан Кереку (Павлодар) қаласы маңындағы қазақ кедейлерінің ауыр тұрмысын суреттейтін мына уақиғалар. "Пароход тоқтасымен арқаларында қамыттары бар азған-тозған отыздай қазақ жігіттері келіп пароходқа қызмет етісіп һәм қайсы бір нәрсе көтеріп келіп кіргізсе, қайтарында пароход есігінің сыртында отырған бір қазақтан еңкейіп бір нәрсе алып кетеді"²⁴.

Бұл - кәсіп іздеп өндіріс орындарын жағалап жүрген қазақтардың бір тобы ғана. Әлгі қайтарда еңкейіп алып жүргендері құнсыз, қара бақырлар. Бұл ауыр жұмысты пароходта үнемі қызмет істейтін жұмысшылардың өздері де бейнетімізге тұрмайды деп арзансынса, күйзелген ауылдардан тамақ іздеп келген қазақ жігіттері бәріне де көнеді. Мұны өндіріс қожалары да жақсы біледі. Олардың аянышты түрін көріп, автор қазақ жерінің халі мен шаруашылығы, халықтың күнелтіс қамы, кәсібі туралы үлкен ойларға барады. Автордың қазақ қоғамы тап болған жаңа жағдайға көзқарасы біртіндеп ашылады. Өйткені, XX ғасырдың басында қазақ елінің салт-санасын шындап қирата бастаған өмір жаңалығына шошына қараушылардың да, өткенге жалтақтаушылардың да болғаны белгілі.

Қ.Ғабдолрахманұлы жүкші жігіттердің бірімен кездеседі де, екеуінің әңгімесі қазақ даласына кең қанат жайған қажыға барушылар және сол жақтан келуші сейіттерге ауысады.

Әңгіменің басқа тақырыпқа ауысуы үлкен шеберлікпен берілген.

Көпшілікке мәлім, бұл кез қазақ даласында мұсылманшылдық үгіттің өте күшейе түскен шағы болатын²⁵. Қажыға барушылар санының артуы үгіттің нәтижесі тәрізді.

Ағартушы-демократ жазушылар қажыға барушылар мен соларды іздеп қазақ даласына келуші сейіттер қозғалысының мәнін ашып, көптеген еңбектер жазды. Мысалы: Ғ.Қарашевтің "Бәдел қаж" аталатын еңбегі осы мақсатта жазылған кітаптардың бірі²⁶.

Қаж сапарына аттанған діншілдер сонау Араб түбегінде өздеріне елпілдеп құрмет көрсеткен кейбір қулардың ішкі есебін ұққан емес. Тіпті, олардың тегін қошеметі туралы ел ішінде өсіре баяндап түрлі әңгімелер де таратты. Ғабдолрахманұлының осы жолжазбасында бұл "құрметтің" негізгі себебі ашылады.

"Мәдине мүнiрiнiң күн шығыс жақ бетiнде жаңа салдырған үйi бар, соны қазақтарға сатып тәкие жасатып өзiн iшiнде басқарып тұратұғын нәзiр етiп жаздырып һәм өзi сатып ақшасын алып, һәм өзi тұрып пайдаланбақ ниетi бар. Сол ниетiн өз үйiне түскен қажыларға айтып, олар мақұлдап, соның ақшасын

²⁴ Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана,-Алма-Ата, 1976.

²⁵ Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.-Алматы, 1976

²⁶ Қарашев Ғ.Бәдел қаж,-.-Қазан,1914..22-б

өзі келіп ел ішінен жинамақшы болыпты. Алла ризалығы үшін бұл іске қызмет еткісі келетұғынын, өзіне дүние қажет емес екенін айтыпты. Сол себепті надан қазақтардың көңілін өзіне аударып, ықыластандыру үшін қажылардан бір нәрсе алмапты. Олар ата-бабасынан бері қарай қазақты алдау жағына жетілген адамдар. Ол сол қажыларға көп болса бір жүз теңге расход жасаған болар. Ал ел ішіне келген уақытта ол қажылардын біреуі жүз теңгесін қайырады".

Әңгіменің кейінгі бөлімдері Семей, Зайсан, Тарбағатай маңында тұратын қазақтар мен Қытай қол астындағы елдер тұрмысына арналған. Мұнда да автордың негізгі назары тікелей халық тұрмысына ауады. Семей қаласындағы қайшылықтарға толы мәдени өмірдің жолжазбада шынайы көріністері бар. Мысалы: қаладағы екі қазақ мешіті имамдарының қара басының қамын ойлаудан аса алмауы, медресенің біріндегі шәкірттердің "кәлам шәрифтің" өзін де оқи алмауы, екіншісіндегі молданың "сиыр молда" атануы тағы басқалар.

Очеркте халық үшін еңбектеніп жатқан адамдар туралы да қызық мәліметтер бар. Мысалы, XX ғасыр басындағы қоғамдық өмір мен ағартушылық қозғалыс туралы сөз қылғанда есімін құрметпен атауға болатын Мұстақым Малдыбаев туралы да біраз мәліметтер келтіреді. Ол қиыншылыққа қарамай, қазақ балалары мен қыздарын төте оқумен оқытып, елге аянбай қызмет қылуда. Осының арқасында "Қадимге" қарағанда "ұсуыл-жәдиттің" пайдалылығын ел де сезіп келеді.

Бірте-бірте жолжазбада географиялық, этнографиялық мәліметтер де молая бастайды. Алайда, автор барлық материалдарды халық өмірімен байланыстырып отырады. "Үйлері шикі кірпіштен, жаңадан құйған кірпіштен салынған үйлер, магазиндер бар. Шәһардың қақ жартысы деп айтарлық қазақ. Көбі - Арғын, Тобықты, Қаракесек. Кәсіптері - алып сатарлық тері саудасы.

Іштерінде магазин ашып, кішікене дүкендер ашып, сауда етіп тұрғандары да бар... Шеттегі шәһар болса да мұндағы қазақ, ноғай ағайындар бәрі де ашық пікірлі, ғылымға көңіл, ықыласты адамдар көп. Ғылым іздеп зағраницаға кеткендері де жоқ емес". Келтірілген үзіндіде Зайсан шәһары туралы біршама мәліметтер бар.

Қаладағы медреселер туралы жазуды да автор ұмытпаған. Қытай жеріндегі қазақтар туралы әңгімелерде автор екі ел арасындағы шекарадағы бекеттен бастайды. Мұнда әрлі-берлі өтушілерді тексеріп тұрған жиырма шақты орыс солдатты мен Қытайдан өтетін малды қарайтып мал дәрігері әңгіме болады.

Осы өлкеде болған айдан артық уақытта елдің қараңғылығы мен надандығын, жергілікті қытай әкімдерінің, окрдайларының зұлымдығын, заңсыз әрекеттерін көреді. Олардың шабармандарының да халықты қан жылатуы, мінуге ат, сойысқа мал алып, елге тыныштық бермеуі әңгімеленеді. Автор қай уақиға, факт төңірегінде жазса да салыстыруларды пайдаланады. Ол Россия мен Қытайға қараған қазақтар тірлігін әр кез

салыстыра баяндап отырып, Россия қол астындағы қазақтар тұрмысының, мәдениетінің артықшылығын көрсетуге тырысады.

"Омскіден Алтайға саяхатта" Қытайда тұратын керейлердің ауыр тұрмысы мен тарихына да біраз көңіл бөлінген. Онда ауыл атқамінерлерінің өздеріне түскен шығынды елге бөлуі онсыз да әбден титықтап отырған халықтың жағдайын мүлде нашарлата түссе, не болса соған таласып, ақырында Қытай әкімдеріне жүгіну елді аяусыз тонауға әкеліп соғатыны сөз болады. Автор мұндай дауларды табыстың негізгі көзіне айналдырған жергілікті өкімет өкілдерін сынға алады.

Орманды, қарағайлы жерде тұрса да сол ағаштарды үй салуға пайдаланушылардың жоқтығына, жергілікті басқару аппаратының мүлде әлсіздігіне автор жиі назар аударып отырады. Әсіресе, үкімет тарапынан ешқандай жалақы алмайтын шабармандардың түрлі жолдармен елден салық жинауын, айыптыларды жазалайтын, не қамайтын орынның болмауын, қандай қылмыс болса да құн төлеу жолымен реттелетінін автор ашына әңгімелейді. Үстем тап өкілдерінің халыққа жасап отырған зорлық-зомбылықтарын, озбырлықтарын ашық баяндайтын эпизодтар мен әңгімелер автордың саяси көзқарасынан да хабар береді.

Қолжазбаның орта тұсында автор саяхатының мақсатын айтады.. Ғабдолрахманұлының мақсаты - елдің ата-тегін тексеру мен тарихи уақиғаларды, сол өлкенің табиғаты мен әдет-ғұрпын, салт-санасын жазып алу, көршілес торғауыт, ұранқай, қара қалмақ, таңғұт, малқа секілді этникалық топтардың хал-ахуалын көрсету т.б.

Осы мақсатына қарағанда, әрі "Айқап" бетінде жарық көрген шығармаларының стилі мен тіліне үңілгенде, автордың қаражаяу адам еместігі, өз кезінің әдебиеті мен өнерінен, жалпы көркемдік дамудан, саясаттан біршама хабардар болғандығы көрінеді ²⁷. Оның "Айқап" журналының 1913 жылғы 8, 9, 10, 11-сандарында жарияланған "Күнкөріс тартысына біздің де әзірленуіміз тиіс" және осы жылғы 13, 15, 17-сандардағы "Исләм дүниесінің өзгеруі" аталатын көлемді мақалалары осының айғағы.

"Омскіден Алтайға саяхатта" автордың сауаттылығын, араб тілін білетіндігін дәлелдейтін қызық бір эпизод бар. Автор Куанбай қажы ауылына келгенде "сейітпіз, Арабстаннан келеміз" деп "қашқар сарты қияпатты" зор сәлде киген адамдармен жолығады. Сарт тілі мен араб тілін ажырата алмайтын надандар елінде олардың аңқау елге арамза молда болып мал жинап жүргендерін автор бірден байқайды. Ғабдолрахманұлы олармен араб тілінде сөйлеспек болады.

"Сейітпіз деп жүруші әпенділер! Пайғампарымыздың тілі болған араб тілімен неге сөйлемейсіз? Тәкаппарлық қыласыз ба? Болмаса пайғампардың нәсілінен сейітпіз деп жүргендеріңіз өтірік пе? Яки қазақ халқы шетінен надан, ғафыл, жақсы мен жаманды айырмайды деп ойлайсыз ба? Жоқ, олай

²⁷ Қараңыз: Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана,-Алма-Ата, 1976. стр.226; Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары.-Алматы,1964.90-б.

емес. Тарих, ғылым ғасыры болған бұл ХХ ғасыр қазақ халқына да аз-аз нұрын шашып, олардағы надандықты кеміте бастады. Бір заман келер, қазақ халқы да тегіс көзін ашар. Ол кезде қазіргідей қазақты, кім болса сол алдап жүре алмас, олар да дән мен қауызды айыра бастар" (астын сызған біз.- З. Б.).

Бұл сөздерге жауап бермек түгіл араб тілін үстірт те сезбейтін алаяқтар осылай әшкереленеді.

ХІХ ғасыр соңғы ширегіндегі саяси әдебиетте үлкен ұғымға айналған "дән мен қауызды" пайдалану автордың түрлі саяси әдебиеттермен де таныстығын білдіреді.

Автор не болса соған сеніп, алданып, таланып отырған елді, даудамайларға босқа рәсуа болып жатқан ақшаны өнер, білім, мәдениет тәрізді игі істерге жұмсауға шақырады. Бұл әлгіндей қайшылықтарды көре тұрса да оның негізгі сырын ұға алмаған ағартушылық, емократтық көзқарас. "Айқап" бетінде жарық көрген жолжазба очерктер ішінде журнал. тілшісі, ХХ ғасыр басындағы ағартушы-демократтардың бірі Мұхамет-Сәлім Кәшімовтің шығармалары ерекше көңіл аударарлық.

Ғабдолрахманұлы Қалимолла очеркі Қазақстанның шығысында тұратын қазақтар туралы біраз мәліметтер берсе, М.Кәшімов жолжазбалары оңтүстік: Түркістан, Шымкент, Әулие ата, Верный маңындағы елдер туралы оңтүстік: Түркістан, Шымкент, Әулие ата, Верный маңындағы елдер туралы қызықты мәліметтерге бай. 12 жылғы 3-сандағы очерктен бастап, 1914 жылғы 22-санға дейінгі фельетон рубрикасында жарияланған очерктерді ортақ атаумен біріктіріп жариялауға да болар еді.

Автордың жазу стилі, очерктердің құрылысы, кейбір эпизодтар Радищевтің "Петербургтен Москваға саяхат" кітабын еске түсіреді. Әр әңгіменін, жеке-жеке атауына қарамастан бәрінің басын біріктіретін ортақ кейіпкер - автор. Ол көрген, естіген оқиғаларын өз қабылдауымен, әсерімен араластыра отырып, қазақ даласының мәдениеттен шеттеу қалуын сынайды. Оқушысына әлеуметтік кеселдерді көрсетеді. Оларды мәдениетке шақырады. Өмір өзгерістеріне көз тігіп, енді-енді ояна бастаған қазақ даласыдағы көрген шындықтардың мәні бар көріністерін тізбектей баяндау, суреттей, сипаттай жазу арқылы автор көлемді, тұтас реалистік шығарма жазып шыққан.

Бір қарағанға автор осы шоғырдағы (сериядағы) желілі әңгімелерінде көрген, білгендерін жіпке тізгендей жаза берген тәрізді. Бірақ сол кездер шындығын бүгінгі іздеушілер үшін бұл жолжазбалардың ішінде қаншама қажетті материалдар, керекті детальдар бар! Енді осы- лардың біршама маңыздыларына арнайы тоқталайық.

Журналдың 1912 жылғы 3-санындағы "Әулие ата шаһарында русско-киргизский школ" аталатын очерк - осы сериялардың басы. М.Кәшімов жолжазба очеркінде елдегі оқу-ағарту жұмыстарына айрықша көңіл бөліп, нақты міндеттерді көрсетіп, проблемалар көтереді. Қатар тұрған екі мектеп пен ондағы мұғалім, молдаларды (оқытушы синонимі ретінде де алуға болады.- З.Б.) салыстыра суреттеу арқылы көп ойларға бастайды. Бірінің шәкірттері кәдімгідей оқу оқып жатса, екіншісінің оқушылары әріпті зорға

таниды. Мұның негізгі себебін автор олардың оқытушыларынан іздейді. Бір мектептегі оқытушы дүниеден жан-жақты хабардар болса, екінші мектептегі молда - "Намангандық сарттың" білім дүниесіне қатысы шамалы. Ол тіпті қазақ балаларын қазақ тілі деп өзбек тілінде оқытып жатқан тәрізді. Оған мән беріп жатқан ешкім жоқ. Сондықтан да оқушылар автор қойған сұрақтардың бірде-біріне жауап қайтара алмайды.

Бұл мектеп қала маңындағы 10 болыс қазақтардың жинаған ақшасына ашылса да небәрі 35-40 шақты ғана қазақ баласы оқып жатыр. Талапкерлер көп, бірақ мектепте орын жоқ.

Очерктегі көңіл аударарлық бір факт - мектеп мұғалімінің Ташкенттегі мұғалімдер жиналысына катысқаны.

Мұғаліммен әңгімеде аса қажетті бірнеше мәселелер қозғалады. Мысалы, қазақ жастарын тез сауаттандыру үшін, таза қазақ тілінде оқытуға күш салу керек. Ол үшін қазақша оқыта алатын мұғалімдердің болуы шарт. Оларға тұрақты жалақы төлеу, қазақша оқу құралдарын басып шығару т.б. мәселелер. Әсіресе, оңтүстік мектептеріне Арқадағы қалаларда, Орынбордағы баспадан шығып жатқан оқу құралдарының жетіспеуі айтылады.

Осы жылғы бесінші номерде жарияланған "Әулие ата мен Шымкент арасы" аталатын очеркте автор біраз шеберлік танытады. Табиғат көріністері мен кейіпкерлер мінез-құлқын қатар суреттеу арқылы бойын билеген сезімді, ойларды бейнелі жеткізуге талаптанады. Автордың суреткерлігі, шамасы байқалады. "...Жолға шыққан екі адам болып, көрмеген жердің ой, шұңқыры көп дегендей өз еліміздің алыс қалғандығы, оның үстіне таныстардан да айрылғанға көңіл жұқарып келе жатқанда елде жүргенде, Алатау, Қаратау деп естігенде, жердің шеті ме деп таң қалатұғын Алатау һәм Қаратауды көреміз, һәм Алатаудың басы аппақ қар, етегі қоңыр ала болып көрінеді. Қаратаудың басының мұнарланып мұңайып тұруы біздің көңілімізді тағы жұқарта түссе де, күмістей жарқырап, сарқырап аққан арықтың сулары шуақ болып тұрған күннің көзі бізді жұбатып аяңдап келе жаттық".

Көріп отырғанымыздай, үзіндіден автордың біншама жазу шеберлігі байқалады. Бірақ өкінішке орай, автордың мүмкіндігін танытатын бояуы қалың мұндай жолдар сиректеу.

Одан әріде қалың төлеп қыз алып бара жатқан шалдың көші, қазақ ауылдарының күйсіздеу тіршілігі, олардың тіпті үйлеріне де ешкімді қондырмаулары. Шақпақтағы базар, ондағы адамдардың әңгімелері - бәрі қаз-қалпында, тіпті натуралдық стильде баяндалады.

"Айқаптың" 1912 жылғы алтыншы санынан бастап 1913 жылғы екінші санға дейінгі аралықта жарық көрген жолжазбалар тақырыптары мен жазылу стилі, көркемдігімен де біртектес, ұқсас. "Шымкенттен" (1912, №6), "Түркістан шәһарында" (1912, № 9-10), "Шымкент уезіндегі ас" (1912, № 13), "Әулие ата" (1913, № 1), "Әулие ата мен Тоқмақ арасы" (1913, № 2) т.б. - бұл жолжазбаларда автор көрген-білгендерін көбіне жалаң баяндайды. М.Кәшімов назарын өлкедегі оқу-ағарту ісіне аударады. Ауылдағы мешіт,

медресе көріністері, кездескен молда, мұғалімдер, шәкірттер жайы жан-жақты баяндалады. Мысалы, 1913 жылғы бірінші санындағы "Әулие ата" очеркінде мешіт, медресе ұстаушы имам, қажылардың "қаңырап бос тұрған" медреселермен ісі болмай, өз құлқындарының қамын ойлауы, көп әйел алуға салынушылығы сынға алынады.

Очеркте күн санап, күшейіп, қанат жайып келе жатқан жаңалық пен жаңа оқудың қаймағы бұзыла қоймаған тіршілікке де өзгеріс әкелгендігі баяндалады. Әулие атадағы ескіліктен ай-рылмайтын қожа-молдалардың қарсылығына қарамастан, Уфа тәрізді қалалардан жаңа оқуды меңгерген жастар, мұғалімдер келуде. Қожа-молдалар оларды қумақшы болып, жанталасып, ел ішіне түрлі өсек, "сұмдықтар" таратса да жаңалық қанаты күн санап қатаюда. Ел арасында оқу іздеп үлкен қалаларға аттанушылар да бар.

Бұл әңгімедегі оқушы назарын аударатын бір қызық жай - қаладағы үкімет тарапынан ашылған "русско-туземный" мектебіндегі дін мұғалімінің орнына жиырма шақты молдалардың таласуы, осылардың ара-сынан біреуін алу үшін арнайы комиссияның құрылуы.

М.Кәшімов өздеріне жер алу үшін "кредитный товариществодан" қарыз сұраушылар мен шөп шауып, тасу, отын дайындауды тұрақты кәсіп қылушылардың шыға бастауы туралы да әңгімелер қозғайды.

"Айкаптағы" М.Кәшімов жолжазбаларының ішіндегі көлемдісі де, көркемі де 1912 жылғы 3-санында жарық көрген "Войсковой старшина Шабдан батырдың асы". Очеркте қырғыз-қазақ елінің ас беру салтынан, әдет-ғұрпынан этнографиялық мәліметтер мол келтіріледі. Мысалы, келушілерге арнап тігілген 2,5 мың шамасындағы үй. "...Шеттен келгендер адаспас үшін, әр түрлі ту тігіліп қойылды. Пржиуалскийге (Пржевальскіден келген - 3. Б.), қызыл ту, Пішпек уезіне қара ту, Қазаққа көк ту, Сарт, Ноғайға ақ ту, басқа шеттен келушілерге қызыл ала ту тігіліп, әр жұрт өздеріне тігілген тулардың астына барып тұрды. Жиналған жұрт 50 мың шамасында хисап алынды".

Асқа жиналушылардың Токмақ пен ас өтетін жер арасы - алпыс шақырымға сыймай ағылуын батырдың еліне ғана емес, Орта Азияға мәлім, қалаулы адам болғандығымен түсіндіреді.

М.Кәшімов халқына қадірлі болған батырдың өз бейнесіне қайта-қайта оралып, жаңа бояулар қосып толықтырып отырады. Оның халық қамын ойлағаны оқу-ағарту ісіне көңіл қойғанынан дей отырып, оны бүгінгі ұрпақтардың ісімен салыстырып қарайды. Өзі халқының алдында соншама беделді, абыройды байлықпен емес, игі істерімен, батырлығымен алса керек. Өйткені, өзі дүниеден өткенде артында бір ат, бір сиыр да қал мапты. Әрі балаларына маған ас бермендер деп жазып өсиеті қалдырған.

Он күнге созылған ырду-дырдуға "жүз мың сомнан артық ақша шығын болса, оның қайдан келгені, қанша пайда болғаны да көпшілікке мәлім тәрізді", - деп жазады автор.

"...Аз болғанда жүз мың сырап етілген бұл аста батырдың ұлы Ғасамалдин әпенді "Айқапқа" жәрдем түгіл подписшик те айта алмады. Енді бұл мол ақшаның қандай орынға жұмсалғаны содан белгілі болды ғой. Қырғыздардың пақырлары шыға алмастай борышқа батып қалды. 60 сомнан

кем расход қылғаны жоқ. Пақырлардың ішінде ақша таба алмай қызын сатқандары да көп. Жас жігіттердің қызмет қылып өтеймін деп өздерін сатып, пұл алғандары да естілді. Числоның он төртінде, үй әкеліп тігушілер құтылды па, жоқ па дегендей жапыр-жұпыр үйлерін жығысып әп-сәтте жоқ болды".

Очеркте осыншама ел жиналған аста қарапайым халық мойнына түсіп отырған салмақ пен пайда бөлісудің қамында жалаңдап жүрген ұйымдастырушылар бейнелері біршама шебер-лікпен жасалған. Мысалы, ас кезінде ел билеушілердің бірнеше рет бас қосып, жиналған пұлдан батырдың атында мектеп ашайық, "Айқапқа" жәрдем қаржы берейік дегенмен де оны бөлер кезде өз құлқындарынан аса алмайды. Олар, Шабдан батырдың тұқымдары, оның көзінің тірісінде маңынан халық кетпеген мешіттің өзін қаңыратып бос қойып отыр. Батырдың мек-тебінде төрт жыл бала оқытқан, біршама сауатты Нұралдин әпенді манаптар мен батырдың балалары қырын қарай бастаған соң, басқа орынға ауысқан. Сол мешіттің бас азаншысы аста жиналған елге темекі сатып отыр. Сөйтіп, қаншама шығын болып өткен батырдың асында оның өз атын шығаратындай халыққа мәнді ештеңе де қалмайды.

Жолжазбада қызығы мол этнографиялық, этникалық, тарихи мәліметтер, экзотикалық сипатты уақиғалар көп кездеседі. (Мысалы: найзаласу сайысы, ат бәйгесі кезіндегі адам өлімімен аяқталатын жан түршігерлік уақиғалар т.б.). Бірақ, автор қызығы, экзотикасы мол осы бағыттың өзін бөлек қуып кетпей, оны негізгі мақсатқа, ел тұрмысының халық өмірінің суреттерімен, өзінің ағартушылық-демократтық идеялармен байланыстырып отырады.

Очерк соңында табиғат көріністерінің де келісті суреттері бар.

"... Жолдағы зілзәде (жер сілкіну - 3. Б.) болған жердегі таулар қарамаққа қорқыныш болса да жарқ-жұрқ етіп, шолпы-сы сылдырлап бұрандай жөнелетұғын сұлулардай таудан бұрылып, бұралып ағып жатқан бұлақтар жанға рахат берерлік еді".

Осыдан кейінгі сандардағы: 1913, № 4, "Тоқмақ ауылдары", № 7, "Верныйда көргендерім", № 11, "Лепсі (Шұбар ағаш) қазақтарының жайынан" аталатын жолжазбалармен "Айқап" бе-тіндегі М.Кәшімовтің осы сериялы әңгімелері аяқталады.

Енді М.Кәшімовті, 1914 жылғы "Айқаптың" 21, 22-сандарында жарияланған "Қытай қазақтарының жайынан" және "Бақсы қаласы" аталатын очерктеріне тоқталайық.

Алғашқы әңгімеде ("Қытай қазақтарының жайынан") авторды таң қалдырған бір уақиға айтылады. Бұл туралы Ә.Дербісәлиннің "Қазақтың октябрь алдындағы демократияшыл әде-биеті" аталатын еңбегінде жазылған. Алыстағы бір ауылда тұратын қазақ қызының М.Дулатовтың "Бақытсыз Жамалына" пікірін естіп, автор таң-тамаша қалады. Автордың осы уақиғаны баяндау тәсілі көңіл аударарлық. Уақиғаны жалаң баяндаудан суреттеуге, диалогқа, ішкі монологқа өтіп отыратын ұзақ әңгімеде М.Кәшімов жолжазбаларының дәрежесін көрсете алатын мәнді белгілер бар.

"...Мұнысын (М. Дулатов романының финалын.- З. Б.) мен қолайсызырақ көремін. Бұған сіз не айтасыз?- деп менен сұрады.

Мен жартымды жауап бере алмадым. "Өз басыңызда болмаған соң сондай романды көңіл қойып оқымайсыздар ғой, болмаса ендігі ол турада бірер сөз жазушылар да болар еді.

Менің ойым: Міржақып мырзаға әдейі теңіне қосып алып қаштырған соң, Жамалды мұратына жеткізіп бақытты етіп көрсетіп, кітабының атын да "Бақытты Жамал" қою керек еді. Бұл сөзді қыздан естіген соң, Қытай қазақтарының ішінде терең ойлы, ашық пікірлі романды сынау (таңқит) қыларлық зерек қыздың барлығына таң қалдым"²⁸.

Кәшімювтің барлық жолжазбаларындағы жазу стилі жоғарыдағы үзіндіде айқын байқалады. Мұнда да диалогтан баяндауға, одан диалогқа өтер тұстардағы қиындықтар көрініп тұр.

"Бақсы қаласы" да осындай стильде жазылған, бірақ мұнда автор пайдаланатын айшықты сөздер, сөйлеуші мінез-құлқын көрсететін детальдар көп²⁹.

Очерк Бақсы қаласының түрлі тілдерде аталуын баяндаудан басталады. Оның маңындағы қазақ, орыс, ноғайлардың жай-күйін, олардың арасындағы оқу мәселесін әңгімелейді. Автордың 50-60-тай шәкірт оқытып жатса да төте оқуды білмейтін молдамен әңгімесінде сәтті детальдар бар.

"Қарт адамсыз, сонша баланы қалай оқытасыз? - деген автор сұрағына, "Сауаты ашылған балаларды бір-біріне оқытып қоямын",- деп жауап береді. "Сөзге волостной управитель де қосылып - "бұл өзі құдай артық жаратқан адам" - деді.

Волостнойдың бұл сөзі молдаға жақты білем, "мен қалай?" деген адамдай маған бір көтеріліп қарап қойды:

"Газет, журнал алғызасыз ба?" деп әңгіме қозғап едім, түсі бұзыла бастады. Келтірілген үзінділерде адамның мінез-құлқын суреттеуде автордың тәп-тәуір шеберлігі байқалады. Қала көріністері мен бос тұрған мешіт-медреселерді суреттеуде де образды жолдар кездеседі. "Бақсыдағы медресе һәм мешіт тәп-тәуір салынған, бірақ "бос тұрмын" деп жылап тұрған сықылды көрінді".

Сонымен, қорыта келгенде, "Айқап" бетінде жарық көрген жолжазбалар - сол кездегі қазақ елі тұрмысының біршама реалистік көркем суретін жасаған шығармалар. Олардың арасында өте көркем жазылғандары да бар. Мысалы: "Омскіден Алтайға саяхат" пен "Войсковой старшина Шабдан батырдың асы" т.б.

Журналдың алғашқы сандарындағы очерктерден бастап жол-жазбаларды асықпай салыстыра қарау үстінде көркем прозаның күрделі салаларының бірі - көркем очеркті қазақ қаламгерлерінің қалай меңгергенін, қандай қиындықтарға жолыққанын аңғаруға болады. "Айқаптың" тұрақты авторлары күн санап қаламын ұштай түссе, журналдың өзі де кейінгі жылдарындағы сандарында біршама көркем материалдарды жариялауға мән берген. Дала,

²⁸ Кәшімов М. Қытай қазақтарының жайынан. -Айқап, 1914. №21, 290-291

²⁹ Кәшімов М. Бақсы қаласы. Айқап,1914.№22. 304-б.

кала суреттерінен бастап, адам мінез-құлқын суреттеуге, кейде ішкі монологқа да барып отырады. Бірақ, көркем очеркті меңгерудің қаншалықты қиындығы олардың шығар- маларындағы натуралдық ұсақ баяндаулардан анық аңғарылады. Бұл - осы натуралдық тізбектен көркем, келісті очеркке өтер тұстағы қиындығы мол өткелдік кездің көрінісі. Бірақ бірте-бірте журналдың соңғы сандарындағы шығармаларда алғашқы кезде авторлардың адымын аштырмай, қолын байлағай "диалог - баяндау - диалог" арасындағы қиындықтар кәдімгідей келісім таба бастайды..

Жоғарыда арнайы тоқталып, талдаған азын-аулақ очерктермен "Айқап" бетіндегі материалдардың бітпейтіні анық, біз олардың арасынан өз мақсатымызға лайық, проза даму процесін көрсете алатындарын ғана алдық.

2.3. "Айқап" бетіндегі аудармалар

XX ғасыр басында орыс әдебиетінен көркем шығармалар аудару ісі ерекше қанат жаяды. А. С. Пушкиннің "Қапитан қызының" аударылуы қазақ әдебиеті үшін аса маңызды уақиға еді. Л.Н.Толстой мен А.П.Чеховтың, А.Сорокиннің қазақ тіліне аударылған шығармалары қазақ прозасының, дамуына үлкен үлес қосты.

Аударма ісінің осы кезде ерекше өркендеуінің белгілі объективті себептері болды. Біріншіден, аудармалар арқылы да ағартушы-демократтық көзқарастағы қаламгерлер қазақ қоғамының дамуы алға тартып отырған түрлі сұрақтарға жауап іздейді.. Екіншіден, оның дамуына кесел, кедергі болған құбылыстарды халыққа көрсетіп, оларды аяусыз сынға алды.

Аударылған көркем шығармаларды салғастыры қарағанда, бұл іспен санаулы адамдар емес, көпшіліктің айналысқаны бірден байқалады.

Көзі ашық, көкірегі ояу баспасөзге араласа бастаған қазақ жастарының көбі бірен-саран болса да аудармалар жасаған ³⁰.

XX ғасырдың алғашқы жылдарында жарияланған осы шығармаларды салғастыра - салыстыра қарастырғанда бақалатын төмендегідей жайлар бар. Оны осы кезең әдебиетін зерттеген ғалымдар Б.Кенжебаев, Ә.Дербісәлин, Ы.Дүйсенбаев т.б. атап көрсетіп, тақырыптық ерекшеліктеріне қарай шартты түрде екі топқа бөліп талдайды. Мұның бірі - тікелей ағартушылық, тәлім-тәрбие мәселесіне байланысты болса, екіншісі - нағыз көркем шығарма жасау мақсатымен жарық көрген.

Бұған біздің қосарымыз - "Айқап" негізінен тікелей қазақ, өмірінен жазылған және замана алға тартқан үлкен, түйінді сұрақтарға жауап тәрізді шығармаларды аударған.

Мысалы, Х.Мұхаметжанов Горчаковскийден аударған "Қазақ тұрмысынан" (1912, № 2); Ж. Сейдалиев аударған "Әке мен бала", (1912, № 10); А.Сорокин "Ұғылмай қалған ән" (1913, № 13), ауд.А.Сейітов; "Отанның иісі яки сахараның сыйы жусан" (1915, № 1, 2) ауд. М. Сералиев; Павитский

³⁰ Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.-Алматы,1976; Дербісәлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті.-Алматы,1966; Сатыбалдин Ә.Рухани қазына.-Алматы, 1987; Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері.-Алматы, 1975.

"Қыздар зираты" (1913, № 14) ауд. М. Есенгельдин; Лиханов "Манап" (1914, № 14, 16, 17, 18, 19, 20, 21) ауд. М.Есенгельдин.

Журналдың алғашқы жылдардағы сандарында негізінен қазақ өміріне қатысты материалдар жарияланған.

Мысалы, А.Сорокиннен "Манап", "Отанның иісі яки сахараның сыйы жусан", А.П. Чеховтың "Қара қарғасы", Л. Н. Толстойдың "Ілиясы" т. б.

Бұл соңғы жылдарда әдеби шығармаларды жариялауға журналдың ерекше көңіл бөлгендігінен болуы керек. Мысалы, орыс әдебиеті классиктерінің А.П.Чехов пен Л.Н. Толстойдың шығармаларының жариялануы, шығыс әдебиетінің классигі Фердоусидің "Шахнамасынан" үзінді, Рустам-Зорабтың (Жуковский аудармасы бойынша) жариялануы осыны анық дәлелдей алады. Енді осы аудармалардың кейбіреулеріне тоқталамыз.

Х.Мұқаметжанов аударған "Қазақ тұрмысынан" атты шығарма 1912 жылғы "Айқаптың" №2 санында жарық көрген.

Атынан көрініп тұрғандай-ақ шығарма қазақ елінің әдет-ғұрпына, Әңгіме соңындағы мына жолдарға қарағанда, сірә, автор ел аузына ілігіп, жұрт назарын аударған үлкен бір уақиғаны жазған тәрізді: "...осылай үш адамның хәләк болғаны әр жерде сөз болды".

Автордың уақиғаны суреттеуге, толықтырып әңгімелеуге тырысқаны байқалады. Аудармашы да өзіне таныс уақиғаны баяндайтын шығарманы біршама сәтті тәржімалаған.

"...Осы түскеннен бір айдан соң Айтбай қайын жұртына қонаққа барып, кештетіп келіп үйіне кірсе, үйінде жамағаты болмады, һәр бір жерлерден қараса да, жұмыскерлері ұйықтап жатыр, әйелі жоқ. Баласының отауынан от көрінгенге жүгіріп барып есікті ашса, Бағыла мен баласы мәз болып күлісіп отыр екен. Көрісімен Айтбайдың көзі қарауытып, тұла бойы қалтырап кетті".

Аудармашы кейде түпнұсқаға жақындамақ болған бір тұстарда "...Бағылаға айтып еді, ол жаратар ма екен деген оймен" - деген тәрізді олақ құрылған сөйлемдерді өткізіп алады.

Дәл осы қиындық, түпнұсқаны сақтамақ болған сәтте-ақ аударма стиліндегі еркіндіктің жойылуы, М.Есенгельдин аударып "Айқаптың" 1914 жылғы №14 санында жарияланған "Қыздар зиратында" да кездеседі. Автор ел ішінде кең тараған аңызды қаз-қалпында жазып алған тәрізді. Өткен заман туралы толғау монологын айтып отыратын ақсақал бейнесі осыны анық дәлелдей алады. Көңіл аударарлық уақиға ғана емес, көркем суреттелетін шындық бейнесі де әсерлі.

Мысалға, той қарсаңында қыздар мертболатын боранды алуға болады.

"Бұл қыздар таудан түсер мезгілде күн желдетіп, көкті бұлт қаптап, күн қатты суытып қар жауған. Бейшара сұлулар қайда барарын білмеген. Өте қараңғы болып, түк нәрсе көрінбейтұғын болған. Жел болып ат үстінде жүрерлік болмағандықтан, бейшара қыздар бір жерге жиылып, күннің ашылуын күткен. Бірақ қар көп жауып, бұларды мүлде басып қалған. Қар тоқтаған соң қатты суық болып оларды үсіткен. Таңертең өліп жатқан аттары ғана көрінген. Қыздар жоқ, тіпті көрінбеген.

Осында соңғы сөйлемнен өзгесінің біршама жатық, еркін аударылғаны байқалып тұр. Мысалы, "Пішпек уезінде "Қошқар" һәм "Жұмғалы" өзенінің арасындағы "Қырық зират" яки қыздар зираты деп атайды.

Зираттар "Қошқар" суынан "Сусамырға" баратын жолдың оң жағында. Ол жерде ылғи салқын, суық жел болып тұрғандықтан жазды күні де жылы киім киерлік болады".

Алайда кейбір уақиға мен әрекеттердің баяндалуы күрделі сипатқа көшкен кездердерін аударуда,, түпнұсқаны сақтамақ болған сәтте, М.Есенгельдин қиындыққа тап болады. Мысалы: "...Сол замандағы жауласушы шалдар сөйлейді, олар айтады...", "Қыздар жоқ тіпті көрінбеген" тағы басқа.

Сейдалиев тәржімалағанған "Әке мен бала" "Айқаптың" 1912 жылғы №10 санында жарияланған. Ағылшын тіліндегі кітаптан аударылған деп берілгенмен қай кітаптан екені, авторы көрсетілмеген. Шығарма таза диалогтік үлгіде.

Әңгіме сол кездегі оқырмандарға жақсы таныс әлеуметтік теңсіздікті қозғайды. Түпкі идеясында тәрбиелік мән ғана емес, саяси астар да жоқ емес. Әңгіме кірпіш заводы жұмысшылардың жұтаң да ауыр жұмыстарына көз салып тұрған әке мен бала арасында өтеді. Ауыр еңбектен титықтаған жұмысшыларды көріп баласы әкесіне, завод қожасына біраз сұрақтар қояды:

"Бала: Неге соншама жарлы, (жұмысшылардың түрін айтады,- З. Б.) егерде ертеден кешке дейін жұмыстан басын көтермесе де.

Әке: Білмеймін.

Бала: Біреу-міреу ұрлайтын шығар бұлардың михнат етіп тапқандарын?

Әке: Ұрламайды. Неге бұл сөздер саған керек?

Бала: Бұл адамдарды аяған соң сұраймын. Бұл басылып жатқан кірпіштерді басылып болған соң кім пайдаланады? Әрине басып шығарғандар пайдаланатын шығар.

Әке: Жоқ, мен пайдаланамын.

Бала: Кірпішті неден жасайды?

Әке: Топырақтан.

Бала: Осы біз көріп тұрған топырақтан ба?

Әке: Осы топырақтан.

Бала: Топырақ кімдікі?

Әке: Менікі.

Бала: Сіз өзіңіз бұл топырақты жасадыңыз ба?

Әке: Мен ,емес, топырақты құдай жасады.

Блла: Құдай бұл топырақты сізге деп арнап жасады ма?

Әке: Жоқ, мен сатып алдым.

Бала: Құдайдан сатып алдыңыз ба?...Адам өлген соң не керек? Не болады?

Әке: Топырақ болады.

Бала: Сіз де топырақ боласыз ба?

Әке: Білімеймін, неге сұрайсың.

Бала: Жай сұраймын. Сіз өлгенде топырағыңыздан қандай қатты кірпіштер басылып шығар екен деп ойыма түсіп кетті.

Кейбір жолдарда қазақ тілі грамматикасының ыңғайынан ығысу байқалады, соған қарағанда түпнұсқаның түрі де осы бағытта болу керек. Бірақ, келтірілген үзіндіден әңгіме өзегіндегі идея мен ойдың біршама күрделілігі де көрініп тұр. Азаттыққа, бостандыққа ұмтылған ой атаулыны қудалаған, қиын заманда адам еңбегін қанауға негізделген қоғам құлқын әшкерелеуші осындай материалдарды жариялаудың өзі "Айқаптың" журналының саяси-әлеуметтік көзқарасынан хабар береді, батылдығын да айқындай түседі. Әңгіменің оқырманды өмір мәні, еңбек туралы ойларға бастайтыны сөзсіз.

XX ғасыр басында қазақ даласы туралы көп жазған орыс жазушыларының бірі - сібірлік Антон Сорокин. "Айқап" бетінде белгілі орыс қаламгерінің екі әңгімесі жарияланды. Бірін 1913 жылы Асылбек Сейілов, екіншісін 1915 жылы М.Сералин аударған.

Творчествосында біршама қайшылықтар кездескенмен оқырманды тан қалдыратын батыл идея, ойлары мол, өмірбаяны қызық жазушы шығармаларының "Айқап" бетінде жариялануы аса маңызды. Қаламгердің патша үкіметінің қол астындағы шағын, әлсіз ұлттарға жасап отырған зорлығын әшкерелейтін де шығармалары бар. Сондықтан да оның көптеген туындыларын жариялауға патша үкіметі ұлықсат бермеген.

А.Сорокиннің әдебиеттегі еңбегі мен үлесін ойлаған сәтте А.М.Горькийдің мына сөздері еске түседі. "...Сіздерге, Сібірліктерге, Антон Сорокин туралы жазылғандардың барлығын жинау және жиналған очерктерді жариялау керек. Осындай кітап шыққаннан кейін ғана Сорокиннің өз еңбектерін де қолға алуға болады"³¹.

"Айқап" журналының осы автордың біршама көлемді әңгімелерін жариялауының да өзіндік себептері болса керек. Ол - біріншіден, Сорокиннің тікелей қазақ өмірінен алынған шығармалар жазуы болса, екіншіден, сол кезде қазақ елінің дәстүрі мен салтына қысым жасап, шаруашылығын күйретіп бара жатқан патша үкіметінің саясатына қарсылық білдіру. Бұл идея "Айқап" бетінде жарияланған оның екі әңгімесінде де домбыраның қос шегіндей үндесіп тұр.

Сорокин шығармашылығының бір ерекшелігі - адамның бар қасиетін ақша-алтынмен өлшейтін қоғамға қарсылық болса, сірә, осы идеялар журнал басындағы қазақ ағартушы-демократтарының мақсаттарымен сәйкес келген тәрізді. Осы идеямен үндестік танытатын өзге де шығармалар табылады. Әрин, оны тек қана Сорокин әңгімелерінің әсерінен туындады десек қателесетін де шығармыз.

Қазақ қоғамында қалыптасқан әдет-ғұрыпты аяусыз қирата бастаған жаңа қатынастардың қатыгез заңдарын көрнекті қоғам қайраткерлері мен көзі ашық зиялы қауым өкілдері өткір сезінді. Көпшілік бас қосқан мәжіліс, тіпті тойларда да оны әңгіме қылушылар көп болды. М.Сералиннің журналдың

³¹ Горький А.М. Собр. Соч.-Москва, 1955. т.30.-С.152-153.

1913 жылғы 21-санындағы әңгімесінде Сорокин идеясымен үндестік анық байқалады. Мысалы, "Ұғылмай қалған ән" атты әңгімесін алуға болады.

Әңгімеде атағы бір кезде Стамбул мен Мединеге дейін белгілі болған қазақ байы Сұлтанбай мен оның балаларының тағдыры сөз болады. Бір кездегі дәулетті жандардың жаңа заманда келекеге айналған келеңсіз тірліктерін суреттеу арқылы ел дәстүрін бұзған жаңа капиталистік қатынастардың қазақ даласындағы тыныш тірлікті қирата бастауы әңгімеленеді. Түрлі әлеуметтік топтар мен адамдар арасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан туыстық, ағайыншылдық байланыстардың үзілуі баяндалады. Мызғымастай берік көрінген дәстүрлердің жаңа заман қатынастарына төтеп бере алмай солқылдауы, бірітіндеп жойыла бастауы авторлар тарапынан сынға ұшырайды. Әсіресе, баланың әке, әкенің ел алдындағы міндеттерінің қирауы көп қозғалады.

Отан, халық алдындағы перзент міндеті, әсіресе, "Отанның иісі яки сахараның сыйы жусанда" шарықтау шегіне жеткен. Ел аузындағы аңыз әңгімені өзінің идеясын ашу үшін автор өте шебер пайдаланған. Бұл - формасы да, идеясы да өте күрделі шығарма. Автор аңыздық әуенді ішкі монологпен шебер ұштастырған.

А.Сорокин халық көңілінің үні - халық музыкасына менсінбей қараушыларды сынға алады. Жалпы халық творчествосына ерекше құрмет - ағартушы-демократтық позициядағы көптеген орыс жазушыларына тән қасиет. Антон Сорокин бұл тақырыпқа кейін тағы да оралған. Мысалы, 1915 жылғы "Омский вестниктің" 83-санында "Айтындар өз өлеңдеріңді" аталған мақаласы жарық көреді.

"Ұғылмай қалған әндегі" негізгі ой, идея - қазақ даласының қалыптасып қалған қоғамдық тірлігін қас қағым сәтте астан-кестен қылып, халықтың ерекшелігін, елдігін ыдыратып бара жатқан капиталистік қыспақтан шошыну, бәрі сатылатын қоғамдық қатынасқа лағнет айту. "...Менің тіршілігімді тыңдаңдар. Менің зарым бүкіл қазақ зары. Менің қайғым - бүкіл қазақ қайғысы. Уа, дарига, көп еді-ау далада ақ тышқандар. Бұрын екі тиынға сатушы едік. Бұл күнде қалада ақ тышқанға үш теңге береді. Қазақтың барлығы да ақ тышқан аулап алып сатады, сонда да қазақта бұрынғыдай, байлық жоқ. Далада ақ тышқан жылдан жылға азайып барады. Бұлардан біреу де қалмайтын заман келер. Ет, май, тері, мал бәрі де қымбаттады, қазақтың байлығы сонда да молаймады. Заман ұрлады" ³².

"...Қең далаға қалалардан көтерілген болады" ³³. Қазақ халқының тіршілігіне қатысты осындай сұрақтарды автор оқырмандарға тура қойды. "Қазақ даласының байлығын тонап жатқан кім, бұған кінәлі біреу бар ма?" - деіген сұраққа жетелейді де іле өзі жауап береді.

"...Ал енді бұл жау кім? - Алтын. Қазаққа жұт та ондай қорқынышты емес..., алтын қазақты аямай, асықпай жағымсыз бүлдірді, хәм қазақтың өзі де алтынға майға ұмтылған қасқырша омыраулап ұмтылды" ³⁴.

³² Сорокин А. Ұғылмай қалған ән.-Айқап. 1913.№13.-Б.305-б.

³³ Сонда, -Б.305-б.

³⁴⁻³⁵ Сонда, 302-б.

А.Сорокин қазақ даласында қалыптаса бастаған жаңа қатынастардың мәнін ашады. Автордың ойы мен идеясы көркем мазмұн астарында, шығармасының құрылысын да қызықты құрған, сондықтан да шығармада түспалдап сөйлеу басым. Атор сезімінің шынайылығы байқалып тұрады, ой, идея тазалығымен тартымды. Бүгінгі оқырманда да еліктірер сырлары бар.

А.Сорокиннің ұнататын түрі - аллегория. Оның кейбір әңгімелерінің баяндалады. Мызғымастай берік көрінген дәстүрлердің жаңа заман қатынастарына төтеп бере алмай солқылдауы, бірітіндеп жойыла бастауы авторлар тарапынан сынға ұшырайды. Әсіресе, баланың әке, әкенің ел алдындағы міндеттерінің қирауы көп қозғалады.

Отан, халық алдындағы перзент міндеті, әсіресе, "Отанның иісі яки сахараның сыйы жусанда" шарықтау шегіне жеткен. Ел аузындағы аңыз әлсіздігі шартты сюжетті өмірлік материалдармен тиісті деңгейде толтыра алмауда, ойдың жалаңдығы мен шығарманың барлық мазмұны тек қана негізгі идеяны дәлелдеуге жұмсалатынында. Жазушы образдың әсемдігіне ұмтылмайды, бейнелеу барысында өмірді шынайы, елестете суреттеуге мүмкіндік беретін көркем жүйелерді де іздемейді.

Ол негізінен түспалдай айту, астарлау және жалпылық сипаты бар шартты образдармен.

Автордың ойы, идеясы - капиталистік қоғамның товарлы ақша айналысына түсіп кетіп, оның қызығына елтіп, бірақ, оның қозғаушы күші мен сырын, сиқырын ұқпай бар малы мен байлығын рәсуә қылған Сұлтанбай байдың трагедиялық тағдырынан туындайды.

Қалалардың қызығын көрген Сұлтанбай бай жаңалыққа құмар еді. Сол жаңа тұрмыс үшін түрлі мүліктер алды. Бар малын ақшаға айырбастады. Дүниенің күші алтында, ақшада деп ұқты. Бірақ капиталға айналып, қозғалысқа түспеген ақшаның көктемгі қардай ғана қауқарының барын ол сезбеді. Ұғуға шамасы да келмеді.

Сұлтанбайдың үлкен қызметкер болады деген балаларының тағдыры да қилы-қилы. Бірі кәдімгідей оқып білім алса да қара басының қамынан, өз қызығынан аса алмай қалада қалды. Елін, ата-анасын ұмытты. Екіншісі, ауылдан ұзамады, оқуды тастап қайта-қайта елге қашып келе берді. Қазір ол Кереку көлінен тұз тасып жүр. Әңгіме басында жұрт тыңдамаса да зарлап отырған сол. Ән де сонікі. Ол өткен күндерді аңсап, қиратқан капиталистік қатынастарға лағнет айтады.

"...Япырмау, білсеңдерші қазаққа алтынның керексіздігін самауыр, сиса, шәй, қант һәм оттықтың керегі жоқтығын. Бұларсыз да бір заманда күн көруші едік қой. Міне сіздер тауарлар (товар-З.Б.) келтірдіңіздер. Әдемі үйлер салдыңдар. Зырылдап адам құты қашқандай болып машиналар айналып тұр. Тағы бір тамашаларыңызды мен көрдім. Айыңрефан (аэроплан.- З.Б.) бір машина адамды күрілдеп алып ұшып жүр. Бірақ мен бұларыңды көріп тұрсам да сендердің қалаларыңды һәм тіршіліктеріңді қатты қарғаймын. Шын көңіліммен қарғыс айтамын. Бұл шәһарлардың,

жылаулардың, ойбайлардың, ренжісулердің барлығын білмейтін болсам қандай бақытты болған болар едім" ³⁶.

Бұл қазақ даласына келген жаңалыққа ілесе алмаған, заман лебін ұқпаған баласының монолога болса, оқыған баласының тағдырында да трагедиялық сипат мол.

Ол - үлкен университет бітіріп, доктор атанса да әке, ел, халық алдындағы парызын ұқпаған, оны күнделікті тұрмыстың ұсақ қызығына айырбастап алған сорлы жан. Оған өз басының күйкі тірлігі мен күнделікті қажеті үшін ақша ғана керек. Сол үшін де ол қартайғаи әкесін әбден тұралатады. Оның бар дәулеті, малы мен ақшасы таусылған сәтте қалаға сіңіп жоқ болады.

Бұл трагедиялардың бәріне автордың ойынша кінәлі далаға ене бастаған капиталистік қатынастар - товар, ақша айналымы. Капитализмнің тонаушылық қасиетін көргенмен оның топырағында, негізінде өсіп келе жатқан жаңа күштерді көре алмау авторды үлкен қайшылықтарға апарды. Сондықтан да әңгіме соңындағы "Уай дариға, көп еді-ау далада ақ тышқан", - деген монологтағы қазақтың келмеске кеткен тыныш күнін аңсау сарыны - автор көзқарасындағы осындай қайшылықтардың көрінісі. Даланың тұнып жатқан ен байлығына өзінің темірдей қатты тарамыс қолын соза бастаған капиталистік қатынасқа жанасам деп, оның мәнін ұқпай құрбан болған Сұлтанбай тәрізді байларды аяусыз шенейтін памфлет тәрізді бұл шығармада осы үн үнемі қайталанып отырады.

"...Қазаққа ақша көп керек, самауыр алуға, сиса, шәй, қант, үн алуға. Бұлар қазаққа керек пе еді. Бұдан байлық бола ма? Одан да өздері майын жеп, қымызын ішіп, тоқты һәм жылқы етімен қонақтарын сыйлағандығы артық емес пе еді"³⁷.

Аз халықтардың табиғи байлығын тонап, салт-санасын күйретіп жатқан капиталистік қатынастарды аяусыз сынау А.Сорокин капиталистік қатынастарды аяусыз сынау А.Сорокин творчествосының мықты жағы болса, сол халықтардың келмеске кеткен өткен күндерін идеал тұту, оның үлкен қайшылығы.

Осы шығарма "Айқапта" неге жарияланды? Әлде журналда да қазақтың өткен күнін аңсау ниеті болды ма,- деген заңды сұрақ туындайды. Айқаптың ешқашан өткенге жалтақтамағаны белгілі. Соған қарағанда журнал бұл әңгімелерді екі түрлі мақсатпен ұсынған тәрізді. Бірінші, сол кездегі қазақ даласының, оның шаруашылығы мен жағдайының қаншалықты нашарлай бастағанын, патша үкіметінің тонаушылық саясатын көрсету де, екіншісі, осы өмірге дайындалмай далада қалған, болмаса қаланың ұсақ-түйегін мақсат қылған кейбір оқыған жастардың трагедиялық тағдырын көрсету.

А. Сорокиннің М.Сералин аударған "Отанның иісі яки сахараның сыйы жусан" әңгімесі де - қазақ даласындағы жаңалықтардан туындайтын түрлі авторлық ойларды оқырман назарына көркем формада ұсынатын құрылысы да күрделі, көркем шығарма.

³⁶ Сорокин А. Ұғылмай қалған эн.-Айқап. 1913.-Б.302

³⁷ Сонда. - Б. 302-6

"Отанның иісі яки сахараның сыйы жусан" негізінен екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім -қалаға оқуға кетіп оралмаған ұлын іздеуші қарт әке монологы да, екіншісі, үлкен шәһарды жаулай барып, сондағы бір сұлуға үйленіп, жоғарыда айтқанымыздай ұсақ тірлікке, рахатқа алданған, сонда тұрып қалған Қасқырбай билеуші туралы аңыз әңгіме.

Антон Сорокин - творчествосында халық аңыздарын көп пайдаланған жазушының бірі. Осы әңгіменің екінші бөліміндегі аңыз фабуласы - Волынский жылнамасында кездеседі ³⁸. Автор оны өте шебер қолданған. Әңгімедегі негізгі үн - туған жерін ойламаған, перзенттік парызын ұмытқан балаға әке үкімі. Бұл "Ұғылмай қалған әнде" бой көрсетіп, аяқталмай қалған үлкен ойға тағы бір оралу тәрізді әсер туғызады. Сірә, журнал алқасының А.Сорокин творчествосына ерекше ықыласы, көзқарасы болса керек. Оның бір әңгімесінде басталған идея, ойды екінші әңгімесінде жариялау арқылы аяқтауға тырысудың өзі өте маңызды.

"Отанның иісі яки сахараның сыйы жусанның" алғашқы бөлімі - әке монологы. Тыңдап қарайық: "Қарт әкең саған өтінеді. Жүгін десең жүгініп, ішпе, жеме, ұйықтама десең ондайды да істеп, көз жасымен сенен өтінеді, сенен тілейді. Кемпір анаң Мәлике қартайғанда сені сағынып, көргісі келіп, жылай-жылай сені қашан келеді деп күтіп отыр. Қарт әкең мен ананды аямайсың ба, балам"³⁹.

Бір қарағанда бұл оралмаған баласын әке-шешенің сағынуы, іздеуі тәрізді. Алайда, туған баласын сағынған ата толғауы келе-келе өзге үндармен жалғасып, әңгіме өзегіндегі үлкен ойлар бас көтереді.

"...Біздің ауыл енді Темір тұз көлінің маңайына енді қонбайды. Бала күнгі ойнап жүрген жеріңді тани да алмайсың. Онда Мұжық қаласы түскен. Әлде қандай жат адамдар келіп шабындығымызды, кек шөптерімізді шауып алып жатыр, малымыз ащы сортаңға қамалып тұр. Жасыңда ойнап жүрген алтын сияқты құмның үстіне боқтық төгілген"⁴⁰.

Шал баласын үлкен мақсатпен іздеп келіп отыр. Оны өздерінің қиын күнін жеңілдететін күш, қамқор тұтады. "Сен ақылдысың, айлалысың, бірдеңе ойлап тап, ...сен губернатормен сөйлесе аласың, біз қазақтар әркімнен қорқамыз, керекті сөздерді айта алмаймыз"⁴¹.

Бірақ та осындай үміт артып келіп отырған баласының тұрмыс-тіршілігі, ол жүрген орта оған соншалықты жат.

"Бүкіл жер тас қиқымдарымен төселген, жүрсең аяқ ауырады, бір ғана болса да өсіп тұрғаны шөп жоқ... Қөшесінде шаң-шұң құлағыңды сарсылтады. Үлкен биік үйлерінің не тәуірлігі бар, баспалдағына шығайын десең аяғың ауырады. Әлде терезедегі балшық салып шөп егіп қойған

³⁸ Лихачев Д.С. Русская литература XIII - XVII вв.- Москва, 1980

³⁹ Сорокин А. Отанның иісі яки сахараның сыйы жусан.- Айқап 1915, № 1.

⁴⁰ Сонда.

⁴¹⁻⁴³ Сонда.

⁴⁴⁻⁴⁵ Сорокин А. Отанның иісі яки сахараның сыйы жусан.- Айқап, 1915, № 1.

шөлмектері ме? Мынау бет-аузы кішкентай, көзі сасық күзеннің көзіндей өтікір, басына үлкен қалпақ киген әйел, қатыны ма?"⁴².

А.Сорокин капиталистік қатынастар ене бастаған дала тұрғындарының өмірін аш қасқырдың тірлігіне теңесе, жастарын жұтып жатқан қала өмірін де аяусыз сынға алады. "...Өзі күні бойы сасық бөлмеде отырады. Көзі көрмеген, қолына ұстамаған ақшаларды шотқа салып есептейді, үлкен-үлкен кітаптарға жазады. Кешкілік үлкен шәһардың көшесімен үйіне қайтып тамақтанады, онан соң қонаққа барып арақ ішеді, карта ойнайды, мұнан кейін теңселе-теңселе басып үйіне қайтады, қатыны үйінде болмайды, суық төсекке жалғыз барып жатады. Таң тауығы шақырғанда қатыны келеді, сұлтанның қатынындай оның соңынан екі еркек еріп келген болады"⁴³.

Осындай ортада тіршілік еткен баласы өз Отанымен табиғи байланысын жойған. Сондықтан да шал қасиет көріп, кие тұтқан жусан иісін де сезбейді, селт етпеген күйде қалады. "Оның тірі денесі өлі жанының моласына айналған"⁴⁴. "...А, балам, сенің үлкен көшенің шаңы басқан жүрегіңе Отанның иісі бара алмады. Сен нағыз қорқынышты көрімсің. Кім сенін әкең? Мен ұмыттым сені. Сен Отанның иісі жусан шөпті ұмытқаның секілді"⁴⁵ (45). Шығарма осымен түйінделетін тәрізді. Бірақ әңгіменің екінші бөлімінде автор өзінің бұл идеяларын оқырманға қайта ұсынады. Аңыздық уақиғаны баяндау арқылы қаламгер бірінші бөлімдегі уақиға, сюжетке қарама қарсы уақиғаны ұсынады. Екінші бөлімде Отанынан мүлде қол үзген Қасқырбайдың жусан иісінен оянған сезімі, Отанға деген перзенттік сағынышы көрсетіледі. Бұл сезімнің күштілігі сонша бір елді билеп тұрғанына қарамай, бәрін тастап туған жеріне қарай бет алады. Бірақ әңгіменің екінші бөлімінде автор өзінің бұл идеяларын оқырманға қайта ұсынады. Аңыздық уақиғаны баяндау арқылы қаламгер бірінші бөлімдегі уақиға, сюжетке қарама қарсы уақиғаны ұсынады. Екінші бөлімде Отанынан мүлде қол үзген Қасқырбайдың жусан иісінен оянған сезімі, Отанға деген перзенттік сағынышы көрсетіледі. Бұл сезімнің күштілігі сонша өзі бір елді билеп тұрғанына қарамай, бәрін тастап туған жеріне бет алады.

Бір кезде өзі тып-типыл етпек болған қалада - Ордада тұрып қалған Қасқырбай елінің таланғанын, әйел-баласы мен кәрі әке-шешесінің құлға айналғанын естігенде селт етпесе, арада біраз жылдар өткенде елінен сәлемдеме ретінде келетін Отан иісі - жусанға қарсы тұра алмайды, жусан иісін сезген бойда-ақ еліне қайта оралады. Жусан иісі оның перзенттік ойларын қозғайды, ұмытыл бастаған сезімдерін оятады.

Сорокин әңгімесінің құрылысы қарапайымдау көрінсе де оған идеялық талдау жасауда біраз қиындықтар кездеседі. Ол - автордың көшпелі елдер цивилизациядан ештеңе таба алмайды, құриды, сондықтан да өткеніне оралу керек деген секілді солақайлау идеялары. Алайда оның шағын халықтарды аяусыз қанаушы патша үкіметінің саясатын сынауы - үлкен табысы. Туған жер мен халық алдындағы перзенттік парызды әдемі бір әсермен баяндайтын

әңгімеде философиялық, азаматтық ойларға бастайтын, санаға қозғау салатын, түрткі болатын астарлы жолдар, мол.

Аудармаларға "Айқап" қойған бұл талапты - философиялық тереңдік пен іргелі ой іздеуді - орыс әдебиетінің классиктері Л.Н.Толстойдың "Илияс" және А.П.Чеховтың "Қара қарға" атты әңгімелерін жариялау арқылы журналы одан әрі ұштай түседі.

Екі әңгімені де ХХ ғасыр басындағы әдебиетіміздегі белгілі қаламгер А.Баржақсин аударған ⁴⁶.

А.П.Чеховтың "Қара қарғасы" көлемінің шағындығына қарамай адамзат қоғамына қатысты күрделі ойларды, сұрақтарды алға тартады. Ол - адамдардың бірін-бірі алдауы, жалған некені, жағымпаздық пен адамды қанау құралы ақшаны, мыңдаған, миллиондаған жандарды бақытсыздыққа ұшырататын соғыстарды сынға алатын шығарма⁴⁷. Шығарма өзегіндегі негізгі үн - адамзат қоғамына жат соғысқа қарсылық.

Бірінші дүние жүзілік соғыстың қызған шағында соғыс атаулының адамзатқа тек апат қана әкелетінін дәлелдеп, оған үкім шығаратын осындай шығарманы жариялаудың өзі "Айқаптың" үлкен ерлігі.

Әңгіме адам мен қарға арасындағы диалог формасында, аллегориялық түрде берілген. Соншама көп жасап түк тындырмаған қара қарға өмірінің мәнсіздігіне адам таң қалса, ақылды, мәдениетті жасаушы адамдардың бірін бірі өлтіру үшін саналы түрде соғысқа дайындалуын қарға түсінбейді,

"Мен 376 жыл жасап, қара қарғалардың өзді-өзімен соғысып бірін-бірі қырғанын көргенім жоқ. Сіз соғыс болмаған жылды білеісіз бе? Бірімізді біріміз тонамаймыз. Шауып жаныштамаймыз, подлог жасап ақша алмаймыз, Жаман роман, жаман өлең-жырларды жазбаймыз, бірімен бірін сөгетін газеталарды шығармаймыз. Мен 376 жыл жасадым. Осы жасымның ішінде әйелдердің ерлерін алдағанын, ренжіткенін көрмедім.

Сіздердей тақсыр адам. Біздің арамызда жоқ малайлар, ұрылар, өтірікшілер, бұзықтар, дін сатушылар". Асты сызған жолдар аудармадағы түпнұсқадан алшақтауды және кейбір олқылықтарды көрсетеді. Алайда басқа шығармалармен салыстыра қарағанда А.Баржақ- синнің бұл аудармасы ХХ ғасыр басындағы сәтті туындылардың бірі.

Мысалы: "Бот о чем мы беседовали.

Я, - Говорят, что вы, грачи, живете очень долго. Вас да еще щук, естествоиспытатели ставят образцом необыкновенного долголетия. Тебе сколько лет?

Грач, - Мне 376

Үзіндінің "Айқаптағы" аудармасы:

"Міне біз не туралы сөйлестік.

Мен, - Қара қарға көп жасайды деген кәуесет бар, сендерді һәм шортандарды хайуанат ғылымын оқығандар көп жасайтын мақұлық дейді ғой. Сенің жасың нешеде?

Қара қарға, - Менің жасым 376-да" ⁴⁸.

⁴⁶ Кәкішев Т. Қызыл сұңқар.-Алматы,1968

⁴⁷ Чехов А.П. Қара қарға//Айқап. 1915.№7-8. -Б. 111.

⁴⁸ Сонда.

Үзіндіден автордың біршама еркін, әрі түпнұсқаға жақын аударғаны байқалады. Біз үшін маңызды бір жай түпнұсқа формасының сақталып аударылуы. Демек, "Айқап" бетінде жарық көрген барлық аудармаларда негізінен түпнұсқаның басылу формасы сақталған. М.Сералин, Ж.Сейдалин т. б. аударған шығармаларда да осылай болған тәрізді. Қаламгер аудармалары өзге де мерзімді баспасөз бетерінде кездеседі.

Л.Н.Толстойдың қазақ тіліне аударылуы сонау Ы.Алтынсарин хрестоматиясы мен "Түркістан уалаятының газетінен" басталатыны көпшілікке мәлім ⁴⁹.

Ұлы Толстойдың "Халықтық әңгімелер" тобына жататын "Ілияс" аталған шығармасын "Айқап" журналы А. Баржақсиннің аударуында 1915 жылы, 11-саңында жариялады.

Бұл аударманың көркемдік ерекшелігі туралы Ә. Сатыбалдиев еңбектерінде біршама толық айтылған. ⁵⁰. Сондықтан да оған көп айналмай, өзіміздің мақсатымызға орай кейбір қажетті мәселелерге назар аударамыз.

Алдымен, атақты Толстойдың көл-көсір мұраларының ішінен "Айқап" неге нақ осы шығарманы аударды?

"Әңгіменің мазмұны - байлық мұрат емес, артық дүние, мүлік жинау басты машақатқа салып, жан тыныштығын кетіреді, шын бақыт барды қанағат етіп, тату-тәтті өмір сүру - дегенді уағыздау. Кезінде аудармашыны қызықтырған да әңгіменің нақ осындай, өсиеттік жағы болуға тиіс" ⁵¹.

Біздің ойымызша, бұл пікірдің жаны бар. Өйткені, А.П.Чеховтың "Қара қарғасын" аударуда да А. Баржақсинді қызықтырған әңгіме өзегіндегі философиялық терең ойлар болуы керек. "Оның үстіне шығарман жалпы сарыны қазақ өміріне, сол кездегі қазақ ұғымына өте жақын. Әңгіме башқұрт елінің өмірінен алынған, суреттелетін көріністер мен адамдардың ара қатынастары, ой-қиялы мен мақсат, мүдделері қазаққа өте таныс. Бір жерінде қазақтың өзі де аталып қалады" ⁵².

Зерттеушілердің осы аударманы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі сәтті шығармалардың, бірі ретінде көрсетуін толық құптауға болады.

Мұнда бізге қажетті бір дерек бар. Ахмет Баржақсин бұл әңгімені Л.Н.Толстойдың қай шығармасынан алды?

Осы соңғы номерлеріндегі аудармалардан бастап "Айқап" бетіндегі әңгімелерде диалогтар жана жолдан жазылып, алдарына біртіндеп сызықшалар қойыла бастайды. Былайша айтқанда, прозалық шығармалардың бүгінгі басылу түрі, үлгісі көрінеді.

Бұл негізінен алғанда орыс әдебиеті шығармаларын аудару арқылы келген жаңалық тәрізді. Өйткені, сол аудармалардың түпнұсқасындағы абзац, диалогтарды сақтау арқылы прозаға өң кіреді. Оқуға ыңғайлы түрге енді.

⁴⁹ Алтынсарин Ы.Киргизская хрестоматия.-Оренбург. 1879;
Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары.-Алматы,1964;
Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. -Алматы,1987;
⁵⁰⁻⁵² Сатыбалдиев Ә.Рухани қазына.-Алматы,1987

"Айқаптағы" "Ілиястың" аудармасын 1913 жылы Москвадан шыққан толық шығармалар жинағындағы үлгісімен салыстырып қарағанда, жоғарыда айтып отырғандай, баяндау, суреттеуден тікелей диалогқа көшетін тұстарда кейбір абзац, сызықша және тағы сол сияқты тыныс белгілері сақталмаған. Соған қарағанда А.Баржақсин Толстойдың 1886 жылы Москвада жарық көрген шығармаларын пайдаланған тәрізді (53).

Сонымен "Айқап" бетінде жарияланған аудармалардан мына жайларды байқауға болады. Алдымен, журнал тек қана қазақ халқының өміріне қатысы бар, оның ұғымына қабылдауына лайық шығармаларды аударған. Алғашында ұсақ-түйекпен басталса да келе-келе күрделі шығармаларға, негізінен орыс классиктеріне көңіл бөлген.

"Айқап" журналы бетіндегі прозалық шығармаларды топтастырып жүйелей келгенде мына мәселелер айқын көрінеді.

XX ғасыр басында қолына қалам алған сауатты жанның қайсы да халық алдындағы түрлі проблемаларға араласуға, дәуір сұрақтарына өзінше жауап беруге тырысты. Мерзімді баспасөз беттерін өздерін шығармаларымен байытып отырды. Ал олардың ішінен басты ойы мен идеясы, көркем мамұны мен құрылымы замана талабына сай, өмір көшіне ілесе алатындарын, қажеттілерін таңдап жариялау журналдан белгілі қоғамдық позицияны, эстетикалық ұстанымды талап етті.

Алғашында ой мен идеяға баса назар аударылып, көркемдік жағы көп ескеріле қоймаған. Бірақ келе-келе оқырман газет-журнал беттеріндегі шығармалардан, жеке басылған кітаптардан сұлулыққа оралған ой, әдемілік, әсер іздей бастайды. Өйткені, XX ғасыр басында XIX ғасырдың екінші жартысындағыдай кітап пен тасқа басылған сөзге деген әуестік, экзотика өтті. Сондықтан да жалаң ой мен дидактикаға негізделген шығармалардың кемшілігі, қарабайырлығы сауатты көпшілік назарына бірден ілінді.

"Айқап" бетіндегі көркемдік жүйеге келіңкіремейтін алуан формадағы осы шығармалар XX ғасыр басындағы қазақ прозасы өткен күрделі процестің бір көрінісі ғана. Ал оны толық қамту үшін, жалғыз "Айқапты" емес, сол кездегі мерзімді баспасөз бетіндегі, тіпті қолжазба арқылы таралып бізге жеткен барлық шығармаларды қарастыру керек. Сонда ғана шын мәнінде "эпостан эпопеяға" шұғыл көшудің алғы шарттарын дайындаған әдеби процесс заңдылығына жолығамыз. Әлемдік әдебиет тарихына үңілсек, қай елдің әдебиеті де күрделі проза жолында осындай кезеңдерді кешіргенін көреміз⁵³. Мысалға орыс әдебиетінің "алтын ғасырын" дайындаған беллетристика мен ағартушылық реализмді алуға болады

Осы сан алуан шығармаларды салыстыра тексергенде олардағы ортақ пафос пен идеяны, түрді байқауға болады. Бұл олардың авторларына әсер еткен экономикалық, саяси, әлеуметтік, эстетикалық талап-тілектердің ұқсастығынан туындайды.

Ағартушы-демократтық бағыт "Айқап" журналының бетінде тез есейді. Мәдениет пен өнерге, жаңалыққа шақырған публицистикалық үн, ағартушылық идея, ара-тұра шарасыздық байқататын сентиментальдық әуен

⁵³ Сочинения графа Л.Н.Толстого.-Москва,1886,часть 12.-С. 116-120

сол кездегі қазақ даласының нақты жағдайынан, тыныс-тіршілігінен туындайды. Жағдайдың өзі ағартушылық идеяларды талап етті, сондықтан

Қазақ әдебиеті тарихында натуралдық, сентиментальдық стильдер мүлде жоқ, оларды тіпті бастан кешпеген деп жүрміз. Алайда, оның қазақ қоғамдық санасында көрінген талай түрлерін біз зерттеп отырған дәуірде кездестіруге болады. Қай елдің прозасының тарихын алмайық, оның натуралдық баяндау мен сентиментальдық сезімге соқпауы мүмкін емес. Өйткені сентиментальдық әуен өмір қайшылығын, әділетсіздігін көрген жазушының соған қарсы қояр, күресер қуатты құрал таба алмаған шарасыздығынан туындаса, натуралдық стиль проза жанрының кезекті сатысындағы шеберліктің, шағындығынан, әлі де қуатты жанрдың құпияларын, мүмкіндіктерін пайдалана алмаудан болады. Натуралдық құпияларын, мүмкіндіктерін пайдалана алмаудан болады. Натуралдық баяндаудан, осы стильдегі шығармалардың көптігінен барып оның кемшіліктері оқушыға да, жазушылардың өздеріне де белгілі бола бастайды. Жаңа сапаға өтудің қажеттігі туады. Шын мәніндегі көркем прозаның көкжиегі көріне бастайды.

Сондықтан да орыс әдебиетінің ұлттық ерекшелігін зерттеушілер Г.Н.Купреянова мен Г.П.Макогоненколардың әдеби процестің негізгі даму заңдылықтары туралы мына пікірлерін өте орынды деп білеміз: "тарихи-әдеби процесс - оның негізгі заңдарының типологиялық тұрғыдағы бірлігінің көрнекі көрсеткіші бола алады"⁵⁴.

Қандай үлгіде көрінсе де үлкен прозаның қажетті компоненттерін қалыптастыруда бұл ағымдардың, әйтеуір өзінше бір көрініс табары анық. Өйткені, оның өзі күрделі прозаға дайындық. Бұл ағымдарды орыс әдебиетінің өзінше өте тез өткені де белгілі². Ал қазақ әдебиетіне келер болсақ, онда да өзіндік ерекшеліктер мол болды. Қазақ прозасы натуралдық баяндау, сурет пен сентиментальдық әуенді көп қызықтамай, реалистік прозаға тым тез өтті. Бұл тездіктің сыры қазақ даласы тап болған объективті жағдайлардан туындайды: мысалы, жолжазба очерктерде көрген уақиғалар мен естіген әңгімелерді тізбектей келе олардың авторлары мұның көбінің қажетсіздігін сезді. Ара-тұра жарқ еткен сәтті эпизодтар, образды сөйлемдер сүйретілген баяндау әуенінен қара үзіп шыға алмай, кібіртіктей берді. Бір-ақ, бұның бәрі таяуда тұрған көркем шығарманың, мазмұнның да қарасын көрсетті. Қуатты жаңа жанрды игеру бағытындағы ізденістер үдей түсіп, толассыз сипатқа көшеді. "Бұл ізденістер әр адым ілгерілеген сайын сыртқы әлем мен сезімтал жанның рухани дүниесіндегі қайшылықты процестерді бейнелеуге шамасы келетін тіл мен өз мүмкіндігінің аясын ұлғайта бастайды", - деп жазады А.П.Макогоненко, орыс әдебиетіндегі типологиялық тұрғыдан осыған ұқсас процестер туралы³.

Ал аудармалар арқылы қазақ жазушылары белгілі проза шеберлерінің шығармаларымен танысты, әрі өздерінің туындыларына басқа биіктен қарауға, салыстыруға мүмкіндік алды.

⁵⁴ Купреянова Е.Н., Макогоненко Г.П. Национальное своеобразие русской литературы. - Ленинград: Наука, 1976

Күнделікті өмір мен түрлі уақиғаларды, табиғат көріністері мен адам портретін көркем бейнелеу, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен ішкі ойларын әсерлей жеткізуге талаптану қазақ прозасының алдына көптеген проблемаларды тартты, күрделі көркем прозаға қажетті ұғымдар мен сөз тіркестерін қалыптастыру, ойды образды жеткізудің қажеттігін аңғару, оның түрлі тәсілдерін табу, баяндау, диалог арасындағы күрделі қатынасты меңгеру т. б., Шығармалардың бірыңғай диалогқа, болмаса баяндауға құрылу себебі баяндау мен диалог арасындағы күрделі қатынасты жөнді игере алмаудан, оны айналып өтуге ұмтылудан. Алайда, көркем прозаның аса қажетті тәсілі жазушыларды сол кедергіге алып келе берді. Сөйтіп үлкен профессионал проза алдындағы міндетті өткелдерден жаппай өту басталды.

Осы процесте "Айқап" бетінде жарық көрген прозалық шығармалар мен оның мектебінің ролі өте зор. Ол кейін профессионалдық қазақ прозасы орасан зор шапшаңдықпен дамыған жағдайларды дайындап берді.

Бақылау сұрақтар мен курс тапсырмаларын игеру деңгейі

1. Кәсіби проза дамуының заңдылықтары
2. Кәсіби проза және мерзімді баспаөз
3. Қазақ прозасын дамытудағы "Айқап журналының ролі
4. "Айқап" бетіндегі прозалық шығармалар
5. "Айқап" бетінде жарық көрген прозалық шығармалардың басты тақырыптары мен негізгі идеялары
6. "Айқап" бетіндегі көркем әңгімелер
7. Ж.Тілеулин шығармаларының негізгі идеялары.
8. С.Торайғыровтың "Ауырмай есімнен жаңылдым әңгімесі" және жаңа проза көркемдігі
9. Б.Майлиннің журнал бетіндегі прозалық шығармалары
10. М.Сералин және қазақ прозасы.
11. А.Ғалымовтың "Бейшара қыз" әңгімесі
12. "Айқап" бетіндегі жолжазба очерктер.
13. М.Кәшімовтің жолжазба очеркері
14. Ғабдолрахман Қалимоллаұлының очерктері.
15. М.Сералин очерктері
16. "Айқап" журналы бетіндегі аудармалардың тақырыптары мен идеялары.
17. А.Сорокиннен аударылған шығармалар
18. А.Чеховтан аударылған шығарманың негізгі идеялары.
19. Л.Толстойдан аударылған шығармалардың басты идеялары
20. "Айқап" әңгімелеріндегі баяндау.
21. "Айқап" прозасындағы диалогтер.
22. Журнал бетіндегі жолжазбалардағы ел тұрмысы.
23. Аударма шығармалар және қазақ прозасы.
24. "Айқап" прозасының басты көркемдік идеялары.

25. Журналдарғы кәсіби проза дамуының басты бағыттары тақырыптары, идеялары
26. Кәсіби проза және қазақ оқырманы

Өздік жұмыс тақырыптары

1. "Айқап" бетінде жарық көрген көркем әңгімелерді тақырыптық бағытта топтау;
 - идеялық мақсатта топтау.
 - көркемдік мақсатта топтау
2. Журнал прозасының жанрлары:
 - Ағартушы демократтық
 - жолжазбалар
 - тарихи-әлеуметтік т.б.
3. Қазақ прозасының бейнелеу еркешеліктері:
 - баяндау;
 - суреттеу;
 - диалогті
4. "Айқап" прозасының көркемдігі
5. Жолжазбалардағы тарихи және табиғат суреттері.
 - авторлық таным бейнелері.
6. Очерктер әлемі:
 - Тарихи оқиғалар және тұлғалар
 - Замана тынысы және авторлық таным
 - Тақырып, идея және көркемдік
7. М.Сералин шығармалары: деректі әңгімелер және көркем очерктер әлемі.
 - Аудармалары
8. А.Сорокин шығармаларының(аудармалары) басты идеялары
9. А.Чехов шығармаларының көркемдігі және баяндау - диалог үндестігіне үнілу, үйрену
10. Л.Толстойдан аудармалардың басты идеялары

Әдебиеттер

1. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.-Алматы,1976;
2. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары.-Алматы,1964
3. Сатыбалдиев Ә.Рухани қазына.-Алматы,1987.
4. Дербісәлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті.- Алматы,1966;
5. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері.-Алматы, 1975.
6. Қазақстан тарихы. 4 томдық.Алматы: Атамұра. 1996

7. Зиманов С, Общественный строй казахов первой половины XIX века и - Букеевское ханство. -Алматы, 2009.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. Алматы: Қазақпатат.2006.
9. Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар.1807-1917. Аннотацияланған библиографиялық көрсеткіш. -Алматы,1978
10. Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы-Алматы: - Мектеп, 1989
11. Бисенғалиев З. Казахская проза начала XX века. -Алма-Ата.2000
12. Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Б.Майлин дәстүрі.-Алматы,1979
13. Нұртазин Т. Б. Майлин: монография. Алматы, 1964.
14. Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана.-Алматы,1972;
15. Кәкішев Т. Сын сапары.- Алматы,1971;
16. Сұбханбердина Ү. "Айқап" бетіндегі мақалар мен хат-хабарлар. 1- бөлім. -Алматы, 1961;
17. Қарашева Н. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX века. АҚД. Алматы,1959;
18. Идрисов К.Общественно - политические взгляды и деятельность М.Сералина.АҚД.-Алматы, 1985;
19. Ерғөбек С. С. Мұхаметжан Сералиннің әдеби-публицистикалық мұрасы. ҚДА.-Алматы,1996.
20. Купреянова Е.Н.,Макогоненко Г.П. Национальное своеобразие русской литературы.- Ленинград: Наука, 1976
21. Сочинения графаЛ.Н.Толстого.-Москва,1886,часть12.-С.116-120 с.

Қосымша әдебиеттер

1. "Айқап".-Алматы:"Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы.1995.- 368 б.
2. Радлов В. В. Алтын сандық. -Алматы:Ана тілі,1993. -256 б.
3. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. -Алматы:Жазушы,1985. -368 б.
4. Досмұхамедұлы Х. Аламан.-Алматы:Ана тілі. 1991.-176 б.
5. Кенжебаев Б.Түрік қағанатынан бүгінге дейін. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-т. -Алматы, 2010.- 344 б.
6. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары.-Алматы,1964
7. Сатыбалдиев Ә.Рухани қазына.-Алматы,1987.
8. Дербісәлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті.- Алматы,1966;
9. Ерғөбек Қ. Келбет.(Сәбит Мұқнов тағдыры).-Нұрсұлтан. Фолиант, 2020. - 624 б.
10. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері.-Алматы, 1975.
11. Қазақстан тарихы. 4 томдық.Алматы: Атамұра. 1996
12. Зиманов С, Общественный строй казахов первой половины XIX века и Букеевское ханство. -Алматы, 2009. - 400 с.; Общественно-политическое воззрение Ч.Валиханова М.Сералина.-Алматы; Арыс,2009. - 368 с.
13. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. Алматы: Қазақпатат.2006.

14. Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар.1807-1917. Аннотацияланған библиографиялық көрсеткіш.-Алматы,1978
15. Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы-Алматы: - Мектеп, 1989; Казахская проза начала XX века. -Алма-Ата.2000; Қазақ прозасы. XX ғасыр басы: жаңа жанр жолына.2-кітап, Зерттеу.- Алматы: Арыс, 2010. - 296 б.
16. Сарай Ә. Ноғайлы (зерттеу) - Алматы: Арыс, 2009. -480 б.
17. Есембеков Т. Көркем мәтін поэтикасы.- Алматы: Қазақ университеті,2012 - 228 б.
18. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М. К. Козыбаева) - Алматы: Санат,1996. - 656.
19. Темірболат А. Категория хронотопа и темпорльного ритма в литературе. Монография,-Алматы,2009. -504 с.
20. Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Б.Майлин дәстүрі. - Алматы, 1979
21. Нұртазин Т. Б. Майлин: монография. Алматы, 1964.
22. Кәкішев Т. Сын сапары.-Алматы,1971;
23. Сұбханбердина Ү. "Айқап" бетіндегі мақалар мен хат-хабарлар. 1-бөлім. -Алматы, 1961;
24. Қарашева Н. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX века. АКД. Алматы,1959;
25. Идрисов К.Общественно - политические взгляды и деятельность М.Сералина.АКД.-Алматы, 1985;
26. Ергөбек С.С.Мұхаметжан Сералиннің әдеби-публицистикалық мұрасы. А КД. - Алматы,1996.
27. Купреянова Е.Н.,Макогоненко Г.П. Национальное своеобразие русской литературы. - Ленинград: Наука, 1976
28. Сочинения графаЛ.Н.Толстого.-Москва,1886,часть12.- С.116-120 с.
29. Бөжеев М.Замана кейіпкерлері.Алматы: "М-Ари" баспасы, 2013
30. Мағауин М. Ғасырлар бедері.-Алматы: Жазушы, 1991.
31. Келімбетов Н.Ежелгі әдеби жәдігерліктер.-Астана:Фолиант, 2004.
32. Қирабаев С.Көп томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Қазғұрт, 2007
33. Храпченко Б.М. Собр.соч. В 4-х томах.-Москва,1982.
34. Қазақстан тарихы. 4 томдық.Алматы: Атамұра. 1996
35. Зиманов С, Общественный строй казахов первой половины XIX века и Букеевское ханство. -Алматы, 2009.
36. История русской литературы X-XII веков./под ред. Д.С.Лихачева.- Москва. Просвещение,1980.
37. Бейсенбиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. Алматы, -197 б.
38. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 томдық. Алматы,1961.
39. Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар.1807-1917. Аннотацияланған библиографиялық көрсеткіш. -Алматы,1978.

40. Өмірәлиев Қ. ҮШ-ХІІ ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері.
- Алматы: Мектеп, 1985.
41. Егеубаев А. Кісілік кітабы.-Алматы: Ана тілі, 1998
42. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым.- Алматы:
Білім, 1998
43. Әбдіманов Ө Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея.- Алматы, 2007
44. Греческий роман.-Москва:"Правда" 1988.
45. Алыптар тобының асылдары. ХҒТ конференция материалдары.
- Алмать, 2005.
46. Махамбет поэзиясындағы ерлік пен елдік рухы және қазаргі дәуір.
Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары.
- Алматы, 2003
47. Горшков А.И. Язык предпушкинской прозы. - Москва, Наука, 1982
48. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Алматы, 1992
49. Темірболат А. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе.-Алматы: Ценные бумаги, 2009.

Ү Ш І Н Ш І Т А Р А У

3. Жаңа жанр жолында

XX ғасырдың басында жарияланған прозалық шығармаларды топтастырып, салыстырып, бір жүйеге жинақтап талдай келгенде қазақ әдебиетінің, өте күрделі процестер үстінде болғанын, ол үлкен азаматтық ойлар мен ағартушылық, демократтық пікірлерді көркем бейнелеуге де шамасы жетіп қалған жаңа шығармалармен, әдістермен толығырақ түскенін, сондай-ақ, көркемдік дәрежесі де ойдағыдай талай шығармалар туып, жанрлық аясы да кеңі түскенін көруге болады.

Мысалы: газет-журнал бетіндегі әңгімелер мен А.Жандыбаевтың "Жас ғұмырым яки жастықта ғафлат", М.Дулатовтың "Бақытсыз Жамал", Б.Ержановтың "Оқуға махаббат", М.Кәшімовтың жолжазба очерктері мен "Мұңлы Мариям", С.Торайғыровтың "Қамар сұлу", "Кім жазықты?" мен басқа да прозалық шығармалары, Б. Майлиннің "Айқап" бетіндегі әңгімелері мен "Шұғанын белгісі" - көркем проза дамуының түрлі сатыларын бейнелей алатын шығармалар. Бұл тек қана көркем тәжірибе жинау, үйрену мен іздену әсерін жоймаған шығармалардың дүниеге келу сырын, кейбір ерекшеліктерін көрсетеді.

Жоғарыдағы шығармалар әдебиетіміздің даму жолындағы қадау-қадау көрнектілері ғана. Бұлардың арасында көркемдік бояуының солғындығы мен кейбір "кетіктеріне" қарамастан әде-биетіміздің тарихы үшін ғана емес, дәуір шындығын шынайы бейнелейтін, тіпті дерекнамалық, натуралдық түрде болса да, бай материалдар беретіндері қаншама! Заманымыздың заңғар жазушысы Ш.Айтматовтың деректі әдеби-тарихи жанрлар, құбылыстар туралы айтқан мына пікірлеріне қосылмауға болмайды: "Деректі мәліметтер көп жағдайда нағыз өмірдің тұтас бей-несін байқатып, өзі туралы өзі айтады. Оны ойдан шығара алмайсың, өйткені ол өмір"¹.

Бұл шығармалар белгілі қажеттіліктен дүниеге келіп, өздерінің міндеттерін ақтады. Тек қана бірер шығармасы арқылы ғана бізге жеткен де жазушылар бар. Бұлардың творчествосы саналы әдеби ізденістің жемісі болмаса да, әдеби процестің қажетті бұйымы екені даусыз. Сондықтан да топтастырып, типологиялық тұрғыда салыстыра қарастырғанда ғана проза дамуының белгілі заңдылығына жолығуға болады. Ал жеке қарастыру көп жағдайда зерттеушілерге ойдағыдай нәтиже бермейді. бұл шығармаларға жеткілікті көңіл бөлмеу қашан да сыңаржақтылыққа алып барады. Ал оларды байыпты зерттеу, объективті-аналитикалық әдістерге жол ашады. XX ғасыр басындағы әдебиет пен типологиялық салыстыруларға бару, кешенді құрылымдық талдаулар жасау әдебиетіміздің тарихын шынайы көрсетуге мүмкіндік береді. Қазақ прозасының барлық көріністерін, даму бағыттарын

¹ Айтматов Ч. Мир прежде всего// Правды,1982, 16 окт.

зерттеу, өзіне ғана тән ерекшеліктерін айқындау туған әдебиетіміздің өсіп, өркендеу кезеңдерінің түрлі сатыларын шынайы бейнелеу үшін қажет.

Бұл - профессионалдық қазақ прозасы туып қалыптасқан ортаның болмысына, табиғатына, дәстүріне үнілу деген сөз. Жалпы әдебиетіміздегі проза жанрының қалыптасу туралы зерттеулерде жанрға қатысты кейбір шығармалар ғана жан-жақты талданады. Ал толық талдаудың қажеттігі жоғарыда біз баяндаған жайлардан анық көрінеді.

Көпшілікке мәлім, көркем әдебиет дамуының өзіндік ерекшелігі бар. Әрбір көркемдік әдіс пен түр, бейнелеу тәсілдері өмірдің өз талабынан туындап, соған себепті қоғамдық сананың белгілі даму дәрежесіне сай келеді. Қоғамдық, экономикалық дамудың материалдық табыстары да өнер туындылары үшін жаңа мүмкіндіктер, жағдай жасайды. Мысалы, баспа мен баспасөздің дамуы, кино, теледидар т. б.

Кейбір жанрлар тек белгілі бір кезеңде ғана өз дамуына қажетті жағдайға ие болады. Мысалы, реалистік роман XIX ғасырдан бастап барлық Еуропа әдебиетінде жетекші рольге ие болып, сыншылар мен әдебиетшілердің, бүкіл қоғамның назарын өзіне аударды ². Сондықтан да белгілі ғалым Г. Н. Поспеловтың мына пікірлерінде, біздің ойымызша, үлкен негіз бар. "Бұл бағытта романды зерттеуші кейбір шетелдік ғалымдардың, ара-тұра орыс әдебиетшілерінің де теориялық тұрғыда мәнді деп ескермеген кейбір жайлары да әсер етеді. Түптеп келгенде оның жайы мынаған саяды: ғалымдар жанрды көркем әдебиет мазмұны дамуының бір үлгісі ретінде емес, оны сол мазмұнды жеткізу формасы ретінде ғана қарастырады"³

Қазақ әдебиетінің даму жолдарына жүйелі, жан-жақты, терең талдаулар жасай отырып проза жанрының XX ғасыр басында шындап орнығу себебін тек жалаң түрдің келуімен емес, соған сәйкес көркем мазмұнның да пайда болуымен түсіндіруіміз керек. Демек, тап осы кезеңде, қазақ халқының қоғамдық санасында жаңа қажеттіліктің, эстетикалық тілектің туғаны белгілі. Сондықтан да қазақ прозасының кейінгі қарышты қадамын, "салтанатты шеруін" бірыңғай көршілес елдер әдебиетінің әсерімен емес, әдебиеттің ішкі даму тенденциясындағы күштердің заңдылығымен түсіндіруге тиіспіз. Біздің бұл пікіріміз атақты орыс сыншысы В.Г. Белинскийдің мына сөздерін еске салады. "Бұл жерде шетелдік әдебиеттің де әсері болғаны шын, мұның өзі табиғи нәрсе, өйткені, адамзаттың сауатты бөлігінің өміріне қосыла бастаған халыққа, қандай да болмасын рухани дамудың жат болуы мүмкін емес. Қалай болғанда да, бұл мықты бір ықпалдың, адам беделінің нәтижесі емес, бірақ жалпы қажеттіліктің салдары" ⁴.

Мысалы, "Айқап" журналы бетінде жарық көрген прозалық шығармаларды топтастырып, салыстырып қарағанда мына жайларды байқауға болады. Журнал бетіндегі барлық шығармаларда авторлардың баяндау-диалог-баяндау арасындағы күрделі қатынасты меңгере алмағаны көрінеді. Сондықтан да көптеген авторлар қиындық келтірген жолды айналып өтуге тырысқан. Осыдан барып таза диалогқа, немесе, баяндауға

² Поспелов Г.Н. Проблемы исторического развития литературы.-Москва, 1972. -С.190

³ Сонда, -С.190

⁴ Белинский В.Г. Собр. Соч., т.1.-С141

құрылған әңгімелер көбейеді. Мысалы, таза баяндау үлгісінде жарияланғандар: "Бір қазақ қызы" (1911, № 7); "Бейшара қыз" (1912, № 11), "Ат үстінде көрген түс" (1912, № 12), "Болыс боламын" (1913, № 1), "Мейірімді төре" (1913, № 8), "Үш қатынмен тұрмыс" (1914, № 3) т. б.

Таза диалогқа құрылған әңгімелер: "Жұмбақ әңгіме" (1911, № 8), "Екі қыздың мұңы" (1911, № 12), "Болыс пен Шотай" (1912, № 8), "Қазақ пен Ноғай" (1913, № 6), "Қасқырбай ауылнаймен дос Александр сөзі" (1914, № 6) т. б.

Диалогқа құрылған шығармаларда автор идеясының үлесі өте зор. Олар белгілі ой, идеяны жеткізу үшін жасанды ситуациялар құрады. Бұл шығармалардың орыс әдебиетіндегі ағартушылық реализммен ұқсастығын байқау қиын емес⁵.

Ал баяндау үлгісіндегі әңгімелерде авторлар өте әсер еткен, естіген, көрген әңгімелерін баяндау арқылы ойға, идеяға барады. Көбіне әңгіме соңында: "осымыз дұрыс па?", "ойланбай-мыз ба?" - деген сұрақтар қояды

XX ғасырдың басындағы қазақ прозасының кемшіліктері де мол. Алайда оның өзі де жаңа жанрға барлау жасаудан бұзып-жаруға көшетін пәрменді талап-тілектен дүниеге келген көркем шығармаларға тән қасиет. Осы кезде-ақ көптеген жазушылар прозаға дайындық үстінде еді.

Октябрь алдындағы проза жанрының дамуы тосыннан сап ете түскен құбылыс емес. Оның Қазақстандағы экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысы, ауыз әдебиеті, халық прозасы туындыларымен етене жақындығы, әдеби дәстүрмен заңды жалғастығы бар.

Жаңа жанрдың қажеттігін өмірдің өзі-ақ талап етті. Қоғамдық санадағы алуан құбылыстарды бейнелеу үшін жаңа форма керек еді. Өмірдің өзі алға тартып отырған сұрақтарға жауап пен адамдар санасына әсер етудің жаңа формаларының қажеттігі XIX ғасырдың соңғы ширегінде-ақ белгілі бола бастады.

Мысалы, Ы.Алтынсарин новеллалары оқушыларға дидактикалық мәні оқу құралдарын, соларға арнап шағын әңгімелердің қажеттігінен туса,

Абайдың қара сөздері ақын көңілі мен жүрегінде, санасында жүйелене бастаған жаңа көркем мазмұнның көрінісі еді. Сол тәрізді "Түркістан уалаятының газеті", "Дала уалаятының газеті" беттеріндегі әңгімелер мен очерктер, суреттемелер құнарлы топырақта бұр жарып бой көтере бастаған көркем прозаның хабаршылары ғана болатын.

3.1.А.Жандыбаевтың "Жас ғұмырым яки жастықта ғафлат" - романы

"Жас ғұмырым яки жастықта ғафлат". 1907 жылы Қазанда басылып шыққан бұл еңбек - XX ғасыр басында жарық көрген белгілі шығармалардың бірі. Сондықтан да осы дәуір әдебиетін зерттеушілердің барлығы да оған белгілі дәрежеде тоқталып өтеді.

⁵ Реализм в русской литературе. В 3-х. т. Т.2, кн. .,-Москва,1973.-С.11.

"Жас ғұмырым яки жастықта ғафлат" - таза қазақ тілінде, біршама сауатты жазылған шығарма. Соған қарағанда осы кезең кітаптарындағы шұбарлықты, тыныс белгі, емле қателерін бірыңғай баспаларға жаба берген де дұрыс емес тәрізді. Сондықтан көптеген кітаптардағы қателердің автор қолжазбасымен тікелей қатысы барлығын да ескеруіміз керек. Ал Абай творчествосын жақсы білген, оның қарасөздерінің көшірмесін жазған А.Жандыбаевтың осы шығармасын таза қазақ тілінде, сауатты жазуы заңды да.

Кітап жазғандағы мақсатын автор шығармасының басында былай баяндайды: "...Жас уақытта өзімнің нешік тәрбие қылғанымды өзімізден үлкен ағаларға, кіші інілерге біліп тұрсын үшін өзім дағы бір азғана ойыма алған сөзімнен жазып бір кішкене кітап қылып шығардым". "...Өзімнің нәрсе көрмегендерімді, алтыннан қымбат жас шағымның оқымайынша босқа озғанын есіме түсіріп, көңілім бұзылып көзімнен жасым сорғалай, қолыма қаламымды ұстай өзімнен жас кіші інілерім келешекте жас шақтарын босқа оздырмасқа тырысуы үшін бес алты ауыз сөзді жаздым"⁶. Шығарма формасы мен оның бірінші жақтан баяндалуына жауап іздер болсақ, мұнда да өзімізге өте таныс Абай "Қара сөздерінің" әуені байқала-

Бұдан былай келтірілетін үзінділер түпнұсқаға сай, қаз қалпында алынады, редакция жасалынбайды, тиісті тыныс белгі, емле қателері түзетілмейді (-З.Б.)

Жоғарыдағы үзіндіні Абайдың бірінші сөзіндегі мына жолдармен салыстырып көрелік. "...Осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді бұдан басқа ешбір жұмысым жоқ"⁷.

Бұған қарағанда шығарма формасы да, идеясы да тікелей Абай

"Қарасөздерінің" әсерінен, болмаса соған сәйкес талап, тілек, қажетшіліктен туған болуы керек. А.Жандыбаев та өзі бастан кешкен уақиғалар мен одан туындайтын ойларын, өкінішін қаз-қалпында жазып шығуды мақсат тұтқан.

Шығарманың қай жанрға жататынын анықтау да біршама қиын.

Өйткені, бүгінгі оқушыға көзтаныс жанрлардың біріне даусыз тели қою жөнсіз. Оның үстіне, шығарманы әңгіме, роман, повесть деп жіктеу де жиі кездеседі.

Бұл - көлемді естелік тәрізді реалистік шығарманың алғашқы үлгілерінің бірі. Негізгі материалды өмірден, өзі бастан кешкен күндерден ала отырып, автор идеясын, ойларын жалаң баяндамай, белгілі дәрежеде көркем жеткізуге тырысады. Шығарманың бірінші жақтан баяндалуы да қазақ прозасындағы жаңалық екенін айта кеткен орынды. Форманың мазмұннан туындағаны бірден байқалады.

"Жас ғұмырым яки жастықта ғафлат" - автордың 20 жасқа дейінгі көрген-түйгендерін баяндайтын шығарма. Онда халық ортасындағы оқу

⁶ Жандыбаев А. Жас ғұмырым яки жастықта ғафлат. -Қазан, 1907.

⁷ Құнанбаев А. Шығармаларының 2 т. жинағы. -Алматы, 1977, 2-т., 128-б.

туралы түсінік пен қазақ балалары өтетін ауыл мектебінің көріністері, шәкірт, молда бейнелері бар. Шығарма соңында оқушысын оқу, білімге уағыздайтын публицистикалық мақала берілген. Онда автор заманның өзгергенін айта келе, "жастарды оқытайық" деген тәрізді ойларын ортаға салады.

Оқуды, өнерді насихаттау үшін ислам діні қағидаларын, құран, пайғамбар аттарын да пайдаланады. Мұндай әдіс, ағартушылық идея үшін дін қағидаларын да пайдалану, қай елдің болмасын әдебиетінің тарихында кездесетінін жоғарыда айттық. "...Енді бір құранның һәм Мұхаммет Ғали Исләмнің сөздеріне қарасақ ешбірісі де сендер толықсыған жас шақтарыңда мал бағып, оқымайынша босқа оздырыңыз дөп айтпаған... өнер білімге қарай тырысыңыз, ұмтылыңыз деген".

Қазақтың жер-суы тарылып, малының азаюы надандығынан дей келе, патша үкіметінің қазақ даласында жүргізіп отырған тонаушылық саясатына наразылық білдіреді. Сон-дықтан да "Жас ғұмырым яки жастықта ғафлат" патша үкіметінің цензурасы қауіпті деп тапқан кітаптар тізіміне іліккен ⁸.

Енді автор атынан баяндалатын өмірбаяндық шығарманың негізгі желісіне, көркемдік ерекшеліктеріне тоқталайық.

Автор атынан баяндалатын өмірбаяндық шығарманың негізгі - бас кейіпкер бастан кешетін уақиға. Әңгімеде қазақ балалары тәрбиеленетін орта мен ауыл мектептері реалистік сипатта баяндалады. Мысалы: кішкене інісінің тілін қызық көріп оған ағалары балағаттауды үйретеді. Оны үлкендерге қарсы айдап салып "қызыққа" батады. Баласы балағат сөздерді үйреніп кете ме деп анасы қорықса да, күні-түні қасында "диірменнің қалағы секілді айналу дан" басқаға шамасы келмейді. Өйткені, шешуші сөз - әкеде. Ол баласының тез есейіп, шаруаға, малға қарауын қалайды. Ал молдаға бергендегі мақсаты намаз үйрету ғана.

Шығармада бала оқытам деп жүрген молдалардың түрлі типтері бар. Автор олардың әрқайсысын өзіндік мінез-құлықтарымен даралай білген. Алуға әбден құныққан молданың бала-ларға "Әбжат" бастаған кездегі бейнесін былай суреттейді. "...Соңыра молдамыз терезеден қалам сауытын алып бір қағазды үшке бөліп бізге әбжат жазып берді және бірдемені үміт еткен кісі сықылданып жан-жағына қарайды" ⁹.

Екінші молда "...болғанша қатал бір қылықсыз адам еді. Мұнан да сол баяғы соры ашылмаған 29 әріптен бастадық.

Бұл молдадан "Әбжатқа" түсу қадетін де бітіре алмадық. Өзі болмақшы надан, қыстай бізді сабаймын деп оншақты сыпыртқы, саны жоқ талшыбық сақтады. Біздер де мұнан алғанымыз сол шыбыртқы мен тал шыбық санынан басқа ешбір пайда ете алмадық".

Үшінші молда тәуір адам болып, балаларға біршама қара танытады. Алайда, бала оқытудағы оның да мақсаты намаз үйрету ғана болып шығады. "Школға берсең балаң имансыз қалады" - деп оңсыз да үркіп отырған елдің жаңа оқуға, мектептерге деген көңілін суытады.

⁸ Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. - Алматы, 1971. 148-б.

⁹ Жандыбаев А. Жас ғұмырым яки жастықта ғафлат. - Қазан, 1907.

Автор кейіпкерінің көңіл күйін, қуанышы мен ренішін, ішкі жан дүниесін суреттеуге де біршама көңіл бөледі. Сегіз, тоғыз жасқа келген баланың оқуға баратын күнді тағатсыздана күтуін былай суреттейді:

"...үйге келіп бір бұрышта ойланып отыр едім, есіктен анам келіп кірді - шырағым, неге бұлай қайғырып отырсың әлде біреу саған ұрысты ма деп сұрады.

-Жоқ шеше пәленше маған оқу оқимыз деп айтты ол нендей нәрсе деп соны ойлап отырмын деп жауап бердім.

Ол әкесінің оқуға келесі қыста барасың дегенін естіп сол қысты күтеді. Оқуға да барады. Әсіресе, "Әбжатқа" түсесіндер дегенді естіп қатты қуанады. Сол күні барлық балалардан ерте келеді. Оның оқуға деген алып ұшқан көңілі, ынтасы екінші молда тұсында барып тоқырауға ұшырайды.

"...Ақырында молданың алдына барып отырудан каша бастадық. Бір күні өтірік ауырып қалып, бір күні бірнеше бала қораның түкпіріне жиналып яки асық ойнап, ие болмаса басқа ойын ойнап қашып қалатынды шығардық. Осылай етіп бұл қыс та өтті. Екінші қыс та жетті. Маған да он екі жас толды. Бұл молдамыз кетіп оның орнына жаңадан және бір молда ұстадық. Бұл молда да былтырғы молда сықылды қатал болса мұнан қайтіп оқимын - деп, оқығым келмей оңаша-оңашада жылап та алатын едім".

Оқуға құмар баланың көңілі түсініксіз, жүйесіз оқудан осылай қалады. Үшінші молдадан әжептәуір қара таныған баланың шаруа бақ деген әке сөзіне көп қарсылықсыз көнуіне әлгі молдалар оқуының әсері тигені даусыз. Өйткені, оның өткені әлгі, алдында тұрған оқу, "молдалар" туралы түсінігі - бұлыңғыр.

"Жас ғұмырым яки жастықта ғафлатта" мал арқасында тақ-тұқ күнелтіп отырған қазақ ауылдары тірлігінің көріністері бар. Мысалы, алты ай қыстауда қысылып шыққан қазақ ауылдарының жайлауға көшкен сәттегі қуанышы мен қайта көшкен тұстағы ықылассыздығы, адамдардың көңіл күйлері тәп-тәуір суреттеледі. Шығармада біраз орын алатын табиғат көріністері жалаң түрінде алынбай, автор идеясына қатысты белгілі бір ой арқалайды.

"...Осылай етіп бұл қыс та өтті. Жазғытұрым уақыт та жетті. Қарлар еріп әр жерде төмпешік бастары қарайып көріне бастады. Бір күні өзіміздің малдарға қарап тұрсам, күзді күні майдан жүре алмай жүргендері арықтап, менің екінші қысты күтіп қашан оқу оқи бастаймын деп жүргенім секілді, бұлар да маған қара жерді қашан көреміз деп күтіп тұрған секілді көрінді...

Жаз да жетті қарлар еріп біте, жерге көгеріп шөп шыға бастады. Былтырғы тоғайға көшкен (қыстау.- 3. Б.) уақыттағы артына айналып қарай алмайтұғын қып-қызыл семіз кісілер әр қайсы түстері бозарып буындары сыртылдап қыстай зынданда жатқан кісілер сықылды асығып, түйелеріне киіз үйлерін артып, кешкі жұлдыздың аққаны сықылды бірінің артынан бірі шұбырып жайлауға көше бастады"

"...Жазғытұры жайлауға көшкенде қуана-қуана көшсе де қазір ботасы өлген інген сықылды біздің қыстайғы отырған зынданымыз ғой деп

қайғырысып борандағы лағып кеткен сиыр секілді бір күні біреуі, екінші күні біреуі қабақтарын шытып жайлап тоғайға көше бастады".

Шығармада оқырманды сол кездегі қазақ қоғамының тіршілігі, өмірі туралы ойларға шақыратын жолдар да кездеседі.

"...Маған жиырма жас толды. Сол жиырма жыл ішінде бағып жүрген малымыздан, ішкен-жеген асымыздан, киген киімімізден, мінген атымыздан, қысты күні аппақ ақ қар мен жаздың күні жасыл шөппен жабылған қара жерден басқа не көрдім, не көрмекпін". "...Қазір сондай заман да келді әр кім оқуға қарай ұмтылып, шөлдеген торғай сықылды, сонан бір тамар ма деп аузын соған қарай ашып жүретін уақыт жетті".

А.Жандыбаев қиын жағдайда жан-жақты қанауға ұшырап, шұрайлы жер, ата қонысынан ығыса бастағай қазақ халқына теңдік әперер, тұрмысын жеделдетер үлкен күш, фактор ретінде оқу, білімді ұсынатыны айқын көрінеді. Бұл оқу-ағарту мен адамгершілік тәрбие арқылы жалпы адамзатқа бақытты қоғам орнатуға болады деген ағартушылық пікірмен жалғасады.

А.Жандыбаев қазақ даласының ілгері дамуына үлкен кесел болып отырған надандықты, оны қызғыштай қорушы надан молдаларды сынға алады. Олардың реалистік образын жасайды. Заманның жаңалығын айта келе оқудың аса қажеттігін дәлелдейді, патша үкіметінің қазақ даласында ұстап отырған саясатын: халықты ата-қонысы мен шұрайлы жерлердеи айыруды сынайды, ел билеп отырған әкім-ұлықтардың халықты аяусыз қанауына наразылық білдіреді.

Столыпин реакциясының алапат өрті қазақ даласында шалқыған шағында, бостандық, теңдік, ағартушылық туралы пікір атаулының бәрі қуғынға ұшыраған тұста осындай кітап шығарудың өзі үлкен жеңіспен парапар. Оқырмандарына халықтың ауыр халын көрсетуге тырысуы - автордың үлкен табысы. Алайда шыққан ортасы мен білімінің шектеулігі авторға халық өмірінің тереңінде жатқан мәнді себептерді байқатпады.

Сол топырақта бас көтере бастаған жаңа күштерді болжауға, өмірдегі негізгі қайшылықтарды ажыратуға шама-шарқы жеткен жүок, -деп жазды бұл шығарманы зерттеушілер. Мұндай пікірлердің кеңес идеологиясы кезінде ащы шындықтарды әшкерелей бастаған барша шығармаларға айтылған ресми идеология құптаған пікірлермен жалғастығы мәлім.

А.Жандыбаевтың бұл естелік-романы қазақ прозасы дамуының кезекті сатысында біршама шеберлікпен жазылған шығарма екенін ерекше атай кетуіміз керек. Оның әдеби үдеріске қосқан үлесі де, жаңалығы да болды. Оқырманға айтайын деген ойын жалаң баяндамай, суреттеп, әсерлі жеткізуге тырысуы үлкен табыс ретінде бағалануға тиіс. Әрі шығармасының жанрын роман деп көрсетуінің өзі қаламгердің күрлелі жанр туралы хабарының барлығын байқатып қана қоймайды, оны әдебиетмізге қосуының өзі ойландыруға тиіс.Тіпті, табиғат көріністерінің өзін де авторлық идеямен астастырып белгілі дәрежеде ой жүктейді. Ара-тұра болса да кездесетін бас кейіпкердің жан-дүниесіндегі өзгерістерді де шебер жеткізеді.

Шығарма өн бойындағы осындай ұтымды детальдар, эпизодтар, кейіпкер психологиясының бейнеленуі өзара келісім, жүйе тауып жалғаса алмай бөлек

қалуы күрделі жанрдың табиғаты білмеуден ғана емес, тәжірибенің жоқтығынан деуге де болады.

Автордың дәстүрлі баяндаудың көне соқпағынан онша ұзап кете алмағаны да көрініп тұр. Мысалы, оқу дегенді естіп үйдің бұрышында ойланып отырған бала мен "Әбжатқа" көшкен шәкірттен әлдене дәметіп отырған молда бейнелерін біршама сәтті сомдалып шыққан.

Оқиғаны бірінші жақтан баяндау арқыл шығармаға кейіпкер ойлары мен психологиясын енгізуге жағдай жасаған. Осының бәрін автор шығарма мақсатын өзінің ойына, идеясына бағындырып, оқушысына әсер ету үшін, ой салу, ғибат айту үшін жазды деп қорытынды жасауға болады. Бұл - сол кездің шығармаларына, әсіресе, прозасына тән ерекше қасиеттердің бірі.

3.2. Қарим Палуан (Кәрім Машин) "Садық әпенді" повесі

"Садық әпенді" 1911 жылы Санкт-Петербургте Ибрагимовтар типографиясында жарық көрген. Кітапша сыртында авторы Қарим Палуан деп көрсетілген. Ал революцияға дейінгі қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптардың аннотацияланған библиографиялық көрсеткішінде шығарма авторы К.Машин. "Садық әпенді" көтеретін тақырыбы мен қозғайтын мәселесіне орай А.Жандыбаевтың "Жас ғұмырым яки жастықта ғафлатымен" үндеседі. Көлемі де сол шамада, шығарманың жазылу уақыты мен әңгіме уақиғасы өтетін орта да ұқсас.

Алайда, екі шығарманың бір-бірінен үлкен айырмашылығы бар. "Садық әпендіде" татар сөздерін былай қойғанда "кітаби тіл" элементтері де баршылық. Көркемдігі де төмендеу.

Жандыбаев шығармасы шындығымен, азтор сезімінің шынайылығымен тартса, "Садық әпендіде" оқиғаның баяндалуында қаламгердің қатысы, ой-сезімдері байқалмайды. "Садық әпендіде" уақиға тым салқын баяндалады. Әрі қаламгердің қазақ ауылының тұрмысын жақсы білмейтіні, үстірт жазғаны сезіледі. Екі шығармадағы көркемдік де шешім де өзге.

Жандыбаев шығармасындағы негізгі кейіпкер оқуға қаншама талапты болса да, әке сөзінен ұзай алмаса, "Садық әпендідегі" негізгі кейіпкер өз мақсаты үшін күресіп, жеңіске жетеді.

Шығарманың негізгі кейіпкері - Садық, бір кезде би, болыс болған Терекбай баласы. Оны автор оқушысына былай таныстырады: "...Қасы көзі ашық көңілі саф. Ыстық дәтті, қабілетті бір жігіт еді".

Уақиға басталғанда оның жасы жиырмалар шамасында болу керек, өйткені әңгіменің бесінші бетінде сен оқуға кетсең жалғыз баладан айрыламыз ғой дейтін шешесіне былай дейді: "...Садық: Енді жиырмаға келгенде жалғыз жүре алмаймын, қырық, елуге келгенде жүремін бе?". Қалай болғанда да, Қарим Палуанның кейіпкері әбден кемелденген шағында оқу іздеуге талап білдіреді. Оның ойлары мен әракеттері тек осы шамадағылардың ғана қолынан келетін іс. Қазақ жастарының біраз ересек тартқан шақта оқуға, білімге ұмтылуы, сол кезде жиі кездесетін жәй.

Сондықтан да көптеген шығармалардың кейіпкерлері есейген шағында оқу іздейді. Мысалы "Айқапта" жарық көрген "Боз балаларымыздың түрі" аталатын әңгімедегі Құрмаш та той-томалақ қуып жүрген ересек жігіт.

Сонымен, Садық өз мақсаты үшін күреске шығады. Оның ойы үлкен қалалардағы медреселерден тәрбие алу. Өйткені, өскен ортасындағы оқу жайы оған жақсы белгілі. Бірақ қожа-молдадан оқымаймын деп әке алдында дауласса да жана оқу туралы аузын аштырмаған үлкендерге үзілді-кесілді қарсылық көрсете алмайды.

Қолынан келетіні оқуға қашып кету ғана. Осы оймен Садық көрші ауылдағы Балтабай мұғалімді іздеп барады. Жағдайын айтып, көмек сұрайды. Екеуінің арасындағы диалогтарда қазақ жастары арасындағы оқу туралы кейбір пікірлер көрінеді. Троицкіде екі-үш ай оқып, молда болдым, - деп халықты алдайтын алаяқтар сыналады. Ол Садыққа көмектеспек болады.

Шығармада өзінше шарифат қағидаларынан сөз қозғап, білгіштік танытпақ болған Балтабек қожаның Садықтан жеңіліс табуы юмормен суреттелген.

Садықтың сөздеріне жөнді жауап таба алмай жанжалға көшкен қожаны жігіттер үйден балаша көтеріп шығарып жібереді.

Бұл - әңгімедегі сәтті эпизодтардың бірі.

Садықтың бұлтартпас жауаптарынан жеңіліс тапқан қожа әрекеті шығармада былай суреттеледі ¹⁰:

" - һәу, һу, һәң, һәң, Ақ қожа бабам-ай, деп үйдің ішінде бір нағыз жанжал шығарды... Егер ертеңге шейін атам аруағы ұрмаса мен ит боламын... Үрем деп жөніне кетті".

"Садық әпенді" негізінен өзара байланысты үш уақиғадан тұрады: Садықтың әкесімен болашағы туралы әңгімесі; Балтабай мұғаліммен кеңес және үйдегі дау; басқа эпизодтар.

Балтабай мұғалімнің, қызмет жайын баяндау, күлкі қуып, қымыз бен ет аңдушы қалжыңбас жігіттер ортасы т. б. Қажетті көркемдік шешім, үйлесім тапқанда, бұл уақиғалар кейіпкерлер өмір сүретін ортанын суретін толықтыра түсер еді. Шеберлігінің шектеулігінен автор тиісті көркемдік шешім таба алмаған. Табиғат көріністерін суреттеуде, кейіпкерлерді таныстыруда Карим Палуан біршама еркіндік танытқанмен, баяндаулардан диалогқа өтетін тұстарда көп қиналады. Тіпті шығармадағы диалогтарды түсініп оқу да қиын.

Әңгімеде автордың дәйектемелері, қыстырма сөздері, ескертулері де кездеседі. "...Көрейік не шығар, аяғы неге соғар екен. Ұл ма қыз ба?", "Қисыны болса болсын тек қайырлы болсын", "Үйдің ішіндегі адамдардан бізге керектісі мұғалім Балтабай мен Садық еді", "Қазақ рәсімімен қымыз ішіп отырып сөйлеседі", "...Көрейік біздің қазақтың жақсыларының аузынан қандай жақсы сөз шығар екен", "...Байжұман әпендінің құлағына құпиялап бір нәрсе айтпақ еді. Не айтқаны бізге мағұлым емес", т. б.

¹⁰ Карим Палуан. Садық әпенді, -Санкт-Петербург: "Ибаргимовтар"-баспасы, 1911

Сол кездегі проза дәстүріне орай автордың ағартушылық ойлары Балтабай мен Садық арасындағы диалогтарда, солардың атынан айтылады. Бұл сөздер кейде бетке жуық көлемде беріледі. Мысалы, Балтабай мұғалімнің қазақ ортасындағы оқу жайы мен өнер туралы, Садықтың әкесімен дау үстіндегі сөздері де осы шамада.

Автордың Балтабай мұғалім сөзінде діни лексика мен ноғай, татар тілі элементтерін әдейі мол қолдану арқылы оның көп оқыған білімділігін баса көрсетпек болғаны байқалады. Характер жасауда шебер жазушыға өлшеусіз көмектесетін әдеби әдіс көркем әңгіменің өзге элементтері келісім тауып жатпағандықтан, әрі түсініксіздеу болғандықтан, осы шығарманың міні тәрізді әсер қалдырады.

Сонымен қорыта айтқанда, Карим Палуанның "Садық әпенді" аталатын бұл шығармасы - сол кездегі қазақ арасындағы оқу, өнер, білім қуушы жастар мен жаңалықты қабылдағысы келмейтін адамдардың, молдалардың арасындағы тартысты суреттейтін шығарма.

Қаламгер шығарма негізіндегі уақиғаларға қазақ қоғамдық санасындағы басты оқиғалар мен айтыс-тартыстардың басын біріктіріп, айтпақ болған негігі идеясына оқырман назарын аудара алатын шығама жазуды мақсат қылған. Негізгі назары жастарды оқу жолындағы күреске үндеу.

Түрлі көзқарастағы адамдардың, молдалардың арасындағы заманауи идеялық қайшылықтарды, соған қатысты тартысты суреттейді.

3.3. Ержанов Байбатыр. "Оқуға махаббат" повесі

XX ғасыр басында жастарды мәдениетке шақырып, оқуға үндейтін шығармалар біршама. Біз олардың арасынан тек біреуіне ғана (көлемдісіне) талдау жасауды жөн көрдік.

Проза жанрына ат салысқан адамдардың бірі - Байбатыр Ержанов. Оның "Оқуға махаббат" повесі 1910 жылы сентябрь айында жазылғанмен Қазан қаласында 1912 жылы ғана кітап түрінде басылып шыққан.

Бұл - әдебиетіміздегі көркем прозаға кезекті талпыныстардың бірін көрсететін, кезеңдік шығарма.

Осы дәуір әдебиетін зерттеушілердің бірі Ә.Дербісәлин ол туралы былай жазады: "...Б.Ержановтың "Оқуға махаббат" атты шығармасы көркемдігі жағынан көп жетіспеушілігі мен кемшілігіне қарамастан, жастарды тікелей өнерге, білімге шақыруда алғашқы сюжетті үлкен тәжірибелердің бірі болды... Б.Ержанов тәрізді орташа ғана ақындық таланты бар, өз кезінің көптеген мәселелерін дұрыс түсіне алмаған ақын үшін бұл үлкен үлес еді" ¹¹.

Осыған дейінгі қарастырылған А.Жандыбаев пен Кәрім Палуанның шығармаларында уақиғаны жай баяндау мен ғибраттық, үгіттік сипат басым болса, "Оқуға махаббатта" автор басты идеясы мен ойын шамасына қарай образдар арқылы бейнеләуге күш салады.

¹¹ Дербісәлин Ә.Қазақтың октябрь алдындағы демокраияшыл әдебиеті .- Алматы, 1966. 88-б.

"Оқуға махаббат" алғашқы екі шығармаға қарағанда көлемді. Құрылысы да біршама күрделі. Сондықтан да "көлемі мен сюжеттік ерекшеліктеріне қарағанда оны кішігірім повесть десе де болғандай" ¹² (12) деген пікірге толық қосылуға болады.

Повесте Елеусіз бен әкесі Бөкейдің, оған үнемі көмектесуші Бақытжан мұғалімнің және оларды әр кез оқуға шығарып салушы орыс шаруасының бейнелері жасалған. Мұнда да ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасына тән ерекшеліктер бірден байқалады. Мысалы: повестің қазақ жастарын оқуға шақыратын публицистикалық мақаламен басталуы; ұзақтау диалогтарды ара-тұра өлеңімен алмастыру; уақиғаның баяндалу әуеніндегі ауызша әңгімешінің стилі т. б.

"Бұл Елеусіздің әкесі Бөкей Шарман ауылында Қарабай есімді кісінің баласы болып, ешбір оқу оқымаған надан бір жуас қана бай кісі еді. Бірақ өзі дәрежелі бай кісінің біріне қосылып жүрсе де қатыны Күмістен әлденеше Ғабдолрахман, Қасым, Ғали деген балалар туып еді, туса да өліп қала беріп, ғұмырында Бөкей бір баланы жөнділікпен маңдайынан сипап, бетінен сүйген жоқ еді. Күміс құдай оңдап зарығып жүргенде бір ер баланы дүниеге келтірді. Бөкей қуанып сүйінші сұрай келген кісіні бос жібермей сүйіншісін беріп көңілін риза қылып жіберді". Үзіндідегі ертегі, хикая стилі оқушыларға жақсы таныс. Және повестегі әр уақиға, эпизод аяқталғанда "енді келесі әңгімені Бөкейден естисіңдер", "...Енді құрметті Елеусіз баладан әңгіме тыңдаңыздар", "...енді әкесі Бөкейден сөз қозғайық" деген жолдар да қазақтың ауыз әдебиетіндегі ертегі, аңыз, хикая, эпостық жырларда кездесетін көркемдік.

Шығармада автор идеясына қатысты ой арқалаған екі кейіпкер бар. Біріншісі - Бөкей де, екіншісі - Елеусіз.

Б.Ержановтың идеясы, ағартушылық ойлары Елеусіз бейнесі арқылы берілетіндіктен бе, оның сөздері тым ресми. Мәселен, ауылдан ақша мен хат келгендегі эпизодты алайық. "Кәне молдеке! маған берші оқиын?" - деп молданың қолынан хатты алып басынан аяғына шейінгісін аударып оқып тастап, сабақ оқуға ыждаһат ете бастады".

Оның іс-әрекеті, ойы тым жалаң суреттеледі. Мұны кейіпкер психологиясын бейнелеу тәжірибесінің мүлде жоқтығынан деуге келіңкіремейді. Өйткені, Бөкей бейнесі басқа әдіспен жасалғандай. Баласы оқуға қашып кеткеннен кейінгі оның көңіл-күйіндегі өзгерістерді, толқуын автор баяндаумен ғана емес, қимыл-әрекеті, жүріс-тұрысы арқылы да сездіріп, сипаттап отырады.

"Оқуға махаббат" - надандық пен оқуға ұмтылушы күштер арасындағы қақтығысты әке мен бала арасындағы конфликт тәрізді баяндайтын повесть. Көптеген кемшіліктеріне қарамастан, міндетін, жаңа күштердің салтанат құруын көрсетуді ойдағыдай орындап та шыққан.

Бөкейдің жалғыз баланы алысқа оқуға жібермеуі үлкен қаладан қорқу емес. Ол - өзіне әбден таныс ескі салтты, ескі оқуды, әдетті мойындамайтын, тіпті соның бәрін батыл бұза бастаған жаңалыққа қарсылықтан туған әрекет.

¹² Сонда. 86-87 бб

Сондықтан да Бөкей баласы Елеусізді жаңаша емес, өзінше тәрбиелемек. Бірақ, табиғатынан қабілетті, елгезек бала жаңа оқу мен ескінің арасындағы айырманы сезеді. Өйткені, оған екі жылда қара танытқан ауыл молдасының шамасы белгілі. Одан әрі баруға ауыл молдасының өресі жетпейді. Ал оқу мен білімге баланың құмарлығы ерекше. Осындай әрі-сәрі тұста Елеусіз көрші ауылдың балаларына сөзден ұтылады. Ұтылғанда да сөз қадірін ұққандықтан ұтылады. Бала алғаш рет үлкен ойға қалады. Оқудың керектігін сезеді. Сөйтіп, әкесінен өзін оқуға беруді сұрайды. Бірақ оның оқуының түрі белгілі. Сөйтіп, оқу туралы ойларының орындалмасын білген соң, тосын шешімге келеді. Көрші ауыл балаларын төте оқумен оқытып жатқан молдаға келіп, онымен кеңесе келе,

Орынбордағы медреселердің біріне қашып кетуге бел байлады.

Елеусіз Орынбор медреселеріне бір емес, екі рет қашып барып оқиды.

Ақырында өзінің табандылығының арқасында мақсатына жетіп, "указной молда" атанады.

Бірақ, автордың соңғы шешімі болмаса, шығарма жүйесінде, мақсат жолында табандылықпен күресіп, ақыры тілегіне жеткен жастар әрекетін мадақтау идеясы бар.

"Оқуға махаббатта" шаруадан басқаға онша құлқы жоқ, оқу, дін мәселелерінен хабарсыз Бөкей бейнесі кәдімгідей тәуір жасалған. Повеске біршама өң беріп тұрған да сол. Бөкей басшылыққа алатын қағидалар оның көргені мен түйгенінен, өз тәжірибесінен қалыптасады. Ал шамасы жетпейтіндеріне ауыл ақсақалдарымен кеңеседі. Бөкей онша діншіл де емес. Зарығып тәңіріден тілеп алған жалғыз баласының атын да молданың айтқанына құлақ аспай, көзден, тіл-сұқтан алыс болсын деп Елеусіз қояды. Ол Елеусізді жалғыз бала, тұқымның жалғасы деп отырған жоқ. Елеусіз ол үшін жұбаныш, қуаныш қана емес, ол - қолқанат, көмекші де. Оқуға да, ауыл ақсақалдарының айтуымен амалсыздан, әрең береді.

Баласы қоймағаннан кейін ауылға жаңа молда ұстамақ болып ауыл ақсақалдарымен ақылдасқан Бөкей өзінше бір әрекет жасайды. Мұғалім іздеп көрші ауылға барып, онымен тілдеседі. Бұл - повесте қызықты баяндалатын эпизодтардың бірі, Бөкейдің образын да аша түседі.

Бөкейді өзі іздеп барған мұғалімдердің шалқасынан түсіп, кітап оқып жатуы қатты шошындырады. Оның ойында - мұғалім, молда ескі салттан аттап шықпайтын адам болуы керек. Ал мыналардың шалқасынан кітап оқып жатқаны күтпеген уақиға. Ұтымды деталь! Молда бала оқытқаны үшін бірден 60 сом ақша сұрайды. 60 сом! Бөкей тәрізді ауқатты адам үшін бұл онша көп ақша болмаса да, шаруаға мықты адам үшін далада жатқан ақша жоқ. Сондықтан да өзі мәніне жете бермейтін оқу үшін сонша ақшаны неге шығарсын. Сөйтіп, "үлкенді онша сыйламайтын, әрі қымбат сұрайтын" молдалармен келісе алмай, ашуланып аулына қайтады. "Тәйірі-ай, соларды молда деп, мақтап жіберген Нұрқайды да тәңірі алмайды-ау" - деп кейіді. Мұндай "орыс" молдалардан балам оқығанша, оқымай-ақ қойсын деген шешімге келеді. Сөйтіп, оқуға біржола көңілі құлаған баласының үлкен қалаға қашып кетуіне өзі тікелей себепкер болады.

Арада біраз уақыт өткен соң баласы сап-сау, аулына, демалысқа оралады. Оның аман-саулығын көріп енді жағдайға Бөкей көнген тәрізді. Алайда, Елеусіз оқуға қайта жүретін кезде әке мен бала арасындағы қайшылық тағы күшейеді. Бақытжан молда туралы ел ішіндегі түрлі әңгімелерді естіп, сөзге мән бергіш Бөкей қайта бұзылады. "...Әні айттым ғой осы молданың бір сұмдығы бар деймін, әйтеуір осы бір ұсуыл-жәдитті оқыған кісінің бір мүлтігі болмай қалмайды. Әлгі ұсуыл-жәдит, ұсуыл-жәдит деп қақсап жүргенім осы ғой. Елеусізді берейін десем де кәпірден оқып азғынды болып кетер деп қорқып бермей жүрмін", - дейді. Елеусіз әкесіне өзін оқуға жіберуді өтініп, оқу-білімнің пайдасын түсіндіріп өлең шығарғанда ол тіпті ашуланады.

Елеусіздің шаруаға емес, өлеңге әуестігі, тіпті өзіне де өлең арнауы "оқуға жібермеймін" деген Бөкей шешімін қайта қатайта түседі. Оның сөздеріне құлақ асудан гөрі баласының тілі шыға бастағанына, әкесіне, үлкен кісіге ақыл үйреткеніне, қарсы сөйлегеніне ыза болады. Оның түсінігінше үлкен адам шешіміне қарсы сөйлеу - бұзылу. Сөйтіп, Елеусіздің қашып кетуіне тағы да өзі себепкер болады. Елеусіз әкесінің қарсылығына қарамастан, табандылығының арқасында оқуын. Жалғастырып Орынбор медресесінде 7-8 жыл оқиды.

Повестегі уақиғаларға үнемі араласып отыратын Бақытжан мұғалім мен оларға көмектесуші орыс шаруасының бейнелері біршама тәуір жасалған. Бақытжан - Орынбор медресесінің шәкірті. Оқудан бос, жаз айларында елге, шығып бала оқытуына қарағанда етінің тірлігімен күнелтіп жүрген жастардың бірі. Сондықтан да Елеусіздің оқуға ықыласын бірден байқап, оны жақсы түсінеді. Қолынан келгенше көмек көрсетуге уәде етеді. Алғашында оны ертіп барып Орынбор медресесіне орналастырса, кейін әкесі жібермей жатқан кезде де хат жазып, бала жіберіп тағы алып кетеді.

Ол балаларды жаңа әдіспен, ұсуыл-жәдитпен оқытып жатқан жаңа "молдалардың" бірі. Сондықтан да оның оқуы да, өзі де Бөкей тәрізділерге ұнамайды: "Тыныштығын ойлап тапа-тал түсте тұра бастады. Іһәм өзі кітап-мітап жазған болып, күні бойы қолынан қаламы түспей, алдынан қара сия кетпей тұқырып алып жазады да отырады" ,- деп ренжиді.. Повесте ұсуыл-жәдитке елдің екі түрлі пікірі айтылады. Бірі - Бөкей тәрізділер шошынса, екіншілері пайдасын ұғып келеді. Елдің ескі оқудан гөрі жаңа оқуға, өнер-білімге мойын бұра бастағаны көрінеді.

Енді Б.Ержановтың "Оқуға махаббат" повесіндегі жаңа жанрдың табиғатын түсінбеуден, тәжірибе, шеберліктің жетіспеуінен туындаған кейбір ірі ақауларға тоқтала кетейік.

Автор шығарма уақиғасын 11 тарауға бөліп баяндайды. Бұл тараулардың көркемдігі де, көлемі де әр түрлі. Кей тарауларда уақиға жан-жақты, көркем баяндалса (4-7-тараулар), кей тарауларда қысқа қайырылады. Олар негізінен повестің соңына таман келеді. Әсіресе, қиындыққа кездескен, жөнді көркемдік шешім таба алмаған бөлімдерді автор тым келте қайырады. Айтайын деген ойы мен уақиғаны жай ғана хабарлап өте шығады (мысалы: 8-10, 11-тараулар). Автордың уақиғаларды қысқа-қысқа тарауларға

бөліп баяндауында белгілі бір көркемдік ұстаным жоқ. Соған қарағанда бұл бөлімдердің қаншалықты қажеттігі мен оның көркем шығармадағы ролін жете сезінбеген секілді. Мысалы, жетінші тарауды автор алтыншы тарау тым ұзақ болып кеткен соң бөле салған. Екі тарауда да баяндалатын уақиға біреу. Елеусізден хабар алып келген орыс шаруасымен әңгіме, Елеусіздің хаттары. Осы уақиғаларды ортасынан қақ жарып екі тарауға бөле салған. Мысалы, алтыншы тараудың соңы "...Солардың (Елеусіз, Бақытжан.- 3. Б.) хаттары бойынша келдім! - деп қалтасынан бір конверттеулі қағазды алып "міне сізге жіберілген хат",- деп сөйлеп тұрған Құрмашқа берді" деп аяқталса, ал жетінші тарау: "Сол арада ауылдың 50 шақты кісілері де жиналып қалған екен. Со кісілер бұл орыс не жұмыспен келген екен? - деп Құрмаштың соңынан қалмай сұрай бастады

Сұраған соң Құрмаш орыстың айтқанын бастан-аяқ айтты"

Ал кейінгі тараулардағы уақиғаларды шығарманың соңы мен басты ой, идеялар оқырмандарға белгілі бола бастаған соң келте қайтарады (8, 10, 11-тараулар).

Повесті жазу үстінде авторға әрі түрлі қиындықтардың кездескені сезіледі. Әсіресе, шығарманы тарауларға бөлу үстінде композицияға қатысты қиындықтарға жолыққан. Кейбір тараулардағы уақиға, жоғарыда айтқанымыздай, жан-жақты суреттеліп тым ұзарып кеткен соң амалсыздан екі тарауға бөлсе, келесі тараудағы уақиғаны тарата суреттеп жаза алмай қиналады. Шығармаға негіз болған уақиғаларды басты идеяға байланысты тарауларға бөле баяндаудың қиындығы, көркем композицияның әдіс-тәсілдерін пайдалана алмау ХХ ғасыр басындағы барлық шығармаларда кездеседі.

Повестегі ертегілік стильде басталған баяндау бірітіндеп автор идеясының ыңғайына көркем прозаның, публицистиканың сарынына ауысады (4-7-тараулар осындай). Кездесетін өлең жолдарын да қаламгердің шығарма мазмұнына, авторлық идеяға орай пайдалануы түрлі деңгейде. Оларды ретін тауып, шығарма композициясына жымдастыруға тырысқанның өзінде де олардың өзгелігі өлең болғандықтан ғана емес, өздеріне жүктелген міндетке орай да көрініп тұр. Оқырманды оқу-өнерге шақыратын таза үгіт-насихаттық мақсатта қолданылатын өлеңдер біраз кездеседі. Елеусіздің балалармен, әкесімен арасындағы айтыстарда авторлық идея, ойлар осындай өлеңдермен беріледі.

Повесте автордың ой-идеясын тура айтуден, уақиғаларды жалаң түрде баяндаудан саналы түрде қашқаны, көркем бейнелеу арқылы жеткізбек болғаны сезіледі. Алайда, ағартушылық ойларын айтуға келгенде жарасты түр таппағандықтан амалсыз өлеңге ауысады.

"Оқуға махаббатта" драматургияда көп қолданылатын авторлық қыстырмалар (ремаркалар) бар. ("Қайдан білейін кімнің дін жағына дегенде адымын кейін салып надандық дүниесіне батып жүргенін") т. б. Негізгі уақиғаға қатысы бар осы қыстырмалардағы кейіпкер мінез-құлқына немесе ой, сезімін, психологиясын байланысты сәттерді сезіне тұра оларды суреттеу не баяндауға көшіре алмау қаламгер кездескен қиындықтардың аз

болмағанын хабарлайды. Б.Ержановтың диалогтарды жеткізу шеберлігіне көз жеткізу үшін төмендегі үзінді жетікілікті деген ойдамыз.

"Елеусіз. "Ана шәкірт баланың осындай әсерлі жауаптарына түсініп жарайды, құрбым бұл сөзің білген кісіге табылмайтын сөз, надан аты надан, ғылым аты ғылым" деп оқуға шын көңілімен махаббат етіп, балалармен ойнап жүрген ойынын да ұмытып үйіне келіп: қабағын түйген болып төрге шығып отырды. Әкесі де үйде отыр екен, әкесіне қарап, "мына мен 14 жасқа келдім. Бірде анықтап оқу мен жазу білмеймін. Мені мына Боқтыбай ауылындағы молдаға сабақ оқуға апарып берші" - деп жалынды.

Әкесі: "Тоқта қарашығым! Сабақ оқитын болсаң, бір молда ұстаймын!" - деп бетінен сүйіп қойды.

Елеусіз: "Ендеше мені оқытатын болсаң нағашыма амандасып келейін", деп қуанып жаңа үйретіп жүрген тайымен жеті шақырым жердегі нағашысының ауылы Қараменділерге кетті".

Мұндағы диалогтар драмалық шығармалардағы кейіпкер сөзі тәрізді келтіріледі де, төл сөз ретінде тікелей тырнақшаға алынады. Қаламгер сол дәуірде ретіне орай жиі қолданыла бастаған кейіпкер сөздерін жаңа жолдан сызықша арқылы оқшаулап беру тәжірибесін ескермеген.

Повесте ауыл, табиғат көріністерінің дара суреттері жоқ. Шығарманың басынан аяғына дейін негізгі ойды білдіретін уақиғалар ғана баяндалады. Осы әдіс - ойды белгілі бір уақиғалар арқылы беруге талпыну ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасында көп кездеседі. Алайда оны шеберлікпен пайдалана алғандар саны көл бола қойған жоқ.

Қорыта айтқанда, "Оқуға махаббат" повесі - көрсетілген кемшіліктеріне қарамастан, қазақ прозасының тарихында өзіндік орны бар шығармалардың бірі.

3. 4. Кәшімов Мұхамет-Сәлім "Мұңлы Мариям"

"Мұңлы Мариям" повесі - әйел теңдігі тақырыбына жаңа қырынан келген, сондықтан да ерекшелігі мол шығарма. Алайда кезінде көпшілік көңілін аудармауы, рецензия, сын назарына ілінбеуі роман көркемдігінің оқырман көңілінен шықпағандығынан болса керек. Өйткені осы уақыттарда қазақ баспасөзінде роман жанрының қажеттігі, оның тәрбие ісі мен ағартушылық идеяларды жеткізудегі пәрменді рөлі, оқырманға әсері туралы көп жазыла бастаған еді. Роман бәйгесі туралы әңгімелердің бастауы осы жылдарда. Автор шығармасын бәйгеге арнап жазбаса да осы пікірлермен жақсы таныс болғаны даусыз.

Мұхамет-Сәлім Кәшімов - ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, негізінен демократтық-ағартушылық көзқарастағы белгілі журналист, оқырмандарға таныла бастаған жазушы. "Мұңлы Мариям" романын жазғанда қаламгердің көркем прозада біршама тәжірибесі бар.

Осы жұмысымыздың екінші тарауында айтылған жолжазба очерктерді былай қойғанда, қазақ жастарын мәдениет пен білімге, оқуға шақырған 1917 жылғы біршама кітаптардың авторы ².

Демек көркем күрделі жанр - романда суреттелетін табиғат көріністері мен кейіпкерлер бейнесі, ара-тұра мінез-құлқының, іс-әрекетінің бейнеленуі қаламгердің проза жанрындағы мүмкіндігін де байқатқан. Алайда журналист-жазушы роман негізіндегі қызықты хикаяны көркем мазмұнға көшіріп, түрлі әлеуметтік топтарға жататын адамдар арасындағы тартысқа құрылған сюжеттік желілерді тарата баяндап, суреттеп жаза алмаған. Шығармада эскиздік, фабулалық нұсқада қалған көрініс, тараулардың көп кездесуі, құрылысы мен бейнелеу жүйесіндегі кейіпкерлер әлеміне қатысты олқылықтар М.Кәшімовтің көркем прозадағы күрделі жанр - романды меңгере алмағанын ғана емес, романдық санаға көтеріле алмағанын да көрсетеді.

Роман көтерген тақырып пен автордың айтпақ болған идеялары К.Б.Бейсембиев, Ә. Дербісәлин еңбектерінде біраз айтылған. Ал біз ондағы көркем шындық пен образдар жүйесінің ерекшелігіне ең алдымен, көркем мазмұн мен бейнелеу жүйесінің, қосалқы кейіпкерлер мен басты қаһармандардың жасалу шеберлігіне, ең алдымен, автордың көркем де күрделі прозаны игеру жолындағы талпыныс, ізденістеріне тоқталамыз.

Шығарма басында өлеңмен берілетін арнау - ХХ ғасыр басындағы осы сипатты күрделі, көлемді шығармалардың бәрінде кездесетін алғы сөз іспетті. Онда М.Кәшімовтің саяси-әлеуметтік, эстетикалық көзқарасына қатысы және ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамдақ санасының дамуы, әлеуметтік орта туралы біраз мәліметтер бар. Осы кезеңде баспасөз ісінің кең қанат жаюына байланысты халықты оқу мен өнерге, мәдениетке шақыратын мақала, әңгіме жазушылар, кітап шығарушылар көбейді. М.Кәшімов шығарма басындағы арнау өлеңінде, әйтеуір, атым жазылып, суретім шықса болды деп өзін насихаттауға көшкен жазушысымақтарды сынға алады. Оларға Абай творчествосын үлгі етеді. Оның өлеңдерінің негізінен үлкен ойларды көрсетеді. Сонымен қатар, үлгі алатын жазушылар ретінде М.Дулатов пен А.Байтұрсынов секілді ақындарды да атайды. Олардың қазақ елін өркениетке жеткізуге бағытталған идея, істерін құптайды ¹⁴.

М.Кәшімов шығармашылықпен айналысатын адамдарды, сауатты жастар мен қаламгерлерді әр шығармаларында жаңа ой айтуға шақырады.

"Мұңлы Мариям" романы уақиғасының, аса күйінішті уақиғаның, өзінің көз алдында өткендігін хабарлайды. Соған қарағанда, роман негізіндегі уақиға шындығы мен құрылысындағы кейбір ерекшеліктерді ескергенде автордың негізгі өмірлік фабуладан ұзамағаны байқалады. . Өзінің жұртқа белгілі уақиғаны жазып отырғанын повестің үшінші, төртінші, бесінші беттерінде қайталайды. Шығармасын замандастарынан оқып шығуды өтінеді.

13 Кәшімов М.Ақыл кітабы.-Қазан,1907; Насихат қазақия.-Қазан,1917 т.б.

¹⁴ Кәшімов М. Мұңлы Мариям. -Қазан,1914..Б. 4-6

"Мұңлы Мариям" кейіпкерлері негізінен екі топқа бөлінеді. Бірі - бас бостандығы, махаббаты үшін күресуші Мариям мен Ғалымдар болса, екіншісі - олардың тағдырын трагедияға, қасіретке ұшыратқан Нұрқан және оның маңындағы Көкін мен Досымбайлар. Соңғы екеуі шығарманың бірер көріністерінде суреттеліп, сюжетке қосылса да оқуман есінде қалады.

Романда күштілерге сүйенген қоғамда әділеттің жоқтығын ашық баяндайтын да жолдар бар. "...Жоғарғы ұлықтарға Мариям жайын айтып арыз жазған Ғалымның өзін пәлеге қалдырады...", "Ғалым өзі партия жөнінде болыстың солақай жағында болса, болыс бұларды келіп тексермей ақ үйінде жатып ақ припискені қайырған. Мариям өзі ризалығымен Әбушах-ман баласына тиді. Ғалым Оспан баласы бұзықтықпен арыз беріп жүр,- деп протокол қылған. Жоғарғы ұлықтар бұл припискені һәм болыстың протоколын қарастырып тексергенде Ғалымды бұзық деп тапқан..."¹⁵.

М.Кәшімов қазақ қыздарының бас бостандығы туралы тақырыпқа жаңа қырынан келген. Мұнда бостандық үшін күресте Мариям қара күштің, зорлықтың емес, алдаудың, аярлықтың құрбаны болады. Нұрқан бастаған топ айтқанынан қайтпайтын қара күштің, биліктің, зорлықтың өкілдері емес. Өйткені, қолдарында шексіз зорлықтың кілті - билік жоқ. Бірақ, олар бостандық үшін күресуші жастарды енді қулықпен, алдаумен қасіретке душар етеді. Олар әлі де әлді, өздерінің құлқындары үшін неден де болса тайынбайды. Мариям мен Ғалым басындағы трагедия тек соның бірі ғана.

Автордың үлкен табысы да осы топтың әрекетін жаңа қырынан көрсетуінде.

Осы топтың басы ретінде - Нұрқан бейнесі алынған. Нұрқанды автор шығарма басында былай таныстырады: "...қалаға барып біраз болып келсе Бұқарадан да Ташкенттен де асып дүнианың бір жағын қиратқандай өмірі пайдалы жағына кісінің тілін алып тоқтамай зарына жығылып отыратын бір адам еді"¹⁶.

Бірақ, сонысына қарамай-ақ ол қалайда өзінің пайдасын тауып жүреді. Оның психологиясын автор бірте-бірте ашады. Әлгідей мінезді адамның тыныш отыра алмайтыны белгілі. Әке шешелері өлген Мариям мен інісі Темірғали - жетім балалар қолына келген соң әшейінде зулап жүрген Нұрқанға жұмыс табылады. 12 жасар Темірғалиға қалың төлеп қыз алып берсе, сол малды қайтару үшін Мариямды 12 жасар балаға ұзатады. Сөйтіп, қисайған есебін қолма-қол түзейді.

Бірақ Нұрқан есебінен өзгеге негізделмеген бұл нкелер кешікпей-ақ тас-талқан болады. Темірғалиды баласынып Оспанның қызы қашып кетсе, сол тәрізді себептермен Мариям да қайтып келеді. Оспанның қызының қашып кеткеніне қайғырып жүрген Нұрқан қарындасы Мариям қайтып келгенде қатты қуанады. "Нұрқан өзінің қолына түсіре алмай жүрген мақсаты қабыл болған соң, көзі күлмендеп қарағым сүйікті туған асылым мені уаққа қор қылмай келді" - деп қуанады (17).

¹⁵ Кәшімов М. Мұңлы Мариям. -Қазан,1914. 38-б.

¹⁶⁻¹⁷ Кәшімов М. Мұңлы Мариям. - Қазан, 1914. 38-б

Нұрқан үшін өмірді енді бастаған қарындасының қасіретті тағдыры емес, өзінің жалған намысы қымбат. Тіпті ол осы қуанышының үстінде Мариям үшін тағы да мал алуға болатынын ойлап та үлгереді

Енді Нұрқан тағы да жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп Темірғалиға қыз алып береді, бірақ енді қарсы құда болып Мариямды ұзатуға бата алмайды. Неге? Әлде оған ағасының тағы бір пәле бастағалы жүргенін сезіп айтатын Мариямның өлеңі әсер ете ме? Әлде қарындасы айтқан көз жасы мен жетімдік зар үшін қияметте жауап беретінін ойлады ма екен? Жоқ. Олай емес. Көз жасы мен о дүниедегі жауапты ойлайтын Нұрқан ба?!

Осы кезге дейін оқушы көз алдына бүлдірген ісін өзі түземек болып әлек-шәлегі шығып жүрген адамның бейнесі бірте-бірте қалыптасады.

Сондықтан оқушы одан тағы бір сұмдық күтеді.

Нұрқанның тоқтауының сырын автор біртіндеп ашады. Ақылды, ептеген сауаты бар Мариямды енді зорлап ұзата алмасын Нұрқан бірден біледі. Бірақ ойында болашақ әрекеттің жоспары да әбден піскен еді. Оның зорлықтан да сұмдық әдістері бар. Ол - алдау, аярлық. Өмірдің небір күйініштерін бастан кешіп үлгерген есті Мариямды енді айтқанына көндіре алмаса да алдай алатынын Нұрқан біледі. Мариямның көнбейтінін байқаған соң, оны қалайда Ғалымнан ажырату жолын қарастырады. Алдымен ауыл сыртына мықты күзет қойып, Ғалымды жолатпайды. Сосын ауыл әйелдері арқылы Ғалым өзіне қыз айттырып жатыр деген өсек таратады. Ақырында Ғалымның атынан жалған хат жазып, Мариямның көңілін біржола қалдырады. Сөйтіп, тағы да мал алып оны Әбушахманның баласына ұзатады.

Нұрқан басшылыққа алған бір ғана қағида бар. Ол - қалай болғанда да мал табу. Оның адамгершілік туралы түсінігі де осымен сабақтас. Автор романның бірнеше жерінде мұны қайталайды. Жоғарыдағы Көкінді мақтауы мен Әбушахман баласын қалауын салыстырып көріңізші. "...Әйтеуір тоқ жер, малды, өздері момын. Барсаң өзің билеп кетесің, сенің алдыңа шығатын да біреуі жоқ" ¹⁸.

М.Кәшімов Нұрқан туралы шығарма басында берілетін мінездемесіне уақиғалардың даму барысында түрлі бояулар қосады. Сөйтіп, өзі пісірген ботқаға өзі қақалып жүрсе де ішкі есебі бар, сол жолда неден болса да тайынбайтын өлермен адам бейнесін жасайды.

Романның табысы да Нұрқан образына қатысты. Нұрқанға қарағанда негізгі кейіпкерлер - Мариям мен Ғалым бейнелері біршама солғын, бұлдыр шыққанын. Олардың әрекеттері де аз, ұсақ екенін айта кеткен орынды. Нұрқанның әлгіндей қабат-қабат әрекеттерімен салыстыруға да келмейді, сондықтан да Нұрқан бейнесінің көлеңкесінде қалып қойған.

"Мұңлы Мариям!". Бұған қарағанда повестің негізгі кейіпкері өз басының бостандығы үшін күресуші Мариям болу керек. Автор да оның тағдырын трагедияға апарған барлық уақиғаны тәптіштей жазады. Мариям басындағы трагедияны егіле баяндау арқылы уақиғаға оқушы аянышын күшейте түседі. Оларды қасіретке душар қылған Нұрқан бастаған топтың құлқын құлына айналған сұрқын көрісетеді.

¹⁸ Сонда, 32-б

Мариям - бостандық жолында күреске шыққан жан. Автор ол өткен талай өткелдерді баяндау арқылы оның саналы күреске дейін өсуін, бірақ Нұрқан тәрізді алаяқтың құрбанына айналуын нанымды суреттейді. Автор Мариямды роман басында былай таныстырады: "...Бұ Мариям жас күнінде азырақ бұрынғы ескі тәртіппен оқу оқып хат жазарлық дәрежеде түрлі кітаптарды танып оқып жүруші еді. Бергі замандарда роман кітаптарын көп оқып һәр жерден хабардар болып еді ¹⁹. Бірақ, Мариямның ой-әрекетінің ашық баяндала бастауы оның Есқалидың 12 жасар баласына ұзатылып, қайтып келуінен басталады. Бір қараған оқушыға Мариямның ағасы Нұрқанның шешіміне у-шусыз мойынсұну себебі мүлде айтылмайтын да тәрізді. Алайда, ағасының тағы да өзін сатып, мал алуды ойлағанын байқағаннан кейінгі өлеңінде Мариям жетімдігін білдіре келе, ағалары Жүсіпті де сатқан ғой, ендеше бізге не жоқ, тағдыр солай жазған соң, лаж бар ма деп көнгенін айтады. Бұл үзінді Мариям кітаптарды да оқыды деген автор баяндауын дәлелдей түседі, оның "Қисса Жүсіп" тәрізді кітаптарды оқығанын білдіреді.

Мариям басына үйрілген түрлі қайғы-қасіреті ойлай келе, мұндағы әділетсіздікті сезеді. Ойлай-ойлай, бәріне кінәлі қыздарды малға сатқан қазақтың әдет-ғұрпы деп табады. Оған қарсылық білдіруге бекінеді.. Сөйтіп, оның әуелі сөз жүзінде болса да әділетсіздікке қарсылығы, бас көтеруі басталады.

Ал Ғалыммен кездесіп уәделескеннен кейін бұл қарсылық әрекетке, күшке айналады. Сондықтан да ағасының малға тағы сатпақ ойын байқағанда-ақ ендігі өз шешімін батыл айтады.

"...Сен маған қиянат қылып әуелде бір сатып малымды алып едің, бүгінде екінші қабат сатуға ойланған екенсің, жоқ енді мен өз басымды өзім билермін, енді саудаға өтпеспін" ²⁰ - дейді.

Нұрқанды қатты шошытып, оны астыртын әрекетке, қулыққа бастайтын да осы үн. Мұнда көргенінен қорытынды шығарып үлгерген, енді дегені болмаса зорлыққа көнбейтін Мариям көрі-неді. Бірақ енді ол Нұрқанның мүмкіндігін дұрыс бағаламай қателікке ұрынады. Ауыл әйелдерінен:

"...енді Ғалым бұл жаққа аяғын аттап та баспайды, ол өзі бір қыз айттырып қойды орынды жерде малын да берді, сені не қылсын әншейін әжуа, келемеш қылып жүр" - дегендерін естіп бір суиды.

Ғалым атынан жазылған жалған хатқа да сенеді. Сөйтіп, соңғы үмітін үзіп, Нұрқан құрған торға топ ете түседі. Бірақ, Мариям қарсылығы мұнымен бітпейді. Тойға келген Ғалымның түрінен өзінің алданғанын біліп, онымен хабарласып, мүмкін болса әлі де бостандық алу үшін күреседі.

Мариям - әрекеттің адамы. Ол өзінің дегені болмаса көнбеуге бекінеді,, сондықтан да оны алдап қолға түсіреді. Оның табандылығы романда нанымды суреттеледі. Характердің қалыптасу жолының ізі көріне бастайды. Мариям бейнесін үлкен характерге апарар детальдар, сюжеттік желілер

¹⁹ Сонда, 11-б.

²⁰ Сонда, 26-б.

шыеармада көп кездеседі. Алайда, автор шеберлігі шектеулігі мен тәжірибесінің аздығынан оларды жөнді пайдалана алмаған.

Шығарма соңындағы Мариямның Ғалымға арнаған хаттары ол тап болған жағдайдың бояуын біршама қалыңдатады.

Енді басты кейіпкерлердің бірі болуға тиісті Ғалымға тоқтала кетейік

Оның мінездемесін автор оқушысына бірден ұсынады: "...Жас болса да өз бойын өзі біліп абыройсыз жұмысқа қатыспай жүрген һәр түрлі өнерден аз да болса мағлұматы бар"²¹. "Ғалымның бұл секілді ләззатты өлеңдері һәр түрлі құрбы арасында сөйлеп отырған әзіл сөздерін байқап, бұ жігіттер, өздерінің жайшылықта айтып жүрген мұндай өлеңдерін айтуға қорғанып домбыраны Ғалымға ұсынды"²².

Мариям мен Ғалымның бір-бірін ұнатуының негізгі себебі олардың ой, пікірінің ортақтығында, оқу-өнерлерінің барлығында. Бірақ, осы жолдағы олардың күресін суреттеу арқылы автор Мариям мен Ғалым характерлерінің екі түрлі екенін көрсетеді. Бостандық пен бақыт үшін Мариям соңғы үміті үзілгенше, Ғалымнан "тағдыр осылай болды хал" - деген хат алғанша күрессе, ал Ғалым ешқандай әрекет көрсете алмайды.

М. Кәшімов Ғалымның әрекетсіздігін, табансыздығын әдейі әлденеше көрсетеді. Мысалы, оның ауылды торып жүрген Нұрқан адамдарынан үркіп Мариямға жолай алмауын автор былай суреттейді. "Ғалым бармайын деп жүрген жоқ, неше рет қолға түсіп соққы жеп қалған орындары дабар"²³.

Одан әрі де автор осы күзеттің қандай екенін суреттейді.. "Ғалым ойлап-ойлап тағдыр жазған істен басқа болмасына әбден көңілін тіреп алып, аяндап Мариямның үйінің тұсына келіп ат үстінен тым болмаса келгенімді білдіріп бір сөзін естіп кетейін деп айғайлап айтқан сөзі мынау еді". Аты шулы күзеттің түрі осы. Ғалымның айқайлай айтқан өлеңін естіген Мариям үйден жүгіре шығып, оның мойнына асылады. Сол сәтте-ақ Ғалым аңдушыларды көріп қалып атына мініп қаша жөнеледі. Бұл қалай, автор гротескіге барып отыр ма? Повестің өн бойында Ғалымды "шаңырақшының қол тоқпағындай" деп бірнеше рет айтады. Өтірік арыз жазды деп болыстар мұның, өзіне жабылғанда, енді қайта арыз жазбасқа уәде де береді. Осылардың бәрін салмақтай келгенде Ғалым бейнесін жасауда автор оның жасықтығын, күштілерден қорқақтығын, шарасыздығын әдейі өсіре баяндайды. Повестің соңында тағдырға әбден көніп, іштен тынып, "шаңырақшының қол тоқпағындай" болып қалған Ғалымды көреміз.

"Мұңлы мариям" романында Октябрь алдындағы оқыған қазақ жігіттерінің тобына тағы бір өзге тип қосылады. Оның мақсат, махаббат жолындағы әрекеті Әбдірахман, Ахмет, Қожаш, Мұхамбетқали, Аспандиярлардың қимылдарынан да әлсіз.

Қазақ қыздарының бостандығы жолындағы күреске араласқан жігіттердің образдарына қарап отырып, олардың әрекеттерінің қыздар күрестерімен салыстыруға келмейтінін, жасқаншақтығын оңай аңғаруға болады. Соған қарағанда қазақ жігіттері бұл қозғалыстың негізгі тірегі,

²¹ Сонда, 16-б.

²² Сонда, 22-б.

²³ Сонда, 27-б.

қозғаушы күші бола алмаған. Мұндағы негізгі тұлға - барлық қайғы-қасірет мойнына түссе де мойымай өз бостандығы, мен таңдаған теңіне жету үшін ымырасыз күреске шыққан қазақ қызының өзі.

М.Кәшімов өзі айтқандай, шығарма өзегіндегі көркем шындыққа қиянат жасамай жазатындай. Өйткені соған дейін еш әрекетсіз, күтумен ғана күнелткен Ғалымның кенет үлкен әрекетке баруы көркем мазмұнда да қайшылық туғызар еді. Тіпті уақиға желісі осылай болған жағдайда да Ғалымды белсенді әрекетке шығаруға және осыдан пайда болатын сан алуан желілерді таратуға автордың шеберлігі де жетпеген болар еді.

М.Кәшімовтің жазу өрнегіне тоқталатын болсақ, көп жағдайларда осының алдында талданған шығармалардан айырмашылығы аз. Авторлық баяндаудан диалогқа және диалогтен баяндауға қайта өтерде осы кезеңдегі прозалық шығармаларда қолданыла бастаған кейіпкерлер сөздерін жаңа жолды бастап, сызықша арқылы айқындап көрсетуді, түрлі тыныс белгілерін қолдауды сақтамайды. Бір ғана айырма - романдағы диалогтар тырнақшаға алынбаған. Осылардың бәрі кейіпкерлер сөздерін жеткізуде диалогтарды бейнелеуде автордың қиналысын анық байқалады. Сондықтан да уақиғаның барысы диалогқа тірелетін тұстарға автор мүмкіндігінше соқпай өтіп, немесе жоғарыдағыдай өлең жолдарын пайдаланады. Мысалы, Ғалым мен Мариямның диалогтары шілдеханадағы қыз бен жігіт айтысы тәрізді беріледі. Түрлі уақиғаларды суреттеуде қолданатын әдіс-тәсілдерінде де сөз қолданыстарында да бірізділік жоқ. Шебер құрылған метафоралы, бейнелі сөйлемдер де аз емес. "Бұлар байланысқан сөзден жаңылмай бір харпіне шейін... бұзбастан мөлдіреткен".; "Нұрқан байқап көрсе қарындасы бұрынғыдай емес, Ғалым деген сөзге құлақ қоймайды, Досымбай жазған хат ем болған секілді" .;

"Келіп байқап қараса Мариямның орнынан жел еседі" т. б. Алайда осындай сәтті табылған өрнектердің нақты мәтінде жалғасын таппай оқшау қалуы, тіпті кейде ұғуға ауыр сөйлемдермен көрші келуі оқырман зейінін сұйылтады.

Повесте тыныс белгілерінің дұрыс қойылмауынан көптеген сөйлемдер ақсап тұр. Сондықтан олар оқуға ауыр, кейде тіпті мағынасын ұғудың өзі қиын. Сонымен қатар, орыс сөздері сол қалпында қолданылған. Мысалы: фальшь, исполняет, фокус, приписка т. б. Автор кейде белгілі дәлелдемені талап ететін тұстарда мүлде үнсіз өтсе, дәлелдеме-түсінік қажетсіз жерде тәптіштеп кетеді. Мысалы: 12 жасар балаға 17 жасар қыз айттырудың белгілі бір себептері болуы керек. Осыны автор мүлде айналып өтсе, 23-бетте некеден шыққан әйелдің тағдыры туралы соның алдында ғана өлең жолдарында айтылған ұғымды қайта түсіндіреді.

М.Кәшімов романында кездесетін сәтті жолдар мен эпизодтарды шығарма өзегіндегі негізгі уақиғаларды суреттеуде, солар арқылы басты ой мен идеяны жеткізуде қолдана алмаған. Сондықтан да повестің кейбір кейіпкерлері эскиздік нұсқада қалып қойған. Роман соңына таман берілетін уақиғаларды баяндауда, суреттеуде автордың қиналыстары айқын көрінеді. Бұл роман құылысынан да байқалады. Мысалы, 24-тарау жарты парақ болса,

25-тарау 2-3 жол, 26, 28-тараулар да 7-8 жолдан аспаған. Дәл осындай қиындыққа Б.Ержановтың да тап болғанын жоғарыда айттық.

"М. Кәшімовтың "Мұңлы Мариям" романы - қазақ әдебиетіне Нұрқан тәрізді типтердің сұлбасын әкелген ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасының көлемді туындыларының бірі. Қаламгер роман басында берілетін мінездемеге алуан оқиғалардың дамуы барысында түрлі бояулар қосып кейіпкердің мінез-құлығын өзі ойлағандай деңгейге жеткізеді. Сөйтіп, өі пісірген ботқаға өзі қақалып жүрсе де ішкі есебі бар өлермен адам жасаған. Сол есебіне жету жолында неден болса да тайынбайтын бейне жасағандай"²⁴. Шығарма өзінің желілі уақиғасымен, сюжетінің қоюлығымен оқушысын қызықтыра алады. Қаламгер Нұрқан туралы роман басында Романдағы сентиментальдық әуен осы бағыттың қазақ әдебиетіндегі үлкен бір көрінісіне де дәлел.

3.5 Жомартбаев Тайыр "Қыз көрелік"

ХХ ғасырдың басында қазақ қыздарының бас бостандығы туралы проза жанрында жазылған көлемді шығармалардың бірі - Т. Жомартбаевтың "Қыз көрелік" романы, Семейдегі "Ярдам" баспасынан 1912 жылы жарық көрді. Осы жылы Т.Жомартбаевтың "Балаларға жеміс" аталатын өлеңмен жазылған тағы бір шығармасы жарияланды. Автор - ұстаздық, ағартушылық, қызметпен тікелей айналысқан, қазақ қыздарының бас бостандығы мен оқып, білім алуына көп еңбек сіңірген жазушы²⁵.

Т.Жомартбаев (1884 - 1937) Абай төңірегінде өскен, ұлы ақын шығармаларының өзегіндегі ғұлама ойларды көкірегіне құйып, өлеңдерінің түр-пішімін, өрім өлшемдеріне дейін көңіліне тоқып, жаттап өскен қаламгерлердің бірі. Уфа қаласындағы "Ғалия" медресесін бітірген.

Қоғамдық қызметі мен шығармашылық ізденістері балаларға, жастарға тәрбие беруге арналған. Кезінде мерзімді баспасөз бетінде жарық көрген шығармалары да осы іске, ағартушылық, демократтық идеяларды шығармалары да осы іске, ағартушылық, демократтық идеяларды насихаттауға арналған.

"Қыз көрелік" проза жанрының көлемді, күрделі түрі роман туралы қазақ жазушылары көп ойланып, жаза бастаған кезеңдерде жазылды. Шығарманың жанры туралы түрлі ойлар кездеседі. "Қыз көреліктің" формасы өте күрделі. Реалистік баяндаулар мен ертегі тәрізді оқиғалардың аралас келуі бұл шығарма туралы пікір айтушыларды біраз ойға қалдырып келді. Ә.Дербісәлин оны кішігірім повесть, не сюжетті ұзақ әңгіме ретінде қарастыруға болады деген де ой айтады. Әлі күнге дейін осы шығарманың формасына, идеясына, уақиғаға автордың эмоционалдық қатысына жан-жақты талдау жасалған жоқ. Мұның негізгі себебі де, біздің ойымызша, шығарма құрылысының әлгіндей күрделілігінде, ондағы қабатаса берілетін түрлі жанрлар жігінің айқын ажыратылмағандығында болуы керек.

²⁴ Бисенғали З.-Ғ.Қ, Қазақ прозасы: ХХ ғасыр басы: Жаңа роман жолында.

2-кітап. Зерттеу. - Алматы: Арыс, 296. - Б.225

²⁵ "Айқап" - Троицк, 1913, №18

Қазақ әйелінің тұрмыста жарасты өмірге, теңдікке ұмтылуы, қоғамдық қызметке, еңбекке араласуға көз тігуі жиырмасыншы ғасырдың басында ағартушы-демократтардың үгіт-насихаттары және кеңес үкіметінің саяси жүйесінің пәрменді қызметі мен жаңа заңдары арқасында тез дамыды.

Қазақ қаламгерлерінің көбі жастардың бас бостандығы жолындағы күресі туралы жазды. Алайда, қазақ қыздарының халыққа аса қажетті қоғамдық қызметке келуі туралы ойға келуін тереңдеп қозғай алған жоқ. Мұндай ойлардың алғашқы ұшқындары Т.Жомартбаев пен Ж.Аймауытов романдарында ғана кездеседі. Қаламгерлердің дүниетанымы, бейнелеу ұстанымдары өзгеше болғандықтан көркемдік шешімдері де басқа.

Теориялық тұрғыда оның заңды процесс екенін академик З.Қабдоловтың мына пікірлері көрсете алады: "Әрбір әдеби шығармада көркем шешім тапқан идеяның терең тамыры сол шығарманы тудырған суреткердің дүниетанымында. Әлеуметтік көқарасында жатады. Сондықтан, сөз жоқ, бір тақырыптың өзінен дүниетанымы әртарап суреткердің. әрқайсысы әр түрлі идея туғызады." ²⁶. Т.Жомартбаевтың "Қыз көрелік" романындағы Ғайынкамал - оқыған жастар мақсаты елге қызмет ету деген автор идеясының көрінісі болса, Ж.Аймауытовтың Ақбілегі үшін ол оқу бостандық алудың жолы ғана емес, өмір не өлім мәселесі - "Гамлеттік түйін". Ақбілекке шегінетін жер қалған жоқ. Ақ әскердің қолында болғаннан кейін ол ауылда қалып, баяғыша өмір сүре алмайтын.

Ақбілек қазақ қоғамында басталған жаңа саяси-әлеуметтік жағдайлардың аясында, табандылығы мен еңбегі арқасында білім алады. Құрбылары, қазақ әйелдерінің ауыр тұрмысы, аянышты халін қалай жеңілдетуге болады деген ойларға барады.

Т.Жомартбаевтың "Қыз көрелік" романы соңында бостандыққа қолы жеткен Ғайынкамалдың Мұқаметқалимен бірге қазақ жастарын оқыту ісіне араласқаны жайлы айтылады: "Семейге келген соң Мұқаметқалидің ата-анасы қуанып, той жасап, молда шақырып некесін оқытты. Мұқаметқали еркек балаларды оқытып, Ғайынкамал қыз балаларды оқытып, екеуі халыққа бірінші пайдалы адам болып өмір сүріп тұра бастады". Роман авторының ағартушы, демократтық идеясы, шығарманың дерексіз көркем мазмұны шартты бұл шешімге жағдай жасады.

"Қыз көретін жігітті біз көрелік" деген идея қазақ арасында құлақ естімеген нәрсе емес. Сүйген құрбыларына таңдап қосылу жігіттердің ғана емес, қазақ қыздарының да үлесінде болған. Ұнатқан жігіттерін таңдап тұрмысқа шыққан уақиғалар еліміздің өткен тарихында кездеседі. Әрі аз да емес. Алайда Т.Жомартбаев романдағы авторлық идея мүлде басқа деңгейде қойылған. Ғайынкамалдың өзіне жар таңдағанда басты шарты ретінде таңдаулы жарының сауатты, өзіне тең болуын көздейді. Демек қазақ қызы өзіне идеялас жар іздейді.

Қазақ қыздарының бас бостандығы ХХ ғасыр басында екі бағытта қозғалған. Бірі - қалың мал төлеген дәулетті шалға болмаса өзінен бірнеше

²⁶ Қабдолов З. Сөз өнері.-Алматы: Мектеп, 1976

мүшел үлкен адамдарға ұзатылған жас қыздардың басындағы трагедияны көрсету, оның соншалықты сорақылығын әшкерелеу. Қоғамдық санада осы құбылысқа қарсы күштерді, аянышты сезімді ояту арқылы оған жол бермеуді уағыздау. Бұл дәстүрлі әдебиет, қазақ қоғамдық санасы үшін таныс жай. Қазақ қыздарының сүйгеніне ұмтылуы, күреске көтерілуі, ғашықтардың той жыры мен трагедиясы - айтылып келе жатқан жыр. Қыздардың бас бостандығы үшін күрес идеясы да жаңа емес-ті. Қазақ халық әдебиетіндегі, лиро-эпостағы шығармалардың қайсысында да ғашықтар күресіндегі бақытты сөре мен трагедиялық ахуал кезек түсіп отырады. "Қозы Көрпеш - Баян сұлу", "Айман - Шолпан", "Қыз жібек", "Еңлік - Кебек" т.б. "Етімді шал сипаған, құрт жесін,-деп, жартастан қыз құлапты терең суға" деген жолдар да осы қарсылықтың бір түрі.

"Қыз көрелік" формасының өзі әдебиетіміздің, әсіресе, проза жанрының өсіп, өркендеу жолындағы күрделі процесті толықтыра түседі. Мұнда қаламгердің саналы түрде, әдейі тосын форма ізденісі бар. Сондықтан да қазақ қыздарын оқуға шақыру идеясын жеткізу үшін Т.Жомартбаев неліктен осы формаға тоқталды деген сұрақ бірден ойға оралады. Өйткені, шығарма кейіпкерлері тап болатын тосын жағдайлар, "өліп, тірілу" тәрізді ертегілік уақиғалар автордың замандастарын ғана емес, бүгінгі оқушыны да еріксіз елең еткізеді.

Дүниені шарлап қалыңдық іздеп жүрген іргелі ру байларының балалары Ғайынкамал алдына келгенше, 27-бетке дейін, қазақ прозасына тән дәстүрлі тәсілде баяндалады. Ал одан әріде автор кенет соны сүрлеуге түседі. Т.Жомартбаев қиын жолды, үлкен шеберлікті талап ететін күрделі форманы, әдісті таңдап алады.

Повестегі барлық уақиға тікелей Ғайынкамал арқылы өрбиді. Аты аталатын өзге кейіпкерлер арасында қыз әкесі Ғайса бейнесі ғана толықтау, басқалары эпизодтық деңгейде қалған. Тіпті Ғайынкамал ұнататын Мұхаметқалидың өзі "...әр нәрседен хабардар, жақсы ғана ғылымы бар заманға муафих бір адам еді", - деген мінездемеден аса алмайды.

Шығарманың оқушысын қызықтырар тұстары мол. Босаңдау басталатын әңгіме бірте-бірте ширап, қызықты бола түседі, соңғы сәтке дейін оқырманды уысында ұстайды. Мұның негізгі себебі шығарманың құрылысында жатса керек. Автор кейіпкерлері мен шығарма уақиғасын идеясына орай, әдейі ойластырылған жолмен жүргізіп, сол ортада әрекет істетеді.

Роман басындағы эпиграф тәрізді мына жолдар шығарманы талдауға апарар кілт тәрізді.

...Деп жүрген жас жігіттер қыз көрелік,
Таңдап ап сұлу қызды мал берелік.
Мырзалар қыз таңдаған келсін мұнда,
Жігітті қыз таңдаған біз көрелік.

Демек, Т.Жомартбаев та қазақ қыздарының бас бостандығы тақырыбына жаңа қырынан келген. Осыған дейінгі қазақ әдебиетінде бұл тақырып көп жағдайда сүйгеніне қосылу жолындағы қыздардың күресімен, қалың малға қарсылығымен қабаттаса баяндалса, мұнда негізгі мәселенің өзі мүлде

жаңаша қойылып. Осы авторлық жаңа идеяны ашып көрсету, бейнелеу үшін қаламгерге жаңа пішім, форма қажет болған. Бұрын қалыңдықты жігіттер таңдайтын болса, енді "жаңа заманда" неге бұл таңдауды қыздарға тапсырмасқа? Бұл - автордың әдебиетіміздегі дәстүрлі тақырыпқа жаңаша келуінен туындайды.

Өзіне жар таңдауға толық мүмкіндігі бар қазақ қызының шындыққа жанасатын бейнесін жасау үшін қаламгерге алдымен оқырман сенетіндей тақырыптық мазмұн қажет. Оны іздеу бағытындағы әрекеттер қаламгерді тосын шешімге, синтетикалық формаға алып келген. Ағартушылық, демократтық идеяны жеткізу үшін шығарма құрылымында ертегілік, аңыздық фабулаларды пайдалану сол кездегі әдеби ортада кездесетін. "Айқап" журналының бетіндегі А.Сорокин әңгімелерінде, басқада әдеби басылымдарда осы үлгідегі шығармалар жиі жолығады. Қазақ прозасының хикая, әпсана - хикаяттарында да бұл әдістің талай үлгілері пайдаланлады.

Тақырыптық мазмұн қазақ қыздарының бас бостандығы болса да, авторлық идея күрделі. Оның Абай қарасөздеріндегі идеялармен үндестігі бар. Т.Жомартбаев - адамнан адамның айырмасы - білімінде деген Абай афоризмін ағартушылық қызметінің ұраны етіп ұстаған ұстаз.

Қаламгер ұстаздық қызметінде роман сюжетінде қолданылатын ертегілік мотивті оқып қалың ойға қалуы, қыз кімді таңдайды деген сұраққа шәкірттерін де ойлантып, өзі де ойланған болуы керек. Қыз таңдауы ғаламат сыйлықтар әкелген жігіттерде емес, адамзатқа пайдасы мол теңдесі жоқ қажетті нәрселерді жасай алатын сауатты, білімді, өнерлі жігітте болуы керек деген ойдан туындаған тәрізді. "Қыз көретін жігітті біз көрелік" идеясының бастауы ағартушы - демократтық көзқараста екені белгілі.

Қалыңдық іздеген бай балаларының бір күнде келіп құда түсуі, байлық, дәулет, атақ- абройларының бірдей болуы - авторлық ой, идея, көркем шешім үшін әдейі таңдалған тәсіл.

Роман уақиғасы - талай халықтардың әдебиетінде бар сюжет, әйгілі мотив. Мәселен, шығыс халықтарында кең таралған сюжет: үш жігіт ағаштан (саздан т.б. материалдардан) сұлу қыз жасайды. Бірі ағаштан жонады, бірі киіндіреді, бірі жан салады. Бәрі біткенде үшеуі қызды мен аламын, - деп таласады; тағы бір сюжет: самұрық алып кеткен хан қызын үш жігіт құтқарады. Бірі оның қайда екенін тауып айтса, екіншісі самұрықты атып түсіреді, үшіншісі оны жерге түсірмей қағып алады.т.с.с. Тағы да талас туады. Т.Жомартбаев қолданған сюжет француз ертегісінде кездеседі екен.

Ертегі сюжеті. Бір шалдың сұлу қызына үш жігіт келіп Көңіл білдіреді. Үшеуі де қызға ұнайды. Қыз оларды санау үшін маған ерекше сыйлық әкеліндер, - деп жұмсайды. Олар сыйқырлы айна, жәшік, бальзам табады. Сөйтіп, сұлуымыз не істеп жатыр екен деп айнаға қараса, ғашық қыздары аяқ астынан дүниеден өтіпті. Дереву сиқырлы жәшікке мініп, ұшып келіп, бальзам арқылы тіріліп алады. Қыз олардың бірін таңдау үшін бір жыл уақыт сұрайды. Қыз кімді таңдамақ? Оқырман алдына осы сұрақ тартылады.

Т.Жомартбаев романының фабуласы мен идеясы ертегіден өзгелеу. Қаламгер дайын сюжетті ағартушы- демократтық мақсатта пайдалану үшін

фабуланы өз идеясының ыңғайына орай өзгертеді. Роман құрылымында ертегілік фабула мәні мотив түрінде алынады деуге болады. Бірдей, ұқсас адамдардың бірдей қызматтері арасынан мәндісін, маңыздысын табу. Философиялық астары жан мен тән, рухани әлем мен сыртқы болмыс, тіршілік пен байлыққа бағытталған ізденістерге, ойларға оқырманды бастау.

Сөйтіп, "Қыз көрелік" повесінің негізгі кейіпкері - Ғайынкамал бейнесі, мүлде жаңа бейне дүниеге келген. Қазақ қызының өмірлік жар таңдау әрекетін автор өмірдегі қалыпты, көзтаным жағдайдан бөліп алып, идеясына орай, тосын жағдайға қойып, өзінше көрсетеді. Кейіпкерлерін таңғажайып жағдайларға тап қылады. Солай болғанмен де автор дәстүрлі жолдан шығып кете алмаған. Сондықтан шығармада дәстүрлі көне сүрлеу мен Т.Жомартбаев іздеген жаңа із қатар жүріп отырады. Романға өлең жолдарының араласуы, шығарма басындағы баяндау стилі соның айғағы.

Т.Жомартбаев шығарма бастауында бірден өлең жолдары арқылы надандықтарынан армандарына жете алмаған үш жігіттің хикаясымен таныстыратынын айта келе, "сан қисықты түзейтін" мына заманда білім алуға, басқа халықтарға көз салуға, солардан үйренуге шақырады. Екінші бір өлеңде тікелей өзі туралы айтады, "Кел Тайыр" деп басталатын жолдардан кейін, "босқа жатпа сенің жазатын шағың келді", "бір роман жазайын,- деп мен де ойландым" дейді. Осы өлеңдерден кейін Ғайынкамалдың әкесі Ғайса туралы баяндауға көшеді. Ғайынкамалдың дүниеге келуі, өскен орта, әке-шешенің, қызының тағдыры, болашағы туралы ойлары, соны іске асру бағытындағы әрекеттері баяндалады.

Ғайынкамал алыстағы Уфа медресесінен 5-6 жыл оқып келгенге дейін уақиға бір қалыпта, бір әуенде, баяу дамиды. Ал Ғайынкамал келгеннен кейін, дәлірек айтқанда, 21-беттен соң, роман екінші бір арнаға, жаңа әуенге көшеді. Жақсы аты елге жайылған әдепті, ақылды, оқыған қыз Ғайынкамалға құда түсушілердің келуінен бастап роман уақиғасы авторлық идеяға тікелей байланысты желіге түседі. Осы кезден бастап жер-жаһанды кезіп сұлу жар іздеп, қыз таңдап жүрген жігіттерге деген автор юморы да бой көрсете бастайды. Бар уақиғаны реалистік тұрғыда суреттеп келе жатқан автор кенет бірден көзге ұратын ертегі тәрізді уақиғаларды, баяндауға ауысады.

Қыз таңдап жүрген атақты бай балаларын бірінен бірін ажырата алмастай "абсолют" тең дәрежеде алу арқылы Т. Жомартбаев байлықтан басқа қасиеті жоқ надан жігіттерді қыз сынына салатын әдемі әдіс тапқан. Бұл теңдік - шығарманың басынан аяғына дейін арқау болып отыратын негізгі әдістің, "сиқырлы кілттің" бірі. Мысалы, Ғайынкамалға құда түсуге жаушылардың бір күнде келуі, олардың атақ-дәрежелерінің тең болуы - әркез таңдауды Ғайынкамалдың қолына алып береді. Осы теңдіктен шыға алмаған Ғайса бай да таңдауды қызының өзіне тапсырады. "Мені осылардаін құтқар" деп қызына жалынады.

Бұл теңдік Ғайынкамалды да тұйыққа тірегендей. Сондықтан кімнің артық екенін сынап байқау үшін оларды алыс қалаларға жұмсайды. Бірдей мырзалар, бірдей қалаларға - Лондон, Париж, Берлинге аттанады. Одан әріде

олар бірдей сомға (үш мың сомға), шамалары да бірдей ғылым мен білімнің соңғы жетістігінің көмегімен жасалынған үш "зат" сатып алады. Олар әкелген заттар да Ғайынкамалдың тірілуі үшін де бірдей қызмет атқарады. Сол қызметтерін қанша дауласа да сиқырлы теңдікті бұза алмай, қызға амалсыз жалынады. Не де болса, бірімізді сен таңда,- дейді.

Демек, шығарма құрылысындағы осы ерекшеліктер - автордың уақиғаны өсіре баяндауы, өз идеясын - адамнан адамның артықшылығы байлығы мен тегінде емес, білімінде,- деген ертегілік, мифтік мотивтерден туындайды. Қаламгер осы идеяларды көркем мазмұн арқылы барынша қонымды жеткізуге тырысады. Автордың ізденісі ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі, оның ішінде проза жанрындағы жаңа мазмұн, ойды жаңаша жеткізуге жарамды түр, пішім ізденісін көрсетеді.

"Қыз көрелікте" басы артық баяндаулар мен эпизодтар жоққа тән. Тіпті шығармада өзі сұранып тұрған уақиғаларды да автор суреттеп жатпайды. Мысалы: Мұхаметқали мен Ғайын-камалдың кездесулерін, құдалық уақиғалары мен ондағы әңгімелерді, болмаса, жігіттердің үлкен қалаларға барғандағы қам-қаракеттерін суреттеп жазуға болар еді.. Тек Парижге барған Сейітхан туралы ғана қысқа баяндалатын көрініс бар. Соған қарағанда автор бұларды қажет деп таппаған. Сонымен қатар, шығармаға қосар жаңа ой-идеясы жоқ уақиғалар: Ғайынкамалдың оқуға аттануы қайтып оралуы, онын шешесі Жәкіштің ұл табуы тәрізді уақ-түйектер ұшырасады. Бірақ, бір қарағанда басы артық тәрізді көрінетін кейбір уақиғаларды автор шығармаға саналы түрде, әдейі енгізсе керек. Мысалы, Т. Жомартбаев шығарма басында Ғайса байға Жәкішті тоқалдыққа алғызбай-ақ, "Ғайынкамал деген бір қызы бар еді" деп бастай беруіне болмас па еді? Бірақ автор ел ішінде қызын малға сатып, баюды ғана мұрат еткен әкелердің барлығын көрсету, оларды көзі ашық, дүниеден хабары бар Ғайса тәрізділермен салыстыру үшін алып отырған жоқ па? Қалың малдың бір шеті осындай әкелер құлқына, ескі салт-санаға барып тірелмей ме? Демек, автор қазақ қыздарының бас бостандығы туралы мәселені олар өскен ортаны толық ашу арқылы көрсетпек болған.

Ғайса байдың алдында құрақ ұшқан Жәкіш әкесінің бейнесін жазуда да автор юморды пайдаланады Қызын ұзатып мал алсам деп армандаған Жәкіш әкесінің бейнесі С.Көбеевтің "Қалың малындағы" Итбайды еске салады. Екеуінің ортасында ұқсастық бар. Мысалы: "...Әлгі жүрегі қарайып, көзі талып "осы қарағымды бір бай кісіге берсем-ау", деп қызын малға өткізе алмай жүрген сорлы Ғайсаны көрген соң етпетінен түсті, - ойбай сіз сұрасаңыз текке бермейміз бе Бәкен бәйбішенің шайын құйып беріп қызмет қылса да несі кетеді".

"Қыз көрелік" формасы туралы ойланғанда осындай тосын форманы шығарма өзегіндегі автор идеясының өзі талап еткен жоқ па деген де пікір туады. Егер Т.Жомартбаев өмірді реалистік қалыпта баяндаса, атақты бай балаларын анда-мында жұмсаушы Ғайынкамалдың өзі таңдаған кедей жігітпен кетуінің өзі мүмкін бе? Дүниені кезіп ғашық қызы үшін сыйлық іздеп жүрген атақты бай балалары Ғайынкамалды кедей жігіт Мұхаметқалимен оп-оңай қалай жібереді?Егер реализмге сүйенгенде бұл

арна авторды осы бағыттағы тартыстарға киліктірер еді де, ол басқа мазмұнға бастайтын. Автор мақсаты - ағартушылық, демократтық көзқарасына сай, тәрбиелік мәні басым шығарма. Романның барлық ерекшелігі осыдан туындайды. Қаламгер басты тақырыбынан ауытқымауға, идеялық мақсатынан ұзамауға тырысады. Кейде шығарма көркемдігіне нұқсан келетініне де қарамастан өз жоспарынан ауытқымаған. Осындай ойлардан барып жана форманың, әдістің қажеттігі пайда болған тәрізді. Алайда осы түрдің өзін үздік өнер туындысына айналдыруға автордың шамасы жетпеген. Баяндау мен ертегі сарындағы жасанды ситуацияны аралас пайдаланады. Өмір уақиғаларын дәстүрлі баяндаудан тосын уақиғаларды әңгімелеуге, одан дәстүрлі баяндауларға алма-кезек көшіп отырады.

Шығарма формасындағы жаңалық басты кейіпкерлердің жасалу жолына да әсер еткен. Мысалы, автор Ғайынкамалды бірден аса ақылды, ойлы қыз ретінде суреттейді. Ол басқаны ойламауын, оқуға жалқаулығын сынап өлең шығарады.

Шығармада Ғайынкамалдың бірнеше өлеңдері келтірілген. Олардың шығарма құрылысы мен басты бейнелердің жасалу жолына қатысы бар:

Барамын ғылым іздеп алыс жерге,
Құр босқа жақсылыққа жыламаңдар.
...Жас шақта талап қылып ғылым білмей,
Не тапты бізден бұрың өскен жандар.

Һәммеге оқу парыз қыз бірлан ұл,
Бәрі де ұрғашы еркек құдайға құл.
Қыз туса мал туды деп қуанбаңдар.
Баланы малға сатып қылмаңдар пұл.

Бес жүздей медреседе қыз шәкірттер,
Бұл шәһар оқушымен болған тәмам.
Ұл мен қыз басқа жұртқа бәрі бірдей,
Қызды қыз деп кеміткен қазақ һәман.

Келтірілген үзінділерде автордың айтайын деген негізгі ойларын Ғайынкамалдың аузына салғаны, тіпті оның жас ерекшелігін де ескермегені байқалады. Уфада 6-7 жыл оқып, үлкен мақсатпен елге оралған Ғайынкамалға қалыңдық таба алмай ерігіп жүрген бай балалары таласады. Бірақ олар оп-оңай әкетпек болған Ғайынкамал, малға сатыла қоятын көп қыздардың бірі емес. Сондықтан да дүниені жалпағынан басып, талайды көзге ілмей жүрген бай балалары оның алдында тізе бүгеді. Автор табысының өзі осында. Ол шығарма формасының мүмкіндігі арқылы жігіттерді Ғайынкамалдың өзіне таңдатады. Бұл шешімінің өзі шығарманың "қыз көретін жігітті біз көрелік" дейтін идеясынан туындағанымен, осы жаңа идеяны тігісін жатқызып, жымдастырып кәдімгідей көркем жеткізу Т.Жомартбаевтан біршама шеберлікті, бай қиялды талап еткені даусыз.

Шығарма формасына үңіле қараған сайын біршама "құпияларға" жолығасың. Біріншіден, автордың ойы, жоспары бойынша қыз таңдап жүрген жігіттерді енді қыздың өзі таңдауы керек. Алайда, Ғайынкамал ешқашан да сондай билікке ұмтылып көрген емес. Киіп-жарып, мен оқып келдім, енді бас бостандығым өзімде деп баса-көктеп жатқан да жоқ. Қайта барлық билікті өзін талай жыл оқытқан әкесіне тапсырып отыр. Осы арада әкесі бір кесікті билік айтып, бәрін тындыратын тәрізді де еді. Солай болар деп ойлайсың да. Бірақ, атақ - абройлары да, дәулеттері де тең бай балаларының бірін таңдай алмаған әкесі, жұмбақ "теңдікті" бұза алмаған әке, ерікті амалсыз қызына береді. Ғайынкамал енді таңдауды күйеулердің өздеріне тапсырады. Бірақ сұлу қызға есі кеткен жігіттердің өздері де құпия "теңдікті" бұза алмай қызға жүгінеді. Сөйтіп, мұның бәрі шығарма формасынан туындайды.

Ғайынкамалдың әке шешіміне риза болуы - өзін оқытқан әкесіне құрмет көрсетуі, әрі оған сенуі "Менің атам кімге берсе де мен ризамын, жалғыз-ақ жасымнан сабаққа беріп, осынша тәрбие қылған әкем мені өзі де бір надан есекке қосақтамас, теңімді тапса берсін, сатып мал қылып алайын дейтұғын кісі емес, өзі білсін", - деді. Ал, әкесінің билікті қызына сырғытуы "саған мен риза, әйтеуір осылардан мені құтқар" деуі де өзінше дәлелді. Өйткені, атақ-дәрежелері, дәулеттері тең бай балаларының бірін таңдаса, қалған екеуінің оған жау болмасына кім кепіл. Ғайса бай соны ойлап отыр.

Оның қызын алысқа оқуға жіберуі жаңалық болғанмен, күйеу таңдауды қызына сілтеуі қыздардың бас бостандығын жоғары қоюдан емес, әлгіндей таңдаудың қиындығынан, демек бұл шешім де автор шығармасының жүйесінен келіп шығады.

Ал таңдау жігіттердің өздеріне берілгенде "аспаннан іздегенде жерден табылған алтындарын" бір-біріне қимаудан бұлар да ымыраға келе алмай таңдауды Ғайынкамалға береді. Сөйтіп, "Жігіттер қыз таңдаған келсін мұнда, қыз таңдаған жігітті біз көрелік" - ойынына тап болады. Бірақ таңдау билігі айналып Ғайынкамал қолына қайта тигенде оның қыз таңдаушы жігіттерге жолдаған мына өлеңдерінде біраз салмақ, күш те бар:

"...Мал емес өзге қыздай менің құным,
Берсең де дүние малын жетпес пұлың...
...Және ешкім мені малға сата алмайды,
Батпайды тіс тырнағы маған залым".

Романның өн бойында қызға таласушы жігіттердің бірдейлігі көп айтылады. Бұл теңдікті оларды үлкен тапсырмаға жолдар алдында Ғайынкамал да айтады. Демек, ол үшін адам өмірінің мәні - оқу-білімде, өнерде. Ол жоқ екен, сенің малдан айырмашағамалы. "... Күндіз асап ішіп тойып, түнде ұйықтап төрт аяқты хаюан секілді өткізбегім (өмірді.- 3. Б.) өзіме зор қиянат зор мін емес пе?" Күйеу жігіттерге айтқан бұл сөздерінде оның адам туралы, ел, халық алдындағы қызмет туралы түсінігі бар. Идеалы осы. Мақсаты айқын. Оның Мұхаметқалиды таңдау сыры осында.

Дүние төрт бұрышын кезіп адам "таңданар" ғажаптарды тауып әкелуші жігіттер алдында Мұхаметқалидың артықшылығы да сонда. Ғайынкамал өзімен білімі, оқуы тең адамды таңдайтынын айтқанда дүниені шарлаушы серілер сілтідей тынады. Оқуды, білімді ешбір дүниеге, ақшаға айырбастап ала алмайтындарын бірден түсінеді. Бұл - адамгершілік, адам - дық туралы автордың пікірі, ұстанымы.

Адам сұлулығы дүние, байлықта емес, оның жан дүниесінде, оқу білімінде, тәрбиеде. Сондықтан да Ғайынкамал өзі үшін дүниенің төрт бұрышын шарлап келген бай балаларын емес, өмірге өзіндік пікір, көзқарасы бар, оқыған кедей жігіт Мұхаметқалиды таңдап отыр. Оны өзімен арманы, идеясы бір адам ретінде бағалап, одан өзіне көмек күтеді.

Шығарма соңында өздері қалаған сүйікті іспен шұғылданып, халыққа қызмет көрсетіп жатқан Ғайынкамал мен Мұхаметқали сөз болады.

Сонымен, "Қыз көрелікте" автор жасанды уақиға, фабула, пішім арқылы өз идеясын жеткізеді.

Шығарма бірыңғай баяндау түрінде жазылған. Бірақ кейде өлеңмен жазылған жолдар мен автордың өз пікірлері де кездесіп отырады. "...Қазақ еңбексіз мал табудың ебін қалай біледі"..; "оқып жүрген уақыттағы бес жыл ішінде болған істерді бәрін жазуға бу жерде сөз ұзын болатын болды"..; "Дүнияда осы секілді зейінді адам туа ма екен"..; "дүнияда мұндай да адам баласы туады екен-ау" т. б.

Романды қатар жарық көрген басқа да шығармалармен салыстыра карағанда, авторлық негізгі ой, идеяда жаңалық көп болғанменен, көркемдігі, стилі тұрғысынан ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасының дәстүрлі үлгісімен жазылған. Шығармада кездесетін өлеңдерді автор негізінен өз идеяларын жеткізу мақсатында пайдаланған.

"Құрбылар замандастар ұл мен қыз,
Тырысып жас күндерде оқылық біз.
Алданып ойынменен қалсаң надан.
Өскен соң бармақ тістеп өкінерсіз.

Ел жұртым қош аман бол туыскандар,
Үлкен аға, кіші іні барша жандар.
Барамын ғылым іздеп алыс жерге,
Құр босқа жақсылыққа жыламандар.

Шығарманың үлкен міндерінің бірі - оның тіліндегі стильдік олқылықтар. Автор баяндауларында кездесетін оқуға ауыр, сүйретілген сөйлемдер құрылысы біршама тәуір шығарманың көркемдігін әлсіреткен. Тыныс белгілердің дұрыс қойылмауы, тіпті жоқтығы оқуды біраз қиындатады. Мысалы: "...сонан соң бағана қыз іздеген үш жігіттің екіншісі найманнан шыққан Мұқаш мырза және керейден шыққан Сейітхан мырза ол екеуі де қыз табылмай жөнді қыз бұл екеуіне де жолықпай жүрген мырзалар Ғайса байдың қызы Ғайынкамалдың даңқын естіп бұлар да Ғайынкамалды

көруге келіп жетті". Ал повесть тіліндегі ерекшеліктер Е.Жанпейісовтің "Қазақ прозасының тілі" аталатын еңбегінде біршама толық қарастырылатындықтан оған тоқталып жатпаймыз ²⁶. Баяндаудан диалогқа, диалогтан баяндауға өтетін тұстарында әлсіздіктер мол. Кейіпкер сөздері ешқандай шартты белгі, таңбасыз-ақ қатар-қатар беріледі. "Сонда Ғайса бай О да жарайды екен қарағым Ғайнешімнің өзіне жасынан үйір болған молдасы өз ағасы секілденіп кеткен ертіп барамын дейді. Ғайынкамалды шақырып алып "Қарағым! Мына молданмен еріп Уфа шәһарындағы қыздар медресесіне барып сабақ оқысың ба деді". Ғайынкамал "Бәлі әке оның несі бар оқимын, қалпеміз маған өзі үйреткен пайғампарымыз айтқан (...) деп, мен сіз жіберсеңіз қайдан болса да қашпаймын"- деді т. с. с.

"Қыз көрелік" өмірде болған уақиғаларды суреттеу мен ондағы кемшіліктерді сынауды мақсат қылудан туындаған шығарма емес. Ол - оқу, білімнің арқасында басына бостандық алған және өзіне өмірлік серік таңдай алатын, алдына қазақ қыздарын оқыту тәрізді үлкен мақсат қоя білген қазақ қызының бейнесін жасаған шығарма. Сондықтан да онда өмірді терең бейнелеуден де автордың әлгіндей идеалының көркем көрінісі, қиялы басым.

Бұл повесть туралы Ә.Дербісәлин, С.Талжанов, О.Есназаров, Б.Кенжебаев, Е.Жанпейісов еңбектерінде біраз айтылған. Осы авторлардың қайсысы да бұл романның әдебиет тарихында өзіндік орны бар екенін айта келе, шығарманы ХХ ғасыр басындағы тәуір шығармалардың қатарына қосады.

"Қыз көрелік" - ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасында қаншалықты күрделі процестердің жүріп жатқанын анық дәлелдей алатын, әсіресе, жаңа форма іздеудің саналы әрекетін көрсететін шығарма. Автордың өз идеясына сай форма табуы және соның көмегінің арқасында оқушыны қызықтырарлық, тартымды шығарма жазып шығуы, сол кездегі қазақ жазушыларының тынымсыз ізденіс үстінде болғанын тағы да дәлелдей түседі.

3. 6. Көбеев Спандияр "Қалың мал"

ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасының нағыз үлгісі қандай дегенде, кім де болса ойланбай "Қалың мал" романын атайды. Бұл заңды да, өйткені баспада жарияланған түрі бізге жеткен көлемді, көркем шығармалардың бірі - сол. Ал "Шұғаның белгісі" мен "Қамар сұлу" туралы әңгіме басқа. Себебі олардың екеуінің де алғашқы нұсқасы, былайша айтқанда, қолжазба бізге белгісіз. Оны тек түрлі тәсілдер мен салыстырулар, талдаулар арқылы ғана шамалауға болады. Олар туралы сәл кейінірек сөз етпекпіз.

"Қалың мал" романының жариялануы қазақ халқының 1913 жылғы өміріндегі елеулі мәдени уақиға еді. "Айқап" журналы мұны жыл табыстарының қатарында өте дұрыс атап өтті ²⁷.

²⁶ Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі.-Алматы, 1968. 264 б.

²⁷ "Айқап".-Троицк, 1914. № 3

С.Көбеевтің "Қалың мал" романы бізге ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көптеген процестерді ашуға көмек береді. Біріншіден, онда С.Көбеев сияқты қазақтың ағартушылық, демократтық бағыттағы жазушыларының роман тәрізді көлемді прозалық шығармаға келу жолы, сыры бар:

"Надандыққа, феодалдық ескішіл, өрескел сорақы салтқа қарсы күрес жүргізудің бірден бір жолы - халықты ағарту, балаларды оқыту, халықты сауаттандыру деп, оны мәдениет сатысына аяқ бастыру деп ұғушылардың бірі мен едім. Бірақ сегіз-тоғыз жыл оқытушы болғаннан кейін феодалдық салтпен күресу үшін тек бір ғана балаларды оқыту жеткіліксіз екеніне әбден көзім жетті. Бұл күресте халық санасына күштірек әсер ететін басқа да құралдар керек сияқты көрінді. Іздене келе, мен осы мақсатқа жету жолында ағартушыға ыңғайлы күрес құралының бірі - көркем әдебиет екен деген ой түйдім.

...Мен осы ойымды жүзеге асыру мақсатымен 1911 жылдан бастап "Қалың мал" романын жазуға кірістім... Романды жазуға себеп болған негізгі ойдың бірі - роман сияқты қазақ тілінде елдің тұрмыс жағдайынан алынып, көркем шығармалар жазылса, олар халық арасына неғұрлым көп тараса, ескіліктің, феодалдық әдет-ғұрыптың тамырына балта шабылар еді, еңбекші елдің санасы оянып, мәдениетке талпынар еді деген қорытындыдан туды"²⁸.

"Қалың мал" романын жазу үстінде автор орыс әдебиеті классиктерінен үлгі алған, әсіресе, Гогольдің "Өлі жандарының" әсері мол болған. Онымен қатар, жазушыға халқымыздың ауыз әдебиеті шығармаларының да ықпалының болғаны анық²⁹.

Романды жазуға С. Көбеев белгілі бір дайындықпен келді. Оның қазақ балаларына оқу құралы ретінде жазылған "Үлгілі тәржіма" (1910) және "Үлгілі бала" (1912) атты кітаптары Қазанда, ағайынды Каримовтар баспасында жарық көрді. Алғашқы кітабында орыс классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларынан аударма жасаса, кейін "Үлгілі бала" хрестоматиясына олардың балаларға арналған әңгімелерін қазақ тұрмысына лайықтап аударды және өзінше де әңгімелер қосады. Сөйтіп, көркем прозаның кейбір жазылу әдістерін меңгереді, қиындықтарын көрді.³⁰

Көбеевтің осы романы туралы жазылған еңбектер де көп. М. Әуезов, С. Мұқанов, Б. Кенжебаев, Б. Шалабаев, Ы. Дүйсенбаев, С. Қирабаев, Ә. Дербісәлин, Р. Бердібаев, М. Бөжеев-тердің еңбектерінде қазақтың алғашқы романдарының бірі ретінде "Қалың мал" романы жан-жақты талданады. Осылардың арасында, әсіресе, С.Көбеевтің өмірі мен творчествосы жайлы арнайы зерттеу жасаған С.Қирабаев еңбектерінің орны ерекше³¹. "Қалың мал" романын зерттеуге көп үлес қосып, мақала жазған ғалымдардың М.Бөжеевтен басқасы кейінгітолықтырылған нұсқасына талдау жасайды³².

²⁸ Көбеев С. Тандамалы шығармалары.-Алматы,1960. 246-б.

²⁹ Сонда, 246 б.

³⁰ Қирабаев С. Спандияр Көбеев.-Алматы,1958.-Б. 142.

³¹ Сонда.

³² Бөжеев М. Революцияға дейінгі проза үлгілері.//Известия АН ҚазССР. Сер.общ.н.-Алматы.1965,вып.2.март-апрель.-Б.40-49.

Осы оқу құралында біз де негізінде романның 1913 жылғы нұсқасын қарастырамыз.

Романның 1913 жылы Қазанда басылған нұсқасын кейінгі басылымдармен салыстыра қарастырғанда көптеген өзгерістердің барлығына оңай көз жеткізуге болады. Сол арқылы XX ғасыр басындағы әдеби процестің, әсіресе прозаның ерекшеліктері айқындалады. Сондықтан оның да оның алғашқы және кейінгі басылымдары арасындағы айырма осы кезең прозасының және жаңа романын зерттеушілер үшін негізгі объекті болмақ. Бұл қандай айырма? Ең алдымен, революциядан бұрын жазылған шығармасына 30-жылдары қайта оралғанда С.Көбеев негізгі объектісіне жаңа көзқараспен келген. Қаламгер кеңес үкіметінің күшпен таңыла бастаған идеологиясын ескерген. Сөйтіп, бүгінгі оқырманға жақсы таныс "Қалың мал" конфликтісі - елге тізесін батырып отырған озбыр бай Тұрлығұл мен кедей тобы Медеу аулы арасындағы қайшылық, тартыс пайда болған. Контрасты стильде баяндалатын бұл қақтығыс 1913 жылғы "Қалың малда" мүлде жоқ. Бірақ онда да бай - болыстардың, билердің момын елге істеп отырған қиянаттары бар. Мысалы, Тұрлығұлға Ғайша жайын айтып келетін Байғазы мен Құрымбай келетін уақиғаны еске түсірейік..

"Бұл келген, сол елдің: "Байғазы, Құрымбай деген ақсақалдары еді, өздері және де бетіне жан келмейтін билер..."

...Елден шыққалы бір жетідей болып еді, ауылнай жағына барып келеміз. Сиязден, халық ішінде бір-біріне ауысқан-түйіскен бар, тоқты тұрымдай жанжалдары бар сондайларды бітіріп, елде мұндай дау көп болар ма, халық бұзылып біткен ғой, Құрекеннің пышағы май үстінде қалтасы да толған шығар... деп Байғазы көзін қысып қалжыңдады. Құрымбай: - Қасқырды қойға тимес деп ешкім айтпас... деп, қарқ, қарқ күлді"³³.

Олар осы келгенде Ғайшаның ғана емес, Есмұраттың келінінің де тағдырын саудаға салып, оны Жиенбайға ақшаға алып бермек болып уәделеседі.

Бұлардың осы қалжыңдары мен сөздеріне қарағанда, айтқандары болмай қалмайтын тәрізді. Бірақ ел ішінде оларға қарсылық та бас көтеріп келеді. 1913 жылғы басылымда осы қарсылық көріністері өте әлсіздеу, солғындау бейнеленеді.

Тұрлығұлдың үйінен Ғайшаны Қожаш алып кеткеннен кейін оның артынан қуып барған Әбіш пен Байғазы, пара беріп сол елдің болыс, билерін көндіргендей болса да, "қалың қараның" қарсылығынан жасқанған ел атқамінерлері Ғайшаны қайтара алмайды.

"Бұл ыңғайды көргенсін кілі қара халық Қожаш жағына шығып Ғайшаны бермеуге айналды. Біздің елдің де, пәленше түгеншелердің де жесірлері кеткен деп, бұл қалыппен бес алты күн тартысып көріп істің аяғы зорайып бара жатқансын, есек дәмелі болып жүрген би, болыстар ақылына түсіп оңашада мәслихат етістілер: қой, былтырғы астан жаңа бір аллалап есімізді жиып отырғанда, тағы да кісі өлімі болып, айдаладағы біреудін

³³ Көбеев С.Қалың мал.-Қазан.1913.-Б.4

катыны үшін он бес сом аламыз деп басымыз кетер деп тоқтастылар" ³⁴.

Үзіндіден би-болыстарға автордың көзқарасы да, олардың жаңа заманды, заңды сезуі де, халықтан қорқа бастауы да анық байқалады.

Демек, ел ішінде олардың жүгенсіздігі мен әділетсіздігіне, жастарды бақытсыздыққа ұшыратушы көне салтқа деген қарсылық пісіп, жетіліп келеді. Қожаштың Тұрлығұлға теңдік бермей кетуі осы жағдайдың да жемісі.

Романның, әсіресе, 1913 жылғы нұсқасында Тұрлығұл - елге зорлық жасап, қаталдық көрсететін ызғарлы байдан "гөрі, бәйбішесінің өліміне қатты қайғырған дәрменсіз шал. Сондықтан да Ғайшаға жаны ашып, көмектесуші жастар - Әлкен, Бірке, Жүніс, Серғазылар оның әрекетсіздігін біліп, Қожашқа қызды Көкшетауға алып қаш деп кеңес береді. "Сонау Көкшетауға артынан іздеп кім барар дейсің" ³⁵, "Еліңе бір жеткесін заңмен, болмаса қолмен бұл (Ғайша.- З. Б.) еліңде қалады. Тұрлығұл болса - шал, Итбай болса - мынау" ³⁶.

"Итбай болса мынау" дегеннің өзінен автордың оған деген ирониясы, юморы байқалады

Қожаштың ағайындары да Тұрлығұлдан қорқып отырған жоқ. "Жарайды талабың қайырлы болсын, мұнда аман-есен бір жетсең, Есіл елі біздің Қыр елінен зорлағанда ғана мал алады, болмаса о да жоқ қой" ³⁷. Қарап отырсақ, Тұрлығұлдан ешкім де қорқып отырған жоқ. Атқамінер ақсақалдар мен би-болыстардан да үрейленіп отырған ел көрінбейді. Бұл - сол дәуірдегі халықтың тіршілігі мен санасындары өзгерістерді байқататын деректер.

XX ғасыр басындағы қазақ жастарының, әсіресе, қыздарының бостандық үшін күресі күн санап күшейе түсті. Ғасырлар бойы тырп еткізбей келген салт-сананың, би-болыс, ауылнай, атқамінерлер тобы билігінің солқылдауы, олардың қаулап көтеріліп келе жатқан ел наразылығынан үрейленуі, жоғары, төмен жалтақтауынан туындап жатқанын аңғару қиын емес.

1913 жылы "Қалың малды" жазғанда С.Көбеевтің таза ағартушылық-демократтық көзқараста болғанын есте ұстауымыз керек.

"Қалың малдың" алғашқы нұсқасында кейінгі басылымдарындағыдай композициялық үйлесім, тұтастық жоқ. Мысалы, романның 32-38-беттерде баяндалатын Ұрқия тойы - артық эпизод. Шығарма көркемдігіне де мазмұнына да байлансыз этнографиялық мәліметтер сипатталған.

Ұрқия тойының тәптіштей баяндалуы, этнографиялық мәліметтердің мол келтірілуі қалың мал мен той үстіндегі түрлі киіт, кәденің жастар тағдырын, той көркі мен құдалар арасын бұзатын, қуанышқа көлеңке, көңілге кірбің түсіретін кесел екенін көрсетуге негізделген автор мақсаты болса керек.

Бірке, Әлкен, Жүністер кездейсоқ бейнелер тәрізді, әрекеттерінің де көркем мазмұнға байланысы аз. Бұлардың романның жалпы уақиғасына да, негізгі кейіпкерлер бейнесінің ашылуына да қатысы шамалы. Оларды уақиға

³⁴ Сонда, 79

³⁵⁻³⁷ Сонда, 30-б.

өзегіндегі негізгі тартысқа автор араластыра алмаған. Оларды енгізу арқылы жастардың бостандығын, тілегін аяқ асты қылған ескі салт-санаға қарсылықтың пісіп, жетіліп келе жатқанын көрсету болса, бұл наразылықтардың көріністері өте солғын.

Кейінгі басылымдарда "Қалың мал" романының құрылысы мен тілі кәдімгідей көріктенген. 1913 жылғы "Қалың малда" кездесетін көптеген өлеңдерді автор алып тастаған, әрі Тұрлығұл портреті мен мінездеуін енгізген³⁸.

"Қалың малдың" 1934 жылғы басылымындағы Н.Манаевтың алғы сөзінеи бастап "Тұрлығұл Ғайшадан неге айрылып қалды; жастардың қосылуы, романның бақытты финалы мүмкін бе?" деген сұрақ туындайды Бір топ зерттеушілер мұның себебін 1905 жылғы бірінші орыс революциясының әсерімен оянған қазақ кедейлерінің таптық күресімен түсіндіреді.

Ендеше осы тарихи шындықтың "Қалың малдағы" көріністерін қарастыру керек. 1913 жылғы "Қалың малда" халық пен болыс-билер арасындағы күрделі қатынастар бар. Ол дауыл ал-дындағы тыныштық тәрізді. Осы тыныштықты пайдаланып Қожаш пен Ғайша теңдік алып отыр. Бірақ, автор бұл уақиғалардың себептерін толық сипаттап жазып, оны шығармасының негізгі желісіне айналдыра алмады.

Жалпы "Қалың мал" романының қай басылымын алсақ та Тұрлығұл жастарға қарсы тегеуірінді қимыл көрсететін басты бейне емес. Кейінгі түзетулерінде автор қосымша детальдар мен эпизодтар арқылы оны алғашқы планға шығармақ болса да ол мақсатына жете алмаған. Кейбір уақиғалар мен кейіпкерлер бейнелеріне түзетулер жасағанда қаламгер есепке алмаған ұсақ-түйек көріністердің роман алғашқы нұсқасындағы авторлық ой-идея, сезім сырларына талдау жасауда, олардың кейбір әрекеттерінің себептерін ұғуда ролі зор.

Кейінгі басылымдардағы Тұрлығұлға қосылған мінездемеге қараңыз. "Тұрлығұл ұзын бойлы, мес қарын, түксиген қалын қабақты, көп сөйлемейтін, жалпақ мұрын, қарсы келген адам қаймыққандай елге зәбірлі, көршілеріне мазаң, қатты адам еді". Қаламгер кейінгі басылымда әлгіндей мінездеме жасаған Тұрлығұлдың кейбір әрекеттерін ешқандай өзгертпей сол алғашқы қалпында қалдырған. Шаруасын істейтін жалшылардың роман басында мал мен үйге қарауды біржола қойып, "қонақ үйге су-су шұлғау, байпақтарын" жайып, байдың аса қадірлі аты - Үлкен торыны (1913 жылғыда Рисақ торы) мініп алып қақпан құрып, тышқан аулап, шілделікте жүруі қалай болар екен? Сол тәрізді, романда Тұрлығұл үнемі Әбіштен ақыл сұрайды. Ағайындарының оның малына қол сала бастауы қалай? Бұлар әлгіндей мінезді адамға тән әрекет емес қой.

Тұрлығұл қатал, әрекеттің адамы болса, күйеу баласы Шалқанға қамшы жегізіп үйінде қарап отырар ма?, Ғайшаны алып қашқан Қожашқа да, бір

³⁸ Көбеев С.Қалың мал.-Қазан.1913. 95-б.

әрекет, күш көрсетер еді ғой, Тіпті солай болғанда да Тұрлығұлдың кейінгі әрекеттері тым жеңілдеу, автордың мінездеуіне сай емес.

Романның кейінгі басылымына С.Көбеев енгізген осындай түзетулер көптеген уақиғаларға да көлеңке түсіріп тұр. Роман жазудағы негізгі мақсатының бірін автор былай баяндайды. "Романды жазудағы тағы да бір ең басты себеп болған нәрсе - қазақ әйелінің қас жауы, қазақ әйелдерін теңсіздікте, қорлық-зорлықта тұтып, малға теңеген феодалдық салтқа қарсы күрес жүргізу мақсаты еді" ³⁹.

"Қалың мал" романының алғашқы нұсқасында автор осы мақсатын айқын жүзеге асырған. Роман басында Байғазы мен Құрымбай билер өз пайдалары үшін Есмұраттың келінін саудалап жатса, алпыстағы Тұрлығұл мал беріп, өзінің қызындай Ғайшаны алмақ болады. Тұрлығұл мен Ғайшаның арасындағы жас алшақтығы олар үшін мүлде үйреншікті нәрсе. Сондықтан да оны ойлап отырған ешкім жоқ, оларды толғандыратын басқа нәрсе. "Сіз ұнатпай ма деп Итбайға ештеңе демей кеттік", - дейді Байғазылар. Демек, Ғайшаны Тұрлығұл ұната ма, жоқ па, мәселе сонда. Арадағы жас алшақтығын, басқа да жайларды Тұрлығұл да ойлап отырған жоқ. "Маған бермесе де малға береді" - деп Ғайшаны малға алатынын біліп отыр. Бұл Тұрлығұл маңындағылардың ойы.. Енді қыз әкесі Итбай мен Ғайша ауылындағылар не ойлап отыр.

Әбіш келгеннен бастап Тұрлығұл жайын бірден сезген Итбайда ес қалмайды. "Қанша мал сұрасам екен? Әлде ақшалай алсам ба екен" - деп тыным таппаса, оның жақын ағайындары Амантай мен Жамантай, Қарақұлдардың бәрі бір дауыспен "жарайды, жат жұрттыққа жаралған бала ғой, қайырлы болсын, беру керек, мал десе малы бар, бай десе бай – деседі" ⁴⁰. Ата сақалы аузына түскен Тұрлығұлдың Ғайшаны айттыруы олар үшін де адам таңданатын уақиға емес, қалыпты жай. Бірақ бұл салтқа қарсылық та бар. Қыз шешесі Айсұлу Тұрлығұлдың атын естіген бойда-ақ ыршып түседі: "Мен он қырық жеті болса да баламды шалға беруге риза емеспін" ⁴¹.

Ал Бірке, Әлкен, Жүністер Ғайша тілегін тілейді. Оны құтқарсаңшы деп Қожашқа жалынады. Ғайшаның шілдеханада айтқан өлеңін естіп, қыздар жылап алса, Серғазы да ойға қалады. "...Рас, Ғайша он бесте, Тұрлығұл алпыста, әлде одан да артық па, бір аппақ шалға барып бишара қалай адам болады. Обал! Обал!.. Ешкімге жазығы жоқ қор қызы секілді байғұстың обалына бекер кіріскен екем - енді реті келсе құтылуына себепкер болсам" ⁴². Серғазының Қожаш - Ғайша уақиғасына араласып, оларға тілекші болуының негізгі сыры осы. Сол тәрізді Итбайды білетін көпшілік те Ғайшаның жайын естігесін "бүйтіп алған малы құрсын" дейді. Кейінгі басылымдарда Әлкен, Бірке, Жүніс бастаған топ Қожаш - Ғайша оқиғасына тізесін батырған Тұрлығұлдан кек алатын кез ретінде, өздерінің таптық мүдделері тұрғысынан қарайды. Ал 1913 жылғы басылымда олар құрбыларын аяп, реті келсе оған көмекке баруға даяр екенін айтады. Бірі

³⁹ Көбеев С. Таңдамалы шығармалары.-Алматы,1960. 246-б.

⁴⁰ Көбеев С. Таңдамалы шығармалары.-Алматы,1960. 105-б.

⁴¹ Көбеев С.Қалың мал.-Қазан.1913. 12-б.

⁴² Көбеев С.Қалың мал.-Қазан.1913. 26-б

Қожашқа "Ғайшаны алып қашсаңшы" десе, екіншісі - Ғайшаны құтқаратын адамға 50 теңге беруге даяр екенін білдіреді. Бірақ ел адамдары қаншама Ғайшаны аяса да тек осы пейіл білдіруден аса алмайды. Әрекетке көшетін пәрменді қарсылық жоқ.

"Қалың мал" романындағы уақиға тірегі де, негізгі тұлға да - Итбай. Бұл күні бүгінге дейін де өзінің көркемдігі мен тартымдылығын жоймаған образ. XX ғасыр басындағы қазақ прозасында жасалған кейіпкерлер арасында Итбай бейнесі дара тұрады.

Кейінгі басылымдарда да автор осы Итбай әрекетіне аздаған түзету ғана жасаған. Итбайға қатысты бірнеше детальдар мен эпизодтарды ептеп қысқартқан. Ғайшаға жасау іздеп қалаға келген Итбайдың базардағы саудагермен саудаласатын эпизодына да түзетулер жасаған. Мәселен, 1913 жылғы "Қалың малда" кездесетін "Сарт дағы матасына армансыз сұрайды. Итбай да кері саудамен берудің мәнісін білді - айта келгенде сартқа көп жегізген жоқ" деген сөйлем кейінгі басылымдарда былай өзгерген: "Қырдан келген шаруадан жеп қалған саудагер ұялмастан-ақ нәрсесіне екі-үш бәсін сұрауды білді. Итбай да саудаласып көріп еді, бірақ жеп қалған саудагер шаруаға жегізсін бе?.." ⁴³. Итбай характеріне 1913 жылғы нұсқасы дұрыс келетін тәрізді. Өйткені, жалғыз қызын шалға беріп, оны біреу алып кетпесін деп жарғақ құлағы жастыққа тимей, күні-түні күзетіп, көз жазбай жүрген Итбай оңай адам емес.

Сонымен, "Қалың малдың" негізгі идеясы қазақ қыздарыи малға сатқан ескі салтты сынау, әсіресе, он бестегі қызын алпыстағы шалға сатып, оның зарына құлақ аспай, болашақ байлығының, малының елесіне мәз болып, желпілдеп, жалаң аяқтанып құлын қуып, құлап-сүрініп жүрген Итбай тәрізділерді аяусыз сынау. Бұл -романдағы ең негізгі желі. Мына үзінділер соның айғағы.

Итбай Тұрлығұл үйінде: "Итбайдың қуанышы өз алдына: бұл не деген тәрбие, бұл не деген қонақ асы, бұл не деген көрпе-жастық. Алланың ісі бұнысын ғажаптандырады-ау, қалай шебер алла, байдың бәйбішесі өлмесе бұндай тәрбие, қонақ асыға қолым жетер ме еді дегенді ойлап бір оң жағындағы жастыққа, бір сол жағындағы жастыққа бір шынтақтап отыра алмай отырды" ⁴⁴. Ғайшаны алуға Тұрлығұл келеді. "Итбай: Келді шаңдақты бұқыратып келе жатыр. Әмеке жарықтық бұрынғылардың сөзі дұрыс-ау бермесе де бай жақсы, жемесе де май жақсы деген. Кедей болса арығын... түртіп, жортақтан артық жүрмес еді, ана қарашы, бұрқыратып келе жатқаны - деді" ⁴⁵.

Итбайдың істеп жүргені үлкен трагедиялық іс болса да оның осы ұшып-қонған жүріс-тұрысын, қиялилығын автор күлкіге айналдыра әжуалай әңгімелейді. Бұл - "Қалың малға" өзіндік бір өң береді. Сол тәрізді Ғайшаның қалың малынан дәметіп, кімнің қызын айттырсам екен деп ауыл қыздарын

⁴³ Көбеев С. Таңдамалы шығармалары.-Алматы,1960. 131-б.

⁴⁴⁻⁴⁵ Көбеев С.Қалың мал.-Қазан.1913. 60-б; 26 б.

⁴⁶ Қирабаев С. Спандияр Көбеев.-Алматы,1958.

түгендеуші Қаракұл және үнемі Итбайды қолпаштап, көтермелеп, тамақ бағып жүретін Аманбай - бұлар адам тағдырын трагедияға ұшырататын дүлей қара күштің, болмаса, түпсіз залымдықтың өкілдері емес, олар көбіне өздерінің құлқынынан, ұсақ тіршіліктерінен аса алмайтын кішкене жандар.

Итбай әрекетіне бүгінгі оқушы да еріксіз езу тартады. "Қалың малда" С.Көбеев қызын ғана емес, бар болмысын да малға сатқан Итбай тәрізділерді әшкерелеп отыр. Адамдық ақыл-ойды былай қойғанда, ар-ұят дегенді ұмытқан малқұмар кішкене жанды мазаққа айналдырады.

Роман уақиғасын баяндау барысындағы, көркемдік шешім жолындағы автордың шеберлігіне назар аударалық.

"Қалың малда" ХХ ғасырдың басындағы қазақ романдарына тән өлең жолдары да кездеседі. Роман дәстүрлі проза үлгісімен жазылған. Қожаш, Ғайша түсінісулері, пікірлесулері шілдеханадағы өлеңдерден басталады. Бұл өлеңдер кейінгі басылымда жоқ. Көркемдік құны да, ойы да әлсіз өлеңдерді алып тастап автор дұрыс істеген. "Қалың мал" романының ауыз әдебиетімен байланысы туралы көп айтылды. Сондықтан мұнда оларды қайталап жатпаймыз⁴⁶.

1913 жылғы "Қалың малда" кездесетін Ғайша портретінің өзі фольклорлық үлгіде. Бірақ оның есесіне Итбай әрекеті мен ойларын автор өз эмоциясына, қабылдауына сәйкес бейнелей отырып, оның жан-дүниесін оқырман көз алдына жайып салады. 1913 жылғы "Қалың малда" диалогтар екі түрлі әдіспен берілген. Бірінші, кейіпкерлер сөздері жаңа жол арқылы оқшауланбай қатар-қатар тіркесе беріледі. "Бұның бәрін көріп (шаруашылығын - З. Б.) бай -көздің жоқтығы осы ау...- деп... қайтадан үйіне келе жатса, ет салатын шошаласынан бір ит кіріп шығып жүр екен. Итті, кет! деп қуып жіберіп бір жүгіріп жүрген самауыр қоятын баладан: Аманжол қайда деді. Бала Аманжол Атекем ауылына кеткен Байқадамның қатыны ұл тауып соның шілдеханасына, екі күннен бері жоқ... деді. Хасен қайда кетті дегенде ол мана шай ішкесін ойық тазалаймын деп кеткен, қақпандарын ала кетіп еді, сол жақта ақ тышқан мақ тышқанның ізі көрінсе құрамын деп, маған түс кезінде сиырларды айдап жіберерсің деп еді, мен мана айдап жібергенмін, су ішкені ішіп, ішпегені жолдан қайтып, келіп жабағылардың шөбіне кіріп кетті. Қақпағын бұзып, айдап шырайын деп едім маған болмады, Хасеннің өзі келген жоқ, тышқан көріп айналып жүрген шығар - рисак торыны мініп кеткен... (рисак торы деген, қылауына қол жуытпайтын байдың бір қадірлі аты еді.) осы үйдің әлгі қатыны қайда? Қызболған үйіне кетті, кісі, місі келсе мені шақырарсың деп еді және түсте шай қоярсың деп еді, самауыр қайнап тұр, Қызболғанды шақырып келейін бе ата! Шақырсаң шақыр деп бай үйіне кірді"⁴⁷.

Келтірілген үзіндіде баяндау, диалог арасындағы қиындықтар көрінеді, бірақ қаламгердің оны меңгеруге өте таяу тұрғаны да байқалады. Әр кейіпкердің сөзіне тән ерекшеліктер мен сөз қолданыстары, даралығы, стилі

⁴⁷ Сонда, 3-б.

берілген Автор диалогте әр кейіпкерге сәйкес белгілерді қолданып отыр, бірақ, соны әдеби формаға түсіруде ақаулар мол.

Диалогтың екінші түрінде кейіпкерлер сөзі жаңа жол арқылы даралана бастайды, бірақ мұнда да бірізділік жоқ. "Кешке: Итбай келді дегенді естігесін, алған жасауларын көрейін деп, келген ауылдың адамдарына көкіп, нәрсені шешіп жайып отырды. Алған нәрсем көңілдеріңе ұнай ма, деп.

Бұл отырған кісілердің басы Амантай еді. Ай қайырлы болсын,- жарайды бұл жерде қыз ұзатқандардың бұдан артық жасау алғанын көргенім жоқ, - деді.

Бұны есіткенсін, Итбай көңілденіп: Ай қатын асың пісті ме? Тез пісір, - деді. Итбайдың бұл сөзін есіткенсін манадан шешінбей отырған Амантай шешіне бастады.

Базарлық жейін деп, опыр-топыр болып отырған балаларды: Итбай ұрсып қуып шығып,-Амантайға, жасауды қалай алып, қалай келгенін айтты.

Амантай да,- құр қостап: әй, ай дан басқа сөз жоқ.

Түнде, жатқанда, Итбай қатынына сыбырлап: Ғайшаның киімін тігетін машина қайдан табылар екен?- деді.

Қатыны: Ғалым тікпей ме? деді.

Сонда Итбай: Әй Ғалым тігеді ғой, - бірақ, - Ғайшажанды биылғы, Алпыстың қызы құсатып жүрмесе?- деді.

Қатыны: Тәйірі қойшы? Не болса соны айтпай деп..."⁴⁸ келтірілген үзінділер автордың диалогтарды меңгеруге біршама жақын тұрғанын байқатады. Осындағы "кетіктердің" оңай жөнделетіні де анық. Бірақ, автор оны кейінгі басылымдарында жөндегенде көп ескере бермеген.

Сонымен, қорыта айтқанда С.Көбеевтің "Қалың мал" романы өзінің алғашқы басылымында да автордың алдына қойған мақсатын орындап шыққанын көрсетті.. Шығарма құрылысы мен тіліндегі кейбір ақауларға қарамастан, оқырманда жақсы әсер қалдырады. Мұны кезінде "Айқап" журналы да атап көрсеткен болатын. Итбай тәрізді образдың жасалуы - сол дәуір прозасы үшін үлкен табыс. Автордың суреттеулері мен баяндауларында біраз олқылықтар болғанмен де роман тартымды, қызықты. Кейіпкерлер сөзінде ауызекі тілдің барлық бояулары сақталған. Баяндау мен диалог арасындағы күрделі қатынасты автордың сезе бастауы көптеген диалогтардың біршама жақсы берілуіне әсер еткен.

3.7 Сұлтанмахмұт Торайғыров "Қамар сұлу"

XX ғасыр басындағы қазақ жазушыларының ішінен С. Торайғыров қаламынан туған "Қамар сұлу" романы - осы дәуір әдебиетінен бүгінгі оқушыларға жақсы таныс, көлемді, көркем шығарма. Романға негіз болған уақиғаны қаламгер Алтай елінен алған. Қыздың аты Қамар емес. Қаламгер кейіпкеріне жақын туысы әрі досы Қасымның қызының атын берген. Ол

⁴⁸ Көбеев С7 -Қазан, 1913. 53-54 бб.

зерттеушілер назарына да ерте ілігіп, жан-жақты талдауларға ұшырап, күні бүгінге дейін әлденеше жарық көрді, мектеп жоспарлауына енді. ⁴⁹.

"Қамар сұлудың" алғашқы нұсқасы, автор қолжазбасы бізге белгісіз. Біздің қолымыздағы оның 1933 жылғы таңдамалы шығармаларында жарық керген түрі ғана⁵⁰.

Сондықтан да осы таңдамалыларда жарияланған "Қамар сұлу" сол алғашқы қалпын сақтады ма, болмаса белгілі дәрежеде редакциядан өтті ме деген сұраққа жауап іздеу оның творчествосын зерттеушілер үшін де, қазақ прозасының тарихы үшін де аса қажет.

Түрлі жағдайларға байланысты С.Торайғыров шығармаларының қолжазбасы бізге жеткен жоқ. Оның кейінгі табылған шығармаларын анықтау, тану үшін зерттеуші ғалымдар өмірбаяндық мәліметтерін, шығармаларының стилін пайдаланып келеді ⁵¹.

Біз бұл жұмысымызда қаламгердің көзі тірісінде "Айқап" журналында жарияланған "Ауырмай есімнен жаңылдым" атты прозалық шығармасын "Қамар сұлумен" салыстырамыз және осы дәуір прозасының жүйесінде типологиялық тұрғыда қарастыру арқылы олардың құрылысындағы мәнді сәйкестіктерді, белгілерді анықтаймыз.

Аталған әңгіме алғаш рет 1913 жылы "Айқапта" жарияланған. Міне осы әңгімені отыз үшінші жылы таңдамалыларға кірген түрімен салыстыру арқылы кейінгі басылымда қандай өзгешелік бар, соны анықтауға болады. Әңгіменің 1933 жылғы нұсқасындағы диалогтардың берілу үлгісі. "...Ес-түс жоқ, кеудесімен жер соққандай.

- Ет пісіп тұр. Жүріңіз. Молдеке жүріңіз. Қатты, қатты оқыңыз! Қасіретті адам ғой, - деді атымен ентелеп, мүлде үстімді басып кете жаздады. Баруға уақытым жоқ... олай, былай... - деп едім.

- Апырмай, тіпті білмесеңіз де, төбеңізді көрсетіңіз, - деп ішіп - жеуге қоймады.

Енді барып ықтиярсыздықты көзіммен көріп, неке оқымай, білгенімді қосып, бишараның көңіліне медеу болып қайтайын деп ойладым ⁵².

Осы үзіндіні "Айқаптағы" түрімен салыстырайық.

"...Ес түс жоқ. Кеудесімен жер шққандай. "Ет пісіп тұр жүріңіз, кітабыңызды ала жүріңіз! Қатты қатты оқыңыз қасіретті адам ғой" деп атпен ентелеп, мүлде үстімді басып кете жаздады, "баруға уақытым жоқ олай бұлай" деп едім "апырмай тіпті білмесеңіз де төбеңізді көрсетіңіз" деп ішіп жемге қоймады. Енді барып ықтиярсыздықты көзіммен көріп неке оқымай бейшараның көңіліне медеу болып қайтайын деп ойладым" ⁵³.

Бұдан екі нәрсе анық көрінеді. Біріншісі, С.Торайғыровтың 1933 жылғы жинағында топтастырылған шығармалар белгілі дәрежеде редакциядан

⁴⁹ Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. - Алматы, 1966; Кенжебаев Б., Сүйіншәлиев Х. Торайғыров С. Библиографиялық очерк. - Алматы, 1958; Дербісәлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. - Алматы, 1966;

⁵⁰ Торайғыров С. Таңдамалы шығармалары. - Қызылорда, 1933.

⁵¹ Шәменов К. Сұлтанмахмұт туралы жаңа деректер // Жұлдыз. №12. 1960. - Б.129-134

⁵² Торайғыров С. Таңдамалы шығармалары. - Қызылорда, 1933. - 376 б.

⁵³ Торайғыров С. Ауырмай есімнен жаңылдым // Айқап. 1913. - Б.116-117.

өткен. Екінші, автор баяндаудан диалогқа көшу арасындағы күрделі қатынасты шебер меңгере бастаған.

Келтірілген үзінділерден адам характерін жасау үшін автордың диалогты қандай шеберлікпен пайдаланғаны көрініп тұр. Кейінгі редакцияда авторлық баяндаудан кейіпкер сөзін, диалогты, бөліп көрсететін жаңа жолды және кейбір тыныс белгілерін ғана қалпына келтірген.

Бұл жинақта, өкінішке орай, барлық шығармалар осындай редакциядан өткен жоқ. Көбінде көзге бірден байқалатын тұстар ғана сәл редакцияланып, тыныс белгілері қойылған, ал творчестволық қызметті күрделі түзету, жөндеулерді керек қылатындары сол күйінде қалған. "Қамар сұлу" романында осындай сөйлемдер көп кездеседі.

"Қамар сұлу" 1913-1914 жылдары жазылып бітсе де кезінде жарияланбаған. Тек қана автордың қолжазбасы бойынша алғаш рет С. Торайғыров шығармаларының 1933 жылғы толық жинағына енгізілген. "Қамар сұлу" романы жөнінде Щэймерден (Торайғыров.-З.Б) қолжазбасында төмендегі түсінік бар: "Мұның көлемі 25 дәптер шамасындай еді, қолжазба жоғалған. Әуелде баспаға түгел берілген, ара арасыннан жоғалу себебі мәлім емес..". Шығарманың осы түріне қарағанда бұл автордың, сірә кейін қайта оралуды ойлаған алғашқы нұсқасы болса керек Бірақ қысқа ғұмырының аласапыран уақытқа тап келуі, еңсені басқан ауру мен түрлі жағдайлар оның бұл ойын іске асырмағаны белгілі. С. Торайғыровтың творчестволық қарымына және кейін жазбақ болған шығармаларының эскизіне қарағанда ол күрделі, көркем прозаға өте таяу келген. Мына жолдарға көз салайық: "Терісайрық өзенін жағалап жүрген кісіге Тарбағатай тауының алыстан аласара-аласара бейне өзенге сәлем берген секілді кішірейіп, тоқтаған салдарымен дүмін кейін салып паңдық, бойкүйездік басқан балаларына мақтанып, одырайған жоталары көрінеді. Тағы біраз Жүрсең, кейбір таулар бейне Терісайрықтың дамылсыз аққан суын шығарып салатын секілді жанаса жүріп отырып көлденең келген тағы бір тауға сөйлесіп қала береді. Тағы жүре түссең Терісайрықтың суға үнілген жарын кекеткен секілді, еңсесін өзенге қарай салып..."⁵⁴.

Адамды жетелей жөнелетін осынау жолдарды үзіп отырған біз емес. Оны белгісіздікте қалдырған уақыт, көп нүкте шарасыздықтан қойылып отыр. Көркем прозаға қойылар талаптың қай эталонымен өлшесеңіз де төтеп беретін осынау жолдарда қазақ әдебиетінің ішкі дамуының үлкен қуаты да бар.

"Қамар сұлу" романы автор мақсаты мен шешімінің айқындығын әйгілейтіндей ширақ басталады. Бірден Қамар мен Ахметке жолығасыз.

Екеуінің біріне-бірі сай екенін, құлақ қағыс етеді де, автор негізгі уақиғаларға бастайды.

"Қамар сұлу" - бас бостандығы, теңдік үшін қатыгез ортамен өштесе күреске шыққан жастар әрекетін баяндайтын роман. Қамар - төбесін тесіп жатса да әділетсіздікті айтып өткен, соны қорғаушы қатал күштердің

⁵⁴ Торайғыров С. Таңдамалы шығармалары.-Алматы, 1950. 254-б.

жаназасын шығарушы қыз. Сондықтан да оның осы кез әдебиетіндегі басқа бейнелерден шоктығы биік тұрады және қыздардың адамдық правосы үшін ескі салтпен күресін, бейнелейді. Қазақ қыздарының бас бостандығы жолындағы күресін суреттейтін басқа шығармалардағы Шұға, Ғайша, Мариям, Ғайынкамал т.б. образдарында бұл үн, әшкерелеуші, күресуші сарын әлсіздеу.

Олардың бәрі де бостандықтары мен адамдық праволары үшін шамалары жеткенше күресті. Өз әрекеттерінің меңіреу қабырғаға соқтығып, қара күшке, зұлымдыққа төтеп бере алмаған сәттерінде бірі құсадан өлді, бірі жынданып кетті. Түрлі объективті-субъективті жағдайларды пайдаланып мақсат-мұратына жеткендер де бар. Бұл көркемдік шешімнің өзі екі түрлі жағдайға сілтейді. Бірі - бостандық жолында күреске шыққан қазақ қыздарының бәрі тек өлімге ғана барып тірелетін жалғыз жолға аяқ басқан болса, бұл қозғалыс кезінде осындай сипат алмаған да болар еді. Екіншіден, ағартушы-демократ жазушылар бостандық, бақыт жолындағы басты күш, қару ретінде оқу мен білімді қарастырды да, сол идеяны жеткізу, насихаттау үшін кейбір жасанды сюжеттерді, ойдан шығарылған фабулаларды, ситуацияларды пайдаланды. Жоғарыда біз айтып өткен Т.Жомартбаевтың "Қыз көрелік" романы мұның бір дәлелі бола алады.

Бұл көркем образдар - авторларының тілегі мен әрекетін, идеясын көрсетушілер. Бірақ осылардың қайсысы да адамды ақшамен, малмен бағалайтын қоғамды, салт-сананы Қамардай әшкерелей алған жоқ. Өйткені, өзі өлердей жек көретін сауда-ақша әлеміне осынша үкімді осы авторлар арасында тек қана Сұлтанмахмұт шығара алатын еді. Ол айтты да.

XX ғасыр басындағы ағартушы-демократ жазушылардың бұл тақырыптағы шығармалары - қыз-жігіт арасындағы, махаббат жырын майын тамыза баяндап, тамсана қызықтайтын хикая емес. Олар - адамдық право мен бақытты өмірді аңсайтын публицистикалық пафосқа, ой мен идеяға толы шығармалар.

"Қамар сұлуда" мекеншақты немесе уақыт - кеңістікті бейнелеу, қолдану бар. Әсіресе, характерлердің келесі бір әрекетке бекінуі, болмаса бір шешімге келуінің себеп, мотивтерін бейнелеуде қолдану бар. Бас қаһармандарды ірі әрекетке, өзі өмір сүрген орта мен қоғамдық салт-санаға қарсы көтеретін күштерді уақыт кеңістік өлшемдерінде бейнелейді. Бұл әрине, С.Торайғыровтың характер сомдауда уақыт, кеңістік немесе мекеншақты қолданам деген саналы, табанды ізденістерінен деп айтар болсақ, бәлкім қателесетін шығармыз. Өйткені мекеншақты табиғи қалыпта көркем прозада қолдау ұзақ уақыт пен тәжірибені, таланты қажет ететін құбылыс. "Қамар сұлу" романында уақыт пен кеңістікті үндестікте қолдану С.Торайғыровтың талант құдіретінің арқасында ғана көрініс тапқан деп айтуға болады.

Нақты мекеншақта суреттелетін қаһарманның бірі Қамар. Романда еркінен тыс күштерге қарсы күреске Қамар бірден көтерілмейді. Шығармада оның характерінің қалыптасып, бекітін ортасының, ондағы өзгерістердің, уақыт тынысының көркем бейнесі бар.

Алғашында Ахмет екеуінің арасындағы махабатты, жұмбақ күй мен бойын билеген ырқынан тыс күштерді сезе тұра, мұны ел сезіп қалып ұят бола ма, дегендей ойларға қалады. Ахметтен хаттар ала бастағаннан кейін оның толғаныстары күшейе түседі. Ахмет екеуінің қосылуына мүмкіндіктің жоқ екенін ойлайды. Екеуі екі түрлі әлеуметтік топтың өкілдері, қоғамдық жағдайлары тең емес, ендеше әуре болудың қажеті бар ма,- деген ойларға шомады. Бұл - ұлттық тәрбие негізінде замана, қоғамдық сана табына сай ойлану. Қамар ойларында өскен орта мен замана талабын ескеруге, салт санасын сақтауға бекінген шешім бар. Ахметке жолдаған соңғы хатындағы өлеңде мынандай жолдар бар: "Оқыды" деген бар ед менің атым: Қызды оқытпа оқытсаң мынау ғой деп, Кейінгіге тимей ме кесапатым..". Ахметтің соңғы хаты ұсталып шу көтерілгенде онсыз да ішкі арпалыстан қажып, делсал жүрген Қамар "сүзектен тұрған кісідей... құр шыбын жаны қалған кісідей" күйзеледі. Бұл жерде үлкенді, ел ішіндегі салт-сана мен дәстүрді сыйлаған әдепті қазақ қызының менталитеті көрінеді. Өзін қоршаған ортаның, әлеуметтік топтың салт-санасын жақсы білетін ақылды қыз әдептен асудың, аттып кетудің сұмдық қиындығын сезіп тұр.

Сондықтан да Ахметке жазған хатында оны ұнататынын айта келе, сабырға, ел салты мен ата дәстүрін сыйлауға шақырады. Бірақ ол өз тағдырының қалай боларын әлі болжап тұрған жоқ. Бірік жаңалыққа жаны құмар оқыған ағасы Хасенге, замана лебін аңғара бастаған әкесі Омарға сенеді.

Романда іс-әрекет, толғаныс жолы суреттелетін жалғыз Қамар емес. Белгілі орта мен жағдайдың қатыгез әрекетіне орай Қамардың әкесі Омар бейнесі де өзгереді. Жағдайдың, заманның ыңғайын байқайтын Омар ішер тамақ пен киер киімге зәру емес. Қалың малға қызын сататындай жерге қарап отырған жоқ. Қамардың әкесін осы сипатта суреттеу үстінде шығармаға Сұлтанмахмұттың жаңа бір ойлары қабаттасады.

Әкесі Омар Қамардың бақытты болуын ғана ойлайды. Қызымды теңіне берсем дегеннен басқа тілегі жоқ. Алайда Омардың шешімдері де қоршаған орта мен ағайын-тумаларының, заманның ыңғайына қарай өзгеріске ұшырайды.

Жорға Нұрым құда түскенде Омар қатты шошынады: "Мынау сөз Омардың маңдайына тоқпақпен ұрғандай жайсыз тиді. Қайтерін білмей, түсі бұзылып кетіп, бір жеріне біз тығып алғандай ыршып-ыршып түсті. Шын күйініп кеткені емес пе, аузына не кіріп не не шыққанын білмеді: "Сыпыра бұзылған иттер. Дендерің сау ма? Мәжнүн болмасаңдар, қара жүрек болмасаңдар... апырым-ай, апырым-ай ұялмай, қызырмай періштедей қарашығымды аяқты малдан жаман дөңкиген жауызға ұйғардық деп, не беттеріңмен айтып отырсыңдар. Неден қысылдыңдар? Неден жүректерің үзілді. Түсіне кірсе қорқатын ноянға Қамарды барады, мені береді деп ойладыңдар ма? Құдай, құран, көз жас, обал деген нәрсе естеріңде бар ма? Жоқ малмысыңдар?.." Осылай қатты шошынған Омарды оның дәулетін де, жаңашылдығын да, балаларын да көре алмаған күншіл ағайындары, әлеуметтік орта зорлап көндіреді:

" - Кәне, сен бермегенде, Нұрымның қай жерінен мін тауып бермеймін дейсің? Малды десең малды; әлді десең әлді; атағы,тегі - анау; Жеті атадан үзілмей келе жатқан бақ-дәулеті - мынау...

Кеше хан тұқымынан да қыз алған Нұрым емес пе? Сен ханнан ақылды емес шығарсың...

Әйтеуір, атаның аруағымен алдыңа келіп тұрған "қыдырдың" қадірін білу керк қой...-деп, бірі қалмай данышпансып, үсті-үстіне баспалатып барып қойысты.

Әншейінде таспығын тартып, оны-мұныға кіріспей отыратын Қалтан қажы да бұрқырап:

"Бұларға өзі секілді қаражүрек орыс болмаса, не Ахмет скеілді сып борбай, шала қазақ болмаса, басқа мұсылман кісі жаға ма? Сен шоқынды былшылдады екен деп, мен пайғамбар жасынан асқанда, қажы басыммен өтірік айта алмаймын. Ол баланың билігі өзімде...Соған барып обал табатын болса, қияметте мен арқалайын куә болыңдар!... бала бармайды дейді дегенді тауып алыпты.Әке берсе қыз қайда бармаушы еді? Сені көріп отырып бала қалай оңсын? Қақбастан салып жіберейін бе?...

Оспан қанша айтқанмен би кісі ғой, ол жайлап сездірді:

- Мені өтірікші қылып, өлтіретін жерің де, көметін жерің де осы. Қияметке дейін көріспей, азып тозып, әркімнің аузында кететін жеріміз де осы. Бар, қай таңдағаныңды ал..."

Омар енді көптіің талқысын көрген соң, қайтерін білмей от алып, ораққа түспесі бар ма? Бір жанды, бір күйді; Кісі өлтірген кісіден жаман түсі де өзгеріп кетті. Әлгі ағаларынан безейін десе, азып-тозып, әркімнің аузында кетсе, тұқымымыз оңбай кетеді ғой деп, елден қорқып барады..."

Омар: осы қатын неге бер дей береді. Әлде Қамардан бірдеңе сезді ме екен? деп ойлап: Қамардан сұратыңдар, ол еш нәрсе демесе мен не қылайын деді.

Қатыны ашуланып:

-Ия, Қамар саған жөнін айтқалы тұр, оның ықтиярына жіберсек, Ахметтің қасында патшаны да керек қылмайды,-деп, ол баяғы таусылмас туказибанға кетті.

"Шығасына иесі басшы" деп бұл жолы Қамарды да қара басты. Істің бәрін біліп жатса да, алдындағы ұятынан жасқанып, дүкенді қызу үстінде соға алмай қалды. "Мен үшін әуреленбе!" деп, көріне батыршылық қылып зарлап тұрса, Омар көнбес пе еді, қайтер еді?..

Омар үндемей, төмен қарап отырып, жыламсырап:

- Қамар секілді асып туған қарашығым сендердің надандықтарыңа шынымен-ақ қара тоқты болғаны-ау. Көз жасы, обалы мойындарыңа! Ылайым көздерің ашылмаын!Мейлің итіңе, мейлің құсыңа бер...Ай, бағы ашылмаған қарағым-ай..Надандық-ай!.. деп еңіреп барып, бүке түсіп жатып алды.."

Сұмдық жағдайдың мойынға түскен салмағынан, аға, ата жолын сыйлаған халықтық салттың салмағынан солқылдаған Омардың да сыну себептерін С.Торайғыров уақыт, кеңістік өлемдерінде көрсетіп отыр.

Қамардың қазақ қыздарының бостандығы үшін күреске шындап көтерілетін шағы уақиғаға Жорға Нұрым араласқаннан басталады. Өз тағдырының аяқ асты болғаны айқын болған сәттен бастап, әлденеге сенген, ұят-сауап т.б. ұлттық салт - сана түсініктерімен арпалысқан жан-дүниесі кенет бір шешімге келіп, өзін қоршаған орта, уақыт қағида, ғұрыптарымен ашық қарсылыққа көшеді.. "Ағатай, болдым ғашық мұрынына" - деп басталатын Қамардың әжуа өлеңі, неке қиярға келген молдамен айтыстары осы шешімдердің жемісі. Қамар бесіктен белі шықпай жатып баласын қалың малға сататын қазақтың қатал ғұрпына қарғыс айтады. Ақыры осы бір меңіреу қара күштермен айтыста, күресте қаза табады.

Романда уақиға, көріністерді суреттеуде С. Торайғыров үлкен табысқа жеткен. Әр кез өтіп жатқан уақиғаға өз қатысын да білдіріп отырады. Қамар трагедиясын баяндауда автор эмоциясы, аянышы молынан көрінеді.

"Бір қыздың қолтығына тығыла, қарлыққан дауыспен өлеусірей булығы зарланып, бүк түсіп жатқан Қамар. Оның жан-жағы толған замандастары: "Есіл Қамар-ай! Шынымен-ақ сол... Жауызға кетесің-ау?.." дегендей қылып, "жан тәсілім"де қоштасқан секілді, ығы-жығы, бірі басында, бірі аяғында мұнайысып отырып алған. Көргенде көңілінде жарты мысқал мейірім шапқаты бар адамның жүрегі жарылып кете жаздайтындай бір аяушылық көріністе еді.

Не ғажап!? Оны-мұнысына жүріп тұрған кісілер де көңілсіз, біреу зорлағандай ғана амалсыз, ілгері басқан аяғы кейін кетіп жүреді..."⁵⁵.

Романдағы негізгі кейіпкердің бірі - Жорға Нұрым. Осы образ бен оның қасындағылардың бейнесін жасау жолында автор өзінің өткір тілі мен ирониясын аямай жұмсайды. Қаламгердің осы кейіпкерлерге оқырман жиіркенішін туғызуға күш салғаны байқалады. Бұл мақсатын автор Жорға Нұрымның портретінен бастап жүзеге асырады: "... Нұрымның залымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен былш-былш насыбай, ішпей мас, елу шамасында жасы бар, қой сақтардың басындай басы бар, жай форманың өзі сұп-суық, бүйі секілді түксиген, күпсиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, дорба сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді"⁵⁶.

Жорға Нұрым нағыз зұлымдықтың, қара күштің өкілі ретінде суреттеледі. Алайда, ол осы зорлық-зомбылықтың барлығын өзінің алдында құрдай жорғалап жүрген қасындағылардың қолымен іске асырады. Нұрымның атын естігенде-ақ ыршып түскен Қамардың әкесін еріксіз көндіретін де осы орта, оның қасында жалпылдап жүрген ауыл атқамінерлері мен өз ағайындары, Оспандар. Олар үшін Нұрым сөзі - заң.

"Қамар сұлу" романында С.Торайғыров ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі басты тақырыптың өзіне жаңаша келген. Романның үлкен ерекшелігі де осында. Мұнда Қамар трагедиясы, тіпті оның әкесінің еркінен де тыс болады. Омар - қарапайым көп кедей, шаруаның бірі емес, өзіндік дәулеті, көзқарасы, салмағы бар адам. Алайда, күш пен озбырлыққа

⁵⁵ . Торайғыров С. Таңд. Шығармалары. -Алматы,1950.179-б.

⁵⁶ Сонда, 169-бет

негізделген ортада Омар тәрізді байсалды, байыпты адамдардың да үні шықпай отыр.

Омарға өз қызының басын билетпей, оның еркінен тыс шешімге көндіріп отырған да сол орта. Романда не болса соны қызықтап, ағайынды адамдар арасындағы қақтығысты кеу-кеулеп, содан пайда іздеп, бір тойғанды олжа санаш жүрген адамдардың жиынтық бейнесі бар. Автор өзінің оларға деген ызасын ірікпей жазады. Негізінен жорға Нұрым маңындағы топ суреттелінеді. Мысалы: "Бай", деп, "Кісі" деп Нұрымды айт. Кәріліктің алды, жігіттіктің соңы деп, шіркін ерледі ғой, Қамар секілді қосағының тұс келуі сонысына қарай ғой. Ой, өркенің өссін! Алғаныңмен қоса ағар - деп, ауыздарын кере-кере алғыс айтып, мүлгісіп қалғандары Нұрымның шынымен-ақ дүние аямағандығының белгісі еді" ⁵⁷.

Осымен қатар қаламгер озбырлықтың барлық түріне мүмкіндік беріп отырған дәрменсіз надан топты да ашына жазады. Ол Торайғыров творчествосында тек "Қамар сұлуда" ғана емес, "Ауырмай есімнен жаңылдым" әңгімесінде де алдымыздан шығады. Әмеңгерлік жолымен еріксіз ұзатылған келіншектің барлық қайғы-қасіретін көріп отырса да соған селт етпей, пышақтарын жалаңдатып тойсымаққа сойылған малдын етін күтіп отырған жандар оқырман көңілінде сақталып қалады. Жөнсіз зорлықты көріп отырса да өзіме тимесе болды,- деп бәріне төзе беретін көнбіс, надан топқа автордың күлкісі - улы, ызасы - зор, тілі - өткір.

"Уай шіркін! Мынау Қамардай екен!" - деп өздері сұлулығына, мінезіне сүйсінген Қамардың басындағы трагедиядан гөрі, қалың тобырға енді Жорға Нұрым әкелген кәде қымбат. Сондықтан да автор оларды "әкесін екі кездеме мата өлтірген" деп бірде кекетсе, екіншіде, "арсызға алты күн мейрам" - деп, арсыздардың онда не ісі бар, шарт-шұрт мейрамдары қызысып, қызыл кеңірдек болысып-ақ жатыр:..." деп түйрей жазады.

Осындай топ арасында "Оспан тәрізді қауіптілеу орынды күзеттіріп қойған Жорға Нұрым иттері" оның тілегін орындап отыр. Сондықтан да Омар тәрізділердің үні шықпайды. "Жалғыз қаздың үні, жаяудың шаңы шыға ма? Шыбын құрлы көрген кісі жоқ, бір айдай далақтап, титығына жетіп бара жатқан соң, шарасы бар ма?" "Қорқытты, терең батырды" жүні жығылып қалды ⁵⁸. Омар тәрізділердің жеңіліс сырын С.Торайғыров осындай қоғамдық құрылыстармен байланыстырады.

Нұрымның образын "Қамар сұлу" романы туралы пікір айтқан зерттеушілердің бәрі де жазды. Романдағы басты қақтығыстардың оқырман санасына әсерлі жетуінде осы образдың ролі аз емес. Асыра баяндау (гротескілік) тәсілін ретіне орай шеберлікпен қолдана отыра қаламгер осы кейіпкерге деген авторлық қабылдауды да шегіне жеткізе жазады. Қаламгердің ағартушы-демократтық көзқарасы қарама қарсы, контрасты қалыпта суреттелетін Қамар - Жорға Нұрым бейнелері арқылы да көрсетіледі.

⁵⁷ Торайғыров С.Таңдамалы шығармалары.-Алматы,1950.-Б.175

⁵⁸ Сонда

"Қамар сұлу" романы - С.Торайғыров тәрізді талантты жазушының күрделі прозаға іштей дайындығын, романдық санаға өте жақын тұрғанын дәлелдей алады. Көркемдік дамудың көріне бастаған жаңа талаптары, сол кезде-ақ өмірдің алға тартқан түрлі проблемаларына батыл араласа бастаған С.Торайғыровты қоғамдық санаға өзгеше әсер ететін мүмкіндігі мол, қуатты жаңа формаларға әкелді. "Айқап" бетіндегі философиялық ойларға толы публицистикасы оның заман, дәуір тынысын қаншалықты анық сезе бастағанын көрсетсе, әдеби-сын мақалалары эстетикалық көзқарасының, көркемәдебиетке талабының жоғарылығын білдіреді.

Бізге жеткен "Қамар сұлу" романы С.Торайғыров шығармасының алғашқы нұсқасы ғана екенін жоғарыда айттық. Ондағы шеберлікпен жазылған көріністер, кейіпкер сезім сырлары мен іс-әрекеттерін суреттейтін жолдар мен қысқа жазылған тарауларды, өлеңмен берілетін авторлық идея, ой-пікірлерді осымен ғана түсіндіруге болады. Шеберлікпен суреттелетін көріністер мен үлкен әрекеттердің қысқалау бейнеленетін тараулары талантты жазушының жұмбақ ойларын бүгіп қалса шабытпен, ақындықпен жазылған түрлі эпизодтар оның шеберлігі мен мүмкіндігінен хабар береді.

Мал мен ақшаға негізделген қоғамдық қатынастарға қарсы Қамар, Ахмет тәрізді жастардың ымырасыз күресін, қуатты әрекетке көше бастаған қимылдарын суреттеу арқылы оқырманды жаңа идеяларға, ойларға бастайды. "Әйтеуір тірі жүрсем болдыдан" аспайтын жабайы тірліктен романның бас қаһарманы Қамар өлімді артық санаса, жаңалық пен адамдық өмір туралы ойларға бұғау сала беретін әлеуметтік теңсіздікке, оны қолдаған қара күшке көне беруден гөрі бір қарсылықтың, қимылдың қажеттігін Ахмет те ұғады. бейнелерін көркем суреттеуге талаптану С.Торайғыровты кейіпкер психологясына алып барады.

"Қамар сұлу" романында дәстүрлі әдебиеттің ықпалы өте айқын. Оны ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасының жүйесінде салыстыра қарастырғанда бұл ұқсастық бірден көзге түседі. Сонымен бірге оның жаңалығы, заман және қоғамдық қатынастар әкелген өзгерістерді сезінуден, қабылдаудан туындаған жаңа ой, талпыныстардың лебі де байқалады. Өлеңмен жазылған Қамар портреті фольклорлық әдіспен жалғасып жатса, баяндау, диалог арасындағы күрделі қатынастарды игеру кезінде де өлеңге, айтысқа сүйенеді.

Роман фабуласын шағын тарауларға бөле баяндауда автордың қиналған тұстары, осы бөлімдерінің қызметін тиісті көлемге жеткізе, көркем мазмұнға айналдыра алмауы аңғарылады. Алайда, романның шабытты жазылған беттерінде талантты ақынның бұл қиындықтарды, әсіресе, баяндау, диалог арасындағы күрделі қатынасты кәдімгідей меңгере бастағаны анық. Осының бәрі С.Торайғыровтың көркем прозасының өзіндік ерекшелігін айқын көрсетеді.

3.8. Майлин Бейімбет "Шұғаның белгісі"

XX ғасыр басындағы прозалық шығармалар ішінде көркемдігімен ерекше көзге түсетіні - "Шұғаның белгісі". Ол - көркем, күрделі прозаның қай талабына да сай шығарма.

Қазақ әдебиеті классиктерінің бірі Б.Майлиннің қаламынан туған бұл шығарманың қайталанбас көркем пішімі бүгінгі оқушыны да эстетикалық әсерге бөлейді.

«- Өй, өзі де Шұға десе - Шұға еді-ау».

Қасымжан әңгімесін осылай аяқтайды. Өттең бітіп қалғанын қараңызшы! Бір сағат оқыдық па, жоқ па? Қалай тез бітті? Амал жоқ, кітап бетін жабасыз, еңсеңізді көтересіз. Бірақ қым-қиғаш қызық әсерлер айығар емес. Жаңа ғана өзіңіз кезіп өткен өмір, өзіңіз сезіп білген шындық құбылыстар көз алдыңызға қайтадан тізбектеле береді: дала, жазғы күн, айлы түн, ауыл, алтыбақан, ән, күлкі, мінездер, іс-әрекеттер, тағдырлар тартысы...

Шұға!.. Ақыр аяғында, міне сұлу Шұға дүниеден кетті. Есіл аяулы ерке!..

Жүрегіңіз елжіреп, баяу лүпілдейді. Көңілде құйын ұйытқып жүр: арман ба, өкініш пе, әйтеуір бір мұң, бір сыр..."⁵⁹

"Шұғаның белгісін" оқудан туындайтын көл-көсір әсердің бұл басы ғана. Сауатты оқушы оған әр оралған сайын жаңа оқығандай әсерленіп, өз жүрегіне жақын әлде не табады. Бұл әсердің құпиясын - шығарма өзегіндегі уақиғаны көркем шындықпен жалғап жатқан повесть формасының даралығынан, сұлу бітімінен іздеу керек. "Шұғаның белгісі" - өмірдің өзіндей қарапайым, әдемі, сұлу, әрі жұмбақ. Осы құпия, сиқыр туралы ойланғанда А.С.Пушкин повестерінің шынайылығы, көркемдігі туралы: "Пушкин өмірді табиғи бейнелегені сонша, тіпті оған қарағанда өмірдің өзі жасанды тәрізді",-деген Н.Гоголь сздері еске түседі.

"Шұғаның белгісі" - қазақ прозасының үлкен табысы. Оны әдебиетіміздің тарихы мен теориясын зерттеуші әдебиетшілердің көпшілігі айтты. Жәй айтып қойған жоқ, таңдана, мақтанышпен айтады.

"Революция қарсаңында қазақтың мәдени өмірінде тағы бір сондай (ірі.- 3. Б.) уақиға болды. Ол 1914 жылы Уфада медреседе шығатын "Садақ" деген қолжазба журналда Бейімбет Майлиннің "Шұғаның белгісі" атты керемет повесінің жариялануы еді. Керемет деген бағаның ешбір қоспасы жоқ. Неге десеңіз, ол кезде қазақ прозасы жаңа ғана бой көрсете бастаған жағдайда, мұндай терең де тартымды, мұндай кесек те көркем шығарманың белгісіз автордың қаламынан туып, әлдеқайда, әлдеқалай пайда болуы шынымен керемет уақиға еді. Сол тұста және оның бер жағындағы Жарты ғасырға айналған мезгілдің ішінде "Шұғаның белгісін" оқыған адамның өмірі өшпес әсер алмағанын табу қиын шығар. Соншама әсермен әрі аса дәл

⁵⁹ Қабдолов З. Жебе.-Алматы,1977.-Б. 18

жазылған бұл пікір "Шұғаның белгісінің" әдебиетіміздің, көркемдік дамуымыздың тарихындағы үлкен орнын паш етеді.

"Шұғаның белгісі" ХХ ғасыр басындағы әдебиет тарихын зерттеушілердің бәрінің талдауынан өтті. Аса жоғары бағаға ие санаулы шығарманың бірі Бірақ "Шұғаның белгісінің" бізді ойландыратын да құпиялары бар. Мұны да әдебиетшілер ерте байқаған. Проф. Т.Кәкішұлы былай жазады: "Шұғаның белгісін" оқыған адам тебіренбей қалмайды. Жүрегіңді қытықтап ләззатқа нәр беретін, өткен өмір туралы ойға батырып, лағынет айтқызатын осы шығарма медресе шәкіртінің қолынан туды да, Уфаның "медресе Ғалиясындағы" қазақ шәкірттерінің қолжазба "Садақ" журналында 1915 жылы жарияланды дегенге таңданбай қалмайсың" ⁶⁰.

Бұл - шындық. Біріншіден, повестің "Садақ" журналында жарияланған үлгісінің табылмағаны белгілі. Ал біз оқып жүрген "Шұғанаң белгісі" - 1922 жылы "Қызыл Қазақстан" журналының 10, 11 сандарында жарияланған түрі. Демек, бұл оның алғашқы үлгісі болмауы да мүмкін. Ендеше, шығарма қайта жазылды ма, болмаса сәл өңдеуден өтті ме? Өңдеуден кейін шығарма мүлде жаңа кейіпке көшті ме, болмаса, сәлғана түзету, қысқартуларға ұшырады ма?

Осы мақсатта біз алдымен повестің құрлысы мен стилін ХХ ғасыр басында жарық көрген басқа шығармалармен салыстырып көрдік. Баяндаулардың түрлері, суреттеулер, табиғат көріністері мен диалогтер салыстырылды. Екіншіден, Б.Майлиннің "Шұғаның белгісімен" бір кезде "Айқап" журналында жарық көрген "Болған іс" және журналдың фельетон айдарында "М.М" деген бүркеніш атпен жарияланған әңгімесі бар ⁶¹. Солармен салыстырамыз. Егер олардың арасында белгілі бір мәнді ұқсастық, заңдылық байқалатын болса, онша алшақтық байқалмаса, "Шұғаның белгісі" қайта жазылмаған. Бәлкім сәл-сәл түзетулер жасалған болуы мүмкін.

Бірақ осында ойланатын да жайлар бар. М.Қаратаев "Шұғаның белгісін" 1914 жылы жарық көрген десе, Т.Кәкішұлы 1915 жылы деген деректі атайды. Біздің пікірімізше "Садақ" журналын ұзақ жылдар зерттеп, оған арнап екі бірдей монография жазған проф.Т.Кәкішұлының келтірген деректер дұрыс. Бұған қосымша Б.Майлиннің кезі тірісінде 1933 жылы, жарық көрген толық шығармаларының жинағында "Шұғаның белгісінің" жазылған жылы ретінде 1915 жыл көрсетілген ⁶² Б. Майлиннің "Ғалияда" оқыған жылдары да осы уақытпен сәйкес келеді. "Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанындағы партия мектебінің архивындағы Бейімібеттің өз қолымен толтырылған документте Б. Майлин Троицкідегі "Уәзифа" медресесіне 1913 жылы түсіп, 1914 жылдың көктемінде бітіріп шыққаны жазылған. Олай болса, Уфадағы "Ғалия" медресесінде жазушы 1914-1915 жылдары оқыған. Жазушының досы, башқұрт әдебиетінің классигі Сайфи Құдаш та, "Бейімбет Майлин творчествосы" атты үлкен зерттеу еңбегін жарыққа шығарған профессор Темірғали Нұртазин де осы пікірлерді қолдайды" ⁶³.

⁶⁰ Кәкішев Т. Дәуір суреттері.-Алматы,1967

⁶¹ Майлин Б. Фельетон // Айқап, 1913.№21. 440-443 бб

⁶² Майлин Б. Толық шығармалар жинағы.-Алматы, 1933. 5-23 бб.

⁶³ Нұртазин Т. Бейімбет Майлин творчествосы.-Алматы,1966

"Шұғаның белгісін" -XX ғасыр басындағы қазақ прозасының жүйесінде, типологиялық тұрғыда қарастырғанда оның басқа шығармалармен сәйкестігі, солар жазылған дәстүрде, стильде, түрде жазылғаны байқалады.

Олар өлеңмен, хат түрінде беріледі. Бұл қазақ прозасында көп пайдаланылған әдіс екенін айттық. Алайда, "Шұғаның белгісіндегі" диалогтар кейін редакцияланған тәрізді. Бірақ диалогтарды берудің сол кезде де (1922 жылдары) қиындық келтірген тұстары сол алғашқы қалыпта, 1915 жылдар "Шұғаның белгісінде" Әбдірахман мен Шұғаның арасындағы түсінісу, былайша айтқанда, екеуінің ортасындағы әңгіме, негізінен, диалог үлгісінде, тырнақша, сызықшалар арқылы берілген.

Мысалы, "...Сосын қалтасына салып отауға барды (хатты. - 3. Б.) Мен қалмадым. "Қағыңғыр,кетсейші, жұрттың хатын тасып осы сен-ақ мазамды алдың ғой" деп тағы күлімсіреді. Бұрын хат бергенімде ашуланып жыртып, бір-екі күнге дейін маған қымыз бергізбей жүретін. Бұл жолы ондай ашу шақырмаған соң дәмеленіп, "апеке, жауап жазып берсейші, ешкімге сездірместен апарып берейін" деп жалындым..." ⁶⁴(64) Бұл үзінділерді Октябрьге дейінгі қазақ прозасының басқа шығармаларымен салыстырып қарағанда диалогтардың ұқсастығы дау туғызбайды.

Таңдамалы шығармалардың ішінде де кейде диалогтарды тырнақша арқылы, кейіпкер сөзінің XX ғасыр басындағы берілу үлгісімен келтіреді. Кейінгі редакцияда (1922 жылды айтып отырмыз) оларды сол жылдардағы үлгілерге түсіру біршама қиындық келтіргеннен кейін бұрынғы қалпында алған тәрізді. Мысалы: "... Қөптен көрші болған ел едік, арамызға салқындық түсірме..." деп шалдар үгіттеп Әбдірахманды жолынан тайдырмақ болды", "...Жұртта да дін жоқ қой "ақсақалдарға қарсы болған адамды үйіне сақтады" деп, менің басымды іске байлады", т. б.

Енді, Б.Майлиннің сол кезде 1915 жылдар шамасында осындай көркем шығарма жазуға шеберлігі жете ме дегері сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

"Айқап" журналының 1913 жылғы 21-санында фельетон рубрикасында Б.Майлиннің аты көрсетілмеген әңгімесі "М.М." деген бүркеніп атпен жарияланды. Сондай-ақ, "Айқаптың" 1915 жылғы 10-санында "Болған іс" аталатын ұзақ әңгімесі бар. Бұл екі әңгіменің көркемдік ерекшеліктері жайында жоғарыда, "Айқап" бетінде жарияланған прозалық шығармаларды талдау кезінде біраз айттық, екі әңгіменің де журнал бетінде жарияланған басқа әңгімелерге қарағанда көркемдеу екенін көрсеттік. Оларда табиғат көрінісін суреттеуде болсын, баяндаудан диалогқа өтуде болсын, сәтті, шебер жазылған тұстар баршылық. "Әңгімеші жігіттің авторлық баяндаумен астасқан аңыздауы сол кездегі қазақ аулына тән салт, сана, ауыл адамдарына тән әдет, ғұрып, жастарға лайық ой, арман, үміт, сезім сырлары, ең арғы жағы табиғат көріністеріне дейін Шұғаны мегзеп, соның тұлғасын даралап, бейнесін бедерлеп жатады" ⁶⁵.

Осы табиғат көріністерінің шығарма өзегіндегі авторлық ой көркем мазмұнмен сабақтасып жатуы, егіздей берілуі жоғарыда екі әңгімеге де тән.

⁶⁴ Майлин Б Шығармалар. 3-т.,-Алматы,1962. 18-19 бб

⁶⁵ Қабдолов З. Жебе.-Алматы, 1977. 18-б.

Мысалы, "осындай жылы жазында 14-тегі айдың жап-жарық болып нұрландыруы, ауаның түп-тұнық болып, көлдердің айналасында быр-быр етіп жаңа шыққан көк сүйріктерді тауысардай болып жұлған жылқының арасында ұйықтаған құлақтарына кісінеген биелердің даусы құлаққа жылы тиюші еді. Өткен жылы жылқы жұтап бітуге жақындап қалса да, биыл биенің іші аман болып шаруаларға үміт артқан еді.

Баяғы көп қояндарда атамыз өстіп жұтап қалып, бес-алты жылда баяғы қалпына келіп-ақ қалар деп жұбанушы еді. Себепсіз жалқаулықтың арасында ұйықтаған құлақтарына кісінеген биелердің даусы құлаққа жылы тиюші еді. Өткен жылы жылқы жұтап бітуге жақындап қалса да, биыл биенің іші аман болып, біреуі екеу болғандықтан баяғы көп "жылқым қайта оралар" деп шаруаларға үміт артқан еді.

Баяғы көп қояндарда атамыз өстіп жұтап қалып, бес-алты жылда баяғы қалпына келіп-ақ қалар деп жұбанушы еді. Себепсіз жалқаулықтың жайлы жастығына сүйеніп ұйықтаушылар сансыз көп еді" ⁶⁶.

1915 жылы жарияланған "Болған істі" қарайық: "Міне апрель жетті, жаз болды, күні кеше қалың қармен жамылып жатқан жер, өткір күннің көзімен қары кетіп қарайып, жыбырлаған жанды жәндікке: "жайлаңдар еркін, жеңдер қалаған шөптерінді" деген секілденді. Суық қыстың ызғарымен жер өзінің түрі кеткендігін біліп, қарағанға көңілді қылу үшін ойын, қырын қызғалдақпен безей бастады. Алты айғы қыс жер үйде жатып күн өткізген қазақ байғұстар да, таза жерге шығып рахаттану үшін киіз үйлерін тігіп қырға шықты" ⁶⁷.

Демек, "Шұғаның белгісін" жазған кезде автор проза жанрында қара жаяу емес. Оның прозада біршама тәжірибесінің барлығы байқалады, талантты қаламгердің қарымы сезіледі.

"Шұғаның белгісі" повесіндегі әңгімеші Қасымжан бейнесіне үнілу де көп ойларға бастайды. Оның құлпыртып баяндауының арқасында да уақиға ерекше бояуларға ие болып, жайнап тұр. Ол - шығарма көркем мазмұнында үлкен қызмет атқарып тұрған кейіпкер. Қасымжан - тек жалаң баяндаушы ғана емес, уақиғаға қатысы бар, оған өзінің бар болмысын, сезімін жұмсайтын кейіпкер. Қасымжан образының көтеріп тұрған жүгі жеңіл емес. Повесте портреті де, сөзі де сараң келтірілетін Шұғаның сізге соншалықты таныс, ыстық болуы да, "сізден несін жасырайын" - деп бар уақиғаны атынан жарыла баяндайтын Қасымжанға қалтқысыз сенуден. Оқырман сенімін біртіндеп жаулап алған әңгімешінің Шұға - Әбдірахман арасын құлпырта баяндауының нәтижесінде шығарма соны бояуларға ие болып тұр.

"...Бүгінгі шыққан аулыңызды Ерекең ауылы дейді. Содан әрі қарай өзеннің бойы жапырлаған ел. Бір атаның баласы жүз елу-екі жүз үйлер бар. Қыс қыстаулары басқа болғанмен жаз көбіне бірігіп отырады. Мынау алдымызда көрінген Қамысақты дейтін көліміз. Осының маңайы жыбырлаған шұқырынды томар. Августан бастап осының бәрі елмен толады.

⁶⁶ Майлин Б. ("М.М" деген бүркеніш атпен жариялаған). - Троицк, 1913. №21.

⁶⁷ Майлин Б. Болған іс. Айқап.-Троицк, 1915. №10.-Б.147.

Әр томарға төрт бес үйден қонып, бөлек-бөлек отырғандары. Ой, дариға-ай, талай қызықтар өтті ғой...

Біздің Беркімбай дейтін жақын ағаларымыз болды... Сол Беркімбайдың әкесінің нағашысы -жаппас Есімбек дейтін болды... Мал мен басы бірдей, құдай тілегін берген бір адам, ортан қолдай төрт ұлы болды - шетінен қасқыр.Сол төрт ұлдың ортасында бұлаңдай өскен Шұға дейтін қызы болды.Шұға десе Шұға.Шұға,ой,шіркіннің өзі де келбетті-ақ еді..."⁶⁸.

Үзінді "Шұғаның белгісінен" алынды. Енді соны мына жолдармен салыстырып қарайық.

"...Балам, бұл көріп жүрген елің Мамытек атанады. Мамытек осы күні 800 үй. Үштен біріміз Қытайға қараймыз, көп болса 30 шамалы жыл болды, кеше мен болыс күнімде қолымнан бөлген ел осының бәрі. Мамытек ішінде ең жуаны - Атантай, Боратай, міне, Атантайы біз. Жіңішкесі - Ешгі деген ел, анау күнгі Салқынбай ауылнайлар, көрдің ғой, солар Ешгі. Біздің атамыз Кенже мырзамен туысқан.

Тана бидің тұсында сол Ешгінің менімен адас, Құрбан деген бір жақсы жігіті болды. Біз көрдік: Қып-қызыл нарттай, жігіттің төресі, жанып тұрған от еді. Сол уақыттағы өз ағайындары Ережеп, Олжеке дейтін кісілер күншілік қылып, оны аяғынан алып жүрді білем. Сол жігіт пысықтық қылып, Тана бидің болып тұрған күнінде, біздің Атантай Шала деген кісінің Мәни деген қызымен көңіл қосып жүріпті. Осы күнгі:

Ұдай-ұдай сәлем де ақ Мәниге,
Сағынғанда зар болдым бір көруге.
Екі ортада сары бел, сары жон бар,
Әттең, ат шыдамайды сар желуге! –

деген Құрбанның сондағы өлеңі.

Олар Ластыда, біз Терісайрықта отырмыз, 25 шақырымдай өзің көрген тау ғой.

Ақ Мәни десе, ақ Мәни, кісі жұтып қойғандай сұлу еді"⁶⁹

Бұл үзінді С.Торайғыровтың "Өлеңмен жазбақ драманың материалдарынан" алынды. Былайша айтсақ, болашақ шығарманың нобайы, эскизі. Автор ел аралап жүріп жазып алған. Осы екі үзіндіні салыстырып қарағанда ұқсастық байқамау мүмкін емес.

Шебер әңгімешінің аузынан жазылып алынған осындай әңгімелерге

"Дала уалаяты газетінде" жарияланған "Бәти" және "Қазақтардың есінен кетпей жүрген бір сөзді" де жатқызуға болады⁷⁰.

Осы шығармаларды салыстыра қарап отырғанда Мұхтар Әуезовтің мына сөздері ойға оралады: "Салт ертегілері қазақта ұшан-теңіз болса да, әлі тегіс жиналған жоқ, ерекше зерттелген де емес. Бірақ, бүгін туып отырған көркем прозаның (роман, әңгіменің) мол іргесі, кең қоры осы түрде екенін даусыз дәлелдейтін ауызша айтылған салт романы (халық романы), тарихи ұзақ әңгіме (повесть), тарихтық хроника ең алғашқы қысқа әңгіме (новелла), қызық құрылысты өткір әңгіме, өсиет әңгіме, күлкі әңгіме геройлық аңыз,

⁶⁸ Майлин Б. Таңдамалы повестер мен әңгімелер.-Алматы,1977.55-б.

⁶⁹ Торайғыров С. Таңд. Шығармалары. -Алматы, 1950.252-б.

⁷⁰ Әдеби мұра.-Алматы,1970

шебер өмірбаяндық әңгімелері, жорық-жортуыл әңгімелері сияқты - құбылысы көп, қиын түйінді, шытырман уақиғалы геройлық аңыз, шебер өмірбаяндық әңгімелері, жорық-жортуыл әңгімелері сияқты - құбылысы көп, қиын түйінді, шытырман уақиғалы (приключенческий)

Мұндай алуан түрі, көркі көп халық қорына қарағанда, жазба әдебиеттен бұрын-ақ көркем қарасөз туғызушы атсыз әңгімешілер еңбегімен, қалың халық даналығымен бірге қазақта аса шебер жанрлар (түрлер, үлгі-өрнектер) туып, өсіп қалғанын көреміз.

Көркем поэзияға ауызша поэзия қаншалық бегетсіз, сатысыз көп қор құйған болса, бүгінгі көркем прозаға да халықтың ауызша әңгімесі сондайлық жатық жолмен көп араласып, қабысып жатыр" ⁷¹.

Сонымен, қорыта келгенде айтарымыз, сонау 1915 жылы "Ғалия" шәкірттерінің қолжазба "Садақ" журналында жарияланған - Б. Майлиннің "Шұғаның белгісі" өзінің бар болмысымен халық аузындағы хикая, әңгімелерге, әсіресе, шебер әңгімешіге тәуелді шығарма. Бұл - даусыз шындық. Сондықтан да ол Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі санаулы жылдарда дүр сілкініп, "орасан шапшаңдықпен дамыған" прозаның басты қайнарларының бірін көрсете алады.

Сонымен, ХХ ғасыр басындағы прозалық шығармаларды бір жүйеге жинақтай, топтастыра қарастырғанда мына жайларды байқауға болады.

Осы кезде проза жанрында қалам тартқан ағартушы-демократ жазушылардың барлығының да проза жанрында аз-кем болса да дайындығы болған. Мысалы, А. Жандыбаев Абай творчествосы қарасөзде- рімен етене байланысы болса, С.Көбеев пен Т.Жомартбаев балаларға арналған шығармалар жазу үстінде шыңдалды. Ал Б.Майлин мен С.Торайғыров, А. Ғалымов пен К. Тоғысов, Б. Ержановтар мерзімді баспасөз беттерінде, әсіресе, "Айқап" журналында үлкен мектептен өтті. Олар ағартушылық, жазушылық қызметтері үстінде қазақ қоғамдық санасының дамуы талап еткен көркемдік жаңа сапаны, қарастырғанда мына жайларды байқауға болады.

Осы кезде проза жанрында қалам тартқан ағартушы-демократ жазушылардың барлығының да проза жанрында аз-кем болса да дайындығы болған. Мысалы, А. Жандыбаев Абай творчествосы - қарасөздерімен етене байланысы болса, С. Көбеев пен Т. Жомартбаев балаларға арналған шағын әңгімелерді аудару және жазу үстінде шыңдалды. Ал Б.Майлин мен С. Торайғыров, А. Ғалымов пен К. Тоғысов, Б. Ержановтар мерзімді баспасөз беттерінде, әсіресе, "Айқап" журналында үлкен мектептен өтті. Олар ағартушылық, жазушылық қызметтері үстінде қазақ қоғамдық санасының дамуы талап еткен көркемдік жаңа сапаны, тілекті сезді. Сөйтіп, заман талап еткен жаңа формалар, жанрлар жолында саналы ізденіске, әрекетке көшті ⁷².

Мысалға, "Қалың мал" романының жазылуы туралы С.Көбеевтің айтқандары мен "Надандық құрбаны" пьесасын жазудағы К. Тоғысовтың мақсатын алуға болады. Сол тәрізді, Б. Майлин мен С.Торайғыров,

⁷¹ Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы.18-т.-Алматы,1985.-Б.220

⁷²⁻⁷³ Әуезов М.Жиырма томдық шығармалар жинағы.18-т.-Алматы,1985.-Б.220

Т.Жомартбаев шығармаларында жаңа түр, форма іздеудің жолдары сайрап жатыр. қарастырғанда мына жайларды байқауға болады.

Осы шығармалардың барлығын салыстыра, топтастыра талдағанда олардағы ұқсастықты, сәйкестікті және мәнді белгілерді байқауға болады. Біріншіден, авторлық ой-идея ұқсас, ағартушы-демократтық пафос айқын, публицистикалық үн басым. Осы публицистикалық үн мен ағартушылық идея көп жағдайларда (А.Жандыбаев, Б.Ержанов, М.Кәшімов, К.Тоғысов шығармаларында), тіпті шығарма құрылысынан бөлек, өлең түрінде де беріледі. Ал өлеңде айтылатын ой-пікірлерді шығарма құрылысына кіріктіргеннің өзінде де оның кейде көркемдік шындықтан бөгделігі, байланысының әлсіздігі сезіледі.

Екіншіден, олардың формалары да ұқсас. Шығарма негізіндегі фабула шағын тарауларға бөлініп баяндалады. Бірақ та осы бөлудің өзі де тым шартты. Мұнда белгілі ұстаным, заң-дылық жоқ. Кей тараулар әлденеше бетке созылса, кейбірі үш-төрт сөйлемнен ғана тұрады. Қысқа тараулар негізінен шығарма соңында ұшырасады. Олар қажетті көркемдік шешімге ие бола алмағандықтан және негізгі уақиғамен қосылудың жөнін таппағандықтан бөлек қалатын тәрізді. Шығарма соңындағы көркемдік шешімнің, түйіннің тиісті деңгейге жетпейтіні анық.

Көптеген прозалық шығармаларға өлеңдер араласқан. Өлең жолдарын авторлар өздеріне аса қиындық келтірген тұстарда (мысалы, кейіпкерлер арасындағы диалогтарда және автордың ағартушылық идеяларын жеткізуде, тікелей дидактикалық ой айтуда) пайдаланған.

Баяндау, диалог арасындағы күрделі қатынасты сезіну бар. Біз талдаған шығармалардың кейбір авторлары осы қатынасты біршама меңгергенін көрсетеді. Олар шығарманың өзегіндегі уақиғаны қызықтап қуа жазғанда баяндау-диалог арасындағы кібіртік ғайып болады да, ал шығармаға авторлық идея, ой араласа бастаған кезде қайта пайда болады.

Үшіншіден, осы шығармалардың қайсысында да фольклорлық әуен мен әдістер мол кездеседі.

Төртіншіден, күрделі проза тілі - құрмалас сөйлемдерді игеруге талпыныс бар. Кейде әдемі ойды, көріністі түрлі сезімдік бояуларын да бүлдірмей мөлдіретіп жеткізсе, кейде кәдімгі баяндаудың өзін созып, көркемдікті әлсіретіп алады. Бірақ көркем проза тілінің негізгі межелеріне тым жақындық бар. С. Торайғыров, Б. Майлин, С. Көбеев шығармалары осының айғағы.

Міне осы шығармалар құрылысындағы ұқсастықтардың барлығы ХХ ғасыр басындағы прозада бір жүйенің, қалыптың, дәстүрдің болғанын байқатады. Оларды тек қана осы жүйеде қарастырғанда қазақ көркем прозасы даму процесінің үлкен мәнді белгілерін, заңдылығын табамыз.

Проза халықтың дәстүрлі әдебиетімен тығыз байланыста болды, әдеби тілімен генетикалық, табиғи жалғастықта дамыды. Әдебиет алдында қаншама теңдессіз үлгі болса да ол өз дәстүріне сүйенеді, содан нәр ала-ды. Бірақ көрші елдер әдебиеті оның дамуын тездетуі мүмкін. ХХ ғасыр

басындағы қазақ әдебиетіне көрші елдер әдебиетінің, әсіресе, классикалық, орыс әдебиетінің ықпалы зор болды. Ол қазақ әдебиетінің дамуын тездетті.

3.9. Сарталиев Салахидденнің "Мақтым" хикаясы (повесі)

20 ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихында Салахидден Сарталиевтің есімі де, оның "Мақтым" повесі де аталмайды. Өмірбаяндық мәліметтері де жоқ. Бізге әзірге танысы мынау: " Ауыл молдасынан сауат ашып, кейін Астрахандағы "Уаһбит", Қазан, Уфа қалаларындағы "Мұхамедия", "Ғалия" медреселерін оқып бітіріп, елде сауат ашумен, сабақ берумен шұғылданады.

1917 жылы "Садақ" газетіне тілші болып, ауыл өмірін бейнелейтін "Мақтым" повесін және бір роман жазған.⁷⁴ С.Сарталиев туралы алғаш рет біршама толық мәліметтерді келтіріп, өмірбаянын жазған, "Мақтым" повесін "Жұлдыз" журналының 1984 жылғы санында жариялаған проф. Т.Кәкішұлы болатын. Төменде сол мәліметтерді беріп отырмыз:

"Осы повестің көркем мазмұнына, идеялық бағытына қарағанда қаламгердің басқа шығармаларының да болуы мүмкін-ау деген ойға қаласың...Өйткені, "Мақтым" жазу стилі төселген, тәжірибесі бар, әрі әдебиеттегі прозалық шығармалармен жақсы таныс болғанға ұқсайды."

"Садақ" журналының роман бөлімінде басылған "Мақтым" повесінің авторы Салахидден Жүсіпұлы Сарталиев 1895 жылы Астарахань маңындағы қазақ ауылында орташа дәулеті бар семьяда дүниеге келген. Ауыл молдасының алдынан алғашқы сауатын ашқаннан кейін Салахидден басқа жерде "кісіге тұрып, бүтін үй қызметтерін атқарып, оның үстіне қонақ тәрбиелеп оқығандығын, үйі онша бай болмай, күнелтерлік дәулеті барын, өзінің екі ағасы һәм екі інісі барлығын, соның ішінде бір өзін басқалардан айрықша жақсы көретіндігін, сондықтан шетке жіберіп оқытқандығын" риза көңілмен хабарлағаны "Садақтың" №8-9 сандарында жазылыпты.

Салахидден Сарталиевтің отызыншы жылдары өз қолымен толтырған анкетасындағы деректе 1895-1918 жылдары әкесінің қамқорлығында болғаны, 1909-1918 жылдар арасында әртүрлі оқу орындарында үзіп-жұлып оқығанын айтады.

"Садақ" деректеріне қарағанда, Салахидден әуелі Астрахань қаласындағы "Уәһбия" медресесінде, онан кейін Қазандағы "Мұхаммадия" медресесінде оқыған. Жазғы каникул кезінде бала оқытып, қаражат табумен қатар бір медреседен екінші медресеге түсер аралығында едәуір үзіліс жасап, мұғалім болғандығы байқалады. Мұғалім болып жүргенде "елдің надандығына артықша күйініп, "Абайлау" атты қабырға газетінің 17 санын шығарыпты. Талайдан бері арман еткен "Ғалия" медресесіне 1917 жылы келіп түседі де, бұрыннан келе жатқан, "Садақтың" шығарушысы Жиенғали Тілепбергенев, Зейнел Иманжанов, Хажым Басимов, Армия Ешекеевтермен бірден араласып кетеді.

Оның нақ дәлелі - "Садақтың" 1917 жылғы бірінші санынан бастап "Мақтым" повесінің жариялана бастауы. Тегінде ауылда мұғалім болып

⁷⁴ Құрманғазы ауданы. Шежіре-Алматы: "Арыс", 2008. 202-б.

жүргенде көрген-сезген жайларды жазып, дайындап әкелген сияқты. Себебі шәкірттердің осы игі ісін көргеннен кейін жұмадан жұмаға дейін жазып беріп отырды леуге келмейтін жайлар көп. Сюжет болсын, оқиға өрбуі болсын, кейіпкерлердің мінездемесі болсын, талай рет ойланып толғанудан сөйлемдері редакциядан өткендей сезім қалдырады.

"Ғалия" медресесі жабылып, 1918 жылдың көктемінде елге оралған Салахиддин 1921 жылға дейін мұғалімдік игі қызыметте болады.

Осы кезде Салахиддиннен оқыған шәкірттердің бірегейі - қазақ әдебиетінің ақсақал ақыны Әбу Сәрсенбаев.

Салахитден Сарталиев 1920 жылы коммунистік партияның қатарына қабылданған.

1924-1927 жылдар аралығында уездік деңгейдегі мәдени-ағарту қызметкері болған, бірақ қай жерде, кім болып істегенін тарамдатып жазбаған.

Салахидден өмірінің ең бір мәнді де сәулелі кезеңі - Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде 1927-1932 жылдары әуелі студент, кейін аспирант болып оқығаны. Елге оралғаннан кейін жоғары ауыл шаруашылық мектебінде оқытушы және ВКП(б) тарихы кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарады.

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтының архивінен тапқан деректеріміз осы.

Салахиддиннің кейінгі өмірі жөніде естеліктер бар. Ақын Ә. Сәрсенбаев Орал ауыл шаруашылық институтының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Б. Ғұмаров Ұлы Отан соғысы жылдарында Салахидден Сарталиев Гурьев облысы, Теңіз ауданының орталығы Ганюшкиндегі мектеп директоры және орыс тілінен сабақ бергенін айтқан. Өмірінің алғашқы бастауында дарындылығын аңғартқан, кейін әдебиет әлеміне қайтып оралмаған Салахидден Жүсіпұлы Сарталиевті оқушыға таныту мақсатын көздеп "Мақтым" повесін ұсынып отырмыз. Мұндай шығарма жазған дарынның кейін қолына мүлдем қалам алмауы мүмкін емес. Жазған, бірақ баспаға ұсынбаған дүниелері болуы әбден ықтимал. Осы жайды Салахиддиннің ұрпақтары, көрген - білген адамдар хабарлар, өмірбаянын толықтырар деген үміттеміз." ⁷⁵ Проф. Кәкішев Т.

* * *

С.Сарталиевтің "Мақтым" хикаясы (повесі) - ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті басты тақырыптарының бірі - әйел теңдігіне арналған. Шығарма мазмұны мен көркемдігінің ерекшелігі - сол жылдарда жазылған көп шығармалардан өзгелігінде. Бұл бірден байқалады.

Шығарма авторының әдебиеттен толық хабары бар екені проф. Т.Кәкішұлының жоғарыда келтірген мәліметтерінен белгілі. Ресейге

⁷⁵ Хикаядан алынатын барлық үзінділер проф. Т.Кәкішұлының «Мақым» мәтінін алғаш жариялаған «Жұлдыз» журналының 1984 жылғы №9 саны бойынша беріледі.

жуық елді мекенде дүниеге келіп, қазаққа белгілі оқу орындарында, медреселерде оқыған, балаларды оқытқан.

"Ғалия" медресесіне дейін "Абайлау" атты қабырға газетінің 17 санын шығарған. Осы повестің көркем мазмұнына, идеялық бағытына қарағанда жазу стилі төселген, тәжірибесі бар. Сол жылдардағы әдебиетіміздегі прозалық шығармалармен жақсы таныс болғанға ұқсайды.

Алдымен хикая фабуласын құрайтын сюжеттік желі, оқиғаның негізгі мазмұны ауызша айтылып, таралған әңгімелерден алынған тәрізді. С.Сарталиев "Ғалия" медресесіне келгенде оның қолында "Мақтым" хикаясының қағазға көшкен нұсқасы болғанға ұқсайды. Осы қолжазба 1917 жылы "Садақ" журналына жарияланған хикаяның негізгі болған. "Тегінде ауылда мұғалім болып жүргенде көрген-сезген жайларды жазып, дайындап әкелген сияқты. Себебі шәкірттердің осы игі ісін көргеннен кейін жұмадан жұмаға дейін жазып беріп отырды деуге келмейтін жайлар көп. Сюжет болсын, оқиға өрбуі болсын, кейіпкерлердің мінездемесі болсын, талай рет ойланып толғанудан, сөйлемдері редакциядан өткендей сезім қалдырады" - деп жазған проф. Т.Кәкішұлының пікірі шығарма табиғатының негізгі мазмұн, пішімдік ерекшеліктерін байқаудан шыққан.

Осы өзгерістер туралы ойланғанда бірден байқалатын мынандай жайлар бар. Шығарма бір бірінен идеялық, тақырыптық, көркемдік бағытта да бөлектенетін екі бөлімнен тұрады. Олардың мазмұндық, сипаттық бейне өзгелігі де бар деуге болады. Бірінші бөлік - атастырылған жерге ұзатылған 74/ Хикаядан алынатын барлық үзінділер проф. Т.Кәкішұлының "Мақым" мәтінін алғаш жариялаған "Жұлдыз" журналының 1984 жылғы №9 саны бойынша беріледі.

Мақтымның үйіне қашып келуі. "Басыңа бостандық ал, сосын "той жасапаламын" деп алдаған Асанның өтірігіне сенуі. Ал Асан болса Мақтымнан құтылғандай бетімен кетеді. Мұнда халық прозасының мазмұндық, идеялық өрнектері айқын. Екінші бөлім - болыстың құда түсуі және тоқалдыққа алған Мақтымның қасіреті, қазасы.

Біздің ойымызша, "Ғалияға" келгенде қаламгердің қолында осы алғашқы бөлім болған. Ағартушы демократтық идеяларға толы екінші бөлім медреседегі қаламдас, идеялас достарының шығарма туралы сыни пікірлерін ескеруден туған болуы керек. Әрі 11 тараудан тұратын хикаяның 9,5 тарауы бірінші бөлікте де, 10 тараудың жартысы мен қысқа 11 тарау ғана екінші бөлікте. Мұнда оқиғаны бейнелеуден гөрі хабарлау баяны басым.

"Мақтымда" ХХ ғасыр басындағы өзге шығармалардағыдай ағартушы, демократтық үгіт-насихат анық байқалмайды. Әсіресе, оқиғаға болыс араласқанға дейін. Бірақ мүлде жоқ деп айтуға да болмас. Көркем мазмұн өзегінде ауық-ауық бой көрсетіп тұратын қаламгерлік пікірлерден мұны аңғарасың. Соған қарап автордың басты мақсаты қазақ қоғамы алдындағы замана идеяларын ағартушылық, демократтық бағытта ғана оқырман алдына ұсыну болды деген қорытындыға келуге болмайды.

Мақтым бастан кешкен уақиға - мындаған қазақ қыздары тап болған қайғылы хикаялардың бірі.

Сол кездердегі қазақ прозасында жас қыздардың ішкі ой, сезімдеріне тереңдеу сиректеу кездесетін тәсіл мұнда негізгі әдістің бірі ретінде алға шығады. Бұл С.Торайғыровтың "Қамар сұлу", Б. Майлиннің "Шұғаның белгісі" аталатын шығармаларында көбірек қолданылған еді.

Шығарманың мазмұны және негізгі оқиғасының ұзын-ырғасы.

Мақтым - Қартабай деген орта шаруаның бойжетіп қалған қызы. Оны көрші ауылда тұратын шаруасы орта, Әжібайдың баласы Тілеске атастырып, "қалың малының" бір бөлігін алып қойған. Құдалар арасында өзге қарым-қатынас, араласу мен алыс беріс айтылмайды. Алайда оның түрлі себептері баяндау барысында аталады.

Себептің үлкені - қалыңдық туралы сөз қозғасақ, қалыңмалын көбейтіп жібере ме деген Әжібайдың күдігі. Күйеу жігіт Тілестің де мінезі ұяң. Ата-анасының ыңғайын байқағандықтан ба, қалыңдығын іздеп барып танысып, мазалаған емес. Жастар бірін бірі жақсы білмейді. Тек сырттай естумен ғана жүр. Осы бейтарап күйдің шығармадағы рөлі аз емес. Құдалар арасында байланыстың болмауы болашақ тартыстардың бір дәлелі ретінде алынатындай.

Мұны басты кейіпкерлердің бірі Асанның қалай тиімді пайдаланғанын қаламгер суреттейді. Атастырылғандар арасындағы қарым-қатынастардың жоқтығы оның өз ойларын іске асыруына қолайлы жағдай жасайды.

Асан Мақтым аулына жақын жерге таяуда көшіп келген. Өмір қызықта-қызықтарын көп көрген әккі жігіт. Ауылға келген бетте көзі түскен жас қызды бірден айналдыруға кіріседі.. Оның әрекеттерінің барлық түрімен оқырман біртіндеп танысады.

Хикая соңында торына түскен қызды тастап, Асан жайына кетеді. Мақтымды сол елдің жасамыс болысы бірнеше әйел үстіне тоқалдыққа алады. Басына түскен алдау - арбаудан, зорлықтан ауруға шалдығып, құса болған Мақтым тағдырына, Асанға қарғыс айтып дүниеден өтеді.

Мақтым бейнесі

Мақтым көп қиындық көрмей, ештеңеден қиналмай еркін өскен сыңайлы. Портреті мен мінездемесі бірден берілмесе де, қатар құрбыларының арасында қадірі, орны бар екені суреттеледі.

Мақтым бастан кешетін барлық уақиғаларды қаламгер біртіндеп бейнелей жеткізеді.

Мәселен. ауылдағы тойда қыздарды үйге бастап кіретін-Мақтым. "Есіктен әуелі Мақтым, сонсын шәлі бүркенген қыз, басына қамқа бөрік киген үш-төрт қыз, онан соң малақай киген оншақты қыздар, олардан соң жас келіншектер рет ретімен келіп отырысты" (133-б.) Осындай шағын көріністер арқылы бас қаһарман бейнесін біртіндеп толықтырады.

Хикая ауылда болайын деп жатқан тойды тағатсыздана күтіп жүрген бой жеткеннің ойларымен басталады. Жас қыздың ой-әрекетін билеп алған сезімдер сыры - оны кездесуге, көңіл көтеруге шақырған тәуекелшіл жігіттің батыл ұсыныстары. Жалаң баяндауға құрылған әңгіме емес,

кейіпкерлердің ой-сезімдеріне оранған, суретке көшірілген астары, жұмбақтары бар оқиғалардың бастауы-осы. Қаламгердің бас кейіпкердің ішкі ойларын жеткізуде сезімдерін бейнелеуге ден қойғаны бірден байқалады. Әрі оның түрлі шығармаларды оқығаны, классикамен таныстығы, жазуда қаражаяу еместігі сезіледі. Хикая авторы туралы жоғарыдағы мәліметтерде проф. Т.Кәкішұлы да мұны атап көрсетеді.

"Мақтым бүгін күндегідей емес көңілі көтеріңкі, сергек еді. Ол өзінің неше күннен бері ойлап жүрген ойының түбіне бүгін жетіп, өмірлік жолдасына жолығып, ішіндегі сырын сөйлеп, көңілін тындырмақ болып қуанышты еді." (Жұлдыз, 131-б.)

Осы тебіреністі ойлар үстінде Мақтымның да өзіне құда түсіп, жастай атастырылғаны туралы түсінігі мүлде жоқтай. Жастардың арасында жақындық түгіл таныстық та аз. Ал құдалар арасында жекжаттық қарым-қатынастардың, алыс-берістің, ақша-заттық байланыстардың болмауы т.б. туралы көп ойламайтын тәрізді. Бұл қаламгерлік баянда емес, олардың арасындағы аз-кем байланыстардан байқалады. Оның түрлі себептері де шығармада айтылады. Өйткені кейінгі кикілжіңдерде олардың көбі суреттеледі.

Болашақ құдалардан араласпау себебінің ең үлкені, жоғарыда көрсетілгендей, қалыңдық туралы сөз қозғасақ, қызға беретін қалың малды көбейтіп жүре ме деген жігіт әкесі Әжібайдың күдігі. Болашақ күйеу жігіт Тілестің де мінезі ұяң. Ата-анасының ыңғайын байқай ма, әлде жастығы, жасықтығы ма, қалыңдығымен кездесуге, жақын танысуға ұмтыла қоймаған.

Ауылға жақында көшіп келген Асанның көзіне бірден іліккені - Мақтым. Көрікті бойжеткенге, қыз-келіншекке құмар жігіт көп ойланып жатпай-ақ "кездесейік, көңіл көтерейік" деген сөздермен мазалап, түрлі әрекеттерге көшеді. Қыздың үйіне түнде ұрланып кіруі, батыл әрекеттері ауыл жігіттерінен өзге мінез-қылықтары Мақтымға ұнайтындай. Екеуара әңгіме бұрын ондай қатынастарды бастан кешпеген жас қызды мүлде жаңа сезімдерге душар қылады.

Үлкен өмір туралы бойжеткеннің алғашқы толқулары бас көтереді. Бұрын ойланып көрмеген беймәлім армандар алғаш рет жас қыздың көңіліне енеді. Өз таңдауы бойынша тұрмысқа шығып, жарасты ғұмыр кешу туралы тәтті армандарға бойжеткеннің көңілі ауа бастайды. Бұл ой толқындарының қуаттылығы соншама, тіпті өзінің атастырылған қалыңдық екенін де ұмытады. Ұмытпаса да, оған онша мән бермейді.. Қанша ойланып толғанса да, теңімен тұрмыс құрып бақытқа жету - өзіне ғана байланысты қарапайым мақсат сияқты. Оның ойынша, ол соншама қиын, іске аспайтындай көрінбейді. Өзі жақсы білмейтін, танымайтындай атастырылған "күйеуімен" жарасты тұрмыс құрудың мүмкін еместігін сезеді. Тіпті басының "бос емес екені" құтыла алмас тосқауыл бола алмайтындай.

Алайда, өмірде мүлде олай болмай шығады. Жас қыздың алдынан адам ойына келмейтін қиындықтар пайда болып, тағдырдың күтпеген ирімдеріне тарта жөнеледі.

Жастар арасындағы түсініксіз қатынастар тәжірибелі Асанның мақсатына жету жолындағы ойынына айналады. Оны әккі, қу жігіт өте шебер пайдаланады.

Алғашында айтқанына көне қоймаған қызға болашақ күйеуін жамандайды. "Мені жек көресің, өзіңнің болашақ күйеуің де онша артық кісі емес қой. ...Ол жаман өзі. Тентек, қояншық ауруы бар дейді ғой..," - дегендерді айтып, өзі танымайтын адам туралы жамандауды бастайды. Екінші жолы өзінің айттырып қойған қалыңдығын жамандайды: "Менің айттырып қойған қалыңдығым жаман екен. Өзін бір ойында көрдім, көңіліме ұнамады, егер сен хош көрсең, мен сені алайын деп едім, бек жақсы етіп енші алып, екеуміз ғана тұрамыз" деген сөздермен онсыз да толқу үстіндегі жас қыздың басын айналдырады.*

Бұл қазақ жастары арасында адамды жанұядан гөрі жеке тіршілікке, "бостандыққа" ұмтылу тәрізді ой-пікірлердің көріне бастауының белгілері сияқты. Мақтымның Асанға сене бастауында осы сөздердің салмағы ерекше болады. Атастырған жігітінен, болашақ күйеуінен бас тарту оны мүлде білмеуден емес, басты себеп - "...енші алып, екеуміз ғана тұрамыз" деген сөздерде жатқан тәрізді.

Қазақ халқының атадан балаға мұра тәрізді сақталып, ілгері дамуға кедергі келтіріп келе жатқан көне дәстүрі мен жаңа заман жаңалықтары арасындағы кикілжің тартыс (коллизия) пен ымырасыз қақтығыстар да С.Сарталиев хикаясында көрсетіледі.

Жастарды атастыру немесе бірін бірі мүлде білмейтін жастарды қосу, қалыңмал, бата бұзу, бақсылық т.б. аталатын әдет-ғұрыптар тек қана осы шығармаға қатысты емес. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі басқа туындыларда да жиі қозғалады.

Бұл атадан балаға қалған қатал заң тәрізді. Көне дәстүрге жаңа заман өкілдері, жастар қарсылық білдіріп, күресіп жатса, әдетте, көбіне ескі дәстүрді ұстанған үлкендер оларға бой бермейді. Теңдікке, бостандыққа ұмтылған жастар қолдарында билік пен дәулет, мал-мүлік бар тәжірибелі қатал үлкендердің жазасына ұшырайды. Оларды тізеге сап көндіріп, қасіретке ұшыратып та жатады.

Хикаяда да осы күрестің кейбір көріністері аталып, алыстан ғана көрінсе, кейбірі алғы лекке шығып көркем мазмұнға қосылады. Мақтым дәл сондай жастай атастыру мен әке-шешелер құдалығы тәрізді ескі шырғаланға тап болып, ақыры соның құрбандығына ұшырайды. Шығармада бұл мәселе күрделі сипатта көрінеді. Мақтым тікелей атастыру салтының құрбаны тәрізді көрінбейді.

Осыдан бастап . "Мақтым" хикаясынан алынған барлық үзінділер осы басылымнан беріледі. (Жұлдыз,131-б).

Өмірдің өткінші қызықтарын көп көрген, нәпсіқұмар дәулетті жігіттің алдауының құрбаны болады. Бар мақсаты жас қызбен уақытша ойнап-күліп, қызық көру ғана болған алаяқтау әккі жігіт жас қыздың өмірін қасіретке ұшыратады.

Асанмен ауыл тойында кездесуді тағатсыздана күткен Мақтымның ойларын жан дүниесінде басталған толқымалы сезімдермен қабаттастыра суреттейді. Кейіпкер рухани әлеміндегі арпалысты күйлерді талдап көрсету үшін психоанализді қолданатын тәрізді. Әрине "Мақтымда" қолданыла бастаған бұл тәсілді кейіпкер жан дүниесінде өтіп жатқан психологиялық үдерістерді тереңдей бейнелеуге мақсатты пайдаланды деуге болмайды.

Бірақ мұнда автордың осы суреттеу арқылы кейіпкердің ішкі әлемін бірітіндеп ашуды іске асыра бастауы байқалады. Оны жан дүниесіндегі қозғалыстарды талдай суреттеуде қолданды деп те айта алмаймыз, бірақ осы бағыттағы алғашқы талдаулар арқылы бас қаһарман да басталған толқуларды біршама әсерлі, тарата бейнелегені көрініп тұр.

Сол кездердегі қазақ прозасында сиректеу кездесетін тәсіл. С.Торайғыровтың "Қамар сұлу", Б.Майлиннің "Шұғаның белгісі" аталатын шығармаларында ғана қолданыла бастаған еді. Бірақ ол шығармаларда кейіпкер психологиясын аша бейнелеу ауызша әңгімеден, халық прозасынан алынып, басты мақсат тәрізді көрінбейтін болса, С.Сарталиевтің "Мақтым" повесінде бұл әдіс басты бейнелеу құралына айналған. Мәселен, Мақтымның басына түскен күрделі жағдай бейтаныстау сезімдердің тулаған толқындарын тудырып, жас қыздың аласұрған әрекеттеріне, дұрыс шешімдер қабылдауына мүмкіндік бермейді. Ой мен бойды билей бастаған дүлей ішкі сезімдер қорғасындай ауыр ойларды әкеледі. Солардың арасынан қолына ілінетіні Асанның айтқандарына сену, әрекеттеріне көну ғана болады. Оның айтқандарының шындық емес екенін біліп, өтірігін көріп тұрып көнеді. Сөйтіп, әккі жігіт құрған торға амалсыздан өзі барып оралады.

Алдымен хикая фабуласын құрайтын негізгі оқиға халық прозасынан алынған. С.Сарталиев "Ғалия" медресесіне келгенде оның қолында "Мақтым" хикаясының қағазға көшкен нұсқасы болғанға ұқсайды.

Осы қолжазба 1917 жылы "Садақ" журналына жарияланған хикаяның негізі болған. Хикая бастауындағы түнде келетін Асанды күтіп жүрген Мақтымның мына ойлары алда тұрған жойқын сезімдар арпалысын сезіп тұрған жас қыздың соған дайындығы тәрізді: "Бүгін жатқанда сықырлаудың тепішін салмай қояйын, төр алдында жалғыз жатсам жақсы болар еді, бірақ әжем "Бәтимамен бірге жат!" дейді-ау. Бәтима да еш нәрсе демес еді. Сонда да білмегені тәуір ғой. Енді төр алдына жатуға тырысып қарармын. Мана Шәрипаны алып келмеген екенмін, оны алып келсем ғой екеуміз төр алдында жатар едік",- деді де, "Жоқ оны әкелуім жарамайды, ол біліп қалса, жұртқа жайып бітер"...

Осындай ойлар мен толқулар құшағындағы жас қыз төңірегіндегі адамдар әрекеті мен сөздеріне де онша көңіл аудармайды. Тебіреніске толы толассыз ойларын тоқтата алмаған кейіпкер жай-күйінің түрлі сәттерін психологиялық тосын сезімдермен араластыра бейнелейтін жазушы оқырманға ерекше әсер етер тәсілдерді тере бейнелейді. Әдейі алынған көріністер емес, күнделікті күйбең өмірдің қалыпты ағымы тәрізді. Солардың арасынан оның жан-дүниесіне сәулесі түсетін мәнділерін ғана

алып отыр. Төмендегі үзіндіден осындай ұрымтал жайларды суретеудегі қаламгер талдай қолданатын көріністерді байқау қиын емес. Мұны адамдар арасындағы әңгімелерге де жүктейтінін байқауға болады:

"Бәтима сиыр сауып болып шелегін алып үйге кірді. Оның артынан әжесі де келіп Бәтимадан: - Осы біздің Есентемір қайда? - деп сұрады.

Бәтима: - Көргенім жоқ. Әсемжан білмесе, - деді.

Әжесі: - Мақтым сен көрдің бе? - дегенде, "нені дейсің?" деді.

Әжесі: - Сен осы, есің ауып, тентек болып кеткенің жоқ па? Немене меңзең болғаның! Есентемірді сұрап жүргенімді естімедің бе? - деп ұрсып тастады".

Сонымен, кешкі ас ішіліп болып, бәрі ұйқыға жатқаннан кейінгі Мақтым Асанмен кездесуді күткен сезім толқындарының сағат өткен сайын үдеп, болашақ туралы қиял әсерлерімен байланысты өріледі:

«...Баяғы ой ой ма!!! Асанның күйеу болып келуі, өзінің келіншек болып түсу қызығы, тағы сондай-сондай (қайсы бірін айта берейін) ойлар еріксіз тасыған судай ағылып келе берді. Енді бірде атастырылған күйеуінен қалай құтылу ойы келіп, біресе "осылай білдірмей Асанмен қашып кетейін. Соңынан өзі-ақ қалар" деп, біресе күйеуімді жаратпайым, бармаймын деп дабыл шығарайын" деген сықылды ойлар келді. Сөйтіп, бір ойдың артынан бір ой келе - келе өзі тіпті шаршады, әрі түн ортасы болып қалды".

Ақыры осылай тағатсыздана күткен Асан да келіп, "...екеуі бірін бірі құшақтасып, сүйісіп, онды да қалды".

Осы түні-ақ Асанның айтып жатқан сөздерінде шынайылықтың аздығын жан дүниесінің сезімталдығы арқылы аңғарған бойжеткен ішкі сезімдер сыбырына құлақ аспайды. Зарықтырып келген Асанның түнгі әңгімелерінде "бір түрлі жағыныспен айтып жүрген сықылды, онша еріп кетпейтін сияқты..." үндерді Мақтым сезеді, бірақ "өзінің жас жүрегінің ілгері қарап талпынуымен" көп мән бермейді. - деп суреттейді қаламгер.

Мақтымның бұл қунышының ұзаққа бармасын автор тағы да бірден ескертеді. Ала таңмен аулына қайтқан Асан :

- Ап, бәлем! Асекең қақпанына қалай түсіреді" - деп, қаңтарулы тұрған атына мініп кетіп қалды... Олардың бұларын көріп тұрған сап сары таң:

- Ай Мақтым, алдандың ғой байғұс! - деді.

Жансыз заттар мен табиғат құбылыстарын, авторлық ой-идеяны жеткізуде қолдану - ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне, әсіресе прозасында жиі кездесетін тәсіл.

Эпостық жырларда болсын, ертегі, аңыздарда болсын, бұл егіздеу сипатты әдіс қазақ ақын-жырауларында, шешендерінде, ауыз әдебиетінде ғана емес халық прозасында жиі қолданылған. Әсіресе "Айқап" журналы бетіндегі әңгімелерде. Мәселен, А.Сорокин. Ж. Тілеулин әңгімелерінде .

Осыдан бастап Асан жұма сайын Мақтымға келіп тұратын болады. Мақтым жан-дүниесінде басталған бұл өзгерістердің барлық сыры жеңгесі Бәтимаға айтқан әңгімелерде ашылады:

"...анау күні, жазғытұрым ауыл жайлауда отырғанда бір күні түнда келіп, біреу мені оятты. Мен ұйқымды ашып "кім-"кімсің? дегенімде "мен, мен"

деді. "Менің кім?" дегенімде "Асанмын" деді. "Неғып жүрсің?" дегенімде "замандас болғасын ойнап-күліп, көңіл көтеру үшін келдім" дегесін "жақсы" деп жаттық.

Біраз әңгімелескесін, ол қыңқылдап қоймады, басқадай ойы бар екен. О жағын сөз еткенсін, мен оны жаратпай айналып жаттым. Қайдан білейін, ол сөйлесіп, көңіл көтеріп кетеді екен деп едім. Онымен қоймады, зорлағысы да келді, мен болмадым. Сонымен таң атып, ол кетіп қалды."

Асанның Мақтымды айтқанына көндіру үшін жасайтын әрекеттерінің басы осы. Бұдан кейін де Мақымға түнде келуді қоймайды.

Қаламгер Мақтымның "өзінің өмірлік жолдасым" деп таңдап отырған жігітінің түпкі мақсатын тойдағы жастар арасындағы әңгіме, қарым-қатынастар, ойындар арасында жеткізеді. Бірақ тура баяндау үлгісінде емес.

Тойға жиылған жастарды ойын-сауықтар кезінде жұптап отырғызушы ауыл жігіттерінің бірі "Сен кімнің қасына отырасың?" - деп Асаннан сұрағанда: " Менің Мақтым деген тамырым бар ғой, соның қасына отырғыз,

Қапашқа да айтып қойғанмын " дейді.

Мақтымның Асанмен уәделескенен кейінгі кездесудегі сезімдерін суреттеуде қаламгер біраз жайларды бойжеткеннің де байқағанын аңғарта, кейде даралай суреттеп, түсіндіріп те отырады.

Түнделетіп жүргендегі Асанның мақсаты жәй әңгімелесу емес еді. Күш қолдануға мүмкіндік бермеген жас қызбен амалсыз әңгімелерге ықылассыз қосылады. Бұл күйді сезімтал бойжеткен де байқайды. Бірақ түн жамылып қойнына келген жігіт құшағынан бойында пайда болған жойқын жаңа сезімдер оның сөздеріндегі жалғандықты біле тұра қарсыласуға мұрсат бермейді. Әрі тәжірибелі Асан да алғашқы беттен-ақ енді ғана көнген сықылды қызды үркітіп алмайын дегендей әдептілік сақтайды.

Хикая бастан аяқ осы тағдырлар тарихына құрылғанмен, онда қосымша уақиғаларға қатысты өзге кейіпкерлердің мінез-құлықтары мен әрекеттері де авторлық идея мен мақсатқа орай суреттеледі. Кейде тартыстар мен ішкі сезімдерді таратып, тоқтала баяндайтын тұстар да аз емес.

Қазақ ауылының дәстүрлі тірлігі мен салт-сананы бұза бастаған жастар әрекетіне деген қоғамдық орта көзқарасы ара-тұра қозғалады. Олардың шығарма фабуласы мен сюжетіне қатысы шағындау болғанмен көркем мазмұнмен тікелей байланысы бар. Бұл көріністер қоғамдық сана қабылдауының дәстүрлі ахуалын жеткізетіндей. Кейіпкерлердің уақиғаға араласудағы себептері мен жұрт пікірлері де айтылады Мінез - құлықтары, бірер ауыз қағытпа сөздері, тіпті кейіптерін байқататын суреттеулерде, қаламгерлік ишараларда аңғарылатын мазмұндық ойлармен байланысы тәп-тәуір бейнеленеді.

Оқиға өткен ортаны көрсетуде олардың орны айрықша. Әрекет, қимылға әкелген себептер жай әңгімеленбей, қаламгердің бейнеге көшіруге күш салатыны байқалады.

Әрине, біршама көлемді шығарма бір үлгі мен өрнекте жазылды деу шындыққа жараспас. Қаламгердің сәтті жазылған құрылымдары алғашқы беттерде молдау. Әсіресе, Мақтымның Асанмен кездесуді күткендегі ойлары,

көңіл-күйі, жүріс-тұрысы, қимыл қозғалысы, бойын билеген сезімдар толқындары осы суреттеулерде айқындыққа жетеді.

Бас қаһарман психологиясын бейнелеуде шеберлік мол: айтқан сөздерінің айқын болмауы, жинақтай алмай тұрған ойлары; бойын билеген сезімдерін түсінбеуі т.б. әккі жігіт ыңғайынан шықпауының себептері тәрізді.

Асанмен жолығысудан кейінгі бойжеткенді билейтін сезімдер лебінің сыртқы көріністеріне жазушы айрықша көңіл аударады. Оны әсірелеп боямай-ақ, қаз-қалпында суреттегендей жазғанмен, уақиғаға қаламгерлік таным қосылып, кейіпкердің ішкі жан дүниесіне өзге бір реңк дарытады.

"Мақтымда" XX ғасыр басындағы өзге шығармалардағыдай ағартушы, демократтық сипаттағы үгіт-насихат анық байқалмайды. Әсіресе, оқиғаға болыс араласқанға дейін. Бірақ жоқ деп айтуға да болмас. Көркем мазмұн өзегінде ауық-ауық бой көрсетіп тұратын қаламгерлік пікірлерден мұны аңғарасың. Соған қарап автордың басты мақсаты қазақ қоғамы алдындағы замана идеяларын ағартушылық, демократтық бағытта ғана оқырман алдына ұсыну болды деген қорытындыға келуге болмайды.

Мақтым бастан кешкен уақиға - мыңдаған қазақ қыздары тап болған қайғылы хикаялардың бірі. Оны да жастай атастырған. Мұны өміріне қатысты маңызды келісім, тағдырым деп ойламай, тыныш жүрген жүрген жас қызды Асанмен кездесу болашақ туралы толқулар иіріміне салып жібереді. Тағдыр туралы бұрын көп ойламайтын болса, енді ол күн сайын үдейді. Ара - тұра құрбылырынан, жеңгелерінен естігендері бойжеткеннің есіне ертегі тәрізді көрінетін. Ал Асанмен кездесуден басталған жақындық бірте-бірте жас қыздың еркіне бағынбай, ата-баба салт санасының үлкен сұрлеуіне қарсылыққа әкелді

Қызының мінез құлқындағы өзгерістерді байқаған шешесі жеңгесінен, Бәтимадан сыр тартады. Олардың арасындағы жақындықты, түнгі кездесулерді бұрын байқаған. Қызының Асанмен жақындығының кейбір бағытын Бәтимадан естігенде шошынады.

Асан мен Мақтым арасындағы жақындық бірте-бірте ауыл адамдарына белгілі бола бастаған: "Маңайындағы үйлердің қатындарының бәрі білді.

Бір күні осы ауылдан бір адам Әжібай құданың аулына қыдырып барып, әңгімеден әңгіме шығып отырғанда Мақтымның Асан деген жігітпен қашайын деп жүр деген өсегі барлығын айтады. Сөз ақырында:

- Әжібай құдаға айт! Сүйдеген қауесет бар, қапы қалып жүрмесін, - деді де қойды. Ол үйдің қатыны Әжібайдікіне барып айтып, бек үлкен сөз қылды.

Әжібайдың кемпірі қартына:

- Талай айттым: келінді барып сұра, қадеге келіс! Бұл заманда жастарға сенім жоқ деп. Енді жылдам барып, қадесін бер, жылдам алайық, ең болмаса есігімізге бір әкеліп жіберейік, әйтпесе, бізге не оңды малымызды қайтарар дейсің!- деп шапылдады да, баласына қарап:

- Өлі-тірісін білмегесін айттырылған күйеуім бар деп қарап жатар ма? Осы күнге шейін бір рет жүз көрісіп қайтпадың. Біреумен кетіп қалса қайтесің?-деп біресе қартына, біресе баласына тиісті...

...Әжекең құдасыныкіне келіп, бір мың сом, екі қараға келісіп, кешікпей алыс-берісетін, күйеуді ұрын жіберетін болды"(136-бб.)

Бұл келісімнен кейін көп кешікпей -ақ, Мақтымның ұзатылу тойына дайындық басталады. Бас қаһарман жас қыздың ғасырлар бойы қалыптасқан мызғымастай әдет-ғұрыпқа қарсы күресі осы кезден бастап авторлық суреттеудің негізгі арнасына қосылады.

"Сендер алыс-беріс бола беріңдер, мен өз жөнімді өзім білермін", - деп алғашында көп қобалжымайтындай. Оның бұл сенімі Асанның уәдесінде еді. Үлкендер ұзату тойына шындап кіріскенде енді әрекетсіз отыруға болмайтынын сезеді. Асанның келуін асыға күтеді. Өзінің ұзатылуы туралы әңгімелерді, тойға дайындықтардың басталғанын айтуды ойлады.

Мақтымның ішкі ой-сезімдерін психологиялық күйлерге орай суреттеу осыдан бастап шығарма мазмұнында алға шығады: "Бұрынғы ой ой ма! Ойдың түбіне жете алмай, күн - түн ойлап, далаға шығып Асанды қарайды. Кетіп бара жатқан кісі болса, Асан емес пе екен деп төбеге шығып қарайды, тентек кісідей болды. Тіпті ас -су ішпей, күні бойына Асанды ойлап, кей уақытта не істегенін өзі білмей, кекірейіп отырып қалатын еді."

Өзінің еркіндеу өскені бар Мақтымның ата-анасы баталасқан құдалыққа қатысты қарсылығы ел ішінде әңгіме бола бастаған осы жаңалықтармен қабаттасып, еркіндікке ұмтылған жастар армандармен байланысты болатын.

Осыны көріп отырған Мақтым енді әңгіме ұзатылу тойына таянғанда қысылайын деді. " Сендер алыс-беріс бола беріңдер, мен өз жөнімді өзім білермін"-деп алғашында көп қобалжымаған Асанға деген сенімі күн өткен сайын көктемгі қардай еріп, бітуге бет алды.

Одан жауап жоқ.

Ақыры Асан жақтан еш хабар болмағандықтан, тәуекелге амалсыз барады.

Тілеске ұзату шаруаларына кіріскен шешесіне ойын ашық айтады: " - Апа, мен Әжібайдың баласына бармайым! Әкем мен ағама айтыңдар, менің үшін той жасамасын, басымды кессе де бармайым" -деді.

Құда түсіп, қалыңы төленіп қойған қыздың жасы өзімен құрдас, ағзасында міні жоқ теңіне бармаймын, оған тимеймін деуі - қазақ қыздары тарихында сирек ұшырасатын уақиға. Сан ғасырларға созылып келе жатқан бұл әдет-ғұрыптың бұзылуы қазақ қоғамында "бата бұзу" тарихымен қабаттасып, үлкен әлеуметтік қайшылықтарға ұласатын.

Бірақ әр дәуір мен заманың жеке өзіндік тілі болатыны тәрізді ХХ ғасыр басындағы жастардың бостандық жолындағы күрестері бірыңғай жеңіліспен емес, ара тұра жеңіске жете бастағандары да кездесетін. Осы ұнамды хабар жастар арасына бостандық үшін күрестің жақсы лебін таратты.

Мақтымның Асанмен қашу жолындағы жоспарларының үлкен үміті осы жеңістерге байланысты еді. Әрі Ресей империясының қазақтың бұрынғы тұрмысы мен заңдарын қиратып, өз заңдарын тықпалауды бастаған.

Осы той үстіндегі неке рәсіміне байланысты келісім кезінде де "Бармайым оған, некемді қыймаңдар"- деп қарсылық көрсетеді.

Бұл ол заманда, үлкен батылдықты талап ететін әрекет болатын.

Мұны естіген әке-шешесі: "...сендерді құдай соқсын! Бізді үлкен ұятқа қалдырайын деп жүр екенсіңдар, алла сақтасын! Бата бұзды деген не? Ұлы бар, қызың бар дегендей өзіміздің алдымызға келсе қайтеміз. Және пәленшенің қызы қашып кетіпті деген қандай ұят! Онымен адамның жүзін көре аламыз ба? Және мырза жігіттің келінін бермей кетеді ғой олар. Ол сөздеріңді мен ғана білейін, ондай сөзін қойсын, - деп бірталай ұрысты.

Бәрін көріп біліп отырса да, Қартбай қария білмегенсіп: " Бала балалығымен айтып отырған шығар, әлгі әйелдер үгіттесін, көндірсін деп,- әжесіне жекіп тастады. Әйелдер үгіттесе де болмады. Мақтым жылауын тыймады. Оған қарамай, қыздарды бір ауық үйге апарып тойларын істеді. Түн ортасында бір екі жігіт куәлікке келіп, жауап сұрағанда, Мақтым " бармайым оған, некемді кимандар" деп сыңсып, молдаға өзі баруға талпынып еді, қатындар жібермеді. Ертеңіне түскі асты жеп болған соң, жөнелтуге киіндірейін деп келген қатындарды қасына жолатпады. Сонан бір екі жігіт келіп басып отырып киіндіріп, шырқыратып, ойбайлатып, көтеріп апарып арбаға таңып, үстіне кемпірді отырғызып жөнелтіп жіберді" (137-б)

Мақтымды жылатып, еңіретіп ұзатуға қарсы болатын ағасы (шығармада аты аталмайды.-З.Б.) мен жеңгесі Бәтиманың сөздерін ешкім де тыңдамайды. Олардың сөзбен ғана айтылған әлсіз қарсылығын елеп жатқан да ешкім көрінбейді

Осы уақиғаларды суреттеу кезінде қаламгер өз мақсатына орай қажет деген көріністерді кейде баяндайды, кейде суреттейді. Көп сөзділікке ұрыну, уақиға, сюжетке қатысы жоқ көріністерге алаңдау жоқ.

Тілеске ұзатылғаннан кейінгі Мақтым бастан кешкен уақиғалар негізінен алтыншы тарауда баяндалады. Асанның жеңгесі Жаңыл мен арасындағы әңгімелерде Тілес үйіндегі Мақтымның үнемі аңдудағы тіршілігі жан-жақты айтылады, қайғы қасіретке толы күндер ізін салған бейнесі, жай-күйдің қаншалықты ауырлығы жеңгесі Жаңылдың аянышын туғызса, Мақтым қасіретіне тікелей кінәлі Асанның бәрін естіп отырып селт етпеуі, бейтараптық танытуын суреттеу арқылы қаламгер оның кім екенін анық көрсетеді.

Мақтым Тілестің үйіне келген соң да Асанмен хабарласу мүмкіндігін іздейді. Ақыры ретін тауып, оны шақырады.

Тілес үйінің көршісі Жаңыл мен Асан арасындағы мына әңгімеден Мақтымның келін боп түскеннен кейінгі барлық тірлігі анық көрінеді:

".. Кешке таман үйде Жаңыл жеңгей сүт пісірейін десе, оты жанбай бықсып

жүргенде 10 жасар баласы Қасым сыртқа шығып келіп:

- Асан ағам келіп түсіп жатыр, - деді...

...Жаңыл Асанға:

- Анау күні сені қайыққа шығып кетті деген жоқ па еді?- деді.

- Ана сиыр - малды жинай беріп не қыламын, орныма кісі жалдап жібердім. Әкемнің малы таусылады дейсің бе?

- Ой, байғұс! Ауылда қалып, қыздан қыз қалдырмайын деп жүрсің- ау сірә, - деді. Асан темекісінің түтінін бұрқыратып шығарып, қарқылдай күлді.

- Сен оны қайдан білесің ?- дегенде, Жаңыл:

- Мен білмейді деп ойлапсың ғой, мен қыбырлағаныңды да білем, - деп бетінде сорғалап ағып бара жатқан терін жаулығының ұшымен сүртіп, бір-екі ағашты самаурынға салып жіберді,- Айтқандай, мына Әжібайдың келіні Мақтымды әуелде алам деп әуре қылып, соңынан алмағаның не? Сенен әлі де күдер үзбей жүр, тіпті сенің зарыңнан өлетін дейді. Анау күні көрші болғансын қайырлы болсын айтайын деп барып едім, Мақтым тіпті шөлмектей құп-қу болып кетіпті. Бойлай қабағы ашылмайды дейді. Осы жердегі Әжібайдың ағайындарының қатындары айтады: Әжібайдың үй- іші "кетіп қала ма" деп Мақтымды бағумен жүретін көрінеді. Мен барғанға да шектенді білем, Мақтым мені шығарып сала шыққанда қасына үлкен қызы Әйіре бірге шықты. Енді алсаң бұртала алып қашып кет те, алмасаң алмайтындығыңды айтып, бұратала көңілін суыт, қор қылмай, тіпті жүдеп кетіпті.

-Ой, тәңір-ай, жүре берсін, мен ондайдың нешеуін зарықтырмады дейсің?

- Оған қашан көңіл қосып жүрсің? Айтшы?- деді. Асан темекінің күлін үріп жіберіп, қалайша таныс болғанын, неше барғанын, өзі дегенде Мақтымның ішкен асын жерге қойғандай күйге жеткенін, жақсы көретінін айтып келіп:

- Оны мен, солай тіпті алайын деп жүргенім жоқ, аз күндікке ғана көңіл қосайық деп едім. Ол менің сөзіме нанып, түпкілікке алады деп жүр екен. Жазғытұры бір күні ұзатылар алдында келгенімде тіпті жылап: " мені қашан алып кетесің? " деп қалғысы келмеді. Мен көлік алып келем деп әрең құтылдым, сонсоң теңізге шығып кеттім. Соны естіген боларсыз. Әжібайдың баласына бармайым деп үлкен әлек шығарып, әкелері таңып беріп жіберіпті ғой. Мен оны алып не қылайын? Ондай кісіні алсам, маған онсыз да толып жатыр. Талайларды сөйткен дөкең мынау, - деп көкірегін қағып, темекіні бір сорып жіберді.- Және жақын арада Сәкеннің молдада оқып жүрген баласы Әжібайдікіне барған екен, сонан маған келсін деп айтып жіберіпті. Соған барайын деп келдім. Әлде де " алам" деймін, қайтейін, мен сенің үшін пәлен болдым, түген болдым дегесін (шыныда сол еді) , еңіреп жылап тұрғасын көңілін қимаймын. Баяғыдан бері алам деп жүріп, енді алмаймын деу қиын-ақ екен."

Сонымен, Жаңыл екеуі бірталай сол жайында сөйлесіп, ақырында жастыққа бас қойды. Әрі- беріден соң Асан тұрып, Әжібайдікіне кетті.

Әжібайдікі жақын болған соң тез келіп қалды. Сырттан тындаса, кемпір қорылдап ұйықтап жатыр екен. Шам жанып тұр. Жайменен барып оң жақта жатқан Мақтымның тұсынан іргені көтеріп қараса, періштедей болып

Мақтым ұйықтап жатыр. Ар жағында қайын сіңлісі жатыр, сол жерде

Асанның қолын сүйіп, айтып бітіргісіздей жылады. Соны көріп тұрған кісі болса, тас бауыр болса да шыдай алмайтын еді. Асан да жылаған кісідей көзін сүртіп "мені тастап кеткенің бе?" "Бұл дүниеге не қылайын" деп пысылдады. Мақтым бір сөз айтады да жылайды, бір-екі сөз айтады да көзінің жасын тыя алмай егіле береді. Айтыспаған өкпе, айтпаған қорлық қалмады. Бәрін де айтты...

Мақтым : - Ай, осы қазақтың сүйгенінен басқаға беретін әдеті құрысын деп бүтін қазаққа да лағнат айтам. Осындай қайғы, ойдан- ақ өлетін болдым, -деп көзінің жасын төгіп-төгіп жіберді.- Енді мен сенсіз жерде тұра алмаймын, ауылға қашып барам, сонсоң мені еріксіз-ақ өздері айырап, осы берген азаптары жетер. Мен еріксіз сатып жіберетін олардың құлы емеспін ғой, -деді. Және біраз жатып:

- Мен ауылға бармай-ақ, осы жерден неге алып кетпейсің? Ауылға барғасын да жөнділікпен айырып ала ма, алмай ма? Мен әкемнен де, шешемнен де күдер үздім, ағам болмаса. Анаукүні ағам менің сөзімді сөйлеп еді, сонда да көкем болмады ғой,- деді.

Асан: Бұл жерден алып кетудің жөні болмас, ауылға бар. Айырылып, басыңды босат, сонсоң той етіп, ырғап-жырғап алайын деп жүрмін - деп қоштасып кетті.

Мақтым енді жатып алып, қашан, қалай, немен кетудің планын олай - бұлай салыстырып, ойдың түбіне жете алмай, ақырында бір қарарға келгенде үйдің тесіктерінен түскен жұлдыздай жарықтарды көріп, ұйықтайын деп аунап жатты. Сонымен Мақтым дәмді ұйқыға кетті."

...Осы әңгімеден соң Мақтым үйіне қашып келеді.

С.Сарталиев хикаясында ата-баба дәстүрінің "қыз балаларды жастай атастыру, әмеңгерлік, қалыңмал т.с.с. түбегейлі өзгерістерге ұшырай бастаған кезіндегі уақыт пен кеңістік әуендерінің нақты суреттері бар. Ұзатылған Мақтымның үйіне қашып келуі, Асан өтіріктеріне сенуі болашаққа жол таба алмаған бойжеткеннің шарасыздығындай.

"Алдымен басыңа бостандық ал, сосын той жасап үйленеміз...", - деген Асан тәрізді жеңіл жүрісті адамдардың өтірігінде ел ортасына қанат жая бастаған бостандыққа қашу әрекеттерін өз мақсаттарына пайдалануы тәрізді әсер қалдырады. Оған Мақтымның сенуінде "мен құл емеспін ғой деген" қоғамдық санаға таралған сөздердің салмағы жатса, бұған соншалықты мән берудің қажетінің жоқтығын да Асан біліп отырғандай

Қазақ қоғамдық санасындағы уәдеге берік болу дәстүрінің жаңа замана талабына сай өзгеріске ұшырап ыдырай бастағанын С.Сарталиев осылай бейнелейді. Мақтымның ұзатылып барған жерінен үйіне қашып келуі осындай бір жаңа қатынастардың нәтижелері тәрізді..

Үлкен қалалар мен ірі ауылдардан алыстау жатқан шағын мекендердегі мұндай уақиғалардың "батырлары" салт-санаға сия бермейтін оқиғалары үшін сын-талқыға ұшыраудан гөрі күнделікті қызық әңгімелердің басты тұлғаларына айналғандарын артық санайтын тәрізді.

Қаламгер олардың ой-әрекеттерін кеңістік пен уақыт өлшемдері аясында көрсетуге ұмтылып отырмаса да, ел ішіне тарай бастаған қоғамдық, әлеуметтік шындықтар, жастардың бостандық үшін күреске шығуынан анық көрінеді.

Хикаяның негізгі арқауына айналған тартысты оқиғаларды ширату барысында оның қозғаушы күші ретінде әлеуметтік топтардың арасындағы тартыстарды суреттеуі кәсіби прозаның айтарлықтай жеңісі болатын.

Асан туралы

Мақтымның, болашақ өмір туралы тәтті үмітін тас-талқан қылатын Асан - дәулетті ортадан шыққан жігіт. Бас кейіпкерінің бірі - бай баласы. Шығармада суреттелетін түрлі оқиғалар кезінде мақтану үстінде айтқан айтқан сөздерінен қаламгер біраз нәрсені аңғартады. Ол туралы барлық ой-пікірлерді түрлі оқиғаларды суреттеу барысында жеткізеді.

Бұл сипатты әңгімелерге арқау болар оқиғалар қалың қазақ ортасында аз болмаған. Ғашықтық туралы сан-алуан хикая, аңыз әңгімелер, сүйгеніне болмаса, теңіне қосылу үшін салт-сана, дәстүрмен күресте қаза болған қыздар туралы оқиғалар қаншама.

Шым-шытырық оқиғаларға толы мұндай хикаялар ел ішінде баршылық.

С.Сарталиев осындай бір уақиға туралы ел арасына таралған ауызша әңгімені қағазға түсіргендей.

Асан - өмірдің біраз қызықтарын көрген, әсіресе, жас қыздар мен келіншектерді алдауда алдына жан салмайтын жігіт. Соны өзі мақтаншы көреді. Талайды көрген алаяқ жігіт бәрін өз пайдасы мен нәпсісін қанағаттандыру үшін істейді. Алдау мен өтірік айтудан мүлде ұялмайтыны хикаяның Асан ұшырасатын әр тұстарында суреттеледі. Оның бұл жеңіл жүрістерінен ата - анасы хабарсыздау тәрізді. Хикаяда әке мен бала туралы мүлде сөз болмайды.

Ауыл маңына жақында ғана көшіп келгендіктен, ел адамдарының ол туралы түсінігі әлі көп емес. Алайда мақтаншақтығы мен көтеріле сөйлеуіне қарап, оның кім екенін шамалай бастағандай. Әдетте, қазақ арасында мұндай типтер ауызекі әңгіме мен ел-ішіндегі өсек - аяндардың басты тақырыбына айналып, тез әйгілі болады. Алайда оның жүрістері мен хикаялары туралы Мақтымның еш мәліметі жоқтай. Мұндай әңгімелерге мүлде көңіл аудармайтын бойжеткен оның айтқандарына сенемін деп енді ғана бастаған үлкен өмірінің күрделі қиындықтарына ұшырайды. Шығармада жастығы мен тәжірибесіздігінен, әлде аңқаулығынан қайғы-қасірет тұңғығына батып бара жатқан жас қыздың жан-дүниесіндегі арпалыстарды қаламгер біршама тарата жазады.

Қаламгердің сентименталды прозанаң тәсілдерімен таныстығы байқалады. Оны көшірмей, менгере пайдаланатындай.

Мақтым екеуі арасындағы әрекеттерінде Асан айла, өтірік қана емес, әшкере болатын оқиғаны елемейтіндей әдеті көрінеді.

Қыздың үйіне жасырынып үнемі түн ортасында келеді. Оның айттырып қойған күйеуін жамандап, өзінің өтірігіне сендіреді,..., үйленейік., енші алып екеуміз ғана оңаша тұрамыз... т.б. тәрізді сөздермен басын айналдырады.

Ауыл тойындағы ойын басқарушыға Асан ашық айтқан мына сөздерде оның барлық мақсаты мен мінез-құлқы, ойлары тұр: "Ой, Құдай-ай, біздерге қызға тамыр болу бұйым ба? Осы жаққа көшіп келгелі тамыр болғаным осы Мақтым ғана, ана жақта (бұрынғы тұрған жерлерінде. -З.Б.) тамыр қызым сансыз еді. Қыздың мен айланып білемін ғой, қызды алдау маған боқтан оңай, әсіресе күйеуін менсінбей жүрген қызға күйеуін жамандап, өзім алам деп қойсаң, жылдам алданады. Мына Мақтымды да

алам деп алдап, тамыр болып алайын деп жүрмін. Өзім жұмысымды бітіріп алғасын оны тастап кетем ғой, соңынан еріп қалмайтын нәрсе емес қой..."

Ауылға таяуда ғана көшіп келген жігіттің мына сөздері мен айтқандары ауыл адамдарын жетеді- ау, Мақтым да естиді-ау деп, қауіптенбеуі де мінез-құлқындағы, ниетіндегі біраз нәрседен хабар береді. Бірақ ауыл адамдары мұны Мақтым ата- анасына айтады.

Осындай жеңіл жүрісті адамдардың хикаялары ел ортасына кең таралатыны соншама, оған көңіл аудару қаншалықты тез болса, соншалықты мән бермеуге де болатындай. Сірә, үлкен қалалар мен ірі мекендерден алыстау жатқан шағын ауылдардағы мұндай оқиғалардың "батырлары" салт-санаға сия бермейтін мұндай хикаялары үшін сын-талқыға ұшыраудан гөрі қызық уақиғалар мен қайғы қасіретке толы әңгімелердің басты тұлғаларын айнала бастайтындай.

Автор ойнап-күлуден басқа мақсаты жоқ мақтаншақ жігіттің ойлары мен сөздерін, мінез-құлқын қимыл-әрекеттерімен қоса бейнелейді. Хикая бастауындағы тойдағы көріністерде бұлар анық байқалады.

Мәселен, балалар: "Қыздар келе жатыр, қыздар келе жатыр!" жүгіріп келді. Асан мырза жантайған жерден басын көтеріп, темекісін тартып, есікке көзін аларта қарады"...

Осы тойда Асан жоспарлағанындай Мақтымның қасына отырады. Бойжеткен екеуара әңгімеде ретін тауып, ұзақ ойланып келген өз шешімін: "Сен сөзінде тұрсаң, мен де тұрдым"- дегенді жігітке айтады

Құмартып жүрген қыздың көнгенін естіген Асанның қуанышын қаламгер бір-ақ сөйлеммен қайырады: "Асанның екі көзі қасқырдың көзіндей жайнап кетті,..".

Бай - кедей арасындағы әлеуметтік, "таптық қайшылықтарға" повесте арнайы мән берілмейді. Алайда С.Сарталиев Асанның дәулетті екенін шығарманың бірер тұсында көрсетіп өтеді.

Мәселен, қаламгер осы тойда Асанның шашуға салатын ақшасының ірілігін көрсетсе, екінші бір тұста Асан орнына балық аулауға өзге біреулерді жалдап жұмсағанын сөз арасында айтып өтеді. Дүние-мүлік, ақшаға байланысты қарым қатынастардан ел ішіндегі жіктелудің барлығын байқатады.

Шығарма соңындағы біреулер арқылы Мақтымға жеткізетін; "...мені енді қойсын, әке-шешем жаратпайды" деген сөздері "мені қашан алып кетесің деп" мазасын алған қызға айтқан Асанның өтірігі ғана. Мақтымға үйленем деген ойының мүлде болмағаны хикаяның бірнеше тұсында айтылады. Оның жалған сөйлеп отырғанын Мақтымның сезе тұра сенуін қоймауы арманға жетудің басқа жолын білмеуден, өзге үміттің жоқтығынан шығар деп шамалауға болады. Алайда сан мәрте алдаған уәдесіне тұрмайтын Асанның сөзіне Мақтымның амалсыз сенуінде өзге де жайлар бар тәрізді.

Хикаядағы ауызша әңгіме (халық прозасы) және кәсіби проза

Қазақ қоғамдық санасындағы уәдеге берік болу дәстүрі - сан түрлі өзгеріске ұшырап, ыдырай бастаған кез. Ұзатылған қыздың барған жерінен үйіне қашып келуі де артындағы дау-дамайлардың босаң тартуынан. Ұлттық санаға сіңіп берік сенімге айналған әдет-ғұрыптың бұрынғы күш-қуатынан айрылуы "алдымен басыңа бостандық ал, сосын той жасап үйленеміз...", - деген Асан сөздерінің Мақтымға өрескел көрінбеуі де содан.

Үйіне қашып келгеннен кейінгі Мақтым бастан кешкен күйді қаламгер оның психологиясы арқылы суреттейді, кейіпкерлердің ой әреке-кеттерін кеңістік пен уақыт өлшемдері аясына тоқтала бейнелейді. Өйткені хикаяның негізгі арқауына айналған тартысты уақиғаларды дамыту, ширату, шешілу барысында тиісті деңгейде қолдана бермейді. Оның негізгі қозғаушы күші ретінде әлеуметтік типтер мен топтар арасындағы тартыстарды қаза көрсетіп жатқан жоқ. Алайда бұл қоғамдық, әлеуметтік шындықтарға көңіл аудармайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді. Қысқарта айтар болсақ, халық әдебиетінде (ауызша әңгімеде) болмаған оқиғаларға қиялдан әлде не қосуға бара бермеген.

Автор ойнап-күлуден басқа мақсаты жоқ мақтаншақ жігіттің кейбір мінез-құлқын, қимыл әрекеттерін баяндауда дәйектемелер жасап жатқан жоқ. Тек ауызша әңгіме ұзын-ырғасын сақтаған. Асанның өтіріктерінен құса болған Мақтымның ішкі әлемін суреттеуде С.Сарталиев шығармашылық үдеріс ықпалын көрсеткен.

Алдымен жас қыздың тағдырын қасіретке душар қылған Асан ойларында не бар екенін ашып көрсетеді. Оның жеңгесі Жаңылмен арадағы әңгімеде алаяқ жігіттің Мақтымның ұзатылғаннан кейінгі тағдыры туралы ойларының мүлде болмағаны айқын көрінеді:

"...Оны мен, солай тіпті алайын деп жүргенім жоқ, аз күндікке ғана көңіл қосайық деп едім. Ол менің сөзіме нанып, түпкілікке алады деп жүр екен. Жазғытұры бір күні ұзатылар алдында келгенімде, тіпті жылап, "мені қашан алып кетесің?" деп қалғысы келмеді. Мен көлік алып келем деп әрең құтылдым, сонсоң теңізге шығып кеттім. Соны естіген боларсыз. Әжібайдың баласына бармайым деп үлкен әлек шығарып, әкелері таңып беріп жіберіпті ғой. Мен оны алып не қылайын? Ондай кісіні алсам, маған онсыз да толып жатыр. Талайларды сөйткен дөкең мынау, - деп көкірегін қағып, темекісін бір сорып жіберді." (138 бб)

Мына кездесуге Мақтымның біреу арқылы жеткізген шақыруы бойынша келіп отыр. Олар түнде кездеседі. Мақтым үй ішінде, Асан сыртында керегеден сөйлеседі. Жылаудан көзі де, сөзі де босамаған Мақтым Асанның өтірігіне тағы сенеді: "-Бұл жерден алып кетудің жөні болмас, ауылға бар.

Айрылып басыңды босат, сонсын той етіп, ырғап-жырғап алайын деп жүрмін

- Мақтым:

- Жә, болсын, мен ауылға барайын, - деп, су балыққа қуанған балаша қуанып, Асанның қолынан сүйіп-сүйіп алды..." (139-б.)

Осыдан кейін көп кешікпей Мақтым аулына қашып келеді. Мұны тағдырмен ашық күреске шыққан жас қыз алғашқы жеңісі тәрізді қабылдап, енді Асанның келуін тағатсыздана күтеді.

Мақтымның қашып келуін үйінде ешкім де күткен жоқ еді. Мақтымның ата-анасының қызының тағдырына қатысты ойлары мүлде басқа еді. Қайтып келген қыздарын көргенде алғашында не ойларын білмегендей күй кешеді.

"Қарт дәрет алып болып, төрдегі бет орамалға ұмсына бергенде, төр алдында бір кісінің жатқанын көріп, "бұ кім?" деп шошып кеткендей тұра қалды. Арт жағынан Бәтима келіп: "Әсемжан ғой, жаңа, таң алдынды келіп жатқан" дегесін Қартекең бұрынғы уақиғаларды һәм бүгін түнде келгеннің сырын ұғып, ары жағын сұрамай-ақ өзі біліп, аңырайып біраз тұрды. Бет орамал мен жайнамазды алып, намаз оқуға кірісті. Намаз оқып отырғанда шайтанның салуымен көңіліне әлде нендей қорқыныш ойлар кіріп, не істеп не қойғанын білмеді. Төрт жығылудың орнына тоғыз жығылды. Қарт намазын оқи сала кемпіріне:

- Тұр! Жатыны түскір! Тұр! Тал түске шейін шалжиып жатады-ау бұлар деп мәсін іздеп, әрең дегенде тауып алып жалма-жан киді. Бәтимаға:

- Аналарды оятсаңшы! Маған ат әкеліп берсін, түнда ауға ертемен кетем деп жатыр еді ғой. Қарашы, әлі жатқанын түске шейін, - деді де, өзі - ойбай-ау, маған деген кісінің бәрі осындай болды ғой, құдайым-ай, - деп кейіп жатқанда кемпірі Ақсұлу оянып:

- Мына қу шұнаққа не болды таңертеңмен тұрып, не болды қутыңдап! - дей бергенде, төр алдында жатқан кісіні көргенде "бүнікі жөн екен ғой" дегендей жағын қарыстыра қойды. Қарт бар киімін киіп алып, сыртқа шықты, ары жүрді, бері жүрді оқтаста "қайтқан бақыт" дегенді қатты айтып күрсініп қойды. Оқтаста "Мақтымды айырып алып, тағы біреуге көп малға беремін" дегенде түсіне шырай кіргендей еді." (Сонда, 140)

Қызының бұл келісінің бар сырын білетін әкесі болысқа барып, оның басын босатып алады. Артынан қуып келген Әжібай және оның ағайындарының Қартабаймен дауына да күтпеген жерден болыс араласып, оның басына бостандық алып береді:

"... келіңізге жәбір көрсетіп, соғыпсындар. Кет! Кет! деп үйден қуып шығыпсындар. Ол не қылғаныңыз? Адам баласы ғой, ұрып соқпай-ақ жіберсең ол пақыр кетпес пе еді? Жазғаны әйел болғаны ма? Күйеуімді қайтейін, әсіресе атам мен енемнен қорлық көрдім дейді. Анау күні солай деп Қаратабай жылап келгесін рас өтірігін білейін деп, келін баладан сұрап едім, бала өзі көрген қорлық-зорлығын айтты. Сосын жаным аяп кетіп, орысқа арыз беріп қойдық,- деді болыс.

Әжібай "орыс" деген сөзді естігесін құты қашып, үннен қалды. ("Орыс" - дегенде сол аймақты басқаратын патша чиновниктерін айтып отыр.-З.Б.)

Арпалыс алдандағы бостандық

Басына бостандық алғандай болған Мақтымның қуанышты көңіл күйі мен ойларын қаламгер шығармада ішкі сөз бен кейіпкер психологиясын

бейнелеу арқылы әсерлі суреттейді: "Мақтым айрылысқасын өзін ең бақытты кісі санады. Көңілі толды. Алдындағы бақытты күннің бәрін нұрлы етіп көрген сықылды. Сол күндердің тез келуін асығып күте бастады. Баяғы өзінің қыз болып, үйде жүргенде Асанмен жолыққандағы пландарының енді болуына көңілі сенді. Бәтимаға Әжібайдікінде жүргенде өзінің не қылғанын, Асан келіп: " әуелде келе алмай қалып, әлі де алу ойында болғандықтан екеуі уәде байласып, сол себепті өзінің қашып келгендігін айтты. Әуелгіше бойын таранды. Сыланды-сипанды. Қайта толысып, бұрынғыдай бола алмағанмен, көңілі көтеріліп қалды. Енді Асан қашан келеді? Баяғы пландары қашан жарыққа шығады? Қашан мен ойнап-күліп рахатқа батам. Өз еркіммен жүрем деп асыға бастады",

Шығармада іс-әрекеті жай баяндалмай, ой-сезіміне қоса, араластыра әрі негігі оқиғаға қатысты бейнеленетін кейіпкерлер көп емес. Оқиғаларға байланысты ойлары көрсетілетіндер - Мақтымның әке-шешесі.

Олар жалшылықта жүрген, болмаса тұрмыс таршылығын көріп, біреулердің қолына қараған адамдар емес. Өздеріне жететін дәулеті, тіршілігі бар, дәстүрлі дүниетанымды, қазақы салт сананы ұстанған адамдар. Қыздары Мақтым да сол деңгейде біршама еркін өскен сынайлы.

Мақтымды жастай атастырудың мән-жайы шығармада мүлде айтылмайды. Құдаларымен байланыс, қарым қатынастары жоқ. Ұзату тойы туралы әңгіме қозғасақ, қыздарына қалың малды көбейтіп жүре ме,-деген ой, құдасы Әжібайдың күдігі ғана. Ондай ниет шығармада көрсетілмейді.

Мақтымның Асанмен арасы белгілі болғанда, қыздары қашып кетіп ұятқа қаламыз, "бата бұзған" аталамыз-ау деп шошиды. Тілеске бармаймын деп қарсыласқын қыздарын "басын дуалады" деп, бақсы - балгерлерге қаратуы - соның бір салдары.

Мақтым ұзатылған жерінен үйіне қашып келгенде қатты абыржиды. "Қартабай мен Ақсұлу: Баланың дегенін қылдық. Баланы бір кедей жерге зорлап беріп обалына қалдық қой деп жүргенде, әуелі алланың, сонсын болыстың жәрдемімен айырып алып, көңілді тындырдық, енді Асанның әкесімен, не басқа байырақ кісімен қашан бәтуға келер екенбіз, - деп олар да күте бастады."

Балаларын дәулетті жерге ұзату туралы ойлары осы кезде айтылады. Тіпті Асанның ата-анасы келсе екен деген емеуіріндері белгілі болады. Бірақ оның Мақтымды алайын деген ойы белгілі...

Айрылысқасын өзін ең бақытты кісі санап, Асанмен хабарласқан Мақтымға "Мені енді қойсын, әке-шешем жаратпайды"- деген жауап береді.

Бұдан кейінгі Мақтым бастан кешкен қасіретті күй мен ауыр сезімдерді қаламгер табиғат көріністерімен егіздегендей салыстыра суреттейді. Шығармада табиғат көріністерін кейіпкерлердің көңіл-күйімен, болмаса, алда тұрған оқиғалармен жымдастыра суреттеудің біршама сәтті үлгілері бар.

Мәселен,"Жұрт әлдеқашан қыстауға кірген. Күн ызғырық жел болып, жағымсыздана бастады. Малдарды танертең өргізгенде суыққа ұрынтқысы келмей әрең жайылатын еді. Түс ауа ауылға қайтып келіп, қашан пішен

береді дегендей мәлііп тұратын еді. Балықшылар да бүрсендей тоңып, ауларын жинай алмай үйге тығыла береді. Теңізшілер де "енді бірден артық шыға алар ма екенбіз?" деп тарап кетісті. Ауылда қалған қарттар күздікке сойылған тайөгіз, қойлардың етін аңдып, үйден үйге жүрісетін еді...

Біздің Мақтымның да осы күн сықылды қабағы ашылмай қойды...Асанның жасаған қорлықтары есіне түскенде шыдамай көзінен жас егіл-тегіл кететін еді. Сондай ой-қайғыдан арықтады, құп-қу шөлмектей болды. Ас ішпеді, ұйқының де көбін оймен өткізеді. Соңғы кезде жөтелетін болды"

Автор кейіпкерлер тағдырына, мінез-құлқына қатысты бірер уақиға, ойлардың сұлбасын ғана аңғартса, бірте-бірте Мақтымның ойларын, жүріс-тұрысын, әрекеттерін сезім сырларымен қабаттастыра бейнелей бастайды.

Тағдырмен күрес барысын жүйеге көшіре суреттейді.

Хикаяда Мақтымның өз тағдырын билеп бара жатқан қоғамдық ортамен ашық күресі біртіндеп көтеріледі. Асаннан "мені енді мазаламасын" деген жауап алып, қасіретке батқан қыз өзін тағы біреуге, болысқа беруге ата - анасының келісімін естігендегі шошынуын қаламгер Мақтымның жеңгесі Бәтимамен диалогы кезін бейнелеу арқылы сәтті көрсетеді:

" Бәтима Мақтымға:

- Біздің үй болыспен құда болысатын болыпты ғой! - дегенде Мақтым:

- Кім үшін.

- Баяғы, сағандағы.

- Болыстың баласына ма?

- Жоқ, болыстың өзіне, - дегенде Мақтым не қыларын білмей,

- Ойбай-ай ойбай, жазған басым сорлаған екем ғой!- деп еңіреп қоя берді.

Бәтиманы құшақтап: - Әй жеңеше-ай! Құдай менің бағымды ашпады ғой! Бүйткенше өліп қалсамшы! Ойбай, құдай-ай, қайтейін! Әкемнен үлкен кісіге душар болдым-ау, құдай мені неге өлтірмейді онан да, - деп дауысын шығарып жылады....<...> <Бәтима: Шырағым, оның несіне күйінесің? Тәңірінің салғанынан басқа бола ма? - деп жұбатады. Мүсіркеген сөз өксіп-өксіп жылауына себеп болды. Бір уақытта қойды.

Ана жақтағы Қартабай мен Ақсұлу да оянып:

- Ау, бұ не. Бұ не? - десіп шошып кетті. Ақсұлу кішкене жаққа келіп:

- Мақтым, Мақтым! Не болды? Не болды? - дегенде, Мақтым: - Ойбай-ау! Ойбай, мені әкемнен үлкен кісіге бергендерің не? Мені онан да тірілей көміндердағы! Құдай менің бағымды ашпады ғой! Ай, қайтейін! Обалым әкешешеме! - деп сыңсыды.

Ақсұлу да:

- Ай, алда, ай жүрегім ұшып кеткенінші! Ай, құдай-ай, бата айырған, дуаланған сорлы! - деп қайтып барып қартына көргенін, естігенін айтты. Қартабай:

- Дуаланған ғой, болысқа көрсетпестен бұрын дуа қайтаратын молдаға көрсетер ме еді? - деді. Мақтым да біраздан соң дауысты қойып, өксіп кетеді.

Бәтима:

- Шырағым, оның несіне күйнесің? Тәңірінің салғанынан басқа бола ма? - деп жұбатады.

...Мақтымның көз алдына болыстың ағарған шашы, күректей сақалы, кебежедей қарны келді. Күректей сақалы тұншықтырғандай, қарны үстін езгендей, сасық аузымен бетін сүйгендей болды. Бұдан құтылғысы келсе де, өз еркімен құтыла алмайтындай сезінді. Бүркеніп жатты. Онан жаман көзіне аюдай үлкен тастай ауыр қарын елестеді. Басты, жанышты, құтыла алмады. Түре келді. Ана жерден, мына жерден күректей сақал көрінді...<...> Сонымен, түні бойы әуреленіп таң да атты. Сол уақытта көзі ілініп кетті.

Түсіне әлде қандай нәрселер енді. Қорықты. Күректей сақалды болыс па? Шайтан ба? Бір нәрсе қуды. Ұстап алып еді. Күректей сақалымен тұншықтырды. Кебежедей қарны жанышты. Тұла бойы нан болып езіліп, қыл болып үзілейін деп тұрғанын көрді. Сонан қорықты. Шошып оянды. Қараса сәске болып қалған екен.

Мақтым ауырғандай болып, төсектен тұра алмай, күні-түні жылап Асанды қарғайтын еді." (146-147 бб.)

Болыстың құдалығы

Мақтым тағдырының трагедияға ұшырауына тікелей қатысы бар болыстың әрекеттерінде де әдейі автор тарапынан мақсатты түрде ойластырылған жуандық көрінбейді. Тіпті Мақтымның басына бостандық алып бергенде де оның "тоқалдық" туралы ойлары айтылмайды.. Автордың ондай идеясы болғанда оны білдірудің емеуірін ретінде де мүмкіндігі мол еді. Демек, шығарма шиеленістерінің шешуші сәтінде ғана алға шығып, асығыстау баяндалатын осы уақиғалар қаламгерде негізгі идея ретінде айтылмайды. Соған қарағанда, хикаяның соңғы бөлігіндегі ағартушы-демократтық идеяларға арналған оқиғалар "Ғалия" шәкірттерінің, қаламгер достарының сын-ескертпелері бойынша қосылған жоқ па екен деген ойлар келеді.

Сонымен, зар еңіреген Мақтымға болыс құда түседі. Құда болып келген Жанбол қария әңгімесін: "Саған болыс жіберіп еді. Баяғыдан бері көп жыл көрші болып, "ища" дескен жоқ еді, енді тіпті жақын болсақ қайтеді, -деп бастады.

- Екі әйелі болғанымен, үлкені қартайды, соңғысы бала-шағасынан қолы босамайды. Қолы қысқа. Бала мен келінінің өз жұмысы өзінде. Осыдан қолайлы адам жоқ. Саған мен де кеңес берем: өзі бай десең бай, болыс десең болыс, ондай кісіге жақын болған адамның арманы бар ма? Есіктегі басыңды төрге сүйрейді ғой.." -деп ақыл айтады.

Мақтым әкесі Қартабай мен шешесі Ақсұлудың Мақтымға болыс құда түскендегі қуанышты күйлері шығармада шебер суреттеледі.

Құдалықты естіген Мақтымның зарлап жылағаны, дауыс салып айтқан мұң-зары олардың бұл қуаныштарын кеміте алмайды. Олардың дүниетанымында берік орныққан ата салты, қағида бар. Дүниеге келген қыз бала үйінен ұзатылғанда дауыс салып жылайды, тағдыр солай жаратқасын амал қанша. Қыз бала орнын табуы керек. Барған жері дәулетті, абыройлы

болса, бәрі орнына келмек. Олар Мақтымның қарсылығын алғашқы ұзатылған жерінің қарғысы, Асанның дуасы деп есептейтіндей.. Қайран балам, дуаланып қор болды-ау! Жақсы кісіні де, жаман кісі ,- деп білді-ау - деп бар бәлені Асанға жауып тұрды..

Біраз уақыт өткен соң болыс ұрын келеді.Осы оқиға шығармада біраз таратыла суреттеледі: "Қартабай жақсы тойдың кәделерін алып, болыстың әкелген жібек нәрселері мен малдарына риза болды. Сонда да " Мақтым шырды бұзбағай еді" деп, алладан тілеп, қалтырап жүр. Шай ішіліп болған соң қатындар Мақтымды күйеуге апаруға қам қылды. Мақтым бармады, жалынса да болмады.

Өзінен қашқан Мақтым әрекетін болыс түсінбейді. Күйеуден шыққан қыз неге бүйтеді дегендей күйде. "Жаратпаған күнде.., ауылға апарып еркін дүниеге кіргесін кимегенін киіп, ішпегенін ішкесін, өзі - ақ түзелер! Жас адам ғой," - деп ойлайды. Болыстың өзінен қашып жоламаған Мақтым туралы ойлары да осы негізде.

Зар еңіреп өзінен қашқан қыздың мұнысын түсінбеген болыс ойлары да өзінің қызындай Мақтым ойларының өзгелеу екенін түсіну түйсігі де көрінбейді. Кейін көндіремін ғой, байлық пен барлыққа кірген соң өзі де есін жинар деген оймен қайтады. Бұл қазақ қоғамдық санасында ғана емес, жалпы әлемдік әдебиеттегі билікті байлардың жас қыздарды алудағы басшылыққа алған ұстанымдары тәрізді.

Болыстың құрығына тап болған Мақтым жөтеле бастады. Төсек тартпаса да едәуір ауру болды. Ертеңді-кеш денесі қызып, түре келсе басы айналып, жығылатынды шығарды. Қай уақытта жатып та қалып жүрді. Әке-шешесі "мұның дуасы кешегі құдалардың дуасы, қарғысы түспеген екен" деп Сәрсен молдаға қаратып, жеті күн оқытты. Онан да ештеме болмады. Қартабай мен Ақсұлу да тарықты. Онан-мұнан естіген емді де қолданды.

Ақсұлу Мақтымға: - Тәуір бол, болыс келгенде, шырағым сыр білдірме! ондай кісіге барған адамның арманы бар ма? Басқа кісіні айттырса көрмей жүр ме? Сені тәуір көрді ғой! Жамандығыңды білдіре көрме! Сен "қарт" дейсің, қарт болса да жақсы кісі ғой. Онан артық кісі жоқ. Ана күні өзіңді соның арқасында азат етіп алдық қой. Сондай әр жерде жақсылығы тие береді, - деп үгіттейтін еді. Мақтым айтқанын тыңдап отырып, ештеме болмайтындықтан үндемейтін еді. Сөйтіп жүргенде болыстың алатын мезгілі болып, той жақындады. Мақтым күннен-күнге салбырап жүдеп бара жатыр. Қартабай онан жаман күйінді, састы.Сонда да тәуекел етіп, той жасауға кірісті. Күйеудің келетін күні болды. Келді.

Мақтымды күйеуге апаруға қам қылды. Мақтым бармады, жалынса да болмады. Сонымен баяғы күйеудің аяғын құшып, болыс та жатты. Болыс ойға кетіп: "Бұл несі? Анау күні де бірге жатпай, қашып кетіп еді, енді бұл жолы да келмеді. Мені жаратпай жүрген болар! Өйтсе мен мұны не қылам?! - деп ойласа да, - жоқ, ұялып жүрген болар, жаратпаған күнде де ауылға апарып, еркін дүниеге кіргесін, кимегенін киіп, ішпегенін ішкесін, өзі-ақ түзелер! Жас адам ғой" деп өзін-өзі жұбатты. Сонымен ертеңіне шай ішіліп, ет желініп түс ауа жөнелмек болып, ат жегілді. Жөнелуге айналған соң,

Мақтым әкесінің малға, байлығына, болыстығына қызығып, шалға, екі қатын үстіне бергендігін айтып, адам шыдап тұра алмайтындай дауыс қылды. Естіген адамда ағыл-тегіл болмаған кісі қалмады. Мақтым көп жылап, жүрегі қысылғандықтан талып қалды. Басқалар "өліп кетпегей еді" деп үрпиісіп, су бүркіп, кішкене тәуір болғасын арбаға мінгізіп, жөнелтіп жіберді. Қартабай Мақтымның аттанарда айтқан сөздерін есіне алып: "Қайран балам, дуаланып қор болды-ау! Жақсы кісіні де жаман деп білді-ау" деп күн ұзақ жылап, көзі ісіп кетті.

С.Торайғыровтың "Қамар сұлу" романындағы той үстінде берілетін кәделер мен дастарханға қойылатын тағамдарды пайда көрген ауыл адамдарының бір нұсқасы С.Сарталиевтің повесінде де суреттеледі.

Мақтымды жылатып, еңіретіп некесін қиғызып, арбаға таңып Әжібай аулына жөнелткен көпшілік, одан қашып келген Мақтымды екінші рет болысқа ұзатқанда да жылаудан аса алмайды.

С.Торайғыров романында: "'Бай" деп "кісі" деп Нұрымды айт. Кәріліктің алды, жігіттіктің соңы деп, шіркін өрледі ғой; Қамар секілді қосағының тұс келуі сонысына қарай ғой. Ой, өркенің өссін! Алғаныңмен қоса ағар - деп шынымен-ақ дүние аямағандығының белгісі еді..

...Арсызға алты күн мейрам,- деп арсыздардың онда не ісі бар, шарт-шұрт мейрамдары қызысып, қызыл кеңірдек болысып-ақ жатыр; бірақ "алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүреді" ғой, татымдылары анадай..болрған соң, бұлардың мейрамдары да көпке бармады...

Әкесін екі аршын шүберек кәде өлтірген қатындар да даладан күзгі ақша қардың аязы қысып, үйден Қамардың жылағаны қысып, не қыларын біле алмай, құр шыбжалаңдап, жүгірісіп, кіріп, шыға берді"

С.Торайғыров біреудің қайғысын тамақ пен кәдеге айырбастап, өтірік күлісіп, шауып жүрген көпшілікке ызасын ашық кекесін түрінде де жеткізсе,

С.Сарталиевтің повесінде автордың өзі баяндап отырған фабула, сюжетке араласуы, ондағы кейіпкерлер әрекеті туралы өз әсерін жеткізуі көп байқалмайды.

Бірақ бұған қарап автордың баяндауға қатысы мүлде сезілмейді екен деуге келмейді. Шығармасының екі-үш тұсында автордың өз ойларын жеткізетін сөйлемдер бар:

"Жөнелуге айналған соң, Мақтым әкесінің малға, байлығына, болыстығына қызығып, шалға, екі қатын үстіне бергендігін айтып, адам шыдай алмайтындай дауыс қылады. Естіген-адамда ағыл-тегіл болмаған кісі қалмады..."

Болыс айтқанына көнбеген Мақтымға тоқалдыққа алғаннан кейін барып, күш көрсете бастайды. Оның тоқал алуға ұмтылуы жас қызға құмартудан, нәпсіқұмарлықтан емес, тұрмыстық қажеттіліктен, дәстүрден тәрізді бейнеленген.

Мақтым болыстікіне келген соң езілді, жаншылды. Күректтей сақал түн болса шынында да тұншықтырып, дем алдырмайтын еді. Кебеже албасты сықылданып, басып жаншып езетін еді. Өзі жаратпаса да, болыс "мал беріп алған қатыным" дегендей, өзінің дегенінше "өлдім" дегеніне қарамай іс

қылатын еді. "Мені жаратпай жүрсең, мен сені қор қылайын" деп ұратын, соғатынды шығарды. Мақтым бұл қорлықтарға себепші болған Асанға мың сан лағнат айтып, қарғайтын, сілейтін еді"

Болысқа тоқалдыққа барғаннан соңғы қарсылықтарын суреттеу барысында бар үмітінен айрылған жас қыздың сезімдік қабылдауларын да қаламгер бейнелейді. Бір қарағанда қаламгер қазақ қызының басында болған уақиғаны қаз қалпында баяндайтын тәрізді. Бірақ, бұл шынында да, бір қарағанда ғана. Өйткені хикаяда шығармадағы уақиғадан тыс кейіпкерлер ой-сезімдерін суреттейтін тұстар аз емес. Және ол тек қана бас кейіпкер Мақтым бейнесіне ғана қатысты емес. Ол шығармадағы өзге кейіпкерлерді сомдауға байланысты авторлық ізденістерден екені анық. Олардың көркем бейнелерін де белгілі дәрежеде суреттейді.

Ал әйел етіп алғаннан кейін Мақтымға көрсетілетін түрлі зорлық, қорлықта "енді мұның иесі мен" деген күйеудің, қожайынның жабайы түсінігі бар. Сондықтан еріксіз тоқал болған Мақтым қарсылығында болыс үшін қалыптасқан әдет - ғұрыпқа ғана емес, салт-санаға дүниетанымға сыймайтын "өрескел ұғым" жатыр. Қаламгер қалың көпшілікке сіңген осы түсініктің жабайы сипатын көрсетеді. Шығарманың соңғы беттерінде ата-аналарының түсініктерінің жастардың өміріне қаншалықты қасірет әкелетіні айтылады. Сол тәрізді зорлықтың бәрін көріп,біліп отырған әйелдер мен дәрменсіз көпшіліктің бейнесі, жылаудан, көз жасынан басқаға шамасы келмейтін жас қыздардың қасіреті көрсетіледі.

"Мақтымдағы" кейіпкер психологиясын бейнелеу

20 ғасыр басындағы прозада көркем шығарма мәтіндерінде қыстырма сөйлемдер жиі кездеседі. Бұлар авторлардың шығарма сюжетіне деген қоғамдық сана пікірін қосуден гөрі, сол уақиға туралы өз ойларын жеткізуі сияқты қабылданады.

С.Сарталиев те осы дәстүрді, үрдісті белгілі дәрежеде қолданған. Бірақ, өзіндік ерекшеліктері де бар. Оқиғаларды суреттеу кезінде қаламгер өз мақсатына орай басты сюжетке қатысты деген көріністерді ғана талғап суреттейді,оған қатысы аздарын баяндауларға көшіреді. Көпсөзділікке ұрынбаған. Уақиға, сюжетке қатысы жоқ көріністерге көп алаңдамайды. Сондықтан Әжібай отбасының Мақтым мен Тілес арасындағы қарым-қатынастарға, уақиғаларға араласуы шартты ғана.

Сонымен, повестегі негізгі фабула - енді ғана кәмелетке толған бойжеткенді Асан деген алаяқ жігіттің "өзім алам деп" өтірік алдап, тағдыр тәлкегіне ұшыратуы. Болашақ өмір туралы барша үміттері үзілген жас қыздың, алдану қасіретінен ауруға шалдығып, кейін болысқа ұзатылғанда қатыгездікке ұшырап қаза болуы.

Шығармада оқиғаның ұзын-ырғасы осыларға құрылғанмен, аса қиын жағдайға тап болған Мақтымның барша ой - сезімдері мен ой-әрекеттерін билеген болмыстың табиғаты суреттеледі.

Қаламгер кейіпкер психологиясын бейнелеуге айрықша көңіл бөледі. Үлкен өмірге алғаш қадам басқан жас қыздың жан дүниесі аярылық пен

алдаудан көз ашпай, алай-түлей күйге ұшыраған сәтте-ақ барлық ой-армандарға қатысты қимыл әрекеті астан-кестең болады. Аласапыран сезімдер дауылына ұшырған қыз өң мен түсті, шындық пен өтірікті айырудан қалады. Жас адамның психологиясын тас-талқан қылған осы жайды қаламгер біршама нанымды бейнелейді. Кейіпкер мұңын өзінше қабылдаудың өрнектері көрінеді.

Мәселен, қаламгер бас қаһарманын алда күтіп тұрған қиындықтармен шығарма бастауында-ақ (экспозициясында) таныстырады. Бұл оқырман назарын қолда ұстап тұруға қиындық келтіреді. Оны қаламгер мүлде білмеді немесе ескермеді деуге болмайтын шығар. Ендеше қаламгер оқырман мен шығарма әсерін жеткізудің өзге жолдарын іздестірген және пайдаланған тәрізді.

Мақтымның өмірлік тәжірибесі мүлде жоқ жас қыздың алдауға ұшыраса да беймәлім болашақтан үміт күткен жан-дүниесіндегі сезімдер қозғалысын, арпалысын бейнелеу психологиясын суреттеуге мән береді. Бұл оңай жол емес еді. Қазақ әдебиетінде қайшылықты күйдегі сезімдер ағысы жүйелі суреттелетін шығармалар ол кездерде өте аз болатын.

С.Торайғыровтың "Қамар сұлу" романы әлі жарияланған жоқ, М.Дулатовтың "Бақытсыз Жамал" романында С.Сарталиев алдынан шыққан шығармашылық мәселелер аздау болатын.

Жас қыздың тағдырын тәлкек етуді Асан оның үйіне түнде ұрланып келуден бастайды. Тіс қаққан әккі жігіттің болашақ өмір туралы алдамшы сөздеріне түнгі кездесулерден кейін шындап ойлана бастаған жас қыз сенетіндей. Асан үніндегі шындықтың аздығын да сезеді. Мақтым біразға дейін толғаныс үстінде жүреді. Шығарма сюжеті осы психологиялық сәтті суреттеуден басталады.

Кеште болатын тойға дайындалып жатқан Мақтымның бар ойы Асанның соңғы сөздерінде... "егер де сен хош көрсең, мен сені алайын деп едім, бек жақсы енші алып, екеуміз ғана тұрамыз..".

Оның осы сұрағына бүгін Мақтым жауап бермек: "...сонан бері әрі ойлап, бері ойлап, соған қолдаспақпын. Менің ойымша, оның айтқанының жөні бар сияқты. Сырына таныс болмасам да жаман жігіт көрінбейді, - деп Мақтым күрсініп қойды."

Бұл - Мақтымның жеңгесі Бәтимаға айтқаны.

Жас қыздың көңілінің қай жақта екенін жеңгесі Бәтима да сезеді. Хикая оқиғасы осы шешімді қабылдаған бойжеткеннің ойларынан басталса да, соның алдында ғана Асанның Мақтыммен жақындасудағы мақсаты оның өз сөздері арқылы келтіріледі.

Қаламгер "Мақтым" хикаясын өмірде болған бір уақиғаны баяндайтын халық әдебиеті, ауызша әңгіме, негізінде жазған тәрізді. Шығармада ағартушылық немесе демократтық бағытта ашық айтылатын идеологиялық астар жоқ. Бірақ тағдыры трагедияға ұшыраған Мақтым аузынан шығатын соңғы сөздерде қазақ қыздарының сүйгендеріне бара алмаған, алаяқ жігіттер мен бай болыстардан көрген қиянаттарын айтатын, әшкерелейтін сөздер бар. Жалпы хикаяны оқып отырғанда оның авторының көркем әдебиетті, сірә,

орыс тіліндегі әдебиеттерді көп оқығаны байқалады. Сентиментальды прозаның сол жылдарда орыс әдебиетінде жиі қолданыла бастаған тәсілдері әуендерінің ара-тұра кездесуі сондықтан шығар.

Асанның алаяқ екенін білгенге дейін Мақтымның өз теңіне ұмтылуы жас қыздың ой-сезімдерімен байланыстырыла тәптіштей, жан-жақты суреттеледі. Мұнда дәстүрлі қазақ әдебиетінің үлгілері байқалады. Мақтым да Шұға, Қамар, Ғайша, Мәриям тәрізді өз бостандығы жолында күреске тәуекел етеді. Бірақ уақиға өтетін орта мен уақыт олардан басқалау. Шұға мен Қамарлардың бас қоспақ болған жігіттері оқыған, сауатты, оларға ғашық болған жандар болса, "Мақтымдағы" Асан - қыз келіншектермен көңіл көтеруді ғана ойлайтын алаяқ. Сондықтан Мақтым - жаңа өмірге өзі ұнатқан, тең, қатар құрбысымен бірге аттау бостандығы жолындағы күресте жалғыз. Ата-анасы атастырған Тілеспен тұрмыс құрғанша "жаман жігіт тәрізді көрінбеген" тәуекелі мол "батыл" жігітпен, бейтаныстау Асанмен, бірге болуға тәуекел етеді: "...Сонан бері әрі ойлап, бері ойлап соған қолдаспақпын. Менің ойымша, оның айтқанының жөні бар сияқты. Сырына таныс болмасам да, жаман жігіт көрінбейді, - деп Мақтым күрсініп қойды." "Күрсінді" дегеннің артында жас қыздың әлі де айқын емес ойлары жатқанды. Әсіресе, Мақтымның осындай сәттегі ой, толғаныстарын жеткізуде психологиялық талдауларды қолданатыны - үлкен жаңалық.

Белгісіздік пен қиын жағдайларға тап болған жас қыздың сезіміндегі алай-түлей арпалыстарды суреттеуде қазақ прозасында әлі көп кездеспейтін көркемдік тәсілдерді, психологизмді қолданады.

Мәселен, Мақтымның көрші келіншек арқылы Асанға хабар айтып, жауапты күтіп, ол келмеген соң, амалсыз өзі сұрауға барғанда:

"-Ой! - деді де, - мен Асанға жолығып айттым,- дегенде Мақтымның жүрегі лүпілдеп аузына тығылып, түре келіп (түп нұсқада осылай берілген, сірә - түрегеліп -З.Б.) тұра алмайтындай күйде. Мен айтып болғасын үндемей отырып-отырып:

-Заман ілгері ғой, көрерміздағы! - дейді. Бар айтқаны осы, - . дегенде

Мақтымның көзінен бұршақ-бұршақ жас домалап үйге қарай жүре берді. Бұл бетпен үйге барудың қисынын таппай, төбеге қарай дәретке кетті. Тасаға жеткенше аяғын қалай басқанын білмей, тәлтіректеп барып, екі қолымен бетін басып барып құлады. Сол жерде адам аярлықтай, есінен айырлғандай болып, бірталай жылады. Қас қарая есін жинап, мең-зең болып тұрып, есіне түскенде қайта құлап, әрең дегенде күшін жинап, үйге қарай жүрді. Мақтым ішінен: "ол көрерміздағы!" дейді. Қандай жаман сөз. Мені пәлен жылдан бері "алам, алам" деп жүріп, барған жерімнен қаштырып келтіріп тұрып, енді "көрерміздағы". Ай-ай қандай жаман сөз - деп сол жерде өкіріп тағы да жылады. Әлден уақытта Асанды өзінің алдына айыпты кісідей айдатып әкеліп, жазасын бергісі келді. Өмір бойына Сібірге айдатып, тәнінің кейбірін кесіп алып, азаптағысы келді. Уақыт өтіп, ойлағанының біреуі де болмады.

Тіпті ең болмағанда Асан келіп, кешірім де сұрамады. Айдатып алдыруға мұның қайсы бір солдатты бар. Есеңгіреп жатыр.."

Міне, кейіпкер психологиясын суреттеудің біршама жетілген түрі. Сірә, сол ортаға белгілі әдебиеттермен үндестікте жазылған.

С.Сарталиев қазақ қоғамдық санасында орын алып, көпшілікке кең тарала бастаған прозалық шығармалармен жақсы таныс тәрізді. Он бір тарауға бөле баяндалатын хикая құрылысында шартты теңдік сақталған.

Тараулардың көлемі шамамен сәйкес. Демек, баяндау ырғағы мен екпіні сәйкеске жуық. Тек қана 10-тарау өзгелерге қарағанда ұзақтау. Әр тараудың өзінше құрылысы, құрылымы болғандықтан, баяндалатын уақиғалар мазмұнында дербестік байқалады. Сол кездегі шығармаларға тән көлемі ұзарып бара жетқан соң тарауды шартты түрде бөле салмайды. Соған қарағанда, қаламгер ауызша хикая мазмұнын қағазға түсіруде шығарма композициясы туралы да ойланған.

Хикаядағы диалогтер

Кейіпкерлер арасындағы әңгімелер 20 ғасыр басындағы прозада жиі қолданыла бастайды. Сонымен бірге қаламгердің тап осы тұста белгілі бір кедергілерге жолыққаны да көрінеді. Бәлкім, сондықтан шығар, әңгімені бейнелеуде бірнеше жиі қолданылған түрлер бар. Тіпті ел арасына кең таралған ұзақ әңгіме, хикаяларды қағазға түсіру, жазып алу кезінде де осы қиындықтарға жолыққан.

Осы үлгілер туралы бірер сөз: С.Сарталиевтің "Мақтым" хикаясынан. Мұнда диалогтерді қолданудың барлық түрлері де кездеседі.

Алдымен кейіпкердің (сөзді айтушының) аты жөні, сосын сөзі келтіріледі. Мәселен:

"Мақтым; - Оны білемісің? Қалай тәуір ме деп едім,

Асан: - Ол жаман өзі. Тентек қояншық ауруы бар дейді ғой. Сирағы шыққан кедей көрінеді, - деген сықылды бірталай жамандап бақты.

...Мақтым күрсініп қойды." ...

"Бәтима: - Ия, солай сөйлесейші. Ай бірдеңең бар еді-ау, -деп қойды. Әлгі сөздерді әңгімелесіп, бұлар үйге келгенде күннің көзі қызарып батып бара жатыр еді.

Шешесі: - Ойынға баратын болсаңдар, неге кешігесіңдер? Құрманға арбаны торы атқа жектіріп барсаңдаршы,-деді.

Құрман: "Аяғымда киім жоқ" деп бажалақтаған мен ат жегуге кірісті..." (132- б).

Сонымен қатар шығармада диалогті жеткізудің жаңа үлгілері де қолданылады. Сөйлеушілер сөздері сызықша арқылы жаңа жолдан беріледі.

"Жаңыл Асанға:

- Анау күні сені қайыққа шығып кетті деген жоқ па еді? - деді.

- Ана сиыр малды жинай беріп не қыламын, орныма кісі жалдап жібердім. Әкемнің малы таусылады дейсің бе?

- Ой, байғұс! Ауылда қалып, қыздан қыз қалдырмайын деп жүрсің-ау, сірә, - деді

Асан темекісінің түтінін бұрқыратып шығарып, қарқылдай күлді.

- Сен оны қайдан білесің?-дегенде, Жаңыл:

- Мен білмейді деп ойлайсың ғой, мен қыбырлағаныңды да білем, - деп бетінде сорғалап бара жатқан терін жаулығының ұшымен сүртіп, екі-үш ағашты самауырға салып жіберді.

- Айтқандай, мына Әжібайдың келіні Мақтымды әуелде алам деп әуре кылып, соңынан алмағаның не?..."(138-б.)

Көріп отырғанымыздай, келтірілген үзіндіні сәл ғана редакцияласа, шығарма үшін аса қажетті, мазмұнды көркем көріністер дайын тұр. Кейіпкердің мінезі-құлықтары мен қимыл-қозғалыстарын әңгіме үстіндегі қылықтарын бейнелеу аса маңызды тәсіл екенін сезіну байқалады. Бірақ әбден игерілген, қалыптасқан тәсіл еместігі көрініп тұр.

Қаламгер әңгіме үстіндегі кейіпкерлердің мінез-құлқына, қимыл-қозғалысына қатысты бірер ойлардың сұлбасын қозғалыстары, қимылдары арқылы аңғартады. Кейде бұларды Мақтымның жүріс-тұрысы, әрекеттері, сезім сырлары, ойларымен қабаттастыра бейнелейді.

Бұл суреттеулерден бас қаһарманның тағдырмен күресінің барысын жүйеге көшіре бейнелеуге ұмтылғаны байқалады. Жас қыз өз тағдырын билеп бара жатқан ортамен ашық күреске біртіндеп көтерілмеді.

Амалсыздан бірден көтеріледі. Тілеске ұзатылар кездегі қарсылықтары ұмытылмаған бойжеткен, ата -анасының болысқа беруге келісімін естігенде қатты шошынады. Мақтымның жеңгесі Бәтимамен диалогы кезіндегі сезімдерін суреттеуде қаламгер мұны сәтті көрсетеді.

Мәселен:

" Бәтима Мақтымға:

- Біздің үй болыспен құда болысатын болыпты ғой! - дегенде Мақтым:

- Кім үшін.

- Баяғы, сағандағы.

- Болыстың баласына ма?

- Жоқ, болыстың өзіне, - дегенде Мақтым не қыларын білмей,

- Ойбай-ай ойбай, жазған басым сорлаған екем ғой!- деп еңіреп қоя берді. Бәтиманы құшақтап: - Әй жеңеше-ай! Құдай менің бағымды ашпады ғой! Бүйткенше өліп қалсамшы! Ойбай, құдай-ай, қайтейін! Әкемнен үлкен кісіге душар болдым-ау, құдай мені неге өлтірмейді онан да, - деп дауысын шығарып жылады....<...>

Бәтима: Шырағым, оның несіне күйінесің? Тәңірінің салғанынан басқа бола ма? - деп жұбатады. Мүсіркеген сөз өксіп-өксіп жылауына себеп болды. Бір уақытта қойды.

Ана жақтағы Қартабай мен Ақсұлу да оянып:

- Ау, бұ не. Бұ не? - десіп шошып кетті. Ақсұлу кішкене жаққа келіп:

- Мақтым, Мақтым! Не болды? Не болды? - дегенде, Мақтым: - Ойбай-ау! Ойбай, мені әкемнен үлкен кісіге бергендерің не? Мені онан да тірілей көміңдердағы! Құдай менің бағымды ашпады ғой! Ай, қайтейін! Обалым әкешеме! - деп сыңсыды. Ақсұлу да:

- Ай, алда-ай жүрегім ұшып кеткенінші! Ай, құдай-ай, бата айырған, дуаланған сорлы! - деп қайтып барып, қартына көргенін, естігенін айтты. Қартабай:

- Дуаланған ғой, болысқа көрсетпестен бұрын дуа қайтаратын молдаға көрсетер ме еді? - деді.

Мақтым да біраздан соң дауысты қойып, өксіп жылады. Оқтаста өзінің көрген қорлығы есіне түскенде солқылдап егіліп кетеді. Бәтима:

- Шырағым, оның несіне күйінесің? Тәңірінің салғанынан басқа бола ма?- деп жұбатады."

Сонымен, көркем мазмұндағы қызметі айрықша диалогтарды жиі қолданудың кейбір үлгілерінен үзінділер келтірдік. Олардың көркем мазмұнда атқарған қызметі мен автор мақсатына талдау жасай қарағанда көркемдік пен қаламгерлік мәнді ой, ишараларды бейнелеуде қолданыла бастағанынын аңғару қиын де емес.

"Мақтымның" 1917 жылдың 19 қазаны мен 1918 жылдың 12 қаңтары арасында 11 саны қолжазба журналда жарияланғанын ескерсек, бұл жылдарда қазақ прозасында оның кәсіби прозаға тән біраз үлгілерінің елге де таныс бола бастағанын көреміз. Бұларды С.Сарталиев те, "Садақ" журналының шығарушылары да білді. Оның үстіне автордың орыс әдебиеті шығармаларымен жақсы таныс екендігін айттық. Әрі, ең бастысы, қаламгер ел ішіне ауызша кең таралған хикаяны қағазға түсірген тәрізді. Қаз-қалпында көшірді деп айта алмаймыз, алайда өзі жинаған қаламгерлік тәжірибе деңгейінде көшірген. Бірақ, ағартушы-демократтық идеяларды енгіземін деп көп әуреленбегені анық.

Шығарма мәресіндегі мұндай қоспалардың қайдан екені туралы ойымызды жоғарыда айттық. Оларды анық дәлелдейтін дерегіміз қолда болмаған соң, шығарма көркем мазмұнын талдау кезінде байқалып тұрған халық прозасы өрнектерімен үндеспейтін кедір-бұдырларына қарай болжап байымдағандаймыз.

Шығармада Асанның кім екені, мақсатының қандай екені оқырманға бірден айтылады. Бұл дәстүрлі халық прозасының негізгі үлгісіне тән. Асанға автор тікелей мінездеме беріп жатпайды. Бірақ кейіпкердің іс-әрекеттерін суреттеу барысында оның мінез-құлқына тән белгілерді жеткізеді Мақтыммен жақындасудағы мақсатын да Асан бірден ашық айтады. Қыз, келіншектерге істеп жүрген тірліктерін мақтаныш қылатындай....Осы мінезінің басты қырлары хикаяда көрінеді. Автор мұны ол араласатын оқиғалармен қабаттастырады. Оның жиі қолданатын, әрі қапысыз іске асатын тәсілдері де бар. Мақтымға да сол әдісті қолданады. Мақтымның атастырылған, айттырған күйеуімен танысы болмаса да, өтірік жамандайды. Әрі осы өтіріктің өзі құмартып жүрген жас қызға, оның тағдырына қандай әсері болатынын ойланып та жатпайды.

XX ғасыр басындағы жастар арасында кездесетін таныстық, достық, махаббат туралы әңгіме, хикаяларда орын ала бастағын көркем тәсілдің бірі-кейіпкерлер психологиясын суреттеу. Әрине, бұл жылдарда бұл тәсілді қолданудың барлық қыр-сырларын қазақ қаламгерлері білді, сәтті қолданды деп айту қиын. Алайда оның халық прозасында жиі қолданылған әдістерін сәтті жалғастырушылар болды. Мәселен, Б.Майлиннің "Шұғаның белгісі",

С.Торайғыровтың "Қамар сұлу", Ш.Құдайбердіұлы "Әділ мен Мәрия", М.Дулатұлының "Бақытсыз Жамал" т.б. шығармаларында.

С.Сарталиевтің "Мақтым" хикаясында бұл - бас қаһарман тағдырының қасіретін бейнелеуде алғы лекке шыққан. Асанның айтқанына сеніп, оның кезекті ермегінің бірі болып, тәлкегіне ұшыраған Мақтым қасіретінің қаншалықты сұмдық сипатын жеткізу үшін қаламгер оның Асан кеңістігіндегі психологиясын бейнелейді.

Мақтым ойларын қаламгер бірден оқырман алдына тартқанда әккі алаяқтың құрбанына ұшырағалы тұрған тәжірибесіз, аңқау, жас қыздың сезім жетегіне ырықсыз ілескен сәттегі ой, әрекеттерін тарата жазып, тереңдеп жатпайды, өз ойларын қосып дәйектемеген де. Ауызша әңгімеде естіген мазмұндар әуенінің өз танымдарындағы сұлбасын ғана қолданатындай. Оқыған кітаптар мен аз-кем өз ой-тәжірибелеріне сүйенеді.

Шығарма бастауында-ақ байқалады. Мақтым көңілін алаң қылған жайларға қараңыз: "Енді сонан бері әрі ойлап, бері ойлап, соған қолдаспақпын

Менің ойымша оның айтқанының жөні бар сияқты. Сырына таныс болмасам да жаман жігіт көрінбейді, - деп, Мақтым күрсініп қойды." Осы соңғы сөйлемде, "қолдамақпын" деп тұрса да, әлі де болса бір шешімге анық келе алмай тұрған жас қыздың сезім толқындарына күмән аралас болғанын автор аңғартады.

Осыдан кейінгі уақиғалар жас қыздың ойларына ырық бермей, өз ағысы бойынша жылжиды. Жастық сезімдердің асау толқындары мен алдамшы сағымдары табиғи сезімдер мастығына бөленіп, бұрын ондайды көрмек түгіл естімеген алапат күйлердің жойқын қызықтары жас қызды іліп ала жөнеледі. Хикаяда осы сезімдер мен қарым-қатынастар ықпалдары таратыла бейнеленсе де, интертекстер арқылы жететін әуендері бар. Осыдан бастап "жарасты құрбысымен қызықты ғұмыр кешсем" деп армандаған бойжеткен алдану мен адасудан көз ашпай, тағдыр тәлкегіне ұшырайды.

Қаламгер Асан бейнесінде қазақы ортада кездесетін алаяқ, әккі типтердің бірін суреттейді. Жас қыздың тағдырын тас-талқан қылған Асан әрекетінің негізгі мақсаты белгілі, өзге себеп салдары жоқ тәрізді Оны ар-ұят, уәде-серт туралы түсініктер мүлде ойландырмайтындай. Ал оқырманды ше? Оқиға мазмұн түпнұсқасын тыңдаған тыңдаушыларды ше? Біздің ойымызша, олар талай сұрақтар мен әсерге сөзсіз бөлейді. Бірақ бір фабуланың екі нұсқасының көркемдік деңгейі екі түрлі емес пе? Ауызша әңгімеде, халық прозасында С.Сарталиев танымының жаңа өрнектері жоқ емес, бірақ онда айтушы шеберлігі мен тыңдаушы қабылдауына орай қосылатын бояу реңктері болуы керек. Бірақ әңгімені жазып алуға себеп болған қуатты әсер құпиясы бізге белгісіз. Осы жұмбақ әсерді қаламгер өзімен бірге "Ғалия" медресесіне алып келді. Достары мен қаламдас серіктеріне айтты, хикаяның жазбасын оқып берді. Олардың ойлары мен сындарын естіді, сол орта мен уақыт талап еткен түзетулер жасады. Ағартушы-демократтық сипатты қоспалар осылай пайда болды, біздің болжауымызша.

С.Сарталиев қазақ әдебиетінде ХХ ғасыр басындағы алаяқтардың алғашқы көркем бейнесінің бірін сомдаған. Олар өмірде қара басының нәпсі қанағатынан басқаны білмейтіндей. Оның кейіпкері аңқау жас қыздар мен келіншектерге жасаған әр "жеңісін" мақтаныш көреді. Қаламгердің мақсаты алаяқ адамдар сөзіне сеніп, адасқан аңқау жастардың басындағы болған уақиғаны, қасіретті баяндау деуге келеді.

Хикаяда оқиғаға араласушы өзге кейіпкерлердің ой, сезімдері мен психологиясының суреттері бар. Бұларда қазақ қоғамдық санасындағы сан түрлі адамдардың Мақтым басындағы қасіретті оқиғаға көзқарастары көрінеді. Оны аяушылар да, бейтарап қалушылар да, қызықтаушылар болды.

Әрі бұл оқиға тек қана Мақтымға байланысты емес. Оның әкесі Қартабайдың, болыстың әрекеттері арқылы да қаламгер көрсетпек болған жайлар қазақ қоғамының әр тұстарында, әр жерлерінде байқалады.

Мәселен, өзіне қарсылық көрсеткен Мақтымды түсіне алмаған болыс ойларына қараңыз: "мол дүние, көп тамаққа барған соң бәріне көнер. т.б. ".

Бұл - сол заманда қазақ дәстүрінде қалыптасқан дүниетанымға сай пікірдің бірі. Әрі дәл осындай ойды басшылыққа алушы жалғыз болыс емес, Мақтымның әкесі мен шешесі де осы түсініктен алыс емес. Құда түсіп, менің өтінішімді жеткіз деген Жанбол қарттың сөздерінің түйіні де бұдан бөлек емес, пікір айқын: "Саған болыс жіберіп еді. Баяғыдан бері көп жыл көрші болып, "ища" дескен жоқ еді, енді тіпті,- деп бастады. - Екі әйелі болғанымен, үлкені қартайды, соңғысы бала-шағасынан қолы босамайды.

Қолы қысқа. Бала мен келінінің өз жұмысы өзінде. Одан қолайлы адам жоқ. Саған мен да кеңес берем: өзі бай десең бай, болыс десең болыс, ондай кісіге жақын болған адамның арманы бар ма? Есіктегі басыңды төрге сүйрейді ғой, - деді."

Мақтымның шешесі Ақсұлудың да ойы - осы.

"Ақсұлу да құда түсуге келген Жарбол қария мен қартының арасындағы әңгімелерді пештің ар жағынан естіп : Алла берді, болысқа берсең арманың бар ма?! Әншейін кісіге де береміз ғой, алла берді, - дегендей болып, шаттығынан не қылырын білмеді. Қартабай біраз ойланып отырып шырайланып:

- Сіз бенен болыстың айтқанынан шыға қоймаспыз! Өзіміз ақылдасайық!- деп күліп қойды ішінен.

Мақтымды алла тағалам жақсы жерге келтірді, ананы кедей деп, менсінбеп едік. Мынау өзі болыс, өзі бай жақсы болды ғой,- деп қуанысты ата-анасы.

Шығармада сол жылдарда қазақ жұртында қалыптасқан салт-сананың әлі мықтылығы анық көрінеді. Сүймеген адамға бармаймын деп қарсыласқан Мақтымның жан-дауысын жастар естиді, қасіретін көреді, бәрі біледі, бірақ қарсы тұрар дәрмен жоқ. Естиярлар мен үлкендер ұстанған ата дәстүрі, қалыптасқан салт-сана солай. Жат жұрттық қыз бала тағдыры әке-шеше ырқында, оған қарсыласуға болмайды т.б. Жаңа заман, уақыт талабын аңғарып жатқан ешкім жоқ.

Әжібайдың баласына бармаймын деп алғашында қарсылысқан Мақтымды арбаға байлап салып ұзатса, енді қарт болысқа әйелдер үстіне бармаймын, тимеймін дегеніне қарамай аттандырады. Оның өзге тілегі, болашақ туралы мақсаты, өмір-тіршілік туралы пікірі бар-ау деп ойлап отырған ата-ана жоқ. Сондықтан еріксіз ұзатылып, зар жылап, дауыс салған қыздың мұң-зарына көңіл бөліп жатқандар да шамалы

Дүниеге келген қыз бала ұзатылып, өз орнын табуы керек, сондықтан үйінен шықанда дауыс салып жылайды, қарсыласады, тағдыр солай жаратқасын амал қанша. Барған жері дәулетті, абыройлы болса бәрі орнына келмек. Мақтымның дауыс салып жылауын көпшілік осылай ұғатын тәрізді. "Жөнелуге айналған соң Мақтым әкесінің малға, байлығына, болыстығына қызығып, шалға, екі қатын үстіне бергендігін айтып, адам шыдай алмайтындай дауыс қылады. Естіген адамда ағыл-тегіл болмаған кісі қалмады..." Сонда әке-шешесі: қайран балам, дуаланып қор болды-ау! Жақсы кісіні де, жаман кісі,- деп білді-ау -деп бар бәлені Асанға жауып жылап қалса, Мақтымның зарын болыс жаратпаған күнде ауылға апарып, еркін дүниеге кіргесін кимегенін киіп, ішпегенін ішкесін, өзі - ақ түзелер!"- деп ойлайды.

Осында қазақ қоғамы басындағы ықпалды екі түрлі дүниетаным көрінеді, бірі ата-анасының: болысқа, бай жерге бара жатыр енді не керек, әрі төсек көрген қыз..) екіншісі болыстың ойы.., неге бүйтеді? Оның ойынша, күйеуінен ажырасып, екінші рет дәулетті, билікті адамға тұрмысқа шыққан қыз сонша жылауы ақылға сыймайды.

Алайда жастарға зорлық жасаған ата-ана билігінің де күні санаулы екені аңғарылады. Мақтымның Әжібайдың баласына бармаймын деген қарсылығы ата анасына ашық айтылса, оның бәрібір теңіме қосыламын деген ойға сенімі мол. Демек, қоғамдық өмірге ене бастаған жаңалықтар жастардың болашаққа, өздерінің жаңа өмірлеріне деген үмітін нығайтып келеді.

Мақтымды зорлап ұзатуды ағасы құптамайды.. Бұл некеге жылап еңіреп қарсы болған қарындасының жай күйі оған әсер етеді,. Бірақ қарындасы тәрізді қалыптасқан салт-сана мен әдет ғұрыпқа табан тірей қарсы шығуға әлі дайын емес.

Хикаяда "бата бұзған оңбайды" деген сенімге сүйенген ата-анаға қарсы пәрменді күш көрсетуге көпшілік жастардың шамасы келер емес. Олардың көз жасы мен қарсылығына қарап жатқан үлкендер жоқ. Шығармада бәрін көріп отырып, зорлық пен теңсіздікке қарсы жылаудан, зорлық көргендерді іштей аяудан басқаны білмейтін көпшіліктің бейнесі келтірілген аз-кем полилогтарда айтылады.

Алайда күні өткен кейбір салт-санаға қарсылық авторлық баяндарда, шығарма көркем мазмұнында емес, оның барлық бейнелеу құралдарында, тілінде айқын аңғарылады. .

"Мақтым" хикаясы С.Торайғыровтың "Қамар сұлу" романындағы кейбір көріністерді еріксіз еске салады. Алайда, "Мақтымда" С.Сарталиев жастардың болашаққа сенімін, теңдікке ұмтылуын Торайғыров тәрізді ашық қолдап жазған емес. Бірақ бәрін басынан біліп, зорлықты көріп, сырттай

бақылаған көпшілік ахуалын суреттегенде іштен тынған ашу-ыза бейнесі айқын.

"Қамар сұлуда" кеше ғана өздері әдемілік пен сұлулық белгісіндей көрген Қамардың, сұмдық қасіретке ұшыраған түрін көріп тұрған көпшіліктің біразы бүгін онша қайғырмайтындай. Жорға Нұрым әкелген сый-сияпатқа ырзалығын білгізіп, жамырай мақтаған көпшіліктің жалған қошеметін С.Торайғыров ашына суреттесе, Қамар қасіретіне қатты қиналған жастардың қайғыларын тебірене жазады.

Сүйікті қызының тағдырына ие бола алмаған әкесі Омар өзінің екі ағасы Қалтан қажы мен Оспан биге айтарлықтай қарсылық көрсете алмаса, бұл - олардың дүниетанымына берік орныққан әлеуметтік күштердің әлі мықтылығы. Бұл күш Қалтан қажы мен Оспандарды көндіріп отырған билік, іс басында отырған болыс, әрі бай Нұрымда болатын. ".. Қамар бір сен емес, бірімізге бірдей, ортақ бала; қастық айтамыз ба? Заман әлдінікі болып барады.

Дүниенің не халі жоқ, қанша айтқанмен сондай қолда ісі бар, күші бар кісіге иек сүйеу керек. Ал енді қояйық. Мынау сақал. Шашы ағарған екі ағанды осы жасқа келгенде өтірікші қыламысың. Егер алдадың деп өштесіп кетсе, кім біледі, іс басында тұрған кісі ғой...не қылса да, Қамарға сол орынды лайық көреміз. Барады, жылы суға қолын малады! Өзі би, өзі төре, өзі патша болады да отырады..." - бұл олардың ішкі есептерін жасыру үшін айтқан сөздері. Мәселе олардың ішкі есептерінде еді. Әкесі Омардың жыламсырап:Қамар секілді асып туған қарашығым сендердің надандықтарыңа шынымен-ақ қара тоқты болғаны-ау! Көз жасы, обалы мойындарыңа! Ылайым, көздерің ашылмасын! Мейлің итіңе, құсыңа бер...Ай..., бағы ашылмаған, қарағым -ай, надандық -ай!.. - деп еңіреп барып, бүк түсіп жатып алды." ⁷⁶.

Омар тәрізді жаңалықты сезетін, қолдайтын адамды еріксіз көндіру ХХ ғасыр басындағы әкімшілік-әлеуметтік топтар өкілдерінің күшін көрсетеді.

Ал С.Сарталиев кейіпкерлері күйеуден қашып келген қыздарына болыс құда түскенде бірден келіседі. Оны ұзату кезіндегі Мақтымның күтпеген қарсылықтарына тап болуы ата-ананы қатты үрейлендіреді. Мақтымның жөтеліп сырқаттана бастауы т.б. ауру тапқан қыздарын болыс алмай қоя ма деген ойлармен мазасызданады.

"Мақтым" авторы бұл көңіл-күй қайшылықтарын өзге көркемдік шешімде берген. Қаламгер Мақтым бастан кешкен алдану мен қатыгездікті ата-ана тарапынан жасалған зорлықты бейнелей отырып, бейтарап қала алмаған тәрізді. Мәселен, шығармада жастығы мен аңқаулығынан Асаннан алданған Мақтымға деген қаламгер сезімін білдіретін де жолдар жеткілікті.

С.Сарталиевтің "Мақтым" повесі - ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасында айрықша орны болуға тиісті шығарма. Шығармаға негіз болған оқиғаға қаламгер тарапынан араласу: бағалау, сынау. шенеу т.б тәрізді әрекет, дәйектемелер де ашық байқалмайды.

⁷⁶ Торайғыров С. -Алматы, 1950.169-171 бб.

Сірә, халық прозасындағы мазмұнды сақтаудан болса керек. Бірақ оған қаламгер тарапынан қосылатын ой, көріністер бар. Қасіретті тағдырға тап болған бас қаһарманы, жас қызға деген қаламгер аянышы өзге көркемдік тәсілде бейнелі түрге көшкен. XX ғасыр басындағы прозалық шығармалардан "Мақтым" повесінің өзгелігі осында.

Автор болған уақиғаны баяндауда шынайылыққа ұмтылады. Мақтымның күнделікті тірлігін ғана емес, болашақ туралы барша арман ойларын бұза тұра еш ойланбастан, теріс айналып жүре беретін Асанды суреттеуде оның жасаған істеріне еш қиналмайтынын көрсетеді. "Мен оны алып не қылайын? Ондай кісіні алсам, маған онсыз да толып жатыр.-деп мақтанады ол жеңгесі Жаңылға,- Талайларды сөйткен дөкең мынау, - деп көкірегін қағып, темекіні бір сорып жіберді".

Ал Мақтым көңіл-күйлерін суреттеуде авторлық таным, қабылдау өрнектері біраз қосылады. Сентименталды сипатты "әшкерелеу" мақсаты көрінеді. Алайда қаламгер бұл тәсілді қолдануға да тереңдеп бармайды.

Мақтымның қаншалықты қайғы-қасырет үстінде екенін Жаңыл сөздері арқылы жеткізеді. Мұнда махаббат сезіміне қатысты ғана айтылмайды, оның іс- әрекеттерінде, Асанға деген ұмтылысында күйеуге тиюден бөлектеу әлдене бар. Тіпті, оның сөздеріндегі, жалғандықты аңғарып тұрып та мән бермейді.

"Мақтым" хикаясындағы уақыт және кеңістік

"Мақтым" хикаясы бірден уақиға болатын кеңістік және уақыт суреттерімен басталады.: "Пішен шабылып болып, енді қыстау басына қонатын заман. Күн де шығырмақ, әсем еді" Осыдан бастап оқиға барысына байланысты уақыт кеңістік суреттері әр кез кездесіп отырады. Мұндай көріністер шығармада жеткілікті. Тіпті әр тараудағы уақиғаның суреті уақыт-кеңістік туралы толғамдардан қозғалады. Әрі жалаң көріністер емес, болып жатқан оқиғалар мен кейіпкерлер өміріне, ойларына қатысты алынады. Ара тұра егіздей де берілетін сәттері аз емес. Соған қарағанда, шығарма авторы көркемдік үшін аса қажетті бұл әдіс тәсілдерді бейнелеу құралдарының бірі ретінде әдейі қолдана бастады деуге болатындай.

Бірақ ол жылдардағы қазақ әдебиетінде оған үлкен жүк артып, қаламгерлік ой, сезім толғаныстарды тұспалдайтындай салмақ сала қолдану онша байқалмайды. Халық прозасы мен әдебиетінде ара -тұра қолданылатын табиғат көріністері көбіне шығарма көркем мазмұнынан алыстау дербес суреттелетін.

Б.Майлиннің "Шұғаның белгісі" повесі де осындай табиғат арқылы суреттелетін уақыт-кеңістіктен басталатын:

"Біз елден шыққанда күн де сәскелікке жақындап еді. Ұшпалы сұр бұлттар көшкен керуен сықылды, тіркесіп оңтүстікке қарай жылжып-ұшып, күннің көзі біртіндеп ашыққа шығып, жылы шырай нұрын шаша бастады. Әйткенмен, солдан соққан салқын жел өзінің өткірлігімен жұқа киімнен ызғарын өткізіп, тоңдырып, сентябрь айының жеткендігін жолаушыға еріксіз ойлантарлық еді.

Біз екеу едік.

Менің астымда жортақалау тапал торы ат; жүргіштеу. Ер-тоқымым ескілеу, байлардың малға мінетін ер тоқымы. Үстімде - қонған үйімнен сұрап киген шидем күпі. Қолтығымдағы жыртығынан жел өтіп, мазамды алыңқырап келеді. Жолдасым отыз-қырықтардың шамасындағы жер ортасы адам, сиректеу сақал, мұрты бар; кара бұжыр, күлімсіреп дөңгеленіп тұрған кара көзді, пішініне қарағанда біртүрлі сөйлемпаз адам секілді. Астында қойшылар мінген кара кербесті, үсті-үстіне ұрып отырмаса кейін қалып қала береді.

Жел артымыздан еді, ауылдан он-он бес шақырым шықтық. Жаздай жайлап елдің шаңын шығарып тастаған жайлауын қақ жарып, құбылаға бет алып келе жатырмыз. Жанды қарға жоқ. Бірен-саран шалшық сулардың басында ұйлығып отырған топ-топ қаздарды көресің. Елдің жұртында жер шақтың араларындағы сүйек-саяқтарды, елдің сыртындағы ескі апандардың маңайына тасталған бірен-саран өлімтікке он-он бесі жиналып, қарақұс, қарға, өгіз шағалалар той-тойлап жатыр...

Жүрген сайын жер өнбегендей, сол ұшы-қиыры жоқ алдында екінші белес. Мен шықтым. Маңағыдай емес, атқа жортқан соң денем жылынып, ептеп маңдайымнан тер де шығайын деді. Жолдасымның басында - желпен. Елден шығарда бауын мықтап байлап алған. Шабан қаракер үсті-үстіне ұрғызған соң, о да бусанайын деді білем, желпенін шешіп алып беліне байлады. Милығына түскен бөркін жоғарырақ көтеріп қойып, қаракерді бір тебініп, шаужайлап жіберіп маған қатарласып: "тым бері бұрыла бермеңіз, күнбатысқа таман жүрейік - деді".

Мұндай көріністер халық прозасында жиі кездесетін. Ал "Мақтым" хикаясына келетін болсақ, көптеген тараулар өтіп жатқан уақыт пен кеңістік суреттерінен басталады:

Мәселен, 1-тараудың басы: "Пішен шабылып болып, енді қыстау басына қонатын заман. Күн де шығырмақ, әсем еді";

Ш-тарау: "Мизамның аяқ уақыты. Күн біраз салқын тартқан кез. Күннің көзі қып-қызыл болып, батып бара жатыр. Алыстағы Бақай қарттың қой айдап кетіп бара жатқандағы астына мінген атының анда-санда кісінеген даусы естілетін еді.";

ІҮ-тарау: "Заман да зырлап өтіп жатыр. Қыстан азып шыққан малдар да жазғытұрымға жаңа шыққан көктерді таласып жеп жатыр. Кемпірлер де күн жылына бастағансын сасық землянкесінен шығып, жәннәт сықылды киіз үйге шығуды мейрамдай көріп, туырлықтарының жыртық жерлерін жамап-жасқап, ертеңіне қара кешке дейін үйге кірмейтін еді. Келіншектер де ірімшік-құрт қайнатып, кешке шаршап жығылатын. Балалар да қыстай үйдің ішінде ғана ойнап, іштері пысқандықтан, қазір далада ойнап-ойнап кешке сүріне жығылатын. Әлсіреген түйелер боздап келіп ботасын емізіп кететін еді. Үйден шыққысы келмеген сиырларды балалар мөңіретіне өріске қуып тастайтын. Әуедегі құстар да "енді сендерге суықтан азап жоқ" деген сықылды үйдің тұсына келгенде сұңқылдасып, лег-легімен ұшып, арқа жаққа

кетіп жатыр. Өзектерде де су көбейіп, балықтары шаттанысып, шоршып ойнайтын. Жан -жаққа қарап тұрған кісіге әр нәрсе шаттық құшағында." т.б.

Әр тараудағы уақиға уақыт-кеңістік туралы толғамдардан басталады деуге болатындай. Әрі жалаң көріністер емес, болып жатқан уақиғалар мен кейіпкерлер өміріне қаламгер мақсатына қатысты алынады. Ара тұра егіздей де берілетін сәттері аз емес. Соған қарағанда, шығарма авторы көркемдік үшін аса қажетті бұл әдіс тәсілдерді бейнелеу құралдарының бірі ретінде әдейі қолдана бастады деуге болатындай.

Қазақ әдебиетінде мұндай әдістерге жаңа ой, мазмұн жүктеу, қаламгерлік ой-толғаныстарды тұспалдайтындай ақсаттар ол жылдарда онша байқалмайды. Халық әдебиетінде сиректеу қолданылатын табиғат көріністері көбіне шығарма көркем мазмұнынан алыстау, дербес суреттелетін.

С.Сарталиевтің "Мақтым" хикаясында уақыт және кеңістікті табиғат көріністерімен және өтіп жатқан уақиғаға байланысты бейнелеудің мақсатты қолданыстары байқалады. Онда кәсіби күрделі прозаға тән біраз ілгерілеу бар. Автордың орыс әдебиетіндегі кәсіби проза шығармаларын көп оқығаны оның кейбір көркемдік бейнелеу әдіс-тәсілдерінен байқалады. Бірақ теориялық тұрғыда білу бар да, оны тәжірибеде, шығармашылықта қолдану және бар. Олардың арасындағы айырманы білу екі қаламгердің бірінің қолынан келе бермейді.

Негізінде, өнер классиктері мұны талантты қаламгерлердің үлесіне бұйырған бақыт деп тұжырым жасайды.

"Мақтым" құрылысы және құрылымы

Проф.Т.Кәкішұлының айтуынша: "Ғалия" медресесіне түскенге дейін мұғалім болып жүргенде "елдің надандығына артықша күйініп "Абайлау" атты қабырға газетінің 17 санын шығарған" (Көрсетілген мақалада) Демек,шы- ғармашылық істер барысында бейнелеу тәсілдеріне байланысты қиындықтармен жақсы таныс, тіпті бетпе-бет келген.

Қиындақты сезіну - оны шешудің алғашқа қадамы. "Мақтым" қолжазба журналда жарияланған. Сірә, "Ғалияға" келгенде шығарманың дайын нұсқасы қаламгерде болғанға ұқсайды.

Хикая бір-бірінен айқын бөлектенетін екі бөліктен тұрады.

Бірінші бөлік алаяқ Асаннан алданған Мақтымның ұзатылғын жерінен үйіне қашып келуімен бітеді. Біздің ойымызша, шығарманың "Ғалияға" алып келген нұсқа осы болуға тиіс. "Профессор. Т.Кәкішұлы жазғандай: "...ауылда мұғалым болып жүргенде көрген сезген жайларды жазып, дайындап әкелген сияқты. Себебі шәкірттердің осы игі ісін көргеннен кейін жұмадан -жұмаға дейін жазып беріп отырды деуге келмейтін жайлар көп. Сюжеті болсын, оқиға өрбітуі болсын, кейіпкерлердің мінездемесі болсын талай рет ойланып толғанудан, сөйлемдері редакциядан өткендей сезім қалдырады" ⁷⁷

⁷⁷ Т.Кәкішұлы Сандалтқан "Садақ".-Астана:Фолиант,2002.-401б.

Осы пікірге және хикая көркемдігі мен мазмұнына қарағанда мына жайларды анықтауға (болжауға) болатындай. Хикаяның соңғы 11 тарауы кейін жазылған тәрізді. "Мақтымның" көркемдік, мазмұндық нақышы (стилі) 10 тараудың ортасына дейін бір сипатта көрінеді де, 10 тараудың ортасынан бастап публицистикалық түрге ауысатындай. Бірден алға шығатын ағартушы демократтық идеялар қаламгердің бұрынғы сентименталды-сезімдік бейнелеулерінен алыстай бастайды. Оқиғаны салқынқанды баяндауға, айыптауға алмастыратындай.

"Тілектеріңе жеттіңдер!" деген Мақтымның соңғы сөзінде өмірін қасіретке әкелген дәстүрлі қазақы салт-сананы айыптау бар. Замана талабын түсінбеген ата-анасына, қара басы мен нәпсінің қанағаты үшін басқаны құрбан қылуға шімірікпеген Асанға, көп қатын алуды шаруасын ұстаудың басты шарты деп есептейтін болысқа арналған үкім ретінде қабылдауға да болады. Бірақ оның барлығы - қаламгер танымының нәтижесі.

Хикаяда көркем проза тәсілдерін: шығарма құрылысы, автор және кейіпкерлер тілін, олардың ішкі әлемі мен сөздерін, монологтарын, баяндау мен суреттеуді т.б. қолдануда ілгерілеу аз емес!

Мысалы: портреттер сомдауда түрлі сәттерді бастан кешкен кейіпкерлер психологиясы арқылы суреттеуді қолдану көріне бастайды. Оларды жалаң

Баяндамай, авторлық идеяны сюжеттер арқылы бейнелі жеткізуге тырысады. Осыны бейнелеуде соны сюжеттерді қолданып көреді. Олардың көбі ауызекі әңгімеге ғана емес, кәсіби прозаға тән тәсілдерге сәйкес бейнеленген.

С.Сарталиев ауызекі әңгіме мен халық прозасының бейнелеу тәсілдерін қатар қолдануда біраз үндестікке қол жетізгенін аңғару қиын емес.

С.Сарталиев туралы ойлардан

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихында Салахидден Сарталиевтің есімі де, оның "Мақтым" повесі де аталмайды. Өмірбаяндық мәліметтері де кездеспейді. Бізге әзірге таныс мәліметтер мынау: " Ауыл молдасынан сауат ашып, кейін Астрахандағы "Уаһбит", Қазан, Уфа қалаларындағы "Мұхамедия", "Ғалия" медреселерін оқып бітіріп, елде сауат ашумен, сабақ берумен шұғылданады.

1917 жылы "Садақ" газетіне тілші болып, ауыл өмірін бейнелейтін "Мақтым" повесін және бір роман жазған.

"Осы повестің көркем мазмұнына, идеялық бағытына қарағанда, қаламгердің басқа шығармаларының да болуы мүмкін-ау деген ойға қаласың...Өйткені, "Мақтым" авторының жазу стилі төселген, тәжірибесі бар, әрі сол жылдардағы әдебиетіміздегі прозалық шығармалармен жақсы таныс болғанға ұқсайды." Бұл мәліметтер қаламгер туралы алғаш рет біршама толық мәліметтерді келтіріп, өмірбаянын жазған, "Мақтым" повесін "Жұлдыз" журналының 1984 жылғы №9 - санында жариялаған проф. Т.Кәкішұлы пікірлерінен алынды.

С. Сарталиевтің бұл хикаясында (повесінде) Астрахань қаласы маңындағы қазақ ауылдары, Қазақстанның батыс өңіріндегі қазақ өмірінің шындығы бейнеленеді.*

Қазақы тіршілікке ене бастаған орыс мемлекеті заңдары мен шаруашылық, әлеуметтік байланыстары бірітіндеп қазақ еліне бейтаныс жаңалықтар әкелді. Әсіресе, ақша мен заттық қарым қатынастар, ел ішін басқарудағы тәртіптер қарапайым қазақы тірлікке айтарлықтай өзгерістер жасады. Мұның бәрі "Мақтым" хикаясында суреттеледі. Қазақтар үшін күнелтудің, кәсіптің жаңа түрлерінің ел тірлігіне ене бастауы көрінеді: балық аулаумен шұғылдану, жұмысқа біреулерді жалдау; ел басқаратын болыстардың орыс заңдарын өз тірліктері үшін пайдалануы т.б. Хикаяда қарапайым қазақтардың орыс заңдары аталған дау дамайлардан бастарын ала қашуы көрініп тұр.

Елеусіздеу көрінген бұл жаңалықтардың біразы ел ішіндегі той-томалақтарға ене бастаған. Мәселен: той шашуларына ақша салу; шашуға салған ақшаның шамасына қарай қонақтарға құрмет көрсету; жастардың темекі тартуды дәреже көруі; дастарханға кәмпиттердің десерт тәрізді қойылуы т.б. жастардың пайдалана бастауы көрсетіледі.

Жоғарыда аталғандардың барлығы "Мақтым" хикаясында көрініс тапқан. Шығармада адамдар арасындағы қайшылықтарға олардың әсері қаламгер тарапынан ашып көрсетілмесе де, басты тартыстардың негізінде солардың ықпалы жатты.

Хикаяда Мақтым тағдырын қасіретке ұшырататын бірнеше қайшылық суреттеледі. Оларға деген авторлық көзқарас түрліше бейнеленген. Бір қарағанда, Мақтым қасіретіне ата-анасы кінәлі тәрізді. Мақтымды Тілеспен жастай атастырған - солар.

Көрші ауылда тұратын құдаларының әлеуметтік жағдайы мен шаруалары өздерімен шамалас. Ұлы Тілестің жас шамасы да Мақтымен қарайлас. Дегенмен шығармадағы негізгі оқиға оған байланысты өрбімейді. Ол Мақтым тағдырын қасіретке ұшырататын Асан іс-әрекетіне байланысты дамиды. Баяулау басталатын коллизия ірі қайшылыққа, біртіндеп ұласады. Мақтым жүріс-тұрысы еркін, ауыл жігіттеріне ұқсамайтын Асанға көңіл аударады.

Бұл таңдау жас қыздың ел ішіндегі Асан туралы әңгімелерге көңіл аудармауынан, болмаса, ондай әңгімелерге көңіл бөлмеген аңқаулығынан болды леп ойлауға болар еді. Бірақ көңілі құлаған жігітке біржола бұрылған бойжеткеннің ондай сөздерге көңіл аудармауы өзінің кейінгі барлық әрекетінде де Асанға үмітін жоғалтпауынан.

Хикаяда баяндалған оқиға сол тәрізді ойларға әкелетіндей. Бірақ мұны авторлық шешіммен байланыстыруға болмайтын шығар. Мұны, сірә, халық прозасына тән кейіпкерлердің болжауға көне бермейтін әрекеттерінен де іздеген теріс емес сияқты⁷⁸.

⁷⁸ Құрманғазы ауданы. Шежіре-Алматы: Арыс, 2008. 202-б. Кейінгі сілтемелер осы басылымнан алынып, тек беттері ғана көрсетіледі)

Көрші ауылға жақында көшіп келген бөтен жігіт туралы түрлі әңгімелер ауыл арасына тез таралып, белгілі болады. Тұйық тұрмыс кешкен шағын

Асан тәрізді "батыл" жігіттің келуі - ауыл арасының үлкен жаңалығы. Және ол - бастан кешкен "тарихтарын" тайынбай, тартынбай әңгімелейтін мақтаншақтау жан. Сондықтан оның кім екені ауыл адамдарына бірден белгілі болды. Қара басынан басқаны ойлауды білмейтін нәпсіқұмар жігіт қыз-келіншекті айналдыруға шебер.

Аңқаулау Мақтымға бір көргеннен көңіл аударуы да содан. Оның мақсаты жас қызбен көңіл көтеру еді. Мақтымға үйленем деген ойы жоқ екенін бірден айтады. Оның Мақтыммен байланысы ауыл адамдарына белгілі болған бойда сөзден қорыққан ата-анасы "бата бұзған" аталудан қауіптеніп, қыздарын асығыс ұзатып тынады.

Зорлықпен ұзатылған қыз барған жерін, өзімен құрдас күйеуін менсінбей, ауылына қашып келеді. Мақсатына жеткен нәпсіқұмар жігіт бетімен кетеді. Оның өтірігі мен алдауларына сенген Мақтым алдағы өмірмен тартыста жалғыз қалады.

Халық арасына тараған әңгіме осы болуға тиіс тәрізді. Халықтық проза уақиғасы осымен тынады. "Мақтым" да осылай аяқталғанда болатын еді.

Алайда, С.Сарталиев "Ғалия" медресесінде "Садақтың" шығарушысы Жиенғали Тілепбергенов, Зейнел Иманжанов, Хажым Басимов, Армия Ешекеевтермен т.б. замандас шәкірттермен бірден араласып достасып кетеді. Олардың шығармаларымен танысады, қазақ қоғамдық санасы, әдебиеті мен тарихы, өнері туралы көзқарастарын естиді, өз ойларын ортаға салады.

"Мақтымды" аталған қолжазба журналдан оқыған достары мен өзге де талантты шәкірттер өз ойлары мен сыни пікірлерін айтады. Сондықтан қаламгер бұларды ескере келе, хикаяға ағартушы-демократтық бағыттағы "Ғалия" шәкірттерінің идеяларына сай келетін зорлықшыл "болысы бар" 11 тарауды қосқан тәрізді. 10 тараудың орта тұсы мен кейін жазылып, қосылған бұл қоспалардың "Мақтым" хикаясының көркемдік мазмұнымен де, түрлік және өрнектік нақыштарымен(стилімен) байланысы аз. Бұлар халықтық прозаның көркемдігімен үйлеспей тұр.

Халық прозасы, ауызша хикаяға кейін қосылған "ой, оқиға" т.б. қоспалар туралы ойлары айтылды, алайда мұнда кейбір жаңалықтар да бар.

Алдымен қыз әкесі Қартабай болысқа барып, қайтып келген қызына күйеуінен ажырасты деген қағазға қол жеткізеді. Орыс заңдарын пайдаланып қызына бостандық алады. Оны артынан қуып келген құдаларынан да орыс заңдарын пайдаланып құтқаратын болыс. Осы кезде болыстың Мақтымды тоқалдыққа алу туралы ойлары жоқ. Тіпті емеуірін тәрізді де сезілмейді. Арада біраз уақыт өткен соң барып, Мақтымға құда түседі. Болыс жіберген Жанбол келіп, құдалық туралы айтқанда: "..Қартабайға бұл сөз әуелінде оғаш көрінсе де, соңынан үндемей отырып қалды..." Бұл туралы естіген бойда есі шыға қуанатын кемпірі Ақсұлу: " - Алла берді, болысқа берсең арманың бар ма?! Әншейін кісіге де береміз ғой, Алла берді, - дегендей болып шаттығынан не қыларын білмеді" (145-б.).

Біраз уақыт өткен соң Болыс ұрын келеді. Осы оқиға шығармада алдыңғы тараулардағыдай нақышта біраз таратыла суреттеледі: "Қартабай жақсы ойдың кәделерін алып, болыстың әкелген жібек нәрселері мен малдарына риза болды. Сонда да, " Мақтым шырды бұзбағай еді" деп алладан тілеп, қалтырап жүр. Шай ішіліп болған соң қатындар Мақтымды күйеуге апаруға қам қылды. Мақтым бармады, жалынса да болмады. Болыс келіп төсегіне келіп жатқан соң, "қалыңдығын күтіп , өзі келер деп біраз жатады. Келмеген соң қараңғы үйде өзі іздеуге шығады. ".. бір мезгілде батылданып, өзі Қартабайлар жанына шықты. Мақтым бүркеніп жатыр. Ал жанында - Бәтима мен күйеуі. Мақтымның қасына жатып, өзі ептеп тартып еді, кірпіше домалап болмады. Сол жерде бірталай таласып, болмағасын, болыс зорлап, сүйреп ана жаққа алып бара жатқанда Мақтым жан-дәрмен жасап, болыстың қолынан сытылып шығып, Қартабайлар жаққа қашты. Болыс айрылып қалып, аң-таң болып тұрды да, тағы іздеуге кірісті... "Енді болмады" деп өз орнына барып ойға батты. "Бұ несі? өзіне өзі сұрау беріп ақырында:

- Үлкен кісіден ұялғаны ғой! Ай сақал! Қарттық! - деп кіжініп, ойын басқаға бұрмай жатып, біраздан соң ұйықтап қалды" (149 б.)

Зар еңіреп, өзінен қашқан қыздың мұнысын түсінбеген болыста өзінің қызындай Мақтым ойларының өзгелеу екенін түсіну түйсігі де көрінбейді.

"Кейін көндіремін ғой, байлық пен барлыққа кірген соң, өзі де есін жинар" деген оймен қайтады. Бұл - қазақ қоғамдық санасында ғана емес, жалпы әлемдік әдебиеттегі билікті байлардың жас қыздарды алудағы басшылыққа алған ұстанымдары.

"Мұнан соң Мақтым жөтеле бастады. Төсек тартпаса да, едәуір ауру болды. Ертеңді-кеш денесі қызып, түре келсе басы айналып, жығылатынды шығарды. Қай уақытта жатып та қалып жүрді. Әке-шешесі "мұның дуасы кешегі құдалардың дуасы, қарғысы түспеген екен" деп Сәрсен молдаға қаратып, жеті күн оқытты. Онан да ештеме болмады. Қартабай мен Ақсұлу да тарықты. Онан-мұнан естіген емді де қолданды.

Ақсұлу Мақтымға: - Тәуір бол, болыс келгенде, шырағым, сыр білдірме!

Ондай кісіге барған адамның арманы бар ма? Басқа кісіні айттырса, көрмей жүр ме? Сені тәуір көрді ғой! Жамандығыңды білдіре көрме! Сен "қарт" дейсің, қарт болса да жақсы кісі ғой. Онан артық кісі жоқ. Ана күні өзінді соның арқасында азат етіп алдық қой. Сондай әр жерде жақсылығы тие береді, - деп үгіттейтін еді. Мақтым айтқанын тыңдап отырып, ештеме болмайтындықтан үндемейтін еді. Сөйтіп жүргенде болыстың алатын мезгілі болып, той жақындады. Мақтым күннен-күнге салбырап, жүдеп бара жатыр.

Қартабай онан жаман күйінді, састы. Сонда да тәуекел етіп, той жасауға кірісті. Той рәсімдері аяқтала келе шәй ішіліп болған соң, қатындар Мақтымды күйеуіне апармақ болды. Ол көнбеді. Баяғы күйеудің аяғын құшып, болыс та жатты. Болыс ойға кетіп, "Бұл несі? Анау күні де бірге жатпай, қашып кетіп еді, енді бұл жолы да келмеді. Мені жаратпай жүрген болар! Өйтсе мен мұны не қылам?! - деп ойласа да, - жоқ, ұялып жүрген

болар, жаратпаған күнде де ауылға апарып, еркін дүниеге кіргесін, кимегенін киіп, ішпегенін ішкесін, өзі-ақ түзелер! Жас адам ғой"деп өзін-өзі жұбатты."(149-б.)

Сонымен, ертеңіне шай ішіліп, ет желініп түс ауа жөнелмек болып ат жегілді. Жөнелуге айналған соң, Мақтым әкесінің малға, байлығына, болыстығына қызығып, шалға, екі қатын үстіне бергендігін айтып, адам шыдап тұра алмайтындай дауыс қылды. Естіген адамда ағыл-тегіл болмаған кісі қалмады. Мақтым көп жылап, жүрегі қысылғандықтан, талып қалды. Басқалар "өліп кетпегей еді" деп үрпиісіп, су бүркіп, кішкене тәуір болғасын арбаға мінгізіп, жөнелтіп жіберді...

Қартабай Мақтымның аттанарда айтқан сөздерін есіне алып: "Қайран балам, дуаланып қор болды-ау! Жақсы кісіні де жаман деп білді-ау" деп күн ұзақ жылап, көзі ісіп кетті."(150-б.)

С.Сарталиев халық арасында кең тараған уақиғаның, хикаяның ұзын-ырғасына болыстың тойын қосқан тәрізді. Халық прозасында орныққан тәуекелі, қауіп-қатері мол оқиғалардың әңгімешіге де, тыңдаушыға да қызық хикая шындығын бақытсыз Мақтым қасіретін қосумен күшейткен. Алайда қаламгер біршама қиындықтарға тап болады. Шығарманың біздің қолымызда бар нұсқасына қарағанда автордың көркем прозада тәжірибесі бар тәрізді. Бұған қатысты аз-кем мәліметтерді проф. Т.Кәкішұлы "Мақтым" повесін жариялағанда келтірген. Басқа мәлімет біздің қолымызда жоқ.

С.Сарталиев шығарманың бас қаһарманы Мақтым әрекеттерінің жүйесін тауып көрсеткісі келеді. Нақтырақ айтар болсақ, Мақтымың өзі де түсіне бермейтін нәрселерін түсіндірмек болады. Бұл шығармада анық көрінеді.

Асанмен кездесуді бастағаннан кейінгі Мақтымның бақытты өмір туралы ойларының дәулетті тұрмыстан мүлде бөлек екенін жоғарыда айттық.

Мақтымның өзіне ерекше көрінген ауыл жастарынан өзгеше дәстүр, тәртіп-әдет ғұрыпты бұзуға бейім Асанды ұнатуы, тіпті өтіріктері мен алдауларын біліп тұрып сенуі жастықтан, тәжірибесіздіктен-ау деп түсіндіруге болады. Бірақ мәселе басқада тәрізді. Бойжеткен жас қыз бен сақа жігіт арасындағы сезімдік байланыстарда бұрын ондайды бастан кешпеген жас қыздар психологиясының ақылға көнбейтін, әдепке сыймайтын жұмбақ құбылыстарға толы болатыны белгілі. Бұл ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басындағы классикалық өнер шеберлерінің туындыларында көп қозғалған мәселе екені белгілі.

С.Сарталиев болса, хикаясында осы мәселенің бір шетін ғана көтереді.

Онда да жас қыз бен сақа жігіт арасындағы ел ішіне кең таралып, халық прозасында тұрақтылау күйге түскен түрін алады.

Халықтық эстетиканың әдемі, әсерлі бір әуендерін байқаса да, бұлдырлау көрінген табиғи шындықтарды шамасы жеткен түрде қағазға түсірген. Халық прозасы сюжеттеріне оның қосқандары аз емес. Әсіресе, үлкен өмірге енді аттағалы тұрған бойжеткеннің арманға толы сенімдерін қара басының қызығы мен нәпсіден басқаны білмейтін алаяқ, әккі Асанмен кездесу, алдану тарихын жүйелі түрге жеткізгісі келгендей. Тас-талқан болған Мақтымның

нәзік сырларын көргенмен, оны түсінсем деп еститін зейінді адамдардың табылмауы "Мақтым" хикаясында жан-жақты бейнеленген.

Бұл кәсіби проза дамуының аса маңызды сатысы, қиын өткелі болатын. Осы өткелден өтуде қазақ қаламгерлерінің аса талантты бір топ шоғыры Абай мен Шәкәрім, М.Әуезов пен Ж.Аймауытов, Б.Майлин мен С.Сейфуллин, С.Мұқанов пен Ғабит Мүсрепов, Мағжан Жұмабаевтар еңбектенген болатын.

Мақтымға бұрын бастан кешпеген сезімдердің тулаған толқындары дұрыс шешімдер қабылдауға мүмкіндік бермейді. Толқып тасыған ой мен бойды билеген дүлей ішкі сезімдер Асанның дегеніне көнуді ғана қалайтындай көрінеді. Тіпті оның айтқандарының өтірік, жалғандығы туралы күмәндарын де естен шығарады.

Әдебиет пен өнердегі классикалық туындыларда қозғала бастаған аса күрделі әрі маңызды бұл мәселелер ХХ ғасыр басындағы ағартушы-демократтық көзқарастағы қаламгерлер үшін С.Сарталиев хикаясында ақылға сыймайтын жүйесіз құбылыс ретінде танылғандай.

"Мақтым" хикаясының басты ерекшелігі осында. Оның кейіпкері өмірде кездесетін қарапайым жас қыздың бірі болса да, ол бастан кешкендер өмірде болған тәрізді.

Ауызекі хикая соның желісінде әңгімеленіп, ел арасына тараған тәрізді.

Осыны қазақ қоғамдық санасында көп қозғала бастаған қыздардың бас бостандығы жолындағы күресі идеясына сай бейнелеу үшін талаптанған қаламгер өз танымы мен болған оқиғалар ағысы арасында қайшылықтарға тап болған.

Демек, қаламгер идеясына сай "Садақта" жарияланған "Мақтымдағы" ой мен сезім, әрекет хикаяның ауызша нұсқасында (болыстың құда түсіп Мақтымды алуы, т.б) болмаған.

Өз бақыты үшін күрескен қыздар қазақ қоғамдық ортасында көбіне қатыгез дәстүрге сәйкес ұлттық әдет-ғұрыптарға қарсы болып жатса да, шамалары келгенше оны сақтауғы тырысқан. Олардың көбі салт-сананы бұзып, ата-баба дәстүріне қарсы болғаны үшін қасіретке душар болған. Бұл - жиі кездесетін типтік жағдай. Ал "Мақтым" хикаясындағы жағдай - мүлде жаңа.

Тәрбиелеп өсірген ата-ана мен сол ортада қалыптасқан дүниетаным, жастардың тілектері мен армандары арасындағы коллизиялар бірте-бірте ірі тартыстарға ұласып, олардың армандарының күйреуімен аяқталған.

"Бақытсыз Жамалдан" бастап, "Әділ мен Мария" аралығындағы осы текетірес, жастар мен олардың тағдырына араласқан үлкендер арасында өтеді. Қақтығыс жастар қасіретімен немесе қазасымен аяқталып отырған. Тек қана екі шығармада ғана бұл басқаша шешіледі. Олар - С.Көбеевтің "Қалың мал" романы мен Т.Жомартбаевтың "Қыз көрелігі". С. Көбеев романында Тұрлығұл ондай әрекетке баратын кесек тұлға емес. Бәйбішесі өліп, басы қатқан дәулетті, бір бейшара шал. Романның 1913 жылғы нұсқасында солай. Ал кейінгі 1934 жылғы басылымында автор оны заманауи идеологияға сай тоқал алуға ұмтылып, жұлқынып тұрған байға айналдырмақ болған. Алайда

ол шығармадағы көркем мазмұнмен үйлеспейді. Бұл туралы біз романның екі нұсқасын салыстыра талдаған зерттеуімізде көрсеттік. (Бисенғалиев З. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы.-Алматы. 1989.) 1934 жылы шығармаға ресми иделологияға сай қатығез, зорлықшыл бай Тұрлығұлды енгізбек болғанда аз-кем түзетулермен оны іске асыру мүмкін болмаған. бейнесінде енгізбек болғанда, тиісті түзетулер жасау, оның Қатығез, зорлықшыл үстем тап бейнесіне Тұрлығұлды айналдару үшін шығармаға түбегейлі өзгерістер жасау керек еді.

Көркем шығарма - бүтін бітімі бар өзге әлем. Оның мазмұны түгіл құрылымдық бір бөлігіне өзгеріс енгізу шығармаға тиісті жаңарулар жасауға қаламгерді мәжбүр қылады. Мұндай жұмыстарға өмір бойы ұстаздықпен айналысқан С.Көбеевтің шамасы келмеген болуы керек.⁷⁹

Т.Жомартбаевтың "Қыз көрелігіне" келер болсақ, бұл - көркемдік - идеялық мазмұны басқа болғандықтан, пішімі де соған лайық таңдалған шығарма.

Қаламгерлік мақсат пен идеяның халық прозасымен үйлеспеуі - оның қағазға көшкен үлгілерінде жиі кездесетін жай.

Хикаяда бой көрсетіп, әрі дамымай қала беретін идеялардың сұлбасы бұлдырап тұрған көркем мазмұнның ізіне түсуге С.Сарталиев та бармаған. Оны қайта жазуға шәкірттік орта ахуалы мен басқа да жағдайлар, ең бастысы, жаңа идеяларды халық прозасымен үндестікке келтірудің қиындығы мүмкіндік бермеген.

Қаламгердің халық прозасымен диалогке қелу қиындығын, тіпті мүмкін еместігін қаламгер сезген тәрізді. Бұл туралы осы хикаяны тауып, "Жұлдыз" журналында жариялаған проф. Т.Кәкішұлы былай жазады: "...Садақтың" 1917 жылғы бірінші санынан бастап, "Мақтым" хикаясы жариялана бастайды. Тегінде, ауылда мұғалім болып жүргенде көрген-сезген жайларды жазып, дайындап әкелген сияқты.

Себебі шәкірттердің осы игі ісін көргеннен кейін жұмадан жұмаға дейін жазып беріп отырды деуге келмейтін жайлар көп. Сюжет болсын, оқиға өрбуі болсын, кейіпкерлердің мінездемесі болсын талай рет ойланып толғаудан, сөйлемдері редакциядан өткендей сезім қалдырады."(Сонда, 130-б)

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы мен әдеби сыны туралы іргелі зерттеулер жазған көрнекті ғалым, біздің ойымызша, өте орынды пікір айтады. Сондықтан "Мақтым" хикаясын, негізінен, қағазға түскен алғашқы қалпында қалдырған да, болыстың Мақтымды тоқалдыққа алуы сияқты бір тарауды ғана кейін қосқан.

Халықтық хикаяның фабула, сюжеттеріне қаламгер тарапынан кейін қосқан оқиғалар өрімі мен кейіпкерлердің тебіреністеріне қатысты суреттеулер болды ма? Қолымыздағы шығармамен танысу барысында оған оңай көз жеткізуге болады.

Қаламгер халықтық хикаяға тиісі заманауи түзетулер енгізген. Мәселен, біріншіден, ағартушы-демократтық идеялар рухында жазылған шығарманың

⁷⁹ Бисенғали З.-Ғ. Қазақ прозасы. XX ғасыр басы: Жаңа роман жолында. Алматы: Арыс, 2010. 256-266. Бөжеев М. Замана кейіпкерлері. - Алматы, 2013. 237-241

жалпы бағыты халық прозасының арнасынан сәл бөлектеу болады. Онда жастай атастыратын қазақы әдет-ғұрыпқа, әсіресе қыздарды "қалыңмалға" сатуға қарсылық алға шығады; күні өте бастаған көне салтқа қарсылық бас көтереді; жастар тағдырын қасіретке душар қылатын надандықты аяусыз сынаиды; көне өмір салтын көксеген ата-ана әрекетіне қарсы жастардың оқу-ағарту, білім-өнер жолына шыққан мұраты, талабы дәріптеледі.

Уәдесіне тұрмаған Асан тірліктерінің алдамшы істерін хикая соңына таман Мақтым аузынан да естиміз. Тілеске ұзатылған соң, Асанмен кездесудегі Мақтым сөздерінде қазақ қыздарын қасіретке душар қылатын атастыру туралы да монолог сипатты ойлар бар. Шығарма мәресіндегі әйелдері бар болысқа ұзатылған Мақтым зары қыздар тағдырын қасіретке душар қылатын қазақтың көне дәстүрлерін әшкерелейді. Бұл - ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамдық санасында көп айтылатын ойлардың жаңғырығы.

Екіншіден, алданудан көз ашпаған Мақтым психологиясын суреттеуде қаламгерлік қиял, таным араласады, Халық прозасында кейіпкер психологиясы өте қысқа қайрылып, бірер сөзбен шектеледі.

Алайда, оқырманға, тыңдаушыға әңгіме әсерін күшейту үшін, кейіпкерлер қасіретіне тереңдейтін тұстар кездеседі. Оны авторлық ойды бейнелеулерден байқауға болады. Қағазға көшкен шығарманың халық арасына кең тараған нұсқамен үйлесуі үшін әңгімеші мен оны қағазға түсіруші қаламгер тарапынан ұтымды әдіс-тәсіл керек. Ал мұны табу оңай емес.

Мәселен, Б.Майлин бас кейіпкердің атымен аталатын хикаясында Шұғаның көңіл-күйін, ойларын баяндауда әңгімеші Қасымжан қабылдауынан алған ойлар мен сөздерді соның айтуынша береді. Әрине, мұнда әңгімеші шеберлігі үлкен рөл атқарады. Ол тәжірибесі әлі аздау қаламгерге қиындау сәттерді суреттеуде көп мүмкіндік берген. Уақиғаны өзі көрген, қасіретке толы кейіпкер жан-дүниесіндегі құбылыстарды сезіне білген адам атынан айтылған қосымшалардың шебер әгімешіге де, жазып алушы қаламгерге де берері аз болмаса керек. Б.Майлин әңгімесінде негізгі оқиғаның желісін сақтай отырып, өз қабылдауы мен танымының үндестігін сақтаған.

"Мақтымда" оқиғаның барлығы, тіпті кейіпкерлер көңіл-күйлеріндегі құбылыстар да авторлық суреттеуде беріледі. Қаламгердің жеке қабылдауларының бар екені даусыз. Бірақ қай тұстарда көбірек қосылатынын болжаудың қиындығы осыдан шығар.

Халық әдебиетіндегі ауызша әңгімеде, әдетте, кейіпкер психологиясы тарата бейнеленбейді. Мәселен, бас кейіпкер тап болған аса қиын жайларды суреттеуде: " Мақтым онашаға шығып, ағыл-тегіл жылады" деулермен шектелмейді, қаламгер кейіпкер қасіретіне тереңдейді. Демек, осы тереңдеулер құрылымы авторлық идеяның қиялдан қосылатын болжамдары арқылы үдей түседі.

Шығармада болған уақиғаны баяндаудан гөрі қасіретке тап болған Мақтым психологиясын суреттеуге қаламгер көп көңіл бөледі. Автор нәпсі қызығынан басқаны білмейтін Асан тәрізді алаяқтың алдауынан көз ашпаған

бойжеткен басындағы қасіретті, қазақ арасында көріне бастаған сорақылықтарды бейнелеу арқылы жеткізуді көздейтіндей.

Бұл - сол кездердегі қазақ прозасында сиректеу кездесетін тәсіл.

С.Торайғыровтың "Қамар сұлу", Б.Майлиннің "Шұғаның белгісі" шығарма-

ларында ғана көбірек қолданылған еді. Бірақ оларда кейіпкер психологиясын бейнелеу басты мақсат тәрізді көрінбейтін. С.Сарталиевтің "Мақтым" повесінде бұл әдіс басты бейнелеу құралына айналған. Мәселен, Мақтымның басына түскен күрделі жағдайдың суреттелуі ойлануға бастайды. Бұрын білмейтін беймәлім сезімдердің тулаған толқындары тудырған жай - күй жас қыздың аласұрған әрекеттеріне дұрыс шешімдер қабылдауға мүмкіндік бермейді. Толқыған ой қозғаған ішкі дүлей сезімдер, қорғасындай ауыр ойларды тасиды. Солардың ішінде Мақтымның қолына ілінетіні Асанның айтқандарына сену, дегеніне көну ғана болады. Оның айтқандарының шындық емес екенін біле тұра өтірігіне көніп, әккі жігіт құрған торға амалсыздан өзі барып орала береді.

Осы бір шым-шытырық ішкі тартысқа толы уақиғалар хикаяда шынайы бейнеленеді. Көп кешікпей келемін деген Асанды күткен Мақтым сезімін қаламгер талдап көрсетеді: "...бір жұма өтті, екі жұма өтті, келеді деген Асан әлі жоқ. Мақтым енді бірден бірге сезіктене бастады.

- Мені алдап, тек аз күндікке көңіл қосып, мені қор қылайын деп жүр ме осы?- деп ойлай бастады. Сонда да: - жоқ, жоқ, ол мені алдамайды ол мені сүйеді, тек оның қолы тимей, ия келгенімді есітпей жүрген болар, - деп өзін өзі жұбатса да, шайтаны түскір, әуелгі ойды әкеліп ойға сала беретін болды. Сол ойға қалай түсіп кеткенін өзі де білмей қалып, аңғарған кезде:

- Ай шайтан түскір! Ойға қайдағы жаман нәрсені түсіре береді-ау осы!- деп жылдамырақ есінен шығаруға тырысады. Сол екі ойдың, күдік пен үміттің ортасында күнімен, түнімен арпалысып әуре болады.

Күн өткен сайын сол әуелгі ойы жаман болса да көбірек ойға оралып, "шынында солай болмағай еді" - деп, күдікшіл ойының жамандығынан тұла бойы дірілдейтін." (143-б.)

Автордың уақиға барысын баяндаудан гөрі бас кейіпкер сезімін суреттеуге айрықша көңіл бөлгені анық. Бұл - қаламгерлік таным өрнектері.

Халық прозасы мен ауызша әңгімеде дәл осы танымдағы бейнелеулер жоқ шығар.

Осы мақсаттың өзі хикая идеясын таза ағартушы-демократтық бағыттағы дәстүрлі қалыптардан өзге түрде бейнелеуді қаламгердің ойлағанын көрсетеді.

Жалпы, шығарма бір бірінен мазмұндық, түрлік (пішімдік) бағытта да бөлектенетін екі бөлімнен тұрады. (Екі бөлімді шартты түрде деп жіктеп отырған - біз. Жалпы хикая 11 тараудан тұрады. -З.Б.)

Бірінші бөлімде Асанның Мақтымды алдауын суреттеуде баяндау көп қосылады. Өмірге қадам басқалы тұрған жас қызды алдап, абыройын төгіп, нәпсі қызығын қуған алаяқ жігіт мақсатына жеткен соң, өз бетімен кетеді.

Мақтымның онымен жақындығы ауылдастарына белгілі болған соң, ата-анасы қызының ашық қарсылығына қарамай, атастырған жеріне ұзатады.

Бұл бөлімде ХХ ғасыр басындағы әйел теңдігіне арналған өзге шығармалардағыдай ағартушылық - демократтық идея байқалмайды. Демек, мұнда қыз-келіншектермен ойнауды, алдауды қызыққа айналдырып, соны мақтан көретін жігіттің сұйық жүрістері суреттеледі.

Басты кейіпкер бай баласы - Асан. Оның Мақтым тәрізді аңқау жас қыздарды алдауда әбден сыналған тәсілдері бар: қыздардың атастырған күйеулерін ұнатпауы; күйеуі жасамыс адам, болмаса жасық, жастарға ұнамайтын мінездерінің көп болуы т.б. Асан осындай әдістерді күйеулерінен қашқан қыздарды айналдыруда қолданған.

Екінші бөлікте ұзатылған жерінен үйіне қашып келген Мақтымға болыстың құда түсуі, ұрын келуі, үйленуі суреттелген Оның әйелдерінің, күндестерінің, Мақтымға күн көрсетпеуі, болысты айдап салып, сабатуы, жәбірлеуі т.с.с. Бір басына жетерлік қайғы, қасіретке тап болған Мақтым ауруға ұшырап дүниеден өтеді.

Шығарманың соңғы бөлігінде ағартушы-демократтық идеялар "Ғалия" шәкірттері көп қозғаған бағытта бейнеленеді. Әрі осы идеяның бәрі ІІ тараудан тұратын хикаяның 10 тарауының орта тұсынан бастап, соңында қозғалады. Соған қарағанда, осы соңғы қоспалар кейін жазылған тәрізді.

Осы хикаяны тауып, алғаш жариялағын проф. Т.Кәкішұлының мәліметтері сол ойларға жетелейді.

Қаламгер жоғарыда аталған қаламдас достарының "Мақтым" туралы сыни пікірлерін естіген, ескерген. Бірақ бүтін бітімге жетіп қалған шығармасын сол нақышта сақтап жазып бере алмағандай.

Нақты кеңістік пен уақыт тынысы шығармашылық ізденіс пен көп еңбекті керек ететін жұмысқа кірісе алмаған. Ал ағартушы-демократтық идеяларға сай түзетулер халық прозасының көркем мазмұнымен келіспеген.

"Ғалия" шәкірттерінің негізгі идеяларына сай келетін ағартушы-демократтық идеяға "болысы бар" 10, ІІ бөліктерді қосқан тәрізді. Кейін жазылып қосылған бұл қоспалардың "Мақтым" хикаясының көркемдік мазмұнымен де, түрлік және өрнектік стильдерімен де байланысы аз. Өйткені осы екінші бөлімдегі шығарманың көркемдік нақышының(стилінің) өзгелігі анық.

Бақылау сұрақтары мен курс материалдарын игеу деңгейі

1. Жаңа кәсіби проза жанрлары туралы ғалымдардың зерттеулері, ой-пікірлер; жанр дамуына ықпал еткен қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар; әдеби даму ерекшелігі туралы еркін мақала, эссе жазу.

2. С.Сарталиев хикаясы туралы зерттеушілер пікірлер; шығармаға көркем талдау жасау; баяндау мен диалогтың қолданылуы туралы ойлар; авторлық баян және ішкі сөз, монолог туралы пікірлер.

3. Қазақ прозасы және С.Сарталиев шығармасы; кейіпкерлер әлемі және өмір шыңдығы; табиғат көріністері және оның шығармадағы қызметі.

4. К.Палуан және Садық әпенді хикаясы; шығармадағы мұғалім және шәкірттер бейнесі; қоғамдық шындық және ағартушы демократтық идеялар.

5. XX ғасыр басындағы көлемді шығармалардың басты тақырыптары мен негізгі идеялары; басты қаһармандарын сомдау әдіс, тәсілдері; шығармадағы баяндау және суреттеу.

6. Б.Ержановтың шығармашылығы және қоғамдық қызметі; "Оқуға махаббат" хикаясы және заман шындығы туралы қаламгер пікірлері; әке және бала бейнелерінің жасалуы; диалог және баяндау үндестігі.

7. М.Кәшімов шығармаларының негізгі идеялары; қаламгердің диалогтерді қолдануы; көлемді проза туралы ойлары; шығармадағы баяндау және диалог;

М.Кәшімовтің "Мұңлы Мариям" романы туралы зерттеушілік пікірлері; мариямның замандас құрбылары туралы ойлары; қаламгердің шығармашылық адамдар, әріптестері туралы пікірлері;

Ғалым және Мариям бейнесі; шығармадағы Нұрқан және Көкін мен Досымбайлар, Нұрхан бейнесінің жасалу жолдары.

8. С.Торайғыровтың "Ауырмай есімнен жаңылдым әңгімесі" және жаңа проза көркемдігі; "Қамар сұлу" және қазақ прозасы; Қамар бейнесі және қазақ қыздарының бостандығы идеясы; Омар және Ахмет бейнелері; Жорға Нұрым және қазақ байларының суреттелуі.

9. Б.Майлиннің журнал бетіндегі прозалық шығармалары және "Шұғаның белгісі" хикаясы; шығармадағы баяндаулар, суреттеулер, табиғат көріністері және диалогтер

10. Майлин және қазақ кәсіби прозасы туралы зерттеушілік пікірлері. "Ғалия" медресесі шәкірттері және "Шұғаның белгісі" хикаясы; Хикаядағы Қасымжан және автор бейнелері..., қызметтері; Шұғабейнесінің жасалу ерекшелігі.

11. Т.Жомартбаевтың "Қыз көрелік" хикаясы және ертегілік фабуланы қоладану; шығарма пішімі (формасы) туралы зерттеушілік пікірлері. Ғайынкамал бейнесі және авторлық идея; бас қаһарманның жасалу жолдары; "қыз көрелік идеясы" және заман шындығы.

12. XX ғасыр басындағы хикаялар мен көлемді әңгімелер

13. С.Көбеев және "Қалың мал" романы.

14. "Қалың малдың" 1913 жылғы және 1934 жылғы басылымдары.

15. Шығармадағы бас қаһармандардың жасалу жолдары.

16. "Қалың мал" романындағы жастар бейнесі және замана идеялары.

17. "Қалың малдағы" Итбай бейнесі

18. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы және С.Сарталиев.

19. С.Сарталиев хикаясының басты идеялары.

20. "Мақтым" хикаясындағы баяндау.

21. "Мақтымдағы" диалогтер.

22. С.Сарталиев хикаясындағы өмір шындығы.

23. "Мақтым" және қазақ прозасы.

24. С.Сарталиев прозасының басты көркемдік идеялары.

25. XX ғасыр басындағы кәсіби проза дамуының басты бағыттары, тақырыптары, идеялары және көркемдігі туралы ойлар

26. Кәсіби проза және қазақ оқырманы

Өздік жұмыстар тақырыптары

1. XX ғасыр басындағы күрделі прозы: хикая, романның зерттелуі туралы; негізгі зерттеушілер мен еңбектер, оқулықтар, оқу құралдары.

2. Хикаялардағы психо-анализ: ізденістер, тәжірибелер, табыстар.

3. Күрделі шығармадағы табиғат суреттерінің көркемдік қызметі: психологиялық егіздеу, кейіпкер жан-дүнесіне тереңдеу авторлық идеяны жеткізу, күшейту, ішкі сөз бен ойды айқындау т.б.;

4. Көлемді көркем прозының басты идеяларының көрінер тұстары: алғы сөзде; композиция мақсатына орай, басталу, даму, шарықтау шегі және авторлық шешім, ой көріністері

5. XX ғасыр басындағы күрделі прозасының жанрлары: хикая, повесть, роман, көлемді әңгіме.(ұсақ әңгіме, ұзақ әңгіме, ұлы әңгіме)

6. Күрделі прозадағы баяндау, суреттеу және диалогтерді үндестіре қолдану.

7. "Хикая" жанрының көркемдігі өте күрделі ұғым. Ол жанрдың барлық құрылымына тәуелді болады.

8. Күрделі прозадағы психологизм. Аса маңызды шарттардың бірі.

9. Хикаялардың авторлары туралы зерттеушілік пікірлері

10. С.Торайғыров прозасы көркемдігінің басты идеялары

11. Б.Майлин прозасының көркемдігі және халық прозасының құпияларын сақтау: Әңгімеші, жазушы.

12. С.Көбеев шығармаларының басты идеялары

Әдебиеттер

1. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.-Алматы,1976;

2. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары.-Алматы,1964

3. Сатыбалдиев Ә.Рухани қазына.-Алматы,1987.

4. Дербісәлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. - Алматы,1966;

5. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері.-Алматы, 1975.

6. Қазақстан тарихы. 4 томдық.Алматы: Атамұра. 1996

7. Зиманов С, Общественный строй казахов первой половины XIX века и Букеевское ханство. -Алматы, 2009.

8. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 томдық. Алматы,1961.

9. Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар.1807-1917.Аннотацияланған библиографиялық көрсеткіш. - Алматы,1978

10. Әбдіманов Ө Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея.-Алматы,2007

11. Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы-Алматы: - Мектеп, 1979: Казахская проза начала XX века. -Алма-Ата. 2000

12. Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Б.Майлин дәстүрі.-Алматы, 1979

13. Нұртазин Т. Б. Майлин: монография. Алматы, 1964.
14. Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. - Алматы, 1972;
15. Кәкішев Т. Сын сапары. - Алматы, 1971;
16. Сұбханбердина Ү. "Айқап" бетіндегі мақалар мен хат-хабарлар. 1-бөлім. -Алматы, 1961;
17. Қарашева Н. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX века. АКД. Алматы, 1959;
19. Идрисов К. Общественно - политические взгляды и деятельность М.Сералина. АКД.-Алматы, 1985
20. Ергөбек С. С. Мұхаметжан Сералиннің әдеби-публицистикалық мұрасы АКД.- Алматы, 1996.
21. Криничная Н.А. Русская народная историческая проза.-Ленинград: Наука, 1987

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Қазақ прозасындағы баяндау мен суреттеу және диалог пен әңгіме

Кәсіби прозаның қалыптасу тарихындағы аса маңызды күрделі мәселенің бірі – баяндау мен диалог арасындағы үндестіке жету. Мұны проза тарихымен жақсы таныс зерттеушілер ғана емес, сауатты оқырмандар да біледі, ал прозашы қаламгерлер туралы айтпаса да болады. Қалам тартқан екінің бірінің алдынан шығатын қиындық - осы!

Халық прозасы мен ауызекі әңгімеде тұрақты фабула мен сюжеттерге ие болған шығармаларда бұл бағытта типология аңғарылады. Бүгінде олардың құрылысы еленген, ықшамдалған. Дәстүрге айнала бастаған құрлысы, әдемі композициясы, сұлу құрылымы дара тілі бар шығармаға айналған. Тіпті кейін қағазға түскен үлгілердегі кейбір кедір-бұдырлар да байқалмайды.

Ал XX ғасыр басындағы баспа бетіндегі шағын суреттемелерден бастап, күрделі, көлемді шығармаларға дейін баяндау мен диалог арасындағы кібірттік бірден көзге түседі.

Қаламгерлер мұны өздері көп қиналған мәселенің бірі ретінде түсінеді.. Беймарал әңгіме мен қызу айтыс немесе дау, жанжалға ұласар тартыс үстіндегі сөздерді бейнелеуде мәтіндегі үндестік оңай қолға түспейді. Тұрмыста жиі айтылатын әңгімелерде: «...ол былай деп айтты», «бұл былай деді»,- тәрізді үлгілерді (модельдерді) ойланып жатпай-ақ жиі қолданамыз. Біреулер бастан кешкен қызық оқиғаларда, не тартысты әңгімелерде олардың ойы мен сезімдерін баяндауда өз ойларымызды қосуды да ұмытпаймыз. Осы әрекеттерімізде олардың төлеу сөз үлгісінде берілген сөздері мен ойларын диалогтар үлгісіне айналдырамыз. Сөздерін қаз қалпында жеткізетіндеріміз де болады. Мұндай әңгімелерді өмірде көптеп кездестіреміз.. Кейбір шығармаларда әңгіме қатысушылар сөздері олардың

ойлары мен сезімдерінің қоспаларына айналады. Алайда мұнда да шығарма композициясы бөліктері арасындағы үйлесім бұзылып, диалогтер бірден кібіртік күйге түсіп, үндестіктің бұзылғаны көрінеді.

XX ғасыр басындағы әдебиет тарихы туралы зерттеулерде үнемі алдан шығатын мәселелер міне осыларға байланысты. Көптеген зерттеушілер проза туралы еңбектердегі талдауларда тек қана бүгінге дейінгі оқулықтарға, оқу құралдарына, монографиялар мен әдебиет тарихтарына енген, оқырмандарға жақсы таныс, көркемдік туралы талаптарға сай таңдаулы шығармаларды талдаумен ғана шектеледі.

«Кейбір зерттеушілер қазақ әдебиетіндегі проза жанрын сөз еткенде революциядан бұрынғы проза Ы.Алтынсариннің дидактикалық әңгімелері,

Абай Құнанбаевтың «Қара сөздері», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», С.Көбеевтің «Қалың мал» сияқты шығармаларын атап, революциядан бұрынғы қазақ әдебиетінде прозалық шығармалар өте аз деген пікір айтады.

Ал шынында революциядан бұран шыққан қазақтың газет журналдарының бетінде бастапқы үлгі ретінде жарық көрген прозалық шығармалар аз емес еді. Олар - қазақ прозасының өткен шағы болумен қатар, жалпы совет тұсында өсіп өркендеген, кемеліне келген қазақ прозасының туу кезеңдерінен мәлімет беретін нұсқалар. Олардың кейбіреулері болашақ әдеби шығармалардың дүниеге келуіне себеп болды. Бұл шығармалардың көтерген тақырыптары сол заманына лайық революциядан бұрынғы өмір, әлеуметтік қайшылық, халықтың ауыр тұрмысы, оқу-ағарту, өнер білімге, жақсылыққа, адамгершілікке, игілікке үндеу, әйел теңдігі, әдет-ғұрып, салт-сана мәселесі болып келеді. Бұл тақырып кейінгі буын жазушыларға негізгі тақырыптың бірі болғанын қазақ әдебиетінің тарихынан жақсы білеміз»¹.

Біздің ойымызша, әдебиет тарихының дамуындағы үдерістерді біліп, даму заңдылықтары көрсету үшін тек қана таңдаулы шығармаларға ұмтылу дұрыс болмайды. Әдебиет тарихы тек қана таңдаулы шығармалардан тұрмайды дегенді проф. Б.Кенжебаев пен Т.Кәкішұлы зерттеулерінде жиі келтіреді.

Өйткені таңдаулы шығармалар - әдеби дамудың, ізденістердің жемісі. Соған әкелген мәнді шығармалар сол жемістің құнарлы топырағынан нәр алып, сол сәулетті алып шығарма ғимаратының іргетасы болғанын ұмытпаған жөн. Талантты қаламгерлердің ізденістерін атаумен ғана шектелу теориялық байымдаулар жасауға мүлде жеткіліксіз. Дамудың заңдылықтарын дәлелдеу үшін соны көрсете алатын әдеби-тарихи деректер, жан-жақты терең заманауи талдаулар керек.

Қалыптасқан кәсіби әдебиетке жету қай әдебиет тарихын алсақ та, оңай емес. Қазақ әдебиеті де осы қиын жолды өтті. Алайда уақыт пен кеңістік өлшемдері тұрғысынан өте тез өтті деуге болады.

«Абай жолы» эпопеясы отызыншы жылдар соңына таман басталып, қыркыншы жылдар басында жарық көрді деп есептесек, қазақ кәсіби прозасының бұл даму кезеңінен тез өткенін аңғару қиын емес. Бұл жолдың тарихы әріден басталады. Ол туралы оқу құралының кіріспесінде біраз

¹ Сұбханбердина Ү. «Дала уалаятының газеті» және қазақ әдебиеті мен мәдениеті // Қазақ уалаятының газеті. – Алматы: Ғылым, 1989. 22-23 бб).

айтылғандықтан тағы қайталауды бүгінде артық деп есептейміз.

Кәсіби қазақ прозасы тарихының XX ғасыр басынан басталмайтыны белгілі. Ендеше, Кеңес үкіметінің идеологиясы кесірінен ақтандаққа айналған тарихи шындықтарды қалпына келтіру - кезек күттірмейтін іс. Бұл дамудың шынайы табиғаты тарихты деректі түрде талдап, зерттегенде ашылатын ақиқат. Мұның біразы әдеби-тарихи дамудың нақты деректерін талдау, тексеруге байланысты болмақ. Ал алғашқа зерттеушілер дәлелдеп көрсеткен нәтижелердің көбі Кеңес үкіметінің астамшыл саясаты негізінде арнайы мұрағаттарға қамалған. Оларды оқу түгіл көруге Қазақстан егемендік алғанға дейін арнайы рұқсат керек еді. Алайда Кеңес үкіметінің ықпалынан шыға алмай жүрген кейбір ғалымдардың пікірін өзгерту қиын болып тұр. Бір кездері өздері теріске шығарған мұраларға қайта оралғылары келмейді. «Заман солай болды, соған қарай айттық, дәлелдедік, кезінде жоғары орындарда құпталды» дегенді алға тартады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы кәсіби прозаның қалыптасып даму жолдарын тексеруге Кеңестік жүйенің орыстандыру саясатына бағынған идеологиясы кедергі келтіріп бақты. Кеңес отарында болған жылдарда әдеби дәстүрлер ықпалы мен түрік, шығыс әдебиетімен байланыстарды көп қозғамауға тырыстық. Әдеби ықпалдарды тексеруде тек орыс әдебиетімен ғана шектелдік. Негізінен, XIX ғасырдың орта тұсынан бастап А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтов т.б орыс классиктерінің шығармаларына көз тіктік, солардағы үлгілерге қарап жаза бастадық.

А.С.Пушкиннің «История Пугачева» атты шығармасындағы баяндау мен диалог арасындағы қатынастар туралы ойлар В.Белинский зерттеулерінде де айтылады. Қазақ оқығандарының біразы Пушкин шығармаларындағы осы мәселенің шешілу жайына үңілген тәрізді:

«Пугачев, в красном казацком платье, приехал верхом в сопровождении Хлопуши. При его появлении солдаты были поставлены на колени. Он сказал им прощает вас бог и я, ваш государь Петр III, император. Вставайте! Потом велел оборотить пушку и выпалить в степь. Ему представили капитана Камешкова и прапорщика Воронова. История должна сохранить сии смиренные имена. – Зачем вы шли на меня, на вашего государя? – спросил победитель, - «Ты нам не государь», - отвечали пленники: - у нас в России

государыня императрица Екатерина Алексеевна и государь царевич Павел Петрович, а ты вор и самозванец». Они тут же были повешены. – Потом привели капитана Башарина. Пугачев, не сказав уже ему ни слова., велел было вешать и его».²

«...Пугачев начал опять их уговаривать идти к Гурьеву городку. Казаки отвечали, что они долго ездили за ним и что уже ему пора ехать за ними. «Что же? – сказал Пугачев, - вы хотите изменить своему государю?» - «Что делать!» - отвечали казаки и вдруг на него кинулись. Пугачев успел от них отбиться. Они отступили на несколько шагов. «Я давно видел вашу измену», - сказал Пугачев и, подозвав своего любимца, илецкого казака

² Пушкин А.С. Полн.собр.соч. В десяти томах.Т.8.-Москва-Ленинград, 1951. с.192-193.

Творогова, протянул ему свои руки и сказал: «вяжи!» Творогов хотел ему скрутить локти назад. Пугачев не дался. «Разбе я разбойник?» говорил он гневно. Казаки посадили его верхом и повезли к Яицкому городку.» (261 с.)

Көрсетілген үзінділерде 1833 жылдардағы шығармаларында диалог пен баяндау арасындағы айырманы А. Пушкиннің айрықша мән беріп бөлектеп, оны кейіпкер бейнесін сомдауда даралай қолданбағанын көруге болады.

Дәл осындай құбылысты ХХ ғасыр басындағы қазақ прозашылары да аңғарған және орыс классиктерінің шығармаларындағы үлгілерге көз салған. Алайда, олар қазақ қоғамдық санасына белгілі шығармалардағы әдеби даму заңдылықтары тарихын деректі түрде зерттей де, айта да алмады. Осы мақсатта нақты шығармаларға әдеби-тарихи деректер арқылы көркем талдаулар жасап, даму заңдылықтарын көрсетпек болған ғалымдардың еңбектерін жариялауға, айтуға тыйым салынды. Құлақ аспағандарды қудалап, түрмеге қамады. Олар Ресей баспасөзінде аяусыз сынға ұшырады.

4.1. Халық прозасының көркемдігіне көз тігу

Қазақ халық прозасында тақырыпқа қатысты талдаулардың басты арнасы диалог пен әңгімені бейнелеулерден байқалады. Осы аса маңызды тәсілдердің халық прозасында қалай шешілгені: ауызша әңгімелер мен хикаяларды қағазға қалай жазып алғандарынан анық көрінеді.

«Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» атты «Дала уалаятының газетінде» 1892 ж., №№29,31,32,34-40 сандарында жарық көрген, ел арасына кең тараған хикаядағы диалог пен баяндауға көңіл аударамыз.

Шығарма авторы туралы М.Мағауиннің дара пікірі бар ³.

Көлемді бұл шығарма қазақ қоғамдық санасындағы тарихи тақырыптарды аңыздайтын ауызша әңгіме, хикаялар туралы халықтық пікірлерді де айтады. Мына үзінді сол шығармадағы басты кейіпкерлер сөздерінен алынды. Алайда алдын ала ескеретін жайлар бар. Мұны осы шығармаларды алғашқы үлгілер бойынша қағазға түсіріп, басып шығарған ғалымдар ескертеді: «Нұсқалардың көпшілігі бұрын-соңды еш жерде жарияланбағанын еске ала отырып, зерттеушілерге салыстыра пайдалану үшін әр салада, әр жанрда жазылған материалдарды газетте қалай жазылған болса, сол қалпында беруге тырыстық.

Газеттің 1888-1894 жылдарда басылған сандарында ешқандай тыныс белгілері қойылмаған, ал 1894 жылдан бастап тыныс белгілерінің орнына жұлдызша, немесе дөңгелек т.б. қойылғанын еске ала отырып, нұсқаларды көшіру үстінде керекті деген жерлерге тыныс белгілерін шартты түрде қойып отырдық.»⁴

«...Кебек батыр абыз Нысанның лашық үйіне аяңдап келіп жақындап тұра қалды дейді. Сонда лашық үйден сарнап шыққан қобыздың үйі батырдың

³ Мағауин М. Ғасырлар бедері.-Алматы,1991.

⁴ Дала уалаятының газеті (ДУГ., кейінгі сілтемелерде осы қысқартуда беріледі.-З.Б.) - Алматы:Ғылым, 1989. -28-б.

көкірегін қақ жарып, құлағы сүйсініп тыңдағысы келді де тұрды **дейді**, көңіліне әр нәрсені түсіріп. Сонан соң қобызының үні басылды **дейді**. Кебек қозғалмастан тыңдап отыр екен.

Бір уақытта біреу: «Кебек батыр, неге отырсың, түспей, өзіңнің неге келгеніңді ұмыттың ба?» - **дейді**.

Сонда Кебек кім екенін білгеніне таң қалып, жақын келіп, атын белдеугебайлай салып, үйге кірді **дейді**.

Сонда түсі суық қарт, Кебек амандасқанша шыдамай, һәм айтатын сөзін де айттырмай батырға қарап тұрып айтты **дейді**:

- Мен бұрыннан, сен Кебек батыр, келетініңді біліп едім, талабың қандай болар деп, пірлерден сұрап едім, айтқандарын айтайын, - **депті**.

Сонда батыр құлағын салып, айтсын деп тұра қалғанда, Нысан да айта алмай тоқтаңқырап тұрып сөйлейді **дейді**:

- Уа, Кебек батыр, пірлердің айтқаны саған қуанышты бола ма, қасіретті бола ма, қалай айтсам да тыңдаймысың, - **депті дейді**.

Сонда Кебек батыр айтты **дейді**:

- Әдейі менің келген жұмысым осы, қандай болса да естімей кетпеймін, мені не болса да қорқытпайды, қайда жүрсек те өлеміз, ажалдан құтылмаймыз, енді осы күнгі көңілдегі қайғыдан қайтып құтыламыз? - **депті дейді**.

Сонда абыз Нысан айтты **дейді**:

- Бірталай жыл өтер, ерлік қыларсың, қайратыңды көрсетерсің, халық сені құрметтейді де жастар сені қуат қылар. Өзіңнің қайғың да кетер, бірақ жасыңда дүниеден өтерсің, ең қызық көріп бақытты болатын уақытыңда о дүниеге көшерсің, дос-дұшпаныңа қор болып өтерсің, - **деп** жалғаншы болмаймын **деп**, қайтадан қобызын алып ойнай бастады **дейді**.

Сонда қарт Нысанның өңі-түсі бір кіріп, бір қашып ойнап отырғанда батыр екі көзін айырмай қарап отырды **дейді**. Бір уақытта Нысанның аузынан көбік ағып, қобызы қолынан түсе, есі ауып жығылыпты. Әрі-беріден соң есін жиып айтты **дейді**:

- Менің айтқаным рас екен. Бір заман болар, біздің таулардың бір жартасында, қатты ағын судың басында, орман ағаштың ішінде, бір қызға ұшырарсың. Сол қызды осы күнде мен көріп тұрмын: ұзын бойлы, ақ киіктей шашы қарғаның қанатындай қара, маңдайы жазық, көзі қара һәм өткір.

Осы қызды қатындыққа алып, соның себебінен жоғарғы айтқандай болып өлесің. Енді, батырым, осыменнен бар, аз жылдың ішінде қимылдап қайратыңды көрсет. Мен дем алайын, - **депті дейді**.

Көріп отырғанымыздай, ел арасына кең тараған аңыз-әңгімені қағазға түсіруші оны әңгімелеуші қалай айтса, сол қалпында жазып алған, айтушы нақышын сақтаған. Әрине, ол кездерде бұлжытпай жазып алатын техникалық құралдар жоқ. Бірақ осындай ауызша айтылатын аңыздар мен хикаяларды аңыздаушылар мен тыңдаушылардың еске сақтау қабілетінің айрықша екенін ескеруіміз керек. Үзіндіде диалогтар арасындағы айтушылардың сезім, қимыл-қозғалыстарын суреттеудің кейіпкерлерге қатысы барын да ескерген: Кебек батырдың қобыз үнін сүйсіне тыңдауы, ойға батуы, Абыздың

әңгімелеу кезіндегі тебіреніс әсерлерін айтып отыру т.б.

Бұл ескіден келген көне тарихты, аңызға айнала бастаған хикаяны айту және жазып алу кезіндегі құбылысты қағазға түсіру болса, келесі әңгіме таяуда болған, өткен оқиғаны әңгімелеуші мен қағазға түсірушілерге қатысты маңызды жайларды бейнелеудің қажеттігін ескермейтіндей. Арада өткен жылдар мен қағазға түсірушілердің қабылдау, бейнелеу, әңгімелеу өзгерістері көрінеді.

«*Бәти*» аталатын шағын әңгіме XIX ғасыр соңында «Дала уалаятының газетінде» басылған.⁵

Бәтиді атастырған күйеуі өлген соң, оны «ата жолы» салты бойынша әмеңгеріне, артында қалған жалғыз інісі 11 жасар балаға қоспақ. Екеуінің арасындағы жас айырмасы айтарлықтай. Оны ел сөз қыла бастаған. Осы әңгімеге жиналғандар бұл туралы түрлі пікірлер айта бастайды. Олардың бұрынғы ата-баба пікірлерін жеткізудің түрлі әдіс-тәсілдері, қалыптасқан шеберліктері таң қалдырады.

«...- Ақсақалдар, қарап отырамыз ба, сөз бастайық, - дегенді Орынбай деген ақсақал айтты.

- Мұнда өздеріңіз білмейтін не кеңес бар, бұрынғы соңғыдан қалған «Аға өлсе жеңге мұра» деген сөз бар. Құдайдан ажал жетіп, Қозы мырзаның күйеу баласы дүниеден қайтқан соң, артында қалған жалғыз бауырын алып келіп жатырмыз, бұған не жол дейтіндеріңізді өздеріңіз білесіңдер, - деді Көсем деген Сибанның кісілерінің біреуі.

- Рас айтасыз мырза, жол деген сөзің жөн сөз ғой, әйтсе де бір үйдің басына келген пәле бір үйге де келмей ме, осы отырған ақсақалсыздар, назар салып сіздерден тілегелі отырмыз, бәрімізге бір кісінің басын қиыңыздар деп. Оның да көзінің жасы, мұрнының боғы дегендей, обалына қалмаңыздар, он жасар балаға жиырмаға келіп қалған әйелді қаратып. Мынау жиналған ақсақалдар бір-біреуі бір-бір қызды Сибаннан тек алатұғын беделі бар адамдар, бұлардың да ажарына қарарсыздар. Аз айтып көп сұрайды ақсақалдар. Осыдан басқа не айтады, сіздермен жолға таласар бір ауыз сөз жоқ. Бірақ адам баласының көзінің жасынан, обалынан қорқыңыздар, әйел де болса о да Байыстың ұрпағы. Құдай, аруақты ойға алыңыздар! деп Қоңыр ақсақал сөзін аяқтады.

- Алайда болса, Көк мырза да құдайдан сұраған жоқ,- «балама қаза бер» - деп. Ақ қой сойып, ақ бата айтып әуелі басында Қозы мен Көк бір-бірін таңдап, сүйіп болған құдалар. Бұл уақытта құдай ісі болып, Көк мұндай болып қалды. Енді оның үстіне бір керегін құдай алса, бір керегін Мұрын алып ауырған Көкті жаныштаймыз десеңіздер өздеріңіз білесіздер. Көктің де

Бәти деген қартайғанда жығылсам тұрғызады, жыласам уатады деген үміт еткен баласы. Мұрын менен Сибан бір-біріне қыз беріп, қыз алып жүргені жаңадан емес. Мұрынның да талай-талай жесірі, ағасы өліп, інісіне қарап, інісі өліп, ағасына қараған. Сибанның да мұнан бұрын талай-талай жесірі ағасы өліп інісіне қараған, інісі өліп ағасына қараған. Сондай-сондай

⁵ Бәти. //»Дала уалаятының газеті.» 1896.№№4,5.(Дала уалаятының газеті. –Алматы. Ғылым,1995.- 524-531 бб)

жолдардың бұдағы біреуі ғой. Өзі қартайып, бір аяғы көрде, бір аяғы жерде тұрған Көктің біз де көз жасының обалына қаламыз ғой, ақсақалдар! Не болса да, не жесірді алып, не жесір бермейтін ел екен деп күдерді үзгеніміз-дағы,— деп, Қоңырдың сөзіне жауап қайтарды Сибандар.

- Ол, мырза, бұл жесірді берсең де, бермесең де Сибан баласымыз дегенің ғой,—деп, Орынбай тұрып күлді.

Сонымен сөз тоқталып, ешкім ештеңе демей, халық, арды-берді бөгелді.

Сонда төмен қарап отырып Қоңыр айтты:

- Дағдарып отырғанменен не бар? Бозбалалар, бір-екеуің барып Бәтидің өзіне сөйлесіндер! Әйел де болса, есті бала еді, не де болса, өз ауызынан шықсын. «Атағына ұшырап ел арасын ашып не қылайын, құдайдың не салғаны да болса көндім» дер ме екен, жоқ, бір жағы балалық, бір жағы әйелдікпен Мұрын менен Сибанды шиеленістіріп кете ме? Сибан жігіттерінің аужайын түйдіндер ғой. Барындар, Ыбырай мен Кеңесбай!

Екеуі жөнелді. Екеуі келсе қасында бір сыпыра қыз-келіншегі бар, Бәти Рахат деген ағасының үйінде отыр екен. Ыбырай мен Кеңесбай, екеуі ептеп шымылдықтың ішіне Бәтиді оңашалап кіргізіп алып, сол жерде істін мәнісін айтады.— Сибан деген «Не жесірімізді алып қайтамыз, не жау болып қайтамыз», деп жатыр. Біздің елдің ақсақалдары обал-сауалды айтып қажап еді, оған көнбеді. Сонымен Бәтижан, шырағым ерікті өзіне берісті. Әйел де болса ақылды, есті бала еді, бұл Сибанменен жауластырса да, елдестірсе де өзі білсін десті,— деді Ыбырай.

Енді жаным, жаман-жақсы болса да атағына ұшырап, екі елдің арасын ашып, жауластырғанмен неге қолым жетеді. Әйтеуір не де болса құдай салды, көнейін десең де өзің білесің. Жоқ, қайда кетсем де бір басқа — бір көз, біреумен кетейін, жас бала кемпір-шалға қор болғанша десең де, өзің білесің. Ақыры, шырағым, сөз саған тоқтады. Не десең де жауабынды әбден ойлап бер,— деп, Кеңесбай Ыбырайдың сөзін қостады.

Бәти екі жігіттің сөзін естіп алып, үндемей отырып жылап, аяғында:

- Құдай әуелден мені оңдайын десе, мұндай қылар ма еді? Құдайдың бұл маған бір көрсетейін деген мехнаты шығар. Атаққа ұшырап, екі елдің арасын ашқанда мен не жақсылық көремін, әуелден ондамаған құдай, ақырында ондай ма? Құдайдың салғанына көнбегенмен, қайда барамын?— деп, көзінің жасын сүртіп, бозбалаларға жауап берді.

Ақсақалдар қыздың сөзін естіп, баршасы қолын жайып, батасын беріп, бір қойдың етін жеп, құдаларменен амандасып, тарқап кетті.

Орта бойлы, қызыл шырайлы, қас-қабағы қиылған, екі көзі күлімдеген, аш-белі бұрандаған Бәти келер жылы Көктің ауылында болды.»

Бұл - ел арасындағы қиын дауға араласқан адамдардың, ел атқамінерлерінің әңгімесі. Мәтінде ойларын жеткізудің тәсілдерін байқататын үзінділер алынды. Қазақ шешендік сөз үлгілерінің әуені, пішімі байқалады.

Төрт бес беттік әңгімедегі шағын диалогтерде ата дәсүрі мен ел арасындағы күрделі қарым-қатынастардың қамын ойлай айтылған емеуріндерге толы сөздер артында қаншама адамдардың тағдыр-талайы тұр. Диалогтерден осы айқын көрінеді.

4.2. М.Ж. Көпеевтің жинағандағы халық прозасы

Осы қиын әңгімеде өздерінің пікірлерін, сезімдері мен ішкі ойларын білгізудің қажеттігін байқағандар ретін тауып оны іске асырады. Әрі осы байқауға да, айтуға да қиын психологиялық сәт, қас қағымдық сәт, әңгімеде анық байқалады, көрінеді де. Бұл - халық әдебиеті құпияларының бірі.

Қазақ халық әдебиетінде көріне бастаған осы құбылыс Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» (1914 ж.) хикаясында бар. Сондағы диалогтердегі ойларға көз жүгірткеннің өзінде де мұны білу қиын емес.

Кейіпкер сезімі іс-әрекетке, әңгімеге араласу үстінде айқындалып, кейінгі каламгерлік суреттеулерге негіз болады:

«Жолдасым жол әңгімесін бітірсе «тағы да бар, тағы да бар» деген кісі тәрізді бір түрлі сөз сөйлеуге ыңғайланып тұрды. Мен әңгімені неден бастарымды білмедім, жол жайын айтып өткенде «Шұғаның белгісі» дегені бар еді. Одан пәлендей сөз туады деп дәмеленбесем де, бастауға себеп болсын деп, ойлап:

- «Шұғаның белгісі» дегеніңіз не нәрсе, тау ма?— **дедім.**

- Жоқ, әшейін, бір обашық, - **деді.** Кейін қалып бара жатқан соң тағы тебініп қатарласып:

- Шұғаның белгісін сіз білмейтін шығарсыз-ау,- **деді.**

- Мен қайдан білейін, бұл жаққа бірінші келуім - **дедім.**

- Білмессіз... сіздер жассыздар ғой - **деді.** Маған карағанда өзі недәуір көпті көрген үлкен адам болып, көтеріліп қойды.

- Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз ғой. Уақытында Шұғаның әңгімесін бұл өлкенің баласына шейін біліп болып еді... ой, шіркін, өзі де Шұға десе Шұға еді-ау.

Жолдасымның бұл сөзінен мен де Шұғаға ыңтықтым. Анығын сұрап білгім келді.

- Шұғаның әңгімесін айтсаңыз қайтеді, жол қысқарсың, - **дедім.**

- Айтайын,- **деді.**

Қаракерді тағы тебініп қатарласты. Жалпылдап жайылып келе жатқан етегін жинап, тақымына басып еріңдегі насыбайын тастай бір-екі түкірініп алып, ыңғайланып:

- Бұл қызық әңгіме, тыңдаңыз,- **деді.**

Сөзді бастап та жіберді..»

XX ғасыр басындағы қазақ прозасындағы диалогтердің оған қатысушы, не араласушы кейіпкерлер психологиясымен табиғи байланыста суреттелетіні жайында айта келе, оның негізі ауыз әдебиеті әңгімелерінде, қазақ ертегілерінде жатқанын М.О. Әуезов талай еңбектерінде айтып өтеді. Әсіресе, көлемді прозаның шығу төркіні, даму жолдары жайлы талай тамаша пікірлері бар. Солардың бірін атай кетсек: « Салт ертегілері қазақта ұшан-теңіз болса да, әлі тегіс жиналған жоқ, ерекше зерттелген де емес. Бірақ бүгін туып отырған көркем прозаның (роман, әңгіменің) мол іргесі, кең қоры осы түрде екенін даусыз дәлелдейтін ауызша айтылған салт роман (халық романы), тарихи ұзақ әңгіме (повесть), тарихтық хроника ең алғашқы қысқа

геройлық әңгіме (новелла), қызық құрлысты өткір әңгіме, өсиет әңгіме, күлкі әңгіме, геройлық аңыз, шебер өмірбаяндық әңгімелер, жорық-жортуыл әңгімелер сияқты – құбылысы көп, қиын түйінді, шытырман оқиғалы(приключенский) әңгімелер – бәрі де осы топтан табылады. < ...>

Көркем поэзияға ауызша поэзия қаншалықты бөгетсіз, сатысыз көп қор күйған болса, бүгінгі көркем прозаға да халықтың ауызша әңгімесі сондайлық жатық жолмен көп араласып, қабысып жатыр. Бұл жай қазақтың салт ертегілерін тексерумен көркем прозасын талдап ұғынуда - ғылымдық үлкен түйінді, проблемалы мәселе есебінде зерттеліп,, тексерілу қажет»⁶

Қазақ халық әдебиетінде бізге ауызша да жазбаша жеткен талай тарихи-әдеби мұралар бар. Қазақ қоғамының басында болған хандар мен би-шешендердің талай әңгімелері сақталған. Мұндай әңгімелердің біразын Мәшһүр Жүсіп Көппеев «Мес» аталатын қолжазбалар жинағында бізге қалдырған. Қазір олардың бәрі С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, «Мәшһүртану ғылыми пратикалық орталығы» жариялап жатқан көптомдық шығармаларында жарық көрді. Осы көптомдықтың 8-томындағы қалық прозасындағы диалогтердің қолданылу ерекшеліктеріне көңіл бөлудің өзі сауатты оқырманды көп ойларға бөлейтіні анық. Алдын ала сол көптомдықтағы мұралардың жазып алыну, сақталу жайы туралы бірер сөз.

« ...Ташкент, Бұқара т.с.с. кітапханалардағы көне кітап, қолжазбалардағы тарихи құнды деректерді Мәшһүр Жүсіптің қағаз бетіне түсіргендері жинақталып берілді. Осы орайда шет елдегі тарихи құжаттарда өз кезіндегі түрлі саясатқа сай қазақ тарихын бұрмалау орын алуы мүмкіндігін дәйектей келе, Мәшһүр Жүсіптің белгілі бар тарихи оқиғалардың ішінде болғандардан мәліметтерді жинап, жазып алуы тарихи шындыққа жақындата түсері анық».⁷

Міне, сол М.-Ж. Көпейұлы шығармаларындағы диалогтардың үлгілеріне көз салайық:

«...Қарахан жұртқа сауын айтып, ат шаптыратұғын зор тамаша той қылды. Той күні баланы мерекеге келтіріп:

- Мына баланы сынап, ат қойыңдар!- дейді.

Бала жұрттан бұрын өзі сөйлеп қоя берді:

- Атым Уыз, лақабым – Қысырау! –деді.

Естіген, көрген жұрт таң қалды: - Бір жасар баланың сөйлегенін кім көріпті?!

Мынау өзі туысы бөлек бала болды. Өрісі ұзарған, жаны жайылған, өзі өмірлі, зор бақытты патша болады екен десіпті.*

«А!»-деп тілі шыққанда:

-Алла,Алла!-деп, тілі шықты дейді.

Естіген жанның бәрі:

⁶ Әуезов М. 20 томдық шығ. жинағы. 18 т. 220-б

⁷ М.-Ж. Көпейұлы. Шығармалары.8 т. 395-397 бб.) -Павлодар, 2006)

* С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романында Ш,Уалихановың бесікте жатқан кезінде сөйлеуі. М.-Ж. Көпеев жазбаларындағы осындай мифологиялық қолданыстарды келтіруі емес пе екен?! Тек бұл мифтік аңызды көркем мазмұнмен үндестіру керек тәрізді.

-Жас бала тілі орамға келмегендіктен, өзіне айтуға болғаны сол ғой!-деседі **дейді. ...**

Уыз ер жетті, жігіт болды. Қарахан өзінің бір туысқан інісі Көрханның қызын алып берді. Уыз кісі жоқта қатынына айтты.

Айдай әлемді, сені мен мені жаратқан біреу бар, оның аты Алла, сен соны «Бір» деп біл! – **деді. Қатыны:**

- Ол жағымда, бұл жағымда естіген сөзі емес. Жұрт айтпаған сөзді айтпаймын! – **деді.**

Уыз бел шешіп, қойнына жатпай кетті. Жұрт аузында сөз бола бастады:

- Уыз қатынын менсінбей, жақтырмай, қойнына жатпай кетті! – десіп.

Бұл сөз Қараханның құлағына тиіп:

- Оны менсінбесе, онан да сұлу қыз алып берейін!-деп, тағы өзімен бір туысқан Көзханның қызын алып берді....»

Бұл мәтін «Қазақ түбі» аталатын мәтіннен (бірінші нұсқа)- алынды. Сюжет - қалың қазақтың бас қосқан түрлі мәжіліс, отырыстарында жиі айтылатын, әбден жатталған үзінді. Діни мақсаты айқын. Алайда біз үшін қажеті айтушылардың кейіпкерлер қарым қатынастары мен мақсаттарын суреттеу барысындағы сөздерін жеткізуі, суреттеуі болатын.

Қазақ халық прозасында осыған ұқсас үлгілерде сақталған (ауызша да, жазбаша да) мәтіндер жеткілікті. Мәселен, М.-Ж. Көпейұлының 8- томында ғана осындай көлемді-көлемді тарихи оқиға, аңыз әңгімелерден 76 нұсқа берілген. 9-13 томдар, негізінен, қазақ халық әдебиетіндегі прозалық шығармалардан тұрады. Солардан мақсатымызға орай Абылайханға қатысты біреуінен үзінді келтіруді жөн көрдік. Осындай естелік сипатты, шешендік сөз үлгілеріне жақын әңгімелердің бірнеше нұсқалары да М.-Ж.Көпейұлының жинағында берілген:

«Абылай хан қарақалмақ Қатысыбанға қол жинап шеру тартып барғанда, қалмақтың ханы Абылайға кісі салады.

- Абылай, сен екеуміздің таласымыз–дін емес, дүние ғой! деді. Дүние үшін бір сырттан тауып шығарайын. Абылай да өзіне қараған қазақтан.: «Осы сырттан-ау!» –деген біреуін таңдап шығарсын! Менің кісім Абылайдың шығарған кісісін күші асып, өлтіріп кетсе, малдан-жанан Абылай безіп шықсын, біз олжа қылайық. Абылайдың кісісі менің кісімді күші асып өлтіріп кетсе, малдан жаннан қол жуып, екі қолды төбеге қойып, біз шығалық

Абалай қалсын, уағда осы болсын! - деп.

Абылай хан:

- Жарайды, болса, болсын! депті, - (бұдан әріде мәтінді сәл қысқартып әңгіменің бізге керекті тұсынан жалғасақ. –З.Б.)- Абылай хан Шақшак немересі Жәнібекті шығармақ **болды дейді.**

Ұрыс ертең болатын түнде Жәнібек Абылайға келеді. Абылай одан:

Батыр, жай ерте келдің бе? **деп,** - асып-үсігіп, бір нәрседен қысталып жүрсің бе немене?!- **дейді.**

Тақсыр, бір жаман түс көрдім Сол түсіменен қорыққаннан: «Осы жолы өліп кетсем, тұқымсыз кетермін!» деп, қайтуға ыңғайланып. «Сізге білдіріп

кетейін!» **деп**, жүрегім аузыма тығылып, әрең келдім!-дейді.

Хан сонда атшысын : «Шыйеш» **дейді** екен.

-Шыйеш!- деп шақырды.

Мирақоры жетіп келді.

-Уа, менің қарт Бөгенбай берген (кәрі жирен) нарқызыл атымды есіктің алдына алып кел ! **дейді**.

Мирақоры атты есіктің алдына алып келгенде, Жәнібекке:

- Жай қолыңды **дейді**.

Жәнібек қолын жайып, ұшып тұра келгенде:

-«Жақсы түске де садақа, жаман түске де садақа» - **деп** еді. А, Құдай, осының түсін мен неге жорысам, сен қабыл қыл.- **деп** жирен атты: «Түс садақасы» - **деп** айтып, жамламен сойдырып. Таратып жіберді.»..

Бұл диалогтерді жеткізуде кейінгі қалыптасқан түрлерден біраз айырма да көрініп тұр. Алайда сөзі жеткізу түрі мен кейіпкерлер әрекетін қосатын тұстарда диалогтегі сөздерге қосыла бейнеленетін мінез сипаты да бар.

Осы томдағы барлық әңгіме, аңыздардағы диалогтер осы үлгілерде берілген. Бұл үлгілерді М.-Ж. Көпейұлы ел аузындағы әңгімелерден ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басында жазып алған. Бұлар халық прозасы түрінде сақталып, ауызша әңгіме шеберлерінің тізіміне өтуі де ХҮІІІ ғасыр соңы шамасында болса керек.

ХІХ ғасырға дейін қазақ прозасы өзінің мәнді белгілерін айқындап көрсеткен. Ауызекі әңгіме мен тұлғалы азаматтарға арналған естеліктерде жоғарыдығы үзінділерде көрсетілгендей небір адам таңғаларлықтай хикаялар болған. Бұл талантты туындылар естігендердің көңілінен кетпей, тыңдаушылар арасында талай айтушыларын тапты.⁸

Абай Құнанбай айналасындағы ертегішілер мен хикаяшылардың барлығының әңгімесі - осындай ауызекі шежіре мен әңгіме, хикаялардың жемісі. Әрине, ауызекі әңгіме мен әзіл-қалжыңдардың халықтық мектебі біздің әдебиеттануда кәсіби деңгейде зерттелген емес. Олардың баяндаулары мен әңгімеге қосылатындардың қағытпа сөздері тыңдаушылардың сезімдік қабылдауымен қосылып, ерекше байып, әр айтылған сайын түрлі бояуларға малынып, жаңа құрылымдарға ие болған.

Қаламгерлер арасында осы үлгідегі шығармалармен жете танысқандар бұл бағыттағы үлгілерді де жазып алып отырған.

М.-Ж. Көпейұлы жазбаларында кейбір әңгімелердің бірнеше үлгілерінің сақталуы олардағы ізденістер мен шығарма поэтикасындағы жаңалықтарды айқындауға мүмкіндік береді.

4.3. Ы. Алтынсариннің прозалық шығармалары

Қаламгер баяндау мен диалог арасындағы байланыс, қатынастарды біршама үйлесімді қолданады. Мұның өзіндік себептері де бар.

Алдымен, М.-Ж. Көпейұлы Ы. Алтынсариннен көп кейін дүниеге

⁸ А.Сейдімбек.Күй шежіре. Бірінші кітап. –Алматы, 1992; Күй шежіре.Екінші кітап, –Алматы, 1997. А.Сейдімбек.6 томдық шығармалары.-4т.Қазақтың ауызша тарихы: Астана: Фолиант, 2010.

келгенмен, оның атақты «Мес» қолжазба жинағындағы қазақ елінің батырлары мен хандары, билер мен тұлғалары туралы шежіре, хикаялар, әңгі-мелер – қазақ халық прозасы, «Қазақ хрестоматиясынан» көп бұрын қазақ еліне кең таралған туындылар еді.

1879 жылы қазақ әдебиеті үшін айрықша жыл болды. Бұл жылы қазақ қоғамдық санасын көтерген, балаларға арналған тұңғыш оқу құралы «Қырғыз хрестоматиясы» орыс алфавиті негізінде жарық көрді. Бұл кітаптың жазылу, жариялану тарихы Ы.Алтынсариннің қоғамдық, демократтық, ағартушылық қызметтерімен тікелей байланысты болды. Кітаптың мазмұндық, түрлік, көркемдік бағыты автордың дүниетанымы мен туған халқына деген перзенттік махаббатынан туындады.

Кітап 1889, 1896, 1899 жылдары «Махтубат» деген атпен араб алфавитімен жарияланды. Хрестоматия бесінші рет 1906 жылы орыс алфавитімен А.Васильев редакциясымен басылды. (Бұдан әріде «Қазақ хрестоматиясы» деген атаумен берілді) Кітап негізінде қазақ балаларына арналғанмен, қазақ сауаттылары тегіс оқыды және пікірлерін білдірді.

«Қазақ хрестоматиясы» жайында 1906 жылы «Тургайская газета» былай деп жазған еді: « Оқытушылар мен оқушылар арқылы ол (хрестоматия. –З.Б.) тіпті мектептен тыс та кеңінен тарады, сондықтан ол қазір Алтынсариннің хрестоматиясымен таныс емес сауатты қазақты өте сирек кездестіреміз... ұсақ халықтар арасында оқу-тәрбие жұмысының қойылуымен айналысушы адамдардың барлығына да осы пайдалы кітапты ұсынамыз. Алтынсариннің есімі жұртшылыққа соншалықты мәлім, сондықтан оның еңбегі айрықша таныстыруды қажет етпейді.»⁹ (9)

Ы.Алтынсариннің педагогтік қызметі, әдеби еңбегі 1917 жылдан бұрын А.Е.Алекторовтың, А.Васильевтің, А.И.Добросмысловтың еңбектерінде сөз болды.

«Қазақ хрестоматиясында» қысқа әңгімелер мен көлемді шығармалар, қазақ халық прозасының сан алуан үлгілері, орыс және шетел әдебиетінен аудармалар болды. Кітапты Ы.Алтынсарин екі том көлемінде ойластырған.

Алайда екінші томға кіретін әңгіме, хикаяларды жинақтай бастағанмен, түрлі жағдайлармен аяқтауға үлгере алмады. Қаламгер қолжазбасы жоғалып кеткен. «1880-жылдардан бастап Ы.Алтынсарин патша өкіметі тарапынан ашық та жасырын да кудалауға ұшырай бастады. Әсіресе өмірінің соңғы жылдарында Орынбор әкімдерінің тарапынан қысым көрді. Оның қоғам қайраткері деңгейіне көтерілуі ел, халық атынан сөйлеуі орыс ұлықтарын үрейлендірді. 1889 жылы қайтыс болмағанда алда тұрған тағдырының қиындығы айқын еді.

Көркем прозаның жастарды жақсылыққа тәрбиелеудегі теңдесі жоқ құрал екенін Ы.Алтынсарин 1860 жылдарда –ақ байқаған. Содан бастап, 1876 жылдар арасында тәрбиелік мәні зор шығармалардан материал жинауды, қолға алады. Халық ауыз әдебиеті және орыс балалар әдебиеті шығармаларымен, әсіресе К.Ушинскийдің «Детский мир» кітабымен танысу

⁹ Тургайская газета. 1906, №21. 17-декабря.

оның көркем әдебиет, қаламгерлік шеберлік туралы ойларын өсірді.

Ы.Алтынсариннің негізгі жұмысы ағартушылық ізденістерімен байланысты болғандықтан, өзінің идеялық пікірлерін бейнелейтін көркем әңгімелерді осы тақырыпта жазды, жоғарды аталған оқулықтарда аудармалар жасады.

1876 жылы Санкт-Петербургке сапары Ы.Алтынсариннің бұл ізденістерінің дұрыстығына анық көзін жеткізді. Ы.Алтынсарин орыс, қазақ тілдерінен өте сауатты еді. Орыс, қазақ елдерінің тарихы мен көрнекті ғалымдары туралы көп оқыған, еңбектерімен жақсы таныс болатын.

Прогресшіл зиялылармен кездесулер Ы.Алтынсариннің қоғамдық, әлеуметтік ойларын кеңітті, дүниетанымына игі ықпал етті. Санкт-Петербург университетінің профессоры В.Григорьевтің әріптестерімен зиялы қауым өкілдерінің әлемдік өркениет туралы пікірлерін тыңдау, қаланың әйгілі орындарын сәнді-салтанатты ғимараттарын көру сан-алуан әсерлерге, ойларға бөледі. Ең бастысы, туған халқына қазмет етудің сара жолы халық ағарту ісі екенін, өз жолының дұрыс екенін түсінді.

Ы.Алтынсариннің бар мақсаты мен шығармашылық істері оқу ағарту жолында болғандықтан, «Қазақ хрестоматиясындағы» шығармалар, негізінен, дидактикалық мақсатқа арналған. Онда халық прозасы, өз әңгімелері мен балаларға арналған түрлі аудармалар т.б. топтастырылды.

Біз үшін маңыздысы – осы шығармалардағы диалогтердің қалай бейнеленгені болғандықтан, төмендегі үзінділер олардан таңдалынып алынды. Кітап орыс алфавиті негізінде басылған. Сондықтан баяндаулар мен диалогтерді көркем мәтінде бейнелеу орыс әдебиетінде қабылданған үлгілерге сай болуға тиіс. Мұны да ескеру керек. Алайда Ы.Алтынсариннің орыс және сол тілге аударылған әлем әдебиеті туындылармен жақсы таныс болғанын да ұмытпаған абзал. Сондықтан «Қазақ хрестоматиясындағы» көркем мәтіндердегі үлгілер автордың қолжазбасына сай берілген .

«Қазақ хрестоматиясының» мәтіндері ^{10/}

Төрт тараудан құралған кітаптың екі тарауы прозалық шығармалардан тұрады:

1. Ұсақ әңгіме – ертегілер

Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш.

(үлгі ретінде баяндау - диалогке қажетті мысалдар ғана алынды..)

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып. баласынан сұрады:

- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?
- Көремін, өрмек тоқып жүр.
- Анау құмырсқаны көремісің?
- Көремін, аузында бір нанның талшығы бар, жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары қара, көкте не көрінеді?

¹⁰ (Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы.-Алматы: Білім,2000.(Кітаптан алынатын мәтіндер осы басылымнан алынады. Тек қана алынған беттері көрсетіледі. Мысалы..-38-39 бб.)

- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты: Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған ғибрат:... Жұмыссыз жүрген жан жоқ. Сені де Құдай-тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жасауға әдеттенуге керек деді.»

«Асыл шөп»

Зылиха мен Бәтима деген екі қыз бала төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтерін, қалаға келе жатыпты. Зылиха аһілеп-уһілеп, щаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады. Сонда Зылиха **айтты:**

- Сен неге мәз болып қуанып келесің, төбеңдегі жәшіктің ауырлығы да менің басымдағыдан кем емес, өзің де менен күшті емессің?

- Мен жәшігімнің ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым, - **деді.** Бәтима.

- Әй ондай болса, шөбіңнің атын айтшы, мен де ауырлықты жеңілдетейін, - **деді** Зылиха.

- Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты – Сабыр деген, - **деді.** (15-б.)

2 Үлкен кісілер турасындағы әңгімелер.

Міне осы кітапта төменде жарияланған әңгімелердегі диалогтер көбіне айтушылардың нақыштарын сақтай жазылған. Мәселен, ел аузындағы әңгімелерден алынған **«Лұқпан әкім»** дегі диалогтерге қарайық:

«Лұқпан әкімге бір сопысымақ адам бір жиналыста **айтты:**

- Сіздің ауруға ем етуіңіз күнә, Құдайдың жіберген қаза-бәлесіне себеп табамын деген Құдайға қарсылықтан табылады деп білемін, - **дейді.**

Лұқпан **айтты:**

- Олай болса, сол айтқан сөзіңіз жазылған кітапты келтіріңіз, сенімді кітап болса, біз тоба етіп, дәрігерлікті қоялық, -**деп.**

Сопы бұл сөзді еш кітаптан көрген жоқ, кітап алып келе қоямын **деп** қозғалмады..

Жиналып отырған халық шулап қоя берді:

- Сопы, Лұқпан жесірге байдай, жетімге ағадай болып, неше мұңды бишаралардың көзінің жасын тиды, сен бұл істі күнә **деп** білсең, кітабыңды көрсет, болмаса қазыға алып барып, жазаландырамыз, - **деп.»** (-38-39 бб.)

«Жиренше шешен»

Жиренше шешен жолаушы келе жатып, бір ауылдың тұсына келсе, ауылмен екі арада өзен-су тұрған соң, өткелін біле алмай, сасып тұрғанда, судың ар жағынан су алуға шелекпен бір қыз келеді **дейді.** Жиренше дауыстап **сұрады:**

- Бұл өзеннің өткелі қайда?- **деп.**

Қыз **айтты:**

- Анау жақта бір өткел бар алыс, алыс та болса жақын; берірек бір өткел бар жақын, жақын да болса алыс.

Мұның не сөз екенін аңғармай, Жиренше жақын деген өткелге жүріп кетіп еді, судың орта жеріне барғанда аты омбылап жығылып, үсті-басы былғанып, азар-азар қайтып шықты. Сонан соң алыс та болса жақын деген өткелге барып, оп-оңай өтіп, ар жақтағы қыздың үйіне келді. Үйіне кіріп отырған соң, Жиренше қызға қарап:

- Жаным, қарным ашып, алыстан келемін, тамағыңның тәттісін бер дейді.

Қыз айтты:

Бір тамақ бар ащы, ащы да болса тәтті; бір тамақ бар тұщы, тұщы да болса ащы.

Жиренше:

-Ащы да болса тәтті деген тамағыңды келтір, -деді

Қыз тұрып, шанаштан бір уыс тұз алып, бір аяқшаға салып, Жиреншенің алдына қойды.

Жиренше мұны көріп:

-Жаным кұр тұзды қалай жеймін? – деді.

Сонда қыз үндеместен тұзы жоқ кара көже құйып берді. Жиренше өзі де данышпан ақылды кісі, ойлап отырып, бұл сөздерге түсінді және өзінің үй иесінің берген мәзірін күтпей, тәтті тамағыңды бер деп сұрағанына ұялды. Сол істерінен Жиренше қыздың есті қыз екенін аңғарып, ақырында өзіне қатындыққа айттырып алды дейді». (68-69 бб.)

Бұл үзінділердегі диалогтер, негізінде, ел ішіне кең тараған ауызша әңгімелердегі мысалдардан алынған, олардың кейбіреулеріне заманаға сай белгілі үлгілерге орай сәл-пәл түзетулер жасалған болуы мүмкін, бірақ, шығармалардың көлемі әрі ауызша әңгімеде қалыптасқан үдерістер сақталған болуы керек деген ой айтуға болады.

Ы.Алтынсарин құралында балаларға арналған орыс әдебиеті шығармаларынан да біраз аудармалар енген.

Солардың кейбірі Л.Толстойдан, оның балаларға арналған «Оқу құралынан» аударылған:

Петр патшаның тергелгені

Рига деген қаланы жаулап алғанның соңында, Петр патша Меншиков деген князға және Шереметьев деген графқа наград есебінде, жаулап алған жерлерден жер беріпті-мыс. Осындай берілген жердің біреуі Рига қаласының бір қарапайым адамына тиісті жер екен, барып патшаға арыз етті:

- Не күнәм бар, жерімді біреу алғандай? –деп.

Патша арызын тыңдап болып айтты:

- Арызың дұрыс болса, тиісті қазыларға арыз ет.

Ол кісі арыз берді:

- Меншиков деген князь жерімді тартып алды, - деп.

Қазылар арызын алып сұрап еді, Меншиков жауап берді.

- Ол жерді маған наградқа патша берді.

Қазылар Петр патшаға да хабар беріп, патша өзі де келді. Патшадан да жауап сұрап болып, ақырында қазылар:

- Петр патшаның бұл ісі дұрыс емес, нахақ біреудің жерін наградқа беріпті

деп, жерді иесіне қайтаруға бұйырысты.

Патша билігін естіп болған соң тұра келіп қазылардың бетінен сүйіп:

Әділдіктеріне Алла риза болсын!

Законға мен мұнша көнгенімде, бөтендер көнбестік етуді ойынан шығарсын!

Мұжық пен жасауыл

Бір мұжық далада жүріп, бір түрлі әдемі тас тауып алып, көршісінен сұрады:

- Бұл тасты не қылсам болады? – деп.

Көршісі айтты:

- Патшаға алып бар.

- Сонымен мұжық келіп, патшаның алдындағы жасауылының аяғына жығылып, мені патшаға жолықтыр деп тілек етті.

- Не жұмысың бар? – деді.

- Патшаға сый алып келемін, - деді.

Жасауыл айтты:

- Патша саған не сый берсе, жартысын маған бер, болмаса жолықтырмаймын.

Мұжық бұған разы болды.

Мұнан соң мұжықты патшаға алып келісті. Патша тасын алып, Мұжыққа Алла разы болсын айтып, мың теңге беріп еді, мұжық аяғына жығылып:

- Тақсыр мың теңгені алмаймын, ақыма елу шыбық дүрелеңіз, - деді.

Патша бір мәнісі бар шығар деп, жасауылына бұйырды.

- Ақырын ғана мұның арқасына елу шыбық соқ, - деп. Жиырма бес шыбығын соғып болғанда, мұжық айтты:

- Енді маған болар, қалғанын жасауылға салдырыңыз, алған сыйлығымның жартысын не де болса соған бермек едім. Бұл жасауылды шақыртып, оған келістіріп жиырма бес шыбық ұрдырды. Сонан соң бұл айласына разы болып, мұжыққа патша екі мың теңге бергізді.» (50-б.)

Диалогтерді берудің орыс әдебиеті классиктеріндегі бұл тәсілдердің үлгілерін Ы.Алтынсарин осы кітабына енгізген барлық шығармаларда, өзінің төл шығармаларында да қолданған.

Жәнібек батыр

(баяндау, диалогке қажетті мысалдар ғана алынды..)

«... Кіші жүзде тоқсанға келіп отырған Тайған деген биге келді. Келсе бидің елі көш екен, көш үстінде кез болып, сәлем беріп, ат үстінен көрісті. Мұнысын жақтырмай, бұл би де сұрады:

- Жаным, қай ұлсың?

- Қошқар ұлымын.

- Ұлым неғып жүрсің?

Оған да айтты:

- Осы жақта бір қарт атамыз бар дегенге жолығып, қолын алып, бір-екі ауыз аыл сұрайын деп едім.

- Е-е-е!...,деді би, Аузы алты қарыс арғынның Қошқарұлы Жәнібек алшынның бір алжыған шалын келемеж қылып кетейін деп едім десеңші.

Жәнібек: мен сөз сұрайын деп келсем, көңілімді қайтарды ғой деп. Атының басын бұрып алып, жүріп кетті.

Анадай жерге бара жатқанда, би:

- Әй Жәнібек, деп шақырды. Жәнібек артына қарады. Сонда би:

- Атыңның басын бұрма, солай тұр. Бір ауыз сөзбен көңіліңді қайтардым: өгізді өрге салма – қанатың талар, жаманға жүзіңді сама – сағың сынар,- деді.» (Сонда,29-б.)

Ы.Алтынсариннің төл шығармасынан үзінді

Бай баласы мен жарды баласы

«Асан деген бай баласы. Үсен деген жарлы баласы – екеуі құрдас екен. Бір күні, ел көшкенде, қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей, екеуі жұртта қалыпты. Бір мезгілде үйге баралық деп келсе, ауыл жоқ, құр жұрты жатыр. Асан айкай салып, жылай бастады, Үсен ойланып тұрды да айтты:

- Жылағанан еш нәрсе өнбес, көшкен ауылды іздеп табалық.

- Елді қайдан табамыз, қай жаққа көшкенін де көргеніміз жоқ,- дейді Асан.

Үсен үндемеді. Асанды ертіп көшкен жұртқа келді. Жұртта бір көзі сынған ине жатыр екен, оны алды және бір пышақтың сынығын, бір-екі уыстай қыл тауып, оны да алды. Сонан соң ауылдың жұртын айнала жүгіріп жүріп, көштің кеткен сүрлеуін тауып, сол сүрлеуге түсіп жүре берді.

Біраз жер өткен соң сүрлеу екі айрылды. Мұны көріп Асан жылай бастады, енді қайсысына түсеміз деп. Үсен қарап жүріп, біреуіне түсті:

- Мынау сүрлеу бүгін жүрген көштің сүрлеуі екен, малдың жас тезегі бар, - деді.

Біраз жүрген соң Асан қарным ашты деп жылады. Үсен үндемей келе жатса, екеуінің алдынан бір үйрек ұшып, ұзамай қасына қонды. Асан онымен ісі болмай жүре берді, Үсен жүгіріп барып, сипалап жүріп, үйректің орнынан алты жұмыртқа тапты. Асан қуанып, жұмыртқаны алайын деп еді, Үсен алдырмай:

Жолдан адасып көп күн жүрсек бізге тамақ керек болар, үйректі ұстап алайық, - деді.

Асан айтты:

- Қалай ұстаймыз?

Үсен:

- Мен әкемнің ұстағандарын көріп едім деп, манағы жұрттан тауып алған қылдан есіп тұзақ істеді де, оны апарып үйректің ұясына құрды...» (30-31-бб.)

Кейіпкерлердің сөздерінде ауызекі әңгіме, ертегі, орыс әдебиеті үлгілері аңғарылады. Мұндағы диалогтардың болған оқиға жүйесі мен қаламгер идеясы -ның мақсатына орай берілгені көрініп тұр. Кейіпкерлер сөздерін айқындауға қызмет еткен.

Автор балалар әдебиетіне лайықты шындықтарды жеткізуді мақсат еткен.

Орыс балалар әдебиетінің хрестоматиясына жинақталған барлық әңгімелердің мазмұны мен пішімі осы мақсаттарға лайық таңдалған. Олардағы диалогтардың берілу үлгісі осы осы мақсаттарға қызмет етеді. Бұл туралы Ы.Алтынсарин былай жазған:

«Бұл хрестоматияны мен екі кітап етіп шығаруға ойладым...Екінші кітапта, қазақтың төл әңгіме, аңыздарынан басқа, табиғат тарихы мен жалпы тарих жөнінен, география, өндіріс техникасы жөнінен және кеңсе ісін жүргізу үлгілері жөнінен мақалалар қоспақшымыз...»

Бірақ оларды іске асыруға қаламгер тап болған түрлі саяси-әлеуметтік жағдайлар мүмкіндік бермеді.

Жоғарыда біз айқындап көрсеткен үзінділерден диалогты бейнелеуде қаламгер, негізінен, ауызша әңгіме өрнектерін де қолданғанын аңғару қиын емес. «Байұлы», «Жиренше шешен», «Жәнібек батыр» т.б.

Алайда орыс әдебиетінің пішімдік үлгілері (аудармалардың да) әсері байқалады. Мәселен, кейіпкерлер сөздерін жаңа жолға шығарып, сызықшамен оқшаулап беру., т.б. «Әділдік», «Петр патшаның тергелгені», «Мұжық пен жасауыл», «Данышпан қазы», «Үнді» т.б.(28-34 бб)

Кәсіби деңгейдегі пішімнің қазақ прозасында 1879 жылдары көріне бастауы қоғамдық ортаға, әсіресе оқушы жастар танымына белгілі дәрежеде әсер етті. Бұл кітаптың кең таралғанын ескерер болсақ, қазақ жұрты санасына тигізген ықпалының қаншалықты маңызды екенін мына мысалдан анық көруге болады. 1906 жылы орыс алфавиті негізінде А.Васильевтің бес рет қайта бастырғаны оның қоғамдық санаға әсерінің қандай болғанын байқатады.

Бұл кітапта материалдарды Ы.Алтынсарин төрт топқа бөледі:

1/Балалар өмірінен алынған әңгімелер (бұлар түрлі орыс хрестоматияларынан көбінесе, Паульсонның кітабынан алынды);

2/ Мысалдар;

3/ Халық әдебиеті;

4/ Әр түрлі жастардағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.. т.б.»

Бұл үзінділердегі диалогтар ел ішіне кең тараған ауызша әңгімелердегі мысалдардан алынған, олардың кейбіреулеріне замана қоғамдық санасына белгілі үлгілерге орай сәл-пәл түзетулер жасалған болуы мүмкін, бірақ шығармалардың көлемі әрі ауызша әңгімеде қалыптасқан үдерістер сақталған болуы керек деген ой айтуға болады.

Ы.Алтынсариннің новеллалық сипаты мол шағын әңгімелерін оқып отырып, оның поэтикасы туралы ойланғанда осындай қысқа әңгімелерге қатысты айтқан А. Толстойдың «Шағын әңгіме көркемдігі» жөнінде сөздері еске түседі: «Новелла - искусствоның ең қиын түрі. Көлемді повесте тамаша суреттеулермен, өткір диалогтармен тағы сондайлармен оқушыны алдарқата салуға болады. Ал мұнда (шағын шығармаларда. –З.Б.) сіз түгелдей алақанда тұрғандайсыз. Сіз ақылды болуға тиістісіз, сіз мәнді болуға тиістісіз, - шағын түр үлкен мазмұннан сізді құтқармайды. Сіз сонет жазған ақын сияқты сөзге сараң, ықшам болуға тиіссіз, бірақ ықшамдылық материалды жинақтаудан, тек ең қажеттіні талғап ала білуден туған...» (11)

4.4. Абай қарасөздерінің жанры, түрі, көркемдігі

Абайдың қарасөздері. Бұл атау алғашында Абайдың бір топ шығармаларына поэзиядан өзге жанрда — қарасөзбен жазылғандықтан берілген. Оның шығарма жанрына қатысы шартты ғана еді. Кейін келе-келе "бұл Абайдың өзіне ғана тән, өзі ойдап тапқан, демек, өзге қаламгерлерде кездеспеген дара жанр" деген тәрізді пікірлер көтерілді. Бұл ойлануды қажет етеді. Егер, шынында да, дара жанр болса, оның құрылымы мен поэтикасында тек соған ғана тән тұрақты белгілердің болуы керек. Ал қарасөздер құрамында проза жанрының алуан түр үлгілері кездеседі. Мұны ҚС жанрын анықтауға талпынған зерттеушілердің бәрі де айтады.

Абай не жазып отырса да, оқушыға түсінікті болуды есте ұстағаны мәлім. ҚС оқуға ауыр, түсініксіздеу тіркестерге кездескенде оның адресаты (арналған оқушысы бар) бар деген пікірлердің растығына көзің жеткендей болады. Мысалы, діни, кітаби-түркі тілді мол қолданған шығармалар мұсылманша сауатты, исламият пен дін философиясына ықыласты адамдарға арналған. Шәкірттері мен көпшілікке жазған шығармалар стилі мүлде басқа.

ҚС тереңіне бойлау үшін дайындық керек. Бұл шығармалар, негізінен, "сөз түзелді, тындаушым, сен де түзел" дегендей диалогке бара алатын оқушыға арналады. Бұл жерде оқушы деген сезді шартты ұққан жен. Өйткені ҚС кез келген адам оқып, тұшынып түсіне алады десек, қателе-сетін тәріздіміз. Бүгінгіні былай қойғанда, ХХ ғасыр басындағы қоғамдық-саяси, ғылыми-көпшілік, көркем әдебиет аясында оқшау, өзгеше керінеді. Оны бірден ұғына оқып кету қиын. Абай шығармалары туралы кезінде А. Байтұрсынов былай деген: "Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөздерінен басқалығы сонша әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосырқап отырарсың. Сөзі аз, мағышасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаларсың. Кей сөздерін ойланып, дағдыланған адамдар болмаса, мың қайыра оқыса да түсіне алмайды.

...Бірақ ол ауырлық (түсінуге ауырлық. — З. Б.) Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда.

Не нәрсе жайын жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын, сынақ болып табылады.

Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынады, Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, езінде де болған.

Сөздерінің өзегіндегі мазмұн мен астарлы идеялық-эмоциялық баға біраз зейін мен зердені, оқушымен диалогты қажет ететіні анық. Мысалы, жиырма жеті, отыз сегіз, қырық үшінші т. б. сөздер. Көптеген сөздердің өзінде Абай

тақырыпқа өрілген оларды тарқатып, оқушымен, өзімен-өзі диалогке барып отырады. Мысалы, екінші, үшінші, төртінші т. б, сөздер.

Қаламгер оқушыға қаншалықты түсінікті жазуға ұмтылса да тым қарабайырлыққа, жалаң насихат пен үгітке - жаландыққа бармайды.

Қарасөздер өзіне дейінгі қазақ әдебиетінде бар үлгілермен үндеседі, бірақ әуені өзге. Философиялық, дидактикалық, діни, кітаби-түркі лексикасы мен грамматикасын — абстракты шешендік пен тарихи-шежірелік сипаты мол тіл оралымдарын замана, қоғам, адам проблемаларын көркем бейнелей алатын нақтылығы мол образды түрге түсіреді.

Абай қарасөздерінің поэтикалық принциптерін анықтау үшін архитектуралық құрайтын элементтердің жасалу әдістері мен тәсілдеріне, байланысу жолдарына қарау керек.

Абай кезіндегі қазақ әдебиетінде, негізінен, үш түрлі стиль болды: жоғары стиль — кітаби-түркі, діни этикетті, дәстүрлі әдебиет стилі; орта стиль — мерзімді баспасөз және ағартушы демократтардың дидактикалық, насихаттық мақсатта жазған шығармалары; төменгі стиль — ауыз екі таралған фольклорлық шығармалар стилі.

ҚС шалқыған шешендік те, әдейі әлеміштеу де, тақ-тұқ жұпынылық та жоқ. Абай айшықты сөз кестелерін, эпитет, теңеу, метафораларды үйіп-төгіп пайдаланбай-ақ, ұшталған әдіс, жұмбақ тәсілсіз қазақ қоғамындағы түрлі әлеуметтік типтер мінез-құлқын, іс-әрекетін аса шебер бейнелейді. Әсіресе ұры, қу, жылпос, надан т. б. бейнелеуде олардың ойлары мен сөздерін шебер пайдаланады. Осы мақсатта қаламгер жоғарыда аталған үш стильді де ҚС поэтикасында жемісті қолданады.

"Абайдың поэзиялық мұрасын қоса, — деп жазады М. Әуезов, Абайдың қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы ролі туралы пікірлерінде, — қарасөздері беретін ер заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат казына бар. Ол осы қара сөзді жазған тілі. Өлең сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дережесіне көтерген ұлы тарихтық еңбегі қандай болса, қарасөздерінің тілімен де Абай еңбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді".

Абайдың қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы ролі өлшеусіз. Оның шығармашылығында ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанға кең таралған кітаби-түркі мен дәстүрлі қазақ әдеби тілі, ауыз әдебиеті үлгілері жаңа қолданыста жарқырай көрінеді.

Бүгінгі оқушыға түрі де, тілі де бейтаныстау көрінетін сөйлемдер Абай кезіндегі зиялы қауымға жақсы таныс әдеби үлгіде жазылған.

ҚС поэтикасына еліктеп, соның дәстүрімен шығарма жазушылар да болған. Мысалы, Шәкәрімнің прозалық шығармалары мен А. Жандыбаевтың "Жас ғұмырым, яки жастыққа ғафлат" аталатын шығармасы.

ҚС поэтикасын анықтау оңай емес. Оның көркем шығарма екені бүгінгі таңда дау туғызбаса да, кезінде күдіктенушілер болған. Мұның басты себебі қарасөздердің түрлі ғылымдар мәселелерін де қозғайтын әмбебап сипатында. Мысалы, дидактика мен педагогика, мораль мен этика, публицистика мен эссе, ғылыми мақала мен тарихи очерк, дін-исламият пен философиялық

тақырыптарды қозғайды. Сондықтан да оның поэтикасы көркем мазмұн мен архитектоника, оның түрлі құрылымдық бөліктерінің композициясы арасындағы үйлесім, үндестікте. Ендеше, осы бөліктердің 11 көркем мәтінде (текст) атқарар қызметі, олардың өзара байланысы мен бір-біріне бағыныштылығы зерттелуге тиіс.

Абай не жазса да, қандай ой, құбылыс туралы толғанса да оған өз қатысын, әсерін, бағасын білдіреді. Шығармашылық процесс үстіндегі бойын билеген сезімдер толқыны да аз роль атқармайды. Өйткені автор эстетикалық нысанды жей ғана әңгімелеп отырған жоқ, оған қатысын, бағалауын сезіміне орай бейнелеп отыр. Замана жаңалығын көрмеген туған халқының көруге, білуге, ұғуға, түсінуге мүлде тырыспаған аңқаулығына бірде жаны ашыса, бірде ызаланады. Бірде ақыл айтса, бірде мысқыл кекесінге кешеді, ашына сөйлейді.

ҚС синтаксисіне келер болсақ, оның сол кездегі мерзімді баспасөз бетіндегі көзтаным жанрларға (синтаксисіне) ұқсайтынын жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, публицистикалық сипаты мол үшінші, отыз үшінші, жиырма бесінші сөздер, тарихи очерк үлгісіндегі қырық алтыншы, халық прозасы үлгісіндегі он жеті, отыз бесінші т. б. сөздер. Осы үлгідегі шығармаларды "Түркістан уалаятының газетінен" бастап өзге де жарық көрген мерзімді баспасөз туындыларынан, жарияланған жинақтардан көптеп кездестіруге болады. Алайда, ҚС ішінде тілдік, синтаксистік тұрғыда бұлардан бөлектенетіндері де бар. Мысалы, педагогикалық, этикалық, моральдық, дін, философиялық шығармалар. Мұның басты ерекшелігі — авторлық интенцияны дәл бейнелеуге қабілетті көркем тіл, композиция, шығарма архитектурасында. Осылардан туындайтын көркем мазмұнда.

Сондықтан да Абай ҚС жанрлық ерекшелігін білу үшін сол кезеңдегі жанрлар жүйесін ғана емес, Абай мұрасының сол кез әдеби контекстіндегі өзіндік ерекшелігін де жете білу қажет.

"Тегінде сонау Әлішер Науайдан тартып, XVI ғасырға дейінгі түрікше жазылған (тілдік айырымдары барлығын ескермегенде) әдебиеттердің ішіндегі көптен көбіне тән грамматикалық формалардың Абай шығармаларына да тәндігін, бұлар арасындағы сабақтастықтың барлығын мойындағанымыз сияқты, осы әдебиеттерге тән сөйлемдік жүйенің де Абай шығармаларына тәндігін мойындау керек", — деп жазады белгілі ғалым Қ.Өмірәлиев. Ендеше, ондағы пішіндік, жанрлық сөйкестіктерді еліктеу емес үндестік, шығармашылық диалогқа бару деп ұғуға болады.

Абай шығармаларындағы Еуропа, орыс әдебиетінің әсері асыра бағаланып келді. Бұл әсер табиғаты соңғы жырдарда зерттеле бастады. Осы әсердің өңі мен себептерін қарасөздерге үңіле қарау арқылы байқауға болады.

Өмірінің соңғы жылдарында Абайдың негізгі бағыты - Еуропа, орыс әдебиеті емес, Шығыс. Алайда, бұл жерде ақын Батыстан мүдде қол үзген екен деген пікір туындамауға тиіс. Абай одан алғандарының бәрін енді Шығыстық негіз арқылы ой елегінен өткізіп, екшеп алады, өзінше пайдаланады. Мысалы, Абайдың дәстүрлі проза тілін халық тіліне жақындатқаны белгілі. Осы мақсатта ол батыстық (орыс әдебиеті тілі де)

күрделі әдіс, үлгілерді түркілік, шығыстық негіздерге жақындата пайдаланады. Бұл тек қана халыққа түсінікті болсын деген талап-тілектен туындамауға тиіс, оның негізінде түркілік, шығыстық табиғаты, дәстүрі мол қазақ әдебиетінің езіндік ерекшелігі (дамуының) болуға тиіс.

Әдеби тіл аса күрделі тіл. Ол өзге тіл ықпалына бірден ұшырамайды. Оған өте ұзақ уақыт керек. Абай заманындағы қазақ әдеби тіліндегі Батыс, орыс әдебиетінің ықпалын сондықтан да тым асыра бағалауды реттейтін кез келді. XIX, XX ғасырларда қазақ әдебиеті, әдеби тілі өмірді бейнелеудің замана талабына сай, жаңа үлгілеріне тез көтерілсе, ол қоғамдық сана дамуының ішкі заңдылықтарына да тәуелді.

Әдеби тіл халық тіліне де мүлде қосылып кете алмайтыны тәрізді, Абай да өз заманының дәстүрлі әдеби тілінен қол үзіп кете алмайды. Мысалға, Абай ҚС ішіндегі ең қысқаларының бірі он екінші сөзді алайық. "Кімде-кім жақсы дүр, жаман дүр ғибадат қылып жүрсе, оны ғибадаттан тиюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Ләкин сондай адамдар ғалымды шбадатқа ғылымы жетпесе де, қылса керек. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе керек, Әуелі - иманның игілігін (нану, сену. - *З. Б.*) махамлемек (берік, мықты, сенімді. - *З. Б.*) керек, екінші — үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды. Уа ләкин, кімде-кім иман неше нәрсе бірлән кәмеләт табатұғынан уа неше жерден бұзылатығынын білмей басына шалма орап, бірадар атын көтеріп, рузашыл, намазшыл болып жүргені көңілге қылаң бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды. Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласымен өзін-өзі андый шын діни шыншылдай жаны ашып тұрмаса салғырттың иманы бар деп болмайды" (Абай. 2-т.).

Сөйлем *ішіндегі "дур", "ғибадат", "ләкин", "кәмеләт", "уа", шалма", "рузашыл"* тәрізді архаизмдерді, бүгінгі оқушыға тосындау кейбір сөздерді былай қойғанда Абай замандастарына да тегіс таныс емес *игілігін", "махамлемек"* деген сөздер бар. Сол тәрізді *"ғибадат қылу", "толымды ғибадат", "ғибадатқа ғылымы жету", "иманның игілігін махамлемек", "иманның кәмеләт табуы"* т. б. тәрізді күрделі ұғымдарды білдіретін тіркестерді түсіну үшін де белгілі дәрежеде мұсылманша сауаттылық керек.

"...көңілге қылаң бермей тұрып, жартысын салғанға ұқсайды", "күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды", "ықыласымен өзін андып" т. б. тіркестер, негізінде, соңғы екі сөйлем түгелдей) көркем образ, метафораларға толы.

Сөйлемдер құрылымына көз тоқтата қараған адам бұл сөздің XX ғасыр соңындағы діни, кітаби-түркі мен дәстүрлі халық әдебиетінің сөйлеу тілі негізінде құрылғанын бірден аңғарады.

ҚС бірден байқалатын үлгі - шешендік сөз үлгісі. Абай қаршадайынын бастап бұл өнердің небір дүлдүлдері сайысқа түскен дау, айтыс, тартыстарды көріп өскен. Есейе келе өзі де айтулы шешендердің біріне айналды. Өнерін ел басқару ісіне де қолданады. ҚС шешендік өнер поэтикасының көп қолданылуы сондықтан. Ортаға күрделі ойды тастау, оны ұғуға жеңілдету

үшін ой, мақсаты, мазмұны айқын жіктерге бөлу, болмаса жауабы дайын, дау туғызбайтындай сұрақтарға жүйелеу. Сол арқылы сөзін тыңдаушыға мойындату. Мысалы, бірінші, екінші, үшінші, төртінші т. б. сөздер құралымын қараңыз.

Абай ҚС поэтикасы туралы айтқанда басты назар бұл сөздердегі тілдік элементтердің орналасуы мен қарым-қатынасқа түсуінің өзіндік ерекшеліктерінде болуға тиіс. Мысалы, ойды жеткізуде образды тіркестер, сөйлемдер қалай пайдаланылады. Осы қолданыстан қандай авторлық мақсат аңғарылады. Оған авторлық идея, эмоциялық талғам қатыса ма?

Оның шығарма мазмұнындағы ролі қандай? Мысалы, он алтыншы сөз мәтінін толық келтіріп, шығарма поэтикасын толық аңғарту үшін, қысқа, көлемі шағын сөзді әдейі таңдап алып отырмыз ("Қазақ құлшылығым құдайға лайықты болсын деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды қылып жығылып тұрса болғаны. "Саудагер несиесін жия келгенде, "тапқаным осы, біттім деп, алсаң — ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазамын ба?" — дейтұғыны болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. "Білгенім осы, енді қартайғанда, қайдан үйрене аламын" дейді. "Оқымадың демесе болад тағы, тілімнің келмегені қайтушы ед" дейді. Оның тілі өзге жұрттан бөлек жаратылып па?". Осындағы бірінші, екінші сөйлемдерді алайық. Негізгі ой "құлшылықтың құдайға лайықты болуы", әйтеуір "жұрт қылғанды қылу" емес. Алайда, оған қам жеп, дінін тазартып, тілін жаттықтырып жатқан қазақ жоқ. Оған жұрт қылғанды қылса жетіп жатқандай. Автор қазақтың осы әрекетін, оның тұрмысындағы өзге бір әрекетпен салыстырады. "Саудагер несиесін жия келгенде, "тапқаным осы, біттім деп, алсаң - ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазамын ба?" дейтұғыны болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді". Қазақтың дінге қатысын көрсететін қазақы ойын береді". Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын... Оқымадың демесе болад тағы, тілімнің келмегенін қайтушы ед". Қаламгер кейіпкер сөзі арқылы тек қана мазмұнды жеткізіп тұрған жоқ. Сөздер астарында оның сенімге деген құлқы да көрініп тұр. Соңғы сұраулы сөйлемде "оның тілі өзге жұрттан бөлекше жаратылып па?" осы құбылысқа автордың идея-эмоциялық бағасы (түсінбеу) беріледі.

ҚС көркем проза бірліктерімен өлшеуге да болады. Алайда, оның бәрінен характер, сюжет үлгілерін іздеудің қажеті жоқ. Автор ойының көркем мазмұнға айналу тәсілдеріне тоқталса да жетіп жатыр. Осы процеске автор сезімі мен бағасының мол араласуы кейбір типологиялық жайларды көрсетеді.

Абай шығармаларының көркемдігі оның өзегіндегі парасатты ой, перзенттік сезім, азаматтық пафос пен көркем мазмұн, түр үндестігінде. Оның шығармаларының поэтикалық бітімі осыдан туындайды. ҚС өзегіндегі ой-тебіреністерді автор мүлде еркін жазады. Белгілі бір түр, пішін, стильге жалтақтамайды. Бұдан, мүлде өзінше кетеді, деген пікір де туындамауға тиіс.

Абай өлеңдерінің мазмұнға сай еркін үлгіге ұмтылу тәжірибесі аз

кездеспейді.

ҚС үлкен тобы исламият, шариғат қағидалары мен таным, дидактика мәселелеріне арналады. Мысалы, ғибадат (12), Иман (13), кітаб - тастих (38), бала оқыту (25), ақыл (15), еске сақтау (31), талап (32), (44), жан қуаты — тән қуаты (43) т.б.

Қарасөздер тәрізді түбегейлі танымдық ой-толғамдарын тереңіне тартатын шығармалар тиісті ұғым категорияларды бейнелейтін сөз, сөз тіркестерін, тиісті терминдерді керек етеді. Ал ХІХ ғасыр соңында, әсіресе, саяси, қоғамдық, әлеуметтік, моральдық, этикалық категорияларға айналған ұғымдарға тиісті терминдер аз болатын. Дәстүрлі қазақ прозасының этикетті түрі, кітаби-түркілік тілі, оның лексикасы мен синтаксисі, ауыз әдебиеті туындыларының стильге түскен үлгілері, мерзімді баспасөзде жарық көрген публицистикалық мақалаларда қолданылатын бейнелеу құралдары ҚС мақсатын өтей алмайтын еді. Онда қозғалатын тақырыптарға қатысты категория, ұғымдарды бейнелеу үшін Абай соны сөз тіркестерін пайдаланады және мейлінше көркем, бейнелі түсіндіреді. Мысалы, жан сыры, жан қуаты, жан құмары, жан жарығы, жан тамағы, жан тұрағы, тән қуаты, тән азығы, тән құмары, жанының жибилі қуаты, алланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, хақиқат жолы т. б. Мысалы, Абайдың ең қысқа төрт, бес қарасөзіндегі күрделі ұғымдарды ұқтыру бағытында пайдаланатын сөз тіркестеріне үніліп көрелік.

Он екінші сөз: ғибадат қылу, толымды ғибадат, ғибадатқа ғылымы жету, иманның иғтиқатын (нану, сену) махкамлемек (берік, мықты сенімді), иманның кәмелет табуы, күзетшісіз, ескерусіз иман. Он алтыншы сөз: құлшылықтың құдайға лайықты болуы, дінін тазарту; Он тоғызыншы сөз: салғырттанып есту, ұғайын деп тұшыну; Жиырма төртінші сөз: жұрт тану, өнерді өрістету. Қырық бесінші сөз: ғаделет, махаббат құдайға лайық, алланың хикметі, адамшылықтың алды т. б. Осы тіркестердің қайсысы да қоғамдық сана үшін жаңа ұғымдарды білдіретін тіркестер еді. Абай поэзиясының тілі мен қазақ әдеби тілі арасындағы байланыс, өзара ықпал біршама зерттелді. Алайда, қоғамдық ғылымдар мен көркем проза байланыс, оны қалыптастырудағы Абай ролі жеткілікті деңгейде зерттелді деп айтуға болмайды.

Кез келген елдің қоғамдық санасының жоғары сатыға көтерілуінің куәсі оның қоғамдық, көркем әдебиетінде ғылыми, эстетикалық ұғымдар жүйесінің, терминологияның қалыптасуы. Мұны қазақ қоғамдық санасында Абай есіміне қатысты ғана айтуға болады. Психология, мораль, этика, эстетика, дидактика т. б. ғылымдарға қатысты терминдік ұғымдар-ды - терең толғамды категориялық ұғымдарды - бейнелеуде Абай тыңнан жол салды. Адамның ішкі жан дүниесі, рухани өмірі, сыртқы болмыс, жаратылыс, адамзат, қоғам т. б. қатысты қоғамдық сана үшін аса қажетті ұғымдарды Абай қазақ тілімен жеткізеді, олардың тереңдігі мен мағынасына нұқсан келтірмейді.

ҚС қоғамдық ғылымдар терминдерінің бастауы, әсіресе, маңыздысы оның жасалу принциптерін, жолын, моделін көрсетті.

Қоғамдық санада замана қажетіне орай күрделі ұғымдарды, құбылыстарды жеткізетін термин, тіркестер қажеттілігі әр кез пайда болады. Абайдан бұрын да, кезінде де қазақ қаламгерлерінің талайы бұл қажеттілікпен беттескен. Алайда, олардың бірде-бірі Абай деңгейіне көтеріле алған жоқ. Бұл қажеттілікті олар араб, парсы, татар, орыс тіліндегі терминдерді қаз қалпында қолдану, болмаса аударып алу арқылы шешті. Осы тәсілді Абай да қолданды.

Сондықтан да ҚС тіліндегі өзге стиль бейнелеу құралдарының кездесуін талғамсыздық, ұқыпсыздық ретінде қарауға мүлде болмайды. Өйткені осы сөздерінде Абай қазақ әдеби тілін, қоғамдық-саяси әдебиет, ғылым тілін биікке көтерді. Оның лексикасы мен синтаксисінің жаңа үлгісін қалыптастырды. Дінге, исламиятқа қатысты шығармаларында кітаби-түркі құрылымдарын, оның әлеміштенген лексикасын байқап көреді, ретіне қарай пайдаланды. Тебіреніс пен толғаныс сезімді еркін баяндау үлгісін, әдіс, тәсілдерін қалыптастырды. Ұғуға ауыр, түсініксіз ұғымдарды жеткізді.

Қоғамдық-саяси әдебиет тілінің бұрын халыққа түсініксіздеу терминдерді, қабылдауға қиын ұғымдары біртіндеп орныға бастады.

Абай қоғамдық ғылымдарға қатысты талай терминдердің біразын өзіне жақсы таныс шығыс ғұламаларының еңбектері мен діни әдебиеттен, батыс ойшылдарының шығармаларынан, сондай-ақ қазақ тілі мүмкіндігін де пайдаланды. Шығыс, Орта Азия, діни әдебиеттен ауысқандарын жоғарыда айттық. Орыс тілінен енгендері: партия, уголовный, дознание, кандидат, образование, уездной начальник, военный губернатор, назначения, старшина, посредник, икра (балық уылдырығы. — З.Б.), миллион, машина, фабрика, подвижной элемент, сила притягательная однородного, впечатлительность сердца. Бұл сөздерге қарап отырсақ, олардың біразы қазақ тіліне бұрын енген: *партия, старшын, миллион, машина, фабрика т. б.* ҚС көптеген терминдер заң, құқыққа қатысты ұғымдарды білдіру үшін алынса, біразы саяси-әкімшілік құрылысына, өндіріс ғылым жайларына қатысты терминдер. Осындағы кейбір сөздердің орысша баламасы Абай кезінде де белгілі болған, мысалы "образование", алайда, Абай қаламгер оны орыс тіліндегі үлгісін пайдаланады.

Абайдың қазақ сөйлемі жүйесіндегі "бөтен" сөздерге аса сақтықпен қарағаны, ойланып, толғанып қолданғаны белгілі. Алайда, ҚС бұл принципке басқашалау келеді. Басты себеп эстетикалық объект ерекшелігінде болса керек. Академик Қ. Жұмалиев атап көрсеткендей, Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің жалпы саны 374 болса, оның 262 қара-сөздерінде кездеседі екен. Ендеше, мұның өзі де бұл қолданыстардың мақсатты сипатынан хабар береді. Аңғара қараған зерттеуші оның, негізінен, категориялық терминдік ұғымдарды бейнелейтін сөздер екенін байқайды. Араб, парсы, түркіден енген сөздер, негізінен, дінге қатысты шығармаларда көп қолданылады.

ҚС поэтикасының ерекше сипат алуы негізінен дінге қатысты сөздерінде. Исламият, дін туралы жаза отырып, оның терминдерін пайдаланбау мүмкін емес. Онда кездесетін көпшілікке түсініксіз ұғымдарды талдау, үзінділер

келтіре отыра тәптіштей түсіну, Абай ойларының образды сипаты осы күрделі түрге әкеледі. Мысалы, публицистика мен көркем прозада жазған казак қаламгерлері кітаби-түркі, татар тілі ықпалы бар үлгіден ұзай алмады. Олар ауызекі тіл негізінде бірер мақала, материалдар жазып, халық прозасы үлгілерін стильге түсіре жариялап отырды. Алайда, бұл шығармаларда ҚС байқалатын мазмұндық тереңдік те, эстетикалық көркемдік те жоқ. Халық прозасын стильге түсіру арқылы сюжетті шығармалар жарияласа, сюжетсіз материалдарды жсткізуде баяндауды, дидактикалық үлгіні ұстанады. Көркем прозаға тән қажетті компоненттердің эстетикалық қызметі көп жағдайларда қаламгерлер назарынан тыс қалып отырды.

Мұның объективті себептері бар. Қазақ қаламгерлері көркем прозамен, қоғамдық әдебиет, ғылыми шығармашылықпен бірыңғай айналыспаған. Қоғам өмірінде белең ала бастаған келелі тақырып, проблемаларға мақала жазу барысында мерзімді баспасөз бен ауызекі әңгімеде халық прозасында қалыптасқан үлгілерінен ұзамаған.

Абай қарасөздерінде философиялық, моральдық, этикалық, педагогикалық, діни тақырыптарға толғаныс процесі үстіндегі басты ойға өрілген сезім өрнектері де шебер бейнеленеді. Мысалы, "Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік, алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық, әурешілікті көре-көре келдік. Енді осы жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бірі қоршылық екенін білдік. Енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып еткіземіз. Соны таба алмай өзім де қайранмын" (Бірінші сөзі).

Нақты эстетикалық объектіге қатысты ой-пікірді жеткізу, жазу процесіндегі, толғаныс үстіндегі автор эмоциясын жеткізу — қарасөз поэтикасының басты элементтерінің бірі екенін айттық. Жоғарыда жазғанымыздай, қоғамдық санаға қатысты түрлі ұғым, категорияларды түсіндіруге арналған сөздерге, дәйектемелерге көркемдік сипат дарытатын да осы автор эмоциясы, эстетикалық объектіге идеялық, эмоциялық баға. Кей сөздердің көркем шығармаға қатысы да осы идеялық-эмоциялық бағадан, оның образды сипатынан туындайды. Шығармашылық үстіндегі психикасында жылт ете қалған әр әсерді қаламгер дыбыс, сөз, сөйлем арқылы көркем бейнелейді. Моральдық, этикалық, педагогикалық, діни тақырыптағы сөздерге көркемдік сипат осылай дариды.

Абай ҚС бір тақырыпқа әлденеше оралып отырады. Әсіресе, моральдық, этика, дін тақырыбына. Демек, қаламгер осы тақырыптар бойынша үзіліссіз ой, толғаныс үстінде болған. Оны үнемі жаңа қырына көріп, астарларын ақтарған, терендеткен, жаңа сырларын аша түскен. Мысалы, күлкі, қайғы, бірлік тақырыптарында бірінен-біріне өтетін ой сабақтастық байқалса, "Скрат хакім сөзі" мен "Кітап-тастих" араларында идеялық байланыс бар.

Көптеген сөздерінде Абай мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді пайдаланады. Аз сөзбен көп мағына беруі әрі халыққа түсінікті, әсерлі болуын, бейнелі, эмоциялы табиғатын Абай шебер пайдаланады. Оларды мақсат-мүддесіне орай тандай ала отыра мұнда көркем түрде образды жинақталған

философиялы ой-пікірлерді талдайды. Мысалы, "бірлік пен тірлікке" катысты мақалдарды талдайтын алтыншы сөз.

Отыз жетінші сөзде Абай мақал-мәтелдері белек беріледі. Бұл, Абайдың ойлануға болашақ шығармаларында пайдалануға дайындаған материалдары ма, болмаса табан астында тауып айтқан ұшқыр ойлары ма, әйтеуір терең ойлардың көркем кестесі.

Абайдың шешендік сұрау үлгісінде берілген қырқыншы сезі де осындай ойларға жетелейді. Төңірегіндегі ақылға сыймайтын, парадоксті сипатты мінез-қылықты, іс-әрекетті сұрай арнау арқылы даралай, айшықтай, айқындай көрсетеді.

ҚС біразында осы сұрай арнаудың шешендік сұрақ терізді үлгілерін Абай көп пайдаланады. Мысалы, "Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тындайды" (8), "Осы мен өзім — қазақпын, қазақты жақсы көрем бе, әлде жек көрем бе?" (9), "Біреулер құдайдан бала тілейді, ол баланы не қылады?" (10), "Осы елдің үнем қылып жүргені немене?" (11), "Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма?" (14) т. б.

Абай қарасөздерінің поэтикасы автордың мақсаты мен идеясына тура катысты. Ендеше, кілт бірінші сөзінде бар тәрізді. Көптеген зерттеушілер солай қабылдайды да: "Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де ақыры осыған байландым, енді бұдан басқа ешбір жұмысым жоқ".

Бұған сүйенсек ҚС автордың жеке күнделігіндегі жазбалары тәрізді. Назарын аударып, ойға батырған, толғантқан мәселелерді жазып, өзінше ой қорытып, талдап отырады. Күмәнданады, толқыды, қиналады, шамырқанады. Өзімен-өзі сырласып заман мен адам өмірінің келелі сұрақтарына жауап іздейді. Мысалы, бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, тоғызыншы сөздер. Бұлардың біразы жанрлық сипаты жағынан эссеге келіңкірейді (Өзге жанрларға тән құрылымдық, мағыналық белгілері бар сөздерді қоспағанда. Олар туралы жоғарыда біраз айтылды).

Эссе жанры бағзы замандардан белгілі болса да XIX-XX ғасырларда қоғам қайраткерлері, жазушы, философтар, ғылым мен қоғамдық санадағы жаңалықтарды көпшілікке жеткізу үшін осы жанрды аса көп пайдаланады, Эссе — автордың эстетикалық объектіге субъективті көзқарасын, әсерін жеткізетін, тым тереңдік пен ақиқатты мақсат қылмайтын, еркін композицияда жазылатын, шағын прозалық шығарма. Сондықтан да ол — жаңа сөз. Әдетте, бұл жанрда философиялық тарихи, әдеби сын, ғылыми-көпшіліктік, беллетристикалық сипат мол болады. Эссе образ-дылық, афористік және ауызекі сөйлеу тілі лексикасын, мәнерін сақтайды. Бұл жанр автордың дара дүние танымына, жеке көзқарасына сүйенеді, соны алға тартады, соны жеткізеді.

Эссе жанрында Абай шығармаларын оқыған, А. Пушкин, Гейне, Дидро, Гердер, Достоевский т. б. жазған.

Осы өзіне бағытталған, ішкі монолог тәрізді, болмаса парасатты адаммен

сырласу, әңгіме, өзіне ойтүрткі болған шығармаларын диалог тәрізді жазылу ҚС поэтикасының күрделі сипатын туғызған. Осыдан барып оның шығармаларының адресаты да көркемдікке аз әсер етпейтінін байқауға болады, Төменде біз олардың негізгілерін атап көрсетеміз:

- Оқушыға тікелей арналады. Мысалы, "Ей, мұсылмандар!" (28), "Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім" (38), "Зинһар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар" (40) т. б.

- Шәкірттеріне, оқу, өнер, ғылым жолын қуған жастарға, дін негіздерін, шариғат қағидаларын, құран хадистерін, исламият пәлсапасын білгісі келген жандарға арналатындары. Мысалы, он тоғыз, отыз бір, отыз екі, қырық үш, қырық төрт т. б.

Ерекшелік бұлардың әрқайсының ой-мұрат мазмұнында ғана емес, көркемдік кестесінде бар.

Эстетикалық объект таңдауда және оны көркем мазмұнға айналдыруда, идеялық эмоциялық бағалауда Абай жемісті пайдаланған біреу әдістер бар:

- Тақырып ретінде сол кездері қазақ қоғамында белең ала бастаған бір құбылыс алынады. Ол өзге елдердегі құбылыстармен, авторға мәлім дерек мәліметтермен салыстырылады. Идея — эмоциялық тұрғыда бағаланады, мысалы, екінші сөз - қазақ өзге халықтар тірлігіне күледі; үшінші сөз - қазақ бір-біріне қаскүнем, дау көп, тыныштық жоқ, мұны тоқтату үшін оқыған адамдарды билікке тағайындау қажетті; жиырма төртінші сөз - жер бетінде екі мың миллионнан артық халық бар ... үш миллионнан халқы артық қала бар, дүниенің басы-аяғын үш айналып көрген кісі толып жатыр ...біз не көрдік? Жиырма бесінші сөз- балаларды оқытқан жақсы. Түркілік оқу, орысша оқу; отыз үшінші сөз - мал керек болса қолөнер үйренбек керек; отыз сегізінші сөз - кітап-тастих; отыз тоғызыншы сөз - бұрынғы балалар жақсы мінезін ұмыттық т. б.

- Жалпы адами проблемалар, этика, мораль, психологиялық проблемалары қозғалады. Оның қазақ қоғамындағы көрініс түрлері бейнеленеді, талдау жасалады. Мысалы, бесінші сөз - күлкі, алтыншы сөз - бірлік, он сегізінші сөз - кербездік, он тоғызыншы сөз - естелік, жиырмамыншы сөз жалығу, жиырма бірінші сөз - мақтан т. б.

Абай ҚС қазақ қоғамы алдындағы келелі проблемаларды қозғайды, оған автор идея-эмоциясын көркем бейнеледі. Абай өзі таңдап алып отырған тақырыпты жүйесіне орай түрлі бөліктерге бөледі де соларды ұтымды қылу барысында эпитет, теңеу, метафораларды үйіп-төгіп қолданбай-ақ әсерлі нәтижеге жетеді. Міне, осы эстетикалық объект құрамындағы түрлі бөліктер сипаты, өзара үйлесімі орналасуы Абай қарасөздерінің поэтикасына әкеледі.

Эстетикалық объект құрамындағы бөліктер өзара үндесе, тұтаса келе көркем мазмұнға әкеледі.

ҚС көркем мазмұнда автордың эстетикалық объектіге идеялық-эмоциялық бағасы және Абайдың азаматтық, гуманистік пікірлері де аз роль атқармайды. Сондықтан да бұл әсерлер тұтаса келе шығармаға дара мазмұн береді.

Көркем туындыға айналған эстетикалық объект бөліктерінің әрқайсысындағы авторлық ой, эмоция өзгеріс үстінде бейнеленеді. Осы әсерлер авторлық дүниетаным, эстетикалық көзқарас елегі мен көрігінен өтіп, алғашқы болмысынан өзге бір түрге түрленеді. Осы процесте ол қаншама өзгеріске ұшыраса да басты объектімен көркем мазмұнға сәулесін түсіріп, айқындайды.

Абай қарасөздер арқылы өз сезімін жеткізуді, оған назар аударуды мақсат қылған емес. Онда байқалатын сыр, тебіреніс, сезім ернектері творчестволық процесс үстінде лүп ете қалған сезім ағыны. Оның образды сипатта берілуі, әрі ҚС поэтикасында басты роль атқаруы оның негізгі ерекшелігі болып табылады. Автордың тебіреніс үстінде ағылып жатқан ойларға, соларды жетелеп жүрген құбылыстарға деген бағасы, қинаулы. ашуы, кекесін-мысқылға келуі, толас табуы, ойға шомуы т. б.

Демек, Абайда алдын ала белгілі ақиқат-аксиома сипатты шындыққа ұмтылу жоқ. Мысалы, тіпті оқу, өнер туралы ойларына күмәндану да бар.

Мысалы, бірінші сөзде. Бұл Абайдың өз заманындағы ағартушылық, демократтық, дидактикалық ағымдағы тұтастарынан басты айырмашылығы. Осы айырмашылық оның ҚС дара поэтикасын туғызады. Ал ҚС келемінің шағындығы мен құрылым, тілінің қарапайымдығының артында адамзат қоғамына қатысты ірі ойларды көтере білген Абай қарасөздерінің көркемдік жүйесі жатыр.

«Абай жолы» — қазақ совет әдебиетіндегі тұңғыш роман-эпопея. Реализмнің нағыз жетілген кезеңінде туатын роман-эпопея жанрының қазақ әдебиетінде пайда болуы республикамыздағы аса елеулі мәдени-көркемдік құбылыс болды. «Абай жолында» өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының шындығы мейлінше кең көрсетілді, қаһармандардың жеке өмірі халық тарихындағы күрделі өзгерістермен байланысты берілді. Романда таптық, әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстар, Абай сынды ұлы акын қайраткердің өмір жолдары дәуірдің ұрымтал, кесек оқиғаларына тығыз қатыстырыла суреттелді. «Абай жолында» қаһармандар өмірінің сан түрлі кезеңі, байланыстары, әулеттер ауысуы, мінездердің жасалу, толысу тарихы кең бейнеленеді. Тарихи дәуір келбетін көрсететін типтердің, көптігі, олардың дүниетаным, наным-сенім ерекшеліктерінің берілуі, ескі мен жаңаның күресі дәуірлік түбірлі бетбұрыстармен астастырыла көрсетілуі «Абай жолының» эпопеялық сипатын белгілейді.

Абай өмір сүрген қоғамның өзекті тартыстары мен күрестерін, ізгілік пен зұлымдықтың шайқасын, көркем тұлғалардың өткенін, бүгінгісін кеңінен қамтып, болмыстың екшелген, жинақталған шындығын айту міндеті роман-эпопеяда зор шеберлікпен шешім тапты. «Абай жолында» ұлы акынның жеке бастық, іс-әрекеттері дәуірдің көкейкесті мәселелерімен, нәсілдер, таптар, халықтар тағдырларының тоғысуымен орайластырыла баяндалады. Роман-эпопеяда оқиғалардың объективтік ағысы, жеке адамдар тағдырының қоғамдық тіршілікке тәуелділігі, тұлғалардың даралық келбеті, зұлымдықты әшкерелеу мен ізгілікті мадақ ету өмір шындығына сәйкес көрсетіледі.

М. Әуезовтің көркем прозасы, соның ішінде әсіресе «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ әдебиетіне көптеген жаңалық қосты. Солардың негізгілері қатарында шығарманың реализмі артуын, қаһарманың мінез-кұлқын, даралық, келбетін нақтылы талдауды жетілдіргенін, табиғат көрінісін кейіпкердің көңіл күйіне орай жанды суретке айналдыру шеберлігін, әдеби тілді байытуын айту керек. Әлеуметтік құбылыстарды адам характерінің ерекшелігі мен тығыз байланыстыра көрсету — кемелденген әдебиет белгісі. Осы өрнектерді мол да жүйелі дәстүрге айналдырып, жазушы әдебиетіміздің дамуында тұтас дәуір тудырды. М. Әуезов ал-ғашқы әңгімелері мен повестерінің өзінде-ақ адамның ішкі өмірін, көңіл толқынын дендеп суреттеуге ұмтылды.

Жазушы шеберлігі кейіпкер портретін жасаудан да көрінеді. Көркемдік шындық мұраты қаһарман пішінін жанды әрекет, қозғалыс үстінде айқындауды талап етеді. Реалистік әдебиетте портреттің өзінен де адам мінезінің елеулі өзгешелігі аңғарылуы керек. Осы талап «Абай жолында» аса шебер орындалған. Мұнда кейіпкер түр-пішінін сипаттау түрлі үлгіде беріледі. Кейде жазушы қаһарманның сырт кескінін толық келтірсе, енді бір тұста кейбір белгісін атап өтумен шектеледі. Ал қаһарманның бет-жүзіндегі, бойындағы ерекшелікті екінші бір адамның көзімен бағалату — суреткердің жүйелі қалыптастырған әдісі. Сондай-ақ портретті түрлі жағдайда қайталап, әрбір қырынан толықтыра отыру да кездеседі.

Қаһармандардың оқиға жүйесінде алатын орнына қарай жазушы портреттің де сипатын белгілейді. Кеңейтілген портрет кейіпкердің түр-түсін ғана емес, әлеуметтік дәрежесін де анықтау мақсатына қызмет етеді.

Адамдарды мінездеудің аса тиімді тәсілі — қаһарманды екінші бір кейіпкер көзімен көрсету. Европа, орыс әдебиетінде көптен қалыптасқан бұл әдісті қазақ әдебиетіне сіңіруде М.Әуезов еңбегі зор. Романдағы тип-тұлғалардың біразын жазушы орталық қаһарман Абайдың кезімен мейлінше нақты әрі қозғалыс-құбылыс үстінде таныстырады. Романның бірінші кітабында Тобықты елінің ру басы кісілерінің осындай жолмен берілген портреті кейіпкерлер бойындағы ерекшелікті ашады.

Қаһармандар түр-түсін түрлі жағдайда әр деңгейден көрсетіп, үстемелеп, толықтырып отыру — М. Әуезов романында жиі қолданылған портреттік мінездеменің күрделі түрі. Тоғжанның бір емес, бірнеше дүркін суреттелген бітім-бейнесі жас сұлудың қиялдай ғажайып ажарын ұмытылмастай әсерлі елестетеді.

М.Әуезов романында қаһармандардың мінездемесін диалогпен монолог арқылы ашу да күрделі орын алады. Драматургияның жанрлық заңдылықтарын жақсы меңгерген, жазушылыққа қадам ұрғанда сәтті сапарын «Еңлік — Қебек» сынды пьесадан бастаған суреткер диалог құруға айрықша шебер. Оның пьесаларында табиғи ширыққан тартыс пен кейіпкерлердің төгілген шешен тілі, нақыл, қанатты сөздер жиі ұшырайды. Осындай көркем, кесек диалог — «Абай жолында» да мол. Шығармадағы іс-әрекеттің өрбіп барып, белгілі белеңге шыққан кезінде көп астарлы, қат-қабат тартыстың түйінін білдіретін сөз сайысының орны бөлек. Диалог айтпауға

болмайтын, жасыруға келмейтін қажеттілікті жария етеді.

«Абай жолында» қаһармандардың айтыс сөздерінің алуан үлгісі кездеседі. Күрделі оқиғалардың қай-қайсысы да қарсы топ-тардың сөз айқасына бармай тынған емес. Шығармада қаншама тартыстық желі болса, сонын бәрінде де жасылдай шапшаң, алмастай өткір сөздер тіркесі ұшырайды. Абайдың өз әкесімен, ру басылармен, зорлықшы туыстарымен, ескішіл діндарлармен талас, бақас әңгімелерінде қаһарманның бар болмысын, бағытын ашатын жай оғындай бет қаратпас өткір сөздер көп. Бұған романның бірінші кітабының ақырында Абайдың сөзге жүйрік Қаратайды, өз әкесін дәлелмен ұтып кеткенін мысалға алса да болады. Мұндағы талас сөздер қаһармандардың бейнесін жарқыратып ашып, зор идеялық-көркемдік жүк көтеріп тұр. Абайдың әкесімен айтыс сөздерінде екі заманның аңғарын танытатын терең философиялық мәні бар мәселелер, сұраулар анықталып қалады. Қөркемдіктің де, шыншылдықтың да алғы шарты сөздерді дәл орнында, өзінің толық мағынасында қолдану дейтін қағи даны М. Әуезовтің құдіретті қаламы расқа айналдырады. Жазу-шы диалог ұсталығын бұрын қазақ әдебиетінде болып көрмеген сапалық биікке көтерді.

Жазушы творчествосында табиғат суреті, пейзаж күрделі қызмет атқарады. Оның қандай әңгіме, повесінде де табиғат реңі тиісті бояу болып қосылып отырады. Бұл — М. Әуезовтің суреткерлік өрнегінің ажырамас бір кестесі. Қазақ әдебиетіне табиғат суретін жан-жақты өндіруде жазушының еңбегі үздік. М. Әуезов туындыларында таң мен кештің, күн мен түннің, жаз бен қыстың, көктем мен күздің алуан суреті бар. Жазушының осы тараптағы еңбегін Тургеневтің орыс табиғатын бейнелеудегі жаңалығымен салыстыруға лайық.

М. Әуезовтің қазақтың әдеби тілін жетілдіру, байыту барысында атқарған қызметі ұшан-теңіз. Оның түрлі жанрдағы шығармаларында, соның ішінде, айрықша «Абай жолында» халықтың сөздік қоры зор талғаммен сұрыпталып, қайта құлпырып шықты. Реалистік әдебиеттің ең басты шарттарының бірі — әрбір кейіпкерге лайық тіл ерекшелігін тауып қолдану міндеті роман-эпопеяда кеңінен жүзеге асты. Қоғамдық өмір сатысының түрлі деңгейінде тұрған адамдардың өзіне тән сөйлеу мәнерін, сөз ырғағын нанымды, мөлшерлі жұмсау, кейіпкердің тілдік мінез-демесін беру — аса қиын міндет. Тіл мәдениеті мен талғамдылығы жағынан «Абай жолы» роман-эпопеясы — әдебиетіміздегі соны биік, үлкен асу.

Қазақтың шешендік өнері дәстүрін М. Әуезов өз шығармаларында дамытып, жаңа сапаға көтерді, тапқыр теңеулерді нақтылықпен ұштастырды, сөйтіп жазба әдебиет тілінің өзгеше, жаңа үлгісін қалыптастырды. Әсіресе үдемелі, түйдек-түйдек теңеу, эпитет сөздерді ұластырып, ой мен сезімді өзгеше керкемдікке тұтастыру — жазушы стилінің маңызды қыры.

Бұл көрсетілген ерекшеліктер М.Әуезовтің өзіндік дана суреткерлік қолтаңбасын, қазақтың социалистік реализм туы астында дамыған жаңа әдебиеті мен тілін байытуға сіңірген елшеусіз еңбегін аңғартады.

«Абай жолы» роман-эпопеясы — қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл совет әдебиетінің де дүние жүзілік даңққа бөленген ұлы туындыларының

бірі. Шығарма кырықтан артық тілге аударылып, әлемнің барлық құрлықтарына тарады. Көптеген елдің адамдары бұл романнан қазақ халқының жарты ғасырлық өмірінің толық суретін, әлеуметтік жағдайын, мәдениетін, тұрмысын таныды.

«Абай жолы» бүкіл совет тарихи романшылары алдында тұрған идеялық-көркемдік міндетті шешуде де көрнекті қызмет атқарды. Мұнда өткендегі қайраткерлердің прогресшіл істерін кең қамтып, халықтың тарихи белсенділігін көрсету, тарихтың жауапты, ұрымтал тұстарын таныстыру секілді аса күрделі мәселелер шешім тапты. Абай және оның заманын бейнелеу арқылы жазушы казак тарихының белгілі бір кезеңіндегі ілгерішіл және кертартпа күштердің ара жігін сипаттап, оқиғалар мен қаһармандарды талғап, екшеуде асқан шеберлік көрсетті

БЕСІНШІ ТАРАУ

Халық прозасы көркемдігін үйрену жолында

XIX ғасырдың басында қазақ елінде көп тараған қолжазбалар туралы әртүрлі мәліметтер болды. Қазақ арасында Жиренше шешен, Қожанасыр, Алдаркөсе, Лұқпан хәкім, Атымтай жомарт т.б. туралы аңыз әңгімелер, ауызша айтылатын хикаялар болған және олар халық бас қосқан ірі жиындарда, алқалы топтар арасында үнемі айтылып отырған. Біразы 1917 жылға дейін түрлі қолжазбаларды, қазақ әдебиеті тарихына қатысты материал жинаушылардың жинақтарында, журналдар мен газеттерде жарық көрген. Жеке кітапша түрінде жарияланғандары да болды. Мұны Қазақ ССР ҒА Орталық ғылыми кітапханасы шығарған көрсеткіштен көруге болады. (Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар, 1807-1917. Аннотацияланған библиографиялық көрсеткіш. –Алматы, 1978.)

Көркем проза бейнелеу құралдары мен әдіс-тәсілдерінің тарихы туралы зерттеулерде халық прозасы, ауызша әңгіме туралы 1980 жылдардан бастап қозғалып келеді. Бұл бағытта іргелі зерттеулер жүргізіп, ғылыми еңбектер жазған академик С.Қасқабасов еңбектерінің орны бөлек.

1984 жылы жарық көрген «Қазақтың халық прозасы» монографиясында көркем прозаның ғажайып алтын бұлағы туралы: «Әділдігің айтсақ, қара сөз түріндегі фольклор өзінің көнелігі, ұшқырлығы, ғажайып сипаты жағынан поэзиялық үлгілерден кем емес, қайта көп жағдайда басым түсіп жатады. Оның бұдан басқа толып жатқан қасиеттері бар. Егер өлең түріндегі фольклор, негізінен, көркемдік, эстетикалық және тәрбиелік роль атқарған болса, прозалық халық шығармалары елге көбінесе табиғаттың сырын ұғуға, дүниетанымды кеңейтуге, өмірді білуге жәрдемдескен», - деп

жазады..¹²

Ғалым осы еңбегінде «..халық прозасы деген ұғымның халық прозасын зерттеушілердің халықаралық қоғамы» құрылғаннан бері қолданыла бастағанын айтады және .. хикаялар: Лұхман, Сүлеймен, Ескендір хақындағы эпсана хикаяттар ертегіге жатпайды. Ал ертегілердің өзі бірнеше салаға бөлінеді. Міне осылардың бәрі «халық прозасы болып саналады,» деп жазакеле, аталған монографияның мақсаты «...халық прозасын бір жүйемен зерттеп шығу, оның жанрлық құрамын ашу, әрбір ішкі жанрдың, шығу, даму процесін көрсету, халық прозасының өмір шындығына қатысын анықтау және оның поэтикасын талдау» деп атап көрсетеді.* (Сонда)

Халық прозасы туралы әңгімелердегі басты мәселе ауызша туып, халық арасына кең таралған және сақталған шығармаларды қағазға жазып алу деңгейінің ойдағыдай еместігінде болып отар. Әлі күнге дейін замана талабына сай зерттеулердің аздығы, дерект пікірлердің болмауы ойлантады.

Ауызша орындауда құлпырып тұрған шығарманың ғажайып бояулары мен астарлы емеурінді үндері қағазға көшкенде ғайып болады. Ол ауызша әңгімені жазып алушылардың ілуде біреуінің ғана қолына түскен. Мәселен, Б.Майлин «Щұғаның белгісі», Ж.Аймауытовтың әңгімелерін айтуға болар еді.

XX ғасыр басынан елге белгілі көркем мәтіндер кейінгі әдеби-сын, зерттеулерде көп қозғалмайды,. Мұның саяси-идеологиялық астары кеңес үкіметі цензурасына байланысты болғаны айтылып келді, бұл қырсықтан құтылғалы да біраз болды, Алайда, ілгерілеу аз. Ауызша мәтіндегі көркемдік құпиялары мен жазып алушылар арасындағы үндестікті арнайы зерттеуші ғалымдардың болмауы - түсініксіздеу. Ал оның теориясын тексерушілердің де сол шамада болғаны мәлім.

Ауызша әңгіме немесе халықтық әдебиет сырларына бүгінгі XXI ғасыр өнер шеберлері де ерекше көңіл бөле бастады.

Мәселен, 2010-шы жылы Нобельдік сыйлық алған қытай жазушысы Мо-Ян-ның шығармашылық зертханасы (лабораториясы) туралы ойларында шығармашылық табыстарының сырын халық хикаяшыларының тәсіліне оралу деп атаған.. (МО ЯН. Хикаяшының тәсіліне оралу// Қазақ әдебиеті. 01.02.2013)

Ол базарда кітап әңгімелеушінің әңгімесін тыңдаған. Бұл әңгімелер оған қатты әсер еткен. Мұның туған аулында хикаят айтудың асқан шебері Пу Сунли (200 жыл бұрын) өмір сүрген. «Біздің қыстақтағы көптеген адамдар мен соның рухын жалғастырушымыз» - дейді атақты қаламгер. Бірте-бірте естігендерін айтып беру тілегі оянған. Қосып, өзгертіп айта бастаған өз қалауынша. Мен сөзқұмар, тілжақты болдым. Менің хикаят айту өнерім үйдегілерге үлкен көңілділік бағыштайтын... «Бақ пен сор егіз, бірін бірі

* Толстой А.О поэтике коротких рассказов // Литературная газета. 1955.№22.19 февраля

¹² Қасқабасов С.Қазақтың халық прозасы. –Алматы:Ғылым,1984. 3-б.

толықтырып отырады» Лаузы айтқандай (Қытай данышпаны). Оқуды ерте тастайды, ауыр жұмысқа жарамайды, амалсыз сиыр, қой бағады. Далада, мектеп маңынан өткенде оқып жүрген замандастарын көріп қызығады өкінеді...Жаны жабырқайды, азап кешеді. (Осы сезім күші, сірә, басты рөл атқарған болуы керек –З.Б.).Халық аузынан айтылатын әңгімелерге – жергілікті орта табиғаты, әулеттер тарихымен тығыз байланысты хикаяларға құлақ түру - әдебиет тарихындағы көптеген шығармалардың басты құпиясы. Олардан естігендердің бәрі кейін көркем шығармаларға қажетті материал ғана болған жоқ. Түрлік табыстарды да көрсетті.

Құдайға сену. Қоршаған ортаның – бәрінің жаны бар! Бәріне құрметпен қарау.

«Менің тәсілім - өзім анық білетін базардағы кітап әңгімелеушінің тәсілі. Атам мен әжемнің, қыстақтағы қарттардың әңгіме шерту тәсілі. Хикая дегенді ойдан қиыстырасың, әрі қиялдан туындатасың.

«Күзгі су», «Құрыған өзен», «Мөлдір сәбіз», «Қызыл жүгері» алғашқы туындылары..

Батыстың модернизм шығармаларын ден қоя оқығанмын Әр алуан баяндау тәсіліне салып жазып та көргенмін. Соңында дәстүрге қайта оралдым. Бірақ ол сол беті қайта оралу емес. Өзгеріп, өсіп оралу. Жаңаны дәстүрмен араластыру. Проза саласындағы барлық жаңалықтар, негізінен, сол араластырудың нәтижесі. Қытайдың әдеби дәстүрі мен шетелдің проза өнерінің тоғыстырылуы болып табылады. Проза мен басқа көркемөнер жанрларының тоғыстырылуы болып табылады.»¹³.

Халық прозасында эпикалық баяндау мен диалогтардың сан түрлері бар.

Ертегіші мен әңгімешілердің көлемді, желілі таңғажайып баяндары, негізінен, эпикалық баяндауға сүйенеді. Ертегі, хикаят, әпсана, т.б. жанрларда осы үлгілер көп пайдаланылады. Тыңдаушыларды сан-алуан сезімге бөлеп, ойларға бастайтын бұл шығармалар қағазға түскенде осы әсерлерін жоғалтып алады. Бірде күлдіріп, бірде жылатқан халық прозасының ғажайып үлгілерін қаншама қаламгерлер сүйсіне тыңдаса да, қағазға түсіре алмаған. Олардың көбі мүлде жоғалуға таяу, асыл мұралардың жұрнағы ғана қалған.

Бұл - халық прозасына деген біздің бүгінгі біліміміздің деңгейі. Басты мәселе - оған халық санасын аударатын зерттеушілер керек. Қысқаша айтқанда, оларды дайындайтын мектеп керек! Бұл жұмыстарды күтіп тұрған ғылыми - тәжірибелік істер ұшан-теңіз деуге болады.

Халық прозасының әңгімешілері көркемдік үшін аса қажетті сезім - ойларды диалогтағы мәтінің ішіне, баяндауға қосып отырады. Бұл тәсілдің ұтымды, тиімді тұстары аз емес, алайда оны қағазға, мәтінге көшіру онша оңай көрінбейді. Жоғарыда көрсетілген «Бәти» және «Шұғаның белгісі» талдаулары бұған мысал бола алады.

«Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» атты монография жазған академик Р.Сыздық ауызша дамыған әдебиет үлгілері туралы ойларында ертегілердің канондық (тұрақты) нұсқаларының болмауын әр айтушының әртүрлі

¹³ Сыздық Р «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. – Алматы, 2014.168-169 бб)

жағдайда айтылған үлгілерінің болуымен байланыстырады (13)

Баяндау-диалог арасындағы үндестіктің құпияларын көп зерттеген ғалымдар роман теоретиктері еді. Олар ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы көлемді шығармалар үлгісіндегі баяндауларда диалогтарды және оның нақты сюжет пен фабуланы бейнелеуде әлемдік әдебиет тарихында «жаңа заман» атанған француз революциясынан кейін жазылған романдар мен прозалық шығармаларда сәтті қолданылған тиімді тәсіл екенін атап өтеді.

Алғашында прозада диалогтың өзі баяндауға сүйенеді. Кейін бұл қатынас өзгеріп, салмақтың көбі диалогқа ауатын шығармалар көп жазыла бастады.

Проза поэтикасында баяндаудағы диалогтарды драмалық сипатқа жеткізе қолданудың бірнеше тәсілдері бар. Әсіресе оны болған уақиға фабулаларын сюжетке орай баяндауда көбірек қолданатындай.

Әрине, мұның теориялық заңдылықтары оны арнайы зерттеген 205 еңбектерде көрсетілді. Болған оқиғаларды өтіп жатқандай түрге көшіре баяндағанда қаламгер өзі көргендей, араласқандай күйге келтіре суреттейді. Кейде осы баяндарға автор сезімдері, толқу, тебіреністері араласады. Бірге толқиды, шығармашылық үстінде жаңа ойларды айтады т.с.с.

Мұндай мәтіндерде кейде баяндаушы жоғалғандай, тіпті барлық оқиғаны қаламгердің өзі бастан кешкендей әсер пайда болады. Автор мен кейіпкерлер арасындағы айырманы оқырман ұмытқандай, көркем мазмұнды қаламгер бастан кешкендей күйге түседі.

Автор баяндауы басты кейіпкер сөзінің түрлі реңктерін, ерекшеліктерін өз бойына жинайды. Диалогтағы кейіпкерлер сөзіне де авторлық сөздер араласады.

XX ғасыр басындағы прозалық шығармаларда, әсіресе, қазақ романдарында кейіпкерлер мен бас қаһармандар арасындағы күрделі қатынастар байқалатын сөздерді диалогқа көшірудің және оны идеяны жеткізуде мақсатты пайдаланудың тұрақты түрде байқала бастаған бірнеше жолдары болды:

а/ Әңгіме үстіндегі адамдар сөзі ретімен келтіріледі, бірақ олардың қарым - қатынасы, сезімі, психологиясы мүлде назардан тыс қалады. Кейде өте қажетті тұстарда ремарка арқылы беріледі.

ә/ Көркем әңгіме, публицистикалық мақалалардың авторлары диалогты өздерінің ағартушы-демократтық ойларын жеткізу мақсатында қолданады.

Көп жағдайда нақты жағдаяттардың өзі соған әкеледі. Тәжірибесі аздау қаламгерлер өз таным - түсінігін соларға жиі қосады. Мәселен, осындай шығармалардың бас қаһармандары, жас қыздар немесе күйеуінен жастай айрылып, жесір қадған жас келіншектер ата салтымен атастырылған салт-санаға қарсы шығады. Олар туралы әңгіме, хикаялар жастардың тартыс, күрес үстіндегі әрекеттерін суреттеуден басталады. Басты көркемдік идея қалыңмалға қарсы күрестің ұзын-ырғасына айналады.

Мәселен, С.Көбеевтің «Қалың мал» романындағы Ғайшаның Тұрлықұлға ұзатылуына қарсы болған жастардың ойлары мен сөздері тек осы бағытта бейнеленеді. Сондықтан да олардың сөздерінің басты мақсаты осы ескі салтқа қарсы шыққан жастар мәселесінің төңірегінен ұзамайды.

Қаламгердің кейіпкерлер ішкі әлемін суреттеуі, даралауы әлсіздеу болатындықтан, көбіне суреткерлік идея қалың малға қарсы күреске, жастардың бостандығы туралы идеялар авторлық баяндауларға ауады. Тіпті кейіпкерлер де автордың тілімен сөйлеп, соның ойымен әрекет етеді. Мәселен, М.Дулатұлының «Екі қыздың мұңы» аталатын әңгімесі осындай диалогтық үлгіде жазылған.

«Айқап» бетінде жарық көрген М.Дулатұлы әңгімелеріндегі диалогтардың қолданылуына қатысты талдаулар қаламгер шығармашылығы туралы тарауларда толығырақ баяндалады.

Осы шығармалардан бастап, «Айқап» журналы бетіндегі әңгімелерде диалогтарды суреттеуде жаңа талпыныстар байқалады.

Баяндаудан драмалық сипаты мол диалогқа көшу – жаңа поэтикалық әдісті игеру тәрізді көрінгенмен, алғашқы шығармаларда диалогқа жүктелетін поэтикалық мағыналар: жәй әңгіме, драмалық тартыс, ашу шақыру, қаһарлы күйге көшу т.б тәрізді күрделі психологиялық сезімдерді көрсететін күйлер ескерілмейді.

Мұнда осы мәселемен арнайы айналысатын шығармашылық тұлғалардың ізденістері қажет. Алайда ондай қаламгерлердің қатары сол уақытта көп емес еді.

Дамыған кәсіби прозадағы әңгіме, суреттемелерде баяндау мен драмалық тәсілдердің кезектесіп келуі шығармаға жаңа поэтикалық ырғақ енгізеді. Ол шығарма композициясының тұрақты қажеттілігі ғана емес, ерекшеліктері де. Осындай маңызды әдіс-тәсілдерді қолдану кейбір шығармаларда байқалғанмен, жалғасын таба алмады.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасында ағартушы-демократтық идеялар дидактикалық мақсаттармен қатар айтылады. Мұндайда автор кейде кейіпкердің біріне айналғандай қозғалған мәселер туралы пікірлерін қосса, кейде дербестігін, әңгімеші қалпын сақтайды. Авторлық баяннан кейіпкер сөзі тәрізді берілген ойларды байқағандай болсақ та, сөйлем мен сөздің синтаксисі, лексикасы авторлық контекстке ұқсамайтынын бірден байқаймыз. Бұл жағдайда авторлық интенция көркем мазмұнға әсер етеді де, әдетте, шығарма көркемдігін кемітеді.

Ауыз әдебиеті дәстүрін сақтай жазылған шығармаларда белгісіз объективті баяншы да көрінеді. Сонда шығарма авторы мен беймәлім баяншы арасындағы идеялық, көркемдік айырманы ажырату оңай болмайды. Автор талантты шығармашылық тұлға, көптің бірі емес. Ол шығармада уақиғаға, кейіпкер тағдырына өз пікірін, танымын қоса суреттейді. Кейіпкерлер әрекетін өз байымдауынан, бағалауынан өткізеді

Автор оқырманға, тыңдаушыға арналған ойын нақты шығармасы арқылы жеткізбек. Мәселен, Абылай ханға байланысты қазақ халық прозасында осы мақсатты бейнелеудің алуан түрлі реңктері бар. Тіпті аңыздық, мифтік астарлары да жоқ емес. Солардың біріне авторы белгісіз әңгімеші тарапынан қосылатын идеялардың бейнеленуіне қатысты талдау жасасақ, сол айтылатын көптеген аңыз әңгімелер негізіндегі шындықтар сұлбасын аңғарамыз. Ол Абылайдың ар-намысқа беріктігі мен содан күш - қуат алып шешуші бір

сәттерде тәуекелге баруында. Аңыз әңгіме үшін басты идеяны бейнелеуде кейіпкерлер сөздерін суреттеудің ерекше маңыздылығы байқалады.

Шығармадан үзінді:

«Абылайдың жиырмаға жетпеген бала, бойдақ күнінде қасында Ораздық деген сарт жолдасы бар, Есіл бойында Атығай, Қарауыл деген елге Дәулеткелді бидікіне келіп, жылқы бағып, жылқышы болып жүріпті. Ата-тегін ешкім сұрамапты. «Жайың кімсің?» - деген жанға атым Сабалақ» дейді. Бір күні бәйбішесіне айтыпты:

- Мұны басқа малшыдай көрме, - депті. – Осы Сабалақты күте гөр, - дейді.

- «Қалайша» - десең, .. аш жүрсе де, өз қолыменен бір ас құйып ішпейді. Және жарты аяқ ас ішсе де, сарқытын кішкене ішпейді, -дейді.

-Және жерге отырмайды. Жәнедағы киімін шешіп, астына салып отырады дейді. –Жерге отырғанда, бас алға алуан ғамалы кем...қырдың астына барып отырады.- дейді. –Және өзі ұйықтаса үсті, шырақ жаққандай жап-жарық болып тұрады,-дейді. – Шамшырақ болса керек.

Сол бір кезде қазақтың жылқысын қарақалмақ Қатысбан деген жау алып, қазақ ұран шықырып, әу десіп қуғыншы болып, атқа мінді... бәрі аттанып қалмаққа барса, шеп құрып, қалмақ айналасын қорған қылып, соның аузына жайнатып жасау төгіп, қыз, келіншек қойып,...батырлар қызығып шапса, ар жағында бұғып (жатқан) мергендері атып тастап, қазақ... батып, салы суға кетіп кейін қайтпақ болыпты.

Сонда жылқының соңынан қалмаған жылқышылардың бірі – Сабалақ қазақтың қайтарына көзі жеткен соң, көптен оңашаға шығып аттан түсіп шүберек белбеуін құрығына байлап, ту қылып:

- Абылай, Абылай деп қалмақтың қорғанына жалғыз, барып, кіріп кетіпті,- десіпті. Құдайдың құдіретінің тамашасы - өзіне атса оқ, шапса қылыш өтпейді,- дейді...

Кеше бізден айтылмаған аруақ, шақырылмаған ұран қалмады. Бәрі дәнемеге жарамды...Өзі жалғыз болса да, тегі, заты кім белгісіз жұрттан бәрімізден бақ талайы жоғары, аруағы күшті.» (М.-Ж. Көпейұлы, 9-т., 11-12 бб.)

Мұндағы әңгіме өзегінде ертегі баяндарына тән нақыш аңғарылады. Мазмұнға айналған оқиғада образды сөздер мен диалогтар артындағы ірі заманауи ойлар тұр. Мұны кең немесе нақты шағын мәнінде ұғуға да болады. Кең мағынасы - дүниетаным, адамдар, халықтар арасындағы дәстүрге айналған қатынасты көлемге көшіре, образға бөлей, бейнелеу. Көркем мәтіндегі пікірлерді астарлы ойға апару.

Қазақ тарихына белгілі тұлға Абылай өмірбаянына қатысты баяндарда ірі оқиғаларды жеткізушілердің алғашқы идеялары сақталған. Мәтіндегі күрделі мағынаны «айсберг тәрізді» тереңге апаруда авторлық ой бар. Күрделі ойды иеленген әр бөліктің жұмбақтау мағыналары ірі образға жол бастауға тиіс. Халық прозасында сақталған осы мәтіндік ойды көп өзгертпей жеткізу Абылай бейнесін халық танымындағы шындыққа жақындатады.. Бұл халықтық прозаны құрылымдық талдауда айқын байқалады.

Сан түрлі әңгімешілер айтуында осы идеялардың көмескі тартпау сыры осында, негізгі ойлардың астарлы сипатында.

М.-Ж. Көпейұлының бұл аңыздары мол әңгімелерді өзгертпей, қағазға түсіруі оның өзегінде тұрған халықтық идеяларды құрметтеуімен байланысты еді.

Дәстүрлі халық прозасының, ауызша прозаның ел, халық тарихына қатысты әңгімелерді көп өзгертпеуі – халықтық идеялар бейнеленген жанды, тірі сюжетті суреттеулерді бүлдірмей жеткізуі деген сөз. Дүниетанымдық жайлардың бәрін де көркем мазмұнда сақтау арқылы бейнелеу астарындағы құпиялары мол мәндерді жеткізу негізгі мақсат болғандай.

Ауызша әңгіме шеберлері халық бастан кешкен оқиғаларды ғана айтып, болмаса кейіпкерлерді өз идеясына орай суреттеп отырған жоқ. Өзіне аманат ретінде тапсырылған тарихи әңгімені көп өзгертпей баяндайды. Өйткені бұл хикаялардың кейіпкерлері - аты қазаққа белгілі ірі тұлғалар. Олар туралы аңызға ұласа бастаған баяндар халық тарихы, тірлігімен байланысты. Көбі елге белгілі тұлғалар болғандықтан өзгеше қалыптауға болмайды. Ойдан шығаруға келмейтін тарихи жайлар. Ел тәуелсіздігі жолындағы тартыс, қақтығыс, шайқастарды т.б. баяндауда әңгімешілер тыңдаушылардың қабылдауына қатысты пайда болған жаңа ой сілемдеріне де көңіл аударады. Кейде адам таңғаларлық сипаты мол көркем мазмұнға, жүйеге жаңалық қосады.

М.-Ж. Көпейұлының бұл аңыздауы мол әңгімелердің түрлі нұсқаларын қағазға түсіруі сол әңгімелердегі тарихи оқиғалар арнасын өзгертпеуінде. Кейіпкерлердің ой-сезімдеріне ғана байланысы бар жаңа пікірлері сақталған. Бірақ шығарма фабуласын соны соқпақтарға салмайды. Қасиетті арнаны құрметтейді, сақтайды !

Қысқасы, қазіргі көптеген зерттеушілер жиі бара беретін сюрреалистік тәсілдерге, болжамы көп еркін әрекеттерге, тарихи деректерді тым еркін қолданатын байымдауларға бара бермейді.

Мәселен, ел тарихында болған ірі оқиғалар, жаугершілік соғыстар мен оған араласқан хандар мен билер, батырлар туралы естіген тарихи деректерді баяндауға өз жандарынан әлденелерді қосу, әдетте, олардың ерліктерін көтермелеу, дәріптеу мақсатында болса да, тарихи шындыққа қиянат болып табылады. Көбіне, мұндай қоспалар тыңдаушылардың ерекше ықылыстарына орай да жасалады.

Әрине, ел тарихына қатысты ұлы тұлғалар әлемін, оларға қатысы бар құбылыстарды әдеби- тарихи деректер арқылы зерттеген, зерделеген жөн. Бұл болашақ ғалымдар үлесіндегі маңызды жұмыстардың бірі болмақ.

Тарихи оқиғаларға баяншылар тарапынан кейін енетін қоспалар шығарма мазмұнын жаңа бағытқа өзгетуі, бұруы да мүмкін. Бірақ соны көркемдік мазмұнға, түрге бұрады деп айту қиын. Тарихи уақиғаның негізгі арнасын сақтай отырып, заманауи тыңдаушылар, оқырмандар танымына көркемдік жаңалықтар қосуы мүмкін. Әрине, ел тарихында сақталған дәстүрді, тарихқа айналған шындықты өзгерту, жаңалау оңай емес.

М.-Ж. Көпейұлы көптомдығында қазақ тарихына қатысы бар көрнекті тұлғалар туралы тарихи әңгімелер осындай өзгерістерге ұшыраған.

Бірақ негізгі тарихи дәстүрлі арналарын сақтайды. Әрбір тарихи тұлғаның басынан өткен оқиғаның әлденеше нұсқасы қатар берілуі негізгі тарихи дәйекті берік сақтау арқылы ғана жасалған. Мәселен, Қазыбек би, Абылай хан, Олжабай батыр, Балтакерей –Тұрсынбай батыр, Жидебай батыр, Баян батыр, Кенесары-Наурызбай, Құнанбай (Абай әкесі) т.б.

Тарихи тұлғалар туралы көркем шығармалар мазмұны оқырманның ойында соны пікірлер, жаңа сюжет, уәждер туғызады. Оларды қозғап, бұрынғы деректерді қопаруда, көркем шығармаларда қолдануда ерекше ескеруге тиіс жайлар да бар. Олардың кейбіреулерін М.-Ж.Көпейұлы байқаған тәрізді.

Мәселен, ғұлама ойшыл-зерттеушінің көптомдығында әңгіме болатын тарихи уақиғалардың бәрі - қазақ халқы тарихында ғана емес, ел аузында, шежіресінде сақталған шығармалар. Солардың бәрі халық санасында қалған, әрі оларға жақсы таныс, бойына әбден сіңген оқиғалар туралы шығармалар екені дәлелдеуді қажетсінбейді.

Таныс тарихи оқиға фабулаларын сюжетке бөлей бейнелеу кейінгі баяншыларға өзге көзқарас, әуен (мотив), мінез әлемін сомдауға ғана мүмкіндік береді. Кейіпкерлерді мінездеу, баяндау ұзаған сайын бейнелі тіл қызметі артады. Сюжет желілерін мекеншақта пайдалана, үндестіре, тарата әңгімелеу арқылы өмірдің өзіндей жан-жақты, терең, астарлы тірлік жасауға қол жеткізеді.

Дәл осындай сюжеттердің басты компонентінің негізі – диалог, сөз.

Диалог - көркем прозадағы аса қуатты тәсіл. Ол арқылы шығармадағы характерлер дүниетанымы, мінезі ашылады. Қаламгер кейіпкердің ішкі дүниесін оның өз сөзі арқылы жеткізеді. Оған тән лексика, фразеология, синтаксисті сақтауға тырысады. Бұл - бірінші шарт.

Екіншіден, кейіпкерлер сөзін, әңгімелерін шығармасына енгізу барысында олардың сөйлеу, ойлау ерекшелігін сақтауға тиіс. Алайда бұл диалогтарда автор қолданған бұрынғы деректер, әуен (мотив) ара-тұра бой көрсетіп отырады. Бірақ жазушы оларды шығармасына қаз-алпында тікелей қоспайды. Өзгертеді, жаңа нұсқасын жасайды. Алайда қаншама бояса да, бұрынғы «түпнұсқадан» алынған әуен сақталады. Мәселе- осында!

Әсіресе, шығарма кейіпкерлері қазаққа белгілі тарихи тұлға болғанда бұл диалогтарға ерекше мән беру керек. Оның сөзіне, ойлар астарын аңғартатын дерек тұспалдарға мән беріп отырған абзал.

Қаламгер кейіпкерлер әңгімелесуінің ыңғайына орай шығармаға қосылғанда, амалсыз олармен диалогқа барады. Демек, мұнда олардың диалогқа қатысуы - шығармашылық үдеріс үстінде өтетін жай.

Бірақ диалог сырттан қосылатындықтан, бұл оқшау көрініп тұрмай, интертекске жақын деңгейде болса теріс емес. Мұнда қаламгердің өз ойын ғана қаузауы болмаса, тарихи тұлғалар әңгімесін өз ырқына ғана бағындыруы дұрыс бола бермейді. Әрі солай болғанда көркем мазмұнмен үйлеспегені көбіне көрініп тұрады.

XX ғасыр басындағы прозада диалог үстіндегі адамдардың бет құбылуларын, қимыл қозғалыстарын суреттеу, әдетте, ауызекі әңгімелерден

сиректеу қолданылады. Бұл көбіне баяншы қоспаларының мазмұнымен бірлікте болғаны абзал. Олар деталь, штрихтар тәрізді берілсе де, шебер қаламгер қолында ғаламат қуатқа ие. Диалог үстіндегі адамдар ойын да автордың суреттеуі мүмкін. Бұл да кәсіби қаламгерге тән аса қуатты көркем тәсілдердің бірі.

Халықтық прозада өткен уақиғаға, тарихқа байланысты өмірбаяндық мәліметтердің қосылуы ғажап емес. Осында тәжірибесіз қаламгерлер көп ескере бермейтін, бірақ аса маңызды бір мәселе бар. Ол - уақыт пен кеңістіктің өзгеруіне байланысты шығармаға жаңадан қосылған бейнелеулер. Бұлар сол қоғамдық ахуалға байланысты. Өйткені мұндайда сол уақиғалармен бірге өрбіп келе жатқан мекеншақ өзгереді. Бұрынғы уақыт тоқтайды не үдейді. Кеңістіктің де өзге өлшемдерге көшуі ғажап емес. Демек, қыстырма сюжет баяндау мен бейнелеудің өткен уақытқа сай үлгілерін сақтай отырып, өзгеруіне әкеледі.

Бұл композициялық тұрғыда шығарма уақиғасын қызықтаған оқырманға көп аңғарыла бермегенмен, сауаттылар көзіне бірден түседі. Ал осы жаңалықтарды шеберлікпен пайдалану қаламгер тәжірибесін ғана емес, талантын да көрсетеді.

Халықтық әдебиетті таратушы кейінгі баяншылардың қоспалары кейіпкер санасында өтіп жатқан немесе болған үдерісті көрсету, толықтыру үшін қажет болса орынды саналады. Көбіне бұл тәсіл сюрреалистік бағыттар тәрізді әсер қалдырады. Фабула, сюжеттерге кейін қосылатын өзгеріс, жаңалықтар көркем мазмұннан бөлек көрінетін болса, шығарма көркемдігіне нұқсан келеді.

Прозалық шығармаларда әсіресе желілі әңгімелер мен хикаяларда ішкі үндестік үдеген сайын оның құрылымы, көркемдік қуаты да жоғарылайды. Ішкі үндестік баяндау, суреттеу ырғағына қосылып, өзгеше келісті көрініс табады. Оның әр бөлігі көркем бітімге, бүтін бітімге айналады. Олар бір біріне сәулесін түсіреді, үндеседі, оқырман ықыласын тербейді.

Осындай қоспалар көбіне кейіпкерлер портретін диалог арасында бейнелеуге, толықтыруға, күшейтуге қатысты қолданылады. XX ғасыр басындағы қазақ прозасында портреттердің осы тәсілмен шебер жазылғандары аз емес. Мысалы, «Қилы заман» романында.

Диалогтар арқылы табиғат көріністерін де кейіпкерлер мінез құлқымен, сюжетпен үндестікте суреттеуге де болады. Алайда, мұның да өз өлшемі бар.

Прозаның ірі заңдылығының бірі – көркемдік дәлдік. Оны сәл артықтау қолдану мен жеткізе алмау шығарма үндестігін бұзады. Көлемді күрделі шығармада хикая мен романның әр тарауы мен бөлігі арасында үндестіктің, былайша айтқанда, поэтикалық диалогтың болғаны жөн.

Шығарманы қызыға оқыған оқырман оның архитектуроникасындағы, композициясы мен құрылымындағы алалықты бірден сезеді.

Әңгімелер мен хикаяларда, романдарда баяндау үлгісі өзгеріп тұрады. Бұлардың озық үлгісі ауызекі баяндауларда байқалады. Алайда оларды қағазға көшіру, үлгі ретінде пайдалану тіпті де онай емес.

Мәселен, «Шұғаның белгісі» хикаясындағы ауызекі әңгіме, халық про-

засының көркемдігін бұзбай бейнелеу үшін Б.Майлин тірізді аса талантты қаламгерлер керек.

Көптеген жазушылардың көлемді шығармаларында бас кейіпкер ретінде әңгімешілерді пайдалануы – біртекті баяндаудан құтылу үшін қолданған тәсілдердің бірі тәрізді әсер қалдырады. Алайда халық прозасының баяншылары мен кәсіби жазушылардың кейіпкер - әңгімешілерінің шығарма поэтикасындағы атқарар қызметтері мүлде басқа.

5.1. В.Радлов, Г.Потанин, Ә.Диваевтар жазып алған әдеби мұралар үлгісі

Халық прозасын көркемдік мақсатта қолдануда өнер шеберлерінің қандай нәтижелерге жеткенін оңай байқауға болады. Оның басты себептерінің бірі аталған зерттеуші ғалымдардың көркем әдебиет классиктерінің үздік шығармаларымен таныстығында. Олар жазып қалдырған әдеби мұралардың үзінділеріне көз салудың өзі халық әдебиетіндегі прозаның диалогты көркемдік мақсатта да шеберлікпен пайдаланғанын аңғартады.

Мәселен, «Ел қазынасы - ескі сөз» аталатын жинақта (В.Радловтың өз кезінде жинап бастырған), бірақ 1994 жылы ғана «Ғылым» баспасы бірінші рет толық түрде жариялаған кітапта халық әдебиетінің небір тамаша үлгілері бар¹⁴. Олардағы диалогтардың қалай қолданылғанын көрсету үшін жазып алған шығармаларынан үзінділер таңдалып, теріліп алынды.

Алдымен кітаптың алғысөзінен: «Қазақ әдебиеті шығармаларын қазақтардың өздері екі бөлімге бөледі: халық шығармалары (қара сөз) және кітаби өлең. Халық шығармаларын қарапайым халықтың ауызша тараған өлеңдері мен әңгімелері құрайды, сондықтан да оған қазақ халқының исламдіні әсері тие қоймаған шығармалары жатады.»

Осы халық прозасы үлгілерінен алынған бір мысалда ертегілік, аңыздық сипат айқын көрінеді. Тіпті бас қаһарман ретінде «тазша» алынған:

«...Қатын ертеңінде тұрыпты, беті қолын жуыпты, байына айтыпты:

- «Сен бүгін шәріге (шаһарға.-З.Б) бар, онда бір адам қаракөк ат сатар, сонысын сатып алып кел!» депті. Ақ орамалға ділдә түйіп беріпті.

Байы орамалды алып, қойынына салыпты. Шәріге жаяу келіпті. Базардың басында жүрсе қаракөк ат жетектеп жүр екен.

Тазша тұрып айтты: «Ағаеке атыңды сатамысың? - деді.

«Тазша; сатамын не бересің?» деді.

- «Екі ділдә» берейін».

- «Үш ділдә бер,

- «Орамалдағымды берейін».

- «Орамалымен бер», - деді.

Тазша берді. Қаракөк атты қолына алды. Қаракөк атты жетектеп үйіне келді. Қаракөк атты байлады ыстолбыға, үйіне енді.

Қатын сұрады:» Келдің бе?»

«Келдім», - деді. (146-б.) **

¹⁴ «Ел қазынасы-ескі сөз» В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері. - Алматы,1994..9-б.;

Осы жинақтан тағы бір үзінді:

Абылай хан

Бұқар хан Абылай ханға айтты: «Маған қызын жіберсін».

Қырық бименен қызын жіберді, алты қанат ақ үймен, он нарға жүк артып.

Бұқар хан қырық биден сұрады: Абылай хан тегі асыл ма, менің тегім асыл ма?»

Қырық би айтты: сіздің тегіңіз асыл, сіздің жеріңіз асыл, өзіңіз асыл, сіздің жеріңізде етікпен намаз оқырға жарайды.

Бұқардың ханы сұрады: «Жолдасыныңыз бар ма қасыңызда?»

«Бір атшы бала бар, он үште келді.»

Бұқар ханы айтты: «Е, балам» деді, «менің тегім асыл ма, Абылайдың тегі асыл ма?»

Бала айтты: «Абылай тегі асыл».

Хан «о неге? айтты».

Бала айтты: «Абылай атасы нұрдан пайда болған. садағын күнге асқан, сіздің атаңыз Қоқандық қара сарт еді».

Бұқардың ханының қырық биге сыйлап бергені, жаңғыз балаға бергенге тең болды.» (280-б.)

Г.Потанин жазбаларындағы үлгілер.

«Атақты Сүлеймен патша өзінің кіші ханшасына: нені қалайтынын сұрапты, не қаласаң да орындаймын деген көрінеді. Сонда кіші ханыша маған құстардың сүйегінен сарай салып беріңізші депті. Сүлеймен патша барлық құстарға жар салып өзіне шақырып алыпты да, неге шақырғанын айтыпты. Шошыған құстар Сүлейменнен бұл бұйрығын орындаудан бас тартуды қанша жалынып сұраса да, даңқты айтыпты. Мұны аңғарған құстар тағдырға мойынсұнып тұрып, құстардың патша бұйрығын өзгертпейтінін бәрі келді ме екен соны білуді өтініпті.

Тексеріп қараса байғыз ғана жоқ көрінеді.

Оны алып келуге лашынды жұмсапты. Барып келген лашын байғыздың киын есептермен отырғанын, сондықтан келе алмайтынын айтыпты.

Ашуланған Сүлеймен оны алып келуге қырғиды жұмсапты. Оған да сылтау айтып байғыз келмепті.

Қаһарына мінген Сүлеймен патша оны алып келуге қыранды жібереді, Ол байғызды алды артына қаратпай алып келеді.

Сүлеймен шақырғанға неге келмейсін деп ақырғанда, байғыз: Мен кішкентей ғана құспын ғой. Мына әлемде тірілер көп пе өлгендер көп пе? - деп есептеп жатыр едім, бітіре алмағасын келе алмадым дейді.

Сонда қалай, қайсысы көп екен» деп сұрапты Сүлеймен патша.

«Өлгендер көп екен» - депті байғыз.

«Сен өтірік есептегенсің ғой» депті Сүлеймен патша. «Бұл шындық емес.» Сен «өлі тірілерді қалай есептедің?».

«Мен өлі жандарға таңғы намазын оқымағандарды қостым» депті байғыз.

– «Мұның шындық екен» - депті Сүлеймен. Ол үнемі таңғы намазды

ұйықтап қалып, уақытында оқымаушы еді.

«Екінші шақырғанда неге келмедің?

«Әміршім, мен мына жалғанда әйелдер көп пе, еркектер көп пе соны санаумен айналыстым»- депті байғыз.

«Өкінішке орай еркектерге қарағанда әйелдер көп шықты».

«Сен қалай олай шығардың» депті, ашулы Сүлеймен.

«Әміршім, мен қатындарды тыңдаған еркектің бәрін әйелдерге қосып едім» депті байғыз.

Сонда есін тез жиып,, мәселенің қайда жатқанын байқаған Сүлеймен әйелдердің құбылмалы еркелігінің бәрін орындауға болмайтынын ұғып, құстарды босатқан екен».¹⁵

Ә.Диваев жазбаларындағы қазақ халық әдебиетіне қатысты жазып алынған мұралар көлемі таң қалдырады. 1920-1921 жылдары Жетісу мен Сырдария өлкесінен жазып алған шығармалар «... 240 дәптері, яғни 8 мың беттік мағлұмат жинаған. Олардың көбі тарих, хикаялар, шежірелер, аңыз-легенделер, ертегілер дастандар...» екен.¹⁶ Бұл ертегі, әңгіме, аңыздарда баяндау мен диалогтардың жазылу үлгісінің талай түрлері кездеседі.

Мәселен, «Бекет батыр» хикаясынан:

«...Сол уақытта Орынбор қаласында тұрған оязный начальник әкім бәрі қарамақты жұрттарына жарлық салыпты: осы Бекетті маған, бенде ғып, ақпейілін алып алып беретіндер бар ма екен?- деп. Оны ешбір кісі айта алмапты, бірақ сонда бір кісі айтыпты: «Ол Бекеттің ешбір кісі ақпейілін бере алмайды, - өзі батыр, өзі мықты, ер жігіт, оған ешкім бата алмайды; егер мұнда ертіп келсе, бір айла қылып, ақпейілін берер еді.

Бір Шернияз деген досы бар, соған айтыңыз,- деді. Оязный әкімнің көңіліне бұл сөз мақұл түсті. Әзір барып, Шерниязды шақырып алды, шақырған соң Шернияз келді. Шерниязға айтыпты: Әй, азамат, менен әрнеме қаласаң, алғын, әм оязный әкімнің үлкен помошнигі болғын деді. «Мақұл» деп, сайтан жолына түсіп әрнеме деп досы Бекет батырды азғыра берділер. Бекет ешбір көнбеді. Онан соң қайтып, оязныйға барды: «Әй, тақсыр! Мұны бір айла қылып алмасақ, болмас»,- деді. «Қандай десеңіз, маған қазнадан үш жүз тиллә ақша беріңіз, мен сол ақшамен айла қылып, соңына түсіп, алдап алмасақ, болатұғын емес», - деді. Әкім «хош»,- деді, Үш жүз тиллә ақша берді., ол ақшаны алып барып Бекетке берді, айтты: «Әй, Бекет батыр, бұлардың енді білдіңіз бе қастығының жоқтығын, болмаса, сізге ақша бере ме еді?» - деді. Онан соң Бекет батырдың көңілі еріп, досы Шерниязға сенді.

«Бұл маған жамандық қыла ма? Әм бұл кәпірден қашып жүріп жан сақтайыи ба? Қашып жүргенді лайық көрмей, кел, батыр, жүрсең жүр, - деп, жарақсыз, жабдықсыз жүре берді. Артынан Есет батыр ағасы бір келгенде үш келіп, «барма!» - деп еді, болмастан жүре берді.....ер Бекеттің қолына құрсау, мойнына шынжыр, аяғына кісен салып, көк арбаның артына таңып, Орынбор, Петербордан Сібірге айдады...»¹⁷.

¹⁵ Потанин Г.«Қазахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина».-Алматы,1972.161 б.

¹⁶ Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар.Ғылыми-зерттеу мақалалар. –Алматы:Жазушы, 1985.150-151- бб.

¹⁷ Диваев Ә, Тарту.-Алматы:Ана тілі, 1992. 97-98 бб

Халық прозасының үлгілерін жариялаған жинақтардағы ертегілер мен аңыз, әңгіме, естеліктердің бәрінде де диалогтар өте мол және түрлі мақсаттарда қолданылады. Бұларды жазып алу (стильге түсіру.-Стилизация), жариялау барысында сол жылдардағы баспа мен баспасөзде қалыптасқан.

Бірақ сонда бір кісі айтыпты: «Ол Бекеттің ешбір кісі ақпейілін бере алмайды, - өзі батыр, өзі мықты, ер жігіт, оған ешкім бата алмайды; (Мұнда үлгілерге сай түзетулердің болғаны анық.)

Алайда, шебер қаламгерлердің қолына түскендері әдебиетіміздің мақтанышына айналған туындылар болды. Мәселен, Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» мен Ж. Аймауытовтың «Әнші» т.б. шығармаларын айтуға болады.

Бірақ есте болуға тиіс маңызды бір ақиқат: диалог - баяндау арасындағы күрделі байланыстарды қазақ қаламгерлерінің де (қандай жағдайда болса да), ауызекі әңгіме шеберлері де баяндарда да аса сәтті қолдана бастады. Осы үлгілерді салғастыра-салыстыра талдай қарағанда мына жайларды анық аңғауға болады:

1. Диалог арқылы жеке тұлға характері ғана емес, қалыптасқан әлеуметтік, қоғамдық орта ахуалы танылады.

2. Кейіпкер ішкі әлеміндегі үдерістерді көрсетуге болады. (Бұл бағыттағы әдеби деректер көркем шығармаларда жеткілікті).

3. Прозалық шығарма композициясындағы диалог уақыт пен кеңістік, уақиға өтетін ортаны көрсету үшін де қолданылады.

4. Кейіпкерлердің ішкі әлемін ашуда диалогтың астарлы ойларды сездіруге емеуірін түрінде болса да ықпал ететінін байқауға болады.

5. Прозаның барлық түрлерінде шағын репликалар да қолданыла бастаған. Оны кейіпкерлер қандай жағдайда айтып отыр, соны диалог арқылы жеткізуге талпыныс жасайды. Тапқыр сөз бен ойлары мол диалогтерда интертекстер көп кездеседі.. Диалогты қолданудағы ірі мәселелерге жол ашқан идеяларда көркемдікке қатысты талай жайлар байқалады.

6. Авторлық мақсат пен диалогтар мазмұны арасындағы үндестік көрінеді.

7. Диалогтар үстіндегі кейіпкерлердің бет әлпеті, қозғалысы, жүрісі, күлкісі, ашулануы т.б.көңілінің түрлі құбылыстары көрсетілген

Қазақ халық прозасының тыңдаушыларға әсері мен көркемдігі және кәсіби проза қалыптасуындағы маңызы С.Мұқановтың «Өмір мектебі» романының бірінші кітабында өте сәтті бейнеленеді. Ел ішіндегі әңгімеші мен тыңдаушы және жазып алушылар арасындағы байланыстардың табиғи көріністерін талантты қаламгер өте ерте аңғарған және сақтауға тырысқан.

Бұл оқиғаларды қаламгер 1930 жылдардан бастап жазып, «Жаңа әдебиет» журналының 1-5 сандарында жариялаған. Әңгімелер әсері суымай тұрғанда қағазға түсірген сыңайлы. Өйткені кейін жарық көретін екінші, үшінші томдарында қаламгер халық әдебиеті, ауызша әдебиет дәстүрлерінен гөрі кәсіби проза үлгілеріне басымдық бере бастаған.

5.2.С.Мұқановтың қазақы әңгіме, хикаялар көркемдігін қолдануы.

С.Мұқанов тәрізді қазақ қаламгерлеріне тікелей көмек көрсеткен, олардың қолжазбаларын оқып, пікір айтқан, аяқтарына тұрып кетуіне көмектскен қаламгерлер қазақ әдебиеті тарихында некен – саяқ. Сол тәрізді қазақ оқырманы үшін еліміздегі елеулі оқиғаларға қоян-қолтық арарласып олардың мән-жайын, мақсат-маңызын түсіндіріп жағдайға қарай ел басындағы әкімдер мен әкім қараларға сыныи пікірлер айтып, шамасы жеткенінше көмкетеспек болған да сол. Ақжолтай, «атымтай жомарт» нағыз қазақи мінез құлықтың иесі еді...

Бұл ой-пікірлерді жалғастыр беруге болады. Оны қаламгердің көзі тірісінде айтқан ұстазымыз Т.Нұртазин мен Т.Кәкішұлы, С.Қирабаев, М.Базарбаев, Н.Ғабдуллин, М.Хасеновтар оқу құралдары мен іргелі зерттеулер жазды. Көрнекті қаламгер туралы кейінгі ғалымдар мен сыншылардың айтқандары да жетерліктей.

Солардың арасынан Сәбит Мұқанов туралы терең талдаулар мен зерттеулерге сүйенген байсалды ойлар айтқан қоғамдық гумаитарлық ғылым үшін аса маңызды, мәні зор бес кітап жазған зерттеуші, ғылым докторы, жазушы Қ.Ергөбекті ерекше атауға болады. Бүгінгі таңда С.Мұқанов туралы қоғамдық сана пікірі құбылмалы. Ақша мен атақ, абыройға қарайлаңқырыған мына заманда, қаламгердің талантты жазылған кітаптары мен ой-пікірлеріне қарсы пікір айтушылар табылады. Әрі аз емес. С.Мұқанов «кеңес үкіметінің жаршысы» болды деушілер арасында кезінде қаламгердің көмегін, ағалық ілтипаты мен әкелік қамқорлығын көрген талайлар да болды. Олар бірер беттік мерейтойлық мақалаларында үкімет идеологиясының үкімдерінен үркіткендей кібіртіктеп жаушының кітаптары мен өмірі туралы жарамды сөз айта алмайды, Тіпті бір кездерде әдеби талдаулар мен деректерге сүйене айтқан мақалаларын да ұмытатындай...

Мына оқу құралындағы басты мақсатымыз С.Мұқановтың қазақ халық прозасы әдіс тәсілдерін қолдануы мен оның кәсіби проза дамуындағы ой пікірлеріне шолу сипатты тоқталу ғана.

С.Мұқанов қазақ ауыз әдебиетін өте жақсы білген. Қазақ халық прозасының негізгі ірі шығармалары мен басты бағыттарын аңғара білген қаламгер, - деп проф.Т.Нұртазин лекцияларында айтып отыратын Негізді ойларын зерттеуінде жазды. Өкінішке орай ірі ғалымның С.Мұқанов, Б.Майлин туралы ойлары көп айтылмай келеді. Кезінде жазылған кітаптары да тозды. Оларды тауып оқу да оңай емес.

С.Мұқановтың қиын тағдыры мен күрескерлік рухы туралы проф Т.Кәкішұлы біраз зерттеулер жүргізді. Халқын қалтқысыз сүйгер қаламгердің кеңес идеологиясы мен компартияға қызметінің жазушылық қызметіне қаншалықты кедергі болғанын да көрсетті. Қ.Ергөбектің ойларында осында айтылған пікірлердің талайы ашылады...

«Зерттеушілер Сәбит Мұқанұлы әдебиет есігін ақын болып ашты дейді.

Бұл – жаңсақ. Сәбит Мұқанұлы әдебиет есігін эпос айтушысы - жыршысы ретінде ашқан» Табиғатынан дарынды бала жазба әдебиет өкілі болып қалыптасқанға дейін қазақтың талай эпосын жатқа білген, білгенін өрістете дамыта алқалы талай топта айтып, талай жанның құлағының құрышын қандырған, «әп, бәрекелде» дегізген, Әдебиетке ол осылай келген. Сәбит Мұқанұлының эпос айтушысы болғанын елемей-ақ қоюға болар еді, егер оның шығамашылығына кейін ауыз әдебиетінің ықпалы болмаса. Бұл жерде ескеуге тиісті екі мәселе бар. Біріншілен, бала Сәбит аузынан эпос нұсқалары жазылып алынған жоқ, Бұл өкінішті жайт. Өйткені Сәбит айтты деген талай эпос не тарихта, не архивте жоқ...Екіншіден, С.Мұқанұлы шығармашылық тағдырына оның эпос айтушы өнерінің ықпала болды. Жалпы ауыз әдебиетінің жезба шығармашылыққа ықпал етуінің кезең-кезеңі, түрлі аспектісі бар ғой, әрине. Ол өз алдына. Егер Сәбит Мұқанұлы эпос айтушысы болмағанда, «Сұлушаш» секілді қазақ поэзиясының бір інжу маржаны тумайты еді ғой». (1. Ергөбек Қ. Келбет (Сәбит Мұқанұлы тағдыры).- Нұрсұлтан:Фолиант,2020. –Б.6-7.)

"Сұлушаш" С.Мұқановтың бала кезінде талай жатқа айтқан халықтық дастан негізінде жазылды. Оның ел арасындағы үлгілерін Ғ.Мүсірепов те жақсы білген. "Ұлпан" романында осы дастанның ел ішіндегі айтылуы мен үзінділерінен мысал да келтіреді.

Бәт құндыз қыз балаға жарасқандай
Тұман жоқ ер жігітке адасқандай.
Саласын Сартоғайдың мекен еткен
Бар екен Қантай атты бір асқан бай.
Сұлушаш — Қантайбайдың жалғыз қызы,
Сипаты хор қызымен таласқандай...

(Кенжетай айтатын жырдан)

С.Мұқанов роман жазу барысында көп еңбектенген.Ұзақ толғанып, ойланып, қайта-қайта оралып жазған. 1926 жылы бастап жазған романды 1928 жылы бітіргенде көңілі толмаған. Оның сыры роман поэтикасындағы, тіліндегі (лингвистикалық мәнде емес) алалықты, қайшылықты автордың аңғаруы болса керек. Роман өзегіндегі өмірлік материал - халықтық дастанмен социологиялық реализмге негізделген автор дүниетанымымен қайшылыққа келген. Ал оларды үндестікке жеткізу қаламгердің қолынан келмеген, қаламгер соны сезіп қиналған.

Жиырмасыншы жылдардың орта тұсынан ауа әдебиетке идеологиялық ықпал күшейе түсті. Әсіресе, оның құралына айналған ҚазАПП-тың құрылуына байланысты бұл әрекет күн санап қатайып, жедел өрби бастады.

Көркем әдебиет пен шығармашылыққа таңылған таптық, партиялық көзқарасты жақтаушыларды пәрменді қолдаушылардың бірі С.Мұқанов романдарындағы тақырыптық, идеялық ізденістердің шығарма поэтикасымен қайшылығының негізгі бағыты осы арналардан табылады. Алайда, өзіндік ерекшеліктері де бар. Мысалы, 20-жылдарда махаббат тақырыбына шығарма жазу онша абыройлы іс емес тұғын. Тіпті, С.Мұқановтың өзі де осылай жариялай айтып та жүрген.

"Жоқ!.. Кавалер бола алман,
Сүймеспін де жана алман!
Еңбекті ермек қылайын,
Сол-ақ болсын сүйгенім!

Алайда, мәселе — таптар тартысында, саяси күресте деп жүрген қаламгерлердің бір емес екі үлкен шығармасының — "Сұлушаш", "Адасқандар" романдарының махаббатқа арналуының өзі ойлантады.

1926-1928 жылдар арасында жарық көретін "Сұлушаш" романының өмірбаяны да қызық.

Автор қолжазбасының сыртына "фантазиялы роман" деп белгілеген шығармасы жарық көргенде поэма болып өзгертіледі. Көп кешікпей сол кездегі беделді саяси-әлеуметтік журналдың /"За партию" ВКП /б/ Орталық комитетінің Орта Азия бюросы мен Қазақстан өлкелік комитетінің журналы/ бетіндегі мақалада: "С.Мұқановтың "Сұлушаш" атты роман-поэмасы жеке кітап болып шықты... Қазақ тілінде осы күнге дейін көлемді әлеуметтік роман жоқ,"— деп жазды. /Т.Нұртазин. Жазушы және өмір/ Алматы, 1960. 121/

Содан бастап "Сұлушаш" туралы жазылған еңбектерде шығарма бірде роман, бірде поэма деп аталады. Шығарманың бұлай бағалануына С.Мұқановтың өзі де біржақты жауап берген жоқ. Романдық белгілері мол бұл шығармасының осылай бағалануын теріс те көрмеген тәрізді. Шығарма жазғандағы мақсаты роман болғанын айтқанбыз.

"Сұлушаш" дастаны — С.Мұқановтың талай таңға жырлаған шығармасы. Мифтік элементтері мол романтикалық дастанды қаламгер таптық позициясы, идеясы айқын реалистік шығармаға айналдырмақ болады. Дастандағы халықтық поэтика, әлеуметтік мазмұн реалистік әдіспен ғана емес, қаламгердің таптық саяси-әлеуметтік идея негізінде қалыптасқан дүниетанымымен қайшылыққа келеді. Мұны романды зерттеушілердің көбі байқайды. Романда халықтық дастан ой-өрнегін, көркемдігін сақтай жазылған беттер мен бай-кедей, тап тартысына арналған бөлімдер (жазушының жаңадан қосқандары) қайшылыққа келеді. Тезек, Шұнаққа арналған бөлімдер шығарма поэтикасына мүлде үндеспейді. Және махаббат тақырыбындағы мұң-зарға орана бейнеленетін хикаялардың "тағдырлар трагедиясының" тындаушыға әсерін С.Мұқанов жанымен сезінген, алайда оны қалай қолдануды, ресми идеологиямен қалай үндестікке келтіруді таба алмай қиналған.

"Сұлушаштың" жазылу тарихы мен көркемдік ерекшелігін зерттеушілер жазушының романды қазақтың өткенін мадақтаған ұлтшылдарға қарсы идеяда жазғанын айтады /Нұртазин Т. Жазушы және өмір. Алматы, 1960. 119-б.; Нарымбетов Ә. Қазақ совет поэмасы. Алматы, 1977. 186-б./. Бұған негіз болатын ойды роман басындағы алғы сөзде ("Кілт") С.Мұқанов та айтады:

Ескі өмір құрысын, құмар емен,
Ескіге емес, алдағы күнге сенем.

Бұрынғы ескі өмірдің мұңлы зарын,
Жаңа өмірге бейнелеп, айтып берем [2].

Қазақтың өткенінің бәрі жақсы емес. Сұлушаштай атақты Тілеуберді бай қызының өзі тілегіне жете алмаса, басында бостандығы болмаса, басқаларға не шара! — деген идеяға лайықты көркем мазмұн жасауды мақсат қылады қаламгер.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі сын объектісіне айналған туындылардың бір тобы — тарихи уақиға, аңызға негізделген шығармалар.

Қазақтың өткен тарихындағы ірі уақиғалар мен ел білетін тұлғалар осы шығармалардың басты объектісіне айналған. Негізінен оларды дәріптей жазу жиырмасыншы жылдардың бас кезінде жиі кездеседі. Бұл қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі бағыт тәрізді де көрінеді. Ақын-жыраулар мен қаламгерлер өлі қалыптасып үлгермеген жұпыны, қайшылығы мол жаңа өмірден гөрі, өткен өмір сән-салтанатын, романтикасын дәріптей жазды. Тарихи тақырыпты көркем инверсия ретінде де пайдаланды.

"Құралай сұлу", "Батыр Баян" тәрізді шығармаларды ресми идеология шабуылына қарамастан қоғамдық сана жақсы қабылдады.

С.Мұқанов "Сұлушаш" романын қазақ әдебиетіндегі осы дәстүрге (әдебиет тарихында бұл өте көп кездесетін құбылыс) қарсы идеяда жоспарлаған. Сол бағытта ізденген: С.Мұқанов идеясы — қазақтың өткен тарихы идеал емес; онда мұң-зар көп. Сондықтан, оны дәріптеу Совет әдебиетіне жат құбылыс т.б. Алайда "Сұлушаш" романында тақырыптық мазмұн - әйел, қыздар тендігі, сүйгеніне қосылу жолындағы күресі дәстүрлі қалыпта алынады.

Шығармаға материал — халықтық эпос, дастан фабуласы. Осы фабуланы пайдалана отырып тап тартысын, теңсіздікті көрсетуді автор мақсат қылды. Ескі өмір идеал емес, онда қасірет үстіне орнаған салтанат, тәлкекке ұшыраған адамдар тағдыры, қатыгез салт-сана бар дегенді бейнелемек болады автор.

Өткен күн таң-тамаша ертегі ғой,
Ерлері бұрынғының өрт еді ғой, —

дегенге қарсылықты Сәбит Мұқанов осы бағытта алады.

Иса, Мағжандардың "Құралай сұлу", "Батыр Баянды" жазғандағы мақсаты өткенді көксеу, соған оралуды көздеу, сонда шақыру деп кім айта алар?! Алайда Совет үкіметі жылдарында сыныққа сылтау іздеген ресми идеология айтқызды. Әлемдік қоғамдық санада өнердегі өткен күндер романтикасын, қаһармандығын дәріптеуді тарихта алғаш рет біз осылай өңін, айналдыра бастадық.

Шынында, мәселе басқада болатын. Әдебиет теориясында тарихи инверсия деген терминмен белгіленетін бұл бейнелеу тәсілінің мақсаты мүлде өзге. Мәселе ел, халық тарихының өткендегі ірілікті, ерлікті, елдікті қорғауға ұмтылған ерлерді жырлау арқылы адамзат тарихындағы ірі әрекеттерге ұмтылған адам рухын тірілту, еңсесін көтеруде болатын.

Мағжандардың бұл тақырыпқа баруына одан басқа да бірнеше себептер әсер етті. Алдымен, ресми идеологияның өткеннің бәрін түнекке теңеген

өтірігі ашындырды. Ел билеп, халық басында тұрған қоғам қайраткерлерінің -хандар мен батырлардың, шешендер мен билердің, дінбасылар мен абыздардың, бақсы-балгерлердің бәрі зорлықшыл жауыз болған жоқ. Дәулетті болғанның бәрін қанаушы, қарақшы, зорлықшыға айналдыра бастаған жалған идеологияға қарсы күресу керек болды. Ел болашағы өз тарихынан, ділі мен діні, салт-санасынан безуде емес екенін, қайта керісінше, қасиетті тарихты, дәстүрді қастерлеуде екенін көрсету, ата-баба аруағына ара түсу қажет болды.

Мұны ресми идеология басындағылар өзгеше түсіндіруге асықты. Өңін айналдырды. Ұлт мүддесін көздеген қозғалыс басында болғандар — ұлтшылдар, идеалы қазақ елі тарихындағы ірі уақиғаларды жазу — еткенді көксеу т.с.с. теориялар жасалынды. Ресми идеологияны түсіндіруге, егуге тырысты. С.Мұқановтың бұл идеологияны қолдауының объективті негізі де бар еді: "1916 жылы Тасбай ағасы майданға кетіп бара жатқанда жолына қарап жылауды ғана білетін" С.Мұқанов, 1919 жылы революциялық Советтік поэзиямыздың көрнекті тұлғасы — "Бостандық" өлеңін жазды.

Небәрі үш жылда ақынды сонша өрлендіре өсірген — "революциялық өмір" — деп Т.Нұртазин жазғандай... Сәбитті — Сәбит қылған үкіметі, партия болатын. Жасынан жетім-жарлы өсіп жоқшылық көрген С.Мұқанов сондықтан да оның солдаттына айналды. Қаламгер дүниеге тап тартысы бесігінде қалыптасқан дүниетанымымен қарады. С.Мұқановтың осы саяси-әлеуметтік дүниетанымы "Сұлушашта" 1926 жылдары басым көрінеді.

"Сұлушаш" романындағы тартыстардың жасандылығы бірден аңғарылады. Себебі, шығармада халық дастанының көркемдік жүйесі мүлде жаңа таптық, тартыстармен өзгертіледі. Алайда бұл тартыстар сипаты көркем құрылымы өзге бөлімдерімен үндестікке келе алмаған. Алдымен Алтайларға қарсы жақ тұрмысы, өмірі, әрекеті бейнеленбей бағалана баяндалады: кедей, батырақтың соры қанаушы, байлардан, Алтайлар қаншама бейнет, қиындық, қиянат көрсе, Сұлушаштар соншама салтанатты тұрмыста болады. Алтай соған ашынады, — дейді автор.

Сұлушашқа қолының жетпейтінін Алтай әлеуметтік, таптық теңсіздіктен көріп, таптық қайшылықтар туралы монологтарға кіріседі.

"Неге бұлай жараттың?"— деген ой үнемі қайталаанады. Қайшылықты сезінетін де, қапа болатын да, қайраттанып күреске шығатын да — Алтай.

Романда осы тартыс, қақтығыстың себеп-мақсаты бас қаһарман аузынан айтылады, жалаң хабарланатын тұстары да жоқ емес.

"Сұлушаш" романын ресми сын жатырқай қарсы алып, қатты сынға ұшыратты. Оларды Сұлушаш тәрізді сұлудың өмірі бейнет көрген жалшы Алтайға неге ғашық болғанынан гөрі, Алтайдың бай қызына ғашық болғаны ашындырады: "біз өзімізге қарсы таптың еркегімен қас, әйелімен дос боламыз ба?"; "Бізге қарсы таптың әйелі де қас, еркегі де қас"; "Алтайды ақын қанша дәріптегенмен ісінің бәрі жындылық... Алтайға мұндай сүйіспеншіліктің не керегі бар? Тегінде Алтайдың дені дұрыс емес. ...Алтай өлмей-ақ Сұлушашты алды делік: Сонда кегіміз бітер ме еді? Пәле де болмас еді. Қыз алу-берумен таптың тартысы, кегі шешілмейді ғой. Не деген саяси

сауатсыздық?" т.б. Профессор Т.Кәкішев осы бағытты сындарды талдай келе, ресми үкімет қолдап отырған таптық, социологиялық негіздерді, идеологиялық мақсатты ашып көрсетеді /Кәкішев Т. Октябрь өркені, 1962. 128-140 бб.

"Сұлушашқа" бағытталған сындардың қатты болғаны сонша, жастар арасындағы романтикалық махаббатты суреттейтін романынан "Сұлушаш" шығармашылық зор қателігім болды",— деп С.Мұқанов безіп шыға келді. Көп үміт күткен көркем шығармасынан "дискуссияшыл" Сәбиттің оп-оңай бас тартуы 20 жылдар сыны артында тұрған саяси күштің сананы шыдатпайтын сұмдық ызғарын байқатады.

Халықтық роман, дастандық үлгіде романтикалық пафос мол, оның әуендерін таптық көзқарасты шығармасының негізі қылуды жоспарлаған С.Мұқанов жол алмаған. Қажет десеңіз, романның ең жақсы жазылған жарқын беттері де осылар, халықтық дастан поэтикасы арнасында жазылған жолдар. Алайда С.Мұқанов халықтық дастандағы роман соңына таман келетін мифтік мотивтерді түгелдей алып тастаған. Қаламгер қалыптасқан фабуланы реализмге бұрғанның өзінде де романтикалық пафос қашан да көрініп тұрады. Бұл пафос жай ғана сақталмай, С.Мұқанов қолданған жаңа әдіске, социалды реализмге көнбей, онымен қайшылықта көрінеді. Мысалы, сән-салтанат құшағында еркін өскен Тілеуберді байдың жалғыз қызы қой соңында жүрген "аяғы тілім-тілім, киімі өрім-өрім, бет-аузы салтақ-салтақ Алтайға қалай ынтық болады. Мұның мотиві шығармада мүлде айтылмайды. Ал халық дастанындағы Алтай сері жігіт, дәулетті де, басқа жағдайлары да Сұлушаштан бір де кем емес.

Жазушы реалистік шығарма ретінде жоспарлаған роман құрылымында халықтық эпос, дастанның көркемдік жүйесі мен бейнелеу құралдарының кездесуін қаламгердің дәстүрлі әдебиет үлгілерін сақтауы ретінде де, қалыптасқан фабуланы сақтауымен де, болмаса әдейі ойластырылған әдеби тәсіл ретінде де түсіндіруге болады. Бұған "Сұлушаш" романының күрделі көркемдік сипаты мүмкіндік береді.

С.Мұқанов "Сұлушаш" романына халықтық фабуланы нақты материал ретінде алып отырса да, таптық идеологияға негізделген, бейнелеу принципі оны өзгертуді талап етеді. Қаламгер шығарма өзегіне реалистік өмір көріністерін негізбек болады. Ойдан шығарылған бұл бөліктер халықтық дастан өзегіндегі шындықтармен, объективті, субъективті интенцияда мүлде үйлеспейтін еді. Олардың арасындағы ақ-қара (контрасты) сипаты қайшылық роман көркем мазмұнында анық байқалады.

Халықтық дастанның басты қаһармандары бір-біріне ғашық болған бай балалары. Сұлушаш қаншалықты сұлу болса, Алтай да — соған сай өнерлі, әр, сері, сал жігіт. Негізгі фабула осы екі жастың қосылу жолындағы әрекеттері, онаша ұшырасулары — ғашықтық, романтикалық махаббат хикаясы. Басты пафосы — осы романтикалық махаббатты аңыздай, дәріптей жырлау. Роман көркемдігі де осы пафостан туындайды.

Дастан поэтикасында дәстүрлі шығыс әдебиетінде жиі кездесетін өуен, миф бар. Сұлушаш атастырылған күйеуі "Сұрқасқа", таздан кашып,

жасырынып, құдірет арқасында үйрекке айналады, "Сұрқасқа" қаршыға болып қуады. Алайда, қыранға айналған Алтай оны Сұрқасқадан бұрын іледі.

С.Мұқанов осы дастанды таптық принципке сүйене отыра, жаңа мазмұнға айналдырады. Шығармаға қаналған, жәбір көргендердің бір тобын ойдан қосады. Олар — Шұнақ, Тезек, Қайсар, Ермек, Бердендер. Бас қаһарман Алтайдың езі де — Тілеуберді есігінде жүрген құлдың баласы "Сол кезде қозы баққан Алтай бала, Сауыс боп үсті-басы қарақұрым...". Шығармада қалыптасқан халықтық дастан көркем мазмұны мен поэтикасы таптық принципке негізделген социалды реализм әдіс-тәсілімен қайшылыққа келеді. Қайшылықты үндестікке келтіре алмаған автор халықтық дастан көркемдік жүйесіне зорлық жасайды. Осы бағыттағы әрекетіне жазған түсініктемесінде халықтық дастанды өмірге жақындату үшін "реализм элементтерін енгіздім" дейді автор.

Өнер тарихы мен теориясында романтикалық фабуланы сюжетті реализмге көшірудің, болмаса реалистік оқиғаны романтикалық пафосқа көшірудің талай мысалдары бар. Совет әдебиетінің тарихының өзі мұндай мысалдарға толы. Таптар тартысы кезіндегі күрестер тарихында қашан да езілген тап тілегі, күресі дәріптеледі. "Сұлушашта" да қаламгер осы жолға шығады, алайда поэтикалық үйлесімді таба алмайды. Автор дастан өзегіндегі өлшемді өрімдерді күшке сала бұзғандықтан, өз жанынан қосқандары қалыптасқан фабуладан мүлде бөлектенеді. Мұның себебі көркем хронотоптың бұзылуы болатын.

Роман жазар кезде С.Мұқанов бұл заңдылықтарды білді ме, білмеді ме ол арасы бізге белгісіз, алайда оны ескермегені анық. Шығарманың көркем мазмұны мұны анық көрсетеді. Мысалы, халық эпосы және тап тартысы, романтизм мен реализм элементтерінің аралас келуі, олардың үндестікке жеткізуден гөрі контрасты қалыпта қолданылуы әрі қаламгер қосқан жаңа құрылымдардың көркем бейне, образ тіліне көшуден гөрі автор сөзі арқылы тура баяндалуы т.б. "Мен маңғаз Алтайды құлдың баласы, кісі есігінде мехнат көрген батырақ еттім. Құлдың баласына ғашық Сұлушаш сүйіктісімен бірге елге сыймай, тағы тауға барып паналаған болып шықты. Қайсар, Ермектерді жанымнан қостым да, сюжет құрдым", деп жазады С.Мұқанов өз романы туралы әңгімелерінде.

Енді қаламгер жанынан қосқан эпизод, кейіпкерлердің роман көркем мазмұнындағы қызметіне зер салайық: Ермек қуғыннан қашу кезінде суға кетеді. Роман құрылымындағы атқаратын қызметі оның өліміне Алтайдың қатты қамығуы, қайғыруы қапа болуы ғана. Сюжет дамуының бір тұсында не диалогте, не өзге әрекеттерге қатыспайды.

Халықтық эпос дастандарда батырдың артынан ерген інісі, тілекші қарындасының болуы, батырдың елі үшін жорықтарға бара жатқанда олармен қоштасуы, жауға кеткен ағасы туралы олардың жан-дүниесі мен жүректерінің егілуі т.б. — "Сұлушаш" тәрізді халықтық дастандардағы басты тәсілдердің бірі. Іні-қарындастың ағаға бағытталған монологтарында, сағыныштарында елі үшін жауға аттанған батырдың биік тұлғасы айқындала түседі, өзге эмоциялық сипат алады. Эпос құрылымындағы ерекше көркемдік

қуатқа ие құрамдас бөліктер осылар. Бұл бөліктерде романтикалық пафос, адамдар арасындағы нұрлы сезімдер шуағы жарқырай баяндалады. Ал осы қатынастарды тап тартысымен алмастыру, өрі оны саяси мазмұнға апару жүйелі үйлесімге көшпеген.

Романдағы Қайсар құздағы қыранды алам деп қазаға ұшырайды. Алтай екеуінің арасындағы диалогтерде шынайы достық туралы сырлардан өзге, таптық теңсіздік туралы Алтай ойлары да көбірек қозғалады да басты тақырып саяси ойлармен жиі алмастырылады. Автор мақсаты батырақтар арасындағы достықты көрсету болғандықтан, оның өзге, таптың сипатын көрсетемін деп С.Мұқанов қиындыққа тап болды.

Романдағы фольклорлық элементтер, мотивтер /мифтік/ шығарма көркемдігін күшейтуге қызмет етеді. Сұлушаштың қайтқан қаздарға арналған монологтары. Алтайдың да, Сұлушаштың да қиналғанда қобызға күй тартуы, тәңіріге, табиғатқа арналған сөздері. Бұл — кейіпкер сезімін ашу үшін халықтық эпос, дастан, жырларда көп қолданылған көркемдік тәсіл. Сол тәрізді әсерді күшейте көрсету үшін оны әсіре баяндау /гротеск/ да қолданылады. Сұлушаш сұлулығының жаннан асқанын сипаттау үшін шашын ерген шеберге бір-бір аттан беру, қасына нөкер қыздар ертіп жүру, ақ үйлер тігіп жеке ауыл болып отыру т.б.

Сондықтан "романның образдық жүйесіндегі элементтерді автордың саналы түрде барған әдеби тәсілі деп қарау жөн",— деген **Қ.Ергебеков** пікірінде де негіз жоқ емес /Жал жылуы, 38-б./.

Зерттеуші жазғандай, роман поэтикасындағы халық эпосы, дастаны көркемдік жүйесіне қаламгер саналы түрде барса да, шығарма құрылымына өзі ойдан қосқан бөліктермен оларды жымдастыра алмаған. Халықтық дастан көркемдік жүйесі социалды реализм жүйесімен үндестікке келмеген. Диалогке бармаған.

С.Мұқановтың бұл қайшылықтарды сезгені, анық. Шығармашылық процесс үстінде басым түсіп, еркіне көнбей жетелеп отырған халықтық дастан поэтикасына ден қоя жазған тұстарда қаламгер іркілмей жазады. Жыр жолдары табиғат пен адам жанының таңғажайып күйлерінің сырын шертеді. Ал тап тартысы, саяси әуенге көшкен сәттен-ақ кібіртіктеп сала береді, қиналыс сезіледі. Сондықтан да қаламгер "Сұлушаштың" әр басылымына түзетулер жасап осы алалықты жоюға тырысқан.

Сұлушаш" романы — сол кездегі оқушы талғамын ескере жазылған шығарма. Рецепттік мақсаты айқын. Алайда көркем мазмұнда С.Мұқановтың таптық көзқарасы мен ресми идеологияға жалтақтауы аңғарылады. С.Мұқановтың идеясы, эстетикалық көзқарасы, шығармашылық принципіннің деңгейі де осы болғанын есте ұстау керек.

Романда С.Мұқанов жиі қолданатын әдіс-тәсілдер бар. Атап айтсақ, психологиялық параллелизм. Бұл — қазақ әдебиеті үшін дәстүрлі тәсіл. С.Мұқанов романының әр тарауын табиғатқа тілдесумен бастап, сонымен түйіндеп отырады. Шығармадағы пейзаж осы бөлікте болатын уақиғадан хабар береді.

Алтайдың Сұлушашқа ғашықтығын айтар кездегі табиғат:

Май туып, жер құлпырып, шешек атты,
Даланы мың құлпырған пүліс жапты.
Сай суларға мөлтілдеп, өзен дағы
Сылқ-сылқ күліп, бұраңдап төмен ақты.
Жылы жаздың мейірі атштарға
Сылдыраған, төгілген шолпы тақты.
Ой да, қыр да сайраған әнге толып,
Бұлбұл даусын құбылтып барылдатты...

Сұлушашқа тастырылған күйеуі Ырыстының келетін кезіндегіт табиғатсуреттелуі:

Қара бұлт қоюланды қабақ түйіп,
Көк жүзі отқа толды, аспан күйіп.
Ысылдап айдаһардай, ұйтқи соғып,
Жел дағы өршеленді күшін жиып.
Өзенде таудай толқын домаланып,
Жығылды жасыл құрақ басын иіп.
Шытырлап бұлтқа бұлт соғылысып,
Шүмектеп қара жаңбыр жауды құйып. /36-б./

"Сұлушаш" романындағы тартыстардың жасандылығы да бірден аңғарылады. Халықдастанындағы тартыстар жүйесі мүлде басқа бағытта еді. Бұл тартыстар сипаты таптық әуендерден мүлде өзге еді.

Романдағы портреттердің бейнеленуі де синкретті үлгіде. Реалистік бейнелеу мен эпостық, романтикалық бояулар аралас келеді. Сұлушаш портретіне қаралық:

Есікті ашып үйге кіріп келсе,
Сұлушаш шашын тарап отыр қырын.
Сүйріктей саусағымен шашын ашып,
Жымиды келгендігін көріп мұның.
Қанша арбап қылмыңдап жүрсе-дағы
Бұлай қарап көрмеген бұдан бұрын.
Мандайы сықылданып күміс теңге,
Жарқ етті шашын ашып жібергенде.
Бота көзі жарқылдап жанған шамдай,
Мөлтілдеді беттегі қара мең де... /12-б./

Ай мен күндей нұры бар жалғыз ару,
Бесіктен-ақ бал болып мәпеленді.

Ержеткенде күн түсіп бұғағынан,
Таң қылды сұлулығын көргендерді.../13-б/
Көз қарасы көргенді күндей ертіп,
Ішпей-жемей мас болып көзін жұмды...
Есіркеп, әлдеқалай құты түсіп,
Не керек бай табиғат берген нұрды!..
Мұқанов С. ТШ, 2т. 9-10 б.

Үзіндіде Сұлушаш портретін жасау жолында С.Мұқановтың дәстүрлі ауыз әдебиеті үлгісінде, реалистік поэзия тәсілдерін де шебер қолданғаны көрінеді.

С.Мұқанов шығармашылық процесс үстінде бойын қайшылықпен сезімдерді үйлестіре алмаған. Бірде ақын жан-тәні бір-бірін құлай сүйген жастардың романтикалық махаббатына ауады. Тегіле, беріле жазады. Бірде тап күресі ресми идеологияға жалтақтайды.

"Сұлушаш" романындағы С.Мұқанов идеясы тап күресін көрсету болса да, махаббат тақырыбы, сұлу өлең, жарасты жыр, көркем мазмұн оқырманды халықтық дастаннан ауысқан ғажайып поэтикамен, романтикалық дүниетаныммен табыстырады. Шығарма өзегіндегі авторлық идея кейінгі лекке ығысып, жасандылығын көрсетіп отырады.

Ресми идеология "Сұлушаш" туралы қаншама қатты пікір айтып, қоғамдық сананы қақпайласа да, романды халық жақсы қабылдады. Ресми идеология мен халықтық эстетика арасындағы қайшылыққа халықтық эстетика болашағының зорлығын көрсетті.

Жыр, эпостара, хикаялаардағы диалог, полилог сияқты әңгіме, үн қатысулар жиі кездеседі. Мәселен:

«Сұлушаштағы» диалогтер

«- Жан жолдасым, ризамын, ризамын» деп,
Жылады Алтай Қайсарды құшақтап кеп.

- Ренжір, қалса қалсын деп ойлап ем,
Серікті неге әйтпесе көрейін жек,
Сендей сенер сырласы бар жігіттің
Арманынан шығуын қылмаймын шек,
Не өлерміз, кейінгі үлгі алар,
Не қайтар, күштілерден алатын кек!»

Бір атты қылаң етті сол арада,
Қайсар қарап: - Берден ғой әне қара!
Алдап қолға түсіртпек болып жүрген,
Деп Тұтқыш айтып еді-ау, бізге, мана».
- Ие, солай. Әйткенмен қауіп қылмай,
Қалайша бұл сескенбей келі дара?
- Сұрқиялық сазайын тартайын деп
Келді ғой, сыйына сыйын ала!»
Сыпыртып бір жиренмен келді жетіп,
Жылқыны қайтарған боп ағып өтіп,
Атының басын тартып, сар аяндап,
Сұм Берден қастарына келді жетіп.
Түк нәрсені сездеген адамымсып,
Күлімсіреп, баяулап өлеңдетіп.
Қалжыңдап:»Қосқа неге келмейсіңдер,
Жүрсіңдер безіп жұрттан неге көкіп!»

Ашулы Алтай шап берді тізгінінен
- Сыйқырланба бұзылған... білем... білем...!
Берден сасып:
- Ой, жаным, не айтасың?!
- Ойының ба шының ба, мынауың нең?!
- Аш көзіңді, сұрқия, кімді алдайсың,
Құлығыңды білмейтін білмейтін шығармын мен.

- Екі-үш жыл жылқы бағып болдық дәмдес,
Алып көрген күнім жоқ бетіңнен еш.
Мені жауға педе ғып берем деуге
Қалай қидың? Бұл жерін сен өзің шеш!
Біл, білме...Қазір сенің қаныңды ұрттап,
Сенен бастап жауымнан қайтарам өш!..

(Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар Он алты томдық. – Алматы: Жазушы, 1977, - Т.12. –Б.53..)

* * *

Қазақ эпостарында өлеңмен қарасөздің аралас келіп отыру жиі кездеседі. Ол тіпті жыраулардың шығармашылық үдерістеге қиналуына байланысты емес. Олардың ақындық қуаты да эпостық шыңғарма мазмұны да жеткілікті болатын, бірақ эпос орындалатын кеңістік, орта мен уақыт әсері ыңғайына байланысты да солай орындалды. Мәселен, «Ертарғын» мен «Алпамыстың» т.б. жырларда проза мен өлеңнің аралас келуі жиі кездеседі. Әрі оны зерттеуші фольклортанушылардың бәрі айтады.

Белгілі фольклоршы В.Пропптың мына сөздерінде бұл құбылыстың негіздері де байқалады:

«Стихотворной форме песен предшествовала форма прозаическая и смешанная, с чередованием стихов и прозы, при постепенном вытеснении прозы стихов». (В.Я.Пропп. Русский героический эпос.-М., 1958. –С. 58.

Әсіресе баяндау мен диалог арасындағы күрделі қатынастарды ауызша әңгіме шеберлері еш қиналмай-ақ табиғи түрде қолданса, С.Мұқановтың тыңдаушылар әсерін асқан шеберлікпен бейнелегені қайран қалдырады.

Бұл әңгімені С.Мұқанов тарантас айдаушысы жәмшік ретінде тыңдайды. Әңгімені айтушы да, тыңдаушы да сол ортаның қарапайым қазақтары ғана. Қаламгердің осы өмірбаяндық үш томдығының 1941 жылы жарық көретін бірінші томында халық прозасының талай тамаша әңгімелері беріледі.

«Мәшікпен тарантасқа мінген Айтіlestің Таспайы жас жағынан кіші екен және екеуі немере. Ақсары кескінді, сұйық шоқша сақалды, биік және сом денелі Таспай нығызсынған адам болғанмен, көргені, естігені Мәшіктен анағұрлым аз сияқты. Жолаушылап бара жатқан бетте жолшыбай не қонып, не түстеніп аттанғаннан кейін, Мәшік әлдене әңгімелерді бастап кетсе, Таспай тыңдайды да отырады. Бірақ ол солғын тыңдамайды. Сұраулар бере отыра, леп белгілерін араластыра отыра, құмартып тыңдайды.

Жансақалдың Жұсыбына қонып, Ұмсынды көріп аттанғаннан кейін кейінгі Мәшіктің біраз кеңестері Ақан сері туралы болды. <....>

- Ақанның өзі сонша көп оқыған кісі ме екен?-**дейді** Таспай.

- Бірталай оқыса керек, -**дейді** Мәшік. - Өлеңі былай тұрсын, жәй сөзінің өзіне де ол кітап сөзін араластырмай отыра алмайтын еді.

- Сонша оқумен молдалық неге құрмады екен?- **дейді** Таспай.

- Оның мынадай бір себебі болған екен,- деп Мәшік Ақан сері туралы естіген аңыздарын әңгімелей жөнеледі.- Әкесі Қорамса ертеректе бай адам болса керек. «Бай бір жұттық, батыр бір оқтық» демей ме, қазақ мақалы.

Қорамсаның малы бір жұтта қырылып, кедейленіп қалыпты да, содан көтерілмепті....

- Ақан әңгімесін айт,-**дейді** Таспай.

- Ақан Қорамсаның жалғыз баласы екен. Бала күнінде Ақанды әкесі молдаға сабаққа береді. Бұқар шәріне барып, хатым-қардан боп қайтқан молда екен.

-«Хатым-қардан» деген не сөз екен? – **дейді** Таспай

- Оқуды тауысып қайтқан адамды солай атайды екен, мағынасы не екенін кім білсін.

- Сөзіңді бұздым ғой, айта бер.

- Ақан зерек болса керек, аз жылда молдасының бар оқуын қағып алады. Құранды өз бетімен мағына айырып кетеді.

- Япырай! –**деп** Таспай басын шайқап, таңдайын қағып қояды.

Содан, **дейді** Мәшік көтеріле сөйлеп. – жастықтың әуені ме, әлде оқу көтеріп кетті ме, - бозбала кезінде Ақан желіге бастайды. Желіккенде ол шалықтап желікпейді: жақсы ат мінеді, киімді қыздарша әлем-жәлем киінеді, қасына өз сияқты сері жігіттерді жиып, оларға да өзінің аты түсті ат, киімдері түсті киім кигізеді. Сөйтіп, қайда ойын сауық болса соған барып, елді аралайды да жүреді. Барған жері думан! Думан болғанда: өзі әнші, әрі домбырашы

- Сөйтіп жүргенде, - **дейді** Мәшік, қара мұртын сипап қойып, - Ақтоқты деген қызға Ақан ғашық болады. Қызды әкесі атақты бір байдың баласына берген екен **дейді**. Қырық жетіні қырқа матап берген байдың баласы қалыңдығын оң жақта көруге ырғап-жырғап ұрын келеді. Ойын-той болды. Содан кейін қызды күйеуге апару керек.

- Ақан қайда екен, онда **дейді** Таспай тынышсызданып.

- О да сол тойда екен.

- Апырау, қалай шыдады екен?!

- Қайдан шыдасын, - **дейді** Мәшік, - түнде күйеуге апара жатқан қызды Ақан сері салт атпен тосып тұрады да кезегі келгенде, іліп ала қашады.

- Бәрекелді! – **дейді**, көңілі көншігендей болған Таспай.

- Құтылса «бәрекелді» - **деді** Мәшік,-құтылмаса ше?

- Құтылмап па?! –**дейді** Таспай үрейленіп.

- Қайдан құтылсын! Сезіп қалған күйеу жағы да, қыздың туыстары да тұра қуып ұстап алады.

- Қап! – деп Таспай санын соғады да,- сонан соң?! – **дейді**.

- Белгілі емес пе ар жағы,- **дейді** Мәшік, - қызды күйеуіне ұзатады да

жібереді.

- Мына құдайға шараң болса, қыл! –деп кейиді Таспай.»¹⁸.

Келтірілген үзіндіде халық прозасы баяншысы мен тыңдаушының әсері, шебер суреттелген. Талантты қаламгерлер қолына түскен мұндай әңгімелердің әсері қандай болатынын ұлы Абайдың шетелдік романдар мазмұнын өзі айтып беріп, кейін өзі сүйсіне тыңдайтыны көрсетпей ме?! Баймағанбет әңгімелерінің ерекше көркемдігі баяншы әңгімелеу тәсілдеріне байланысты емес пе.

«Шұғаның белгісі» оқиғасын құлпырта баяндайтын Қасымжан мен ауызша әңгіме көркемдігін сақтай жазатын Б.Майлин шеберлігін көптеген зерттеушілер атап өтеді. Әңгімелеу кезінде айтушылардың өз әсерін қоса баяндайтынын көрінеді. Ауызша әңгімешінің шеберлігі - бұл туындылардың көркемдігінде аса маңызды шарт.

Алайда осы көркемдіктің құпиясын қағазға түсіру кезінде жоғалтып алатынымыз бұл жұмбақтың шешілуінің оңай емес екенін де байқатады.

Қазақ халық әдебиеті тундыларындағы «ауызша әңгіме» дәстүріне қарап отырып, онда әлі біз үйренеу түгіл ойланып көрмеген де талай құпиялардың барлығына оңай көз жеткізуге болады.

Соның бірі диалог пен баяндау арасындағы күрделі қатынасты қиналмай-ақ табиғи түрде үйлестіре білген халық әдебиетінің атаусыз қалған өкілдерінің шеберлеріне қайран қаласың.

Қысқа әңгімелерде ойды бір уақиғаны баяндау арқылы ойды жеткізуге болады. Ал көркем күрделі ойды жеткізу үшін өзге үлгілер, көлем керек. Оны көркем пішімге көшіруде өзге тәсілдер қажет.

Халық прозасында баяндау тәсілін қолданудың осындай мәселелерін қаламгерлер ерте сезе бастаған. Бір уақиғаны қабылдау, талдау, бағалау, стильге түсіре жазу сан түрлі қиындықтарға жолықтарады. Шығармашылық ізденістерді де түрлі деңгейлерге көшіреді. Материалды жазу үстінде тосын пайда болатын жаңалықтар, оған жаңа материал қосуды, жаңа деректер идеялық мазмұнды, тіпті көркемдікті де өзгертіп отыратынын байқатады. Көңіл аударған оқиға, адам тағдыры, әңгіме тарихын нарративті бағыттарда баяндауда халық әдебиеті мен прозасының орны бөлек. Сондықтан да бүгінгі таңда әлемдік әдебиетте бұл сипатты шығармалар көркемдігінің құпиялары мен тәсілдері туралы зерттеулерге ықылас үдеу үстінде.

Нақты өмірлік уақиғаға қаламгер шығармашылық үстінде ойдан қосатын қоспалары мақсатты авторлық көркемдік идеяларды байқатады.. Олардың дәстүрлі әдебиетімізбен халық прозасындағы, ауызша әңгімедегі маңызы қандай болғаны жоғарыдағы талдауда айтылды. Еске түсіру үшін қайталасақ, әңгімелеу үстіндегі тыңдаушылар ықыласына қарай ой, сезім ағысының жарқ еткен бір жайларының қосылуы мүмкін.

Шығыс әдебиетіндегі мақсат ежелгі, көне, тарихи сюжеттерді, уақиғаны қоюландырып, тыңдаушының ықыласын арттыру үшін ғана емес, шығармаға арқау болған оқиғаға, ой мен толғамдарға кейіпкерлерінің негізгі ықыластарын қайталап қызықтыра жеткізу үшін де қажет болған.

¹⁸ Мұқанов С.Таңдамалы шығармалар. 16 томдық. 9-т.197-199-66

Қазіргі кәсіби проза да бұл бағыттарға назар аудара бастады. Зерттеушілер тарих қойнауында қалған тәрізді көрінетін оқиға мен тағдырлар тарихына кейін қосылған сюжеттердің, деректердің құрылысы мен құрылымдық тәсілдерінің ерекшеліктерін ақтара бастады.

Алайда бұл тәсілдің шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың басына дейін дәстүрлі тәсіл болғанын ұмытпаған абзал. Әңгімеші мен хикаяшылар, баяншылар эпостық жырларды тыңдаушылардың ықыласына қарай шығармаға өз қабылдауларын қосып жаңалап отыруы - жиі кездесетін жай.

Баяндаудың осы стилін қолдану бүгінгі оқырманның танымы мен талабына сай өзгерістерді, жаңаруды қажетсінетіні анық. Мәселен, қазақ арасына кең тараған «Мың бір түн» әңгімелеріндегі баяншы Шахеризада моделін қазақтың ертегі айтушылары жиі қолданған.

Оның әңгіме айту, оқиғаны баяндау, сюжет өрбіту, оқырманды қызықтыру т.б. халық прозасының қарапайым әдіс – тәсілдерін талантты қаламгерлер де пайдаланады. Қатысушылар бастан кешкен оқиғаны сезгендері арқылы жеткізеді. Тіпті авторлық қабылдауды кеше тұра өзіндік бағалауды мүлде қоспайтындай.

Алайда оқиғаны сезімдік қабылдаудың өрнектері бейнеленбесе де, сезіледі. ХХ ғасыр басындағы қазақ қыздарының аянышты тағдырына арналған шығарма қаз-қалпында жазылды деп есептегеннің өзінде де, қаламгерлік танымның мүлде көрінбеуі шындыққа сай келмейді. Мұнда қасіретті оқиғаны жазып алушының эмоционалды бағалауы, ара-тұра қосылып отыратын өрнектер арқылы бірден байқалмайтындай үлгіге жетсе, қаламгер таланты мен шеберліктің үлгісі.

Қаламгер бәрін көзімен көріп, уақиғаға араласқандай баяншыға басымдық береді және одан өзі сезген мәнді өзгертпей бейнелеуге ұмтылады.

Қазақ прозашыларына қиындық келтірген тәсілдің ірісі – баяндау мен диалог арасындағы күрделі байланысты меңгеру. Ол тәжірибелі қаламгерлердің өзінен де шеберлікті, талантты, табанды еңбекті талап етеді. Күрделі жанрға алғаш қалам тартушы тәжірибесі аз жазушы үшін оны игерудің, көркемдік мақсатта қолданудың қаншалықты қиынға түсетінін аңғару қиын емес.

Диалог - көркем әдебиеттегі, әсіресе прозадағы басты көркемдік тәсілдердің бірі. Кез келген шығармашылық идеяны диалог арқылы бейнелеуге болады. Ал интертексте қалған қаламгер ойларын табуда диалогтың орны алабөтен. Бірақ мұны шеберлікпен қолдану оңай емес. Еңбек пен тәжірибені ғана емес, ең бастысы табиғи талантты қажетсінеді.

Қазақ прозасында диалогты қолданудың үш түрі анық. Басты мақсат - кейіпкерлердің сөздерін жеткізу. Диалогты бейнелеудің негізгі осы үлгісі туралы арнайы тоқтала кету жөн.

Диалогтың халық прозасындағы қолданыстары туралы жоғарыда біраз айтылды. Мұның да үш түрлі себептері болған.

Алдымен, халық прозасында диалогтарды қолдану оларға тән үйлесімді үлгіде өткен. Шығарманың басты арнасы, өзегі болған оқиғаларды

бейнелеуде алдымен сюжет пен фабула арасындағы үндестікке жету көзделді. Көркем мазмұнға апарар желілер осы өзектерді табумен байланысты өріледі. Мазмұнға арна болған уақиға халық санасында сақталған тұлғалардың, адамдардың ұлттық мақсаты, рухы жетелеген ерліктері аясынан табылады. Өмірдегі қарапайым пенделерге ұқсамайтын дара тұлғалардың аңызға лайық әрекеттері халық әдебиетінде бейнеланген. Негізінен, осы бағытты ерліктерді дәріптеген.

Қарапайым жандардың сол ерліктерді мақтан тұтқаны, қызықтағаны анық. Ел көңілін ерекше аударған оқиғалармен жете танысу үстінде қуанышқа бөленген, содан ләззат тапқан. Ауызша таралған бұл әңгімелердің көбі кейін уақыт, заман ыңғайына орай мазмұндық, көркемдік, жаңа түрлік сипатта дамыған. Тіпті кейінгі әңгімешілердің әр орындаудағы қоспаларында оларды ептеп қана өзгертеді, өз танымының көркемдік бояуларын қосады.

М.-Ж. Көпейұлы жазып алған нұсқаларында сәл стильдік түзетулер жасаса да, халық прозасының өрнектерін сақтаған. Әрі олардың бірнеше үлгілерін жазып қалдырған. Бұған, біріншіден, талантты айтушылардың көптігі себеп болса, екіншіден, түрлі нұсқалардағы өзгерістерде көркем қоспалар мол болған.

Ел ішіне кең таралған оқиға, түрлі тарихи әңгімелерді көп қолданған Сәбит Мұқанов та көптеген хикаяларды соларды пайдалана жазады.

XX ғасыр басындағы қазақ қаламгерлері кеңес үкіметінің тұсында қазақ тарихына белгілі хандар мен батырлар, шешендер мен билер туралы тарихи-әдеби деректерге сүйенген шығармалар жаза алмады. Әсіресе, ел тарихында орны бар көрнекті тұлғалар туралы маңызды деректерді айта алмады. Бұған ресми идеологияның қытымыр саясаты мүмкіндік бермеді. Алайда ондай даңқты тұлғалар жайлы халық прозасында тарихи хикаялар аз болмады, Солардың біразын қаламгерлер қағазға түсірді.

Кеңес үкіметі идеологиясына не керек болса соны жариялаумен тынды. Қудалау мен түрмеден аман қалған аз-кем сауаттылар оқу-ағартушылық, ағартушы-демократтық, дидактикалық бағыттарды айналдырумен шектелді.

Ал халық прозасының елге таралған үлгілерін баяндаушы әңгіме шеберлері дәстүрлі әдебиетіміздің арнасында идеологияға соқпай, абайлап қана әңгімеледі. Олардың шығармаларының мазмұны мен көркемдігі өзгелеу болды. Әсіресе, диалогтардағы мәнсіздеу көрінетін сөздер мен сөйлемдерде талай ұлттық идеялар бұғып жатты. Қоғамдық сана қолданбағандықтан бұғынқы күй кешіп, елеусіз жатқан олардың біраз әңгіме, хикаялары В.Радловтың, Ә.Диваевтің, Н.Потаниндердің жазып алып, жариялаған жинақтарында бар. Бірақ айтушы мен жарияланған нұсқалар арасында айырма байқалады.

Сонымен, XX ғасыр басындағы баспасөз бен баспаларда жарық көрген прозалық шығармалардағы диалогтар негізінен үш түрлі үлгіде жазылған:

1. Ертегілік немесе ауыз әдебиетіндегі үлгі. (Ол былай деді, -дегендей)
2. Драмалақ үлгі. Кейіпкерлер аты. сөзі үлгісінде (драматургиядағыдай)
3. Төл сөздік үлгі. (Кейіпкер сөзін, сөзге араласқан өзге адамдар сөзін

төлеу сөзге айналдырып, тырнақшамен оқшаулап баяндауға қосу).

XX ғасыр басындағы прозада әңгімеге араласушылардың өзге де түрлері көрінеді. Мәселен, полилог (бірнеше адам сөздерін келтіру); монолог және оның түрлері (ішкі сөз, ой,..) тағы басқалар да ұшырасады.

Көбіне диалогты баяндау, әңгімелеу, суреттеуге айналдырады. Оның қызметін кейде хат, өлең айтыстарына аудару да жиі кездеседі. Бірақ осы кейіпкерлер сөзін шығармада қолданудың алуан түрлері әрбір қаламгерде шығармашылық тәжірибесі мен талантына орай түрлі үлгіде көрінеді.

Осы кезеңде әдебиетте адамдар, әке мен бала, үлкен мен кіші, ағайындар, адам мен қоғам т.б. арасындағы түрлі қарым - қатынастар, көрінген қайшылықтар бейнелене бастады.

Бұл жәй мәселе ретінде ғана қозғалған жоқ. Кейіпкер жан дүниесінің иірімдеріне көңіл аударады. Мысалы, С.Торайғыровтың, Б.Майлиннің, М.Сералиннің, М.Дулатовтың шығармаларында кейіпкерлер жан дүниесі баяндау мен диалогтың сан түрлері арқылы беріледі. Қаламгерлер кейіпкерлердің психо-биологиялық табиғатын қуалап, адам-қоғам арасындағы әлеуметтік тартыс қайшылықтарға тереңдей алған жоқ, бірақ оның аса қажетін сезе бастағандар бар. С.Торайғыров, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Б.Майлин, С.Мұқанов т.б.

Бірақ олар осы жылдарда характерлердің қалыптасу тарихына, болмаса, мінезділердің нақты жағдайдағы әрекеттерінің суреттелуіне көңіл аударды.

Мәселен, күйеуі дүниеден өтіп әмеңгерлік дәстүр қыспағына тап болған жесір әйелдің психо-физиологиялық күйін көрсетуде С.Торайғыров қоғамдық орта қысымшылығымен бетпе-бет келген әйелдің қайғысын оны алам деп далақтап жүрген саңырау әмеңгердің мінез-құлқын психологиялық жағдайын суреттеу арқылы береді.

Жесір қалған келіншектің қасіретін, сезімі мен ішкі жан дүниесінде өтіп жатқан үдерісті, күйді оған зорлық жасаушының қуанышын контрасты суреттеу арқылы жеткізеді. Кереғар, контрасты сезімдерді шендестіре суреттеу арқылы оқырманға әсер етеді: «...Ес түс жоқ. Кеудесімен жер соққандай. «Ет пісіп тұр жүріңіз, кітабыңызды ала жүріңіз! Қатты- қатты оқыңыз, қасіретті адам ғой» деп атпен ентелеп, мүлде үстімді басып кете жаздады, «баруға уақытым жоқ, олай-бұлай» деп едім, «апырмай, тіпті білмесеңіз де төбеңізді көрсетіңіз» деп ішіп жемге қоймады. Енді барып ықтиярсыздықты көзіммен көріп неке оқымай бейшараның көңіліне медеу болып қайтайын деп ойладым» (20)

Бұл - ұлттық психологияның түрлі әлеуметтік топтар мен адамдар санасына сіңген көрінісі. Шағын ғана әңгімеде кейіпкермен бірер сәттік диалогын суреттеу арқылы автор оқырыманды қаншама ойларға бағыттап тұр.

Алайда қаламгер сұмдық қайғы - қасіретке тап болған жесір келіншек сезімдерін талдап көрсетем деп, психологиялық талдауларға барып тұрған жоқ. Оның орнына екі түрлі сезімдер жетегіндегі кейіпкердің сезім иірімдерінің реңк түкпірін, ессіздікке ұласу сәттерін ғана суреттейді.

Қайғы құшағындағы жесір мен оны алмақ болып шауып жүрген әмеңгер бейнелері психологизмге жол ғана. Қаламгер олардың сезімдеріне де тереңдеп бармайды. Аз ғана емеуріннің өзінде қайғы-қасіретке толы сәттерді шеберлікпен дәл бейнелеген. Қаламгердің кейіпкер психологиясын бейнелеуде психо-анализді қолдануды аңғара бастағаны байқалады.

Бұл өзге де талай әдіс-тәсілдерді талап етеді. Шағын ғана әңгімеде оның да кейбір бағыттарын ғана қолданған.

Жас келіншекті аламын деп есі шыға қуанған әмеңгер болмысының қозғалысын, сөзін суреттеу барысында оның көңіл-күйі сезімдерін күшейте бейнелеуге де болар еді. Мәселен, сатиралық сипатта. Алайда ауыр, қасіретті оқиғаларды бейнелеуден кейін бірден сатираға көшуді қаламгер қаламағандай. Ойға бастайтын көркемдік тәсілдерді аз-кем қолданғанның өзінде қайғылы оқиға реңін ұлғайтады. Көркемдікті күшейтеді.

Қаламгер өз ойларын ішкі монолог тәрізді жеткізіп, қасіретті оқиғадан туындаған ой толқындарын шағын, шымыр сөйлемдермен әсерлі бейнелеген. Қасіретті оқиғаны өз қабылдауы арқылы суреттеу шығарма шынайылығын күшейткен.

Диалогтағы адамдар өзгелермен қарым - қатынас, ой-пікір алысу үстінде ой-сезімдерін көрсетеді.. Әңгіме үстіндегі адамдар өзгелерге деген сезімдік қабылдауын, ішкі ойларын білгізеді. Оны суреттеуде авторлар біраз тереңдікке бара алған.

Мәселен, Мыржақып Дулатовтың 1916 жылы жарық көретін «Қымбат тай» әңгімесінде базарға көтерем тайын сатуға барған Мақаш пен оның тамыры (танысы –З.Б.) және Алексей арасындағы сауда кезіндегі диалогтарда олардың мінез-құлықтары анық көрінеді:

«...Келсе, Мақашты бес-алты орыс ортаға алған. Бетінен майы шыққан, аузы-басын түк басқан Алексей тайын саудалап тұр екен.

- Тай сатасың тамыр?

- Сатам.

- Канча сұрайсың?

- Жүз сом.

- Тіфу! Кутирдің ба, Макашка! Йтар едім мас болған, арақ жоқ. Жүз сом сұрайсын, ұят қайда?

- Ызнаком, бұл тай арғымақ баласы, атасы ұлы дүбірде бәйге алған қара арғымақ. Оны мына Иван да біледі, -деп Мақаш қоразданып, камшысымен бүйірін таяп, торы шолақтың мінер жағына таман қисайыңқырап отырды.

-Атасы қара арғымақ! Қара арғымақ болса мен какое дело, сенікі атасын сатпайды, мынау тұрған жаман баласын сатады.

Бай, алмасаң да тайымды жамандама, жануарда осы күні сын бар ма, жаздыкүні көрсең бір жүз түгіл екі жүз берер едің. Онда мақпалдай қара еді, қазір жүні оңып, азып, құбақан болып кетті.

- Соқыр Иван Алексейге орысшалап:

- Тай арғымақ тұқымы екені рас. Мақаш өтірік сөйлемейтін жігіт, жаздыкүні көргенімде көмірден қара, суреттен сұлу еді, әттең ақшам жоқ, өзім алар едім.

Тайын Иван мақтаған соң, Мақаш бұрынғыдан да артық көтеріліп:

- Ана жылы осы таймен бір енеден туған арғымақты Обаған байына мың жарымға саттым, - деп мақтанды. Мұнысы әлде өтірік, әлде рас, әйтеуір Алексей нанып:

- Балтай-шалтай не керек, сатар болсаң, тамыр, өлер жерін бір-ақ айт, - деді.»²¹.

Диалог үстінде адам сан түрлі күйге түседі. Әр естіп отырған, сезінген, есіне түскен ой-эсерлерден болған қимыл, қозғалыстары көбіне бейсаналық күйде болады. Әдетте, дайындалып келген ілуде біреулер болмаса сауда кезіндегі әңгімелесу қорытындысын болжау өте қиын. Көбіне саудалық таластар осы үлгіде өтеді.

Сауда бағасының бағытын бірі құптайды, не ойға қалады, не қарсыласады. Бұл қарсылық көрінісі де адам характеріне байланысты.

Біреулердің диалогтағы екінші адамға деген пікірі, көзқарасы да құбылады. Көңіліне жайлы хабар, сөз естісе рахаттанады, болмаса ренжиді, ызаланады.

Диалог - үдеріс үстіндегі әңгіме. Мұнда адамдар мінезі, сезімі, көңіл күйі, ой-сезімі қас қағымда сан құбылуы мүмкін. Сондықтан қаламгер түрлі тәсілдер арқылы диалог үстіндегі адам құбылыстарын нақты жағдайға жақындата бейнелей алса, көркемдік артады. Мына әңгімеде қаламгер бейсана жағдайға тап болған кейіпкерлер әлемін лезде шешім қабылдаған жағдайға байланысты үйлесімді суреттеген.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасында диалогтерді мақсатты қолдануға көз тігу, көркемдік ізденістерде алғашқы табыстарға әкелді, сонымен бірге өткел берместей қиындақтарды да көрсетті. Авторлар кейбір тұстарда диалогқа түрлі қыстырмаларды енгізіп, үдерісті бейнелеуге қажетті дәйектеме де жасайды. Алайда, бұл ремаркалар көбіне шығарма поэтикасына бөтендік танытып, көркем мазмұнмен үйлеспейді.

Тосын жағдайға тап болған кейіпкер жан дүниесін суреттеуді психологиялық мәтіндер арқылы айқындауды талантты қаламгерлер қолдана бастағаны байқалады. Бұл бейсаналық құбылыстары мол сезім әуендерін көркем бейнеге көшіруге мүмкіндік береді. Алайда мұны көркем шығармада қолдану үшін мақсатқа сай жаңа мазмұн, тәсілдер керек. Бұрын әлденеше қолданған тәсілдер жаңа мақсат үшін жарамады.

Кейіпкер күтпеген жерден тап болған құбылыстар иірімдері жаңа, дара қолданыстарды қажет етеді. Б.Майлин, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, С.Сарталиев. М.-Ж. Көпейұлы т.б. прозасында осындай дара бейнелеулер көрінді. Мәселен, Ж.Аймауытов романындағы Ақбілектің балалы болғанын естіген Ақбаладан кете сала үйленейік деген Балташқа бірден көнуі және тұтқын кезіндегі «қарамұртты» ауық-ауық есіне алып тұруы т.б. кейіпкерлердің ішкі әлеміндегі күрделі құбылыстарға байланысты еді.

Қаламгер бұл құбылыстарды тарата жазып, айқындап көрсетпесе де,

²¹ Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. –1 т., 277-278 бб.

көркем мәтін жүйесінен айқын аңғаруға болатын деңгейге жеткізген.

Кейіпкер интеллектісін іс-әрекет үстінде көрсету немесе кейіпкер психологиясын суреттеуге ден қою оқырманды ойлануға бастайды. Ж.Аймауытов кейіпкерлерінің ішкі ойлары мен сөздерін, іс-әрекеттерін бейнелеу арқылы көрсетеді. Тосын жағдайларға тап болған жас қыздың жан дүниесіндегі сан алуан толқудан туған тебіренісін суреттеу оңай емес. Тіпті ақылға да көнбейтін әрекеттерді аша бейнелеуде табиғи талантының арқасында ғана адам санасындағы құпия құбылыстарды ашқан.

Өнердегі психоанализ негізі – кейіпкер рухани дүниесін ашатын уақыт тынысының күрделі жаңа мазмұнын көрсету деген сөз..

XX ғасыр басындағы қазақ прозасында көрнекті қаламгерлер ауыз әдебиеті мен халық прозасының сәтті тәсілдерін көбірек қолданады. Бұл - кәсіби прозаның қайнар бұлағы. Бірақ аласапыран заманның саяси - әлеуметтік жайлары көркемдік бағыттарда ізденуге, шығармашылық жұмыспен алаңсыз айналысуға мүмкіндік берген жоқ. Олар ресми идеология көрсеткен тақырыптарға жалтақтауға мәжбүр болды, баспасөз бен баспа орындарының талабын да ескерді. Ал оның басында отырғандардың көбінің ресми идеологияға бағынбаудан өзге шаралары болмады. Оған қарсы келудің немен тынарын жақсы білді.

Сондықтан да көптеген қаламгерлер кәсіби прозаға ұмтылуда халық әдебиеті тәсілдерін қолдана бастады. Бұл бағытта Б.Майлин үлкен шеберлікке қол жеткізді. Қаламгер кейіпкер кейпін бейнелеуде оның ойын ғана емес, мінез-құлқын диалогтарда суреттейді.

Қарапайым күнелтіспен жүрген кейіпкерлердің көбі саяси-әлеуметтік мәселелерден алыстау жүрді. Тіпті оның мән-жайын ұқпайтынын суреттесе, бұл қоғамдық шындықтарға сай еді. Өйткені сауатты адамдар аз, көпшілігі қарапайым тірліктен аса алмай жүрген кейіпкерлер тіршілік пен тұрмыстың ыңғайында жақсы көру, жек көру т.б. сезімдер жетегінде жүрген тәрізді бейнеленеді. Оларға көбіне қоғамдық үлкен ойларды таңу шындыққа қиянат болар еді. Әрі кеңістік, уақыт үндестігі бұзылады.

Заман «тендікке жеткен, түрлі курстарда оқыған саяси сауатты адамдар бейнесін», елге үлгі боларлық белсенділерді жазуды талап етті. 1925 жылдан кейін тап тартысын жазу, «болашаққа кесел келтіруге дайын» үстем тап өкілдерін әшкерелеу алға шықты.

Прозада бейнелеу құралдарын плакаттық стильдегі шығармалар жазуда қолдану көріне бастайды. Осы уақыттардағы қазақ прозасында күрделі сюжеттер көп кездеспейді. Анда-санда ұшырасатын қосалқы сюжеттер негізі оқиғалар мен кейіпкерлер ой әрекеттерін аша алмады. Негізгі сюжет баяулау басталып, дами алмай қосалқы сюжеттермен байланыса алмай әбігерге түсті. Кейіпкерлер әлемі жеке-жеке эпизод, кездесу, қарым-қатынастар көбіне жасанды жолмен ашылып, дамитындай күй кешті.

Ресми әдеби сын көрші ұлттар баспасөзінде, оқу орындарында жүрген шәкірттер арқылы жеткен жаңалықтарды мадақтады. Мәселен, татар, орыс әдебиеті үлгілерін т.б. пайдалану көбейді.

Бірақ халықтың ауыз әдебиеті, халық прозасының әңгіме мектебінің

үлгісіндегі шығармаларды көпшіліктің қалайтыны байқалып тұрады. Онда күрделі сюжетті шығармалар жазылды. Негізгі оқиғалар мен кейіпкерлер әлемін бейнелеуде қосалқы сюжеттерді олардың ой әрекеттерін ашу үшін шеберлікпен қолданатын жазушылар қатары көрінді. Негізгі сюжет баяулау басталып, бірте-бірте ширыға дамып, қосалқы сюжеттермен байланысып, көркем мазмұндағы тартыс пен шиеленіс кернеуін ширықтыра түседі..

Көркем прозаға өзгеше өң беретін осындай тәсілдермен жазылған шығармалардың дұрыс бағаланбауы - әдеби дамуға нұқсан келтіретін негізгі себептердің бірі.

Алуан түрлі дүниетаным мен саяси-әлеуметтік көзқарастағы қаламгерлер 1917 жылдан кейін кеңестік идеологияның қазығына байланып, тап тартысын көрсету үшін қаналған кедей мен жемқор байлар арасындағы тартыстарды суреттеуге көшеді. Кейінгі әдеби сын мен зерттеулерде осы бағыттар әрқилы аталып көрсетілгенмен, кеңес идеологиясы оларға еркіндік бермеді. Тіпті прозаға келу жолында, тақырып таңдау мен бейнелеу тәсілдерін белгілеуде де үкімет ресми идеологиясының қатпа қағидаларынан ұзай алмады. алмады.

Жаңа жанрларды игеру бағытындағы жазушылар ізденістеріне талдау жасағанда осы типологиялық факторлар бірден алға шығады. Баяндау мен диалог, авторлық идея мен көркем мазмұн арасындағы күрделі қатынастар диалогтың характер жасауға әкелетін мүмкіндігін тиімді пайдалана алмауды анық көрсетті.

XX ғасыр басындағы проза тарихы 20-шы жылдарға дейін ағартушы-демократтық бағыттағы идеяларды бейнелеуде тәжірибе мен біліктің жетіспеуі білімді қаламгерлердің аздығын көрсетті.

Идеологиялық ұрандарға жалтақтаған шала сауатты көпшілік шығармашылық ізденістердің біртектілігін өнердің міні деп есептеген жоқ. Сондықтан ағартушылық, дидактикалық идеялардың басымдығы тоқтаусыз көрініс тауып отырды. т.с.с.

Кеңес үкіметіне дейінгі қазақ прозасында шығыс әдебиетіне тән әдейі әлеміштеу мен дәстүрлі ауызша проза, түрік халықтары әдебиетіне тән бейнелеу тәсілдерін үлгі ретінде қолдану кездеседі Халық әдебиетіндегі ауызша әңгімелерде қарапайымдылыққа ұмтылу елге ұнады. Бас қаһарман ішкі әлемін шілдеханадағы айтыс, өлең түрінде немесе хат арқылы жеткізу XX ғасыр басындағы прозада жиі кездеседі.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Әділ мен Мария» хикаясындағы халықтық әуендер мен қаламгерлік ойлар, С.Мұқановтың «Сұлушаш»ындағы қобыз сарыны туралы қаламгерлік толғамдар, Сұлушаштың қаздармен айтысуы (мұңдасуы) - дәстүрлі әдебиетіміз бен танымымызда қалыптасқан үлгілерімен табиғи байланыстардың куәсі.

Қазақ прозасы тарихында, А.Байтұрсыновша айтқанда, негізгі кейіпкерлер бастан кешетін қызық, қиын уақиғаларға негізделген ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме баршылық. Бірақ бұлардың халық әдебиетінде көп болғаны соншалық, тіпті мән берілмегендей. Халық әдебиет мұраларын жинаушылар мен жазып алушылардың көп болмауы соған да байланысты.

Әрі ауызша әңгімеде құлпырып тұрған шығармалар қағазға түскенде бар

кереметінен айрылып, қарабайыр көп әңгіменің біра болып шыға келген.

М.-Ж. Көпейұлы, Б. Майлин, Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды талантты қаламгерлердің қолына түскендері бұл шығармалардың ғажайып поэтикасы қарапайымдығында болғанын анақ көрсетеді. Халыққа түсінікті, оны қозғайтын, әсер ететін үлгілерді пайдалану жаңа танымды қалыптастырды..

Дәл осындай ойларды кез келген халық әдебиеті мен кәсіби әдебиетке байланысты әлем әдебиеті шеберлерінің талайы айтқан. Жазып алудың қиындығы өз алдына, мұнда көркемдік құпияларының аз еместігі көсетіледі. Олардың көркемдігі туралы әңгімелер ХХ ғасыр соңындағы зерттеулерде ғана шындап қолға алына бастады.

Біздің әдебиетке байланысты теориялық толғамдарға келер болсақ, қаламгерлердің еркіндігі мен шығармашылық ізденістеріне кедергі жасаған кеңес идеологиясының қытымыр саясаты еді.

Халық әдебиеті мен прозасының ғажайып поэтикасы осы ғасыр соңына таман ғана айтыла бастады. С.Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» монографиясынан, 1984 жылдан бастап бұл тақырыпқа ықылас күшейді

Өкінішке орай, халық прозасының қағазға түскен үлгілері В.Радлов, Ә.Диваев, Г.Потаниндердің жазап алғандарынан басқаларда баспа жүзін көргендерінің көркемдігі мүлде әлсіз. Демек, халық прозасы, ауызша әңгіме мен хикаялар жазып алу, жариялау барысында ең басты ерекшелігі - көркемдігін жоғалтады. Осы жұмбақ көркемдіктің құпиясы, тәсілдері әлі де шындап зерттелмей келеді.

5.3. Б.Майлин және халық прозасы.

Ал шебер баяншылардың айтуында халық әдебиеті туындыларының көркемдігі тыңдаушылар санасында ұзақ сақталатыны анық. Олардың кейбіреулері ғана талантты қаламгерлер қаламына ілігіп бізге жетті. Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», С.Торайғыровтың «Өлеңмен жазбақ драманың материалдары», С.Мұқановтың «Өмір мектептері» мемуарындағы ауызша әңгімешілер ел ішінде 60-шы жылдарға дейін жиі кездесетін.

Бұл әңгімелердегі үлкен тәсіл әңгімешінің уақиғаны сезімдік қабылдауларын шеберлікпен жеткізе алуында. Басты кейіпкерлер психологиясы, сырлары тәптіштей баяндалмаса да, әңгімешінің сезімдік бағалауынан туындаған әсерлер құйқылжыта, тамсана, аңыздай баяндау барысында ғажайып әсер қуатына енеді. Баяншы оны әдемі жеткізеді.. Осы баян тыңдаушының, (оқырманның) санасына өтіп оны қиялында жалғастыруға жетелейді.

«Ендігісін өзің де білесің ғой, оны айтып не қылайын» дегендей әңгіме, дастан, хикаяның көркем мазмұны жұмбақтау, тіпті белгісіздеу сырлы сипатқа көшеді.. Тыңдаушы не оқырман шығарма авторының біріне айналады. Халық прозасының осындай әсері туралы академик-жазушы З.Қабдолов былай жазады:

«-Өй, өзі де Шұға десе – шұға еді-ау!..

Бұл не? Қасымжанның ғана тамсануы ма? Әлде Шұғаның жаназасына жиналған дүйім жұрттың аһ ұруы ма? Әрине, екеуі де! Сонымен бірге, сол

екеуінен де бұрын, бұл авторлық тенденция. Әдемі астасқан. Енді бұған оқырман тұжырымы – ризалығы қосылады. Өйткені біз бұл шығармадағы әрбір мотивке, детальға қалқысыз иланамыз, нық сенеміз. Біз Шұға тағдырына тебірене сілкініп қалдық. Біз бұл қызды ұнатамыз, ұғамыз. Сондықтан біз де әлгідей бағаға қорытындыға келеміз:

«-Өй, өзі де Шұға десе – шұға еді-ау!..»

«Шұғаның белгісі» - Т.Нұртазин, З.Қабдолов, Т.Кәкішұлы, Б.Наурызбаев, С.Ордалиев т.б. ғалымдар әртүрлі мақсатта біраз зерттеген шығарма. Оны жазып алуда, жариялауда Б.Майлин қолданған ғажап тәсілді айтамыз да қоямыз, бірақ мұны шындап зерттей қойғанымыз жоқ.

Халық әдебиеті баяншысының сезімдік қабылдауы - бұл бір жұмбақ әлем. Оның әңгімеші танымына сіңуге тиіс әсерінің құпиялары бар. Бұл бір болса, соны жазып алушының, нақты жағдайда Б.Майлиннің сезінуі - екінші жұмбақ. Мұнда сезімді тану үдерісі іске қосылатындай. Қаламгер бұл ғашықтар оқиғасын көзімен көрген, оған араласқан сезімін, психологиясын жете білген Қасымжанның танымын суреттеудің ертегідей жұмбақ үлгідегі тәсілін қолданған.

Сонда бұл тәсілді қолданушы кім? Қасымжан ба, Б.Майлин бе? Мұны анықтау оңай тәрізді көрінгенмен, олай емес. Қазақ әдебиеті классикасына айналған шығарма көркем мазмұнының құпиясы Қасымжан әңгімесінде десек те, Майлинде десек те қателесетін шығармыз. Қаламгердің бақытына орай, оралымы ойға, өрнегі сиқырлы қаламға қона кеткен бақыт. Академик - жазушы З.Қабдолов авторлық тенденция деп отырған бағытпен байланысы бар. Хикаяның соңындағы мына диалогқа көз салайық:

«Бұлғандап өскен жалғыз қыз былай болған соң, бәйбіше үйінің ішін үгіттеп, Шұғаны өлімнен құтқармақ болысады. Ол емі Әбдірахманды ел болып ақтап алып, той қылып екі жасты қосу. Балаға деген мейірімшілік Есімбекке мұны да еріксіз істетпек болды. Ағайын туғандарымен ақылдасып, болыстан өтініп Әбдірахманды қайтартпақ болды. Мұның теріс деп ешкім Есімбекке айта алмады.

Маған да еркіншілік болуға айналды,

Шұға шақырады деп бүр күні Есімбектің түйешісі келді, Төбем көкке тиердей болып қуандым. Келдім. Үлкен үйінде, кілемнің іргесін түргізіп, Шұға жатыр екен. Маған көзі түсіп кетіп қамықты.

- Қарағым, деп шешесі бетінен сүйіп, Шұғаның көзіндегі жасты орамалмен сүртіп алды.

- Жылама, қарағым, бір сенің ризалығың үшін әкеңнен есітпеген сөзім жоқ. Қайтейін билік менің қолымда болса, бұл күйге я түсер ең, я түспес едің...

Бәйбіше де қамықты, Үйде басқа адам жоқ еді. Шұға шешесіне:

- Әже,- деді.

- Әу, қарағым.

- Мені оңаша қалдыршы.

- Қалдырайын, қарағым, - деп бәйбіше шығып кетті. Мен Шұғаға жақындадым.

- Жайың қалай? Тәуірмісің, - дедім.

- Тәуір емеспін, - деді. Көзіме көзі түсіп кетіп, қамықандай болды... - Тәуір емеспін... Тәуір болуды тілемеймін де... Сәлем айт...- деді. Жылап қоя берді. Жастығының астына тығулы ормалмен көзін сүртті.

-Тірі келсе көресің ғой, бірақ мен... Тығылған жасқа булығып сөзін айта алмады.

-Құдай жазған болса, бәріміз де көреміз. Ажарыңыз тәуір ғой, жазыларсыз,- дедім.

- Жазылып керегі не? Бәрібір мен бақытты бола алмаймын. Әкем аяса, менің дертім жаныма батқан соң аяп отыр. Ертең сауықсам қайта күйсеуден тайынбайды. Өлем деп арман қылмаймын, жалғыз-ақ арманым бар. - Түнеугі көргенде Әбдірахман бірауыз сөз айта білмеді. Бір көріп сөйлесіп, жаным шығарда, «Шұғам!» деп бетіме бетін тигізсе, бар арманым бітіп, дүниеден армансыз өтер ем... әй, ол жоқ қой! - деді.

Ауыр күрсінді.

Кешке шейін отырып мен елге қайттым.»²²

Шегі жоқ қиындықтың шегінен шығуды бейнелеуді қаламгер осы диалогқа тапсырғандай. Өте ауыр қасіретті көріністі автор әңгімешінің баяндауы арқылы емес, өмірмен қоштасудың соңғы сағаттарын күтіп жатқан Шұғаның аузына салуы және өте қысқа, шағын диалог арқылы іске асыруы - үлкен табыс. Талантты қаламгердің осы мәтінге жүктеген қарапайым тәсілі шығарманың барлық эмоциялық қуатының молдығын байқатады..

Бұл – халық прозасындағы дәстүрлі әдіс. Әлемдік әдебиетте де ұшырасады. Автор неге өз атынан баяндап, бағаламайды деп ойлайсың кейде: Болған уақиғаны неге Қасымжан атынан баяндай отырып, осы соңғы сөзді Шұғаның аузына салады. Өзі болған уақиғаны көрмегендіктен бе? Сірә, мұнда да мимесистік таным құпиясы бар – ау.

Естігенді, көргенді қаз-қалпында баяндап, әңгімелеп, айтып берушілер қазақ арасында бұрындары өте көп болғанмен, Қасымжан тәрізді әңгімешілер аздау болса керек. Мұндай әңгімешілдік құпиясы да құдай берген талантқа тәуелді ғой.

Сентиментальді фабуласы бар шығармада стильдік реңктері мол хикаяны әңгімеші романтикалық бояуы мол аңызға айналдырады. Бұл - халық прозасы шеберлерінің құдай берген табиғи талантының нәтижесі. Шығарма көркемдігінің құбылып, құлпырып отыруы - дара талант шығармашылығының құпиясы.

Бұл - тым тереңдемей, бас қаһарман Шұғаның жан дүниесіне еніңкіремей ғана айтылған баяндау. Осы ауызша әңгіме поэтикасындағы оқиғаның ұзын-ырғасы туралы әңгімешінің аңыздауға ұласатын мазмұндық бағалауы жәй айтылған сөз емес, сырға толы хикаяның сезімдік бағалануы. Мұнда қасіретке толы оқиғаға қатысты алып-қашпа шындықтар мен бастан кешкен

²² Қабдолов З. Арна.зерттеу-сын-эссе. –Алматы:Жазушы,1988.. 127-б.

адамдар әрекеті, ойлары - бәрі қосылған. Тағдыр талайы басқа салған қасіретке толы бағаны Шұғаның өзі айтады.

Әбдірахман сезімдері, Қасымжан сағынышы, Бейімбет танымы, Шұға жаназасына қатысқан халық аянышы – бәрі қосылады. Бұл бірден көрініп тұрады.

Бір ғажабы, шығармашылық үдеріс барысында кейіпкерлердің ішкі сезімі тереңдей суреттелмейді, тіпті жан-жақты бейнелеу де жоқ. Бірақ астарындағы мағынаның көбі Қасымжанның көзі мен көңілін билеген сезімдер бейнесі арқылы жеткен.

Шұға мен Әбдірахман арасындағы ғашықтық хикаяның барлық тарихы олардың аз-кем кездесулерінде айтылатын бірер сөздері арқылы жетеді. Хикая өзегіндегі махаббат тарихын, мазмұны астарындағы айтылмаған сезімдер мен ойларды Қасымжан жан-дүниесіндегі толқулар мен тебіреністерге қосып, өз сөздері арқылы жеткізеді.

Оқырман ғашықтық хикаяның ғажайып мазмұнын, әңгімеші бастан кешкен сезімдер сырын Б.Майлин талантының тылсым жұмбағы арқылы біледі. Бұл жұмбақты жете аңғарған қаламгер оқырманға сол сезімдерді, әсерлерді бүлдірмей бейнелеу арқылы жеткізеді. Өзінің қиялын, сезімін қозғаған көркем мазмұнды табиғи қалпында суреттеп, ойлануға, тебіренуге, толқуға жағдай жасайды. Эстетикалық әсер оқырманда сол сенім арқылы қалыптасып, көңіліне орнығады. Халық әдебиеті танымының ерекше қасиеттері осы қабылдау, ойлану, тебірену,, толқулардан басталады.

Халық прозасындағы портреттің де өзіндік ерекшелігі жеткілікті.. Мәселен, бас кейіпкерлерді сипаттауды көп созбай-ақ, «сұлу, батыр, адал еді» деген қарапайым сөздермен ғана айтады. Кейде, «ай десе аузы, күн десе көзі дегендей фольклорлық қалыптарды (клишелерге) қолданады. Мінез-құлқын сипаттауда да «батыр, ақылды жігіт еді» т.б. деген қысқа баяндаулармен шектеледі. Бұл әңгімелер жүйесінде әдейі әсірелеу, созбалау жоқ. Алайда кейіпкерлердің немесе оқиғалар туралы өз қабылдауын баяншы дауыс ырғағы мен бет-әлпетінің құбылуы, саусақтар қозғалысы, мен сөз сабақтауы т.б. арқылы жеткізеді. Бұл қысқа қайырулар артында өте көлемді суреттеулер жатады. Оқырман мәтіндегі айтылмаған теңеу, метафораларды әңгімелеу кезінде қолданатын емеуірін бет-әлпет, саусақ т.б. қимыл қозғалыстардан ұғып әсерленетіндей. Ол, сірә, әңгімеші сенімі мен әсерінің айтып отырған хикая, әңгімеге сіңіп қалған сезімдерінің жаңғырығы іспетті..

Мәселен, «Шұғаның белгісіндегі» портретке көз салайық: «Шұға десе – шұға, өй, шіркінің өзі де келбетті еді-ау...Аққұба, талдырмаш, көзі қап-қара.

Осы үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай.Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау шіркін...

Біз Шұғаны алғаш рет Есімбектің бір отауынан көріп, келбетінен көз ала алмаған едік: «Апырмай, адамзатта да ондай сұлу болады екен-ау..Аққудың көгілдіріндей, осы аппақ... Үстінде шеті кестелеген ақ көйлек, омырауын неше түрлі ілгектермен безеп тастаған қызыл пүліш камзол, басында үкі таққан бөрік. өзі сұлу адамды мүлде жандандырып, құбылдырып тұрады...

Мүсіні мен мінезі осындай Шұғаның лебізі қандай әдемі!..»

Бұл суреттеуде қаламгердің қосқаны бар ма екен? Әлде бәрі Қасымжанның баяндауы бойынша жазылды ма? Біздің ойымызша, бұл портретте халық прозасы шебері мен соның айтуынан әсерленген аса талантты прозашы Б.Майлин қабылдауының өрнектері де бар.

Халық прозасындағы күрделі жанр хикая (повесть) сюжеті, композициясы оның құрылымының түрлі тұсы, әбден қалыптасқан дәстүрлі деңгейінде. Хикаяда сюжеттің де, композицияның да талай түрлері қолданылған. Мысалы, қыстырма әңгіме, уақиға, ойлар т.б. Ол уақиғадан ғана емес әңгімеші қабылдауына, әрі нақты жағдайда әңгімелеу нәшінен болуы мүмкін.

Қыстырма эпизодтар мен материалдардың өзіндік сюжетінің болуы да, болмауы да кездеседі. Алайда оның өзге материалдармен ғана емес ауызекі әңгіме үдерісімен үндестігінің болуы шарт.

Ал прозаның хикаялық құрылым, архитектуриканың әдейі жасанды жаңа пішімде кездесуі сирек. Болмайда деп айтуға әзірге деректер жоқ. Көбіне сюжеттер құрылымы хикаяның негізгі мазмұнына бағынышты болса, сюжеттер композициясы өз өрнегін сақтайды.

Хикаяда жанр түзейтін фактор – бас қаһарман мен дара тұлғалар тағдыры тарихының уақиғалары. Авторлық идея содан өрбиді. Шығарманың орындалу кезіндегі өзгерістері мен қағазға жазылу сәтіндегі түрленулер соның маңынан өрбиді. Бірақ көркем мазмұн әсерінің ойсырай төмендейтіні орындалу кезіндегі өзгерістер мен жазып алу сәтіндегі үдеріске тәуелді. Әрине, мұның әңгімешіге де, жазып алушыға да байланысты екені - үнемі айтылып жүрген шындық. Талантты әңгімеші, жазып алушының кездесуі - өте сирек болатын құбылыс. Әлемдік әдебиет тарихында біздің «Шұғадай» халықтық проза мен кәсіби әдебиет құймасынан туындайтын шығармалардың сиректігі - феномендік құбылыстардың құпиясының бірі.

Дәуір шындығын суреттеу нақты уақыт және кеңістік аясында өмір сүретін, ететін кейіпкерлер бастан кешетін сан-алуан оқиғаларға байланысты. Мұнда қосалқы кейіпкерлердің орны да аз емес. Арнайы ой, идея характерлер тіршілігінің тығыздалуы немесе қысқаруы т.б. байланысты.

Кейде осы оқиғалардың сәтті бейнеленуі ақылы күшейтіледі. Хикаядағы авторлық интенцияда танымдық мақсат та болады.

Қаһарман әрекетінің психологиялық, биологиялық уәждерінің (мотивтерінің) арнайы бейнеленуі авторлық мақсатты аңғартуға қатысты болмақшы: танымдық мән айқындала түседі; ғылым, дін, философия, шаруашылық, саясат, этика негіздері т.б. қосалқы бөліктер қызметтері көркем мазмұнға қызмет етеді..

Диалогты меңгеруге ұмтылу түрлері - әлем әдебиеті тарихында сансыз. Осы қиындықтар қазақ кәсіби прозасының қалыптасу жолында, қазақ әдебиеті тарихының даму кезеңдерінде де болды. Біз бұдан біз өте тез өттік.

XIX ғасыр орта тұсы мен XX ғасыр басындағы қазақ прозасында айтарлықтай табыс ретінде бағалауға болатын бірнеше ірі деректерді атауға болады. Ш.Уалихановтың ғылыми шығармалары мен күнделіктері, Ы.Алтынсариннің балаларға арналған әңгімелері («Қазақ хрестоматиясы»

заман идеологиясына, терминологиясына сай «Киргизская хрестоматия» аталған). Абай «Қарасөздері» мен қазақ халық прозасының жауһарларын да айтуға болады.

Міне, солардың шығармаларын жариялауда «көзге көрінбейтін» қиындықтар көп болады. Жалпы кәсіби проза жанрының даму тарихы туралы әңгімелер XX ғасыр басынан айтылып жүргенмен, шындықтың ежелгі дәуірлерде екенін де айтып келеміз. Ол туралы осы жұмыс бастауындағы кіріспеде біршама жазылды.

XX ғасыр басындағы кәсіби прозадағы баспа көрген шығармаларда кейіпкерлердің сәт сайын құбылып тұратын мінез құлқы баяндауға, әңгімелеуге талпыныс артқан. Бұрын диалогты қолдануды, көбіне проза жанрында тәжірибесі аз қаламгерлер авторлық баяндауға көшіре бейнелейді. Оқиғадағы кейіпкерлердің қабылдау әсерін көрсету, суреттеу, бейнелеу т.б. тәсілдер мәтінінен тыс қалады. Тәжірибесі аз қаламгерлердің бейнелеу барысында алдынан шыға берген диалог пен баяндау арасындағы қиындақтардан құтылуды мақсат қылғаны көрініп те тұрады.

Бұл әңгімені ауызша орындауды тыңдап отырғанда түсінікті көрінгенмен бейнелеу барысында қиындықтары өте көп. Алдымен ауызша айтылған әңгімені қағазға түсіруші бұл қиындақтармен бірден кездеседі.

Баяндау, мазмұндау тәсілдерімен диалогты аралас қолдану әдебиетті біртектіліктен құтылуға жәрдемдеседі. Оқиға қозғалысын суреттеуде кейіпкер сезімі мен мінез-құлқын, жан дүниесін тәптіштей бейнелеуде диалогтардың рөлі айтарлықтай. Шығарма оқиғаларының дамуына ықпал етеді, күшейтеді. Тіпті кейде қоғамдық, саяси факторлар әсерін екінші қатарға ығыстырады. Шығарманың дидактикалық, ағартушы-демократтық идеялардан босауына жағдай жасайды.

XIX ғасыр соңында проза ізденістері дамыған елдерде тоқырауға ұшырау байқалды. Тәрбиелік-патриоттық идея мен саяси-идеологиялық мақсаттың монополияға айналуы эстетикалық тоқырауға әкелді. Алайда, оны проза тарихындағы кезекті саты ретінде қабылдауға болады. Бірте-бірте басты назар адамның жеке бостандығын көрсетуге ауды. Адамның рухани жан-дүниесін, сана-сезімін қаза қуалай жазу психологизмге әкелді. Бұл жол прозаның хикая, роман жанрындағы қаламгерлерді модернизмге бастады. Адам психологиясын қазбалау, түйсік деңгейіндегі үдерістерге дейін бару, әдеуметтік проблемалардан оқшаулау романның эстетикалық дәстүрлі әсерін сұйылтты.

XX ғасыр басындағы әдебиетімізде тақырыптық-идеялық алаалықтың кездесуін қазақ елі тап болған аласапыран жағдайлармен де түсіндіруге болады. Басты тақырыптардан ауытқу, ел алдындағы ірі оқиғалардың екінші лекке, кейінге ысырылуы, басы бос элемент, эпизодтардың кездесуі - күрделі жанрдың қалыптасу жолында ұшырамай қоймайтын заңдылықтар нәтижесі.. Алайда басты кедергі кеңес үкіметінің 70 жылдай санаға күшпен, зорлықпен сіңірілген идеологиясына байланысты болды. Оған қарсы сөйлеу түгіл күмандану қудалауға апаратын. Әсіресе, ресми билік тармағында отырған қоғамдық-гуманитарлық ғылым, ілім саласының басшылары жылы

орындарынан, билік рахатынан алыстаудан қатты үрейленді

Билікке қарсыласпау дертіне әбден малтыққандар мұны маңайындағыларға, бағыныштыларға жұқтырды. Сөйтіп, кеңес идеологиясының «өзгеше ойлай алмайтын» солдаттары қалыптасты. Оның біздің халқымыз үшін әсерінің қандай болғанын ұлттық тілімізді қорғай алмай пұшайман болған қалпымыздың өзі күнбе-күн есімізге салады..

Көркем шығармада кейіпкерлер тап болған оқиғалар әсерін бейнелеудің кәсіби прозада, егемен елдерде қалыптасқан, өнердің ішкі табиғи заңдылықтарына байланысты түрлі әдіс - тәсілдері бар. Оны ХХ ғасыр басындағы орыс, татар т.б. халықтар әдебиетімен жақсы таныс қазақ қаламгерлері білді. Көрді. Бірақ мұны шығармаларында қолдануға ресми идеология мүмкіндік бермеді. Бір қарағанда, оңай тәрізді көрінгенмен бұл тәсілдің қолға түспейтін жұмбақтары аз емес еді. Тіпті тәжірибелі қаламгерлердің өздері де теориясын жақсы білетін заманауи тәсілдерді игере алмай қиындықтарға тап болады.

Қазақ қаламгерлерінің көбі диалогты суреттеудің қажетін көре тұра оны айналып өтудің немесе көп қолданбау жолдарына көшуі - осы қиындықтың салдары. Көбіне кейіпкерлер диалогтарында драматургияда қолданылатын қыстырма ремаркаларды пайдалану да осыдан. Бұл әдісті диалогқа араласушылардың көңіл күйлерін көрсететін қимылдарды жақшаға алып оқшаулап көрсетуді, әсіресе, 1917 жылдан кейінгі прозада, романшылар қолданады.

Осы дәуірдегі прозада диалогты бейнелеудің түрлі үлгілері аралас келіп отырады. Бұл көркем прозада диалогты қолданудың көркемдік қуатын сезе тұра шеберлікпен игеру алмауы тәсілдің әдеби үдерісте орныға қоймағанын көрсетеді

Диалогты көркем прозада көлемді әңгіме мен хикаяларда, романдарда баяндаудан бөлектей көрсетудің жақсы үлгісі әлемдік әдебиетте бар, аз да емес. Көбіне жиі қолданылғаны - кейіпкерлер сөзін пауза арқылы жаңа жолға бөлектеп, сызықша арқылы жазу.

ХХ ғасырға дейінгі қазақ прозасында да бұл тәсіл кездеседі. Алдымен, әрине, ауызша әңгіме, халық прозасындағы қолданыстар туралы айтуға болады. Кәсіби прозадағы бұл әдістердің қазақ көркем шығармаларына ену, орнығу жолдары оңай болған жоқ. Бұл туралы айтылды, кейінгі талдаулардың қажетті тұстарында арнайы тоқталамыз.

Диалогтарды айқындап беру 1917 жылдан кейінгі хикая, романдарда жиі қолданылып, ұштала түсті. Әсіресе, Б.Майлин прозасында оның белгілі бір заңдылықтары да болды.

Қаламгер 1917-ші жылға дейінгі шығармаларында көркем прозаны игерудің біршама тәжірибесін «Айқап» журналында өтті. Халық прозасы тәсілдерін шебер қолдануды Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», М.Әуезов пен Ж.Аймауытов шығармаларынан көруге болады.. Әлемдік әдебиет пен классикалық прозаға көңіл қойған көрнекті қаламгерлерден мұндай мысалдарды көптеп кездестіреміз.

Халық прозасында диалог пен баяндауды ажырата, үндестікте қолданудың

небір таңдаулы үлгілері болды. Бұл әсіресе ауызша әңгімеде, халық прозасында тиісті деңгейге жетті және сонымен қатар оны күрделі, көлемді прозада игерудің оңайлықпен қолға түспейтіні да белгілі болды.

Диалогты бейнелеудің озық үлгісі ХХ ғасырдың алғашқы ширегінің соңына таман көріне бастайды. Мәселен: әңгімелесушілер әсерінен олардың Жауаптарының астарын байқату; оны суреттеуге көшіру т.б.

Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы мына диалогта бұл қолданыстар байқалады:

« - Сен қалай ойлайсың? Көл басындағы елде осыдан жақсы қыз бар ма?

- Әй, жоқ шығар деймін...

- Түнеугіден бері қайда жүрген?-дегенде, сен не жауап бердің?

- Онда ма? «Сені бұрын көре алмай жүріпті, энеугі шілдеханада анық көріп, содан бері сені ойлап, ұйқы көре алмай жүрсе керек, дедім.

- Бұ жерін үйлестіріп жіберген екенсіз! – шәкірт күліп мәз болды.. – тағы немене? Оны да азырақ мақтадым дейсіз бе?»²³

Тілегі орындалғалы тұрған шәкірт пен Қартқожа арасындағы диалогта

Шөмештің көнген сыңайын байқаған ғашық жіттің қуанышы аса шебер бейнеленген. Артық сөз, қыстырма жоқ. Таза диалог. «Оны да азырақ мақтадым дейсің бе?» деген жолдар артында өзіне ұнаған сөздерді қайта-қайта тыңдауға құмартып тұрған жастың кемерінен асып тұрған көңіл күйі ғажап бейнеленген.

Дәстүрлі қазақ әдебиетінде диалогқа қатысушылар қабылдауы бейнелеусіз-ақ беріледі. Мысалы,

Абайда:

«Долылықпен хан Ескендір ашуланды,
Ашуланып қақпаға жетіп барды,
Қақпаны дүрсілдетіп қағып-қағып:
- Қақпаңды аш деп барынша айқай салды.
Қақпаның ар жағынан біреу-келді,
Күзетшісі сол екен дыбыс берді,
- Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ,
Бұл құдайға бастайтын қақпа, -деді.
- Білмесең мен Ескендір патша деген,
Жер жүзінің соғыста бәрін жеңген,
Қақпаңды аш, хабарыңды айт, білдір маған
Қорлығым өзім туып көз көрмеген.
- Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,
Мықты болсаң өзіңнің нәпсіңді жең!
Іші тар көре алмастың біреу сен,
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең.
- Талпынған талаппенен мен де бір ер,
Көп жүрдім, кездей келді көрмеген жер.
Ең болмаса халқыма көрсетейін.

²³ Аймауытов Ж. Шығармалары.-Алматы: Жазушы 1989. 41- б

Сый қылып, белгі болар бір нәрсе бер!»²⁴

Әрине, Абай поэмасының көркемдік жүйесі басқа екенін ескергеннің өзінде мұндағы диалог басқа авторлық ойға бағындырылған. Сондықтан да бұл диалогтан кәдімгі адам психологиясының белгілерін, тыңдаушы мен айтушы арасындағы жанды қатынасты іздеуге болмайды. Алайда, қашанда жолы болатын Ескендірдің жабық қақпаға кезіккендегі ашулана айқай салуын баяндауда тоқтау көрмеген Ескендір мінезіне сай белгілер бар.

Мұндағы диалог дәстүрлі шығыс және қазақ әдебиетінде әбден орныққан үлгі бойынша берілген.

Дастан, хикая, романдарында диалог жеткізудің келесі бір түрі – халық прозасына тән болған жайды, оқиғаны әңгімелеп айтып беруге немесе мазмұндай «әңгімелеуге», мазмұндауға құрылған ертегілік тәсіл.

Моделі: «Бала айтты. (сөзі келтіріледі),

«патша айтты: (сөзі беріледі!

«уәзір айтты: (сөзі келтіріледі) т.б. үлгіде.

Келесі тәсіл – драмалық үлгі. Бұл Шәкәрімнің «Әділ мен Мария» романында көп қолданылған. Сондықтан да шығарма алғаш жарияланғанда, оны драмаға жақындатушылар болды.

«Әділ: Әже, қуырдақ дайын ба?

Әжесі: Дайын, қарағым, дайын!

Әділ: Жә, Серікбай, кешке біздің қасымызға кім ереді?

Серікбай: -Мына Мықтыбай ше?

Әділ: -Жылқыны кім бағады?

Серікбай: - Бұ түні ай жап-жарық болады. Несі бар? Өзге жылқышы бақпай ма?

Әділ: Жарайды, үшеуміз де жер қылаң ат мінеміз»²⁵

Батыс, шығыс, әсіресе, орыс әдебиетінен талай шығармалар аударған Шәкәрім әлемдік әдебиеттегі диалогтарды бейнелеудің тәсілдерін жақсы білген. Дәстүрлі әдебиет тәсілдерін де шебер қолданып, талай шығармалар жазған.

Мәселен, 1924 жылдан бастап жазған «Еңлік-Кебек», «Қалқаман – Мамыр», шығыс әдебиетінен қаламгер аударған алты шығармада және орыс әдебиетінен аударған «Дубровский» повесі мен т.б шығармаларындағы диалогтарды жазушылар үшін ізсіз кетті деуге болмас. Мәселен, «Асархидон – Лаэли» аудармасындағы аралас үлгіні «Әділ – Марияда» қолданған.

Романдағы диалогтардың, негізінен, табиғы қалпында, қозғалыста берілгені жөн. «Диалоги – диалектичны» (М. Бахтин) дегендей, онда ой, идея, тақырып, тіпті кейіпкерлердің түрлі сезімдерінің шарпуы қозғалыс үстінде бейнеленбесе, шығарма көркемдігіне нұқсан келтіреді. Қозғалыссыз статикалық күйдегі диалог тақырыпты ғана емесү шығарманы да жансыз күйге көшіреді.

XX ғасыр басындағы романдарда жастардың бас бостандығы, рухани бостандық жолындағы күреске қазақ қыздары көтерілді. Оны тек қана

²⁴ Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1977. 322-б.

²⁵ Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. 495-б.

махаббат әуенімен байланыстыру шындықтан алыстау. Мәселен, С.Торайғыров әңгімесіндегі әмеңгерлікке қарсылық, С.Көбеев романындығы Ғайшаның Тұрлығұлға, шалға тимеу үшін Қожашпен қашуы т.б. Қазақ қыздарының теңдік, бостандақ жолындағы күресі өзге де әлеуметтік, қоғамдық мәселелермен қабаттасады.

Кейіпкерлер бейнесін сомдау шығармада ұлттық дәстүр, ескі салт-сананы әшкерелеу мақсатында басталғанмен, оған байланысы бар түрлі нәрселерді, нақтылы заттарды да бейнелейді. Жастардың құрбылырымен, қоғамдық ортамен қарым-қатынасын, ішкі сезім иірімдерін бейнелеуге де көшеді. Бірақ осы мақсат көбіне хабарлау түрінен аспайтындықтан, жансыз күйде қалады. Олардың психологиясының түрлі құбылыстарын, қозғалысын, құбылуын суреттеп көрсетпейінше, жанды бейнеге жету қиын.

Көркем образ жасау үшін диалог үстіндегі кейіпкерлерді әр тұстан, әр қырынан бейнелеу мүмкіндігін қарастыру жиырмасыншы жылдардан басталады. Б.Майлин, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Сейфуллиннің прозалық шығармаларында осы аса қиын түйінді шешу жолындағы ізденістер мен тәжірибелер жоғары деңгейде көрінеді.

М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесінде үлкен шеберлікпен бейнеленген портреттер бар. Бұлар тек қана кейіпкерлер кейіптерін суреттеуге ғана арналмаған. Қаламгер кейіпкерлер бейнесін қимыл, қозғалыс, әңгіме үстінде толықтыра сипаттайды:

«Жолаушының бірінің торғын түсті жаңа тымағы бар. Қалың киімнің сыртынан киген сұр түсті шекпен, жағасы қара барқыт. Байпағының қонышын барқытпен көмкерген жаңа қара етігі бар. Алғашқы көрген жерден-ақ мынау мырза екен дегізгендей....»

Бұл жігіттің жасы отыз шамасында. Орта бойлы, дөңгелек денелі, қысқалау мұрынды, шоқша сақалды, сұрғылт беті дөңгелек, жалпақтау. Суық қарайтын қисық біткен кішілеу өткір көзінде және түксиген қабағында өзгеше қаталдық бар. Кішкене мұрны көз-қабағына үйлеспейді. Бұл адамның күлгендегі пішіні құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұрады.»

Бұл жай ғана кейіпкер киімдерін суреттеу емес. Оның ендігі әрекеттерінің қандай болатынын тұспалдау. Оның атқосшысы Қалтайдың мінезі мен ісі де Ақанмен ұштастырылады: «Ақанның түндегі жүрісіне өте ыңғайлы, әрі жылпос, әрі тілді ер жігіт еді ...»

Күндізгі біз көрген жолаушылар күн батып қой қораланған мезгілде осы қораның алдына келіп тоқтады. Шанадан түсіп, үстерін қағып сілкіп болған соң, Ақан мырза қораның сиқын көріп, көңілсізденіп:

- Қалтай, осы үйге қайдан әкелдің? Кісі отырарлық жері бар деймісің, басқа үйлердің біріне бармай, - деді,

Қалтай атты доғарып жатып:

- Үндеме, неге әкелгенімді кейін білерсің, - деді

Құлағына жайлы хабар тиген соң, Ақан үйге кіруге асыға бастады..<...>

Бұл үйдің барлық жаны – үш-ақ әйел. Пештің жанында біріне–бірі

тығылып, бүрісіп отыр. Әйелдердің біреуі – сексеннен асқан, кәрілігі әбден жеткен кемпір, екіншісі қырықтың шамасындағы әйел, үшіншісі он үш

жастағы қыз. Кемпірдің жасы қартайып, қуаты азайғандығы шын болса да, бетінде ерекше бір қайрат білінеді, еркек пішіндес, кесек. Үлкен, жалпақ маңдайлы, қошқар тұмсықтау келген, үлкен мұрынды, Тақырлау сұйық қабақтыңастынан көрінген кішкене өткір көздері қажыған салқын жанармен жалтылдайды. Маңдайы мен екі ұртына түскен қатпарлы қалың терең ажымдары өмірінің талай қайғы, талай бейнетіне куә. Бұл кемпір - осы үйдің қазіргі қожасы. Ана әйелдің біреуі – келіні, біреуі – сол келіннен туған немере қызы. Келіннің пішінінде не жақсылығына, не жамандығына айғақ болған орасан белгі жоқ: орта пішінді, орташа жаратылған адам тәрізді. Бірақ бұның пішінінде де өзгеден бөтен бір жаттық бар. Қадағалап қараған кісіге ол көрінетін. Тұңғыық қара көздері бір қараған жерден аумай, ылғи жансыздықпен қарап тұрғанына көзі түскен адам бишараның кім екенін айырушы еді. Ол жаңа арада екі көзінен айрылған суқараңғы еді..»

Енді Ғазиза бейнесіне портретіне көңіл аударалық: « Сыпайы, нәзік өскен Ғазиза жіңішке, сұңғақ бойлы, аз ғана секпілі бар, дөңгелек ақсұр жүзді.

Ғазиза көрген көзге алғашқы жерден-ақ сүйкімділігін сездіретін уыз жас. Жалғыз-ақ ұяң, жұмсақ қарайтын қара көзінде және ылғи шытынған, кірбіндеген қабағында қалың уайымның салған ізі бар. Пішіні – мұңды, жүдеу. Жас басына орнаған қайғы, жүрегін жеген дерт сыртына шығып тұр.»²⁶

«Қорғансыздың күні» туралы С.Мұқанов: «..алғашқы әңгімесімен Мұқтар шын мағынасындағы европалық прозаның дәрежесіне көтерілді» деп жазған.

Осы алғашқы шығармаларының өзімен «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Қорғансыздың күні» т.б. арқыла қаламгер қазақ прозасындағы жан-жақтылық пен тереңдікке ұмтылудағы сәтті ізденістерді көрсетті.

Көлемді проза құрлысында оның бөліктері мақсатты, жүйелі орналасқаны жөн. Осы орын тәртібінің өзінен композиция әліппесі басталады. Аралық байланыстар арқылы жететін қаламгер идеясының ирімдерін сауатты оқырман біртіндеп ажыратады. Хикая, романдағы бейнелер мекендік, кеңістік өлшемдеріне сай орналасқан фабула мен сюжет, уақыт пен кеңістік шарттарына жүктелетін қаламгер ойларын көркем тілге көшіре алады. Мазмұн қимылсыз қатып қалған қалыпта емес, мезгілдік өлшемдер арқылы сабақтаса байланысатын жанды суретше көрінуі шарт. Бірыңғай баяндауға құрылған шығарма - диахрондық тұрғыда проза дамуының кезекті сатысында ғана кездесетін құбылыс. Баяндау мен авторлық идеяны көлемді шығармада бейнелеу қаншалықты қиын болса, қабылдауға да соншалықты ауыр болмақ.

Прозаға ден қоятын қаламгерлер алдынан жиі кездесетін бұл қиындықтар шым-шытырық уақиғаларды баяндау арқылы ғана шеше алмайды. Сондай мақсат қойған күннің өзінде де кейіпкерлер бастан кешкен оқиғалар тізбегін ғана жеткізеді. Олар қаншалықты көркем баяндалғанмен, кейіпкерлердің сөз қактығыстарындағы қарым - қатынастарды көрсете алмайды.

Көркемдік шешімді диалогтық баяндаумен жеткізу мүмкін де емес.

Уақиға мен тағдырлар тарихы түрлі әлеуметтік, қоғамдық қарым-

²⁶ Әуезов М.20 томдық шығ.жин. 1 т.-Алматы,1979. 70-б.

катынастар адам тірлігінің күнделікті күйбеңге толы әрекеттерін тоқтала тереңдей талдауға мүмкіндік бермейді. Тіпті кез келген оқырманның да шығармадағы уақыт пен кеңістік өлшемдерінің бейнелену мақсатын аңғара алмайды.

Уақыт пен кеңістік өлшемдерін прозада көркемдік мақсатта қолдану мүлде оңай емес. Шығармадағы осы маңызды міндетті тәжірибесіз қаламгерлер ескере бермейді. Әлемдік прозада кездесетін тәсілдердің бірі ретінде уақыт пен кеңістік өлшемдерінің, шығармадағы хронотоптың көркем мазмұндағы қызметі белгілі. Ол туралы жазылған іргелі еңбектер жеткілікті²⁷

XX ғасыр басындағы қазақ хикаялары мен романдары көлемінің шағындығының сан түрлі себептері бар. Өздеріне беймәлімдеу, қиындығы мен түсініксіз түйткілдері мол осы тәсілді айналып өту үшін қаламгерлер баяндауды мезгім-мекендік өлшемдерсіз қолданды деуден аулақпыз. Алайда мақсатты түрде қолдана алған жоқ. Өйткені көлемді шығармада кейіпкерлердің әрекет-тартыс жүйесін суреттеу барысында уақиға болған орта мен уақытты бейнелеу - қажеттілік. Баяндау мен мазмұндау шығармашылық үдеріс кезінде басымдыққа ие болғанда мезгілдік, мекендік сипаттарды көрсету алға шыға бастайды да, фабула мен сюжетті жан-жақты тарата бейнелеуге кедергі жасайды. Сондықтан баяндауға ғана негізделген шығарма оқиға мен деректі фабуланы автордың идеялық-эмоциялық бағалауына қатысты суреттейді.

XX ғасыр басында көлемді қазақ прозасында көбінде алғысөз беріледі. Өлеңмен де, қарасөзбен де берілуі мүмкін. Мұнда қаламгер алға қойған мақсатын түсіндіреді. Мәселен, М.Кәшімовтің «Мұңлы Мариям» романының алғысөзі өлеңмен берілген. Романға келу жолын, қазақ қаламгерлері ортасындағы романға көзқарас туралы ойларын ортаға салады, өзінің романға келу жолын баяндаумен қатар роман мазмұнынан туындайтын мақсатын түсіндіреді.

Т.Жомартбаев «Қыз көрелік», М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романдарында да осындай кіріспелер бар. С.Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» романын жазудағы мақсатын да алғысөз («Беташарда»), түсіндіреді:

«Бұл «Тар жол, тайғақ кешу» әңгімесінің бас жағы бұрын «Қызыл Қазақстан» журналында бөлшектеңіп басылған еді. Сол басылғандарды жинап, жөндеп, тағы қосып жазып кітап қылдым. Бірақ уақыттың тарлығынан асығыс жазылды. Сөзді шеберлеп, түзетіп тізіп отыруға уақыт болмады. Мақсұт: 1916-17-18-19 жылдардағы тарихи қозғалыстың, ұлы өзгерістің (революцияның) Қазақстандағы өзім көрген, өзім білген оқиғаларынан баспа жүзінде әйтеуір із қалдыру болды.

Мұнда талай кісілердің аттары аталады. Тарихи қозғалыстың көрген, біл-Мақсұт біреуді көтеру, біреуді жамандау емес. Зор қозғалыстың, зор өзгерістің әр кезінде, әртүрлі пікір, әртүрлі әрекет болған. Ол тіршіліктің,

²⁷ Лотман Ю.М. О русской литературе. СПб,1997; Об искусстве. СПб:2000.-С.212. Флоренский П.А. Статьи и исследования по истории искусства и археологии.-Москва,2000; Элиаде М. Священное и мирское. –Москва, 1997. –С.190; Топоров З.Н. Из работ московского семиотического круга. – Москва,1997.-С.480.; Жанетт Ж. Литература и пространство.// Фигура. В 2 т., -Т... –С.278 – 283.

тарихтың ісі.»²⁸

С.Мұқановтың «Сұлушаш», «Адасқандар» романдары да осындай алғысөздермен басталады.

Бұл алғысөздер автордың роман жазудағы басты оқиға, тарих, фабуланы қайдан алғаны, қалай жазғаны және мақсатын ғана емес, шығарма поэтикасы туралы да біраз жайларды анықтауға көмектеседі...

Әдетте, прозалық шығармалар өмірде болған, ел ішіне кең тараған оқиғалар негізінде жазылған. Алайда шығармаға желі болған басты оқиғаларды сақтай отырып, қаламгерлер тұрмыстық, этнографиялық, көрініс-эпизодтарды қосады. Бұлардың көркем мазмұн және бас қаһармандар өмірі, ой-әрекетімен байланысы кейде шартты да көрінуі мүмкін. Мәселен, «Бәти», «Ауырмай есімнен жаңылдым», «Шұғаның белгісі» т.б.

Композицияда қыстырма тәрізді көрінетін қоспалардың кейде шығарма мазмұнымен байланысы аздау көрінсе де, көркемдік қызметі аса маңызды.

XX ғасыр басындағы қазақ хикаялары мен романдары көлемінің шағындығының сан түрлі себептері бар. Өздеріне беймәлімдеу, қиындығы мен түсініксіз түйткілдері мол осы тәсілді айналып өту үшін қаламгерлер баяндауды мезгім-мекендік өлшемдерсіз қолданды деуден аулақпыз. Алайда мазмұнынан, стилінен бөлектеніп те тұрады. Осындай бөліктердің атқаратын қызметі де түрліше. XX ғасыр басындағы шығармаларда, әдетте, ағартушы-демократтық не дидактикалық мақсаттар атқарды. Шығармада атқарар көркемдік қызметін былай қойғанда, мазмұнға қосар міндеті де бірден байқалмайды.

Мәселен, осы кезең прозасында жиі қозғалатын тақырып шілдеханадағы жастардың ойындары, айтыстар, бас кейіпкерлердің бір-біріне жолдайтын хаттары т.б. Осы бағыттар туралы шығармаларда қаламгерлердің ауық-ауық атап айтып отыратын көзқарастары қозғалады. Бұл хаттарда жастардың сезім сырлары ғана айтылмайды, авторлық мақсат көсем сөздік үлгіде жиі көрініс табады. Көбіне жастардың сөзімен де қайталанады, кейде тіпті ортақ сөз ретінде де беріледі.

Біз үшін проза жанрындағы негізгі және жемісті ізденістерді көрсету және талдау басты міндеттердің бірі болмақ. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы тақырыптарының ортақтығы автордық мақсат пен идея, идеологиялық бағыттардың сәйкестігінен емес. Әрине, қазақ қыздарының бас бостандығы үшін күрестері басты тақырып ретінде болғаны белгілі. Одан кейін әдебиет алдына бұл мәселелерді көркемдікпен игерілу жолдары мерзімді баспасөз беттерінде жиі көтерілді.

Осы айтыс-тартыстар мен қақтығыстарда, түрлі әлеуметтік топтар өкілінің бейнесін жазу қолға алынды. Заманы бір, өмір сүрген орталары ұқсас кейіпкерлер мақсаттары ортақ болғанмен, әрекеттері сан алуан және түрлі деңгейде суреттелді. Мәселен осы тақырыптағы шығармаларға шолу жасасақ, оған оңай көз жеткіземіз: М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал»,

М.Кәшімовтің «Мұңлы Мариям», С.Көбеевтің «Қалың мал», Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік» т.б. Бәрі ортақ тақырыпта жазылған.

²⁸ Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-т., 7-б

Авторлардың идеялық бағыттары да сәйкес. Алайда көркем мазмұнға көшкен фабуланы сюжеттерге бөлей бейнелеуде өзге ойлар да көрінеді. Мұның себебі туралы ойланғанда шығармаға негіз болған оқиғаны көркем мазмұнға бөлеу барысындағы қаламгерлік ойларының өзгеруіне байланысты болса керек. Мұнда авторлық идеядан өзгелеу бағыттар да байқалады.

Ерекшелік қаламгердің әдейі жаңа мазмұн, көркем түр іздеуінен емес. Көбінде қаламгерлік мақсатта жаңа идеялардың туындауына байланысты екені сезіледі. Мысалға, Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік» шығармасын алуға болады. Мұндағы басты идея жаңа түрлік бағытта жазылған. Шығармаға негіз болған ертегілік оқиға көркем шындыққа оранғанда – ертегі-аңызға қиянат жасамаған. Алғысөзде айтылғандай, басты тақырыпты оқырманға бейнелей жеткізу үшін осы ертегілік фабуланы қолданған. Мерзімді баспасөз бетінде жарық көргеннен кейін ел арасына ауызша әңгіме түрінде тараған.

Тұрақты мазмұнға ие болған ертегі-аңыз сипаты бар жаңа мазмұнды соны оқиғаға айналдыра қаламгер өз идеясын елге жекізген.

Ертегілік фабуланы көркем шығармаға айналдыру барысында мазмұнға қаламгерлік идеология қосылады. Ол қоғамдық санада қалыптасқан ағартушы-демократтық мәселені қолдауға тиіс болды және өзгелігі де болуға тиіс еді.

Шығарма нысанына сай осындай көркемдік бағыттар, түрлі талпыныстар көрінеді. Мәселе мұнда елге тараған шындық, фабула мен авторлық мақсат арасындағы қатынас дәрежесінің көрсеткішінде болса керек.

Көркемдікке бағытталған ізденістер мен талпыныстардың әсері, ықпалы қаламгер шығармашылығында ғана емес, қоғамдық сана үшін де ізсіз кетпесе керек.

Зерттеушілер «...эпикалық тұтас дүниетаным ыдыраған кезде, идеологиялық тілдер пайда болғанда роман дүниеге келеді», - дейді Бұл пікірлер төркіні Ф. Гегель, В. Белинский, А.Веселовскийге барып тіреледі.

Алайда көлемді күрделі прозада романның батырлық, лиро-эпостан бөлектенетін межесі осы – жеке адам характері, сезімі мен ойы, дүниетанымы.

Бұл үдерісте кейіпкер тілінің ерекшелігін сақтай бейнелеу маңызды рөл атқарады. Әдебиетте көркем прозаның өзіндік тілі болады. Ол ауыз екі әңгіменің тілінен бастап, қалыптасып дамиды. Әсіресе күрделі прозаға дейін дамудың небір сатыларынан өтеді.

XX ғасырдың басы сондай кезеңдердің бірі еді. «Қыз көрелік» романында Т.Жомартбаев қазақ қоғамындағы осындай үдеріске тап болған. Бұл сатылардың бәрін зерттеушілер құндылығы жағынан қатар, тең орналастыруға талпынады. Алайда тарихи тұрғыда салғастыра-салыстыра қарағанда, адам қоғамы дамуының ерекшеліктеріне орай бұл сатылар уақыт пен кеңістік межелеріне тәуелді. Мақсат – әлем, өмір туралы түрлі әлеуметтік топтар сезімін, философиясын солардың өз тілінде өзіндік өрнектерімен бейнелеу. Ал осы өрнектерде диалогтар дамуының жолдары көрінеді.

Проза жанрында тілдер иерархиясының белгісіздігі ондағы автор

тұжырымдамасының шартты болуы - маңызды ұстаным. Автордың кейіпкер тілінен бөлектене бастауы ауыз әдебиеті жанрларынан басталатыны белгілі.

Мәселен, ертегі жанрында қулығы мол тұлкінің тілі өзге аңдар тілінен бөлектенеді, сондай-ақ ел билеушілер мен қарапайым адамдар тілдерінің арасында ерекшелік болады. Бұлар - өмірдегі айырмадан барып, әдебиетке өткен өрнектердер. Проза тілі дамуының белгілі бір кезеңдерінде баяндаушы автор тілі мен кейіпкерлерінің тілі қатар орналасады. Мұнда тілдер арасындағы диалогтар айқын көрінбейді. Бірақ-бар. Кейбір шығармаларда олай болмауы да мүмкін. Сөйтіп күрделі проза хикая, роман тілі бір қарағанда гибрид тәрізі кейіпке түседі.

М.Бахтин теориясы бойынша, романда авторлық тіл ешқандай басымдыққа, артықшылыққа ұмтылмауы керек. Автор шығармада өз көз - қарасын оқырманға мойындатуға, құптатуға күш салса, шығарма поэтикасы төмендейді

Кейіпкерлер тілінің даралығы қаншалықты қажет болса, оның өзге тілдермен үйлесім, үндестік табуы да соншалықты маңызды. Олар прозада жүйесін тауып, бір тақырыптық, идеялық, ой-сезімді бағалау мақсатына бағытталады. Соның ыңғайына қарай өріледі. Осы үндестік арқасында тұтас өрнекке, «бүтін бітімге» (З.Қабдолов) айналады.

Прозада түрлі тілдерді қабаттастыру, өзара қатынасын тексеру, түрлі әдіс-тәсілдердің мүмкіндіктерін табу - шығарма композициясы үшін аса маңызды шарттардың бірі. Үндестікке жетуде сан түрлі әдіс тәсілдер керек.

Прозада автор тілі болмыс, өмір, әлем тілімен диалогқа түседі. Өйткені, әлемдегінің бәрін ақиқат шындықпен түптей білетін данышпан жоқ.. Шындық дегеніміз де шартты. Ендеше, автордың өз көзқарасы мен ойларын оқушыға тықпалай беруі көркемдікке апармайды. Ол жеке адам, сондықтан оның әрекеті мен ойы мен сөзі бір кейіпкердің ой-сезімі ретінде бейнеледі.

5.4. М.Әуезов және халық прозасы

Күрделі көркем проза кейіпкерлері соңында адам тағдыры мен тарихы бар. Оның бәрі тек қана авторлық идеяны бейнелеуші таңбалар ретінде соны жеткізудің жасанды жүйесі, қолдан қаланған мазмұнды баяндау болса, оқырман талабынан шықпайды. Мысалы, М.Әуезов үйренген халық проза - сының тәсілдері – болашақ ұлы қаламгер тәжірибеден өткен ұлы сынақ..

М.Әуезовтің 1924 жылдарға дейін «Қыр суреттері»; «Қыр әңгімелер» айдарында жарық көрген көркем шығамаларында бұл үдеріс анық көрінеді.

Аталған жинақтарда бұл шағын топтамалар бірнеше шығармалардан тұрады.²⁹ Бұлар - 1923 жылға дейін жазылып, осы жылдары басылған шығармалар.

Осы шығармаларды талдау барысында әдебиетіміздің классигі М.Әуезов прозасының бастауындағы шығармашалық ізденістерінің іздерін, табыстары мен түрлі мәселелерін оңай байқауға болады.

1. Қыр суреттері

²⁹ Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы . 1-т., Алматы, 1979

1. *«Кешкі дөң басында»* аталатын сюжетсіз баян сипатындағы шығарма жазғы ауыл суреттерінен басталады.

Жаздың жайлы ауыл кеші. Қазақ ауылдары жезғы кеште өзгеше күйге еніп, жанданғандай көрінеді. Қаламгер осы жанданған ауыл бейнесін адамдар тірліктерін суреттеуден бастайды.

Кедейлер міндетті жұмыстарымен әбігер болса, бай балалары мен қыз-келіншектері қызғылықты тұрмыстық әңгімелер мен сырласу, жастық ойын мен ұшқынды қалжыңдарда.

Олардан оңаша кеткен сұлу қыз таяуда ғана құрбы-құрдасынан келген хатты оқып, аулақта отыр.

«...Дөң басы қазіргі уақытта өзгеше көңілді. Кешке жақын у-шуы көбейіп, азан-қаан болған ауылдан шығып, биік сары дөңге көтеріліп келе жатқанда, бойың биікке тарта бергендей болады. Белгісіз үміт күткен қомағай көз айналаны шарлайды. Кейбір жерде көз ұшында аспан төніп жерге қонып, жақындасып, жымдасқандай көрінеді. Кейде жерден көтерілген биік таулар иректеліп аспанға созылғандай...

Күнбатыстан басқа жақтың пішіні сұрғылт тартты. Алыста қара қошқыл тау да бетіне көлеңкелей әжімі жиылып, салқын пішінмен түнергендей.

Ептеп қоңырқай тартқан иесіз дала жеңіл тұманды жамылып сазарғандай. Жым-жырт.

Күн атты. Қызыл шапақтың көрікті ажары мүйнет сайын бәсеңдеп, дүниені қаптаған сұлулықтан жеңіліп барады. Жас баланың үзілген жердегі түсіндей болып, қаны тамған қызыл бетке аз-аздап көкшіл сұрғылт өлім таңбасы араласқанға ұқсайды.»³⁰

Одан әріде қаламгер осы ауыл кешін жандандыра, өзгеше өңге бөлеген өрістегі малдың қайтуын, ауыл адамдарының әбігерін суреттейді. Осы кезде өзенді өрлеп, Саршегірдің шабытты кезінде құс ілдірмек болып келе жатқан бозбаланың көлде отырған қаздарға тап келіп, қаршығаның қазды алуы т.б. суреттеледі. Жазғы кеш түн қарсаңындағы ауыл адамдарының тірлігі мен ойларын табиғи қалпында тамылжыта бейнелейтін натуралистік тәсілді көреміз.

2. *Қысқы түн.*

Бұл суреттеме де натуралистік тәсілде жазылғандай. Бірақ бұған сүзекке шалдығып халсіз жатқан немере мен әрекет етуге дәрменсіз кемпір мен шал қосылған. Бишара карттардың күйсіз үйіне ойнақ салған қатыгез табиғаттың боран уілін өлім хабаршысындай бейнелейтін қаламгер таланты қайран қалдырады.

«Қыстың ұзақ түні. Боран.<...>

...Ақ боран көк пен жерді бір-біріне араластырғандай: Аспандағы ай-жұлдыз, жердегі қара-құрадан ешбір белгі жоқ. Айнала аппақ болып тұтасып алған.

Биік тауға екпіндеп ойнап шығып, шың басында өнеріне сүйсінгендей

³⁰ Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы . 1-т., Алматы, 1979

ойнақ салып, етекке қарай ысқырып құлап жөнелгенде, долы дауыл сай бойында жын перінің күйіне билегендей болады. Ағындап құтырып келіп, жартасқа соғып қорқытпақ болып, көрігін басып гулейді. Жер тарпып шаңын аспанға шығарып, ақ көбігін атқытып шабынады. Біресе жабысып келіп құшақтап, жарығына кіріп ысқырып, тербетіп, оятпақшы болады.

Кейде одан өтіп, өзектегі қалтырап жаурап тұрған жас тоғайға келіп, жерге шейін басып игізіп, тәжім еткізіп, арасынан суылдап бұраң қағып, ойнап өтеді...»

«...Кішкене үйдің іші жүдеу. Сарылған сары уайымның таңбасы үй ішіне түскендей. Пештің қырында тұған жалаң бас лампы үй ішіндегі қараңғылықты зорға жеңіп, жалпылдап, ала көлеңке болып жанып тұр.

Үй ішінің барлық жаны – қураған кемпір мен шал және оншақты жасқа келген ауру бала. Кемпір – шалдың бұдан бір ай бұрын сүзектен өлген келіні мен азамат баласынан қалған жалғыз ұрпағы осы бала еді. Бұ да оншақты күннен бері қарай сүзек болып, қазірде ауруы қатайып, хал үстінде жатыр.

Баланы пештің жанына жатқызып, кемпір мен шал екі жағында бүрісіп, жүдеп, жаны қысылып жатқан жалғыздарына телміріп қарап, сарылып отыр. Жалғыз қабат терезеге екпіндеп келіп соққан қатты дауыл біресе гуілдеп шыдамсызданып, біресе ысқырып әлек салып, біресе дүрсілдетіп ат ойнатқандай болып құтырып, ауру баланы қайта-қайта шошытып оятады.»... (сонда,.111-113 -бб.)

Жүдеу тірлік пен ауру немере ажалын күтіп отырған дәрменсіз кәрі адамдар қасіретіне ойнақ салған қатал тағдыр мен боранды суреттеген шеберлігі қаламгерлік қабылдаудың дәрменсіздік сезімдеріне қосыла қалтырайтындай әсер де туғызады.

1923 жылы жазылған осы суреттемелерде көп жазушының қолына түспес күдіретті таланттың құпиясы тұрғандай...

Суреткерлік құдірет деген осы шығар.

3. Қысты күнгі дала.

Бұл шағын әңгіме де натуралистік тәсілде бейнеленген қыс суретінен басталады. Тіршілік белгісі білінбейтіндей қар жамылған құла түзде түнге қалған жесір келіншек төркініне қашып келеді. Әмеңгерлік жолымен некесі қиылып, шалға тиюден шошынған келіншекті жолдан адасқандай өлімге бет алған шағында іздеп шыққан бауыры құтқарады. Қаламгер осы әңгімесінде ақ қар жамылған дала қысын «ақ кебінге», өлімге теңейді:

«...Қалың қарды жамылған ақ дала. Айналада көз тоқтатарлық бұлдыр жоқ. Ақ кебінге оран ған дүние ұзақ ұйқыға батқандай, өлім тыныштығындай зор тыныштық басында бағып ұйықтатып тұрғанға ұқсайды. Тіршіліктің бір белгісі білінбейді. Көзге түсетін жан иесі жоқ. Жер жүзін тылсым бұғандай; ызғарлы қар. Суық аяз тас қылып қатырғандай.

Дала жайылған кебінге ұқсайды. Алыстағы биік жота жымырайған пішінімен тіршілікті көмген молаға ұқсайды.,<...>

Жетімсіреген елсіз далада жалғыз келе жатқан жаяу – зұлымдық, зорлықтан қашқан жас келіншек Рабиға. Бұдан бір жыл бұрын Рабиғаның

күйеуі өлген. Жас келіншек қосағынан айрылған соң, жылау мен қайғыда каралы жылын өткізген...Әмеңгерлік жолымен жасы алпысқа келген кәрі шал болса да, Жақай Рабиғаның иесі болып шыққан...

...Бірақ шалдың қураған сүйегі, тастай суық денесі Рабиғаны алғашқы күні-ақ шошытты...

Рабиға қашып келеді. Боранға қалады. Киімдері жоқ.

...Күн кешкіріп түнге айналып, өзі жаурап тоңа бастағандықтан, Рабиға кезең-кезеңге шыққан сайын бауырын асыға іздеп, алдына қадала қарайды. Қайғымен түйілген қабағында жанға батқан жазғыздық қорқынышпен араласып білініп тұр. Көз байланып дүние қараңғы тартқандықтан, маңайдағы көп нәрсе көрінбеуге айналды. Боран да мезгіл сайын қатайып,, ақ түтек бола бастады.

Аз уақыт өткен соң Рабиғаның басы айналып, әуелгі бетінен адасты. Жүрегіне жақын жанды іздеп, үмітпен қадалған көзіне қарауытып тұрған тобылғы, қарайып жатқан тас та келе жатқан кісі тәрізденіп елестей бастады. Бәрінің қасына келген сайын үміті дал болды. Аяғында, әлі құрып, бір жерге келіп шынтақтап жығылды.

Құлағына суылдап ысқырып тұрған жел даусынан басқа таныс дыбыс естілмеді. Өмірмен арпалысқан сорлы әйелдің көз алдына өлім хаупі елестей бастады. Қол-аяғы қатып, үсінуге айналды.

Бір мезгілде құлағына ұйтқыған соққан желмен бірге ұлып тұрған қасқыр даусы естілді. Аш қасқырдың ұлуы естілген сайын Рабиғаның зәресі ұшып, өмірінен күдерін үзді.

Аздан соң есінен әбден адасып, жалғыз өзі аласұра бастады. Саушылықта жанына сүйеу көрген әке-шешесінің, бауырының атын атап шақырады. күйіп жанады.

Рабиға қиналған күйде, «енді өлдім-ау!» бойұсына берген уақытта ғана көмегіне сеніп шыққан бауыры –Мұқаш келіп, тауып алды....» (сонда, 113-118 -бб.)

«Қыр суреттері» айдарында берілген 1922-23 жылдары жазылған.үш әңгіме қаламгердің ел өмірі мен табиғат көріністерінің қаншалықты байланысын, бір-біріне деген тәуелділігінің табиғи қалпын бейнелейді.

II «Қыр әңгімелері»

1. «Сыбанның моласында»

Шығарма Жортар қария аузынан естіген әңгіме негізінде жазылған. Ел арасында мұндай әңгімелер аз болмаған. Бәлкім, М.Әуезов мына шығармасында аталған шығармалар «Қыр суреттерінен» өзге мақсатты көздеген. Мұнда қаламгер ел ішіне кең таралып қызық, ауызша әңгімеге,

айналған шығарма-ларды стильге түсіре баяндайды. Бұл Б.Майлиннің «Шұғаның белгісіндегі» ауыз әңгімесі стилін еске түсіреді.осындай бір естіген аса қызық әңгіме оқиғасын баяндаған.

Шығарма бастауында (экспозициясында) қаламгер қазақ аулы тұрмысының беймарал бір кешін, ауыл адамдарының ел арасындағы қызық әңгімелердің баянын тыңдауға ерекше ықыласты кездерінен хабар береді:

...«Жайлауда жақын отырған көп ауылдың кешкі жылқылары суға келіп шығып, алды өріске кетіп бара жатқан мезгіл еді... біз ауыл иесі Жортар ақсақалмен әңгімелесіп, құдықтың желке жағындағы тастақ төбенің басына таман аяңдап келе жаттық...

Даладағы мөлдір таза ауадан, сүйкімді суреттен көңілге белгісіз бір үміт кіргендей болады. Хиял кезеңі көңілдің осы шағына не үйлесер еді деп ойлап келе жатқанда, көңіліме бұрыннан есте жүрген бір нәрсе түсті. Ол –қасымда келе жатқан Жортар ақсақалдың ерте замандағы басынан кешірген бір әңгімесін тыңдау еді. Жортар жас шағында осы ортаның айдынды қолбасы, батыры болған. Ол кезде маңайдағы ел атағынан шошитын. Тыным-тыныштықты білмеген; барымта соғыс десе – алағызып қолды аяққа тұрмайтын жас болыпты...

...Сүйекті зор денесі апсағайланып, үлкен басы, келбетті түсі салқын сабырмен маңғазданып, туыстағы ірілігін бір көрген кісіге де білдіргендей...

Қасымдағы екі үш кісімен дөң басына келіп отырған соң, көңілге алған тілекті айттық.

Батырдың ұғымды шешен тілмен айтқан әңгімесі мынау еді:

- Сендерге мен көрген соғысымды, ұрыс-төбелесімді айтпай –ақ қояйын,- деп бастап келе жатып, сары шақшасын суырып: - Өзімнің бір қатты қорыққан жерім болды, соны айтайын , - деді.

-Біз тыңдауға ыңғайланып, батырдың салқын жүзіне телміріп: «Айтыңыз, айтыңыз!» - дедік.

... - Өздеріңдей жас шағым еді – құлағы көрініп, аты естіген пәле болса, іздеп барып соқтығатұғын..

(Әңгіме алдындағы осындай кіріспе сөздер тыңдаушылар назарын аударатын поэтикалық қызмет атқарады –З.Б.)

« Бір жыл күзді күні сол жаққа қарай аттандым. Қарашаның кезі еді. Өргеқарай жүріп, Сыбанның ішіне жеткенімде сол елдің Төбет деген батыры есіме түсті. Менімен кездесуге ізденіп жүр дегенді естігенмін

Далада ұзақ жүріп еріккен соң қадап шыққан жауым ол болмаса да, бір шайқасып кетпек болып, бір түнде соның аулының тұсына келдім...

...Аттың жалына жатып қарасам,- алдымда бір қарайған тұр екен. Біраз жүріп қасына келдім, қарасам – төрт құлақты бейіт.

Бір Сыбанның моласы болса керек. Әлгіге келгенде өзімнен өзім, бір жағынан, суық жел өтіп; бір жағынан, су өткен соң, жаңбыр айыққанша осында тұра тұрайын, күн ашылған соң, Төбетті тауып алармын деп аттан түстім де...өзім моланың ішіне кіріп, төрдегі бір бұрышына барып отырдым.»...

Осы жаңбырлы түнде бейіт ішінде бір нәрседен өлердей қорқып отырып

оның даусын естиді.

«- Киіміңді тастап көрге кір – сен өлдің! - деді. Даусы кісінің даусы екеніне әбден көзім жетті. Сонан соң жүрегім орныға бастады. Сүйреуге айналғанда екі қолынан ұстап, алыса түрегеліп: Мен киімімді тастағанда, сен киетін шғарсың!? Мен туғанда да шешем еркек бала таптым деп қалжа жеген, құдай-ақ та! – деп жағаласа кеттім...

Байқауымша, күші маған соншалық басым көрінбеді. Бір мезгілде қуатымды әбден жиып, жүрегімді тоқтатып алып, тік көтеріп алып, жерге қойып келіп жіберіп кеудесіне мініп алдым»..

Бұл Жортар батыр іздеп келген Төбет батырдың қолына қапыда түсіп, біраз байлауда жатып амалын тауып қашып шыққан Торғай бойындағы Алтаяқ деген батыр екен...

Әңгімеде ел-жұрт тыныш, шаруа жайлы кезде күш, қайраттары бойларына сыймай тосын оқиға, сайысатын қарсылас іздеп жүрген жүректі жастардың, батырлардың бастан кешкен тірліктері, тосын оқиға тап болған кезіндегі сезім, ойлары, психологиялары шебер суреттеледі.

2. «Текшенің бауырында»

Аталған әңгіме де осы тақырыпта, стильде жазылған шығарма:

«...Жүретін жолдың азайғанына бәріміз де көтеріліп, серги бастадық. Қатарымызда келе жатқан Сүлеймен ақсақал Текшенің басын көргенде есіне бір әңгіме түскендей болып, бізге бұрылып қарап:

- Балалар жолдың өзі де қысқарып қалды. Сендердің ұйқыларың да келген шығар: мен жол қысқарту үшін бір әңгіме айтайын, - деді.

Біз ықыласпен тыңдайтынымызды білдірдік.

..Біз әңгімесін күтіп келе жатқанда, ақсақал насыбайын баптап иіскеп алып:

- Мынау көрініп тұрған Текшенің биігін көрген сайын, жас күнімізде істеген бір тентектік еске түседі.

Көп заман болды.Жылында, кем болса, екі-үш рет топтана аттанушы едік. Ол күндегі қолбасшы Жобалай батыр болатын. Атағы шығып жүрген кезі...

Құдық басына бір жігіт келіп, Жобалайдан хабар әкелді. «Бүгін түнде неқылса да Текшенің бауырына жетсін. Өзге жұрт сол жерге жиылады. Ертең кездесетін жау бар!»-депті...

... Жобалай жайды ұқтырды. Соның алдында бәріміз бірдей кіжініп, өште-сіп жүрген жеріміз – Найман ішінде бір Мырзатай дегеннің аулы болатын. Жазғытұрым сол ауылдың үстімен аржағындағы Керейге Жобалайдың інісі Сыпатай қасында екі жолдасымен аттанып бара жатқанда далада ұстап алып тонап, өлімші ғылып сабап, содан бір ай дегенде зорға келген..

Біз сол үшін Найманға кектеніп, «енді қалай өш аламыз?» деп, тісімізді қайрап жүргеміз.

«Жақында Жобалай сол оймен жүргенде бір хабар алыпты: Мырзатай аулының бір мырзасының ойдағы бір Матайда қалыңдығы болады екен.

Соны көп жасау-жабдықпен ұзатып алып келе жатыр. Бір екі күнде біздің елдің тұсымен өтеді», - депті...<...>

Сол ұзатылып алып келе жатқан көшті Жобалайдың еріткен жігітері тоқтатып, ертіп келе жатқан жігіттерін тұтқындап, қыз-келіншектерін болек қамап біраз қызық көрген соң босатыпты.

«...Сонымен қыздар көріп білгенін жасырған соң, Найман дүниесі бүлініп шашылғаннан аман болған соң, неменеге өштессін?

- Олар да бұл турадан сөз қылуды тоқтатып, өздері өшіруге себепші болды, - деп Сүлеймен ақсақал әңгімесін бітірді.» (.Сонда, 124-132)

XX ғасыр басындағы бұл әңгімелердің ұзын-ырғасын М.Әуезовтің кітаптарынан оқып алуға болады.

Баяндау мен диалогті қабаттастыра айтылған ауызша әңгімені жазып алушы М.Әуезовтің қалай қағазға түсіргені, бейнелегенін көрсету үшін осы үзінділер келтірілді.

Салыстыра талдай қарағанда, Б.Майлиннің «Шұғаны белгісінде» қолданған тәсілдерден айырмасы аздай. М.Әуезов те оқиғаға қиялынан ештеңе қоспаған тәрізді. Алайда мәтін ішіне сәл-пәл әлденелерді қосқаны анық. Қағазға көшкен фабулалық сюжеттерден оларды іздеп тауып, қосылған мәнді мағыналарды көрсету де оңай емес. Ауызша әңгіме құрылымына жазып алушы қаламгер танымының кейін қосылған нәзік өрнектері үндестікпен үйлесімнің үздік үлгісіндей.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасында автордың өз пікірін, сезімін жеткізуі жиі кездеседі. Мұнда мәселе туған жер, сұлу табиғат, балалық шақ, махаббат т.б. туралы ғана емес. Өз философиясын бейнелеуі көбіне ағартушы-демократтық көзқарасқа тартуы байқалады. Бұл лирикалы шегіністер тәрізді толғамдардың көркем шығармадағы атқарар рөлі өте зор.

Мысалы, М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ш.Құдайбердіұлының «Әділ мен Мария», С.Сарталиевтің «Мақтым», Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің, Б.Майлиннің шығармаларындағы өмір мен заман, нақты шығарма туралы ойлары өте күрделі. Тек қана оқу ағарту, жастардың бостандығы жайлы ойлармен шектелмейді. Заман, қоғам, адам, қазақ елі, халқы туралы әңгіме, хикаялар мен романдарда көп тілді өмірді танудың байқалуы маңызды. Жанрдың даму тарихында ірі тақырыптар қозғайтын прозада мұндай мәселелердің бейнелене бастау аса маңызды көркемдік шарт. Бұл тақырыптардың ғасырлар бойы басты бағыт есебінде өзге де жанрларда қозғалғаны шындық. Алайда өнер тарихындағы кәсіби көркем, күрделі прозаның қалыптасу, кемелдену жолдарының бастаулары басқа шындық. Күрделі проза бір тілділіктен құтылған сайын көркем мазмұндағы автор идеялары өлшеусіз терендеп, шығарма тартымды бола түседі.

Осы кезеңдегі қазақ әдебиетінде прозалық шығармалардың біразы - бір тілді шығармалар. Олар тәрбиелік мақсатты уағыздайтын идея, ойдың көрнекі құралы тәрізді мақсатта жазылғандықтан, бір тілділіктен құтылу қиын еді. Ағартушылық, социалистік реализм аталатын бейнелеу ұстанымының өзі көп жағдайда бір ғана идеологиялық дүниетанымды, соның тілін уағыздайтын тәсіл болғаны белгілі. Осы әдіспен жазылған шығармалар ішінде талантты туындылар да кездеседі. Бұл шығармаларда авторлық көзқарас көркем мазмұнда мен мұңдалап тұрады. Кейіпкерлердің

алуан түрлі көзқарастары авторлық таным арқылы ғана беріледі. Былайша айтқанда, шығарма шындығын қабылдауда оқырманға тура жол көрсетуге ұмтылады.

Өмірдің қабаттасқан қақтығыстарына бет алған кейіпкерлердің өзіндік таным мен сөйлеу ерекшеліктерін сақтауға ұмтылған шығармалар 20-шы жылдар соңына таман арта түседі.

Мұны әдеби сында Ж.Аймауытов, М.Әуезовтар айта бастайды. Көркем прозадағы шындық тек қана бір адамның, болмаса, авторлық шындық болса, оның мүлде жеткіліксіз екені көрсетіледі. Дерек ретінде еуропа және орыс әдебиетінен алынған әдеби деректер мен зерттеушілердің пікірлері аталады.

Кейіпкерлердің өзіндік тілін бейнелеу арқылы оқырманға қатысты қарым-қатынастар мен ойлар, қақтығыстар шындығын бейнелеу үшін тартымды болмағы аталады.

Сонымен қатар, халық әдебиетінің туындары: дастандар, қиссалар мен ғашықтық романдар, салт ертегілерінің құрылымы, көркемдігі, бейнелеу тәсілдері мен құралдарындағы поэтикалық табыстар көрсетіледі. Прозаның баяндау стиліндегі ауыз әдебиетіне тән ырғақ, өрнектердің көзге түсуі, қолданыла бастауы осының дәлелі бола алады.

«Шұғаның белгісі», «Бақытсыз Жамал», «Сұлушаш», «Қыз көрелік» т.б. туындылардағы оқиғасы бас қаһарман дүниеге келген күнінен басталатын бейнелеу түрлерінің ұқсастықтары, шығарма бөлімдерінің үндестікпен дамуы, құрылымдық үлгілердегі қайталаулар т.б. проза дамуындағы дәстүрлі жолды көрсетеді. Бұл шығармалардағы бас кейіпкерлер портретін жазудағы әсірелеулер, уақиғаны баяндау ырғағындағы сәйкестіктер, диалогтарды бейнелеу тәсілдері үлгі ретінде ұсынылады.

Қазақ прозасының дамуына әсер еткен дәстүрлі әдебиет туралы ойланғанда академик З.Ахметовтің мына байымдаулары еске түседі: «Казахская проза унаследовала от богачейшего народного поэтического творчества – песен, стихотворении, народного эпоса, поэм, легенд – традицию поэтизации героев, характерную для народной поэзии особенность – рисовать положительных героев идеальными, а отрицательных – отвратительными – наблюдалось и в прозаических произведениях, еще тесно связанных с поэтическими традициями».³¹

Кәсіби прозаның көркемдік әдіс-тәсілдерді игеруіне де дәстүрлі әдебиет дамуы айтарлықтай әсер еткен. Оның бас қаһармандарының мінез-құлқындағы құбылулар динамикасы да осы ықпалды сезген.

Көлемді күрделі шығармалардағы өзгерістер дәстүрлі ауыз әдебиеті мен кітаби шығармалар үлгісіне қарай отыра бірітіндеп өзгерді. Сипаттама портрет замана талабына сай құбылмалы сипатқа көше бастайды, адамның ішкі психологиялық күйімен сабақтас жазылды.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасы даму барысындағы көркемдік ізденістерінде ағартушылық, дидактикалық, сыншыл реализм сатыларынан өтті. Өмірде болған күрделі оқиғаны баяндау мен суреттеуде авторлық пікір

³¹ Ахметов. З. Современное развитие и традиции казахской литературы. – Алматы: Наука, 1978... –С. 195 стр

косып, үгіт-насихаттық суреттеуден поэтикалық прозаға, классикалық реализмге бағыт алды.

Қазақ прозасында өмір шындығы мен көркем мазмұн арасы күрделі қалыпта баяндалды. Оған көркем прозаға қажетті поэтикалық элементтер, құрылымдық компоненттер қосылды. Материал таңдалып, сұрыпталып, авторлық мақсатқа сай қаланады. Өмірлік материал, прототип тағдыры шындыққа сай баяндала тұра, авторлық идеологияға бұрылып кетуі жиі ұшырасады. Бұл көркем мазмұнмен үндесіп, мұнда шығарма мазмұны жанр дамуының ішкі заңдылықтарын сақтаудан гөрі қаламгердік идеяға бұрылады.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасының поэтикасында композиция рөлі өте аздау. Әлсіз. Сондықтан да көптеген қаламгерлерде композиция шын мәніндегі эстетикалық, көркемдік қызметі, мәні бар бейнелеу құралына айнала алған жоқ.

Диахрондық сипатта салыстыра қарасақ, Европа әдебиеті 150 жылдай уақыт, ізденіс пен еңбек жұмсаған бұл жолды – жаңа, кәсіби прозаға, романға өтуді қазақ әдебиеті он бес, жиырма жылдық мерзімде өткен деп айтып жүрміз. Мұндай тездік пен алып адымның өзіндік себебі, заңдылықтары да болуға тиіс.

Тарихи - әдеби деректерге негізделген ондай заңдылықтар бар да еді. Алайда қару мен күшке сүйенген астамшыл кеңес отаршыл үкіметінің саясаты өзіне қажеттен басқаны естігісі де келмеді. Бұл бір болса, екіншіден, қазақ қоғамдық санасы үшін сөз өнері, оның қай тегі мен түрі түрен түспеген соны тың емес. Сөз өнері - қазақ үшін ауа мен жер, от пен су тәрізді қажеттілік. Әзілі мен қалжыңы, өлеңі мен өнері, толғауы мен жыры, әңгімесі мен хикаясы, романы бесігінен өтпеген, сүйсіне тыңдап, тәнті болмаған, таңғалмаған қазақты табу қиын.

«Абай жолындағы» Баймағанбет, «Шұға белгісіндегі» Қасымжан т.б.

әңгімешілер қазақ ортасында аз болмаған. Әр ауылдың айтулы әңгімешілері қисса, эпостарды орындаушылары болған. Олардың қазақ қоғамы мен тірлігінде алатын орындары да жоғары. Жұрт көңілін аударған мәнді уақиғаларды олар табан астында көркем әңгімеге айналдырып, елге таратқан. Бұл бір болса, екіншіден, көрші елдер мен әлемдік әдебиет тарихының ықпалы да аз болмаған. С.Торайғыров айтқандай, бұл тәжірибе мен қазынаны пайдалану қоғамдық өмір мен сана дамуын шапшаңдатқаны да шындық.³²

Абайдың інісі Халиолла Өскенбаев Петербордан ауылға оралғанда шетел және орыс жазушыларының шығармаларын алып келіп, мазмұнын жұртқа айтып отырған. Ол туралы 1896 жылы «Русское богатство» журналында оқымысты ғалым Г.Н.Потанин сүйсіне баяндаған: «Маған Омбының кадет корпусын бітірген, Семей маңында туған, қырда тұрған қазақтың бір сұлтаны (осы күнде қайтыс болған Өскенбаев) туралы біреу әңгіме айтты. Ол кешке жақын өздерінің жерлестеріне орыс романдары мен повестерінің мазмұнын түсіндіреді екен, ал қазақтар оны сондайлық ынтамен елти тыңдап, одан айтқандарын жазып беруді өтінеді, соның арқасында Тургенев. Лермонтов,

³² Торайғыров С. 2-т.,-Алматы, 1993. 156-162 бб.

Толстой т.б. шығармаларын ойша аударған дәптерлер пайда болған».³³

Оқыған қазақ зиялылығының көбі осы тәрізді іспен айналысқан. Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, С.Торайғыров, С.Көбеев т.б.

Үшіншіден, қазақ әдебиеті Махамбет, Шоқан, Дулат, Ыбырай, Абай шығармалары арқасында өмірді бейнелеудің жаңа – реалистік дәстүрін қалыптастырды. Кәсіби көркем әдебиетті дамытты. Қазақ зиялылары мен қаламгерлері бас қосқанда көркем әдебиет пен мәдениет мәселелері ерқашан қозғалған.

XX ғасыр басында әдебиетіміздің талантты өкілдері А.Байтұрсынов пен М.Дулатов, М.Жұмабаев пен Х.Аймауытұлы, С.Торағыров, С.Сейфуллин,

М.Әуезов, С.Мұқанов т.б. қазақ әдебиеті ғана емес, мәдениеті мен қоғамдық санасына жаңалық, жаңа жүйе, пафос әкелді. Қазақ қоғамдық санасы шаруашылық, саяси-әлеуметтік сан түрлі қиын себептердің салдарынан тез дами бастады.

Әйтеуір «тасқа басылған» баспа бетін көрген сөзге деген құрмет өтті. Кез келген көлемді шығармалар, әсіресе, романдар алғысөздерде осы мәселелер қозғалды. Мысалы, М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал», М.Кәшімұлының «Мұңлы Мариямында» баспа көрген шығармалардан сауатты, зиялы көпшілік көкейкесті мәселелер көтерген көркем мазмұнды іздей бастағаны ашық айтылады. Қазақ қоғамдық санасы тақпақ пен дидактикалық шығармалардан өзге күрделі көркем шығармаларға көз тікті. Ойлар мен талап-тілектерін газет журналдарға жаза бастады. Жарық көріп жатқан шығармаларға жаңа эстетикалық талаптар қосып, сыни пікірлер жариялады.

Осы үдерістердің заңды жемісі ретінде XX ғасырдың басында қазақ әдебиетінде кәсіби сипатта жаңа проза, жаңа романдар көбейіп, жедел дамыды.

Әсіресе, кәсіби деңгейде жазылған шығармалардың орны бөлек еді. М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаевтардың әңгімелері мен повестері - кәсіби проза қатарына қосылатын шығармалар. Бұл қаламгерлердің көркемдік ізденістері әлемдік әдебиетте өтіп жатқан жаңа бағыттармен байланысты.

М.Жұмабаев кейіпкер психологиясын тереңдей жазудың озық үлгісін «Шолпанның күнәсі» атты әңгімесінде көрсетсе, Ж.Аймауытов «Ақбілек» романында оның бастауларын әрі дамытты, тереңдетті, қаламгердің «Елес» атты әңгімесі қазақ әдебиетіндегі постмодернистік шығарманың алғашқы туындысы ретінде атауға әбден лайық.

«Кім жазықты?» «Тар жол, тайғақ кешу», «Қилы заман», «Қартқожа», «Ақбілек», «Сұлушаш», «Адасқандар» «Мақтым» т.б. шығармалар осы кезде дүниеге келді. Бұл шығармалар түрлі себептермен бірі тарихи повесть,,

³³ Сатпаева Ш. Казахско-европейские литературные связи XIX и первой половины XX века. – Алматы: Наука, 1972; Казахская литература. Учебник для русских отделений филологических факультетов ВУЗ-ов республики. (соавтор);

Перездание. – Алматы: Казахская литература и Восток. – Алматы: Наука, 1989.; Канафеева К.Ш. Русско-казахские литературные отношения второй половины XIX в и первое десятилетие XX в. – Алматы: Казахстан, 1975;; Проблемы стиля и взаимодействие литератур. Сборник. – Алматы: КазГУ, 1987

екіншісі поэма, кейбіреуінің жанры көрсетілмей, тек «шығарма» деген атаумен жарық көрді. Алайда кейбір шығармалар авторлар тарапынан роман ретінде жоспарланып жазылса да, жарық көрген кезде түрлі жағдайларға байланысты жанрлары өзгеріске ұшыраған. Мысалы, М.Әуезовтің «Қилы заман», С.Мұқановтың «Сұлушаш» т.б.

Кәсіби прозаның күрделі жанрларында жарық көрген таңдаулы шығармалары Ж.Аймауытовтың романдары «Қартқожа» мен «Ақбілек»тің «халық жауының» шығармалары ретінде айналымнан алынуы қазақ қоғамдық санасы үшін мүлде түсініксіз құбылыс болды. Осындай себептермен «халық жауы» атанып, түрмеге жабылған, шығармаларын оқуға, аты жөнін атауға тиым салынған өнер және қоғам қайраткерлері аз болған жоқ. Оның басты себептерін осы жылдарда сауаттанып қалған халық өкілдері білді. Кеңес үкіметі ресми идеологиясының отар елдерді (Одақтас республикаларды) құрықта ұстаудың арнайы ойластырып, жоғарыда бекітілген жоспарына сай шаралар болатын. Соның салдарынан бірі идеологияға келмейтін жат шығарма ретінде айналымнан алынып, арнайы қорларға ғана қамалса, екіншілері поэма ретінде ғана аталып, роман Бұл жанры тарихында аталмай келді.

Қазір бұл шығармалардың қай-қайсысы да роман тарихында ғана емес, қазақ әдебиеті тарихында көркемдік құны жоғары, рухани санамыздың деңгейін көрсететін таңдаулы шығармалар ретінде талданады. Дамыған әлем елдерінің тілдеріне аударыла бастады.

Біз қарастырып отырған кейбір шығармалар роман жанрына қойылатын заманауи жоғары талаптарға сай келмеуі де мүмкін. Алайда қаламгерлік көркем идеяның бейнеленуі поэтикаға сай екені дәлелденді. Олардың нақты жанрға тән ірі көркемдік, мазмұндық мәселелерді қозғанын, кейбір «әттең-айларына» қарамастан, көркемдік құны ойдағыдай екені белгілі.

Қазақ прозашылары күрделі өмір шындықтарын уақыт пен кеңістік өлшемдерін сай толық көрсете алады. Түрлі жанрға тән құрылымдық белгілерді сақтай отыра, сан түрлі қосалқы сюжеттері негізгі шығарма мазмұнының басты арналары мен жүйеге тән дербестігін де сақтайды. Ірі уақиғаларға байланысты тарихи деректерді табиғат көріністер мен жер, су атауларының деректі мәліметтерімен ұштастырып, авторлық диттемге сай шеберлікпен бейнеледі.

Мәселен, М.Әуезовтің «Қилы заман» романында жоғарыда аталған тарихи деректер де топонимика мен табиғат құбылыстарын авторлық басты идеяға орай қолдану жиі пайдаланылады.

Шығарма архитектурасына үңіле қарағанда проза жанрларының құрылымдық, мекеншақтық белгілерінің сақталатынын аңғару қиын емес. Тіпті тақырыптақ-идеялық мазмұнда да романға тән күрделі ірі мәселелері

Бұл дамуда көрші елдер әдебиетінің де ықпалы аз болмады. (33)

Проза құрылымында алуан түрлі адамдардың іс-әрекеті мен ойларын, мінез-құлықтарын өтіп жатқан оқиғаға орай суреттеп, уақыт пен кеңістік өлшемдеріндегі өзге материал, көркемдік идеялармен үндестікте шебер қиюластырады.

Жүйелілікті қажет қылатын элементтер көлемге көшпей, баяндау калпында ғана қалғандары да кездеседі. Мысалы, С.Сарталиевтің «Мақтым» повесінде, М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романында Жамалдың Байжан баласынан көңілінің қалуын хабарлаумен ғана шектеледі. Осы басталған сюжет жүйелі баяндалған жағдайда романның дамуын басты әуенге (мотив) айналатын желіге апарар еді.

Жастардың бостандық жолындағы күрестерін кертартпа қоғамдық күштермен тартысқа шығуын суреттеу қоғамның өзге де толып жатқан ірі қайшылықтарын ашуға жағдай жасады.

Уақиға мен сюжеттік тартыс тарихының саяси-әлеуметтік жайлармен сабақтастығы қазақ хикаялары мен романдары қаһармандарының болмысына айта қаларлықтай жаңалықтар әкелді. Жастар өз мақсаттары жолында пәрменді күреске шыға бастады. Осы күрес тарихының іс-әрекеттік уәжі (мотиві) бас қаһарман ой-сезімін, психологиясын тарата, жүйелей суреттеуді талап етті. Баяндау барысы уақиғадан кейіпкер жан дүниесіне, ой мен сезімін суреттеуге ауады.

Бұл әдістер 1925 жылға дейін М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтың әңгіме, хикаяларында қолданыла бастаса одан кейін Ш.Құдайбердиев, С.Сейфуллин, С.Мұқанов т.б. шығрамаларында ретіне орай қолданылып, шемімін тауып жүйелі әдіске айнала бастайды. ғасыр басындағы қазақ прозасын әңгіме, хикая, романын зерттеуде түрлі ұстанымдарды басшылыққа алып келдік:

Тақырыптық мазмұнды бейнелейтін шығармалар авторлық идеялар ықпаынан шыға алмады. Классикалық проза ықпал сезінген қаламгерлер ізденістерінде кейіпкерлер ішкі әлеміне үңілу басым түседі. Олар өткен оқиғаларды суреттеуде түрлі қайшылықтар мен тартыстарға, өте алмастай кедергілерге тап болған кейіпкерлер психологиясын суреттеуге ден қойды. Кейіпкер тағдырын қасіретке, ажалға әкелген қоғамдық қайшылықтар ресми үкімет пен қара басының қамы үшін адамды тірілей жеуге құлқыны сай залымдардың аз еместігін көрсетті. Олар адамзатқа жат қылмысты істерде ауыз жаласты. Кеңес үкіметі жағдайы түзелген сайын идеологияға, баспа мен баспасөз істерін қолға ала бастады. Өнер мен әдебиетті үкімет пен партияның саясатын іске асыруда маңызды құрал ретінде пайдалануға бет алды. 1925 жылдан бастап бұл саясатты іске асыруға шындап кірісті.

Алайда, мақсатты, жүйелі ізденістердің түрлі саяси-әлеуметтік, идеологиялық себептермен кең арнаға шыға алмауы, қаламгерлік тәжірибенің аздығы да қол жеткен табыстардың әрі ұшталуына мүмкіндік бермеді.

Проза тарихындағы ағартушы демократтық идеяларды ғана қуалай жазу негізінде, өтпелі кезең. Әлем әдебиетіндегі барлық халықтар прозасы осы өткелден өткен. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы: әңгіме мен хикая, романдағы бұл бағыттың да уақытша құбылыс екен белгілі.

Қазақ қаламгерлерінің тақырыптық идеялық ізденістерінде ағартушы демократтық тақырыпқа ғана емес, ағартушылық, сыншыл реалистік бағыттарға ден қоюына тікелей жоғарыдағы идеологиялық заңдылықтарға байланысты болғанын көптеген әдебиеттанушылар сол жылдардың өзінде-ақ

көрсеткен ³⁴

Прозашыларда байқалатын бұл негізгі әдіснама, шығармашылықта саяси идеологиялық істерді талдай қарудың жалғасы ғана емес, әлеуметтік эстетикалық қажеттіліктің көрінісі іспеттес еді.

Мұндағы негізгі ой-идея алғашқы кезеңде тікелей ашық айтылады.

Қаламгерлердің көркемдік талаптарға көз тіге бастағаны аңғарылады. Көңіл аударатын бір жай осы жылдарда прозалық хронотопқа, дәл осы терминмен айтылмаса да, әдеби дамуға байланысты көріністерде уақыт пен кеңістік заңдылығын сезіну болды.

XX ғасыр басында көптеген қаламгерлер мекеншақ заңдылығын сезінді, түсінді деп айтуға болмас. Мәселен, С.Сарталиевтің «Мақтым» хикаясы бірден оқиға болатын кеңістік және уақыт суреттерімен басталады: «Пішен шабылып болып, енді қыстау басына қонатын заман. Күн де шығырмақ, әсем еді» Осыдан бастап, уақыт кеңістік суреттері әр кез суреттеліп отырады. Мұндай көріністер шығармада жеткілікті. Әр тараудағы оқиға уақыт-кеңістік туралы толғамдардан қозғалады деуге де болатындай. Әрі жалаң

көріністер емес, болып жатқан оқиғалар мен кейікерлер өміріне, ойларына қатысты алынады. Тіпті ара тұра егіздей де берілетін сәттері аз емес. Көркем шығармаға аса қажетті бұл әдіс-тәсілдер бейнелеу құралдарының бірі ретінде әдейі қолданыла бастады деуге болатындай. Алайда, қазақ әдебиетінде бұл тәсілдерге үлкен жүк артып, қаламгерлік ой, сезім толғаныстарды тұспалдайтындай салмақ сала қолдану онша байқалмайды.

Халық прозасы мен әдебиетінде ара-тұра суреттелетін табиғат көріністері көбіне шығарма көркем мазмұнынан дербес көрсетіледі. Алайда Абай поэзиясындағы табиғат елдің әлеуметтік жағдайы мен кедей адамдардың тіршілігі айырмасын көрсетуде қолданылуы халық өміріндегі барлық жайлардың табиғатпен де байланысты екенін дәлелдейді.

XX басындағы прозаны халық тұрмысын этнографиялық, этикалық, моральдық қатынастарды бейнелейтін шығармалар ретінде де тексеруге болады.

Қазақ елінің салт-санасы, әдет-ғұрпы, тұрмыс, тіршілік жайлары көбіне очерктегідей дәлдікпен беріледі. «Қалың мал», «Қамар сұлу», «Әділ мен

Мария», «Мақтым» т.б. қаламгерлердің жазу машықтарында осы мақсатты ұстанғаны аңғарылады. Бұл - типологиялық құбылыс. Батыс еуропа прозасы тарихында да осындай бағыттар болған.

Кесек характерлер сұлбасы байқалатын көркем проза теорияның және тәжірибенің жоқтығына қарамай-ақ, біршама сәтті бейнелерді өмірге келтірді. Көбі, табиғи талант пен халық прозасы арнасында жасалған.

Мәселен, Байжан, Нұрқан, Итбай, Әжібай, Асан т.б. Бұлар - қазақ қоғамдық санасы дамуының бір кезеңін көрсетер әдеби деректер тәрізді характерлер. Жанр дамуының түрлі жай-күйлерін, эволюциясын да осыдан анықтауға болады.

³⁴ Кенжебаев Б. «XX ғасыр басындағы қазақтың демократ ақын-жызушылары» - Алматы: ҚМКӘБ, 1958

5.5. С.Сейфуллин және халық прозасы.

С.Сейфуллиннің 1923 жылдан бастап мерзімді басылымда жарияланған «Тар жол, тайғақ кешу» романында ірі оқиғаларға қатысатын кейіпкерлер - қалыптасқан дүниетанымы, қоғам өміріндегі саяси - әлеуметтік көзқарасы айқын сауатты жандар.

Шығармада олардың ескі қоғамдық сана және қоғамдық қатынастармен ашық, қарулы күреске көтерілгені суреттеу арқылы жан-жақты бейнеленген.

С.Сейфуллин бұл оқиғаларды өз мақсатына, идеясына орай тандап, қажет деп тапқандарын талдай әңгімелейді. Мұның шындық ретінде қабылдануға тиісті тұстары да жоқ емес. Алайда саяси күрестегі қарсы-ластарымен айтыстары, түрмеден қашып шыққаннан кейінгі әңгімелер, таптық күрес идеясы жолында «от-судан өткен» адамның елдегі саяси ахауал туралы баяндардан болашақ туралы қаламгер ойларына ауысады. Қосылған кейбір оқиғалардың шығарма фабуласына қатысы аздай көрінгенмен, көркем мазмұнмен, өтіп жатқан саяси тартыстарды бағалауда атқаратын мәндік қызметтері бар.

Тұтқындағы күндер мен оқиғалар жәйлі баяндарында көбіне ішкі ойларға көңіл бөлінеді. Түрме түнектері, бітпейтін түн, атпайтын таң, шықпайтын күн автор ойындағы сан-алуан оқиғаларды талдап, таразылауға түрткі болса да, еңсені езген небір қиындақтарға толы еді.

Майдандасқан өмір мен өлім туралы ойлар адамға тән азабын ғана емес, рухын, сенімін жоюға ұмтылған ауру мен ажал адам сағат сайын бойға енген сәттерді сөзге көшіруде С.Сейфуллин бейнелеу құралдарына лайық сөздерді сол ортадан, «тар жол, тайғақ кешу» күндерінен алады.

Бас қаһарман ішкі әлемі бірде тікелей баяндалса, бірде суреттеледі. Бейнелі мазмұнға көшіріледі. Мұнда метафора мен теңеулерді көп қолданады. Автордың ақын екені де аңғарылады.

«Анненковтың азап вагоны», айдаудағы тұтқындар ахуалы, аш, жалаңаш адамдардың қақаған қыста жаяу айдалуы асқан шеберлікпен суреттелген. Кейіпкер бастан кешкен, көзімен көрген оқиғалар болғандықтан, оқырман тарапынан күмән тудырмайды..

С.Сейфуллин романында аса қысқа мерзімде өтіп жатқан аласапыран оқиғаларды кейіпкер - автор тарапынан субъективті қабылдаудың бірнеше түрі бар: Саяси уақиға мен қарулы қақтығыстағы күштерінің басты мақсатын, әрекетін сипаттау, суреттеу барысында қаламгер өз эмоциясын, пікірін жасырмайды. Ұсақ-түйек құбылыстарды да кейде айқындай, тоқтала жазады.

Түрлі егіздеулерді қолданады, ұлғайған теңеулерге, дамыған символдарға барады: «Омбыдағы қазақ жұмыскерлері де қызыл әскерге кіре бастады. Қызылжарда сол 1918 жылы қыстың бас кезінде офицерлер, байдың балалары, Ібір күні Совдепке қарсы көтеріліс жасаған Совдепті қамап алып, кейбір бастықтарын ұстап, қамап тастап қаланы меңгере бастаған. Жұмыскерлер қызыл гвардиясы тез қимыл қылып, Совдепті босатып алған. Көтеріліс қылғандардың қолға түскен бастықтары жазаларын тартқан. Көтерілісті басқанда қазақ жұмыскерлері мен Ысқақ Көбекұлы көзге көрінерлік қайрат қылған.

Қызылжардың байлары, әсіресе мұсылман байлары, қаланы алдық деп қойған. «Қала алынды» деп бір үйге жиналған. Қуанып бірін бірі құттықтап, «Көбекұлын іздеу керек!.. Көбекұлын құрту керек», деп, қауқылдасып отырған. Сөйтіп отырғанда Көбекұлы бастап, қазақ жұмыскерлері.. үстіне жетіп барған. Іздеп отырған Көбекұлы мылтығын үңірейтіп үйге² кіріп келген.. Отырғандар орындарында тас болып қатып қалған.

Жұмыскерлер табы қолынан ештеңе келмейтін, қорқақ, жалынған дұшпандарына ондай да тимейді. Қазақ жұмыскерлері бұларды, тек бір-екі теуіп қалып, үйден қуып таратып жіберген...»³⁵

Заман, қоғам, уақыт, саясат, халық туралы автор ойлары шығарма композициясында басты рөл атқарады. Мұнда кейіпкердің көргені мен сезгеніне, өз қабылдаулары мен бағалауларына тереңдейді. Бір қарағанда бұлар таза субъективті қабылдау, сезім, жеке көзқарас тәрізді көрінгенмен, нақты деректер негізіндегі бастан кешкен уақиғаларды кейде тізбектей баяндайтын автобиографиялық шығарма болғандықтан еркше әсерлі. Бұл-өмірбаяндық естеліктерде жиі кездесетін жай. Әлемдік тәжірибе де аз емес. Мұны әдейі ойластырылған, мақсатты қолданылған тәсіл ретінде қабылдауға да болмайды. Бұл – деректі материал, тарихи фабула негізінен туындайтын пішімдік түр. Өмірбаяндық, саяхатнамалық, жолжазбалық шығармалар бастауы тәрізді шығарма.

Алайда, оның жеке бөліктері құрылымдық, хронотоптық жазылуына қарай ерекшеліктері де болады. С.Сейфуллин - қазақ прозасында осы бөліктер хронотопын ақындық талант, таным арқылы меңгере жазған қаламгер. Мұнда автордың орыс және әлем әдебиетінен хабары бары да есте болғаны жөн. Оның авторлық толғаныстары сезім, ойларын ғана жеткізіп қоймайды, тізбекті уақиғаларға ара-тұра суретті, көлемді сипат береді:

«... Жуынып болып шәй ішіп отырғанымда, жатқан үйімнің бір кішкене баласы жүгіріп кіріп келді.

«Казак станицасында жиналысып жатыр. Бәрі қылыш-мылтық асынып алыпты. Бір тобы Совдепке кетті. «Совдепті ұстаймыз дейді. Омбыда, Қызылжарда Совдепті құлап қалыпты дейді»..-деді.

- Не дейді?.. Бар, біліп кел, - деп, баланы қайта жібердім. Бала жүгіріп кетіп, тез қайтып келді.

- Совдепті барып қамап, есіктерінің алдында тұр. Совдепке барып отырған Бачок, Монин, Павловтарды ұстап әкетті. Енді бір топ аттылар Кубриннің үйіндегі Қызыл әскерлерді қамап тұр...- деді.

Осы арада үйге біздің «Жас қазақ» ұйымының мүшесі Кәрім деген жігіт асығып кіріп келді. Болып жатқан оқиғаны айтты.

- Сен енді тез қаш,- деді.

Ол оны айтып отырғанда, үйге Совдептің мүшесі Біләл Тиналин деген қазақ жұмыскері асығыс кіріп келді. О да оқиғаны айтып:

- Қарағым, енді тез бой таса қылайық. Алдымен енді сені іздейді ғой,- деді.

Ол арада тағы бір екі досжар адамдар келді. Бәрі де «тез қашу керек»

³⁵ Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы, 1964. 92 б.

дегенді айтты. Және сол арада пәтер үйдің баласы тағы да жүгіріп келді:

-Казак-орыстар гүжілдеп Совдептің өзге мүшелерін ұстап әкелу керек деп жатыр, Бәкенді казак-орысы бар, қазағы бар төрт-бес кісі айдап алып барады. Станицаның маңайы толған атты, жаяу халық. Шәріп Ялымұлы ат үстінде, жиылған жұртқа айқайлап сөйлеп: Сәкенді Абдолланы ұстап әкелу керек, - деп жатыр»-деді. (Сонда,163-164 бб)

Мұнда уақиғалардың біріне немесе соның өзге бір қырына мән бере суреттеу тәрізді. Бірақ бұлар тарихи деректердің аздығынан не көптігінен емес. Тарихи материалды игеруде ақындақ-авторлық танымға мән беруден болса керек. Алайда олар кітапқа енгізілмеген. Сірә, қаламгер оның нақты жағдайда қажеті жоқ деп есептеген болуы керек.

Мәселен, М.Әуезов «Қилы заман» романын жазу үстінде тақырыпқа қатысты мол материя жинайды. Бірақ, қаламгер олардың бәрін өзінің басты идеясына орай сұрыптап қолданған. Документ, деректер де автор мақсатына орай таңдалып, мұқият іріктелген. Автордың романға келу жолы мен шығар-ның идеясы арасында да байланыс бар.

1917 жылға дейінгі прозаның, романдардың басты мәселесінің бірі - казак қыздарының бас бостандығы үшін күрес. Б.Майлин «Шұғаның белгісі», М.Дулатов «Бақытсыз Жамал», Т.Жомартбаев «Қыз көрелік», «С.Көбеев «Қалың мал», «М.Кәшімов «Мұңлы Мариям», С.Торайғыров «Қамар сұлу», «Кім жазықты?», С.Сарталиев «Мақтым» хикаясы, М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні» т.б. осы тақырыпқа арналған.

Қазақ прозасының басты ерекшелігі көркем бейне, мотив, архитектуроника, композиция т.б.арсындағы байланыстар сипатынан да көрінеді. Әсіресе, дидактика мен идеология және эстетикалық категориялар арасындағы қарым - қатынастарға көңіл аудару байқалады.

Көркемдікке қатысты зерттеулерде жиі қозғалатын мәселе композицияға байланысты көрінеді. Әсіресе, қазақ прозасына жолыққан басты қиындықтардың бірі – шығарманы аяқтау. Кейде ол автордың қолына қалам алған сәттегі идея, мақсаты мен шығарма көркем мазмұны арасындағы үндестіктің бұзылуынан туындайды.

Сюжетті, фабуланы композициялық тұтастыққа ұластыра суреттеу барысында шығармашылық психологиясының тосын иірімдеріне орай пайда болатын жаңа мәселелер тиісті көркемдік шешім таба алмайды. Әрі ол бірден бадырая көрініп, үндестік іздеу қажетін алға тартады. Өмірден таңдап, теріп алынған материалдар өзаралық байланысты қажет етеді. Сондықтан іс-әрекет, тартыс пен қақтығыс, күрес, жеңіс пен жеңіліс себептерін (мотивтерін) айқындай ашу үшін қосалқы көріністер керек болады. Міне осы жаңа қоспалар қалыптаса бастаған көркем мазмұнмен үндестікке келмейді. Көптеген мәселе осыдан басталады. Көріністер арасында алалық пайда болады да қаламгер қайшылыққа тіреледі.

Күрделі көркем шығарма хикая не романда ағартушылық идеяға ғана негізделетін ағымдардың оқырманға әсері күн өткен сайын әлсіздігі белгілі бола бастайды. Алайда осы кезеңде қаламгерлік ізденістерге басты тұсау ретінде ресми идеология күшейеді. Оның азаншысына айналған әдеби сын

қаламгерлерден таптық көзқарасты ғана емес, таптық текті де іздеуге кірісті. Әрі оны айғайлай көрсетуге бет алды. Мұның әдеби процеске әсерінің қандай болғаны белгілі. Қолына қалам алған ағартушы демократтардың көбі осы идеология, ресми сын қысымына шыдамай шығармашылық жұмыстан қол үзді. Көркемдікке зорлық жасай бастаған идеологияға қарсы бас көтергендердің көбі алғашында шығармаларын жариялау қиындығын көрсе, кейін социологиялық сынның сойылына тап болды, репрессияға, қуғын сүргінге ұшырады.

Қаламгер шығарма құрылымына негіз болған оқиғаны көркем мазмұнға айналдыру үшін ойдан қосатын қоспаларды таңдағанда басшылыққа алған басты идея өз мақсатына орай көркем мазмұн жасау болатын. Сол мақсатта мазмұнға жаңадан қосатын материалдарды сан-алуан талғаудан, елеуден өткізеді. Бұл материалдар өрімінің өзі қаламгер ойындағы жаңаланған мазмұнға, шығарма архитектурасына өзгерістер әкеледі.

Композициялық өзгерістер жаңадан қосылған материалдарды бұрынғылармен үндестіруді, үйлестіруді қажетсінеді. Осыған орай сан алуан идея эмоциялық бағалау елегінен өткен жаңа мәтін қоғамдық сана әдеби сын, әдебиеттанушылар тарапынан бағаланады. Былайша айтқанда, түпкі материалдан өзгелігі бар жаңадан қосылған фабула, сюжет алғашқы қаламгерлік идеядан табылғаны жөн.

Авторды шығарма жазуға қозғаған түрткі – өмірлік материал. Елді елең еткізіп, қоғамдық санада қозғалыс туғызған оқиға көркем мазмұн талабына сай авторлық жаңалықтар негізінде өзгеріп, қоғамдық сана назарына келіп тұр. Мәселе сәл жаңа мезгіл-мекендік өлшемдерге көшірілген. Табиғи ортасынан өзге орынға, жаңа ортаға, соған арнайы дайындалған орынға көшкен. Демек, шығармаға түрткі болған алғашқы авторлық ой идея өзгеріске ұшырайды.

Мәселен, бір фабулаға жазылған түрлі авторлардың шығармаларын алуға болады. «Еңлік –Кебектің» бес үлгісін немесе жалпы нәзіралық әдіспен аударылған барша шығармаларда осы құбылыстарға қатысы бар белгілі бір типологиялық заңдылықтар байқалады. Тарихи оқиғалардағы деректер көркем шығармаға енгенде авторлық қабылдауға негізделі өзгереді. Мұның қабылдануы қаламгер талантына байланысты. Түпнұсқалық фабула мен авторлық өзгерістер үндестігі болуға тиіс.

Тарихи оқиғаларға арналған шығармада негізгі мазмұн автордың субъективті қабылдаудан құтыла алмайды. Өйткені, сол уақыт пен оқиғаны адамдар естиді, өздерінше бағалайды, сыни пікірлерлі, әңгімелерді біледі. Екінші бір ортада бұл қабылдау сәл өзгелеу болуы ғажап емес. Уақыт өте келе қаламгер де халықтың арасына таралған оқиғаның ұзын-ырғасын біледі. Түрлі үлгілерін естиді, алайда сонда да жан-жақты біледі деп айтуға болмайды. Олай деп ешкім де айта алмайды. Ал ел ішіндегі ауызша таралған уақиға, деректерді тыңдау, жинау, талдау т.б. да өзгеріске ұшырайды. Соған қарағанда жаңа шығарманы жазушының қаламгерлік қабылдауы мен танымының нәтижесі ретінде қабылдауға болады. Ал мұндағы басты шарт – ел қабылдаған шындықтан онша ұзамау.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасының күрделі, көлемді жанрлары роман мен хикаяда (повесть) осы бағыттар да кездеседі. Ойдан шығару; өзгеден есту; өзі қатысу. Мысалы, «Қыз көрелік», «Шұғаның белгісі», «Тар жол, тайғақ кешу» «Қилы заман», т.б.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ әдебиетінде тыңнан жазылған, аударылған, нәзіралық нұсқадағы талай прозалық шығармалар болды. Абай «Қарасөздері» мен Ы.Атынсарин әңгімелерін былай қойғанда, «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» беттерінде ауыз әдебиеті дәстүрінде ел арасына тараған, өмірде болған уақиғалар негізінде жазылған, шығармалардың стильге түскен үлгілері болды. Өзге ел әдебиетінен тәржімаланғандары қаншама.

Қазақ арасында алуан түрлі шежірелер мен дастандардың, қолжазбалардың талай көшірмелері болды. Мәселен «Бабыр нама» мен «Тарихи Рашиди» т.б. Ел ішінде кең таралған орта ғасырлық қолжазбалар мен шежірелік шығармалар көркем проза тілін қалыптастыруға жағдай жасады.

Кейіпкер кейіптерін, олардың мінездері мен жүріс-тұрыстарын, іс-әрекетін, өмір сүрген ортасы мен әңгіме, сөздерін, ішкі сөз монологтарын бейнелеуде үлгі өнеге қалдырды.

XX ғасыр басындағы прозалық шығармалардың бәрінде қиындық туғызған үлкен мәселе диалогқа байланысты. Дәл сол жылдарда оның теориялық мәселері анық көрінбесе де, талантты шығармашылық тұлғаларға белгілі болды. Кейбірі халықтық сында айтылды да ³⁶.

Бірақ бұларды, күрделі мәселелерді түптеп тереңдей зерттеудің кезі әлі тумаған еді.

Диалог арқылы көркемдік мәні аса жоғары талай ой-идеяларды жеткізуге болады. Әсіресе халық прозасында. Мұны қазақ қаламгерлері білді, пайдалануға ұмтылды. Бірақ көркем мазмұнға орналасқан диалог қаза зерттеп тексеруге, құпия заңдылықтарын ашуға оңайлықпен көнбейді. Бәлкім, сондықтан шығар, қаламгерлердің көбі XX ғасыр басында, 1917 жылға дейінгі шығармаларда диалогты игеруге онша мән бермегендей көрінеді. Әңгіме үстіндегі кейіпкерлер түрі мен мінез құлқындағы өзгерістердің пікірлесу, дауласу, таласу, керілдесу кезіндегі кейіпкердің кенет кекештене қалуы, айқайлап шыға келуі, қызына, ашулана сөйлеу, көргеніне естігеніне таңдану, аң-таң болу, үнсіздікті бейнелеу т.б. құбылыстардың, қысқасы, әңгімеге араласушылар психологиясының құбылуына, өзгеруіне көңіл бөлмегендей. Ал бұлардың характерлер сомдаудағы пайдасы орасан зор. Бұл көріністерге болар болмас түзетулер мен толықтырулар мен бояулар қосу арқылы диалогты жандандыруға, ой-пікірлерді табысты жеткізуге болады.

Әңгіме үдерісін бейнелеу барысында «кейіпкер көтеріліп кетті, айқайлап шыға келді» демей-ақ, оның бәрін диалогке қатысушылардың әсерлерін бейнелеу арқылы жеткізуге болады.

Бұл әдісті дұрыс пайдалана алмаған қаламгерлер оған жүктеуге болатын

³⁶ Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы.» - Алматы:Санат, 1994. 8-18 бб

мән, мағынаның бәрін авторлық баянға, болмаса суреттеуге артқан. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың ала ауыздықтан қайшылыққа, одан қақтығысқа ұласуы көбіне диалог үстінде пайда болып, көтеріліп, әрекетке көшеді. Сәтті қолданған қаламгерді көп қиындықтан құтқарады. Алайда, кейіпкерлер сөзіне араласып, оны бағалап: дұрыс-бұрысын, өтірік шынын айтып отыру т.б. диалогты жалаң баяндау, түсіндіріп отыру көркемдікті әлсіретеді.

Характерлер психологиясын диалог арқылы (лексика, синтаксис, фонетиканы қолдану арқылы) сәтті беруге де болады. Оның сәтті үлгілерін С.Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешуде» шебер қолданады:

«Құмбастыға келген жерде қару-жарақ асынған 20 шақты сарттар келіп мені шап беріп ұстай алды.

- Ә, сән кім сән?

- Мұсылманмын.

- Қайсы мұсылмансан?

- Қазақпын.

- Қазақ қашаннан бояқ мұсылман?

- Әлмисақтан бері мұсылман.

- Сол қазақтың мұсылмандығында біздің шегіміз бар?

- Сендардің шектерің болса, біздің қазақтың да шәгі бар.

- Шәді немене? Кәне айтың?

- Шәі шеш кімләр диніне (ол «шеш кіме динін» маған бастан аяқ түгел айтқызып шықты. Құдай бақ беріп жас күнімде жаттап алғандарымның ұмытылмағаны мұндай аброй боар ма!)» (Сонда129-19-30 бб)

Шынтуайтқа келгенле, көркем прозадағы басты элемент те осы. Мұны шебер қолдану арқылы оқырманды диалогқа араластыруға болады. Оны диалогқа араласқысы келгендей күйге жеткізу - көркем мазмұнның өлшеусіз жетістігі, қаламгер шеберлігінің шыңы. Диалогты бейнелеуге айрықша көңіл бөлу қаламгерді авторлық шешімді оқырманға таңудан құтқарады.

Әңгіме – үдеріс (процесс). Ол да сансыз себептерге уақыт, пен ортаға, тіпті аяқ астынан пайда болып дамып, құбылып, қатысушыларды алуан-алуан күйге түсіреді. Осы тірі үдерісті көркем бейнелеу оңай емес. Нағыз таланттар қолынан келетін құбылыс. Баяндауда автордың өз ой, сезімін оқырманға таңу, тықпалау (фикция) басымдау болса, диалогта мәселе мүлде басқа кілтпен ашылады.

Бір қарағанда диалогта да айтылған ой, бастан кешкен сезімдер бейнеленеді. Бірақ сөйлем құрамы, ситаксисі баяндаудан өзгелеу. Осы арқылы мәтінге өзге реңк, бояу, өзге мән кіреді.

Бір кездерде әңгіме үстінде: пікірлесу, сырласу, дауласу, ұрыссу т.б. түрде айтылған сөз, аяқталған сөз болуы мүмкін. Ал талантты қаламгер қолында диалог - тірі сөз, өткен замандарда болса да, жаңғырады, жаңа түрге көшеді. Оның айтары да, астары да, ең бастысы, біткен сөз тәрізді көрінбейді. Ой мен сезім шексіздігі аңғарылады, ал автор осы шексіздікті бітіргісі келсе де, бітіре де алмайды. М.Бахтин айтқан көркемдік құпиясы осында. Диалог ұзаған сайын мағына тереңдейді, көлемді, жан-жақты бола түседі. Мәселен,

кейіпкер сөзге «шамданып қалды, қуанып кетті» т.б. дегеннен гөрі сол көріністі, ұғымды бере алатын экспрессивті бояуы байқалатын астарлы, мағынасы мол, мәні бар лексико-грамматикалық құрылымды пайдаланады.

Күтпеген немесе күткен хабарды кейіпкерлердің қабылдауын суреттеуде уақыт, кеңістікті жанды суретке айналдырады немесе біткен уақиға түрінде айтып,, жәй хабарлайды. Хабарды жеткізуші: айтушы немесе жазушы психологиясы оны тыңдаушылар, қабылдаушылар, психологиясымен бір емес. Осыны баяндауға көшірсе, мәтінде көркемдік азаяды. Ал таланттылар қолында әрбір шағын суреттемелерде олардың орны бөлек. Мысалы, Б.Майлиннің «Шәрипа» әңгімесінде ауылға келген қызының ойын-сауыққа барғысы келіп отырған аңғарған шешесі Шәрипа мұны жақтырмай, «бармайсың, болмайды» деп айт алмай отырғанын оның әрекетін бейнелеу арқылы көрсетеді. Естіген бойда, «отты көсеп-көсеп жіберді» деген бейнелі сөйлемде, нақты сәтінде (контексте) қызын ойынға шақыра келген құрбысына ашулана қалған ана әрекеті тұр.

Жақтырмаған хабарға осындай әрекет көрсету кейін Б.Майлин поэтикасында қалыпқа (клишеге) айналады. Модельдер жеткілікті. Жақсы хабар келсе де, жаман хабар келсе де, қазақ айтқандай, «қорыққан мен қуанған бірдей» деп, қолындағы ұстап тұрғанын түсіріп алады., тастай салады, отыра қалады, көзі жасқа толады, жылап жібереді т.б. түрлі әдіс тәсілдер арқылы әсерлі көркемдік құралына айналады. Осы әрекеттерді дәл орнында, қажетті тұста қолданса, шығарма көркемдігі күшейеді. Қуанышты хабарда « күліп жіберді, жүзі жайнап кетті, құшақтай алды»т.б. тәрізді баяндармен де жеткізуге болады. Бірақ диалог үстіндегі бейнелеулердің үлгісі мүлде басқа.

Әрине, хабарды қабылдаушы кейіпкер характеріне тән әрекет ескерілуге де тиіс. Мәселен, «Тар жол, тайғақ кешуде» июнь жарылғына қарсы болған халықтың аш-ызасын суреттеуде С.Сейфуллин осы тәсілді қолданады::

«Ол ауылдан шығып,қалаға қарай жүрдік. Топ-топ кеу-кеулеген қазақ.Көзіне орыс көрінсе жүндей түтпек. Бәрі қолдарына түкіреді. Кешке бір қазақтың аулына келдік. Өте қорқыныш. Санақ алуға шыққанымызды біліп отырған елдің жастары бізге сенбейтін тәрізді. Біз түскен үй бізді танитын, баласы азырақ орысша оқыған Жаһуда деген кісінікі болып шықты. Біз үйге кіріп отырысымен атқа мінген, елірген төрт бес қазақ жігіттері үйге кіріп келіп, бізді «тергеп», жөн жобаларымызды сұрай бастады. Біз патшаның әділ емес екенін айтып, қазақтың кемшіліктерін айтып отырдық. Үйдің иесі – Жаһуда ақсақал бізбен таныс кісі болған соң, біздің өзіміз патшаны жамандап отырған соң, көтерілген жастар бізден ешбір ілік таба алмай: «Е, бәсе!» десті.

«..Қалада бір жұмадай болдым. Қала енді әбден елендеп, үрейленіп алыпты. Жұрттың бұрынғы ойын-күлкісі жоқ...

Губернатор келді. Управаға қазақтың даладағы және қаланың маңындағы ақсақалдарын, билерін, старшындарын, байларын жинатып, губернатор сөз сөйледі. Жай бұқара халық та көп жиналып барды. Мен де губернатордың сөзін тыңдауға барып тұрдым...

«Ақмола қазақтары патшаның әскери қызметіне бармауға, патшаның

жарлығына мойынсұнбай, бунт шығарып, көтеріліс жасамақ болып жатыр», - деген хабарды естіп келдім...» одан арғы сөздерінде «қарсы шыққандарға патша тарапынан ауыр жазалау болатынын қайталайды. «...Қырға елге әскер шығарып, қазақты қойдай қырдырамын...Қазақты шалғымен шапқан шөпше шаптырамын. Пулемет дегенді білесіңдер ме, бір минутте пәлен оқ атады. Оқты жаңбырша жаудырады. Сол пулеметпен әскер шығарамын! Пулеметтерді оқ өтпейтін автомобильге салып алып жүреді. Қазақ қойша қырылады...»³⁷

Міне, қазақтарды адам деп есептемейтін губернатордың қайта-қайта пулеметті айтып қоқиланып тұрғаны, сөз сабақтауын да өзгертіп тұрған уақыт. Бұрын губернатор атынан қашатын халықтың жиналуын көтеріп, қайрап отырған да уақыт. Дәл осы өзгерісті бейнелеуде С.Сейфуллин уақыт пен кеңістік ахуалын дөп баса суреттейді.

Сол тәрізді М.Әуезовтің «Қилы заманында» да ел алдына шығып, патшаның июнь жарлығын хабарлайтын ұлық та әдеттегі кейіпін жоғалтып «ақ патшаның» жарлығын отындамауға болмайтынын қайта-қайта айтады:

«...Бүгін таңертеңнен бері Айт төбеге жиналып жатқан қолды Ақжелке, урядник, тергеуші сияқты ұлықтар қайта-қайта сыртқа шығып, өзгелерге білдірмей байқап қарап бақылап жүр еді.

Бәрінің де түрінде анық сасқандық біліне бастады. Енді ешқайсы да бір-бірінен хауіп алдандағы үріккендігін жасыра алмады.

..Осы топтың ішінде болған жас-кәрі, тентек момынның бәрі де ұқты.

Ұсынса қол жеткісіз бәйтеректей болып тұрған зор кеуделі тәкаппар пішінді, жат сырлы ұлық бүгін жалпайып жерге түсіп, абройы ақтарылып, жүні жығылып қалғандай болды.

Дүркірей желіккендей, көтерілген екпінді пішіні бар ел саспайтұғын салмақпен қайта лаулап, жан-жаққа тарап жатты. Екінді кезінде күні бойы жәрмеңкені басқан қазақ селі айығып қалды. Үлкен айдынмен үркіте, шошыта келген қалың қайрат, кара бұлттай қатты ашу қазірде қайта серпіліп, уақыпша сабасына қайтқандай болды.»³⁸

Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесіндегі Күнікей күйеуін қарсы алуға жиналып тұрған бозбалардың аузынан шығатын қалжың қағытпалар мен алып-қашпа сөздер астарындағы мағыналар баяндаусыз-ақ мазаққа толы қалжың сөз мағыналарды ғажап жеткізеді:

«Бірі қол бос бозбалалар (қолы бос емес де жоқ емес) Құлтуманың жаман үйіне лық толып, қалай болса соалй ығы-жығы отырысып, шеттегі құданы қолға ала бастады. Әңгімелерінің түрі мынау сияқты еді.

- Пай-пай, пай! Өзі де сыңғырлап тұр екен!
- Аумаған күіне бақпастың адыры.
- Анау жотамен қоянды қуар ма еді?
- Үңгірін қайтесің?
- Ат-матыңмен сыйып кепейсің бе?

³⁷ Сейфуллин С.//Қызыл қазастан. 1923.№21. 128-129 бб.

³⁸ Әуезов М..20 томдық шығармалар жинағы. 4-т.-Алматы, 1979.

- Өзін таза күбі қылса, қайтер еді?
- Қыстыкүні суымыз тасымал болмаушы еді, деген біздің қолымыз екен...
- Неше шелек су сияр екен?
- Шамалап айтайын ба?.. Шамалағанда, өзінің ызботы мол жатыр-ау:
қырық шелегің жүк болмас.

- Мен де ойлап отыр едім –шамаң шама екен.
- Уай өзі қобыз болса, қандай сөйлет тұрар еді!
- Оған дегенбайдың өзі.
- Қағы көрсе қайтер еді өзін?
- Дәу де болса, күңгірлеп тұрған шығар –ау, ұрымтал отырсың ғой: қақашы өзін! – дегенде, қу жақ жігіт абайсыз отырған шеткі құданы тмсыққа шертіп қплды.

Құда селк етіп, тұмсығына шап берді. Жұрт ду күлді.

Манадан бері сөз қылып отырғаны шеткі құданың мұрны еді. Мұрын болғанда тым рабайсыз, мұрын деуге келмейтін, қоңқиған, үңірейген бір тұмсық еді. Ерікке жігіттердің адаырға, күбіге, қобызға теңейтінде жөні бар еді. Құда:

- Жындымысың?-деп тұмсығын сипалап, түсін суытайын деп еді:
- Жүндімін, сен тақырмысың? деп, тағы бірінен бірі қағып кетті.
- Көргенде ауылдың жігіттерісіндер, ұят емес пе? – дегенде кейбірі:
- Қой тимеңдер байғұсқа! –деп, кейбірі одан жаман өшігіп:
- Әкете ала ма? Деді.
- Бәс тігемін, алып кетеді.
-Нетігесің?
- Шақшамды тігем.
- Әкете алмайды.
- Әкетеді.
- Шын айтасың ба?
- Шын айтам, деген кезде «әкете алмайды» деп отырған жігіт әлгі тұмсықтан тағы қапсыра ұстай алды. Тұмсық иесі жұлқынып, қолын қағып жіберді:

- Кәне әкетпегені? Әпкел шақшаны!-деп жігіттер даулатсы. Отырған жұрт тағы күлкіге қарак болды. Құда қып қызыл боп ежірейіп келе жатыр еді:

- Қарап отырғанша, ойнап-күліп отырыңдар.Ойынға ашуланбас болар,-деп Байман туысқанын тоқтатып тастады...»³⁹

Әрине осындай той-томалақ алдындағы қазақы қалжың әрекеттерде және дау-тартыстар қарсаңындағы қайшылықтар шиеленісі әлеуметтік топтар мен көпшілік алдында тұрған адамдар сөздерін суреттеуде полилогтарды қолданудың рөлі өте қандай зор екенін жоғарыда аталған қаламгерлер шығармаларынан анық көруге болады.

Күрделі прозадағы қосымша материалдар ғана емес қыстырма жанрлардың мәнді қызметі жайлы да М.Бахтин айтқан. Әсіресе,мағыналық-көркемдік қызметінің бар екенін атап көрсеткен.

³⁹ Аймауытов Ж. Шығармалары.-403-404 бб.

Көркем прозада жанрын ажырату қиындығы бар материалдар аз кездеспейді: бейәдеби жазбалар: әуызекі әңгіме (барлық түрлері), новелла-лық сипатты эпсаналар, өлеңдер, суреттемелер, шешендік сөздер, ғылыми материалдар т.б. жиі кездеседі. Бұлардың бәрін де кәсіби прозаның қалыптасу кезіндегі қазақ әдебиетінен көп табуға болады. Бұлар оқиғаны созу болмаса шығарма көлемді көбейту үшін ғана емес. Олардың мәтіндегі мағналық, көркемдік қызметтері аз болмайды.

М.Әуезовтің «Қила заман» романындағы «Бәти қызға» байланысты әңгіменің Ұзақ батыр характерін көрсетудегі қызметі айтарлықтай күрделі. Дүниетанымы өзгеше қалыптасқан батыр бойындағы ұлттық намыс, ар-ұжданның қандай қиын жағдай болса да өзгермейтіні аңғартады. Тағы басқа аты аталатын кейіпкерлер туралы да осылай айтуға болады. Мазмұнға қатысы жоқтай көрінетін кейбір қыстырмалар аса мәнді құрылымдық қызметі болмаса да, жүйесін таба қолданылса, қаламгер ойларын айқындайды. Сол тәрізді хаттар мен күнделіктер, өсиет, уағыз, өмірбаян т.б. қыстырма ретінде көрінетін қоспалардың да қызметтері аз емес. Шығармада кейде бұл үлгілердің бірі күрделі мазмұндық мақсатта қайта қолданылуы да мүмкін.

Автор бейтаныс ортадаға тап болған адамдар ахуалын тұрмыс-салттық тіршілік бұйымдары ортасында суреттесе, бұлар кейіпкерлерінің ой, сезімдерін ашуға, олардың ерекшеліктерін әрекет, қимылдарына сай суреттеуге жәрдемдеседі. Ең бастысы, уақыт пен кеңістікті бейнелеуде кейіпкерлердің табиғи ортасы мен өмірінің шынайы мәліметтерін қолданады. Осы ізденістерде беймәлімдеу ортаның салт-санасы мен дәстүрін, тұрмыстық тілі мен ойлауын сақтауға, мүлде бөлектеу тілдер әлеміне еруге жағдай жасайды. Бірақ мұның бәрі автордың көркемдік, эстетикалық мақсатына сай орындалғаны жөн.

Мәселен, «Ақбілек» романында шетелге қашып бара жатқан ақтардың уақытша тоқтаған қостарындағы тұрмысы мен сөздерін, олардың өзара дауласу, таластарын Ж.Аймауытов суреттеуде көрсетеді.

Қашқын ақтардың жаңа жағдайларын бейнелеуде бұрынғы әкірең мінез, зорлық тірліктерінен айрылған бейшара жайларын қаламгердің мұқият ескергені аңғарылады. Әдетте, қаламгер шындыққа жуық бейнелеуге міндетті деп айтамыз, алайда қай шындыққа. Мұнда сан-алуан тағдырлар мен талайлар қабаттасқан. Қажетті шындықты таңдау да оңай емес.

Бұлардың біразы қаламгер баяндауларында, кейіпкерлер диалогтарында көрінеді. Қайталауларға бармау үшін қаламгердің таңдаған мағыналы мазмұнына дәлдік қажет. Сондықтан да автор Ақбілек басындағы қиын тарихқа қатысы аз шындықтарға тереңдеуді қажетсінбеген.

Түрлі кейіпкерлер диалогын суреттеу арқылы көркем мазмұнға қатысы айқын талай мәнді мәселелерді шешуге ұмтылады. Мұнда қаламгер қабылдауларының араласуы да жетілікті. Тіпті қаламгер өткен уақиғаларды естігеннің өзінде де мазмұндағы сезімдік-эмоциялық бағаға араласа алмайды. Жазушы ырқынан тыс жағдайда болған оқиға мен сезімдер шындығы мәтінге өтеді. Ал осы шындықты көркем мазмұнға қосу талантқа ғана тән.

Әңгіме объектісіне қатысушы субъектілерге авторлық баға көп жағдайда

көркем мәтін астарларынан аңғарылып тұрады. Кейіпкерлер сөзін, сөз сабақтауын сақтай отыра, олардың лексикасындағы кейбір сөздердің бірте-бірте автор сөзіне айналып кетуі де мүмкін. Кейбір кейіпкерлер сөзін, ойын, мақсатын баяндау барысында автор оның аузына соған лайықты сөз салады. Оны пародия т.б, мақсатта да қолдана бастайды. Мәселен, Ж.Аймауытов Семейдегі оқытушылар дайындайтын курсты ұйымдастырушылар сөзін бейнелегенде осындай жағдайды сезінген. Қаламгер кейіпкерлерінің әріптестерімен әңгімеде өзгелердің сөз сабақтауын қолданады.

Ақбілек тағдырын трагедияға апарған сұмдық оқиға бұрын бұлаң тірлік кешкен, еркін өскен жас қыздың табиғатында бар айрықша мінез, қасиеттерді алға шығарды. Жазушы ол бастан кешкен қасіретті уақиғаларды суреттеуде естілігі мен ерлігінің, табандылығы мен ерекше танымының бастауларын көрсетеді. Ақбілек өткен қиын оқиғаларды мақсатқа жету күрестерімен қатар суреттейді.

Бұл шығармадағы авторлық идея-эмоциялық баға дәстүрі қазақ әдебиетінде қалыптасқан талапқа кереғар екені де белгілі. Алайда қаламгер аласапыран заман дауылдарына тап болған жас қыздың жан дүниесіндегі күрделі үдерістерді психологиялық дәлдікпен суреттей алған.

Небір сұмдықтарға тап болса да, өмірге құштар Ақбілек осы сындардан өтіп, болашаққа сенімін жоғалтпайды.

Роман тілін қалыптастыратын арналардың ірісі – әлеуметтік топ тілі.

Мұнда қоғамдық орта психологиясының орны зор. Бұл әсіресе, С.Торайғыров пен Ж.Аймауытов, М.Әуезов пен С.Мұқанов шығармаларында айқын білінеді.

Жазушылар мен күрделі прозаны зертеушілер өзге әлеуметтік орта әсерінің қаламгерге ықпалын, салмағын үнемі сезеді. Нақты қоғамдық ортаны суреттеуде авторға қиындық та қоғамдық орта ахуалымен арадағы күрделібайланысты ескеруден болады.

Көркем шығарма белгілі жүйе, дәстүрі бар әдеби тілде жазылады. Мұны нақты шығармалардан алынған мысалдармен дәлелдеу қиын емес. Мәселен, кейіпкерлер өз ортасы мен жағдайына, психологиясына сай өз тілінде сөйлейді. Алайда, шығармаға қатысатын түрлі адамдардың ой, монолог, ішкі сөз, диалогтар, әңгімелер, күнделік, хат, т.б. басқа тілдерінде жазылуы мүмкін. Талантты автор мұны анық сезеді. Мысалы, Ж.Аймауытовта «Ақбілектің хаты», «Дәуреннің әңгімесі», «Қарамұрт ойлары» т.б. өзге тілдерге де көшіп отырады.

Күрделі прозаға тәуекел еткен авторды кейіпкерлер тілі мен ол өскен ортаның тілі, өзге тіл қоршап тұрады. Оның ішіндегі бояулы, бедерлі сөздермен ұтымды ойлар, тұрақты сөз тіркестері қаламгерге ерекше әсер етуі мүмкін.. Бұрын қолданбаған, көңіл аудармаған сөздер енді қаламгердің ықыласына бөленіп, бояуы мен мағыналық реңктерін жана ой, танымдарды суреттеуде қолданыла бастайды. Кейін автор оны өз сөзіне, сөздік қорына қосып алады. Бұл - өзге тілдік соны мағына бояулы сөздердің қаламгер шығармашылығына тигізер тағы бір ықпалы.

Шығармада автор өзге тілдердің қайсысымен де диалогқа барады. Алайда,

автордың өзге тілге көп ауытқып жаза басауы шығармашылығына әсер ететін жайлардың бірі ғана. Егер қаламгер өзге тілдер әсеріне өз тілімен үндестікте қолдауда үнемі басымдық беретін болса, шығарма көркемдігі жүдейді. Әсіресе, қаламгер кейіпкер атынан өз ой - пікірлерін де қосып отыратын жағдайда. Ал кейіпкер әрекетін (кең мәнінде) объективті бейнелеуде өз қабылдауына, танымына орай бағалай баяндайтын болса, мұндай тіл қоспасы шығарма поэтикасына әсер етеді. Әрі көп тілдерді аралас қолдануды сауатты оқырман да аңғарады., әрі қостай бермеуі де мүмкін.

Алайда кейіпкерлер тілін олардың іс әрекетін, сөздерін, сөз сабақтауларын қаламгер шығармашылық мақсатта үндестікпен қоладанатын болса, мәселен, «келемеждей» (пародиялап) бейнелеуде» т.б. онда мәселе басқа., Әдеби терминологияда «переакцентуация» деп аталатын тәсілдің бір түрі ретінде шығарма көркемдігіне салмақты реңк қосады.

XX ғасыр басындағы прозалық шығармалардың бәрінен психологизм мен ішкі моногог, ішкі сөздердің күрделі түрлерін, портрет пен мінездеудің, пейзаждардың әралуан өрнектерін іздеу, әрі олардың жүйелі үндестігін табу қиын. Кейбір ұтымды сөздер мен сөз тіркестері үндестік тауып қосыла алмағандықтан, бөтендік танытып та тұрады. Мәнді мақсатты табыстар мен ізденістер көркемдік жүйемен табиғи үндестік тапқанда ғана көркем шығарма мақсатына жетеді.

Күрделі шығармалардың бірінде автордың көркемдік мазмұны баяндау арқылы іске асса, бірінде, ол әңгімелеу, суреттеумен бірге кейіпкерлер диалогтарын қолдануға күш салады. Сондықтан да талдау барысында негізгі тәсілдерді ескере отыра, тоқтала талдаған дұрыс болады. Өйткені көркем шығармалардағы бейнелеу тәсілдерінің ерекше қызметі қаламгерлік мақсат, идеяны оқырманға жеткізу шеберлігі осыдан көрінеді. Автор түрлі әдіс-тәсілдер арқылы идея-эмоциясын, ойын сәтті бейнелеуге ұмтылады. Қаламгер шеберлігі мен шығарма ерекшелігінің дара өрнектерін айқындап алудың қажеттігі осы талдаулардан туындайды.

Әдеби тіл бір қарағанда күнделікті тұрмыс тілінен ерекшеленетін, өзіндік қалыбы, түрі бар сымбатты көркем тіл сияқты көрінгенмен, ол да өз көркінен өзгені көрмейтін «нарцисс» емес. Әдеби тіл қатып қалған өзгермейтін, қалыбынан мүлде шықпайтын тілге жатпайды. Ол өзгермейтін болса, оның өзі де өзге бір диалектіге, әлеуметтік топ тіліне айналар еді. Мәселен, интеллигенттер, болмаса, жазушы, журналист, қоғамдық-гуманитарлық қызметкерлер тілі тәрізді.

Бұл тілдердің арасында мәнді айырма болады. Тұрмыстық, ауызекі, әдеби және жазба тіл т.б. арасында айырма бар, бірақ бәрі әдеби тілге айнала алады, М. Бахтинше айтқанда, диалогтар тіліне өте алады: «Национальный литературный язык народа с развитой художественно прозаической культурой, в особенности романной, с богатой и напряженной словесно – идеологической историей, является в сущности, организованным микрокосмосом, отражающим макрокосмос не только национального но и

европейского разноречия».⁴⁰ Бұған қарағанда әлемдік әдеби тіл жүйесі де осы негізде қалыптасады деп айтуға болады.

Қазақ прозасында осы мәдениет, дамыған көркем проза мәдениеті ХІХ ғасыр соңында қалыптаса бастады. Ол - Ы.Алтынсариннің балаларға арналған оқулығындағы шығармалар мен Абай қарасөздері және халық прозасының үлгілері. Мәселен, «Бәти» және «Шұғаның белгісі» тәрізді шығармалар. Бұлар қазақ прозасының мазмұндық, мағыналық, көркемдік қуатын көрсетті. Саяси экономикалық қиын жағдайындағы халық пен ұлттың дүниеге эстетикалық көзқарасындағы үлкен бір өзгерістерімен сәйкес келді. Тікелей соның жемісі десе де болады. Ол - суреткердің халықпен, қоғаммен сырласуы, диалогы. ХХ ғасыр басында қазақ прозасы тез дамып, жоғары деңгейге көтерілсе, оның бұл қадамын дайындаған дәстүрлі халық прозасы екенін ешқашан ұмытпаған абзал.

Көркем проза тілінің қалыптасу жолы оңай емес. Ұзаққа созылатын үдеріс. Батыс Еуропада романдық тіл аударма әдебиеттер арқылы қалыптасса, қазақ әдебиетінде оның өзіндік жолы болды.

Кеңес үкіметі кезінде көп айтылған орыс әдебиетінің ықпалы мен аударманы былай қойғанда, дәстүрлі әдебиетіміз бен ауыз әдебиеті, халықромандары мен хикая, аңыз, ертегілер т.б. жетегінде дамыды, ұшталды, үлгісін қалыптастырды.

ХХ ғасыр басындағы прозада бейнелі тіл көп жағдайда ауызша әңгімелер поэтикасына тәуелді болды. Шығыс және батыс әдебиетінен жеткен шығармалар әсерін жоққа шығаруға болмайды. Сол тәрізді, нәзиралық әдебиет пен шығыстық дастандар, желілі хикаялар мен ертегі – аңыздардың көркем мазмұны халық арасына кең тарады. Оларды ауызша әңгімелеуші мен орындаушылардың шеберлері әр ауылда кездесетін, шәкірттері де аз болған жоқ. Олар бұл шығармаларды түрлі сюжеттер мен фабулаларға бөлу арқылы желілі ұзақ хикаяларға айналдырды.

Олардың тыңдаушыларға поэтикалық әсері өте күшті болды. Оның өзге жанрлардан басты ерекшелігі оқиға мен тарихқа, адам тағдыры мен сезіміне өз қабылдауларын, танымын қосып, тыңдаушылар ықыласын ескеріп, жан-жақты суреттеуінде, мазмұнға тереңдеуінде. Сол арқылы өз қабылдаулары мен танымдарын образ тіліне көшіруінде. Түпнұсқадағы барлық мәселелерді сезім, ойы әрекеттерінің тілімен бейнелеуінде. Олардың басты мақсаты шығармада қозғалған мәселеге үкім айту, қиындақтан шығар жол көрсету, емес. Басты мақсат тыңдаушылар үшін алдан шығып отырған сәйкес тарих пен оқиға, құбылыстарға мән беру, ойлану қажеттігін суреттеуде.

Сан түрлі адамдар арасындағы диалогтар мен авторлық танымды бейнелеу оқырман диалогына жол ашады. Көркем шығарманың идеясы - эстетикалық мазмұны туралы ойлауға шақыру, әңгімеге жетелеу.

Роман мазмұнында уақиға, тарихқа үкім айту, бағалау, жол сілтеу басты шарт емес. Бұл роман дамуының түрлі сатыларында бейнелеу ұстанымында болған.

⁴⁰ Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики -Москва,1975.-С. 107

Қаламгер шығармасындағы негізгі идея, эмоциялық баға – автордың жеке мақсаты, ойы мен сезімінің көркем мазмұны, Бір шығармада нақты көріністі, уақиғаны сүйсіне, шабытпен бейнелесе, екінші бір шығармада сәйкес тақырып пен оқиғаны пәлсапа мен терең ойлар иірімдеріне көңіл аудара бейнелейді. Қысқасы, қаламгерді ойландырған қоғамдық ірі мәселелерге арналған көркем шығарма мазмұнының басты әуендері мен авторлық қарым-қатынас (интенциясы) бейнелеу үдерісінде өзгеріп құбылып отырады.

Идеал өмір мен әлемге, тіршілік пен табиғатқа, аллаға арналған перзенттік махаббат түрінде бейнеленіп келді. Қыбырлаған әр тіршіліктің иесінің өзіне ғана тән тірлігі, ортасы бар. Ол туралы автордың өз танымы да болады. Осы күрделі саяси - әлеуметтік, эстетикалық қатынастарды жан-жақты бейнелеу – суреткер бақыты.

Ол көтерілген тақырыптың өзін ойландырған астарларын талдайды, соған сүйене жазылған көркем мазмұн арқылы ой айтады. Ойлануға алып шығады.

5.6. Қазақ прозасының тілі

Кәсіби прозада кең таралған және көп қолданылатын бейнелеу тәсілі – туындыға көп кірісе бермейтін (неперсонифицированное лицо), негізгі оқиғаны үшінші жақтан баяндайтын автор шығармашылығы. Алайда, соның өзінде де автор онда көрінеді, сезіледі. XX ғасыр басындағы қазақ прозасында қаламгердің оқиғаға араласуы көп көрінеді деп айтуға болады. Мұның басты себептерінің бірі - халық прозасынан ауысқан әңгімеші хикаяларының түрлі үлгілері.

Көркем проза мазмұнының дамуы барысында ауызша әңгіменің орны алабөтен. Баспасөзі болмаған елде барлық жаңалық, хабар ауызша таралды. Ел, халық тағдырына қатысты барлық уақиғалар мен маңызды мәліметтер ұзынқұлақ арқылы жетті. Елді басқарған хан, билер мен дәулетті парасатты ақсүйектерге қатысты оқиғалар мен тарихи мәліметтер солар арқылы таралды. Осындай маңызды хабарларды таратушыларды қазақ елі «ұзынқұлақ» деп атаған.

Халық сергек, белсенді, белгілі тұлғаларға қатысты маңызы бар, мәні зор оқиғаларды қалың елге тандап, теріп жеткізді. Ол әңгімелеушілердің мәртебесі зор болған. Оларды халық арасында «жыршы» «жырау», «хикаяшы» деп атаған. Айтушы баяншылар шығарма құрлысын құраушылар да еді. Шығарма өзегіндегі оқиғалардың өзара қиюласуы, қатарласуы, қозғалысындағы уақыт пен кеңістіктің араласуын бейнелейтіндер - осы баяншылар.

Олар ел арасына кең таралған аса мәнді ауызша шығармаларда маңызды көркемдік қызмет атқарады. Оның мазмұнда көрінуі кейде тіпті жазып алушы, болмаса, ауызша әңгіме әуенін ғана пайдаланушы жазып алушы авторды екінші лекке ығыстыруы, тіпті белгісіздіке жеткізуі де мүмкін. Алайда халықтық проза материалдарын колданған автор баяншы есімін

атамағанның өзінде де оның стилінің, әуенінің (мотиві) әлдеқандай белгілері байқалады. Оны сауатты оқырман сезеді.

Көрген тәжірибесі мен өмірбаяндық мәліметтерін шығармаларында түрлі деңгейде қолданатын қаламгерлер үнін әлемдік әдебиеттің көптеген таңдаулы шығармаларынан кездестіруге болады, Бірақ мұндай туындар өмірбаяндық шығармаға жатпайды. Өйткені мұнда қаламгер тарихы, өмірбаяндық мәліметтерді тым еркін қолданады, бұл деректерге мүлде ұқсамайтын ой-әрекеттер ғана емес, кейде оның өмірбаянына жатпайтын материалдар да кездеседі. Бірақ шығармаға енетін жаңа материалдардың бәрі оның суреттеген көркем шындығымен үндестік табуға тиіс. Мәселен, хат, күнделік, т.б. тәрізді өмірбаян көріністерінің қоспаларын айтып отырмыз.

Қаламгер өз қаһарманының дүнитанымына, эстетикалық көзқарасына еніпкіреген сайын әңгімені оның тіліндегі барлық реңктерді пайдаланып, оның ойына, сезіміне жуықтайды. Автор кейіпкердің кім екенін, ойлану деңгейі мен тілін ешқашан ұмытпайды, оны қашан да есте ұстайды.

Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Ақбала күнделігі, Қарамұрт, Бекболат атынан жүргізілетін баяндар т.б. осындай деректер - қаламгер қиялынан қосылған материалдарды шеберлікпен қолдануы.

Күрделі проза дамуына аса қажетті шарттардың бірі - заманауи проза тілінің дамуы. Өткен заманалар стилінде жазылатын шығармалар тілі, әдетте, сәл басқалау. Ол өткен тарихты ескере енгізілетін тәсілдер арқылы заманауи шындықтармен үндестік табады. Әрі өте қажет деректердің бірі ретінде қабылданады.

Осындай мақсатта түркілік, шығыстық сюжет, фабулаларды қолданатын туындылар бұрынғы тарихи түпнұсқалар әуендерін сақтауға тиіс. Мұндай шығармалар әлемдік әдебиет тарихында аз емес және тек романда ғана емес, барлық жанрда да. Негізінен, халық әдебиетінде атадан балаға, кейінгі ұрпаққа мұра болған халық әдебиеті: ауызша әңгіме (ұлы, ұзақ әңгіме), қисса, аңыз, шешендік сөздер мен шежірелік баяндар . Олардың тілінің көркем күрделі жанрлардың бейнелеу құралдарына ене бастауы қоғамдық сана дамуының деңгейіне сай өтеді. Бұлар уақыт пен кеңістікті бейнелеу құпияларының тәжірибесін мұқият ескерген әдебиет пен өнердің талантты шеберлерінің зертханаларындағы ұзаққа созылған ізденістер мен маңызды жұмыстардың нәтижелерін көрсетеді. Болашақ ұрпақтарына қалдыратын жұмбақтары да аз болмайды.

Осы бағыттарда ойлауды, ізденуді, тіпті тәжірибелік істерді қолға алуды қаламгерлер мен өнер шеберлері ешқашан тоқтатпайды. Дәстүрді үлгілердің заман жаңалықтары тегуірінімен түрлене бастауы тез өтетін тәрізді көрінгенмен ұзақ уақыттарға созылмалы үрдіс.

Көркем проза тілінің даму жолы әдеби жанрлардың өркендеуімен тығыз байланысты, әрі соған пәрменді ықпал жасайды.

Бұл салалардың тоғысар арнасы – күрделі проза, роман жанры. М.Бахтин айтқандай, көркем әдебиеттің барлық жанрларында романдану үдерісі жүріп жатады. (Қараңыз: Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики)

Өнерде диалогқа бағыт алу - өмірдегі сан алуан шындықтарды бейнелеу

үшін қажетті шарттардың бірі. Қаламгерге мейілінше бейтарап қалуға мүмкіндік беретін де осы тәсіл. Ірі заманауи өзекті мәселелер туралы ойларды көркем мазмұнға көшіріп, өмір шындықтары туралы диалогқа бару ойлануды оқырманның өзіне ұсынумен пара - пар.

Әлемдік әдебиет алдындағы заманауи үдерістерге көз тігу, оның заңдылықтарын ашу, анықтау, талдау, ойлану...т.с.с. барша халықтар әдебиеті үшін де аса маңызды. Сондықтан сәтті табыстарға қол жеткізген - өзге елдер тәжірибесі туралы зерттеулер жүргізіп, терең ізденістерге үңілу адамзатқа ортақ мұра. Ол өнер, әдебиет жанрлары типологиясына, поэтикасына аса қажетті заңдылықтарды көрсету үшін қажет-ақ. Бірақ болжам түрінде емес, жеке факт, деректерге сүйенген талдаулар нәтижесі ретінде.

Қазақ әдебиетінде көркем проза, хикая, роман т.б. қалыптасу даму жолдары жанр типологиясына қатысты талай жайларды көрсетті. Мәселен, ішкі монологқа байланысты үдерісті айтуға болады. Кейіпкердің өзімен, ішкі әлемімен диалогы, ақылдасуы, өзіне ғана бағытталған сөздің түрі тәрізді көрінсе де онда әмбебаптық мағына, мән де жеткілікті. Бұлар – кейіпкердің рухани әлемінде, жан - дүниесінде өтіп жатқан психологиялық күрделі үдерістерді бейнелеу үшін қолданылатын көркемдік тәсіл(әдіс) тәрізді болса да, оның адамзат баласы дамуындағы рөлі зор. Бір қарағанда, кейіпкер жан дүниесінде басталып, оған тыным тапқызбаған ішкі құбылыстарды өзі ғана талдайтындай. Алайда, мұнда қаламгердің ой-сезімінің араласатыны анық. Демек, ішкі монолог сөз психологияны бейнелеу арқылы қаламгер өз жан дүниесін жеген талай мәнде құбылыстарға тереңдейді. Ол тек қана кейіпкер рухани әлеміндегі күрделі үдерістерді оқырмандарға суреттеп отырған жоқ. Кейіпкердің өзіне ғана бағытталған, ешкімге ашпайтын сыры тәрізді, ой-сезімдерін өзі талдайтындай деңгейде бейнелеп отырса да, онда жазушының жан дүниесінің иірімді сырлары да бар. Ол қаламгерден үлкен шеберлікті талап етеді.

Қаламгерлер шығармашылығында ішкі монолог авторға тәуелсіз сөз көрінсе де, оның өз әрекеті мен ойларынан қорытынды шығаруы тәрізді бейнеленуі, бір қарағанда, ғана солай байқалатын шарт.⁴¹ Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романында Ақбілектің қайшылыққа толы өз сезімдерін талдайтын ойлары, толқулары ол бастан кешкен өте қысқа мерзімде өткен оқиғалардың қорытындысы тәрізді көрсетіледі. Алғашында туған ауылын іздеп, тек соны ойлаумен ғана келе жатқан кейіпкер, оған таянған сайын «кәпірлер» тұтқынында болғаны, «қарамұртпен» бастан кешкендері есіне түскенде қазақи орта, дәстүрге мүлде жат әрекеттер есіне түсіп, шошынады. Осы ой сезімдерді қаламгер табиғи қалыпта бейнелейтіндей. Кейін, арада біраз уақыт өткен соң әйелдік сезімдер бойын билеген сәтте ұлттық дәстүрмен арпалысқан кейіпкерді қаламгер көркем прозаның озық үлгілеріне сай аса шеберлікпен суреттейді дей аламыз.

Осыған сәйкес құбылыстар орыс әдебиетінде біршама зерттелген.⁴²

⁴¹ Пірәлі Г.Ішкі монолог. –Алматы, 1994.

⁴² Мотылева Т.Л., Соколов А.Н. Внутренняя речь и мышление.-Москва, 1968; Выготский Л.С. Избранные психологические исследования/ Мышление и речь.-Москва, 1956.

XX ғасыр басындағы қазақ романдары халық прозасы бейнелеу құралдарын сәтті қолданды. Б.Майлин, М.Әуезов, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин т.б. қаламгерлер шығармаларында бұл бағытта ерекше көркемдік жүйе бар. Мәселен, майданға баратындар тізіміне жасы ілінді ме жоқ па, - деп соны білу үшін болыс үйіне барғандағы көріністі суреттеу барысында қаламгер әлеуметтік теңсіздікті болыс үйіндегі жиылған топқа қымыз ұсыну рәсімдерін суреттеу арқылы жеткізеді. «Қойшы» аталатын бөліктегі малшы тірлігін оның характерін «қортқы» арқылы танытады. «Тасаттық» аталатын бөлімде қожа-молдалардың ел басына күн туғандағы әрекет, ойларын мал сою, теріге таласу, ет арқылы бейнелейді. «Ақбілек» романында Мұсабайдың әйелі Бозінген характерін түйеге қатысты лексиканы қолдану арқылы суреттейді емес пе т.с.с.

С.Сейфуллин романындағы табиғат көріністері түн, аяз, көктем, дала суреттерінде саяси тұтқындар туралы қаламгерлік ой, қабылдаулар да осы әдістер арқылы көрінеді.

Бейнелеу тақырыбын өмірден алғанмен, көркем шығармада тақырып қаламгерлер алғаш ойлаған қалпында ғана көрінуі мүмкін емес. Шығарма бастауында тақырып автор алғаш жоспарлағандай көріне бастаса да, автор ойларының шығармашылық үдеріс үстіндегі тебіреніс, толғанысты ойларына сай сан түрлі өзгерістерге ұшырайды. Оның түрлі бөліктерінің, сюжеттерінің жаңа жағдайларда қабылдануына орай дискурстық сипаттағы бейнелеулермен толығыуы кездеседі. Жаңа жағдайларға байланысты толғамдарда қаламгер өзінің танымдық қабылдауын бейнелемей тұра алмайды.

Негізгі тақырыпты өз қабылдауына бұрмағанның өзінде де, оны жаңа ойлармен толықтыруы, өзгерістер қосуы да мүмкін. Мұнда дискурстық бейнелеу үлкен рөл атқаруы да мүмкін. Алайда тек соны ғана қуалап кету шығарма көркемдігімен үндестікке келмеуі ғажап емес.

Демек жазушының ойында, қиялында кейін пайда болған жаңа оқиға мен ойлар көркем мазмұнда бедері байқала бастаған авторлық алғашқы идеяларды өзгертуге, жаңалауға әкелсе, бұл оқырманға бірден көрінеді және әсер етеді. Ендеше, алғашқы авторлық идеяы кенет жаңалау, өзгерту оңай емес...Тіпті тарихи тақырып болғанның өзінде де күн санап өзгеріп жатқан тарихи ұғымдарды шығармаға енгізу оңай емес. Оның үйлесімді тәсілдерін табу қажет. Мұндай жаңғырықтар негізгі авторлық ойларды өзгертетін болса, шығармаға енгізу сан түрлі қиындықтарға жолықтырады.

Натуралистік баяндарда еңбектенген қаламгердің жазу сәтіндегі сезімдік күйі мен тебіреніс әсерелерін көру сәтіне байланысты өзгерістер жасайды. Бұларда шығармашылық үдеріс кезіндегі жеке жайлардың орын алуы, негізінен, табиғи оқиғаларға байланысты болатын жай.

Осындай оқиғалар С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романының алғашқы басылымдары мен М.Әуезовтің «Қилы заман» романында байқалады.

Шығарма поэтикасы, сірә, тақырыпқа ғана байланысты болмаса керек. Оның шығармашылық үдеріс барысында өзгеріп отыратын өзгеше, жаңа

көркем мазмұн құрайтын композицияға және соны жасауда қаламгер қолданған бейнелеу құралдарына байланысы көбірек болса керек.

Бұл мәселеге қатысты күрделі ойларын айқындауда Б.Томашевский формалистік бағытты қолдайды. Автор барлық мақсатын әдеби шығармада - форма тудыру жасауға жұмсайды: әдебиетті қаза зерттеу дұрыс емес, оны оқу керек...-деп басталатын метафорлық танымды ескерген ойларында біршама байсалды пікірлер айтылады. Әрине, көркем шығарманы қабылдау нәтижесі жеке таным, оқырман парасатына тәуелді екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Алайда, табиғаттану ғылымдарының әдіснамасы мен тәсілдері көркем әдебиетті зерттеуге жарамайды, тіпті методология түрінде де деген ойларға біржақты қарауға болмайтын тәрізді.

Әрине, осыдан жүз жылдай бұрын айтылған ойларға бүгінгі күн биігінен талдау жасау дұрыс болмас, алайда, табиғаттану ғылымдарының табыстарын өнер мен әдебиет құпияларына, автордың шығармашылық және кейіпкер психологиясын талдауға ене бастауын жоққа шығару қиын.

1920 жылдардың өзінде аса талантты әдебиеттанушы Л.Выготский «Психология искусства» деген тақырыптағы зерттеулерінен кейін бірыңғай психология ғылымына ауыңқырып кеткені белгілі. Бұл күрделі де аса қиын шығармашылық ізденістерге байланысты болғаны жасырын емес. Оның үстіне авторлық және кейіпкер психологиясына байланысты зерттеулерде бүгінгі таңда З.Фрейд еңбектеріне сүйенбейтін зерттеушілер де, қаламгерлер де аз емес қой.

XX ғасыр басындағы көркем әдебиетке қатысты зерттеулер жүргізгенде, нағыз классикалық шығармаларды талдағанда бүгінде сол жылдарда қолданылатын әдіснамаларға жармаса берген жарамайды. Ол заманауи шығармашылық үдерісті шындықтан алыстатады. Мәселен, көркем әдебиет тарихы мен теориясы туралы зерттеулерде тек көркемдік құндылығы зор шығармаларға ғана сүйену де дұрыс болмас. Өйткені кез келген халықтың рухани тарихын жазуда әлемдік әдебиетке тән ұлы шығармаларға ғана басымдық беру әдеби үдеріс тарихын зерттеуде тиімсіз. Нақты халық тарихының шындықтарын зерттеуге, ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік бермейді. Әдеби орта фоннан алыстатады.

XVIII-XX ғасыр әдебиетін зерттеуде осы кездердегі халық әдебиетіне, ауызша әңгіме, хикая, прозаға айрықша көңіл бөлу керек. XX ғасыр басындағы әдебиет тарихында классикаға сай дара шығармалар бар.

Мәселен, Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», Ж.Аймауытовтың, М.Әуезовтің, С.Сейфуллиннің 20-жылғы әңгімелерін айтуға болады. Солардың дара мазмұндық, түрлік, мәндік, құрылымдық табиғатын зерттеуде қоғамдық-гуманитарлық қана емес, табиғаттану ғылымдарының да заманауи жетістіктерін пайдаланамыз. Бүгінде біздің қолымызда қалған «Шұға» іспетті туындылар солардың бірі ғана. Қаншама осындай дара шығармалар зерттеу методологиясының саясатқа тәуелді болуынан назардан тыс қалды. Енді оларды зерттеу түгіл табудың өзі қиялға айнала бастады.

Біздің әдебиеттанушылардың көркем шығармалардың жеке тарихтарына зерттеу кезіндегі тереңдей, талдап айтқан пікірлерін жете таныстырып,,

байымдауларын оқулықтар мен оқу құралдарына енгізуді қажет деп есептейміз. .

ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасырдың басында қазақ прозасының жедел дамуы, шын мәнінде ізденістер жолына, жаңа арна-сатыға шығуы Қазақстанның экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайларына байланысты. Өйткені, ол кездегі

Қазақстан Бүкілроссиялық сауда орталықтары таразысының тіліне тәуелді еді. Өндіргіш күштердің қажеті мен жағдайына, саудаға шындап көңіл қоя бастаған өлке жаңа дамудың баспалдағына келді. Ғасырлар бойы қалыптасқан тыныс-тіршілігі мен салт-санасын, әдет-ғұрпы мен шаруашылығын күн санап қиратып, өзгертіп бара жатқан пәрменді күш - капитализмнің қазақ даласына шындап енуімен санаспаса болмайтыны белгілі болды. Мұны зиялы қауым өкілдері ғана емес, халық та түсінді.

Жаңа әрекет пен тірлік қоғамдық санаға өзгеше әсер етер жаңа бейнелеу құралдарын, әдістерді талап етті. Қанат жая бастаған баспа мен баспасөз бетіндегі түрлі идеялы шығармалар прогресс пен демократия, азаттық жолындағы күрестің қаншалықты қиын болғанын дәлелдей алады.

Біріншіден, қоғамдық сананы қозғай бастаған қуатты тілек XX ғасыр басында қазақ прозасын жаңа жолдарға алып шықты.

Екіншіден, баспа мен баспасөз ісінің белгілі дәрежеде жедел дамуы қазақ прозасының өркендеуіне бөгет болып келген тұсауды шешіп, тез дамуына біршама қолайлы жағдай жасады.

Үшіншіден, қазақ халқының мәдениет пен өнерге көз тігуі, білімге көңіл қоюы түрлі мектеп, медресе, мұғалімдер семинарияларының ашылуына, сауатты жастар санының артуына айта қаларлықтай ықпал етті.

Баспадан шыққан әр шығармаға қоғамдық талап артты. Көркем әдебиетке сұраныс көбейді. Кейбір шығармалардың әлденеше рет қайта басылуы (алды 12-ге дейін) кездейсоқ құбылыс емес. Ол – халық санасының қуатты қозғалысын көрсететін маңызды дерек.

Төртіншіден, кітап жазып, журнал-газет ісімен бірыңғай айналысатын адамдар тобы пайда болды. Әдебиеттің өмірмен байланысын, халықтың рухын, қуатын сезуші адамдар көбейді. Әйтеуір тасқа басылған сөзге, кітапқа қызықтау дәуірі өтті. Енді оқырман шығарма өзегіндегі ойға назар аударып, ғажайып уақиға мен аңыздарға, діни сюжеттерге негізделген шығармалардан гөрі күнделікті өмірді суреттеп, халықтың арманы мен мұңын көрсететін шығармаларға көңіл қойды. Осы тілектерді ескере жазылған шығармалар көркем жүйе, дәстүр қалыптастырды. Халықты оқу, өнерге, мәдениетке уағыздайтын шығармалардың үлкен бір тобы ағартушылық-демократтық реализмнен сыншыл реализмге өтті.

Олар көркем идеялық бағыттары тұрғысынан ғана емес, көркем пішім, (форма) жағынан да орыс әдебиетіндегі XX ғасыр басындағы шығармалармен үндестік танытты. Автордың идеясы тікелей ақыл-уағыз,

мораль айтумен шектелмей, заманауи ой, идея айту үшін жасанды фабулалар мен ситуацияларды, сюжеттерді пайдалануға, суреттеуге т.б. ауысты.

Ы.Алтынсариннің халық өмірінен алынған көркем шығармаларымен қатар дидактикалық мәні бар әңгімелерінің әуені ел санасына жетті. Әлем әдебиетіндегі ірі идеяларды адамзатқа тән мәселелермен қабаттастыра қозғайтын Абай «Қара сөздерінің» үні, дәстүрлі қазақ әдебиеті классиктері

Махамбет, Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармаларының адами көркем идеяларымен генезистік тұрғыда жалғастығы даусыз еді.

Қазақ қаламгерлері ағартушы-демократтық идеялармен қатар қоғам дамуына кесел болған ескі салт-сананы, қоғамдық өмір әділетсіздіктерін шынайы суреттей бастады. Қоғамдық дамуға кедергі келтіріп отырған құбылыстарды сынады, оқырмандарды бұған қарсы тұруға, күресуге шақырды. Олардың халық алдындағы осы жауапкершіліктерін өткір сезінуі шығармаларына публицистикалық ортақ әуен, өң береді.

Мына оқу құралында жарық көрген барлық прозалық шығармаларды қамти алмағанымыз белгілі. Оны жұмыстың мақсаты да, көлемі де көтермейді. Сондықтан күні бүгінге дейін оқырмандарын қызықтырар жарқын бояуы, жанға жайлы жылуы, қызықты сыры, нұрлы өңі кетпеген, баспа жүзін көрген шығармаларды ғана алдық.

Бұл шығармалардағы жаңа жанр жолындағы ізденістерді көрсететін мәнді туындыларды салғастырып, салыстырып, бір жүйеде жинақтап талдадық. Әдеби үдерістерді зерделей зерттей келгенде мынадай жалпы байымдауларға баруға болады:

Қазақ әдебиетінің жаңа жанрларды игеру жолындағы ізденістері - қазақ халқының қоғамдық санасы қозғалыстарымен, соның пәрменді әрекетімен дүниеге келген үдеріс. Жаңа жанр жолындағы ізденістердің ішкі динамикасына үңіле отырып, оны тудырған сыртқы әсерлерді де ұмытпауымыз керек.

Қазақ прозасының жан-жақты дамуына әсер еткен үлкен үш фактордың ортақ заңдылықтарын аңғардық.

Бірінші фактор, қазақ прозасының дамуына ықпал еткен – қазақ халқының дәстүрлі халық әдебиеті мен ауыз әдебиеті. Қазақ қаламгерлері жаңа жанрдың қиындықтарын меңгеру жолында соған сүйенеді, ауыз әдебиеті шығармаларының әдістерін, қалың ел жан-дүниесін қозғаған әдемі, әсерлі шығармаларының үлгілерін пайдаланады. Халық әдебиеті тәсілдерінің әңгімелеу, баяндау стилімен табиғи байланысын байқау оңай. Баяндау-диалог арасындағы күрделі қатынасты меңгеруде де халық әдебиетіндегі айтыстарды пайдаланады.

Шебер әңгімешілердің қиялы мен сезімдерінде қырық құбылып, әбден екшеліп, боялып, өзгеше сұлу өңге ие болған әңгіме, аңыз, хикая, шежірелердің де қазақ прозасы дамуына әсері, ықпалы мол.

«Қазақтардың есінен кетпей жүрген бір сөз», «Бәти», «Қыздар зираты», «Шұғаның белгісі», «Өлеңмен жазылмақ драманың материалдары» т. б. дәстүрлі қазақ прозасының орта ғасырлық алтын жұлгелерімен

байланысы бар. Бұл шығармалардағы автор үнін кейінгі әңгімеші стилімен ауыстыру мүмкін емес. Оның шығарма құрылымымен тұтасып кеткендігі сонша, кейде шығарма көркем мазмұны мен негізгі көркемдік тұғырына, тұлғасына айналған.

Мысал ретінде ауызша әңгіме шеберлерінен бір-екі мысал:

«Шұғаның белгісі» үзінді:

«...Бүгінгі шыққан ауылыңызды «Ерекен» ауылы дейді. Содан ары қарай өзеннің бойы жалпағынан ел. Бір атаның баласы жүз елу - екі жүз үйлер бар. Қыс - қыстаулары басқа болғанмен жаз көбіне бірігіп отырады. Мынау алдымызда көрінген «Қамысақты» дейтін көліміз. Осының маңайы жыбырлаған шұқырынды томар. Августан бастап осының басы елмен толады. Әр томарға төрт-бес үйден қонып бөлек-бөлек отырғандары. Ой, дариға-ай, талай қызықтар өтті ғой.

Бала күнімізде анау көрінген төбенің басында, талай асық ойнап едік... ол да бір дәурен... иә... бұл елдің күзге қарай қонатын жері, жазғытұрғы барып августқа дейін отыратын жайлауымыз, бұл көл де Шұғаның белгісі атанды, бұрын «Тарғыл өгіз сойған» деуші едік. Үлкен көл, маңайы толған шорқынды су... ол уақытта жердің берекесі қандай. Өзіміздің ел қаншама... оның үстіне ту Сырдан келіп жаппастар да қонады... кейінгі кезде ғана жаппас келуін қойды ғой. Біздің Беркімбай дейтін жақын ағаларымыз болады

Бұрын бай еді, болыстыққа таласамын деумен-ақ малын құртып алды. Осы күні кедей...» ...

Екінші бір мысал:

С.Торайғыровтан: «Өлеңмен жазбақ драманың материалы»:

«Тана бидің тұсында сол Ешгінің менімен адас, Құрбан деген бір жақсы жігіті болды. Біз көрдік: Қып-қызыл нарттай, жігітін төресі, жанып тұрған от еді. Сол уақыттағы өз ағайындары Ережеп, Олжеке дейтін кісілер күншілік қылып, оны аяғынан алып жүрді білем. Сол жігіт пысықтық қылып, Тана бидің болып тұрған күнінде, біздің Атантай Шала деген кісінің Мәни деген кызы көңіл қосып жүріпті. Осы күнгі:

Удай-удай сәлем де ақ Мәниге,
Сағынғанда зар болдым бір көруге;
Екі ортада сары бел, сары жөн бар,
Әттең, ат шыдаманды сар желуге! -
деген Құрбанның сондағы өлеңі.

Олар Ластыда, біз Терісайрықта отырмыз; арасы 25 шақырымдай өзің көрген тау ғой.

Ақ Мәни десе, ақ Мәни, кісі жұтып қойғандай сұлу еді. Әлгі әңгімедегі қыздай. Бұл екеуінің де серттері қатты болса керек.»...⁴³

Келтірілген мысалдардан ауызша әңгіме шеберлерінің өткен тарих, оқиғаны баяндау стилі, көркем мазмұн еркекшеліктеріндегі ауызша әңгіме әдіс-тәсілдерінің қалпытасқан үлгілері анық көрінеді. Ал осы стилде әңгіме айтушылар қазақ арасында, ел ішінде өте көп болған.

Қазақ прозасы туындылары ішінде олардың ерекше көз тартып, көркем

⁴³ Торайғыров С. Таңдамалы шығармалары, - Алматы, 1950. 252-б.

көрінуі де халық ауыз әдебиетімен байланысынан, жақындығынан.

Екіншіден, қазақ әдебиетінің ішкі дамуы оны Кеңес үкіметінің қытымыр идеологиясы зорлықпен ұмыттырған Шығыс әдебиетімен туыстық табиғи жақындығы айқын, ықпала орасан зор орта ғасырлық көркем прозаға қайта алып келді. Бұл туралы оқу құралының кіріспесінде, алғашқы тарауларда біраз айтылды.

Соңғы жылдарда біздің әдебиетіміздің асыл мұраларының бірі «Тарих-и Рашиди»дің тарихи-әдеби маңызы туралы аз айтылып жатқан жоқ. Ш.Уәлиханов, С.Аспандияров, Ә.Марғұлан, Р.Бердібай, Б.Қожабекұлы, Ә.Дербісәлі, И.Жеменей, Ж.Дәдебаев, З.Бисенғали т.б. қазақ қоғамдық - гуманитарлық ғылымының өкілдері бұл шығарманың қазақ әдебиетінің аса бағалы ескерткіші екенін көптен бері айтып келеді.

Қаламгердің зиялы қауымға белгілі қолжазба жәдігерліктерді, талай кітаптарды да оқыған көрініп тұр. Осылар жайлы пікірлерімен қатар өзі түрлі қарым - қатынаста болған адамдардың да пікір, көзқарастарын келтіріліп отырады.

Шығрамада 60-тан астам тарихи шығармаларға сілтеме жасалады. Бұл - тарихи роман жазушылар үшін бүгінгі таңда да үлгі, өнеге болатын жай. Мырза Мұхамед Хайдар Дулатидің даңқты шығармасында шығыс өркениетінің аса көрнекті өкілдері Қ.Ясауи, Н.Кобра, Нәкшбанд, Атай, Жәми, Фердоуси, Сағди, Науаи т.б туралы да автордың ойлары аз емес.

Қазақ әдебиетінде шежіре жанрының тарихы мен оның тарихи-көркем шығармалар арасындағы орны тиісті деңгейде зерттелген емес. М.Дулати шығармасының көркемдік түрі мен мазмұнында шежіренің рөлі өте зор. «Қазақта шежіре айту мен жазудың қалыптасқан мақамы, стилі, тәсілі бар. М.Дулати қазақ қауымының тұрмыс тіршілігін, салт - санасын, әдет-ғұрпын бейнелейтін тұстарда осы дәстүрді сақтайтын сияқты» - деп жазады көрнекеті ғалым Н.Келімбетов.

Қаламгер жақын болған, ел билеген хандар мен би-шешендердің өмірбаяндық мәліметтерінің орны - оның шығармасында үлкен. Бірақ сол уақыт пен кеңістікте үрдіске айналған шежірелерден оның үлкен айырмасы да бар. «Тарих-и Рашиди»де белгілі адамдардың ойлары мен пікірлері шешендік сөздер мен мақал-мәтелдерге орайластыра беріледі. Кейде олардың ойлары аңыз, әңгіме, мифтертерге ұштастырыла, астарлы түрде де жеткізіледі. Шығармаларда жиі қолданылатын монологтар мен диалогтардың қызметі де орасан зор. Әрі мұнда кейіпкерлердің негізгі ойларын өзгертуі, болмаса өңдеуі көп байқалмайтындай..

«Тарих-и Рашидидің» көркем әдебиетке ықпалы туралы бұл туындыны алғаш қарастырған оқымыстылардан бастап айтылып келеді.

Оған нақты дәлел ретінде дәстүрлі әдебиетімізде сақталған халық прозасы мен Ы.Алтынсарин әңгімелерін, Абай Құнанбаевтың «Қара сөздерін» айтуға болады. Поэзияның небір құпияларын меңгеріп, «сұлу келісімге» қолы жеткен ұлы ақынның өмірінің соңғы жылдарында көркем прозаға көңіл қоюы, оны жалғыз сырласы мен мұңдасы, болашаққа өсиеті тәрізді ұғуы Абай жүрегі мен санасында пісіп жетілген көркем мазмұнның, жаңа

құбылыстың көрінісі еді.

XX ғасырдың басы– қазақ қоғамдық санасының дүр сілкінген шағы. Халық өмірінен алынған әр шығарма, оның талай ғасырларға созылған мұнын бейнеледі, рухани әлемін қозғады.

Баспасөз бен баспа бетіндегі заманауи мәселелерді көтерген әр мақала ел ішінде түрлі пікір, қозғалыс туғызып отырды. Қазақ тілінде шыққан кітаптардың ел ішіне кең таралуы, халықтың баспасөз туындыларын жылы қабылдауы - осының айғағы. «Менде материалдан еш тапшылық жоқ» – деп М.Сералин жазатын болса, «Айқап» журналы авторларының материалдарын «кезегіне қарай көреміз» деп сұрыптайтын болса – оның бәрі, қоғамдық санадағы қуатты қозғалыстың көріністері еді.

Қазақ прозасының жаңа арнаға шығуына үлкен әсер еткен маңызды үшінші фактордың бірі – көрші елдер әдебиетінің ықпалы. Осылардың арасынан орыс әдебиетінің ықпалын айтуға болады. Классикалық орыс әдебиеті туындыларымен танысу, оларды аудару арқылы қазақ жазушы, журналистері әдебиет, шығарма негізіндегі көркемдік пен тереңдікті аңғарды, шеберліктерін ұштады, үйренді.

Орыс әдебиетінен шығармалар аудару арқылы қазақ прозасына кәсіби әдебиет көркі кірді. Жаңа жолды, диалог алдындағы сызықшаларды түпнұсқада белгіленген үлгіде қайталау арқылы баяндау мен диалог арасын ажырата жазу орныға бастады.

XX ғасырдың басындағы прозалық шығармалар жаңа жанрды игеру жолындағы ізденістер әдебиетіміздегі күрделі үдерістерді көрсетуші әдеби дерек, дәйектер ғана емес. Олардың арасында сол кездердің фактографиялық, натуралдық суретін, бейнесін беретіндерін былай қойғанда, күні бүгінге дейін де оқырмандарына әсер етіп, оларды ойға бастайтындары аз емес. Мысалы, М.Сералин мен С.Торайғыров, Б.Майлин мен С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің т.б. XX ғасыр басында, 1917 жылға дейін жарық көрген шығармаларын бүгінгі оқушы да қызыға оқиды.

Бұл шығармаларда профессионалдық қазақ прозасының кейінгі алып адымдарына негіз болған көркем проза тәсілдері, аса қажетті тәжірибе жинақталды. Оның қажетті компоненттері, көркем проза тілі қалыптасты, құрылысы әдеміленіп, құрылымы жүйеге түсіп көз тарта бастады. Жазушылардың жаңа жанрларды игеру жолындағы ізденістері мен табыстары және көрші елдер әдебиетінің ықпалы бірлесе келе, қазақ прозасын профессионалдық жаңа, күрделі, көркем прозаға алып келді.

Бақылау сұрақтары мен пән жүйесін игеруді тексеру

- 1.«Айқап» бетінде жарық көрген прозалық шығармалардың басты тақырыптары мен көркемдік туралы идеялары
2. Көркем әңгіме және баяндау мен диалог үндестігі
3. «Қалың мал» романы және көркем тілі мәселелері.
4. Жаңа кәсіби проза дамуына ықпал еткен көркемдік заңдылықтары.

5. Б.Майлин және қазақ халық прозасы
6. Кәсіби прозасын дамытудағы «Айқап журналының рөлі
- 7..Л.Толстой аудармаларының көркем идеялары және қазақ прозасы.
8. Ж .Тілеулин шығармаларындағы ішкі монолог тпн сөз қызметі.
9. Кәсіби проза тілінің қалыптасып дамуындағы мерзімді баспаөздің орны.
10. Әдеби сын және кәсіби проза мәселелері
11. Кәсіби проза басты мәселері туралы ХХ ғ/б зерттеулер.
12. «Айқап» прозасындағы суреттеулер мен баяндаулар.
13. М.Сералин және қазақ кәсіби прозасы.
- 14.С.Торайғыров және кәсіби проза көркемдігі туралы толғамдар («Ауырмай есімнен жаңылдым әңгімесі» бойынша)
15. Кәсіби проза және ХХ ғ/б. қазақ оқырманы
- 16 А.Чеховтан аудармалары және қазақ прозасы.
17. Мерзімді баспасөздегі көркем әңгімелер және диалогтер.
18. Очерк жанры және деректі, көркем әңгіме мәселелері: баяндау, суреттеу, диалог және әңгіме әлемі.
19. М.Кәшімовтің жолжазба очерктеріндегі баяндау мен суреттеулер.
20. Ғабдолрахман Қалимоллаұлының очерктері және көркем әңгіме көкжиегі
- 21.
22. Кәсіби проза құрылымындағы баяндау және суреттеу
23. А.Сорокин прозасындағы диалогтер қызметі
- 24.А.Ғалымовтың «Бейшара қыз» әңгімесіндегі ішкі сөз және монологтар.
25. «Айқап» прозасындағы диалогтер.
26. С.Сартайұлы хикаясындағы психологизм.
27. Аударма шығармалар және қазақ прозасындағы баяндау мен диалог мәселелері.
- 28 С.Сейфулин прозасының басты көркемдік идеялары.
29. Кәсіби проза дамуының басты бағыттары:тақырыптар, идеялар және көркемдік туралы.

Өздік жұмыстар тақырыптары

(Көрсетілген тақырыптар бойынша жұмыстар жазбаша орындалады: тарихи-әдеби талдау жасау, зерттеулерге шолу және тақырып бойынша өз байымдаулары эссе түрінде жазылады.)

1. Мерзімді баспасөзде жарық көрген көркем әңгімелер; аудармалар; баяндау және диалогтер туралы пікірлер, зерттеулер.

2. ХХ ғасыр басындағы көркем прозасының жанрлары: очерктер; деректі; жолжазба; тарихи; көркем әңгімелер: деректі; тарихи; көркем; аударма т.б.

- ұзақ әңгімелер.

- хикаялар мен повестер.

- романдар.

3. XX ғасыр басындағы көркем проза туралы мерзімді баспасөзде жарияланған ірі мақалалар мен баяндамалар;

Ұшқары айтылған пікірлер мен күделі ойлар, байсалды зерттеулер

4. Қазақ прозасының даму тарихында айрықша орны бар баяндау мен суреттеу, монолог және диалогтердің көркемдік қызметі туралы зерттеулер жасаған ғалымдар. (Шығармалардан мысалдар келтіру, талдау, байымдау..т.б.)

5. Қазақ прозасының прозасының көркемдігі, тарихы туралы зерттеулер: мақалалар, баяндамалар, диссертациялар, монографиялар т.б.

6. Жолжазба және деректі очерктер мен тарихи мақалалар, шежірелер.

7. Қазақ кәсіби прозасындағы табиғат суреттері мен тұмыс-салт дәстүрі туралы тарихи-әдеби деректердің суреттелуі.

8. Айрықша ұнаған көркем шығарма авторлары туралы мәліметтер: өмірбаяндық, шығармашылық, қоғамдық қызметтері

9. Кәсіби көркем проза бастаулары туралы пікірлер, зерттеулер. Таңдаулы шығармаларға талдаулар.

10. Б.Майлин шығармаларының көркемдігі туралы ойлар мен зерттеулер

11. Л.Толстой, А.Чехов аудармалардың басты көркемдік идеяларының әсері туралы зерттеулер.

12. М.Әуезов әңгімелері басты идеялық әуендері және кәсіби проза.

13. С.Мұқанов шығармаларындағы ауыша әңгіме нақыштарының қолданылуы.

14. С.Сейфуллин және кәсіби проза бейнелеу тәсілдерінің қолданылуы. Тарихи дерек және өмірлік шындық өрімдерінің суреттелуі. Тарихи тұлғалар мен уақиғалар шындығы, портреттер мен мінездеулер және авторлық таным өрнектері.

15. Ж.Аймауытов және халық прозасы әуендері.

16. Ш.Құдайбердіұлы және қазақ прозасындағы шығыстық сарындар.

17. М.Дулатұлы прозасындағы диалогтар қызметі.

Әдебиеттер

1. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.-Алматы,1976;
2. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары.-Алматы,1964
3. Сатыбалдиев Ә.Рухани қазына.-Алматы,1987.
4. Дербісәлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті.- Алматы,1966;
5. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері.-Алматы, 1975.
6. Қазақстан тарихы. 4 томдық.Алматы: Атамұра. 1996

7. Зиманов С, Общественный строй казахов первой половины XIX века и Букеевское ханство. –Алматы, 2009.
 8. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 томдық. Алматы,1961.
 9. Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар.1807- 1917. Аннотацияланған библиографиялық көрсеткіш.- Алматы,1978
 10. Әбдіманов Ә Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея.-Алматы,2007
 - 11.Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы-Алматы: - Мектеп, 1989.
 12. Бисенғалиев З. Казахская проза начала XX века. –Алма-Ата.2000
 - 13.Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Б.Майлин дәстүрі.-Алматы,1979
 14. Нұртазин Т. Б. Майлин: монография. Алматы, 1964.
 - 15.Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической философской мысли Казахстана.-Алматы,1972;
 16. Т. Сын сапары.-Алматы,1971;
 17. Сұбханбердина Ү. «Айқап» бетіндегі мақалар мен хат-хабарлар. 1-бөлім. –Алматы, 1961;
 18. Қарашева Н. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX века. АҚД. Алматы,1959;
-
- 19 Идрисов К.Общественно – политические взгляды и деятельность М.Сералина, АҚД.-Алиаты,1985
 20. Ергөбек С. С. Мұхаметжан Сералиннің әдеби-публицистикалық мұрасы. ҚДА, -Алматы,1996
 21. Куприянова Е.Н.,Макогоненко Г.П. Национальное своеобразие русской литературы. –Ленинград:Наука,1976
 - 22.Темірболат А. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе.-Алматы: Ценные бумаги, 2009
 23. Сочинения графа Л.Н.Толстого.-Москва,1886, часть 12. -С. 116-120

ҚОСЫМШАЛАР

Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз

(«Дала уалаятының газеті» 1892, №№29,31,32,34-40.)

Осы мәселе бұрынғы уақыттан қалған қазақтың кәрі шалдары бұрынғы өткен уақыттарын айтып отырады, өздерінің ата-бабаларынан қалған сөздерін. Солардың айтуларына қазақтың жүріп-тұру шаруасы бұрынғы заманда осы күнгіден артық екен. Мәзікүр бишара шалдар өздерінің балаларына, ұрпақтарына хасіреттеніп айтып отырады. Осы күнде білімді, ғылымды халықтарменен араласқан соң, қазақ халқы бұзылды деп және күн де бір турлі болды; қыс қатты болатын болды, бұрынғы заманда мұндай емес еді, деп.

Адамның бір әдеті—бұрынғы өткен уақытты онша мақтағандай болмаса да - мақтау. Сондай өтіп кеткен замандағы болатын жаман нәрселер ұмытылып қала береді.

Сонда да шалдардың сөздерінің жарымына нанған мезгілде де, бұрынғы уақытта қыс мұндай емес, күн жақсы, жер-су мол, шоп көп, халық әділетті, кулық-сұмдық жоқ екен. Халықтың рәсім-ғәдеттері бұзылмай орнына келіп тұрады екен. Халықтың мінезі ақпейіл, мейлінше табиғатты екен. Осы күнгі қазақтардың тұрған жерлерінің жер-суы жақсы болған соң, қазақтар неше мәртебе қалмақпенен ұрысып, соғысып, қалмақты күшіменен айдап шығарған екен.

Қалмақтар да мейлінше қырылыспай шықпапты ата-бабасынан қалған жерлерінен ата-бабаларының әлулеттері, бейіттері бар, қорғандары бар жерлерінен, әулие деп сыйынатын мекендерінен. Сонда да қалмақтар жеңіліп, күншығыс пенен оңтүстік жаққа таман ауған екен.

Енді бұрынғыны айтып отыратын қарттар байқай ма екен бұрын күннің жылы болатыны сол замандағы орман ағаштың көптігінен екенін, осы күнде сондағы ағаш, тауларда аз, қырып бітірісіпті.

Бұрынғы заманда тауларда орман кеп болып, орманда қар көп болып, қардың себебінен су көп болып, ала жаздай тау-таудан өзен-сулар тартылмайды скен. Сол себепті жердің шөбі жақсы болып мал да артық болады екен. Бұ күнде ондай емес.

Қазақтар барша орманды қырып, қалғанын осы күнге шейін таусып жүр. Қазақтарға көп ағаштың керегі жоқ дегеннің зиянды екенін ойламай, тек малға кең болса болады, һәм малды өткір кездеріменен қарап қарауылдап жүруге дала болса болады. Сол себептен бұрынғы өзен-бұлақтар тартылған соң, бірдеме қылып құдық қазатын болысты, көбінесе сулары ащы болады.

Осы күнде қырда бұрынғыдай орманды жақсы жерлер жоқ тым болмаса жолаушы сапар шегіп талғанда, тұра қалып көңіл көтергендей. Осы күнде қырда сондай жақсы еш нәрсе қалмаса да білініп тұр бұрыннан қалған сым тастарға, қорғандарға қарағанда, баяғыда бұ далаларда тұру жаман болмағаны. Бұларды байқамаған адамдар біле қоя ма һәм көңілдеріне ала ма? Осы қазаққа қараған жерлер - бір зор байтақ дала, Тарбағатайдан күнбатыс солтүстік жаққа созылады. Ертіс суының сол жағы болып осы күнгі Семей

облысында еш орман жоқ. Мен осы жазғанымда көп жерлер турасында сөйлемеймін бір-ақ Шыңғыс тау аймағы болмаса.

Семейдің оңтүстік тарапында 170-180 шақырымда, оңтүстік пенен күнбатыстың аралық жағында Шыңғыс тауы бар. Шидің даласы осы тауды Орда, Доғалаң, Шоңай тауларынан айырады. Осы таулардың солтүстік Семей тарапы төбе-төбе болып Ақшоқы болып кетті, бұдан былай ащы судың даласы болады.

Шыңғыстаудың орталық жерінде Хан тауының биігі. Осы тау турада қазақтардың мынадай бұрынғыдан қалған сөздері бар:

Бұрынғы өткен атақты Темучин хан Гурханды қаратып, жолы болып келе жатып Шыңғыстауға жақын бір жерге тоқтады дейді. Сол уақытта Темучинге бағынып қарамаған бір-ақ қазақ халқы екен. Қазақтар да қарауға ынтымақ қылып, елшілер шығарып, көп тарту таралығыменен Майқы биді бас қылып жіберіпті. Сонда Майқы би келіп Темучинге тартуын қылып, ант беріп бағы-ныпты дейді.

Қазақтар сол Темучин ханға он бірден соң, он екінші халық болып, бұ жақта қарамаған ешкім қалмапты. Сонда Темучиннің көңіліне «Бүгін дүниені аласын деп, Шыңғыс хан деп аталасың» - деген пайғамбардың сөзі түсіп, өзіне жаңадан ат қоюға ойлапты. Сонда ханға қараған он екі халықтан бір-бір жақсы кісі шығып, Хан тауының басына бір-бір қада орнатып, соған ақ шатыр құрды дейді. Сол он екі кісінің бірі Майқы би, Темучинді ақ киізге көтеріп таудың басындағы шатырға алып келді дейді. Сонда Темучинді билер көтеріп келе жатқанда барша билер һәм халықтар: «Шыңғыс хан жасың ұзақ болсын» деп шулап отырды дейді.

Осыдан соң сол хан көтерген жер Хан тауы атанып, маңайындағы ауылдар Шыңғыс атанды дейді.

Шыңғыс ханның хан көтерген тобының бұл жерде болған себебін сол таудың басына шыққандар біледі. Күн ашықта басына шықсаң, маңайындағы таулар алақандай болып көрінеді. Тарбақ тауы һәм ғайрилары сол таудың басынан Шыңғыс ханға қараған жұрттардың тұрақтары анық көрінеді.

Орда деген таудың етегінде Шыңғыс ханның хукім қылатын үлкен үйі тігіледі екен, «Орда» деген аты содан қалған. Доғалаң, Шоңай деген таулардың аттары - Шыңғыс ханның әскер басыларының нәсфілерінен қалған.

Соңғы уақытта Хан тауы, Орда тауы Матай тайпасына тиесілі болды, Шыңғыс тауының солтүстік тарапында Доғалан тауында Жуантаяқ тайпасы көшіп жүрісіпті.

Осы айтқаннан көрініп тұр, бұл өткен заманда қазақтардың әдет-рәсімдерін жақсылап бажайына келтіріп, кімтірмегендеріне жаза салғандары.

Қазақтың бағзы бір әдеп-рәсімдері мынау еді. Әуел күйеу қалың мал тегіс төлемей, қалыңдығымен көріссе де, қатын қылын қолға ала алмаушы еді. Екінші, әуел бір айттырған қалыңдық өзінің белгілі күйеуіне тиюші еді. Егер ол опат болса, інісіне қаратушы еді, ата-аналарының разыласуыменен. Үшінші, осы рәсімдерді орнына келтірмегендерді, мәселен, айттырмаған қызды алған- дарды һәм байға қашып тиген қыздарды некені бұзып, зина

қылды деп өлтіреді екен. Төртінші, ерлі-қатынды кісінің бір-біріне қас қылғандарын һәм халықтың әдет-рәсімдерін қорлағандарды да өлтіреді екен.

Сонда да қандай қатты әдет-рәсімдер болса да рауатын тапса бұзылады екен.

Мәзікүр халықтарында да білімді-ғылымды жұрттар рәуішті жастар бір-біріне ғашық болмақ бір белгілі әдет болып кетті. Сонда да осы білімді жұрттардың жастары бағзы уақытта анық ғашық болмаса, өздері өтірік қулық қылып ұлғайтып көрінеді. Сүйтіп ғашық болып қосылғандардың ақыры көп қайырлы бола қоймайды. Қыр халықтарының ғашықтары мұндай емес. Себебі әдеттері бойынша ұрғашылары еркектен төмен. Еркек өзінен кем ұрғашыға ғашық болуды ар көреді. Онан соң ұрғашылары еркектерменен көрінісіп жүрмейді. Мәселен күйеу өзінің қалыңдығын да көре алмайды, белгілі қалын малын төлегенше. Егер ерте барса айып болады.

Осындай әдет болған себебінен тәуір, ақылды, орта қазақтар көп ғашық бола бермейді, әдеттен сескеніп, халықтан ұялып көбінесе жай жүреді. Сол тақырыпты анда-санда бір жігіт болмаса, ғашық болу қиын. Ғашық болады, бірақ тәуір, зейінді қайратты жігіттері өз көңілдері, өз ойларыменен жүретін, бұрынғы әдеттерге көп мойын қоймайтындар, есебі заманындағылардан ақылы, зейіні артығырағына ғашық болады. Солайша ғашық болғандар қулық-сұмдықпенен емес, шын ғашық болғандар ықыласыменен. Солар ешбір тоқтау, ұстауға қарамайды, өлуге бар, қайтуға жоқ ерлер болады. Осындай ғашық болғандар әбден ұрғашыны өзіменен пара-пар көріп, өзінің ісінің теріс еместігіне көзі жеткендер. Анық ғашықтық сол. Мұндай ғашықтық жолдастары, қастары қаншама қырсық қылса да, көңілдерінен кетпейді.

Сол себептен қиыншылық болады, бір кісі бүтін халықпенен ұстасады, халықтың «Жаман іс, жарамайды мұнысы» деген нәрсеге көнбей.

Осылар турада бұрынғыдан қалған көп сөздер бар, адамның көңілін бұрғандай. Осы сөздерден сіздерге оны-мұны айтпасам болмас.

Бұдан 150 жыл бұрын Жуантаяқ деген тайпада бір жас Кебек деген батыр болыпты.

Бұрынғы уақытта халыққа батырлардың құрметті екені белгілі. Себебі, бұрын батырлар әрдайым халықтың пайдасына қайрат қылады екен, һәм жай уақытта халық арасында әділетті, үкімші де екен. Батырлар халықтың пайдасын тастап өз пайдасы үшін қимылдамайды екен. Сол Кебек батыр жиырмаға келгенде қайраты тасып, шыдай алмай, мұнарланып жүрді дейді. Батырдың қатыны болса да қанша көңілін табуға жиһат қылса да, көңліне көп жақпайды екен. Мұны жас күндерінде айттырып, 18 жасына келгенше көре алмай алған екен.

Сол себептен үйіндіс тұра алмай, қайратына шыдай алмай, сол абыз, яғни білімді сәуегей Нысан дегенде жөнеліпті, өзінің қандай болатынын сұрауға. Бұл Нысан Шыңғыс тауын мекен қылады екен.

Нысан көн сөйлемейтін, түсі суық қарт кісі екен. Өзінің түсінің суықтығы, бал ашып қобызбенен ойнағанда ешкім шыдап алмай қашып кетеді екен. Қобызын отырып тыңдағандардың көздеріне жас келіп отырады

екен.

Бұл күнде олардай қобызшы жоқ. Бұрынғы қобызшылар қайда, есіткен кісілерді ерітіп жіберуші еді. Қазақтардың осы күнгі бақсылары бұрынғыдан қалған бір мирасы сонда да бұрынғыдай емес.

Кебек батыр абыз Нысанның лашық үйіне аяңдап келіп жақындап тұра қалды дейді. Сонда лашық үйден сарнап шыққан қобыздың үйі батырдың көкірегін қақ жарып, құлағы сүйсініп тыңдағысы келді де тұрды дейді, көңіліне әр нәрсені түсіріп. Сонан соң қобызының үні басылды дейді. Кебек қозғалмастан тыңдап отыр екен.

Бір уақытта біреу: «Кебек батыр, неге отырсың, түспей, өзіңнің неге келгеніңді ұмыттың ба?» - дейді.

Сонда Кебек кім екенін білгеніне таң қалып, жақын келіп, атын белдеуге байлай салып, үйге кірді дейді.

Сонда түсі суық қарт, Кебек амандасқанша шыдамай, һәм айтатын сөзін де айттырмай батырға қарап тұрып айтты дейді:

- Мен бұрыннан, сен Кебек батыр, келетініңді біліп едім, талабың қандай болар деп, пірлерден сұрап едім, айтқандарын айтайын, - депті.

Сонда батыр құлағын салып, айтсын деп тұра қалғанда, Нысан да айта алмай тоқтаңқырап тұрып сөйлейді дейді

-Уа, Кебек батыр, пірлердің айтқаны саған қуанышты бола ма, қасіретті бола ма, қалай айтсам да тыңдаймысың, - депті дейді.

Сонда Кебек батыр айтты дейді:

- Әдейі менің келген жұмысым осы, қандай болса да естімей кетпеймін, мені не болса да қорқытпайды, қайда жүрсек те өлеміз, ажалдан құтылмаймыз, енді осы күнгі көңілдегі қайғыдан қайтып құтыламыз? - депті

Сонда абыз Нысан айтты дейді:

- Бірталай жыл өтер, ерлік қыларсың, қайратыңды көрсетерсің, халық сені құрметтейді де жастар сені қуат қылар. Өзіңнің қайғың да кетер, бірақ жасыңда дүниеден өтерсің, ең қызық көріп бақытты болатын уақытыңда о дүниеге көшерсің, дос-дұшпаныңа қор болып өтерсің, - дей жалғаншы болмаймын деп, қайтадан қобызын алып ойнай бастады дейді.

Сонда қарт Нысанның өңі-түсі бір кіріп, бір қашып ойнап отырғанда батыр екі көзін айырмай қарап отырды дейді. Бір уақытта Нысанның аузынан көбік ағып, қобызы қолынан түсе, есі ауып жығылыпты. Әрі-беріден соң есін жиып айтты дейді:

-Менің айтқаным рас екен. Бір заман болар, біздің таулардың бір жартасында, қатты ағын судың басында, орман ағаштың інінде, бір қызғаушы ұшырарсың. Сол қызды осы күнде мен көріп тұрмын: ұзын бойлы, ақ кііктей, шашы қарғаның қанатындай қара, маңдайы жазық, көзі қара һәм өткір. Осы қызды қатындыққа алып, соның себебінен жоғарғы айтқандай болып өлесін. Енді, батырым, осыменнен бар, аз жылдың ішінде қимылдап қайратыңды көрсет. Мен дем алайын, - депті дейді.

Кебек Нысанға ақысына сүр ет беріп, қайтыпты. Айтқандарынан ешбір қорықпай жай үйіне қайтыпты. Сол уақытта көңіліне әр түрлі он түсіп, көңілі босап ақырын ілбіп отырды дейді. Сонда Кебектің көңіліндегі қасіреті кетіп,

көкірегі ашылғандай болды дейді. Маңайына қараса, биік жартас, қалың орман ағаш һәм сарқырап ағып жатқан бұлақ дейді.

Сонда Кебек батыр ойлады дейді - менің ғұмырым да осы дүниеменен бірдей-ау, - деп. Мына жар тас болса бір қалыппенен тұратын дүние, самсап тұрған орман өткен ғұмырға ұқсас, ағып жатқан су - өтіп бара жатқан ғұмыр ғой - деп. Жастықта адам ой ойлаушы болады ғой.

Сол бақсының айтқанынан 7-8 жыл өтті дейді. Сол уақытта жас батыр Кебек мейлінше атақты болды дейді. Өзінің жастығына қарай әділетті болды, ерлігі жұрттың аузына ілінді дейді. Соғыста жаугершілік болғанда қол бастап, қылған істерінен еш қате жібермеді. Жұртын жауға бермей, ешкімге жұрттың намысын да жібермеді. Өзіне әділ, мейірбанды болған соң, қаріп-қатер, кедейлер мейлінше риза болып, тілеу тілепті дейді және өзін көре алмайтын дұшпандары да көп екен.

Кебек атқа мінген соң Жуантаяқ халқы дұшпандарынан кегін алып тыныштап, жақсы тұрды дейді. Ешкім бұларға батпай, Кебектің даңқы еліне жайылды дейді.

Сол заманда жаздыкүні тыныш үйде жатуды сүймейтін ер Кебектің іші пысты дейді, үйде қазақта көп жұмыс болмайды. Сонда қасірет кашанда болса жылдам білініп, жылдам жүректі анырып, көңілді жылдам бұзып әлек қылыпты. Осындай көңіліне қасірет түсіп, көңілдегі қуаныштың бәрі де шығыпты.

Сонда Кебек көңілін көтеруге бүркіт алып шықты дейді. Далада аулап жүрсе де еш түлкі жолықпады дейді. Сүйтіп отырып Матай тайпасы мекен еткен Хан тауына шейін барды дейді. Сонда бүркіті Хан тауы жағына таман ұшқан екен, Кебек те артынан жүрді дейді, Бүркіті Хан тауының қасында бір жерге тоқтап түлкіні көріпті, бір жерде айналыпты. Кебек келсе бүркіті айтқандай түлкіге түскелі тұр екен. Дереву түлкіні бір аяғыменен тұмсығынан орап, бір аяғыменен шоқтығынан ұстап бұрап алып соғып, басып отырды дейді. Кебек келе салып түлкінің терісін сыпырып алып, ішін жарып жіберіп жүрегін, талағын бүркітке беріпті. Сонда күн де кеш болыпты, аулынан алыс кеткен, маңайында ел жоқ, қайтерін білмей бір төбеге шыққан екен. Шыңғыс тауының бір сайынан Хан тауына жақын бір түтін көрінді дейді. Сонда, «мұнда ауыл бар скен қонайын» деп, Кебек сол тарапқа салды дейді.

Келсе, бір кішкене ғана ауыл отыр екен. Жақындап келіп, есі кетіп тұра қалды дейді. Себебі - бір калыпсыз сұлу қыз ұшыраса кетеді, бұрын көрген қыз рәуішлі болып, әбден есі кеткенінен амандасуға мұршасы келмеді.

Атының жалына қонып, бұрыпғы бақсының айтқандары көңіліне тегіс келді дейді, сол қыздың барша сипаттары айтқандай болып көрінді дейді.

Қорлықпенен өлесің дегені қатеріне де келмеді. Жастықта кісі өлерін ойлай ма, әркім өлерін білсе де, жылдам өле қоямын-ау деп ойламайды.

Адамның көңіліне құдай тағала бір нәрсс салса, сол нәрсенің түбіне жетпей жүректі, әлді, қайратты адам тоқтай қоймапды. Кебектің көңіліне сол қызды көрген соң, анық бір нәрсе келді дейді.

Әр адамның, әр жігіттің ғұмырында бір жақсы уақыты болады, көңіліне хошлық, қатеріне ізгілік болатын бір норсенің себебісн. Осы іпақта

Кебектің қатеріне сол сұлу қыздың себебіменен болды дейді.

Айтып айтпай немене, әлгі екі жас бір-біріне мейлінше ғашық болды дейді. Бұлардың, ғашықтығының қандай екенін қырда туған мырзалар болмаса, өзгелер біле қоймас. Бірақ бір жаман жеріне қарашы, бір жарлы айттырып, қалың малынын, көбін төлеп қойған екен. Бұдан айырып алу қиын ғой. Қыздың аты Еңлік сұлу екен. Кебек баяғы бақсының айтқан сөздерін тегіс айтыпты. Жолыға-жолыға үйір болған соң, Кебек батыр аң аулап осы жаққа келе беретін болып, ақырында қыздың ағасыменен тамыр болыпты. Сүйтіп жүріп бір күні қараңғы түнде Кебек қызды алып қашып, бір молдаға барып, батасын алып, қосылып ауылына келіп, дәурен сүріп тұрып, қыз екіқабат болды дейді. Сол уақытта екі жас әбден қызыққа түсіп, мұратымызға жеттік қой, енді Абыз бақсының айтқаны келмес деп ойлады дейді.

Бәленің болайын деп тұрғанын бейшаралар білмепті.

Еңлік сұлудың ата-анасы көп аздап, сүреді дейді. Қайын жұрты да көп шығын шығарып сұрау салып, нәм ата-анасына дау қыла бастады дейді, — қыздарыңды өздерің шығарып жібердің, - деп. Бәрі ақырында білінді дейді. ..

Білген соң Матай тайпасы кек алмаққа Жуантаяктан барымта ала бастады дейді. Сонда Жуантаяқтар Кебек бастығы каншама аттаныс қылып барып Матайды талай шапты дейді. Сонан соң, матайлар көмек сұрап, қыздың бұрынғы бергеп жері Керейге барыпты. Сүйтіп екі жылдай барымталасып, әлденеше кісілер өліп, ақырында билер арқылы бітім қылмақшы болды дейді. Сонда Жуантаяктан шыққан би Токтамыс Кебекке жақсылық қылып, сүйеп, көпке шейін болмапты. Сонда бүтін Тобықтыдан шыққан төбе би, Кеңгірбай айымтыларды Матайға жаза салу үшін беруді тілеп, Токтамыс би жоқта қылықты қылды дейді.

Адамның басына қасірет түскенде ақылды кісі де ақымақ болып кетеді. Кебекте қасірет көбейді дейді; Бұлар үшін барымталасып көп ағайын-туғандары өлді. Бірақ, бір ғапыл болған жері — Кеңгірбай би жамандық қылады деп ойламапты, өзі халыққа құрметті болған соң.

Қар еріп жаз шықты дейді. Ағаш, ормандар, жерлер гүлдеп, бәйшешектер атып, дүние адам қарағандай тамылжып, көңілді рахаттандырып тұрды, дейді.

Сонда Кеңгірбай 100 Тобықты, 100 Матайды жиып, Ақшоқының басына шығып, анып қылған Кебекті, Еңлік сұлуды, жаңа туған баласыменен алып келіп, тергеу қылды дейді. Сонда Матайлар: «Айыптыларды қолымызға бер, өлтіреміз», - деп дау қылды дейді. Кеңгірбай сыртынан Кебекке болысса да, ішінен Кебекті өлтіргенін тәуір көрді дейді, халық оған ауып кетпесін деп.

Сүйтіп ақырында Кеңгірбай Кебекті, Еңлікті баласыменен «Не қылсаң ол қылыңдар», - деп берді дейді. Сонда Кебектің мойнына арқан тағып, аттың құйрығына байлап сүйреп өлтірді дейді, қатын-баласының көзінше.

Сонда Еңлік бейшара баласын ұстап тұрып айтты дейді самсап тұрған Матайларға нәм жиылған топқа:

-Маған не қылайын деп тұрғандарыңды біліп тұрмын, мен өлімнен қорықпаймын, қайта өлгенімді тәуір көремін, ерімнен қалмаймын, бірақ мына жас баланы аяндар, өз сүйектерің ғой, алып асырандар, әке-шешесі

үшін күйе ме? - деп жалынды дейді.

Сонан соң бұл бейшараны да еріндей қылып өлтіріп, сүйектерін қазулы тұрған бір орға тастай беріп, сөйлесіп қойғандай тұс-тұсына жөнелді дейді.

Жас балаға ешкім қарамай тастап кетті дейді, бесігіменен. Ол да сол жерде жылап өлсе керек.

Дүниеде нелер жоқ, кейбір адамдар өзіндей адамның меһнат шегіп, қорлық көргеніне қуанады.

Кебек пенен Еңліктің бейіті осы күнге шейін бір төбенің басында тұр һәм Тоқтамыс пенен Кеңгірбай бидің бейіттері де бұзылған жоқ, Кебектің бәйбіше қатынынан қалған осы күнге шейін тұқымдары бар. Атасына қылған бұрынғы зорлықтарын солар айтып отырады.

Осындай үш кісіні бір жерде өлтірсе де билер түзеле қоймапты. Бірақ өздерін халық сүймейтін болыпты. Оларды нағып сүйсін? Адамға еркіменен ешнәрсе істетпеген соң, аяғын олай-бұлай бастырмаған соң.

Сонан сод, недәуірден соң, Кедгірбай бидің ағайыны Қалқаман деген айыпты болды дейді қыз алып қашып. Сонда Кеңгірбай барымтаны тоқтатуға былайша билік қылды дейді: «Қалқаманды атқа міндіріп қонып дұшпандарынан бір мерген шығып Қалқаманды атсын. Атып өлтірсе - сұраусыз, өлтіре алмаса — жазасыз» деп. Мерген атқан екен, Қалқаманға оқ тимей қалыпты. Сонда Кеңгірбай Қалқаманға айтыпты: «Жазаңнан құтылдың»,— деген екен. Қалқаман айтты дейді: «Мені құдай құтқарса да, сондерге өлген кісімен бірдеймін, мұнда тұрмаймын», - деп Бұхараға кетіп, тұқымы осы күнге шейін бар дейді, жүз үйлі жан.

Міне қараңыздар, бұрынғы уақытта қазақтар қандай жаза салады екен. Енді орысқа қараған қазақтың бұлары жылдам өзгеріп кетті. Бөтен кісінің жанының арзан-қымбаттығы да білінді, һәм ұрғашыға қарауы да бір түрлі болайын деді.

Біз де шалдардың айтқанын қостайық, қазақ ішінде бәрі де өзгеріп кетті, мінездері де, жер, суы да. Жақсы болды ма, жаман болды ма ендігі жазғанымызда көрінер. (ДУГ.-Алматы, 1989.-392-401)

Диалогтердегі тыныс белгіледі салыстыру үшін сол жылдарда 1892 ж. орысша жарияланған нұсқадан үзінді де ұсынамыз: (Қазақшасында тыныс белгілердің қойылмағаны туралы жоғарыда айтылды. Ал мына қазіргі 1989 ж.нұсқасындағы үзінділерде осы орыс тіліндегі үлгілер түрі сақталған)

«Незабытое» прошлое и настоящее киргизов»

« Но вот прекратились и ласкавшие ухо чудные звуки, а Кебек все стоял как бы в забытьи и не понуждал своего скакуна сделать несколько шагов, отделявших его от юрты музыканта.

- Батыр Кебек, - вдруг раздался грубый голос, - что ты стойшь, не подъезжаешь? Или забыл зачем приехал?

Очнулся Кебек и удивился, что его называю по имени Старый абыз не мог не знать, не мог его видеть. Но недолго поддался он этому чувству, спокойно поехал к юрте, слез с лошади и, привязал к «Бельдеу», вошел в юрту.

Мрачный старик, не давший Кебеку проговорить обычных приветствий

между киргизами, не дожидаясь, и вопросов, за разрешением которых он приехал, грубым голосом, не сводя угрюмого выжидания с глаз батыра, которого он как бы изучал, сказал:

- Мне ранее открыто было, что ты Кебек должен ко мне приехать и даже известны причины и цели этого. Перед твоим приездом я особо испрашивал у высших духов откровения о том, какая судьба тебя ожидает, и вот тебе ответ.

Заинтересованный слушатель молчал, замолчал и абыз Нысан, как бы не решаясь сказать Кебеку всю правду.

- Но готов ли ты, храбрый Кебек, выслушать то, что мне открыли духи, если бы даже судьба твоя и была страшна и ужасна, как могила? – угрюмо проговорил Нысан.

- Я приехал за этим к тебе, абыз Нысан, и не уеду без ответа. Будущее меня не страшит: все умрем когданибудь, но страшит меня прошедшее и настоящее. Неужели не будет конца ему? Неужели тоска, разъедающая мне сердце и угнетающая душу не прекратится? Неужели прошлое и настоящее станет моим будущим, - отрывисто проговорил Кебек.

- Ну так, выслушай же! Пройдет несколько лет, в которые ты успеешь высказать и удаль, и молодечество, и силу свою. Народ начинает уважать тебя, видеть в тебе твой век! Ты умрешь во цвете лет и сил. И именно тогда, когда узнаешь счастье человеческое, когда жизнь будет дорога для тебя, потому что будешь вполне счастлив. Умрешь ты поруганный и твоими родичами, и твоими врагами.

- Но постой, не обманываюсь ли я? - С этими словами Нысан-абыз схватил кобуз и опять раздались потрясающие душу звуки.

Глаз не мог отвести Кебек от страшного старика, лицо которого стало изменяться, принимать, то зловещий, вид, то вид испуганного зайца... Наконец, пена показались на губах абыза и он, выронивши кобуз, забился в сташних конвульсиях. Прошел припадок, отдохнул абыз и продолжал:

- Нет, я не обманывался. Придет время, когда ты, у скалы в наших горах, возвышающейся над быстро-текщей речкой, берега которой поросли большим лесом, встретишь девушку... Как теперь вижу ее: духи показали ее мне. Высокого роста, стройная, как газель, волосы черные, как крыло ворона, лоб высокий, глаза темные и глубокие, как темная ночь осенняя и глубокое дно морское. Из-за этой-то девушки, которая станет твоей женою, ты умрешь так, как сказал уже.

Теперь ступай, батыр Кебек, пользуйся теми немногими годами, которые выделила тебе судьба, от которой не уйдешь. Я же хочу отдохнуть!» (ДУГ.- Алматы, 1989.-408-409)

БӘТИ «Адас» (лақаб ат.)
(«Дала уалаятының газеті» 1898, №4,5.)

Бір күні кешке таман Бәтидің күйеуі келді деген хабар дүңк ете түсті.

Жазды күнгі елдің жайлаудағы, биенің байлаулы уақыты. Ерігіп жүрген бозбалалар ұрын келген күйеуді көрейік деп, бесеу-алтау болып жетіп келдік. Күйеу біз келген соң, түрекеліп сәлем берді. Сәлем алып амандасқан соң, бозбалалар қарап тұра ма, қалжындаса бастады:

— Бұл Сибанның бозбаласы ірі болады деуші еді, біздің күйеу арқардың қозықасындай-ақ қой - деп, Ыбырай тұрып қоя берді.

— Жаным, қалыңдығың ірілеу болатын, аңғарып ойнай көр, тарпып тастап жүрмесін — деп Кеңесбай қоя берді, Ыбырайдың сөзін қостап. Күйеудің қасында үш-төрт жігіт бар екен, олар да қарап тұрған жоқ, қалжыңға қалжың айтып сөз қайтарысты.

— Қозықа да болса арқар болған соң, шымыр болады ғой. Көзге нашар көрінсе де, кісіге ақысын жегізбейтін елдің баласы, олай деменіздер, құрбылар!— дейді біреуі тұрып, бастап, қалжыңдап, қалжың сөзге сөз жарыстырып. Күліп-ойнап құда, күйеулердің қасында бір сыпыра отырдық. Күйеуден үйге қайтып келе жатқанда:

— Қозы күйеуіне қол ұстата ма екен, той қашан болады екен,— деп, өзді-өзіміз сөйлестік, жас өсіп, жарлы байымай ма?

— Күйеу тым кішкене екен, он-он бірден жасы да артық емес қой өзінің — деп, Кеңесбай айтты.

— Жас та болса, осыдан басқа Көктің ұрпағынан еркек қалған жоқ. Сибанға берсе, осыған береді ғой,— деп, Ыбырай айтты.

— Жаным-ау, Бәтидің күйеуі кішкене бала ма еді?— деп, қасында бір жолаушы жігіт бар еді, әлгі айтты.

— Жоқ, мұның күйеуі аяулы, ер жеткен жігіт еді, биыл қысты күні өліп қалған. Ол өзі бір атадан жалғыз жігіт еді, енді мынау соның әкесімен туысқан ағасының жалғыз ұлы,— деп, Кеңесбай жолаушы жігітке Бәтидің күйеуінің жайын айтты.

— Бұған Бәти бейшара, өзі не дер екен, баласынып тимеймін деп жүрер,— деп, тағы біреуі айтты.

— Десе, деп те салар, Бәти деген бала қай жөнінен де болса құр емес және өзін әкесі де, ағалары да жақсы көреді, ойласаңдар өзін де жаман-жәутік кісіге қиып берер бала ма, деген-ақ алма мойын, аршын төс емес пе, ақыл десең — ақыл, әзіл десең — әзіл, сөз десең — сөзі де бар, — деп, Кеңесбай айтты.

Осылайша әңгімелесе-әңгімелесе ауылға қайтып келдік.

Қозы елдің ақсақалдарына кісі жіберіп, шақыртып жатыр дейді. Ертең Қозының ауылында жиылыс болады, Бәтидің жайынан Сибандар мен елдің ақсақалдары сөйлеседі деген ауылдан хабар естідік.

Ертең жылқы келіп, бие байлаған соң елдің атқа мінген бас көтерер адамдары жиылып, Қозының аулына келді. Олардың Сибандарменен сөйлескен әңгімесін естілік, жиылыстан қымыз ішелік, Қозы жиылған кісілерге мал сояды ғой, содан ет желік ауылда қарап отырғанша деп, бес-алты еріккен бозбалалар, біз де келдік. Келсек, әлі сөз басталған жоқ екен. Ақсақалдар жай әңгімеде отыр екен, Қоңыр деген мерген ақсақал өзінің алдыңғы күнгі аңға шыққан жайын айтып отыр. Батбақ бұлақтың қасынан бір арқарды атып алып және бір арқарды жаралап жіберіпті. «Енді ертең сол жаралаған арқаға шығайын деп едім, бүгін мына кеңес бітсе» деді де:

— Ақсақалдар, қарап отырамыз ба, сөз бастайық,— деді.

— Оныңыз жөн сөз ғой, кеңес басталса-ақ екен деп отырмыз бәріміз де,— дегенді Орынбай деген ақсақал айтты.

— Мұнда өздеріңіз білмейтін не кеңес бар, бұрынғы-соңғыдан қалған — «Аға өлсе жеңге мұра» деген сөз бар. Құдайдан қаза жетіп, Қозы мырзаның күйеу баласы дүниеден қайтқан соң, артында қалған жалғыз бауырын алып келіп жатырмыз, бұған не жол дейтіндеріңізді өздеріңіз білсеңіздер,— деді Көсем деген Сибанның кісілерінің біреуі.

— Рас айтасыз мырза, жол деген сөзің жөн сөз ғой, әйтсе де бір үйдің басына келген пәле бір үйге де келмей ме, осы отырған ақсақалсыздар, назар салып сіздерден тілегелі отырмыз, бәрімізге бір кісінің басын қиыңыздар деп. Оның да көзінің жасы, мұрнының боғы дегендей, обалына қалмаңыздар, он жасар балаға жиырмаға келіп қалған әйелді қаратып. Мынау жиылған ақсақалдар бір-біреуі бір-бір қызды Сибаннан тек алатұғын беделі бар адамдар, бұлардың да ажарына қарарсыздар. Аз айтып, көп сұрайды ақсақалдар. Осыдан басқа не айтады, сіздермен жолға таласар бір ауыз сөз жоқ. Бірақ адам баласының көзінің жасынан, обалынан қорқыңыздар, әйел де болса о да Байыстың ұрпағы. Құдай, аруақты ойға алыңыздар!— деп Қоңыр ақсақал сөзін аяқтады.

— Алайда болса, Көк мырза да құдайдан сұраған жоқ,— «балама қаза бер» — деп. Ақ қой сойып, ақ бата айтып әуелі басында Қозы мен Көк бір-бірін тандап, сүйіп болған құдалар. Бұл уақытта құдай ісі болып, Көк мұндай болып қалды. Енді оның үстіне бір керегін құдай алса, бір керегін Мұрын алып ауырған Көкті жаныштаймыз десеніздер өздеріңіз білесіздер. Көктің де Бәти деген қартайғанда жығылсам тұрғызады, жыласам уатады деген үміт еткен баласы. Мұрын менен Сибан бір-біріне қыз беріп, қыз алып жүргені жаңадан емес. Мұрынның да талай-талай жесірі ағасы өліп, інісіне қарап, інісі өліп, ағасына қараған. Сибанның да мұнан бұрын талай-талай жесірі ағасы өліп інісіне қараған, інісі өліп ағасына қараған. Сондай-сондай жолдардың бұдағы біреуі ғой. Өзі қартайып, бір аяғы көрде, бір аяғы жерде тұрған Көктің біз де көз жасының обалына қаламыз ғой, ақсақалдар! Не болса да, не жесірді алып, не жесір бермейтін ел екен деп күдерді үзгеніміз-дағы,— деп, Қоңырдың сөзіне жауап қайтарды Сибандар.

— Ол, мырза, бұл жесірді берсең де, бермесең де Сибан баласымыз дегенің ғой,— деп, Орынбай тұрып күлді.

Сонымен сөз тоқталып, ешкім ештеңе демей, халық, арды-берді бөгелді. Сонда төмен қарап отырып Қоңырайтты:

— Дағдарып отырғанменен не бар? Бозбалалар, бір-екеуің барып Бәтидің өзіне сөйлесіндер! Әйел де болса, есті бала еді, не де болса, өз ауызынан шықсын. «Атағына ұшырап ел арасын ашып не қылайын, құдайдың не салғаны да болса көндім» дер ме екен, жоқ, бір жағы балалық, бір жағы әйелдікпен Мұрын менен Сибанды шиеленістіріп кете ме? Сибан жігіттерінің аужайын түйдіндер ғой. Барындар, Ыбырай мен Кеңесбай!

Екеуі жөнелді.

3

Екеуі келсе қасында бір сыпыра қыз-келіншегі бар, Бәти Рахат деген ағасының үйінде отыр екен. Ыбырай мен Кеңесбай, екеуі ептеп шымылдықтың ішіне Бәтиді оңашалап кіргізіп алып, сол жерде істін мәнісін айтады.— Сибан деген «Не жесірімізді алып қайтамыз, не жау болып қайтамыз», деп жатыр. Біздің елдің ақсақалдары обал-сауалды айтып қажап еді, оған көнбеді. Сонымен Бәтижан, шырағым ерікті өзіне берісті. Әйел де болса ақылды, есті бала еді, бұл Сибанменен жауластырса да, елдестірсе де өзі білсін десті,— деді Ыбырай.

— Енді жаным, жаман-жақсы болса да атағына ұшырап, екі елдің арасын ашып, жауластырғанмен неге қолым жетеді. Әйтеуір не де болса құдай салды, көнейін десең де өзің білесің. Жоқ, қайда кетсем де бір басқа — бір көз, біреумен кетейін, жас бала кемпір-шалға қор болғанша десең де, өзің білесің. Ақыры, шырағым, сөз саған тоқтады. Не десең де жауабынды әбден ойлап бер,— деп, Кеңесбай Ыбырайдың сөзін қостады.

Бәти екі жігіттің сөзін естіп алып, үндемей отырып жылап-жылап, аяғында:

— Құдай әуелден мені ондайын десе, мұндай қылар ма еді? Құдайдың бұл маған бір көрсетейін деген мехнаты шығар. Атаққа ұшырап, екі елдің арасын ашқанда мен не жақсылық көремін, әуелден ондамаған құдай, ақырында ондай ма? Құдайдың салғанына көнбегенмен, қайда барамын? - деп, көзінің жасын сүртіп, бозбалаларға жауап берді.

Ақсақалдар қыздың сөзін естіп, баршасы қолын жайып, батасын беріп, бір қойдың етін жеп, құдаларменен амандасып тарқап кетті.

Орта бойлы, қызыл шырайлы, қас-қабағы қиылған, екі көзі күлімдеген, аш-белі бұрандаған Бәти келер жылы Көктің ауылында болды.

Өзі бір ұрғашының әдемісі, жап-жас келіншек. Өзінің оң қолы ісмер, өзі ақылды. Осы түрлі ұрғашының күйеуі — он бір жасар бала. Енді бұған Бәти қапа болмағанда кім қапа болады? Ана бозбала да Бәтимен ойнап-күліп, жақындассам екен дейді, мына бозбала да жақындассам екен дейді. Бәти олардың біреуіне де жуымай, өз мінін өзі біліп, нәпсі шайтанға бой бермей бір жыл жүрді. Сол бір жылдың ішінде не атасына, не енесіне бір ауыз сөз айтып, бетінен алған емес. Олар қанша сыртынан ғайыптады бейшараны! Көзіне де әлденеше ұрысты. Көптен-көп соңынан қалмайтұғын кемпір қақпас

үсті-үстіне жүріп, бір күні Бәтидің көңліне жамандық кіргізді. Бүйтіп жүргенше елге қайтып кетейін, не де болса деп жүрді.

Бір күні борандау болып, тұман түсті. «Осындай күні мен жолдан адасам ба, жүре берсем», деп Бәти ойлап, тұрып-тұрып жолға түсіп жүрді де кетті.

Шал үйде жоқ еді, бала қой жая кеткен. Үйдегі кемпірдің Бәти қайда кетті деген ойына да келген жоқ.

Бірақ күн бата, қой қораға кірер мезгілде:

— Бәти қайда кетті, үйде жоқ?— деп ана үй, мына үйден сұрап еді, жоқ болып шықты.

4.

Қысқы күннің қып-қысқа уақыты. Бәти ауылдан ұзап, әрлі-берді жүрген соң, күн түс болып, тұман тарқап, жел көтеріле бастады. Сүйтсе де кешке дейін қалайша бір ауылға жетпеймін деп ойлап, Бәти жүре берді. Күн батуға ыңғайланып, жел қатая бастағанда, келіншек қорқайын деді. Өзі таңертең шыққан кісі, бұрын ғұмырында мұндай алыс жолға жүрмеген адам. Сол күні әбден қалжырап шаршады. «Япырай, енді жүруге тіпті халім келмейді ғой, кішкене отырып дем алайын» деп, бір тастың қалқасына отыра қалды. Біраз ғана отырған соң-ақ, күн батып, қас қарайды. Және бағанағыдай емес, жел әбден қатайып, алай-дүлей боран болып кетті. Енді қайтемін, бұл арада қарап отырып өлгенше, неде болса жүріп бағайын деп, бейшара түрегеліп жөнелді. Жөнелсе де алысқа баруға халі келмеді, біраз жүріп барып, тасқа сүрініп екпетінен түсті. Онан тұрып, жүріп еді, омбы қарға белуарынан түсіп кетті. Есі кетті, жан шықты дегенде ол омбыдан шығып, аяғын бір-екі басып еді, онан жаман омбыға тағы түсіп кетті. Өзі жаман тонды. Қол-аяқта дәрмен қалған жоқ. Киімін үзіп-жұлып, дүниенің қаһары түскендей боран ызылдап соғып тұр, дем алуға әл бермейді, қиыршықтай сабап, ауызға, бетке, көзге тығып. Ілгері жүруге әлі жоқ екенін сезген соң, Бәти бір қалың қарды шамасы келгенше аяғымен қазып, жақсылап қазу қайда, соған кіріп жатты. Екі қолын ішіне алып дірілдеп жатыр. Үскірік ызылдап соғып тұр.

«Кімнің басында жаманшылық, болса, соған заманақыр туады», — деген бұрынғылардың сөзі рас қой. Менің өлгенім осы, мына суықта маған кім келіп, тауып алар дейсің? деген Бәтидің ойына келді. Жалғыз сондай күйде жатқан кісінің ойына не келмейді. Жасынан бері қарай не қылғаны, не көргенінің бәрі ойына келді бүгін: «күйеуі өлгені, оның інісіне қосамыз деп Сибандардың келгені, екі елдің арасын ашып әйелдік қылмасын деп ақсақалдардың сұрағаны, он жасар балаға қосып ұзатқаны».

Мені осындай күйге ұшыратып, он жасар балаға берген Мұрындардың ақсақалдары, жесірімізді жібермейміз деген Сибандардың ақсақалдары да оңбай, ұл-қызының басына келіп, менің қаным мойнына қиямет-қайымда жүк болсын! Бізге намыс, жесір жібермейміз деген не сөз? Ел намыс қылатын онда не бар? Әркімнің басына келетін іс қой, ел болмады деп алдап, мені мұндай қылды. Бірін-бірі бөтен санап, ру-ру болып жауласқанша, бәрі қазақ баласы, кеңесіп ақылмен іс қылса болмас па? Міне, мен өлгелі жатырмын, менің қаным кімнің мойнында?» деп жылап жатыр.

Шұқырды бағана борасын алып қалған, демі тарылды.

Жазғытұрым Бәтидің сүйегіне ит кез келіп, қажалап жатқанын койшылар көріп, тауып алыпты.

С. Торайғыров

ЗАРЛАНДЫМ

(әңгіме)

Роман деуге болады мұның өзі,
Фельетон тәртібінше әрбір сөзі,
Құрылған надандарға мысал айна,
Не шара соқыр болса көңіл көзі.
Қаны бір, мұны оқыған, қарындастар.
Қалып тұр қараңғыда ғазиз бастар.
Өзі мас, көңілдері тас болмаса,
Ағызар, халін аяп, қанды жастар.
Иесі білім, өнер туысқаным,
Жан қыйып жұртың үшін ту ұстадың.
Тез, жылдам бар шамаңша ұмтылып қал,
Барады отқа күйіп туысқаның.
Күл болып, қарасы өшіп жойылған соң,
Артынан не болады қуысқаның?

I

Сахарада өмір кешіріп жүрген қазақ балалары үш түрлі жолда болады.

Біріншісі. Жасынан бір ауыз ғылым оқымаған, әліпті таяқ деп те білмейтін, айуан секілді ішіп-жеп, мал бағып, есек андып, айтуға ауыз-шошыйтын неше түрлі бұзық мінездер менен қараңғылықта күнін өткізіп барады.

Екіншісі. Бұрынғы аян молда, надан қожа-ишандардың жолымен кетіп, атсаң оқ өтпейтін, айтса сөз ұқпайтын, мыйларын шатастырған, қыяли болады.

Бұл екі түрлі дертке мұптала кіріптар болған туысқандарымыздың дауасына рахметі мол алла өзі мейірбаншылық қылмаса, басқа тәуіптердің қолынан келмейтіндігі көңлінде ойы болған, әркімге күн секілді әшкере болса керек.

Үшіншісі. Біздер дағы сахарада өмір өткізген қазақтың кек өмір, қыршын жастарымыз. Ең әуелі бұрынғы атақты молда, аруақты қожалардан оқып, кішкенелерімізге «әліп секүн-ан» мен «өбжет» таусылмай, тәуірлеріміз «Кесік бас», «Тақый ғажап» секілді пайдасыз кітаптардың санын түгесе алмай, мыйымыз шіріп, алтыннан аяулы, асыл өміріміздің ең қымбатты уақытын босқа кетіріп, әбден шатасқан едік. Сол уақытта ілгері басқан аяғымыз кейін кетіп, оқығымыз келмей, есалаң кісі секілді, не ғып, не қойғанымызды да аңғармайтын едік. Мұның себебі молдадан ба, яки,

өзімізден бе, оқыған кітаптан ба, әйтеуір, нешік болса да, думан шәкірт атанып жүре беруші едік. Солай болса да, бұл уақытта көзіміздің жасын құдай иген секілденіп, тәртіпті медреседен тәртіпті оқу оқып, «Усул тағлім»³ көрген молдалар еліміздің әр жеріне келе бастады.

Баяғы қазекеннің түзулікті, түзулік айтқан кісіні жек көріп, ынтымақ-бірлікке келмей, қалшыйып қалатындығы бұрыннан-ақ әркімге мәлім ғой, бұлар тән, жандарын сарып қылып, халықты ұйқыдан оятып, түзулікке шақырып, тәртіпке салуға қандай қызық-тырып, жақсылыққа сүйреп уағыздаса да, туғаннан бері, ата мұрасындай болып, сүйегіне сіңіп, көңіліне орналасып қалған надандық шіркін жуық маңда жақсылық сөзді естірте қоя ма? Не қылса да, мыңнан біреу болмаса, түсіне алмаған, жазаласа дұшпан тұтып, сөз жүргізіп, есектей бастаған. Сол себепті тәртіпті программа түзелмеген болса да, барлық еждіғатын сарып қылып, қандай ауыр машақаттарға шыдап, мүмкін қадар, тәртіптегі, шамасы келгенше пайдасын тигізуден жалықпай, азда болса, ғылым өзіне тарата бастады.

Және біздер де тәлім алуға кірісіп, біраз оқыған соң, бұрынғы машақаттанған күндерімізге қарағанда көзіміз ашылды, рахмет нұры шашылды деп біліп, қуанышымыз қойынға сыймады. Бұрын мұндай жақсылықты мың ұйқтасақ, түсімізде бір көре алмай, мыш иіскесек, бір сезе алмай жүрген сорлы басымыз-ай, енді несін сұрайсың! Көңіліміз тасып, қайратымыз асып, күн сайын ілгері басып, қараңғыдан жарыққа қарай ұмтылып, надандықтың туманын серпіп тастап алды-артымызға қарамай, зырқыратып бара жатқан-да, надандықтан болған бір кісіге жолығып, көңіліміз жасып, - аһ дариға-ай! Тоқталып қалдық-ау! Құдай көз жасымызды иіп, тағыда жүргізе ме? Яки, сорлы болып, қараңғылықтан шықпай қаламыз ба? Ақырын бір аллаға тапсырып тұрсақ та, бізге жолыққан апаттың түсі суық, рақымы жоқ, ыңғайы тым жамандау, ақыры қорқыныштырақ көріне береді.

Құрметті білім, өнер иесі, жаны бір, қаны бір туысқандарым! Басымызға келген жақсылық, жамандық, аянышты халдерімізді айтып, кемшілік, қоршылықта болып, қараңғылықтан шыға алмайтындығымыздың себептерін көрсетіп, сандалып тұрғанда, тым болмаса, қапамызды шығарып, зарланып қалайық та!

«Ердің халі білінер лебіз айтса,

Қімнің халі білінер қарап жатса»-...

деп атақты Ақмолада Шағыр (ақын) айтыпты ғой.

II

Біздер жаңа пікірлі қазақ шәкірттеріміз әрқайсымыздың ғылым оқуға еждіғатымыз зор, ықыласымыз мол, молдамыздың жеңіл түсіндіруі себепті көзімізді жаңа-жаңа тырмалап ашып келеміз күн сайын надандықтан қашып келеміз; әрбір сөзді уғарлық зейініміз де бар; надандықтан болған улы апаттардан сақтаса, ғылым, өнер үйреніп, алдағы күнде халқымызға, міллетімізге пайдалы адам боламыз ба деген зор үміт пен таудай талабымыз

³ Усул тағлім (араб сөзі) – үйрету әдісін білген деген мағынада.

да бар.

Неге десең, бұл уақытта, бағымызға қарай, үйретушіміз түзелді және тәртіптеліп ғылым да түзелді. Түзу ғылымнан, түзу молдадан оқыған шәкірт не ғып түзелмесін?

Бірақ, біздерді оқытуға ата, ағаларымыздың ықлас, ниеттері түзелген жоқ. Олардың бізді оқытуға ықласы жоқтығын мынадан білеміз. Біздерді ең әуелі оқуға бергенде, молдаға өздері апарып тапсырмайды. Бірақ, бізге айтатыны мынау:

- ...Пәленше сондай бір оқуы терең, үлкен молда ұстапты; шырағым, күн жылыда, жұмыс болмаған уақытта анда-санда ғана барып сабақ алып жүр. Өзір малға қарап жатқан жоқсын. Мұнда жүріп, текке ойнап, етігінді жыртқанша, намаз сабағын пысықтасаң да, барғаның тәуір ғой. Жұмыс реті келгенде бармай да жүрерсің...

- Аға, мен қалай барам? Өзіңіз қолдан апарып тапсырсаңыз болмай ма? - десең:

- Оңбайтын антұрғанның сөзін қарасайшы! Жалғыз қорқып барасың ба? Сені ешкім жемейді. Қорықсаң, пәленшемен бірге бар; сол айтар сені молдаға: мынау пәленшенің баласы, сізден сабақ ала тұрайын деп келді деп. Әкең қайда десе, үйде жоқ: сондай жұмысқа кетті; өзім барып батасын алармын деп айтты дей сал; егер, сұраса, сұрамаса үндемей-ақ қой. Бұл молда берсең алып, бермесең ешнәрсе сұрамайды дейтін... Өзім барып-ақ молдаға мәнісін айтар едім, бірақ, бүгін басым ауырып отыр.

- Аға, бізге қандай кітап оқу лайық болады? Молдамызға ақылдасып, өзінде бар болса, кітап сатып аламыз ба? – десең.

- Қарашы, мынаның ақмақтығын. Оқыйтын болсаң, шығынданып кітап алмай-ақ, осындағы барын оқып бітірсең де жетер. Тап бес жыл оқуыңа жарайтын кітап тауып берейін... Баяғыда атамыз жарықтық Қара кожадан қоярда-қоймай жүріп, қалау қы-лып, ат беріп алған екен... Қожа-екең, жарықтық, көзілдірігін киіп оқып отырушы еді; балалау күнімізде біз де көріп едік... деп, мыйымызды шатастырып, мәңгі қылудан басқа, пайдасы болмаса да, мактауын жеткізіп, бес жыл тұрсын, он жылда таусылмайтын, бір кісі әзер көтеретін, басы-аяғы жоқ, арасынан көгерген исі кеудемізді ататын, қырық бөлек жазба кітап арқалатып қоя береді...

Мұны оқып қайда барып оңамыз?

Мыйымыз шіріп жуадай соламыз.

III

Егер өздері апарып бере қалса, етіктерін шешпей, «Ассалаумағалайкүм» деп, саусағының ұшын беріп, молдамызға амандасады. Әрі-бері кесіліп, шіреніп, қақырынып, ешкімді елемеген секілденіп, мал біткен қас маңғаз екендігін білдіріп болып, бір аздан соң:

- Е, молда-еке, мына бір баламызды, ойын ойнап, киімін жыртқаннан да мектеп көргені жақсы ғой деп, сізге әкеліп отырмын. Бұрынғы оқып жүрген кітабы мынау еді, жарықтық Арқар ишан: балаңа ырым қыл деп бергенде, бір қошқар беріп батасын алып едім. Шүкір! Лепесі теріс болған жоқ, құдай мұны оқуға жеткізді, сау-тамтығы калғанша, тастамай, осының өзін оқытасыз

ғой... - дегенде молда:

- Мұндай босқа өмір өткізетін хикая (әңгіме) кітаптың баланы көк мый қылып, шатастырудан басқа, пайдасы болмайды. Өзінің білген шамасынша, әуелі зәрулігі болған «Иман уа әдеп, дін үкімдерін» үйрететін һәм зейінін ашып, ақыл беретін, ұғынуына қолайлы, заманына лайықты бұл уақытта пайдалы кітаптар көп. Соларды оқыту керек. Болмаса, құр дауыстап, мәз болып, аузы айтқанын көңілі білмей сарнағанды оқу деп айта алмаймын, дегенде атайлары:

- Ой тәйір-ау! Жас молдалардың осындайы бар. Біздің бала кітап талғамайды. Сәндемей-ақ, оқыта бер. Пайдасыз болса, бұрынғы қожа-екемдер білмей оқытып па? Кітап жақтырмайтын молданы осынша жасқа келіп көргенім жоқ... Қайыр, әдейі сіз айтқан соң, бес-он тыйынды аяймыз ба... әуелі осыдан шыққан соң, ыңғайына қарай кере берерсіз. Болмаса, біздің бала кітапты жыртып, оқуға жаратпай тастайтын жас бала емес. Бұрын да мектеп көрген. Жасы да едәуірге келген бала. Кітабыңызды кірлемесін, жырtpасын, оқып беруге беріңіз...

Қысқасы, молда айтып түсіндіргенше, ақыры бір қатар дау-жанжалға кетеді. Мұнымен күн кеш болып, сол күні басқалар сабақ ала алмай қалады. Молдамыздың сөзіне түсінгені:

- Молда-еке, олай болса, өзіңіздегі бар кітапты оқыта беріңіз. Ақшасын соң ала жатарсыз. Қәнекей енді, молда-еке, ай мүйізді, аша тұяқты бір боз қасқаға бата қылыңызшы. Омин - омиы, - деп, аузын толтырып, бетін сыйпап, мықтап тастаған кісіге ұқсап, әйтеуір тілеулес болып оқыта беріңізші деп, маңызданып, күпісіне сыймай, қорбыйып шығады.

Түсінбегені:

- Ойбай, мына заманақырдың молдасы қалай еді? Тіпті, басы қақыйып, икемге көнбейді ғой,- деп қолымыздан сүйрей жөнеліп, шыға беріп, молда мен оқуымыздың аузын барғанша сөкпеген жерін тастамайды. Мұнымен қоймай, жүрген тұрған жерінде:

- Пәлен молда... солай болып... бұзылған екен. Сондай... бұзық шариф тайты... деп, айтуға ауыз шошыйтын шіп-шикі өтіріктермен нешетүрлі жала жапсырып, халықты даурықтырып, ақмақтығы арбаға сыймайтын өңкей мұрындықсыз надандарды молда-мыздың соңына салып қояды.

Бес-он тыйынды қыйынсынып, молдамен ұрысып, «Енді желкеміздің шұқыры көрсін!» деп, қолымыздан сүйреп жөнеліп, үйге әкеп асық, доп ойнатып, қой бақтырып, нешетүрлі бұзық мінездерге үйреткен өздері жазалы болмай, баланың көңіл, көзін ашатын қыршын жасын «дарару» мен босқа өткізбей, адам санына қосатын, пайдалы кітаптар оқытамын деп, ақылын айтқан молдамыз жазалы болған соң амал бар ма?!

Бұл адам суретті жарықтықтарға жасаған өзі ынсап беріп, түзулікке салсын деуден басқа, айтар сөзіміз аз секілді көрінеді.

IV

Егер кітап әпер деп, тіпті қоймай, жалынып, жылап, тынышын ала берсек, қабағын аузына түсіріп, бір тыйын шықса, жаны шыққандай көріп, 10

тыйын, 20 тыйынды бір қарадан артық көріп, ызбарланып, көзін алайта карап, зәремізді ұшырады. Бір баланының оқып шыққан кітабы бар деп естісе, елердегі сөзін айтып, жалынып-жалпайып қоярда-қоймай, оқып беруге деп, сұрап әпереді... Бермесе: «Қап бәлем, тұра тұр. Сенің де бір ісің түсер» деп, көргісіз болып, өкпелеп кетеді. Атқа мініп, баяғы Ақ қожа, Ишан, Қожамберді молдалардың қырық парша болып, көгеріп кеткен, бас-аяғы жоқ, бытпыраған жазбасын тауып әкеліп: хаты қалай ірі. Қағазы қалың... жарықтық қып-қызыл әулиелерден салған кітап қой - деп, бас-көзін сыйпап: ырым болар, шырағым осыны оқы - деп, басымызды құтылмастай пәлеге салып, әурелендіріп қояды.

Егер молдамыз мұндай кітап қолайлы емес деп айтты десек:

- Ой ақмақ, надан! Көрінбе көзіме! Бұрынғы ишаекемдер, қалпекемдер білмей оқытып па? Сұм заманның баласы да бір түрлі. Ептеп кітабын өткізгісі келеді. Оны білмейтін мұнда бала жоқ. Молданың малы жұтап бара ма? Өз пайданды білмейсің, осындағы оқуды білсең де жетер. Бұрынғылар осыдан оқып-ақ молда болған. Оқытпаса, қайтып кел. Мен де молданың оқытқанына дым-ақ риза болып жүргенім жоқ. Құдайдың шығарған «Әлібін» оқытпай, сауысқанша ата, тата деген бірдеңені тез хат танийды деп, оқытып, бұрынғы білетін, «Әбжет» пен «Әліп секун-ән» ді ұмытып қалыпты. Үйтіп хат танығаны. құрсын! Мен осынша жасқа келіп, «аға, жаға» деген оқуды естігенім жоқ. Сұм заманға қарай не шықпас дейсің. Заманақыр боларда молда көбейіп, «екі үйдің бірі молда болады» деп, қожа-екем, иша-екем жарықтықтардың қақсап, зар қағып жүретіні осы екен ғой - дегенде, қасындағы көңіл көзі ашықтау, «Усулжәдит» тің пайдасына түсінген біреуі:

- Қой, пәленше, олай деменіз, мұнан бұрын балаларымыз Қарабай молда, Қоңыр қожалардан оқып, төрт-бес жылда «Әптиек» тің қарасын жөндеп оқый алмай, тәлтіректеп, мыжып жүрмеуші ме еді. Есептесем, бұл молданың оқытқанына үш-ақ ай болыпты. Осы күні баламыздың жазуы баспадай, кітап, құранды оқығанда, тіпті, өзімізді жаңылтады. Жаңада оқыған сіздің балалар да жазып, хат тануға айланып қапты. Жұдырықтай бес-алтыдағы Жұмай, Шалабайдың балалары да жаз десен, мүдірмейді, жазылған хаттарды оқығанда бөгелуі жоқ. Бұл оқудың жеңілдікпен тез білдіретін пайдалы оқу екенін мен осыдан да аңғарамын. Бұрын балаларымыз оқуға бар дегенде, аза бойы тік тұрып, көзінен жасын төгіп, жаны шошушы еді. Енді тамағына да карамай, оқуға барам деп, лыпылдап өліп тұрады. Сен жек көрген «аға, жаға, ата, қата...» деген оқуда, намазда соны айт демейді. Болмаса, осыны айтып, иман қыл деп тұрған жоқ. «Әптиек», «Құран»-ға жолама, намаз оқыма, ораза тұтпа деп айтпайды. Қайта, соларды тез үйреніп білуімізге шығарған, төтесін тапқан сайман емес пе? Дін жайын балаларымызға ұғындырып, үйретуіне қарағанда, бұрын он жыл оқып, «Мухтасар»⁴ дан шыққанмен де иманды жөндеп білемін деп айта алмаймын. Аузымыз айтқанды ойымыз білмей, текке лағып, сарнаумен күн өткізіп жүрсек керек. Ишан, қожа, халпелердің тайынша-тұйыншамызды алу үшін өтірік алдап, дым білмесе де шарифатты ынғайымызбен соғып, баяғыдан бері де аздырып шаршатқаны да жетер. Рас,

⁴ Мухтасар (араб сөзі) –дін кітабының аты.

молда көбейсе, халық олардың алдағанына көнбейді. Өздерінің шын дұшпаны солар екен деп біліп, батасын алып, сыйлап, малын беру тұрсын, бұрынғы алдап, азғырғандарын бетіне басып, ұрсып, сөгіп, келемеждеп, бастарына заманақыр түсіреді. «Заманақыр боларда молда көбейеді» деп, өз бастарына түсетін, осы ақыр заманды біліп, айтқан ғой. «Лайым, білімділер көбейіп, солардың басына заманақыр тусын» деп тілейік те, баяғыдан бері сарнап, қожаның да, әліптің де қызығын көрдік қой. Енді ынта, көңілімізді салып, шын ықласымызбен өзімізді оқытып, білімді, өнерлі қылайық. Жоқ, жетік молданың керек деген саймандарын тауып берейік. Пішенші де шалғы, тырнауыш, көлік, азық түліксіз шөп ала алмайды ғой. Бізден басқа білімді жұрт балаларын оқытуға малын, жанын салады. Ал енді, «құдай сүйген» біздің қазақ он тыйынға кітап әпере алмай, елден сұрап, яки, молда мен оқуды жамандап, үйге әкеліп, қой бақтырып, асық, доп ойнатып, ақмақтыққа баулып қоямыз. Анық аюандығымыз емес пе? Бізді құдай қалай ондырсын? - дегенде:

- Ойбай! - деп теріс қарап, ишекем, қожекем жарықтықтардың оңай болса да, жуыма, осылай жеңілейтіп, дәндете-әндете зәдінді ұратын айла дейтіні тап осы ғой. Ата, бабамызға пір болған ишекемдердің сөзіне нанбай, оларды алдаушы деп, сөгіп отырғаны бұзылғаны емей немене! Астапыралла! Тәуба, құдай сақтайгөр! Бірдеңесіне ұшырап кетерміз. Бар, кімге оқысаң, оған оқы, бұзылмақ тұрсын, шайтан болып кет! Оқуды бүгін бітіріп, ғылымды хатим қылсаң да, бір тыйын шығарып, әперетін кітабым жоқ. Өз жөнін түзей алмай жүріп, әлгі бір орыс сияқты қақайған неме маған білгіштеніп, үлгі айтқысы келеді. Ешкімнің де шатқан сөзінің бір тыйынға керегі жоқ. Мен баламды содан үйреніп оқытам ба екем: Білімді болса, бишара әуелі өзінің пәленше-түгеншелерін түзесейші. Ақшасын газет дей ме, журнал дей ме, орыстың алдауыш бірдеңесіне шашқызып, өз балаларын әуейлендіріп, ақымақ қылға-қылғанымен тұрмай, мені айналдырып, менің балаларымды әуейі қылғысы келеді. Оны білмейтін, байғұс, мені жынды деп ойлады ма екен? Қой, балам, Жілке сені көре алмағандықтан айтады. Болмаса, менен басқа саған кімнің жаны ашыйды дейсің?...- деп даңдайсып, батпақтан шығады десе, шалқалап жығылып, түбіне кетеді. «Жаны ашығаның мынау болса, мұнанда жарылып өлгенім жақсы» деп ойлап, ішіміз қайнап, көзіміз жайнап, іштегіні сыртқа шығаруға дәрмен жоқ, айта берсе арман көп, амалсыздан үніміз өшіп, жүйкеміз құрып, дымымыз шықпай қала береміз.

Қайтейік?!... Талапсыз сорлы болған соң амалымыз бар ма?

V

Тағы біреуі, бір жағынан, кеңірдегін созып: «ғылым қисап, деген сан ба, немене-бірдеңесі бар екен; соны оқытып, балаларға бір қатар есептетіп, әурелейді екен. Түк оқымағанмен де, ақша табылса, есептей алмай, ақымды ешкімге жегізбеймін және тәртіпке саламын» деп, балалардың бірін-біріне сабақтас қып қояды екен дегенде, қасындағы кампыйып мырзасынған біреуі:

- Ия, пәленше, оның рас. Біздің Қалыйжанды да әлгі жаман, елейіндеп жүрген Тұяқбайдың баласымен сабақтас қылып қойыпты. Со да рет

білмейтіндігі емес пе? Бүгін бөлек оқытсын деп айтып жібердім. Болмаса, мен де жібермеймін. Бұл қай қылған мазағы екен? Қарағыма молда табылмай жүр дей ме екен? Болмаса, байғұстың білгені-ақ осы ма? - дегенде, есік жағынан біреуі:

- Кейбір молданың шәһәрден жаңа келгенсіп, басы қақыйып кететін әдеті емес пе? Әйтпесе, біздің бала мен жығылғалы жүрген пәленшенің баласы арасындағы парықты дым оқымаған мен де білемін. Сабақтас болсын-ақ; сонда да Жұмабайдың қасына отыруы, сіз бен бізден бұрын, молданың өзіне ұят қой, - дегенде:

- Сен құрлы соны білмеген соң, амал бар ма? Тегінде шәһәрде оқығандардың көбі ел ішіндегі жақсы, жаманның парқын айыра алмайтын көрінеді. Жарықтық Досбай қазіреттер бала секілді елпілдеп айтқаныңнан шықпаушы еді; тәуір баланы жөндеу балаға күттіріп қоюшы еді; баламызды жанындай көріп, қалтасынан бауырсақ, қант беріп жұбатып қоюшы еді; «Кітапқа ақшанды шығарма» деп, жазып оқытушы еді; жарықтықтардың оқуы үлкен болса да, кішпейілділігі қандай! Енді «тәртіп-сәртіп» деп сіресіп, қақыйып қалатын молдаға қалдық. Есепті оқытып не керек? Оны қалдырыңыз деп едім. «Ата-бабаларыңыз да айтқан екен; «Есеп білмеген есек» деп - өзіңмен тұрмай, балаларыңды да есек қылғың келсе, тіпті, оқытып не қыласың?» - деп, көптің көзінше ұял-тып, сөгіп тастады. Анау күні пәлен мырза да: «Баламды бөлек оқыт, жаман Жұмабаймен сабақтас қылғаның не?» деген екен: - Мырза-еке, Жұмабайдың балаңа білмегенін үйреткеннен басқа зыяны жоқ: оның ықласы бар; сіздің балада ықлас жоқ. Әр қашан бала да әкесіне қарап ықласты болады - депті ғой. Оқу бай, кедей, жақсы, жаман деп таңдамайды; кім еждиғаттанып ықласын салса, оқу соған табылады. Егер, таңдаса, сіз секілді мал біткен адамдар ғылымды болып, мұндай ақмақтық сөздерменен бізді ренжітпек тұрсын, олай-былай деген надандарды ауызға ұрып, жөнге салмас па еді. Тегінде малым көп деп басты қақайтқанға оқу, білім табылмаса керек. Бір аяқ саумал бермей қояр деп, қорқатын, оқу байлардың қасындағы көршісі емес қой. Маған бай, кедейдің баласы бәрі бір. Мен бірінен-бірін артық көріп, құдайға дұшпан бола алмаймын. Бұрынғы молдаларыңша тайынша-тұйынша бермей қояр деп, қорқып, ыңғайымен жүріп, мырза болмақ тұрсын, патша болсаң да, саған бенде бола алмаймын. Қысқасы, итшілеп күн көрсем де тұзуліктен безіп, надандардың ыңғайымен жүгіре алмаймын. Құй, оң құлағыңмен есті, құй сол құлағыңмен есті,- деп, жаман қатты сөгіп, сол мырзаның екпінін басып тастапты. Сонан бері пәленше... молда бар жерде жымдай болып отырады.

Қайта, бұрын молданың сөзін күлкі қыла беруші еді, сонан бері жамандауын да қойыпты. Бірақ, дос, дұшпанымның көзінше ұялтты деп, өкпелеп жүрсе де, молданың қолын ұстап жарасыпты. Енді молданың сөзін қостап: өзімізге пәле болған секілді көрінеді әйтеуір, осы молда икемге көнбей, сірескектігімен жұрттың бірсыпырасын аузына қарататын, - деп, әңгімелерін тоқтатады.

Жөнді жарытып қалам, сыя, қағаз, қарындаш та әпергісі келмейді. Осыдан біліңіз; Әлде қалай жазуымыз бытыспасын деп, жолын кеңдеу қылып жазсақ:

- Молда-еке, мынау шәкіртіңізді байқап та отырмайсыз-ау, жолын тым кемдеу қылып жазып, анау күнгі жұмада әперген бір табақ қағазын тауысып тастапты. Міне, қарашы, жолының арасына кісі сыйғандай, алла сақтасын, бұған не шақ келеді? Тегінде ескеріп отыруыңызға керек қой, - деп, бірқатар маңдай терісін аузына түсіріп ренжіп қалады.

Надандық себепті, білімсіздіктен осындай болады ғой деп ойласақ, жоқ, олай емес, білсе де, көзі тар, көңілі қара, қорыстығынан екендігі көрініп тұрады. Қалайша десеңіз, егер, өзінен басқа біреу баласына қағаз кетірдің деп ұрсып, молдаға ренжиді дегенін ести қалса, өз қызығына осынша сараң болып, итке не көрінді екен деп, жамандағанда, дүние жүзіне сыйғызбайды. Өз бастарына келген уақытта онан жаман құдай атады, екі тыйынға арын сатады, батпаққа батады да қалады, қорыстықты салады, мырзалықты танады...

1912 ж.

Ауырмай есімнен жаңылғаным

5 июльде кешкі шайды ішіп бола берген мезгілде, бір бала ентелей басып келді де, қақалып, шашалып:

- Молда-еке, кітап! Неке қыяр!... Неке кітап сұрайды... деді. «Неке» деп құлағыма тиісімен-ақ, сасқандығым сонша: үйден ата шығыппын. Себебі: алдында естігенім барда: «Жақын ауылда бір келіншектің 18 жасында күйеуі өліп, тиерлік жөні түзу кісі болмаса да, алты жылдан бері балаларын қыймай шыдап-ақ отырып еді; быйыл оның үстіне соры қайнап, сүйеніп отырған жалғыз ер баласын қызылша алып кетіпті. Апырмай! Бишарадан әлі күнгі үйтем-бүйтем деген сөз шыққан жоқ еді; солай болса да, жақын ағайындары: «Енді бізде карайлайтын нәрсесі қалмады; бір күні орнын сыйпалап қалармыз: қызға алданып отырмас» деп, өздерінен өздері қобалжысып қайын атасының інісі саңырау Жүсіп деген жануарға ықтыярысыз басып тигіземіз деген соң, қорадан қораға қашып, тығылып, зар еңреп жүр деп.

Мына зұлымдықты ести тұра, күймесің бар ма?

- Некені де, кітабыңды да білмеймін. Тұр, аулақ жүр, - дедім. Бала дүрсілдетіп ала жөнелді.

- Артынан тағы тыйыштап отыра алмадым. Бір замандасым келіп сонымен: «Ай қазақшылық-ай! Обал-ай!» деп, сондай бишаралардың халдерін кайғырысып, әңгімелесе-әңгімелесе жүріп, ауылдан бір талай ұзап кетіппіз. Артымыздан: «Молдашы, молда!»-деп, бүкіл елді көшіріп айқайлаған дауыс шықты. Апырмай, бірдеңе болып қалған екен. Ауыл отағасыларынан ұят болды-ау: Молданы шайтан қуып кетті дейді-ау деп, қыпылдап, ысқара-ысқара жүгіре басып келсек, - баяғы қатын алатын сабаздың тап өзі екен. Омырауы ашылған, етек жайылып кеткен, жайдақ атқа мініп, алдынан қарсы шықты. Есі-түсі жоқ, кеудесімен жер соққандай:

- Ет пісіп тұр. Жүріңіз. Молда-еке, жүріңіз. Қатты, қатты оқыңыз! Қасіретті адам ғой, деп, атымен ентелетіп, мүлде үстімді басып кете жаздады.

- Баруға уақытым жоқ... олай, былай.. - деп едім:

- Апырмай! Тіпті білмесеңізде, төбеңізді көрсетіңіз, - деп ішіп-жемеге қоймады.

Енді барып ықтырсыздықты көзіммен көріп, неке оқымай, білгенімді қосып, бишараның көңіліне медеу болып қайтайын деп ойладым. Нақак біреудің көз жасына қаламысын деп айтушылар болса да, әлгі, жолдасымды ертіп, жаяу жүріп кеттім. Бара жатып:

- Жүсеке жеңгей рұқсат бере ме? Қелініңіз ықтыр ма. Күйеуі өлгені канша болып еді?... деп сұрастырмақ болып едім;

- Қатты-қатты оқыңыз. Сіз барған соң болды да, -деп, даурыққан жарықтықтың өз сөзінен басқа сөзді ести алмадым, сөзімді де естірте алмадым.

Барсақ, ет пісуге тақалған, жер ошақ басын айнала қамап алған қатын-қалаш, үй ішінде де аяқ басарға орын жоқ; пышақтарын алақандарына жанып, кеңірдектерін соза күрілдесіп отырған сақалдылар:

- Бәрекелді. Кайырымен болар; молда-екең де келді. Жоғары шық деп, шу ете түсті.

Келін біз отырған үйде болмағанға, бұл бишараны қай көріне тығып булықтырды екен деп, басқаға құлақ қоймай, онда-мұнда қарай-қарай, еттен де құр қалдым. Бір жағынан ана жерде отырғай қатындардың: оған тигенше жарылып өлемін; алты жыл күттім, менен не күнә таптыңдар деп, кеше ойбай салып, дауыс қылып еді. Пәлен қайын ағаға байлаймын деп, түгеншенің байыда ақырып қорқытқан болды... Ойбай! Көнетін емес. Бүгін некесін басып қыйғанмен тұрар деймісің... деп, бір-бірісін түртісіп, сөйлескен пышпыштары құлағыма келіп, одан жамаң құтымды ұшырды.

- Неке суын әкел! - деп, даярлап, екі сым борбайды куәлікке сайлап, Қалиядан сұрап кел деп жіберді де: - Ал, молда оқыйтыңызды оқый бер, - деді. Мен:

- Су да керек емес, оқу да керек емес, көзбе-көз тиемін деген сөзі керек, - дедім.

Сол-ақ екен ақсақалдар бәрі маған үрпиісіп, - сен қайда оқығансың? Мүйізі қарағайдай жуан-жуан молда да, қызыл мол да басқа үйде отырып-ақ куәлерден сұратып оқый беретін, деп, келіп дауылдасты.

- Бұл үйтетін қыз емес, байы өлген қатын...- деп, қанша-әуреленсем де, онан жаман шабаланып, лаға берген соң: - Сырттан басып некесін қыюға уақытым жоқ, - деп, кете бастадым. Біреулері:

- Қой. Молда шарифаттың жөнін айтатын шығар. Басқа кісі кіргізбей, молдамен үшеу-төртеуің барып келе ғой десті.

Қотанның ар жақ шетінде жатып қалған бір қараңғы үйге бардық. Шам жаққан уақытта үйдің сол жағында бір жаман шапанды бүркеніп, теріс қарап, басын жүктің жер астына кіргізе, тазы қуып, кебекке қысылған көжекше, қайтсем жан қалады дегендей, аяқ-қол жоқ секілді, домалақ бір уыс болып, қарлыққан дауыспенен бишараның ішін тарта-тарта, булығы зарланып жатқан

формын көріп, жүрегімнің қайда кеткенін білмеймін. Иманым тітіркенгендей болып, тұла бойым қалтырап кетті. Қасына барып басыңды көтер деуге ғана жалғыз адамның батылы барсыншы. Еркектердің тықиалауымен бір-екі қатын барса да, қақпандағы қасқыр секілді жұлып-жұлып тастаған соң, қайта баруға бата алмады ма, немене. Қайтадан екі қатын бас жағына қарай шегініп, қабырға құран оқыйтын молдаға ұсап, екі жерде шошайды да отырды. Бір отағасы: «Апырмай, шымылдық құрмадың ба?» деп, безектеп барып, анау жерден шымылдық әкеліп құрды.

Бір мезгілде, менің куәлерімнің разымысын деп, баспалатуларына қарсы, бір түрлі зығырланып, күйген дауыспен;

- Құдай біледі, олда, ризалығым жоқ. Дүние ахиретте ризалығым жоқ, жоқ... - деп өксіген, мұңсыған дыбыс естілді.

Бір жағымнан мынау күйдіріп, бір жағымнан екі куәнің өтірік «разы», «разы» деген сөзіменен, ақсақалдардың алдыма су толтырып қойып, «құтпа оқы!» деп, бір теңгені алдыма қойып, сылдырлатып қамаласуы, ай, не керек! көрге қысылғандай-ақ қысылдым-ау! Разы болса, бесті-он тыйынды олжаланып әйтпесе, неке оқымай, залымдығына тоқтау айтып, материал алып қайтайын деп ойыншық көріп келген молда-екен көптің талқысына түсумен не қыларын білмей, бір олай, бір былай алақтап сасқандықтан көзі шарасынан шықпасын ба...

Жаңа келген мені осынша састырып, шығуға тесік тапқызбай отырған жұрт ана зарлап жатқан бишараның не жанын қалдырды екен, деп ойлап, мүлде есімнен айрылыппын. Әр қайсысынан дабыл түйді болып қалған сорлы құр жатып егілгені болмаса, бас көтеруге шамасы келе алмады. Мен шыдай алмадым:

- Бұл не деген сұмдық.. Қазақшылығыңды қойсаң, әкелерің өле ме? Құдайдан қорықпай, адамнан ұялмай, ықтыярсыз неке қыяйын деп жатқандарың мынау. Оның үстіне мені шақырып былғамақсыңдар? Біреудің көз жасы обалына қала алмаймын... деп, бақырып тура келгенімде, бәрі жабылып:

- О не қылғаның молда-еке? Разы, разы, көп разы... Әншейін қасіретті кісі, бұрынғы күйеуін қайғырады. Құтпа білмесеңіз де батаңызды беріп кетіңіз, отырыңыз, - деп тағы бір теңге салып, қолдарын жайысып, қамалап отырып алды.

- Қол да алмаймын, мың теңге берсең де алмаймын, көзжасына қалмаймын... - деп, керілдесіп жатқанымда:

Айт, оқылмаса да, неке суын ішкізу ырымы деп, күйеуге ішкізіп, шымылдық ішіне апарса керек.

Су-муымен аспанға шыққан аяқ пен мынадай зарлы дауысты естіп, тағы салғыласуға дәтім шыдамады, басымды ала қаштым. Дауыс мынадай еді:

«Алты жыл қыймай күткен, қайын атам!
Мынау ма сонда берген алғыс батаң?
Өлсем де отқа күйіп, суға түсіп,
Қойнына мылқау иттің қайтып жатам?»

Алты жыл қыймай күткен, қайын енем!
Қай жерде қайтқаны бар көңілің менен?
Қайыныңның өзі түгіл, атын айтсаң,
Шошыйды селк-селк етіп барлық денем.
Алты жыл қыймай күткен, құлыным-ай!
Он үзген омыртқамды, жұлыным-ай!
Қарбаңдап, сүйіп мауқым басатұғын,
Айрылып сенен дағы ұлыдым-ай!
Алты жыл қыймай күткен, ауыл аймақ!
Алдыңнан кесе өткем жоқ, қудай айғақ.
Күйіп тұрған жаныңды отқа сал деп,
Көтердің тұс-тұс жақтан бәрің сайғақ.
Ал енді менің қайда барсам тауым?
Нәрсенің көз алдымда бәрі жауым.
Ініңді алтындасақ, құлқым сүймес,
Басқа жоқ, онан өзге айтар дауым.
Жазанды ақиретте құдай берсін,
Жер болып, жетім-жесір жылай берсін.
Жыйылып бәрің бірдей мені жеңген,
Ел-жұртым, қалай ерсің, қалай ерсің!»

Өлеңмен жазбақ драманың материалы

13-августа Тарбағатай атанған таудың арғы бетіндегі Қытайға қараған елде едім.

Тарбағатай жотасынан созылып түскен әрбір салалардың арасы сайын сарқырап аққан бұлақ, жағасындағы көгал жер, жырақтарда ақ боз үйлі қазақ ауылдары еді. Біз бұл ауылдарды аралап, біріне қонып, біріне түстеніп жүріп, бүгін үшінші қоналқаға Мәсәлім деген бидің ауылында едік. Менің еріп жүрген кісілерім бұл елдердің сыйлайтын ағайындары болғандықтан, олар көрген сый-құрметке мен де ортақ едім.

Түсе сала, қымыз құйылып, 3-4 қабаттап салынған таза көрпелерге отырған соң, аяғымызды көсіліп, қарнымызды керіңкіреп, жастыққа шалқайдық. Бір мезгілде үй иесі: «Малға бата қылыңыз» деген соң, үйден сөгіле далаға шығып, үш күннен бергі әдетімізше, бір тай, бір қойға бетімізді сыйпап келіп отырдық.

Кеш болды. Әлсін-әлі ішіліп жатқан қымыз, желініп жатқан ет. Қымыз денені қыздырған соң уайымсыз, қамсыз мырзаларға да әңгіме, ермек керек болып біреуді-біреу түрте сөйлеп, қалжыңдас басталды.

Мәжілісіміздің ақсақалы Құрбан қажы:

- Балалар, құр қалжың неге керек? Газеттерің, қиссаларың болса оқы - деген соң, әр жөнге жетікпін деген пысықшалау біреу:

- Біздің бұл Қытай елінің ондаймен әзір үйірлігі жоқ. Біреу ондайды айтып отырса да, құлаққа кірмей, домбыра тартып, бойразға айналғымыз келеді - деді.

Бұл сөзге біздің мырзалар да қарап отырмай, тұс-тұсынан өздерінің орыс елі болып, оларға қарағанда, ашық пікірлігін көрсетті, ондай-мұндай айтқан болса да, жадағай тыңдалған соң, ұзаспай тоқтады. Сондағы біреу сүйгеніне тие алмай өлген бір қыздың әңгімесін айтты. Сонан соң манағы ақсақал Құрбан қажы:

- Құрғыр, осындай әдеттердің қате екені рас-ау; менің бала күнімде қыз алып қашқан, осындай бір жігітті түйеге асқызып өлтірді осы Мамытек; бейітін бағана жолда өздерің көрдің ғой, - деп маған қарады.

Мен оны қалайша өлтіргендігін сұрап, ескі қазақшылық мінездерді жаза жүруге көңілім бар екенін білдірген соң, ол бір қолымен тасбығын тарта-тарта, көсілген аяғын жыйнаңқырап, сөзге кірісті:

- Балам, бұл көріп жүрген елің Мамытек атанады. Мамытек осы күні 800 үй; үштен біріміз Қытайға қараймыз; көп болса, 30 шамалы жыл болды; кеше мен болыс күнімде қолымнан бөлген ел осының бәрі. Мамытек ішінде ең жуаны - Атантай, Боратай: міне,. Атантайы - біз. Жіңішкесі - Ешгі деген ел, анау күнгі Салқынбай ауыл айлар, көрдің ғой, солар - Ешгі. Біздің атамыз Кенже мырзамен туысқан.

Тана бидің тұсында сол Ешгінің менімен адас, Құрбан деген бір жақсы жігіті болды. Біз көрдік: Қып-қызыл нарттай, жігіттің төресі, жанып тұрған от еді. Сол уақыттағы өз ағайындары Ережеп, Олжеке дейтін кісілер күншілік қылып, оны аяғынан алып жүрді білем. Сол жігіт пысықтық қылып, Тана бидің болып тұрған күнінде, біздің Атантай Шала деген кісінің Мәни деген қызы көңіл қосып жүріпті. Осы күнгі:

Удай-удай сәлем де ақ Мәниге,
Сағынғанда зар болдым бір көруге;
Екі ортада сары бел, сары жөн бар,
Әттең, ат шыдамаңды сар желуге! -
деген Құрбанның сондағы өлеңі.

Олар Ластыда, біз Терісайрықта отырмыз; арасы 25 шақырымдай өзің көрген тау ғой.

Ақ Мәни десе, ақ Мәни, кісі жұтып қойғандай сұлу еді. Әлгі әңгімедегі қыздай. Бұл екеуінің де серттері қатты болса керек.

Бір күні барсам, Мәнидің ауылы Жартасқа қонған екен; сезіктеніп, олардың да аңдып жүрген кезі болса керек. Үйге кіруге баталмай, үйдің желкесіндегі жартаста әрі отырып, бері отырып, тан атуға айналған соң, отырған жерінен бір тасты алып, қыздың тусына лақтырыпты. Әр-беріден соң, Мәни шығып, келіп жолығыпты: О да ұйықтай алмай жатады деуші еді.

Мамытек мың үй болса да осы күнге дейін бірінен-бірі қыз алыспайды ғой. Және Мәни бұрын күйеуге беріліп қойған қыз. Құрбанға Мәниді алудың жалғыз-ақ жолы - алып қашып, елді, жерді көрмей, безіп кету еді. Құрбанды шын ғашықтық бұған да шыдатты.

Әке-шеше, мал-жан, бауырларын мұндағы Мамытектің талау-талқысына тастап, бір түнде Мәниді жабықтан шығарып алып, жол тартты. Құрбан бұл істі істерінде Ешгінің басты адамдарына да білдірген жоқ; бауырларына да ақылдаспапты. Ақылдасса, жуан атаның баласы малымызды жауға,

басымызды дауға салады деп, қорқыныш айтатын болған соң оларға да білдірмепті.

Тананың хан болып тұрған заманы. Ешгіні қалай тентіретем десе де, қолынан келеді. Тананың сырт ызғарының өзінен қорқып; туыскандары Қалбаның арғы бетіндегі Матай ішіне қуып барып, қыз бен Құрбанды байлап алып келді. Қалба осы арадан 150 шақырым.

Елдің қыз алыспайтын ресімін бұзғанға Һәм-Ешгі бола тұрып, Атантайдың қызына қол созғанға Тана бидің сүйегі қорланып, Құрбанды өлтіртпей, ашуы тарқайтын болмады. Мен өз тусымда осындай қорлыққа шыдамаймын. Құрбанды да, Мәниді де өлтіріп, Мәни үшін Ешгіден құн, айып алмай бітпеймін деп, жатып алды.

Қыз бен жігіт кісенде бір ай жатты. Жұрт жыйылыс жасап:

- Мұны қайтуші едің? - дегенде, Тана би:

- Маған салсаң, екеуін өлтірем. Болмаса, менің заманымда мұндай болды дегенше, мені өлтіріңдер! - депті.

Құрбанның ағайындары жұрттың өлтіретіне көзі жетіп, тентегімізді өзіміз өлтірдік дейік, оның қызы үшін құн тартпайық деп, Құрбанды түйеге асқалы, байлап, көзін тартып, алып келді. Кешегі өзекті ши бастау дейді; соның ат шапқанда өзіміз отырған қырына жұрт жыйылды. Мен сонда 16 дағы кезім бе екен; әкемнің қасында жүрмін. Бір жағына тас теңдеп түйеге асқалы жатқанда. Құрбан қолы байлаулы, көзі тартулы, кісенмен өзектегі біздің жұртқа таман қашып:

«Жұртым-ау! Қаныма ортақ болмасандаршы! Мені, тым болмаса, өлтірем деген елдің қолына берсеңдерші! Енді Мәниді өлтіре көрмендер» - деп, зар иледі.

Сонда, ағайындары болмай, сүйрелеп әкеп, түйеге аса бастады. Мұны көріп өз әкем Кенже мырза Тана бидің қасына шауып барып:

«Асылғанды кесетін, түйілгенді шешетін, бұрын мұндайға ханнан қалған үлгі, қарадан қалған жол бар ма?» - деп еді. Тана би үндемеді.

Сонда Тананың қасында мына Тортуыл елінің ханы Әлібек дейтін кісі де бар; о да үндемеді. Екеуі бірден үндемеген соң әкем:

- Кесірі өздеріңе болсын! Жұр балам, былай жүрейік! деп мені тізгінімнен ұстап, топтан шығарып, ауылға қарай жүрдік. Қалай ауылға біз де жүрдік, Құрбанды асып, түйені желдіртіп жіберді. Түйенің басын жетектеген өзін күндеп жүретін ағайындары; Ережеп, айдаған Олжеке деген кісі. Осы күні екеуінің де тұқымы оңбай кетті.

Сонда қараңғылық түсіп, күн күйіп кеткен секілді, қызарып көрінді.

Әкем тағы шыдай алмай, жібін қыйып жіберейін деп, қайта шауып барса, Құрбан аяғын бір иіріп, жыйып алып, сылқ түсіріп жібергенге, жаны шыққандығын біліп, қыймай қайтты. Мойны сала қарыс ұзарып, беті топыраққа бұлғанған быртыйып ісіп, көзі қыза-рып, шарасынан айналып шығып кеткен екен; көргенде, жүрегім тас төбеме шықты деуші еді әкем. Өлді деп түйеден түсіргенде, аяғы арыстай болып ұзарып, жігіттің маңғазы аузын бір-ақ ашып: «уф!» деуге ақ шамасы келді деседі. Кешегі өзің көрген бейітке апарып қойысты... деп, ақсақал сөзін тамамдады.

Мен:

- Мәниді өлтірді ме, қайтты? - деп сұрадым.

- Жоқ, оны өлтіргелі жатқанда, Шотай деген ағайынымыз барып, тартып алып кашып кетіп, бұрынғы берген жеріне солар ұзатты. «Күштінің ... диірмен тартады» емес пе? - деп, ақсақал төмен қарап, бір күлімсіреп қойды.

Мен:

- Өлтірткен Тананың тұқымы мына Сүлеймен қажылар болса, о да оңа қойған жоқ екен деп, қағазымды шығарып, жазып ала бастадым.

II САҚЫП ПЕН ЖАНТҰРСЫН

Терісайрық өзенін жағалап жүрген кісіге Тарбағатай тауының алыстан аласара-аласара бейне өзенге сәлем берген секілді кішірейіп, тоқтаған салдарымен дүмін кейін салып пандық, бой күйездік басқан балаларына мақтанып, одырайған жоталары көрінеді.

Тағы бір аз жүрсең, кейбір таулар бейне Терісайрықтың дамылсыз аққан суын шығарып салатын секілді, жанаса жүріп отырып көлденең келген тағы бір тауға сөйлесіп қала береді.

Тағы жүре түссең Теріс айрықтың суға үңілген жарын кекеткен секілді, еңсесін өзенге қарай салып...

1915 ж.

Бейімбет Майлин

Шұғаның белгісі

Біз елден шыққанда күн де сәскелікке жақындап еді. Ұшпалы сұр бұлттар көшкен керуен сықылды, тіркесіп оңтүстікке қарай жылжып-ұшып, күннің көзі біртіндеп ашыққа шығып, жылы шырай нұрын шаша бастады. Әйткенмен, солдан соққан салқын жел өзінің өткірлігімен жұқа киімнен ызғарын өткізіп, тондырып сентябрь айының жеткендігін жолаушыға еріксіз ойлатарлық еді.

Біз екеу едік.

Менің астымда жортақалау тапал торы ат; жүргіштеу. Ер-тоқымым ескілеу, байлардың малға мінетін ер тоқымы. Үстімде қонған үйімнен сұрап киген шидем күпі. Қолтығымдағы жыртығынан жел өтіп мазамды алыңқырап келеді. Жолдасым отыз-қырықтардың шамасындағы жер ортасы адам, сиректеу сақал, мұрты бар; қара бұжыр, күлімсіреп дөңгеленіп тұрған қара көзді, пішініне қарағанда біртүрлі сөйлемпаз адам секілді. Астында қойшылар мінген қара кербесті, үсті-үстіне ұрып отырмаса кейін қалып қала

береді.

Жел артымыздан еді, ауылдан он-он бес шақырым шықтық. Жаздай жайлап елдің шаңын шығарып тастаған жайлауын қақ жарып құбылаға бет алып келе жатырмыз. Жанды қарға жоқ. Бірен-саран шалшық, сулардың басында ұйлығып отырған топ-топ қаздарды көресің. Елдің жұртында жер ошақтың араларындағы сүйек-саяқтарды, елдің сыртындағы ескі апандардың маңайына тасталған бірен-саран өлімтікке он-он бесі жиналып қарақұс, қарға, өгіз шағалалар той-тойлап жатыр...

Жүрген сайын жер өнбегендей сол ұшы-қиыры жоқ алдыңда екінші белес. Мен шықтым. Маңағыдай емес атқа жортқан соң денем жылынып, ептеп маңдайымнан тер де шығайын деді. Жолдасымның басында желпен. Елден шығарда бауын мықтап байлап алған. Шабан қаракер үсті-үстіне ұрғызған соң о да бусанайын деді білем, желпенін шешіп алып беліне

байлады. Милығына түскен бөркін жоғарырақ көтеріп қойып, қаракерді бір тебініп шаужайлап жіберіп маған қатарласып, тым бері бұрыла бермеңіз, күнбатысқа таман жүрейік деді.

- Сіз кейін қалған соң мен аддыңызды орағыта беремін.

- Жамандатқыр мынау бір ит екен, тіпті жүрмейді,- деп қамшымен салып-салып жібереді.

Менімен қатарласып алған соң, қаракердегі ашуы біткен тәрізденіп, азырақ жадыраңқырап маған қарады.

Мынау алдымыздағы үлкен көл «Қамысақты» ғой; осының сол жағын ала жүріп, жыбырлай көрінген Обаның белесінен тура ассақ, алдымыздан бір кішкене сүрлеу келеді. Сол сүрлеумен барып Шұғаның белгісінен тура жолды қиып аламыз деді.

Әңгіме азырақ ой бөлейін деді. Аттың жортысына шайқалып ауырып келе жатқан іш те ұмытылғандай болды. Жол қысқарту үшін жолдасыммен сөйлесуді мен өзім де тілеп келе жатыр едім. Бірақ бұрын сырлас адамым болмаған соң, әңгімеге қандай жайының барын анық біле алмай сөз ашпап едім. Және менің бір әдетім жол жүріп келе жатқанда өзім сөйлегеннен де, біреуді сөйлетіп тыңдауды артық көруші едім.

Жолдасым жол әңгімесін бітірсе «тағы да бар, тағы да бар» деген кісі тәрізді бір түрлі сөз сөйлеуге ыңғайланып тұрды. Мен әңгімені неден бастарымды білмедім, жол жайын айтып өткенде «Шұғаның белгісі» дегені бар еді. Одан пәлендей сөз туады деп дәмеленбесем де, бастауға себеп болсын деп, ойлап:

- «Шұғаның белгісі» дегеніңіз не нәрсе, тау ма?— дедім.

- Жоқ, әшейін, бір обашық, - деді. Кейін қалып бара жатқан соң тағы тебініп қатарласып:

- Шұғаның белгісін сіз білмейтін шығарсыз-ау,- деді.

- Мен қайдан білейін, бұл жаққа бірінші келуім - дедім.

- Білмессіз... сіздер жассыздар ғой - деді. Маған қарағанда өзі недәуір көпті көрген үлкен адам больш көтеріліп қойды.

- Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз ғой. Уақытында Шұғаның әңгімесін бұл өлкенің баласына шейін біліп болып еді... ой, шіркін, өзі де Шұға десе Шұға

еді-ау,—

Жолдасымның бұл сөзінен мен Шұғаға ыңтықтым. Анығын сұрап білгім келді.

- Шұғаның әңгімесін айтсаңыз кайтеді, жол қысқарсың, - дедім.

- Айтайын,- деді.

Қаракерді тағы тебініп қатарласты. Жалпылдап жайылып келе жатқан отегін жинап тақымына басып еріндегі насыбайын тастай бір-екі түкірініп алып, ыңғайланып:

- Бұл қызық әңгіме, тыңдаңыз,- деді.

Сөзді бастап та жіберді.

II

«...Бүгінгі шыққан ауылыңызды «Ерекең» ауылы дейді. Содан ары қарай өзеннің бойы жалпағынан ел. Бір атаның баласы жүз елу - екі жүз үйлер бар. Қыс - қыстаулары басқа болғанмен жаз көбіне бірігіп отырады.

Мынау алдымызда көрінген «Қамысақты» дейтін көліміз. Осының маңайы жыбырлаған шұқырынды томар. Августан бастап осының басы елмен толады. Әр томарға төрт-бес үйден қонып бөлек-бөлек отырғандары. Ой, дариға-ай, талай қызықтар өтті ғой.

Бала күнімізде анау көрінген төбенің басында, талай асық ойнап едік... ол да бір дәурен... иә... бұл елдің күзге қарай қонатын жері, жазғытұрғы барып августқа дейін отыратын жайлауымыз, бұл көл де Шұғаның белгісі атанды, бұрын «Тарғыл өгіз сойған» деуші едік. Үлкен көл, маңайы толған шорқынды су... ол уақытта жердің берекесі қандай. Өзіміздің ел қаншама... оның үстіне ту Сырдан келіп жаппастар да қонады... кейінгі кезде ғана жаппас келуін қойды ғой. Біздің Беркімбай дейтін жақын ағаларымыз болады. Бұрын бай еді, болыстыққа таласамын деумен-ақ малын құртып алды. Осы күні кедей. Сол Беркімбайдың әкесінің нағашысы - жаппас Есімбек дейтін болды. Өзі бай еді, жаппастың алды деуге боларлық. Беркімбайға арқа сүйеп, Есімбек сол «өгіз сойған» ең шұрайлы жеріне қонушы еді. Өзі де жомарт, қонақпаз еді. Елге жағымды болып тұрды. Мал мен басы бірдей, тілегін берген бір адам: ортан қолдай төрт ұлы болды - шетінен қасқыр. Сол төрт ұлдың ортасында бұландап өскен Шұға дейтін қызы болды. Шұға десе Шұға, Шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті еді-ақ... ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара, осы, үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау, шіркін... Бұл күнде ондай қыз қайда. Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмайтынын да білмейсің, ешкіге құсап шошандап бір соқтығып жүргені. Заман бұзылған ғой...иә...

Осы күнгілердің бір тапқаны қызд оқыту керек дейді. Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы күнгінің оқыған он қызына бергісіз еді. Айнала айтқанда құдай сана берсін десейші...

Ол кезде менің жиырмаға жаңа келген кезім. Есімбектің үйіне көп

араласып жүрдім. Менің бір Базарбай дейтін інім сол Есімбектің қойын бақты. Өзі бала күнінде епті-ақ еді, былтыр қайтты. Сол баланың арқасында ерте барам, кеш қайтам. Жаз көбіне сонда болушы едім. Шұғаның сонда он алтыдағы кезі шығар, деймін. Елдің бозбалалары ертеңді-кеш қылжақтап сол ауылдан шықпайды. Ептеп сөз салдыратыны да болады. Бозбалалардың хатын таситын менің інім, Шұға біреуіне жауап қайырмайды.

Бозбалалар кейіп: байдың қызы болған соң іріленгені ғой, тәкәббар десуші еді.

Менімен құрдас біздің ауылда Кәрім деген бар. Сол уақытта да өзі есерсоқтау еді. Біз мазақ қыла беретінбіз. Шұғаға қылжақтайтынның біреуі сол. Бір күні бір жазған хаты менің қолыма түсті. Өлең жазған болыпты...

немене еді, тәйірі, соның өлеңі...

«...Қаладан алып келген боз белбеуім,
Болса да жаман, жақсы өз белбеуім.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен көз көргенім» -

деп жазыпты.

Бозбалаға ермек керек. Мазақ қылу үшін Шұғаның хаты қылып өлеңмен жазып Кәрімге тапсырдық. Кәрім ашып оқығанда төбесі көкке жеткендей болды.

Біздің сонда Шұға болып жазған өлеңіміз:

..Алаштан асып туған сымбатым-ай,

Базардың пұлы жетпес қымбатым-ай,
Арманым бұл жалғанда болмас еді,
Күн болса қосатұғын саған құдай.
Ой, алдай, қызық заман екен-ау, ә..

Шұғаның әке-шешесінің бір артық жері, он алтыға келгенше Шұғаны күйеуге бермейді. Осы күні байлар, қызы шырылдап жерге түсісімен біреудің малын алады ғой... Уақытында талай мырзалар айттырды, бәріне де нәсіп болмады. Ал жетер жердегі бай балалары мүлде түңіліп болды. «Есімбек қызының бағын байлады, Енді бұған тәуір күйеу кездеспейді» деп жұрт өсек қылып та жүрді. Ол әшейін бір сөз ғой, құдайдың жазуынан артық не болмақ...

Артынан есіттік, Есімбектің бермеудегі мәнісі, өзі жас кезінде Қали дейтін құрдасымен серт байласқан болса керек. «Бірімізде ұл, бірімізден қыз туса, еікеуіміз құда болайық» деп.

Сол сертін күтеді екен ғой... Иә...

Қамысақтының басына түсіп, азырақ кідіріп ер-тоқымымызды дұрыстап ерттеп, тағы да жүріп кеттік. Қаракерді бір-екі бауырлап алып жолдасым тағы сөзге кірісті.

III

...Ол кезде заман қандай, жер әдемі, мал көп...

Жазғытұрғы майдың айы бір бітер-бітпесте, шала-шарпы егін салып жайлауға жеткенше асығамыз... Бір жылы майдың 20-сы күні жайлауға

барып қондық. Жаңбыр көп. Шөптің шығысы да жақсы-ақ еді. Бозбаланың басы құралған соң ертеңді-кеш асыр салып ойнау, есі-дертіміз жаппас. Есімбектікі қашан келеді?.. Етке қашан тоямыз дейміз...

Бір күні бір қызойнаққа барып таң ата келе жатсам, ұйықтап қалған екенмін, әжем оятады:

- Жаппас келіп қонып жатыр. Базарбаймен көрісіп қарағымды сүйіп келдім,- дейді.

Жалма-жан тұра сала далаға шықсам, сәске түс болып күн ыси бастаған екен. Көлдің оң жақ беті жыбырлаған мал: қой, түйе... шоқиып-шоқиып жаппастың кішкене үйлері тұр. Көзімді ашып-жұма жөнелдім. Мен келсем менен әлдеқашан бұрын, жұрт жиналып қалған екен. Тоқты сойылып, қазан асылып, қайнап та жатыр.

Есімбектің үлкен үйі лық толған адам, қымыз ішіп әйдәй қызды-қызды болып жатыр екен. Мен тегіс араладым. Бір отауда Шұға кездесті. Көрісіп амандасқаннан көзімді ала алмадым. Апырым-ай, адамзатта ондай сұлу

болады екен-ау!.. Аққудың көгілдіріндей осы аппақ. Үстінде шетін кестелеген ақ көйлек, омырауын неше түрлі ілгіштермен безеп тастаған, қызыл пүліш қамзол, басында үкі таққан түлкі бөрік, өзі сұлу адамды мүлде одан жаман жандырып, құбылдырып тұрды. Маған қарап Шұға күлді.

- Мезгілімен келіп көрістіңіз-ау,- деді. Мен не айтарымды білмедім. Бұрын әзілдесіп сөйлесе беруші едім, бұл жерде тілім байланды.

- Мынау аттан түсіп жатқан кім?- деді Шұға. Артыма жалт қарасам, екі жігіт түсіп аттарын байлап жатыр екен. Біреуі орысшалау киінген Тани кеттім.

- Әбдірахман ғой, - дедім

- Әбдірахманың кім?

- Қазақбайдың баласы.

- Иә, әлгі учитель баласы ма?

- Иә.

- Жап-жас жігіт екен ғой, - деп бірер қарады да, Шұға отауға кіріп кетті.

Мен Әбдірахманға амандасып, үйге ертіп жүрдім. Отаудың сықырлауынан Шұғаның бізге сығалап қарап тұрғандығы білінді.

IV

...Сіз білмейсіз ғой...- деп жолдасым қаракерді шаужайлап қатарласты.

Сіз білмейсіз ғой... бізбен ағайын, жасы менімен түйдей құрдас Әбдірахман деген болды. Жасында болыстың үйінде бұзау бағып өсіпті. Ол уақытта болыстың үйінде ауылнай болатын. Балалармен араласып жүріп учительден оқып, төрт жылдан соң школды бітіріп шығыпты. Әбдірахман өзі айтатын: күндіз қозы мен бұзау бағам, кешке келгенімде учитель бір шын мұсылман жігіт еді, «байлардың балаларынан да маған сенің оқығаның керек қой» деп түннің бір талайына дейін оқытушы еді. Ақырында сол учительдің тырысуының арқасында школды бітірдім... Менің учительге өтеп бітіре алмастың борышым бар,- деді.

Әбдірахманның әкесі өте кедей болған адам. Ауылнай школынан шыққан

соң да, Әбдірахман малайлықтан құтыла алмады. Ақырында, он екі - он үштегі шамасы болса керек, тұрған байынан қашып дуанға барып, бір ноғайға жаз қызметке тұрып, қыс оқуға кірді. Бір екі жылға шейін жаз жалданумен болды. Берірек келген соң жаз байларда орысша бала оқытты.

Ақырында әйтеуір школды бітіріп шықты.

Әбдірахман школды бітіргенде дабысы жер жарды. Өте зерек болған ғой, учительдері де мақтаса керек. Дуандағы нәшәндік «тілмаш» бол деп өтінген екен, болмай елге келді. Нақ сол кезде болыстың песірі өліп песірсіз тұр еді. Әбдірахманға песір бол деп жабысты, оған да болмады. Жамантік болысын- дағы бір байдың школына барып бала оқытты. Содан бері қыс сонда бала оқытып, жаз елде болады. Сол жылы үйеннің бас кезінде келіп еді. Содан бері Әбдірахманды көргенім. Маған: «Маған көріспейсің бе» деп қалжыңдады. Әзілдесіп үйге кірдік. Төр алдында Қажыбай әңгімені кесілітіп отыр екен, бізді көрген соң жым болды.

Үй ішімен Әбдірахман тегіс амандасты, Есімбек бай онша жақсы көрмеген адамның қалыбын істеді.

Бұрынғы сөздерін тастай беріп «оқығандар анау, оқығандар мынау» болады деп шатпа тілге айналды. Мен ғажапқа қалдым. Артынан Әбдірахманнан себебін сұрасам, өткен жылы бұрынғы қалыбымен, күзгі астыққа бай киізін сатқанда, Әбдірахман тілін алар адамдардың біріне де алдырмапты: «Әзір асығып екі бағасына алғанша, астықтарыңды жиып алған соң шалқайып отырып жарты бағасына аласыңдар» деп. Әбдірахманның тілін алғандар бірталай пайда қылыпты. «Мені олжамнан қақты» деп байдың тырсыып отырғаны осы екен, бір сөзінің ретінде Әбдірахманға:

- Еліңді қыстан шығардың ба бала? - деді бай.

- Шүкір, шығардым, - деді Әбдірахман.

- Жарайды, жарайды, ел қамқоры болған соң солай болу керек, - деп сөзін доғарды.

Түс ауа берген мезгілде ет жеп болып, жұрт бет-бетіне тарай бастады.

Мен ауылға қайтқанда Әбдірахман Есімбектікінде қалыш қойып еді. Менің артымнан іле-шала келіп Есімбайдың үйіне түсіпті. Қымыз ішкен адам ұйықтап қалған екен, екінді әлетінде тұрып далаға шықсам ауылдың сыртындары белесте, ішінде Қажыбай, ақсақал бар, бірталай адам сөйлесіп отыр екен. Мен да келдім. Әңгіме Әбдірахман турасында екен, жақындап келгенімде-ақ «Әбдірахманның өзі шынымен бұзылған ғой» деген Қажыбай қарттың сәмпылдаған даусы құлағына сап ете қалды. Өзі сөзшең адам бірінен соң бірін тізбектетіп, не бар пәлені Әбдірахманның үстіне үйіп отыр. «Оларды мұсылман деуге болмайды. Айтатыны ылғи құдайға қарсылық сөз. Молдамен, хазіреттермен, ел бастаған басшылармен қас. Құдайдың барлығына шәк қылады. Байға мал жиып беріп отырған құдай емес, өзіміз дейді. Құдай сақтасын, шын болса осы әлгі қазақты шоқындыратындардан көп ақша алған дейді ғой. Нәшәндікке тілмәш болмай, болысқа песір болмай бала оқытуы да сол аздыру ретімен болса керек...

Шалдың сөзін онша ықыласпен тыңдай қойған адам көрінбейді. Жастар бір бөлек әзілдесіп отыр екен, мен де соларға қосылдым. Бәріміздің ермегіміз

Кәрім болды.

- Биыл Есімбектікі Қара құмды жайлап қалады деп еді, Кәрім үшін-ақ келген шығар,- деді бір жігіт.

- Сендер байқадыңдар ма, Кәрімді көрген сон Шұға бір түрлі құбылып кетті-ау,- деді бір қу жігіт.

Бұл екі арада қысты күні Шұғаны сағынып жүргендегі Кәрімнің шығарған өлеңі деп біреуі өлең айтты:

«...Мінгенім астымдағы күрең дөнен,
Қашады таудан түлкі сүмендеген,
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айырылып, қалқам, сенен жүрем деген...»

Жұрт ду күлді. Кәрім ашуланып кетіп қалды. Мен тұрып Беркімбайдың үйіне бардым. Әбдірахман шынтақтап домбыра тартып жатыр екен.

- Жоғары шық,- деді.

Әзілдесіп отырдық. Көп ұзамай әңгіме Шұғаға көшті. Әбдірахманның ойын білу үшін, мен - Шұға қалай екен көрдің бе? - дедім. Әбдірахман күлімсіреді.

- Көрейін деп барып едім, көре алмадым, - деді.

- Иә, сен атыңды байлап жатқанда отаудың есігінің алдында тұр еді ғой.

Сыртынан көрген көрген бола ма, ауызба ауыз сөйлеспеген соң.

- Ендеше бүгін алтыбақан құрады. Ауызба-ауыз сөйлесем десең сонда бар.

- Шын айтасың ба?- деп Әбдірахман басын көтеріп алды.

- Есімбектің келіндерімен қалжыңдасып сұрағанында, кешке алтыбақан құрамыз десіп еді,- деп анығын айттым.

- Бәтір-еке, барайық,- деді.

Замандастың тілін кім аламайды, мен ертіп бармақ болдым.

VI

...Сізден несін жасырайын, - деді жолдасым: сізден несін жасырайын, өздеріңнің бастарында да бар нәрсе ғой.. жастық не қылғызбайды. Уақытында бәрі қызық. Есімбектің үш баласы үйленген. Біреуі бойдақ еді. Ең кіші келіні Зәйкүл мына тама Қаражаудың қызы еді. Заманында дүниені кешкен адам. Өзі де ажарлы, бозбала сүйетін қызыл шырайлы еді. Азырақ мінезінің жеңілдігі болмаса, ақылға да жақсы еді. Күйеуі Ыбырай Есімбектің балаларының ішіндегі момыны үн жоқ, түн жоқ ертеңді-кеш мал соңында жүреді де қояды. Күйеуінің қалпы+ оң жақта жүргенде-ақ сезіп, Зәйгүл бұзыла бастаған. Өздерімен бір жамағайын Сеіт дегенмен көңіл қосып, шығамын деп жүргенінде елі сезіп қалып, жібермеген. Ол кездегі болыс Құрман Есімбектің туған құдасы. Есімбектің жесірі кетсе, «қыпшақпын» деп қанға тарту жоқ - Құрман жаппастың арын арлап тұрған. Болыстың ызғарының күштілігінен Қаржау - қабыл-құбыл Есімбекке хабар тигізіп, аман-есенінде қолына берген.

Зәйкүл ұзатылып келген соң көпке шейін кетемін деп жүрді. Бірақ кете алмады. Айтқан сөзінен табылып, көңіліндегі мүддесін орнына келтіретін

жігіт сирек қой. Шынында Зәйкүлге тең жігіт табылмады.

Сізден несін жасырайын... ертеңді-кеш үйінен шықпаған соң мен

313

Есімбектің үйінің бір адамы құсап кеттім. Жүріс-тұрысымда ешбір ерсілік болмайды. Ақырында Зәйкүлмен жақындасып көңіл қостым. Бойдақ кезім ғой, ол «тиемін» деді, мен «аламын» дедім. Бұл сөз алғашқы кезінде бір-бірімізді жақындастыруға дәнекер есебінде болды. Шынына қалғанда

екеумізде де ойнап күлгеннен басқа ескі сөзді, уәдені қозғайтын ой жоқ еді. Ойдың болуы да мүмкін емес - Есімбек бай, мен кедей, келінін тартып алсам, ертеңгі күні жанымды аспанға шығарады. Кедейлік не қылмады!.. Зәйкүл сөзшең қатын еді. Кей кездерде мені қалжындап өлең айтады:

«...Қасымжан, серт байласқан сен емес пе ең,
Ұстаған етегіңнен мен емес пе ем,
Болса да не қиындық басты тартпас,
Жүретін қол ұстасып тең емес пе ең...»

Мен өлең шығара алмаймын. Ауылда Төкей дейтін бар-ды, өзімнің өлеңім қылып соған өлең шығартып алдым:

«...Деген соң сұлу Зәйкүл, сұлу Зәйкүл,
Айтуға сымбатыңды жетпейді тіл.
Басымды тау мен тасқа ұрсам-дағы
Ешбір іс ретіне келмей-ақ жүр...»

Уай, дариға, талай қызықтар бастан өткен екен-әу!

VII

...Ас-су ішіп Әбдірахман екеуіміз үйден шыққанда елдің алды жата бастап еді. Түн тастай қараңғы. Аяңдап келе жатырмыз. Есімбектің ауылының сырты ызы-шу, қым-қуыт, Әбдірахман жылдамдай басып менің алдымды орай береді. Біртіндеп жақындаған сайын асыр салып ойнаған балалардың, әзілдесіп ойнап күлген қыз-қатындардың дауыстары айқындала береді. Әлдекімнің арт жағымыздан сыңқылдап күлген даусы естілгендей болды. Әбдірахманды иығынан тартып тоқтатып, күтуге айналдық. Қараңдаған екі-үш адамның бойы көрінді.

- Қойшы қарағым, әурелемеші!

Біреу дауыстаңқырап:

- Қалқажан! - деді.

- Менің манағы айтқаным бола ма? Қыз күлді:

- Жарар, болады...

Жақындап қалды. Дауыс таныс - Айнабайдың қызы. Ауылы Есімбек пен біздің ауылымыздың орталығында, он шақты үйлі керей. Біз ауылының тұсынан өткенде қатындарының дабырлап жүргендері білініп еді.

- Күлзипа келеді, - деп мен күлдім. Әбдірахманның Күлзипа десең шамы.

Ағайын арасында аз үйлі керей болғанмен Айнабай деген бірді-бірге соғып, екі елдің арасына от салып тұтандырып жүретін бір қызыл кезді бәле. Ел ішінде Айнабайдың істемеген бұзықтығы жоқ. Анау-мынау адамдар өзінен сескенетін де еді. Қызы Күлзипа сонда 17 шамасында шығар деймін.

Орта бойлы, қара сұрлау, тік қабақ, сұстанқырап тұратын адам еді. Айнабай өзі кедей уақытында күйеуге беріп, соңғы кезде шел бітіп тәуірленген соң айырғысы келетін. Ел ішінде көзге түсетін жігіт ол кездө Әбдірахман. Айнабай өзі ат арқасына мініп жүрген соң қызын тәуір жігітке бергісі келіп, Әбдірахманнан үміттенген: «...Әбдірахманның жайына қараймын ғой. Азын-аулақ мал берсе де үйлесер едік...» деп айтады-мыс Деген сөз қашып жүрді.

Жеңіл ауыз қатындар Әбдірахман ауылына келсе, «күйеу» деп мазасын алады. Жалпы жұрт - Күлзипаны Әбдірахман қайтсе де алады деп өздерінше сөзді біткенге есептейді. Сол жылы қыс Әбдірахманның әкесі шөп іздеп жүріп Айнабайдың үйіне келсе, Айнабайдың қатыны қос қазыны бұзбастан салып етпен сыйлап, ақысыз-пұлсыз бір шана шөп беріп жібереді. Айнабайдың қызының ержеткендігіне және дәулетіне қызығып, Әбдірахманның әкесі құда болуға өте құмарланады. Бірақ Әбдірахман ұнатпайды: «Тіпті сүймеймін, сүймеген адамды не қып аламын» дейді - Әбдірахманның бұл сырын заман құрбысынан басқа ешкім сезбейтін еді... Әлдеқалай бір жерде кездесе қалса, Күлзипа ұялып қызарып, тәңірге жазады да қалады.

Күлзипа екенін білген соң Әбдірахман жүруге ыңғайланса да, мен жібермедім, қалжыңдасып барғанды жақсы көрдім.

Дабырласып сөйлескен күйлерімен бізге төніп келді де, бір келіншек:

- Ибәйі, көтек, мал десек адам екен ғой,— деді

- Одағайлап шеттей бастады.

Маржанбикемісің, бері кел,- дедім.

- Мұнысы кім, мені таниды ғой...

- Бар, кім екен, - деді Күлзипа.

Әбдірахман жүре берді. Мен олардың жанына бардым.

- Анауың кім?- десті.

- Әбдірахман.

- Күйеу екен ғой, бізден неге қашты, - деп Маржанбике күле сөйледі.

Күлзипа тәлімсіп жеңгесінің құлағына сыбырлап, сықылдап күлісті. Аяндай басып Әбдірахманның артынан жеттік. Бізбен жұмысы жоқ, есідерті алтыбақанда.

- Амансыздар ма,- дегеннен басқа ешнәрсе айтпады. Күлзипа сызылып жеңгесінің артына таман жүріп отырды.

Алтыбақанға жақындады. Сөйлеген сөз, ойнаған ойын, қараңдаған адам - бәрі де анық көріне бастады. Нақ біздің келуімізді күткендей екі қыз арқанға асылып ырғалып ән салды.

- Шұға, құдашаларың әнді бастады, - деді Маржанбике. Нақ сол минутта шыққан ән шынында Шұғадан басқаға лайықты емес еді. Сондағы айтқан өлеңі әлі құлағымда.

«...Не мұндық бұл дүниедө қыздар мұндық,
Атадан болып мұндық неге тудық.
Атадан мұндық болып тумас едік,
Бұрынғы ата-баба жолын қудық..»

VIII

«...Жас кездегінің бәрі қызық ғой, әсіресе, сол Әбдірахманмен бірге ойында болған түн менің әлі күнгі әсімнен қалмайды; бір түрлі көз алдымда елестейді де тұрады.

Біз келгенде ойын жаңа басталған екен. Шұғалар өлеңдерін тоқтатып, арқаннан түсті. Жай әзілмен көп уақыт оздырдық. Домбыра алдырып Әбдірахман ән салды. Бишара, жігіт еді ғой. Ондай ойындарда бір түрлі ұстайтын арқасы бар еді. Өлеңді түйдектетіп үзбестен соқты. Жұрттың бәрі Әбдірахманның аузына қарады. Жатып қалған бірен-саран кемпірлер шапандарын жамылып келіп өлең тыңдасты. Ойын-күлкінің қызығымен таң атқанын да білмей қалдық. Жұрт біртіндеп ыдырай бастады. Маржанбике

маған жақынданқырап сығбырлап:

- Қайтпайсындар ма? - деді.

- Жұр, қалқажан,- деп Күлзипаны ертіп, о да жөнелді. Уақ-түйек балалар, Шұғаның жеңгесінен басқаның бәрі кетіп бітуге айналды.

Шұға жәй сөйлескені болмаса, Әбдірахманмен онша ежіл-қожыл бола алмады. Мен Зәйкүлмен сөйлесіп, Әбдірахманның Шұғаға ынтықтығын айттым.

- Қайдан білейін, оқыған жігіт қой. Оқығандығына қызықпаса, бұрын мұның әкесіндей жігіттерге де барған жоқ еді... мен қолымнан келгенін аямайын, - деп күлді.

- Жеңеше, кайтамыз ба? - деді Шұға.

- Неге асықтыңыз?- деп Әбдірахман жанына жақындады. Біз қашырырақ отыр едік. Күбірлесіп сөйлесті. Оқта-санда Әбдірахманның «жас жүрек...» деген дауысы естіледі. Өлде не уақытта Әбдірахман:

- Қош болыңыз,- деді.

Жалт қарасам, Шұға үйіне қарай кетіп бара жатыр екен.

- «Тентекжан-ау, мені тастап бара жатқаның ба», - деп Зәйкүлде тұра жөнелді.

IX

...Әбдірахман ойыннан көңілсіздеу болып қайтты, Шұғамен сөйлескен сөзін, жай-күйін айтып мұңаяды.

- Осы менің кедейлігім-ау, бай баласы болсам, Шұға сөзсіз қабыл етер еді, - деді.

Әзілдесіп тұрып Әбдірахман көңілін білдірсе, Шұға түсінбегенге салыныпты. Салған жерден бола қоймады деген мұныкі де тентектік қой...

Қалтасынан бір бүктеулі қағазды алды да:

- Мына хатты Шұғаға жазып отырмын. Менің ойым, Шұғамен көңіл қоссам, алып қашып кету еді. Болмаса, мың жылда Есімбек маған қызын бермейді де, және оған беретін менде мал да жоқ. Не жауап қайтаратынын қайдан білейін, - деп күрсінді. Ажарында бір түрлі кейістік бар еді. Хатты ашып оқыды. Құдай берген өлеңді аясын ба, ұзыннан ұзақ жазған. Сондағы Шұғаға жазған хаты:

«...Сіз бір айсыз нұрландырған аспанды,
Буландырған, уландырған жас жанды.
Біз бір ғаріп паналаған саянда.
Жас жүректе мықты жара басталды,

Кірді нұрың отты жақты ішіме,
Көтерем, деп сене алмаймын күшіме,
Бірінші зар шықты тілден мұңданып,
Бұдан бұрын айтылмаған кісіге.
Жас жүректің жалқынды көп тілегі
Жарамдысын сізден қалап тіледі,
Өзіріне үміт қаптың тауындай,
Жазмыс түрін жауап қайтса біледі.
Минут, сағат, күндік, айлық қол емес,
Тілейтінім, жүдейтінім ол емес.
Көрсен қызар, антын бұзар қылжақбас,
Тұрлауы жоқ әсіре қызыл мен емес.
Жас өмірге жара шықты тұр қандай?
Қызғылықты келешекте күн қандай?
Бір көргенде сиқырланып ақыл-ой!
Бал сөзіңе қалды ынтам бір қанбай.
Қырық бүктеліп келсе хатың тұмардай
Жылы жүзбен көңілді жай қылардай.
«Болад» деген жалғыз ауыз сөз тапсам,
Көңіліме сақтар едім құрандай...»

Түсте қойдан келгенде Базарбайды шақыртып алып хатты бердік. Шұға жауап жазса тоқтаусыз әкеліп жеткіз дедік.

Әлі есімде. Біздің үйдің сыртында бір кішкене көгал бар-ды. Ауылға келген қонақтың бәрі ат арқандап шалғынын жапырып тастаған. Көгалдың түстік жағында ыстықпен шыбындап жатқан қойлар. Бірен-саран кісілер шыжыған ыстыққа қарамай қойын құрттап, жабағысын қырқып жатыр...

Әбдірахман қайда кеткен деп іздеп жүрсем, қойдың қотанының жел жағында шалғынға бауырын төсеп, көгалдың ортасында жатыр. Қасына келіп:

- Батыр-ау, мұның не? - дедім.

- Қайтейін, үйде отырғым келмеген соң жатқаным ғой, - деді.

Бір түрді қалың ойға шомып, екі көзі елдің сыртында, бірдемені күткен адам секілді. Не күткені белгілі - Базарбайдың келуі. Шұғаның хатты қалай қарсы алары белгісіз. Бұрынғы қалпын істесе, оқымастан жыртып тастайды». Оны Әбдірахманның өзі де сезетін. Хат жіберуге екі оқты болған соң, мен демеп жібергем, өйткені - ойында оңаша сөйлескенімде: «Атаққа шыққан жігіт қой, хат жазып көрсін, онша теріске кетпес» деп Зәйкүлдің айтқаны бар-ды. Жаңа бір сөзінің ретінде «тентекжан осы жігітті аузынан

тастамайды» деп сездіріп еді. Әйел жайын әйел біледі ғой. Әрі сырлас жеңгесі, бір амалын табар деп мен Зәйкүлге сеніп едім.

Әбдірахман көпке шейін үндемей жатты. Күн ыстық. Жұрттың бәрі көлеңкеде... мен сөз бастадым:

- Шұға қайтер екен.

- Қайдан білейін, - деді. Күрсінді. Үміт аралас уайым көз жанарында ойнап тұрды.

Біз орнымыздан тұра бергенде Есімбектің ауыл жағынан жүгіре басып келе жатқан Базарбай да көрінді. Әбдірахман дәйек тұтып тұра алмады. Жақындаған сайын Базарбайдың бет-ажарына қараймыз... Арсалаңдап күліп жетіп, етігінің қонышынан бір жапырақ қағазды шығарып Әбдірахманға берді. Қолы дірілдеп Әбдірахман ашып оқыды:

«Құрматлу мырза Әбдірахманға сәлем соңында айтарымыз: хатыңызды алдық, қазір пәлендей жауап бере алмаймыз, айыпқа бұйырмаңыз. Жазушы Шұға».

Әбдірахман тұнжырап отыра кетті, баладан ауыз екі сұрай бастадық:

- Үлкен үйінде отыр екен, жеңешем шақырады деп далаға шығарып алып хатты ұстата беріп едім, «қағыңғыр мұның не?» - деді.

- Оқысаң білесің,- деп едім, бетіме қарап жымыып күлді де, ашып оқыды. Сосын қалтасына салып отауға барды. Мен қалмадым. «Қағыңғыр кетсейші, жұрттың хатын тасып осы сен-ақ мазамды алдың ғой» деп тағы күлімсіреді. Бұрын хат бергенімде ашуланып жыртып, бір-екі күнге дейін маған қымыз бергізбей жүретін. Бұл жолы ондай ашу шақырмаған соң дәмеленіп, «апа-еке, жауап жазып берсейші, ешкімге сездірместен апарып берейін» деп жалындым... Кішкене отырды да, осы қағазды жазып берді, - деді Базарбай.

Хатында ашық жауап бермесе де, баланың айтуымен Шұғаның ыңғайын байқадым.

- Енді Шұға құтылмайды,- дедім. Әбдірахманның ажары кіріңкірейін деді...

X

...Хат жазысқан соң, көп ұзамай-ақ, Әбдірахман Шұғамен жақындасып кетті. Бірін-бірі сүйгендігі сондай, аз уақыт көрмесе, ынтық болып өле жаздаушы еді. Екеуі де менен сырын жасырмайды. Есімбектікіне қымыз іше қыдырып барсам, Шұға жайраңдап қоя береді. Оңаша жер болса сұрайтыны Әбдірахман.

- Жолдасың қайда? - дейді.

Өне бойы бір елде жата беру оңай ма? Еліне кетіп Әбдірахман он шақты күн кешіксе, Шұға мазамды алады.

- Не ғып келмей жатыр, хабар білдің бе, аман ба екен? - деп.

Әбдірахман мен Шұғаның арасындағы сүйіспендік бірден бірге жайылып, бүкіл ел хабарланды. Жалпы жұрт пәлен демегенмен Айнабай тыныш қалмады. Шұға мен Әбдірахманның көңіл қосқан қалпын есіткенде Күлзипа жылапты деп қатындар өсек қылып жүрді. Үміттеніп жүрген адамы қызын

менсібей тастап кеткен соң Айнабай не қыларын білмей Есімбекке хабар тигізіпті, қызы бұзылды, Әбдірахманмен бір күні кетейін деп жүр, - деп.

Есімбектің үй іші естіп бұлан-талан болыпты. Шұға не қыла қойсын; таздың ашуын тырнадан алып Базарбайды айдап шығарып жібереді. Мені үйдің маңайына жуытпады. «Көптен көрші болған ел едік, арамызға салқындық түсірме...» деп шалдар үгіттеп Әбдірахманды жолынан тайдырмақ болды. Әбдірахман бәріне де:

- Шұға айныса амалым жоқ. Егер Шұға сөзіне тұратын болса не қиындық болса да көрем. Алмай тынбаймын деумен болды.

- Орысша оқыған дінсіз неме, көптің сөзін аяқ асты қылды, - деп шалдар Есімбектің жағында болды. Әбдірахманды қорғайтын кілең жастар, жататыны біздің үй. Жұртта да дін жоқ қой, «ақсақалдарға қарсы болған адамды үйіне сақтады деп, менің басымды іске байлады. Есімбектің жоғалған атын мен ұрлады қылып, бір бұзаулы сиырымды төлеуге әперді. Көпке топырақ шашасың ба, құдайдың салғанына көндік те отырдық.

Көптің талқысы қиын ғой. Соңғы кездерде қорқытайын деді. Есімбектің балалары бірнеше бозбалалармен түн болса бізді аңдитын болды. Қолдарына түссек жоқ қылып жіберуі шексіз еді.

Бұрынғыдан гөрі қатынау сирей бастады. Шұғаны сағынғанда Әбдірахман өлең айтатын болды:

«...Жаным сүйіп жарым деп сеніп едім,
Құрбандыққа басымды беріп едім.
Айтылған сөз, уәде сертім үшін
Ат сабылтып, Шұғажан, келіп едім.
Бұрын жақын ауылың алыстады,
Аңдып жүрген бір дұшпан қалыспады
Екеумізді ынтық қып екі жақта
Тағдырдың неге мұнша қарысқаны!..»

XI

...Айнабай Есімбекті құтыртқанымен қанағаттанбай Әбдірахманды басқа жөнмен мүдіртуге де кіріскен, «түріктерге жасырын ақша жиып жүр...» деп Әбдірахманның үстінен арыз беріп жүр деген еміс-еміс хабарды есітіп шошынып жүрдік. Әбдірахман ойына ешнәрсе де алмады, біздің үйде жатты да қойды. Ертеңді-кеш азабы Шұғаға қалай жолығу, қалай сөйлесу... Бұрынғыдай хатын таситын Базарбай да жоқ, Зәйкүлді екі бастан көре алмаймыз, әй, қиын-ақ болды-ау...

Бір күні кешке жақын ауылдың сыртында белеске шығып отырдық. Бетіміз Есімбектің ауыл жағында, көз ұшында бұлдырап көрінген адамдардың әйел екенін, еркек екенін айыра алмаймыз. Есімбектің үйі ауылдың орталығында. Сол маңайда жүрген адам Әбдірахманға Шұға болып көрінеді... Екеумізде үн жоқ, ол Шұғаны, мен Зәйкүлді сағынам... Ұзамай өрістегі сиырлар жыбырлап елге қайта бастады. Жаппастардың маңайы лек-лек болып түйемен толды.

Ауыл іші ық-жың дауыс - маңыраған қой, мөңірегген сиыр, шұрқыраған жылқы. Ағытқан құлындар ойнақтап, шаң аспанға шықты... Бәрін де көрдік.

Біріне де көңіл бөлгеніміз жоқ. Ой басқа.

Әбдірахман сөз бастап:

- Шұғадан бүгін хат алдым-ау, — деді.

- Не жазыпты?

- Сағындым депті. Үйдің ішінің бәрі де қас көрінеді. «Басым қатты ғой, құтылудың амалы не» депті.

- Жаздым. Кетейік, - дедім. Хатты жіберетін адам табылмайды ғой, егер анық уәдесін алсам, ұзамай кетер едік.

Біздің әңгімеміз аяқтала бергенде, екі ауылдың ортасындағы ағытқан қалың жылқының арасынан жіңішке жолмен шаңдатып бір пар атты шыға келді. Жүрісі қатты, асығыс адам секілді. Арт жағында жалбандап шоқытып келе жатқан бір салт аттысы бар. Біз сөзді қойып арбалыға қарадық. Жақындаған сайын адамы айқындалды.

Біреуі орыс секілді, менің жүрегім тас төбеме шықты. Қалтырап кеттім. Далада отырғанша үйге барайық, деп едім, жоқтан қорқасың-ау, деп Әбдірахман күлді.

Арбалы ауылға төніп келіп біздің үйге бұрылды. Көшірі бір жас жігіт. Қатар отырған екеудің біреуі орыс.

- Құдай ұрған шығар, - дедім.

Әбдірахман да сұрланыңқырап кетті. Аңдап үйге қарай жүрдік. Орысы қарғып түсіп «осы ма» деген адамға ұқсап бізге қарсы тұра қалды.

- Әбдірахман кім?

- Мен.

- Әйда, киін, болысқа барамыз, - деді орыс. Стражник екен. Мойнында қылышы, маңдайында жарқырауығы бар.

- Мені қайтесің? - деді Әбдірахман.

- Мен білмеймін, пристоп шақырады. Қарсыласар дәрмен жоқ, естен танып қалдық. Жалмажан атты жектіріп мен алып жүрмек болдым. Ауылдың сексендегі шалы, сегіздегі баласына шейін жиылды, бәрі де тамаша көрді... әй, жұртта да дін жоқ-ау!.. Менің әжем Әбдірахман үшін ботадай боздап жылап жүргенде, айызы қаңған адамша табалап насаттанып тұрғандары болды... Есімді білген соң Әбдірахманға біраз жолдас болдым ғой, құдай біледі, қазақ баласына инедей қиянаты жоқ еді. Қадір білетін жұрт қайда?

XII

...Күн бата ауылдан шықтық. Біздің де жеккеніміз пар ат. Делбегені өзім ұстадым. Жол Есімбектің ауылының үстінен баса жүреді. Қатты шыққан қарқынымызбен келіп қалдық. Әбдірахманның екі көзі алдында. Алдымызда жүз саржын шамасында Есімбектің үйі тұр, бірақ Шұға көрінбейді. Шіркін-ай, сүйіспендік те қиын ғой.

Жаңа жеккен ат басымен алысады. Енді кішкене жүрсек, өтіп те кетеміз.

320

Бірақ өткіміз келмейді. Аттың басын тежей берем. Кім біледі бұдан кетсе Әбдірахман Шұғаны мәңгі көре алмас, яки көрсе де біраз уақыт сағынуға тура келер деген ой елестейді. Бірімізге біріміз сөйлеспесек те біріміздің

ойлағанмызды екіншіміз біліп келеміз... Бұрын түнде барғанда маңынан жүргізбейтін Есімбектің аю төбеттері үріп алдымыздан шықты. Есіктің алдында бірталай адам жағалай отырып, көздері бізде. Әңгімені соғып отыр. Кім біледі, әлде бізді мазақ қылып отыр ма?!..

Басына кимешек киген Шұғаның үлкен жеңгесі қараша үйдің белдеуіне ботаны байлап түйе сауып жатыр. Үлкен үй мен отаудың арасында бәйбіше теңселіп жүр. Бәрі де маған қуанышты секілді көрінді. Біздің кетіп бара жатқанымызға таңырқаған ешкім жоқ секілді, ұсталып айдалатынын әлдеқашан бәрі де біліп қойған тәрізді. Бәрі де күліп жүр, бәрі де босып жүр...

Бірақ Шұға жоқ...

Әбдірахман кенет:

— Айда!—деді.

Ат тоқтауға айналған екен. Делбені жиыңқырап ұстап, айдай бергенімде ауылдың сырт жағындағы құдықтан келе жатқан екі әйел көрінді. Біреуі Шұға! Апырым-ай, жаман қуандым. Көзімнен жас шығып кетті. Қатарласып келгенімізде бізді танып екеуі де сұстиып тұра қалды. Зәйкүлдің иығында шелек, Шұға жанында бос еріп келе жатыр екен. Әбдірахман арбадан қарғып түсіп жүгірді. Құшақтар, сүйер деп едім, өйтпеді, жұрттың бәрі самсап қарап тұрған соң ибалық қылды білем... бекер ұялды, құшақтау керек еді, сүю керек еді!

- Апырым-ай! Қайда барасыңдар? - деді Шұға.

- Болысқа айдап барады, - деді Әбдірахман. Шұғаның көзінен жас мөлдіреп қоя берді. Арбаның үстіндегі мен де еріксіз жыладым. Зәйкүл шіркін қорқақтау еді, жалтаң-жалтаң қарады да:

- Ойбай, Тентекжан-ау, ауылдың адамдары жүгіріп келеді, - деп шелегін жерден көтеріп-ақ алды.

Айрылмай амал жоқ екенін екеуі де сезеді. Бірінің көзіне бірі қарап қатты да қалды... Арт жағымызда айқай-ұйқай, боқтау, жүгірген адамның аяғының дыбысы. Алдымызда біраз жер барып тоқтап бізді күтіп стражник ойбай салып жатыр.

- Әбдірахман!

- Қош!- деді.

Теңселіп келіп арбаға мінді. Көзінің жасы мөлдіреп ағып бетін жуып кетті. Біз атты айдай бергенде қарлыққан дауыспен:

- Қош қалқам, қалқам!..- деді Шұға.

- Кемсендеп жылап отыра кетті.

XIII

...Әбдірахманды пристоп дуанға алып кетті. Мен жылап-жылап қайттым. Жанымда Шұғаға тапсыр деген хаты бар. Елге келгеніме 5-6 күн болса да, ретін тауып бере алмадым.

Біз елден кететін күні, кешке жақын далада сөйлескенді шам көріп Есімбек Шұғаны жаман сөгіпті. Ағалары да өте қатаңдық қылған білем. Содан бері Шұға жылауда, тамақпен жұмысы жоқ десіп жүрді. Бірер күннен соң «Шұға ауру екен, төсек тартып жатып алыпты» дегенді есіттім. Ауыл арасы жақын

болғанмен бұрынғыдай барып сөйлесетін күн жоқ. Жасырынып жүріп Әбдірахманның хатын Шұғаға зорға тапсырдым.

Шұға шын ауруға айналған соң Есімбек жұмсайын деді, бақсы-бәлгер алдырып ем қылдырып еді, жазылмады, науқасы күннен күнге үдеп есінен танып сандырақтауға айналған: сандырақтағандағы айтатыны Әбдірахман болған.

Былғаңдап өскен жалғыз қыз былай болған соң бәйбіше үйінің ішін үгіттеп, Шұғаны өлімнен құтқармақ болысады. Ол емі Әбдірахманды ел болып ақтап алып, той кылып екі жасты қосу. Балаға деген мейірімшілік Есімбекке мұны да еріксіз істетпек болды. Ағайын туғандарымен ақылдасып, болыстан өтініп Әбдірахманды қайтартпақ болды. Мұның теріс деп ешкім Есімбекке айта алмады.

Маған да еркіншілік болуға айналды,

Шұға шақырады деп бүр күні Есімбектің түйешісі келді, Төбем көкке тиердей болып қуандым. Келдім. Үлкен үйінде, кілемнің іргесін түргізіп, Шұға жатыр екен. Маған көзі түсіп кетіп қамықты.

- Қарағым, деп шешесі бетінен сүйіп, Шұғаның көзіндегі жасты орамалмен сүртіп алды.

- Жылама, қарағым, бір сенің ризалығың үшін әкеңнен есітпеген сөзім жоқ. Қайтейін билік менің қолымда болса, бұл күйге я түсер ең, я түспес едің...

Бәйбіше де қамықты, Үйде басқа адам жоқ еді. Шұға шешесіне:

- Әже,- деді.

- Әу, қарағым.

- Мені оңаша қалдыршы.

- Қалдырайын, қарағым, - деп бәйбіше шығып кетті. Мен Шұғаға жақындадым.

- Жайың қалай? Тәуірмісің, - дедім.

- Тәуір емеспін, - деді. Көзіме көзі түсіп кетіп, қамықандай болды... - Тәуір емеспін... Тәуір болуды тілемеймін де... Сәлем айт...- деді. Жылап қоя берді. Жастығының астына тығулы орамалмен көзін сүртті.

- Тірі келсе көресің ғой, бірақ мен... Тығылған жасқа булығып сөзін айта алмады.

- Құдай жазған болса бәріміз де көреміз. Ажарыңыз тәуір ғой, жазыларсыз,- дедім.

- Жазылып керегі не? Бәрі бір мен бақытты бола алмаймын. Әкем аяса, менің дертім жаныма батқан соң аяп отыр. Ертең сауықсам қайта күйсеуден тайынбайды. Өлем деп арман қылмаймын, жалғыз-ақ арманым бар. - Түнеугі көргенде Әбдірахман бірауыз сөз айта білмеді. Бір көріп сөйлесіп, жаным шығарда, «Шұғам!» деп бетіме бетін тигізсе, бар арманым бітіп, дүниеден армансыз өтер ем... әй, ол жоқ қой! - деді.

Ауыр күрсінді.

Кешке шейін отырып мен елге қайттым.

Мен үйге келсем Әбдірахманның қаладан келгенін естіп үйдің іші қуанып отыр екен. Шұғаның халын көріп қайғырып қайтсам, Әбдірахманның

келгенін есіткен соң тасып кеттім. Менің қуануым ынтық болып жатқан Шұғаға Әбдірахманды әкеліп бір көрсету еді. Атқа міне салып барсам ол ел де қуанышты екен, сөйлескеннен-ақ Әбдірахман Шұғаны сұрады. Ауруын

бұрын да есіткен екен. Мен - «тәуір» деп көңілін жұбаттым. Түнімен ұйқы көрмеді. Ертеңіне жылқы келе атты ерттеп мініп біздің елге асықты. Желе шоқытып келе жатырмыз. Күн аптап ыстық-ақ. Ол қуанышты, қайдағы жоқты айтып мені күлдірумен болды.

Айдалып бара жатқанда Шұғаға шығарған өлеңім еді деп ән салды:

«...Жүзі құбыла, сөзі құран Шұғамның,
Бір Шұға үшін жанды құрбан қыламын.
Кетерімде арманда боп сүйе алмай,
Еңіреп жылап «қалқам», деді-ау шырағым!..»

Біз ауылға жеткенде Беркімбайдың үйінің қасы лық толған адам екен. Атты байлап Әбдірахманды үйге кіргіздім де, неге жиналып тұрғандарын білейін деп аяндап кісілерге қарай жүрдім. Жақындай бергенімде бір салт атты шоқытып келді де, айқайлап бірдеме айтып кейін жүріп кетті. Не айтқанын есіте алмадым. Бірақ әлденеге жүрегім тітіркенді. Бойым мұздады... Жүгіре басып жандарына келгенімде «Құдай рахмет етсін!..» деп беттерін сыйпап бата қылысты. Мен аң-таң болдым. Айтбай маған қарап:

- Есіттің бе, Шұға қайтыпты-ау, - деді. Суық суды төбемнен құйып жібергендей болды. Тұрған орнымда қаттым да қалдым. Жиылған жұрттың бәрі де бастарын шайқасты.

- Өй, Шұға десе, Шұға еді-ау... десті.

Ауылдың адамдары жиылған қалпымен келіп Әбдірахманға естіртті. Әбдірахман жыламады, сұп-сұр болып қатты да қалды. Бәріміз де көңіл айтқан болдық...

Шұғаның өлген орнын көру Әбдірахманға мақсұт болды. Жұрттың «өлді» дегеніне нанбағандай болды. Бәріміз келдік.

Есімбектің үйі ызы-шу, қым-қуыт екен. Келе жатқан көп адамды көрген соң келіндері далаға шықты. Көздері қып-қызыл. Зәйкүл ымдап шақырды. Қалтасынан алып бір қағазды ұсынды. Хат екенін білдім. Жүрегім елжіреп жылап жібердім. Әбдірахман да сезіп тұр екен, оңашарақ шығып оқыдық. Әбдірахманның көзінің жасы сорғалап хатқа тамумен болды.

Сондағы Шұғаның өлерде жазған хаты:

«...Әуре боп неге біткен ажар-көрік,
Ішіңе от түсірдің қалқам көріп.
Гүлдену жас өмірді мақсұт боп ед,
Серттесіп, қол алысып, уәде беріп.
Жолыңа құрбан қып ем жан мен тәнді,
Дариға, айтылған серт болмай қалды.
Көре алмай ақтық минут дидарыңды,
Арманда жан тапсырған мен бір зарлы!..»

Хаты деп ақтық жазған ғашық жардың,

Есіңе ал дұғаңа мен ынтазармын.
Қош сау бол, ойнап-күліп жолығармыз,
Астында ақ туының пайғамбардың

Шұғаның сүйегін бұрынғы ескі қорымдарына қоймақ болып, Есімбек көшін түйеге теңдеп жөнелді. Келер жыл «өгіз сойғанның» басына келіп қосан соң ел жиып асын берді. Сонда тұрғызған белгі еді...» - деп сөзін бітірді.

Әңгіменің қызығына түскен соң қаракер бесті қамшыдан құтылып жолы болып келе жатыр еді. Бір-екі тебініп шаужайлап қатарласты. Алдымыздағы белеске шыққанда үлкен көлдің аңғары көрініп, құбыла жағында бір обашық мұнарланды.

- Әне, - деді жолдасым: - әне, Шұғаның белгісі көрінді... өй, өзі де Шұға десе Шұға еді-ау!.. деп қойды,

1915 ж

Салахидден Сарталиев

Мақтым

(х и к а я)

Пішен шабылып болып, енді қыстау басына қонатын заман. Күн де шығармақ, әсем еді.

Мақтым бүгін күндегідей емес, көңілі көтеріңкі сергек еді. Ол өзінің неше күннен бері ойлап жүрген ойының түбіне бүгін жетіп, өзінің өмірлік жолдасына жолығып, ішіндегі сырын сөйлеп, көңілін тындырмақ болып қуанышты еді. Сол уақытта есіктен сәлем беріп Қапаш келді. Онымен бірге сырттан Мақтымның шешесі де келіп, аман сау сұрасқасын Қапашқа:

– Ойын жасайсындар ма? – деді.

– Ойын жасайық деп Мақтымды да шақыра келіп едім. Бәтима мен екеуін жібересіздер! – деп бір аяқ айран ішіп. – Бейсенбілердің інілеріне де айтатын едім, – деп шығып кетті.

Мақтым бұрын «шақыра ма, шақырмай ма?» деп отырған кісі еді. Әлгі сөзді естіген соң өзінің ойынын орындалатынына шегі қалмады. Тігіп отырған ісін қойып, жеңгесі Бәтимамен екеуі сыртқа шығып кетті. Сыртқа шыққасын Бәтима:

– Әсемжан! Сенің қасыңа кімді отырғызар екен, сен кімді тәуір көресің? – деді. Бірталай ойланып тұрды да:

– Асанды отырғысса болады, – деді. Бәтима оның бетіне танданған сықылды қарап тұрды да:

«Осы Асанды бойлай тәуір көріп сөйлейсің, оны бай баласы ғой деп тәуір көресің бе? Оған қай уақытта көңілдес болып жүрсің? Сірә, аузыңнан

тастамайсың, мана да «Асан ойынға келер ме екен?» деп сұрап едің шынықты айтшы маған, менен жасырып не қылысың? Бір ойың бар ғой, айт!» деді. Мақтым қып –қызыл болып кетті де: – Қой, алла сақтасын, басқа кісімен көңіл қосып, білініп қалса қайтем. Өзің білісің баяғыдан бері ондай істі менен сездің бе? Менің айттырған күйеуімді көрген кісілер жаман емес дейді ғой. Олай болғанда уақытша кісіге қызығып, атағымды шығарып, өзімді–өзім қорлап қайтейін, – деп өзінің сырын айтқысы келмеді.

Бәтима:

– Сен айтпасаңда білемін ғой бәрі бір, жасырмасаңшы, – деп қоймағасын Мақтым сырын ашпақ болды.

– Қоймадың ғой сірә, анау күні, жазғытұрым ауыл жайлауда отырғанда бір күні түнде келіп, біреу мені оятты. Мен ұйқымды ашып «кімсің?» дегенімде «мен–мен» деді. «Менің кім?» дегенімде «Асанмын» деді. «Неғып жүрсің?» дегенімде «замандас болған соң ойнап–күліп көңіл көтеру үшін келдім» дегенсің «жақсы» деп жаттық. Біраз әңгімелескенсің, ол қыңқылдап қоймады, басқадай ойы бар екен. О жағын сөз еткенсің, мен оны жаратпай айналып жаттым. (Қайдан білейін ол сөйлесіп, көңіл көтеріп кетеді екен деп едім.) Онымен қоймады, ол зорлағысы да келді, мен болмадым. Сонымен таң атып ол кетіп қалды.

Анаукүні пішендікке көшерде шалқамнан ұйықтап жатыр екем, біреу емшегімді қысып қалғанда шошып кетіп даусым шығып кетті. Анама айтайын десем ояу емес екен, сендер де қорылдап ұйықтап жатыр екенсіңдер, сонымен ешкім даусымды естімеді. «Кімсің?» десем «мен ғой» дейді Асан. Баяғы дәмемен жүр екен. Әнеугүндер емес: жуас, «мені жек көресің»өзіңнің күйеуінде онша артық кісі емес қой» деп олай бұлай пақыршылық сөзін айтты. Күйеуімнің жайын білгендей болып сыр тартпаққа бекідім.

– Оны білімісің? Қалай, тәуір ме? – деп едім, Асан:

– Ол – жаман өзі. Тентек, қояншық ауруы бар дейді ғой. Сирағы шыққан кедей көрінеді, – деген сықылды бірталай жамандап бақты. «Қандай болса да мен өзімді уақытша кісіге алдата алмаспын» деген сықылды сөз айттым. Сонсын «менің айттырып қойған қалыңдығым жаман екен. Өзін бір ойында көрдім, көңіліме ұнамады. Егер сен қош көрсең сені алайын деп едім, бек жақсы етіп енші алып, екеуміз ғана тұрамыз» деген сықылды бірталай сөздер айтты. Менде «осының айтқаны бәлкім дұрыс болар–ау» дегендей ойға қалып, бұл жолы ештеңе деп жауап бере алмадым, «тағыда жолығармыз» деп қайтарып жібердім.

– Енді соны әрі ойлап, бері ойлап, соған қолдаспақпын. Менің ойымша оның айтқанының жөні бар сияқты. Сырына таныс болмасам да жігіт жаман көрінбейді, – деп Мақтым күрсініп қойды. Бәтима:

– Иә, солай сөйлесейікші! Ай, бірденең бар еді –ау, –деп қойды. Әлгі сөздерді әңгімелеп бұлар үйге келгенде күннің көзі қызарып, батып бара жатыр еді. Шешесі:

– Ойынға баратын болсаңдар, неге кешігесіңдер? Құрманға арбаны торы атқа жектіріп барсаңдаршы, – деді. Құрман «аяғымда киім жоқ» бажалақтағанымен ат жегуге кірісті. Үйдегілер киініп шығып, арбаға мініп

кетті. Жолда арбаның салдырынан еш зат сөйлеспей, ымырт жабыла той болатын үйге келді. Алдарынан қатындар шығып, бұларды үйге әкеліп, қыздар отырған шымылдыққа кіргізді.

Бұрынғы отырған қыздар өзара шүйіркелесіп, әңгіменің шетін шығара бастады. Жігіттер де шеткерек бір үйге жиналып, іштеріндегі жуастарын қажап, әңгімесесіп отыр. Жас балалар ана үйге бір, мына үйге бір келіп, бірін–бірі түртіп күліп, біресе қыздарға барып, біресе күйеу, құдалардың үйіне барып, тыным көре алмай жүр. Ойын басшылары да қойын сойып, етін асып, кампит, бал, бауырсақтарын әзірлеп, үйге бір кіріп, бір шығып жалақтап жүр. Әйелдер де күндізгі келген тойшыларды, ет–шайменен тойғызам деп біте шаршап, әрең жүр еді. Асанда жігіттер мен бірге шай ішіп, көпшілікке сүйсініп жатқанда, сырттан келген Қожаш оның қасына келіп сүйкене отырды. Екеуі бірталай оны–мұны сөйлескесін, Қожаш Асанға:

– Сен кімнің қасына отырасың? – деді. Асан күлімсіреп:

– Менің Мақтым деген тамырым бар ғой, «соның қасына отырғыз» деп Қапашқа айтып қойғанмын.

– Ой, кесір–ай! Мақтымға қашан тамыр болып қойып едің, сенің тамыр болмайтын кесің жоқ –ау, деп мырсылдап күліп Асанның темекісін сұрады. Асан жанқалтасынан темекісін суырып алып, Қожашқа беріп жатып:

– Ой, құдай–ай, біздерге қыздарға тамыр болу бұйым ба? Осы жаққа көшіп келгелі тамыр болғаным осы Мақтым ғана, ана жақта тамыр қызым сансыз еді. Қыздын мен айласын білем ғой, қызды алдау маған боқтан оңай, әсіресе күйеуін менсінбей жүрген қызға күйеуін жамандап, өзім алам деп қойсаң жылдам алданады. Мына Мақтымды алам деп алдап, тамыр болып алайын деп жүрмін. Өзім жұмысымды бітіріп алғасын оны тастап кетем ғой, соңынан еріп қалмайтын нәрсе емес қой, – деп өзі де, темекі орап, тастайын деп жатқанда, балалар « Қыздар келе жатыр, қыздар келе жатыр!» деп жүгіріп келді. Асан мырза жантайған жерінен басын көтеріп, темекісін тартып, есікке көзін аларта қарады. Есіктен әуелі Мақтым, сонсын шәлі бүркенген қыз, басына қамқа бөрік киген үш–төрт қыз, онан соң малақай киген оншақты қыздар, олардан соң жас келіншектер рет ретімен келіп отырысты. Асан басын сипап, бәріне: «Амансыңдар ма, тойларың құтты болсын» деп игі сөздер айтты. Сол кезде сырттан жиырма шақты жігіттер кіріп, үй лық толды. Қапаш пен тағы бір жігіт екеуі қай жігітті қай қыздың қасына отырғызу жайында сөйлесіп тұрды да Қапаш:

– Жігіттер! Сендер сыртқа шыға тұрындар, – дегесін жігіттер шығып кетті. Қыздарды реттеп отырғызғансын, балаларды жұмсап, жігіттерді шақырып алып бір–бірлеп отырғыза бастады. Ең әуелі Асанды апарып Мақтымның төменгі жағына, Қожашты ұзатылатын қыздың қасына отырғызып, солай бәрін де отырғызып шықты. Кішкене қыздардың қасына сондай балаларды отырғызып болғасын, қыз бен жігітке екеу ара кәмпит салған тәрелке тартып шықты.

– Кәмпитті жеп болғасын Асан Қапашқа:

– Тағы беретінің бар ма? – дегенде төменгі жақтағы қыздардың біреуі:

– Мынау өзі жұттан шыққан жоқ па екен? – деп қағытып өзара күлісті. Әуелі Асан табаққа 25 сом, Қожаш 22 сом, онан соңғыларда солай ақша салып жатты. Ортадағы Қапаш:

– Асан мырза екі жүз елу сом, Қожаш мырза екі жүз жиырма сом, – деп бас–басына не бергендерін айтып тұрды. Ақшаларын алып болған соң Қапаш:

– Ал жігіттер, рұқсат, ойнандар! – деп ортадан шығып кетті. Жігіттер қасындағы қыздармен ақылдасып, халдерін сұрады да жұпатақ ойнай бастады. Мақтым мен Асан қосылысқалы жұпатақтарын ойнап отыр еді. Асан басқалардың көзін ала беріп, қасқыр сықылды Мақтымның кеудесіне қолын жүгітті. Мақтым өзінің өмірлік жродасы есептеп оның қолын көп қайырмады. «Сөйлесейік деп» өзінің баяғы ойының түбіне жеткісі келген сықылды болды. Асан есіне түсіп кеткендей:

– Иә, Мақтым не қылатын болдың? Мен әнеүкүнгі сөздің жауабын күтіп жүрмін, – деді.

– Сен сөзінде тұрсаң, мен де тұрдым, – деп жауап қайтарды. Асанның екі көзі қасқырдың көзіндей жайнап кетті.

– Менде бөтен ой жоқ, әкел қолыңды, – деп екеуі қол алысты. Және мақтым:

– Мен әнеүгіден бері күні –түні ойлап, сенен артық кімге барам деп ойымды бір жерге қойдым, – деді. Асан да « сонан бері жатсам–тұрсам да ойымнан кетпейсің» деп қолын тағы жүгіртіп қойды. Сөйтіп отырғанда ет келді. Етті жер болғансын Бәтима Мақтым мен Асанға тағы жіберді. Жеңешесіне мырзалық көрсетейін деп Асан сом салды. Оның артынан «Мақтым құдашаның қасындағы жігітке» деп бір келіншек табақ жіберіп еді, оған бес сом салды. Табақтар ерсілі–қарсылы жүріп болғасын Қапаш ортаға шығып:

– Жігіттер әр қайсысың бес ауыз өлең айтасындар, қырық қасық су ішісіндер, иә қырық рет кекіресіндер. –Әуелі Асанға келіп:

– Қане, мырза–дегенде есік жақта отырған бір бала бес ауыз өлең айтып екі сөм ақша алды. Сөйтіп томен қарай қайсысы өзі айтып, қайсысы басқаға айтқызып кезегін өткізді. Қожаш Асанға «жайын қалай?» дегенде «жақсы» деп көзін қысып қойды. Асан мен Мақтым сол ойында бір кісі сықылданып сөйлесіп, жұпатақ жасыруында да бір мағына барлығы бұлайғы кісігеде білініп отырды. Сонымен екеуі өмірлік жолдас болып, қол алысып түн ортасында тарасты. Және Мақтымның әкесі мен ағасы базарға кеткен күні келмекші болып Асан да қайтты.

III

Мизамның аяқ уақыты. Күз біраз салқын тартқан кез. Күннің көзі қып – қызыл болып батып бара жатыр. Жел жоқ, тып–тынық. Алыстағы қарттың көп аңдап кетіп бара жатқандағы астына мінген атының анда –санда кісінеген даусы естілетін еді. Бәтимада күндегі әдеті бойынша күпілдетіп сиыр саууда. Үй артындағы төбенің басынан жайыменен Құрман да қойды қаптатып келе жатыр. Мақтымның әжесі от басында, қартының азыққа сойып алып кеткен тоқтысының қалғанын асып отыр. Мақтым да күн ұзын іс тігіп,

жалыққандақтан босағаға сүйеніп, далаға қарап тұрғанда Асан ойына түсіп, оның бүгін келетіндігі, келгенде тепіштен қалай кіруі, өзінің онаша жатуы керектігі есіне бір–бірлеп келді. Және өзіне де: «Бүгін жатқанда сықырлау-

дың тепішін салмай қояйын, төр алдына жалғыз жатсам жақсы болар еді, бірақ әжем «Бәтимамен бірге жат!» дейді–ау. Бәтима ешнәрсе демес еді. Сонда да білмегені тәуір ғой. Енді төр алдына жатуға тырысып қарармын. Мана Шарипаны алып келмеген екенмін, оны алып келсем ғой екеуміз төр алдына жатар едік, деді де, «Жоқ оны әкелуім жарамайды, ол біліп қалса, жұртқа жайып бітер» деп қиялдап тұрғанда құрманның қасынан үйге кіріп кеткенін де білмеді. Бір уақытта Құрманның «қазан–аяқта ас бар ма екен» деп тінткендегі салдырын естіп шошып кетті.

– Әй, қара қасқа! Сен бе едің? Зәремді ұшырып жібердің ғой, – деді. Сонсоң үйдің қараңғылығын көріп шам жағып, өйтіп–бұйтсе де әлгі ойлары есінен қалмай қойды. Бәтима сиырды сауып болып шелегін алып уйге келді. Оның артынан әжесі де келіп Бәтимадан:

– Осы біздің Есентемір қайда? –деп сұрады Бәтима:

– Көргенім жоқ Әсемжан білмесе, –деді. Әжесі:

– Мақтым сен көрдің бе? –дегенде, «нені дейсің?» деді Әжесі:

– Сен осы есің ауып, тентек болып кеткен жоқ па? Немене меңзең болғаның! Есентемірді сұрап жүргенімді естімедің бе? – деп ұрсып тастады. Сонымен (не басыңды ауыртайын!) ас ішіліп, бәрі жатты. Мақтым Батиманың «менің қасыма жатсайшы!» дегеніне үндемей төр алдына жатты. Анадар жатқан соң есіктік тепісін салған болып, құр шылдырлатып ашып қойды. Шамды да өзі сөндіріп орнына жатты. Баяғы ой ой ма!!! Асанның күйеу болып келуі, өзінің келіншек болып түсу қызығы, ол баларының ер жетіп, оларға келіншек әперіп, келінді болу қызығы, тағы сондай–сондай (қайсы бірін айта берейін) ойлар еріксіз тасыған судай ағып келе берді. Енді бірде айттырылған күйеуінен қалай құтылу ойы келіп, біресе «осылай білдірмей Асанменен қашып кетейін, соңынан өзі–ақ қалар» деп, біресе «күйеуімді жаратпаймын,бармайым деп дабыл шығарайын» деген сықылды ойлар келді. Сөйтіп бір ойдың артынан бір ой келе –келе өзі тіпті шаршады, әрі түн ортасы болып қалды. Енді тыныштанып ұйықтағысы келіп, аударылып жатса да ой келе берді. Сөйтіп жатқанда есік сықыр ете түскендей болды.

Бұл Асан ғой» деп басын көтеріп алды. Асанның кіріп, төрге қарай кіріп келе жатқанын біліп қайта жатты. Сөйткенше болмады Асан да келді. Аман–сау сұрасқансып екеуі бірін–бірі құшақтасып, сүйісіп оңды да қалды. Мақтым да неше күннен бері күтіп жүрген сүйгені, әрі өмірлік жолдасым деп жүрген кісісі келгенсін өте қуанды. Асан да тұзаққа түсіре алмай жүрген Мақтымды қолына тигенсін, әрине қуанады.

Мақтым өзінің анаугіден бері не істегенін, не ойлағанын, бойлай ойынан қалмай жүргендігін, көкелерінің әуелгі кетем деген күнде кетпей, бір күн соң кеткендігін, сонда көкесіне тіпті кейігендігін сөйлеп берді. Асан да Мақтымға:

– Жатсам да, тұрсам да бойлай ойымнан сен қалмадың. Саған келем деп тіпті көп ауырлықтар көрдім, кеше келіп көкең жөтеліп жатқасын кіре алмай кеттім, – деп міндетсіп қойды.

Сөйтіп көп әңгімеселесіп, көп сырласып сөйлесті. Сонда да Асан бір түрлі жағыныспен айтып жүрген сықылды, онша еріп кетпейтін сияқты еді. Оны Мақтым байғұс өзінің жас жүрегінің ілгері қарап талпынумен білмеді. Және Асан да кәдімді өзінікі секілді айтқан сөзін де, ісін де еш сездірмейтін еді.

Таң атқанша құшақтасып, сүйісіп, таң атқан соң Асан кетпекші болды. Мақтым Асанды сыртқа шағарып салып, екеуі бірінің бетінен ұзақ сүйді. Асан анадай жерде кетіп бара жатып өзіне өзі:

– Ап бәлем! Асакең қақпағына қалай түсіреді– деп, қаптарлы тұрған атына мініп кетіп қалды. Асан бірталай алыс көз көрінбейтін жерге кеткенше Мақтым артынан қарап тұрып, үйге кіріп кетті. Олардың бұларын көріп тұрған сап –сары таң:

– Ай, Мақтым, алдандың ғой, байқұс! –деді.

IV

Заман да зырлап өтіп жатыр. Қыстан азып шығған малдар да жазғытұрымға жаңа шыққан көктерді таласып кеп жатыр. Кемпірлер де күн жылына бастағансың сасық землянкесінен шығып, жәннәт сықылды киіз үйге шығуды мейрамдай көріп, туырлықтарының жыртық жерлерін жамап–жасқап, ертеңіне қара кешке дейін үйге кірмейтін еді. Келіншектерде ірімшік–кұрт қайнатып, кешке шаршап жығылатын. Балалар да қыстай үйдің ішінде ғана ойнап, іштері пыскандықтан, қазір далада ойнап–ойнап кешке сүріне жығылатын. Әлсіреген түйелер боздап келіп ботасын емгізіп кететін еді. Үйден шыққысы келмеген сиырларды балалар мөңіреті өріске қуып тастайтын. Әуедегі құстарда «енді сендерге суықтан азап жоқ» деген сықылды үйдің тұсына келгенде сұңқылдасып, лег–легімен ұшып арқа жаққа кетіп жатыр. Өзектерде де су көбейіп, балықтары шаттанасып, шоршып ойнайтын еді. Жан –жаққа қарап тұрған кісіге жер жүзі жәннәт сықылды көрініп, қай–қайдағыны еске түсіретін еді. Қысқасы әр нәрсе шаттық құшағында.

Біздің Мақтым да бойлай шат, жұма сайын Асан келіп, бір–бірімен ойнап, көңілдерін көтеріп тұратын. Бұлардың бүйтіп жүргенін Мақтымның әжесі де білетін еді. Өйткені бір түні екеуі бірге жатқанда, оянып кетіп, дыбыстарын естіп, ұстап алғаны бар. Бұл жай тек Бәтима менен әжесіне ғана білініп қоймады. Маңайдағы үйлердің қатындарының бәрі білді. «Ойбай–ай!

Мақтым Асанмен тамыр болып, сонымен қашайын деп жүр дейді ғой» деп талай қатын жиылыстарында әңгіме болып жүрді. Бір күні осы ауылдан бір адам Әжібай құданың ауылына қдырып барып, әңгімеден әңгіме шығып отырғанда Мақтымның Асан деген жігітпен қашайын деген өсегі барлығын айтты. Сөз ақырында:

Әжібай құдаға айт! Сүйдеген қауесет бар, қапы қалып жүрмесін, –деді де қойды. Ол үйдің қатыны Әжібайдікіне барып айтып, бек үлкен сөз қылады. Әжібайдың кемпірі қартына:

* Талай айттым: келінді барып сұра, қадеге келіс! Бұл заманда жастарға сенім жоқ деп. Енді жылдам барып, қадесін бер, жылдам алайық, ең болмаса есігімізге бір әкеліп жіберейік, әйтпесе, бізге не онды малымызды қайтатар дейсің! – деп шапылдады да баласына қарап:

* Өлі–тірісін білмегенсін айттырған күйеуім бар деп қарап жатар ма! Осы күнге шең бір рет жүз көрісіп қайтпадың. Біреумен кетіп қалса қайтесің? – деп біресе қартына, біресе баласына тиісті. Әжікең:

* Сен, қатын, әулие болсаң бұрын қайда қалдың? Тартыншақтанғаным, өздері ал деп айтар ма екен деп жүр едім. Әйтпесе малды көп сұрайды ғой. Қайдан білейін басқа біреумен көңіл қосатынын! Мына жасық иттің осы күнге шейін бір бармай жүргенін айтсайшы бірінен де.

Бір түн бойы ұрыс болып, ертеңіне Әжікең үн–түн жоқ көк атты ертеп алып, құдасыныкіне қарай жүріп кетті. Әжікең құдасыныкіне келіп тоқты сойдырып, қаде жайында сөйлесіп, ақырында бір мың сом, екі қараға келісіп, осы пішіндектен кешікпей алысып–берісетін, күйеуді ұрын жіберетін болып кетті. Мақтым да:

* Сендер алыс–беріс бола беріңдер, мен өз жөнімді өзім білермін, – деп отыра берді. Бұл келісімде бір жағынан қайырмаған сықылды болса да, енді шын іске кірісуге уақыттық жеткенін білді. Асанның қашан келуін естігенін жылдап естірту жайын ойлады. Бұрынғы ой ой ма! Ойдың түбіне жете алмай күн ойлап, түн ойлап, далаға шығып Асанды қарайды.

Кетіп бара жатқан кісі болса Асан емес пе екен деп төбеге шығып қарайды, тентек кісідей болды. Тіпті ас- су ішпей, күн бойына Асанды ойлап, кей уақытта не істегенін өзі білмей кекірейіп отырып қалатын еді. Бүйтіп жүргенін әжесі де біліп, Бәтимадан оңашада сыр тартты. Асанмен көңіл қосып жүргенін естіген соң әжесі: - Сендерді құдай соқсын! Бізді үлкен ұятқа қалдырайын деп жүр екенсіңдер, алла сақтасын! Бата бұзды деген не? Ұлың бар, қызың бар дегендей өзіміздің алдымызға келсе қайтеміз. Және пәленшенің қызы қашып кетіпті деген қандай ұят! Оныменен адамның жүзін көре аламыз ба? Және мырза жігіттің келінін бермей кетеді ғой олар. Ол сөздеріңді мен ғана білейін, ондай сөзін қойсын, - деп бірталай ұрысты. Бәтима: - Мен деймісің? Өйтіп жүрген өзі- дағы,- десе де бұрқырап қоймады.

V

Мақтым бұл ұрысты естіген соң, енді тезірек кетудің планын құрса да, Асаны келмей бірталай уақыт өтті. Бағзы уақытта төбенің астына барып

"Асан неге келмейді екен " деп өзі-өзінен қорынып, жылап- жылап келетін. Бұның бүйтіп жүргенін біліп қойған әжесі есікке кілт салып, ашарын өзінің жанбасына салып жататын болды. Сөйтіп жүргенде базардан жасау нәрселері де келіп, бұны әзірлесуге ана ауылдың қыздарын шақырып әкелді. Бірталай күндер өткенсін, бір түні Мақтымның тұсынан біреу оятты. Мақтым ояу болғандықтан ұшып тұра келіп, Асан екенін біліп, маңдайшаны жайменен көтеріп жіберді де үйге кіргізіп алды. Кіргесін Асанды құшақтап жатып: - Мен мұндай күйге түсіп, кетіп қалайын деп жатқанымда сен келмейсің, мені ұмыттың, мені тастадың, мені отқа тастап қашып кеттің, - деп өксігін баса

алмай бірталай жылады. Асан: - Мен қайыққа шығып кетіп едім, келуге қолым тимей қалды,- деп бетінен сүйіп жұбатты. Мақтым қайын атасының келіп, келісіп кеткендігін, онан соң Асанды сағынып жүргенін әжесінің біліп қалып, Бәтимаға айттырып ұрысқанын, Асанды қарайын деп талай рет төбеге шыққанын айтып берді. - Енді міне қашан алып кетесің? Мен енді осында тұрғым келмейді. Және күйеу де келеді, - дейді. Асан: - Енді келдім ғой. Сенімен уәделесіп, қашан келетінімді айтып кетейін деп келдім ,- деді. Мақтым өзінің ойындағысын есіткенсін шексіз қуанды.

Өзінің мақсатына жететіндігіне сенді. Қысқасы, Асан таң атқанша жатып, алты күн өткенсін, жұма күні кешке келмекші болып кетті. Ертеңіне байқаған кісіге Мақтым бұрынғысынан басқа бір шаттық түске кіріп қалған еді. Енді Мақтымға сол алты күннің бір-бір күні жылдай болып, сол күннің қашан келетінін күтуде болды. Алты күн де жылдай болып өтіп, жұма күні келді. Өзінің керек уақ- түйек нәрселерін әзірлеп, жылдай болған кеш те жетті. Өзінің киетін киімін қасына алып жатты. Ал күт! Түн ортасы болды. Әлі жоқ. Түн ортасы ауды, әлі жоқ. Енді түннің ұзын болуын тілей бастады. Әлі келеді жоқ, әлі келеді жоқ. Сонымен таң атты. Қзінің мақсатының болмай қалғанына іші күйіп, не қыларын білмеді, ішіне пышақ сала жаздады. Бірақ бүгін келмесе ертең келер деп, өзін- өзі жұбатты. Ертеңгі кешті де жылдай күтті. Тағы жатты, тағы күт, тағы жоқ. Оның енді, кісі болғаны құрысын! Ит болып шықты- ау. Сонымен таң да атты. Оны ертең тағы күтті, тағы жоқ. Бұған не деп мағна беруді білмеді. Аты таптырмай жүрген болар деп бір, әкесі бір жаққа жіберіп келе алмай жүрген болар деп бір ойлады. Кейде төбенің астына барып жылап- жылап та алады. Сөйтіп бір жұма тосумен өтті. Әлі жоқ. Бір күні " Асан келмесе де, мен келем " дегендей айттырған күйеуі Тілес келді. Ол келгенсін бұрынғыдан да жаман кейіді. Тағы да Асанның келмеуінің себебін тексеруге кірісті. Тексергенде баяғы себептер сықылдыларды тапты. Және де "мені алдап" кеткен шығар деп ойласа да: - Жоқ, жоқ мені алдамайды, ол мені сүйеді, - деп өзін-өзі айыптап тастады. Сонымен қалың ойда отырғанда неше күннен бері ұйықтамай жүрген кісі қалғып кетті. Түс көрді. Түсінде Асанмен жолығайын деп жүргенде ауылдың қатындары келіп оятып жіберді, күйеудің қасына апарайын деп келген екен.

Бармай қалды. Түн бойы қатындар келіп кетіп, жалынып- жалпайып апара алмай қойды. Сөйтіп күйеу тізесін құшақтап, ертеңіне қайтып кетті. Мақтым Асаны келер -ау деп үмітін үзбейді, күнде келіп қалар деп күтсе де келмеді.

Не қылса да бір жай болар, келе алмай жүрген болар деп деумен жүрді де қойды. Асаннан тіпті хабар болмады. Сөйтіп жүргенде тойы жақындап, тойдың әзірлігі басталды. Бір күні оңашада Мақтым әжесіне : - Апа, мен Әжібайдың баласына бармайым! Қояншығы бар дейді ғой. - Ойбай- ай, жүзі қара, бейбақ не қыл дейді? Бетіміз қара болған екен ғой, о не дегенің? Әкешешен бергенінен артық кімді табасың! Өлмесең сені Әжібайдың есігінде шірітермін. -деген сықылды бірталай сөздермен ұрсып, жекіріп тастады. Әжесінің аузынан жақсы сөз шықпағанын, қайтерін білмей өкіре жылап, күні бойы орнынан тұрмады. Мақтымның ойын әжесі қартына, баласына айтып, "бұны не қыламыз? " десіп бек көп ұрысты. Қарты кемпіріне " Сен

баланы бақпайсың" деп бірталай таяқтап тастады. Баласы " оны сүймеген кісісіне қалай береміз?" деп еді, қарт оны да соғып тастады. Өлмесе мен "Әжібайдың есігінде шірітермін" деп даурықты. Келінді де, қызды да, кемпірді де, баланы да, бәрін де боқтап дымын қоймады. Бір- екі күннен соң құдалар келіп, той бола бастады. Мақтым әлі Асанның келуінен үмітін үзген жоқ еді. " Мен қарап отырмаймын, зорлап бермес, бұл жайды әлі білмей жүрген шығар" деп келген қатындарға : - Әкем мен ағама айтыңдар, мен Әжібайдың баласына бармайым, менің үшін той жасамасын, басымды кессе де бармайым, - деді. Қарт мұны есітіп отырсада білмегенсіп: - Бала балалығымен айтып отырған шығар , әлгі әйелдер үгіттесін, көндірсін, - деп әжесіне жекіріп тастады. Әйелдер үгіттеседе болмады. Мақтым жылауын тыймады. Оған қарамай қыздарды бір аулақ үйге апарып тойларын істеді. Түн ортасында бір- екі жігіт куәлікке келіп, жауап сұрағанда, Мақтым "Бармайым оған, некемді қимандар" деп сыңсып, молдаға өзі баруға талпынып еді, қатындар жібермеді. Ертеңіне түскі асты жеп болған соң жөнелтуге киіндірейін деп келген қатындарды қасына жолатпады. Сонан бір- екі жігіт келіп басып отырып, киіндіріп, шарқыратып, ойбайлатып, көтеріп апарып арбаға таңып, кемпірді үстіне отырғызып жөнелтіп жіберді.

VI

Пішен шыбылып болған мезгіл. Жұрттың енді ғана қолдары босап, күзгі балыққа шығуға жабдықтанып жатыр: ауларын жамап, қайықтарын оңдап, кісілерін алып жатыр. Өткен жұмада қайықшылардың көбі, ішінде Бекбай да бар, теңізге шығып кетіп еді. Кешке таман үйде Жаңыл жеңгей сүт пісірейін десе оты жанбай бықсып жүргенде 10 жасар баласы Қасым сыртқа шығып келіп: - Асан ағам келіп түсіп жатыр, - деді. Жаңыл Қасымға : - Асан келсе, онда төстек сал ! Үй де қағып- соғылмаған екен, сыпырғышпен ана жерлерді сыпырып тасташы,- деді. Сөйткенше болмады, Асан кіріп келіп, әлгі салынған төстекке отырды. Аман-сау сұрасқан соң Жаңыл самауырын тұтатты да, Асанға : - Сиыр келіп тұр еді, соны сауып келейін, сен отыра тұр !- деп ышқырын бір көтеріп, шелекті алып шығып кетті. Асан жан-жаққа қарап, ілулі тұрған домбыраны алып Жаңыл келгенше тыңқылдатып отырды. Жаңыл сиырды сауып боп, үйге келсе үй іші қараңғы екен. - Қасымжан! Ағаң қараңғы үйде отырды ғой, шам неге жақпадың? – деді.

- Әсем жігітті де айыпты кісідей бірталай отырғыздым- ау, -деп Асанға қарап күлді. Асан: - Ой, сенің әдетің ғой мен келсем үйден безіп кететін, - деп темекісін тұтатты. Шам жағып, самауырынды табандыққа қойып, дастарқан жайып, шайға отырысты. Жаңыл Асанға: - Анау күні сені қайыққа шығып кетті деген жоқ па еді?- деді. - Ана сиыр- малды жинай беріп не қыламын, орныма кісі жалдап жібердім. Әкемнің малы таусылады дейсің бе? - Ой, байғұс! Ауылда қалып қыздан қыз қалдырмайын деп жүрсің- ау сірә, - деді. Асан темекісінің түтінін бұрқыратып шығарып, қарқылдай күлді. - Сен оны қайдан білесің ?- дегенде, Жаңыл: - Мен білмейді деп ойлапсың ғой ,мен қыбырлағаныңды да білем, - деп бетінде сорғалап ағып бара жатқан терін жаулығының ұшымен сүртіп, бір- екі ағашты самаурынға салып жіберді, - айтқандай, мына Әжібайдың келіні Мақтымды әуелде алам деп әуре қылып,

соңынан алмағаның не? Сенен әлі де күдер үзбей жүр, тіпті сенің зарыңнан өлетін дейді. Анаукүні көрші болғансын қайырлы болсын айтайын деп барып едім Мақтым тіпті шөлмектей құп- қу болып кетіпті. Бойлай қабағы ашылмайды дейді. Осы жердегі Әжібайдың ағайындарының қатындары айтады: Әжібайдың үй- іші " кетіп қала ма" деп Мақтымды бағумен жүретін көрінеді. Мен барғанға да шектенді білем, Мақтым мені шығарып сала шыққанда қасына үлкен қызы Әйіре бірге шықты. Енді алсаң бұртала алып қашып кет те, алмасаң алмайтындығыңды айтып, бұратала көңілін суыт қор қылмай, тіпті жүдеп кетіпті. - Ой, тәңір- ай, жүре берсін, мен ондайдың нешеуін зарықтырмады дейсің? - Оған қашан көңіл қосып жүрсің? Айтшы?- деді, Асан темекінің күлін үріп жіберіп, қалайша таныс болғанын, неше барғанын, өзі дегенде Мақтымның ішкен асын жерге қойғандай күйге жеткенін, жақсы көретінін айтып келіп: - Оны мен, солай тіпті алайын деп жүргенім жоқ, аз күндікке ғана көңіл қосайық деп едім. Ол менің сөзіме нанып, түпкілікке алады деп жүр екен. Жазғытұры бір күні ұзатылар алдында келгенімде, тіпті жылап " мені қашан алып кетесің? " деп қалғысы келмеді. Мен көлік алып келем деп әрең құтылдым, сонсоң теңізге шығып кеттім. Соны естіген боларсыз. Әжібайдың баласына бармайым деп үлкен әлек шығарып, әкелері таңып беріп жіберіпті ғой. Мен оны алып не қылайын? Ондай кісіні алсам, маған онсыз да толып жатыр. Талайларды сөйткен дөкең мынау, - деп көкірегін қағып, темекіні бір сорып жіберді. - Және жақын арада Сәкеннің молдада оқып жүрген баласы

Әжібайдікіне барған екен, сонан маған келсін деп айтып жіберіпті. Соған барайын деп келдім. Әлде де " алам" деймін, қайтейін, мен сенің үшін пәлен болдым, түген болдым дегесін (шыныда сол еді) , еңіреп жылап тұрғасын көңілін қимаймын. Баяғыдан бері алам деп жүріп, енді алмаймын деу қиынақ екен. Сонымен Жаңыл екеуі бірталай сол жайында сөйлесіп, ақырында жасттыққа бас қойды. Әрі- беріден соң Асан тұрып, Әжібайдікіне кетті. Әжібайдікі жақын болған соң тез келіп қалды. Сырттан тыңдаса, кемпір қорылдап ұйықтап жатыр екен. Шам жанып тұр. Жайменен барып оң жақта жатқан Мақтымның тұсынан іргені көтеріп қараса, періштедей болып Мақтым ұйықтап жатыр. Ар жағында қайын сіңлісі жатыр сол жерде Асанның қолын сүйіп, айтып бітіргісіздей жылады. Соны көріп тұрған кісі

болса, тас бауыр болса да шыдай алмайтын еді. Асан да жылаған кісідей көзін сүртіп "мені тастап кеткенің бе?" Бұл дүниеге не қылайын" деп пысылдады. Мақтым бір сөз айтады да жылайды, бір- екі сөз айтады да көзінің жасын тыя алмай егіле береді. Айтыспаған өкпе, айтпаған қорлық қалмады. Бәрін де айтты. Және Мақтым: - Менің не болып жатқанымды есітпедің бе? Айтқан күні келмей , мені қандай қорлыққа түсіргініңді білемісің?- деді. Асан өзі бір себеппен келем деген күні келе алмай қалғанын, соғынан " Мақтым күйеуіне баруға риза болғанын" есітіп келмегенін айтқан сықылды өтіріктерді айтып, Мақтымды тағы да нандырды. Мақтым байғұс нанып: - Ойбай- ау, тым болмаса маған келіп анығын білсең нетті, соңынан

ойланбас па едік,- деп көп өкінді. Көздің жасы да таусылмады. Мақтым біраз жылап, жасты төгіп, біраз мауқын басқасын Асанды кіргізейін десе, есік

кілттеулі екен. Мақтым өзінің зарығып көрген адамын кіргізіп алып, мауқын баса алмағанына тағы кейіді. Асанды кіргізуге олай- бұлай талаптанса да, кемпір оянып кетсе тіпті сөйлесуге зар болып қалу қаупі болғандықтан кереге арқылы сөйлесуге еріксіз риза болысты. Екеуі бір- бірінің тілдерін сорысып, мауықтарын басысты. Мақтымның баяғыдан бері тұтқан зары, көрген қорлықтары бәрі ұмытылды. Қабағы ашылды. Өзінің баяғы Асанның "көлік алып келем" деп кеткен түннен бері не істегенін, не көргенін айтып. оқтаста жас төгіп жіберетін еді. Сөйтіп жатқанда таң атқасын Мақтым : - Енді қайтейін деп келдің? Мені алып кетесің бе? Егер сен бұрынғы сөзінде болсаң, ауылға қашып барайын деп жүрмін,- деді. Асан тоқталып қалып, алғысы келмей аз күндікке ғана көңіл қосып жүрсе де, Мақтымының әлгіндей қорлық-зорлық көргенін аяп және бұрын алам деп жүргендіктен қазір алмаймын деуге ұялып: - Сенде бөтен ой болмаса, менде бөтен ой жоқ, алам ғой- деді.

Мақтым бек қуанып, Асанның қолын сүйіп- сүйіп алды. - Мені тастап кетті ме екен деп жүр едім, анакүні маған "сені Асан алмаймын деп айтыпты" деп біреу жеткізіп еді, мен сонан бері тіпті өкпелеп жүр едім. Сонда да өз аузынан естіінші деп бекінген едім. Мен мұнда жүріп адам болатын емеспін. Өне бойы бағу, аңду және өзімнің сүйгеніме неге бара алмаймын деп өзімді өзім өлтірердей дәрежеде болып жүр едім. Және кісінің өзінің еркінен басқа жерде тұруы- ақ жаман екен. Кей уақытта: - Ай, осы қазақтың сүйгенінен басқаға беретін әдеті құрысын деп бүтін қазаққа да лағнат айтам. Осындай қайғы, ойдан- ақ өлетін болдым, -деп көзінің жасын төгіп-төгіп жіберді.- Енді мен сенсіз жерде тұра алмаймын, ауылға қашып барам, сонсоң мені еріксіз-ақ өздері айырар, осы берген азаптары жетер. Мен еріксіз сатып жіберетін олардың құлы емеспін ғой, -деді. Және біраз жатып: - Мен ауылға бармай- ақ осы жерден неге алып кетпейсің? Ауылға барғасында жөнділікпен айырып ала ма, алмай ма? Мен әкемнен де, шешемнен де күдер үздім, ағам болмаса.

Анакүні ағам менің сөзімді сөйлеп еді, сонда да көкем болмады ғой,- деді. Асан: - Бұл жерден алып кетудің жөні болмас ауылға бар.Айырылып, басыңды босат, сонсоң той етіп, ырғап-жырғап алайын деп жүрмін, -Мақтым: - Жә, болсын, мен ауылға барайын, -деп су балыққа қуанған балаша қуанып,

Асанның қолынан сүйіп- сүйіп алды. Енді өз үйіне қашып барып, Асанға баруым ғана қалды ғой деп ойлады. Асан кетерінде: - Енді қашан көрем, тағыда зарығып жүрмесем болар еді. Менің тілегенімді қолға түсіре алмайтын болып жүрмін ғой, маған қашан сенімен рахаттанып тұру нәсіп болар екен. Алла тағала маған рахтты әзір бермей тұр-ау. Ең болмаса осындай келгеніңдет емін-еркін болуды да қимады ғой. Я алла, ақырын қайырлы қыла көр, - деп біраз жылады. Асан: - О, не дегенің! Бірге тұрармыз, тек асықпа !- деп қоштасып кетті.Мақтым енді жатып алып, қашан. қалай, немен кетудің планын олай- бұлай салыстырып, ойдың түбіне жете алмай, ақырында бір қарарға келгенде үйдің тесіктерінен түскен жұлдыздай жарық-

тарды көріп, ұйықтайын деп аунап жатты. Сонымен Мақтым дәмді ұйқыға кетті.

VII

Қартбай қарт таңертең тұрды да, күпісін жамылып, құманын алып тысқа шықты. Сыртта күн шығыс жақ қызарып, эне- міне жердегілер көрінетіндей мезгіл болса да, айналдыра тұман қамап алғандықтан еш нәрсе көрінбейтін еді. алыста бір төбеттің үруін, анда-санда әтештердің кекірикулеген дауысын естуге һәм желдің тып-тымығына әлде нендей ойларға батып қарап тұрды. Сол уақытты өзінің баяғы жас күнінде қайнысына барып, қалыңдық ойнап һәм ойын-той дегеннен қалмай жүретін күндері, талай хор қыздары сықылды қиғаш қас, қынама белдермен сырлас болғаны есіне түсіп кетіп, «Қазір мен қайда? Ол күндер қайда?» деген сықылды күрсініп қойды. Ойын бөлгісі келіп, дәретке отырды. Сонда да ойын бөле алмай, өзінің не істегенін бір-бірлеп есіне түсірді, бұрынғы істеліп қалған іс болғандықтан миығынан күліп, орнынан тұрды, бауын байлады. Сиыр мен түйені өргізді. Түйенің ішінде өзінің кемпірі Ақсұлудың үйінен мініп келген Ақтұмсық інгеннің баласы көк інгеннің болуы тағы баяғы ойының жалғасуына жәрдем етті. Сонымен жүріп малдарды солай өргізіп болып, құманын алып, маң-маң басып үйге келді. Бәтимаға:

- Шырағым тұр! Түндігіңді аш! – деді де «бісімілле иррахман» деп дәретін ала берді. Сонда да баяғы ой қыр соңынан қалмай, істегендері есіне түсіп, қазір не қылып отырғанын өзі білмеді. Аяғын жуайын деп қараса, білегін жууды ұмытып кетіпті.

- Ай, шайтан!... осы дәретке де кіріседі-ау! – деп дәретін қайтадан бастады. Сол уақытта Бәтима да сыртқа шығып, түндікті ашып еді. Қарт дәрет алып болып, төрдегі бет орамалға ұмсына бергенде, төр алдында бір кісінің жатқанын көріп, «бұ кім?» деп шошып кеткендей тұра қалды. Арт жағынан Бәтима келіп: «Әсемжан ғой, жаңа, таң алдында келіп жатқан» дегесін, Қарт-екең бұрынғы уақиғаларды һәм бүгін түнде келгенінің сырын ұғып, ары жағын сұрамай-ақ өзі біліп, аңырайып біраз тұрды. Бет орамал мен жайнамазды алып, намаз оқуға кірісті. Намаз оқып отырғанда шайтанның салуымен көңіліне әлде нендей қорқыныш ойлар кіріп, не істеп, не қойғанын білмеді. Төрт жығылудың орнына тоғыз жығылды. Қарт намазын оқи сала кемпіріне:

- Тұр! Жатыны түскір! Тұр! Тал түске шейін шалжиып жатады-ау бұлар, - деп мәсісін іздеп, әрең дегенде тауып алып жалма-жан киді. Бәтимаға:

- Аналарды оятсаңшы! Маған ат әкеліп берсін, түнде ауға ертемен кетем деп жатыр еді ғой. Қарашы, әлі жатқанын түске шейін, - деді де, өзі – ойбай-ау, маған деген кісінің бәрі осындай болды ғой құдайымай, - деп кейіп жатқанда кемпірі Ақсұлу оянып:

- Мына қу шұнаққа не болды таңертеңмен тұрып, не болды қурандап! – дей бергенде, төр алдында жатқан кісіні көргенде, «бұныкі жөн екен ғой» дегендей жағын қарастыра қойды. Қарт бар киімін киіп алып, сыртқа шықты, ары жүрді, бері жүрді. Оқтаста «қайтқан бақыт» дегенді қатты айтып, күрсініп қойды. Оқтаста «Мақтымды айырып алып, тағы біреуге көп малға беремін» дегенде түсіне шырай кіргендей еді. Сонда да қайтып келе қоюы үлкен, ауыр жұмыс қой, аз әлек емес. Біраздан соң үйге қарап жүргенде Мақтымның үйде отыруын ойлап, «Соны көрмейінші!» дегендей болып

қайта айналып кетті, бірталай жүрген соң тағыда үйге қарай беттеген еді. Үйде Ақсұлу үлкен уайым түскен кісідей: «Адайлар біздің малымызды, жанымызды қоя ма?» деген сықылдыны ойлап, қабағынан қар жауып отыр еді. Бәтима қазан-аяқ жақта тұрып атқа кетті. Үйдің іші тым-тырыс, үн-түн жоқ. Тек Бәтиманың қазан-аяқты олай-бұлай көшіргендегі дыбысы білінеді. Ақсұлудың күндегідей «қарағымдап» отырмауы, кіші немересін «тыш-тыш!» деуі ғана үй ішіне орнаған тыныштықты бұзатын. Бір мезгілде Мақтым тұрды. Оны жылы жүзбен қарсы алған ешкім болмаған соң оның көңілі бұрынғысынан жаман түсіп кетті. Оның бұрынғы топ-толық беті бүгінде құп-қу болып бозарып, бұрын қараған кісісінің ар жағынан шығатын, жанып тұрған шам сықылды көзі бүгін солғын тартып, әр нәрсеге самарқаулана қарайды. Үстінде ескілеу күленгі көйлек, оның сыртынан оңған термелі бешпент, басында қамқа бөріктің үстінен жамылған шырқаты бар. Қартабай карт шайға шақырылғанда ғана үйге келіп, Мақтымға:

- Аман ба, - деп салқын амандасты. Құрғақтай үш-төрт аяқ шай ішіп, ерттеулі тұрған көк атына мінді де, «болыстікі қайдасың?» деп жүріп кетті.

VIII

Болыстікіне келді. Ығы-жығы кісі. Сыртта өзара қолдарын былғап-былғап сөйлескен үш-төрт кісі. Біреуі сөйлейді, басқалары:

- Жоқ, жоқ, болмаймыз, қылғаны анау, оны бір нәрсеге тақамай қоймаймыз, - дейді. Ана кісі:

- Шырақтарым, арттарыңа да қарандар! Аналар о жағына ауып кетсе, ақырында ұятқа қаларсыңдар, - деп қояды, Қартабай сыртқа шығып тұрған болыстың шабарманымен сөйлесті. Әзірге кіруге болмайтындығын естігенсін шабарманымен сөйлесті. Әзірге кіруге болмайтындығын естігенсін шабарманмен біраз сөйлесіп тұрды. Біраздан соң шабарман да кетті. Кісілер әлі тарқай қойған жоқ. Бірталай заман өтті. Түс те болды. Әлгі отырған кісілер өзара сөйлесіп, сөйлесіп үйге кірді. Олар кіргелі де көпболды. Әлі шығар емес. Оқтаста шабарманнан сұраса, әлі болған жоқ, жауап алып жатыр деді. Бір уақыт үйден ондаған кісі шығып, аттарына қонды. Қартабай енді болды ғой деп үйге кіруге жақындай бергенде шабарман: «Үйде кісі бар» деп кіргізбеді. Үйден оқтаста қаттырақ, оқтаста жайырақ сөйлескен дауыс шықса да, не деген сөз екені аңғарылмайтын. Тағы біраз күтті, шықпады. Сонан бір мезгілде үш-төрт кісі шығып күнбатыс жаққа қарай жаяу кетті. Қартабай үйге кірді де кебісін тастап, көп ұзамай отыра кетті. Аман-сау сұрасқасын болыс «Уһ, шаршадым» деп жастық алдарап жатуға ыңғайланды. Сол уақытта Қартабай:

- Болыс! Менің қызметім болып сізге келіп ем, ұзақ күтіп қалғаным. Сол қызметім бітсе қайтар едім, - деді. Болыс:

- Е, ол не қызмет!? – дегенде Қартабай даланы көрсетіп екеуі сыртқа шықты. Қартабай сөз бастады.

- Менің ана Әжібайдағы балам бүгін түнде үйіме қашып келіпті. Соның жайын ақылдаса келіп едім, - деді.

- Ол қалайша келген екен? – деді болыс, - сұрадың ба? Қартабай:

- Сұрағаным жоқ, сұрамасам да өзіңізге мәлім, анаукүні ұзатқанда

«бармайым» деген соң бір арбаға таңғандай етіп беріп жіберіп едік, енді тіпті бармайын деген келген болар деп ойлайым.

- Олай болса, енді бермей-ақ қоярсың, үйінде отыра берсін, мені шақырарсың, - дегенге көңілі болып, үйге қалай жеткенін білмей қалды. Үйдегілер бұрыннан баратын жері болыс болғандықтан «қайда кетті?» деп таңданбай, болыстан «не естіп келер екен» деп күтіп отырды. Оның көңілді оралғанын көріп, бұлар да шаттанды. Даладан келе жатқанда Ақсұлу алдынан шығып, қарсы алды. Қартекең көрген-білгенін бәрін айтып берді. Екеуі баяғы қалыңдық ойнап жүрген кезіндегідей сөйлесіп үйге кірді. Мақтым жүктің алдында шошайып бір нәрсе тігіп отыр. Қартабай Мақтымға:

- Қарағым аманбысың? Денің сау жүрмісің? – деген сықылды жылы сөздер сөйлеп, Бәтимаға жарқылдай қарады.

- Қарағым, Бәтимажан! Шай қайнатшы! – деп жақсы көзімен қарап қойды. Мақтымға көз қырын тастап, ішінен Әжібай көп сұрамаса жарар еді. «Ай, қайбір көр сұрар дейсің, өзі де безе алмай жүрген шығар». Болыс та маған «сабыр ет!» деді ғой. Болыс оны қорқытса да бірдеме қылар деп ойлады да:

- Шаршап қалдым. Болысқа келетін кісі де көп екен, - жастық әперіңдерші!– деді. Тасталған жастыққа сүйеніп жатып, әлгі ойды қайт-қайта ойлап, манағы өз қарарына келді. «Әйтеуір айырылысатын болған соң, мен оларға бір қойдың басын жегізуім керек, болыс та келеді ғой. Оған ана қарабас тоқтыны соярмын» деп бар шаруаны ойластырып жатқанда шайдың қалай дайын болғанын білмей қалды.

Бес-алты күн өткен соң сәске уақытында төрт атты кісі сау ете түсті.

Қартабай үйден сығалай қарап Әжібай екенін танып, не қыларын білмей сасып қалды.

- Мақтым шырағым, сыртқа шыға тұр! Үйді жинаңдар! – кемпірі құғыр, бол-болыңдар! деп қалбырақтап қалды. Жолдыбайға «Сен кісілердің алдынан шық!» деп аналардың жылдам болмағанына іші пісіп,өзі төсесе бастады.

Мақтым жайменен сыртқа сыпырылып шығып, үйдің сол жағындағы тасасында жапсырылып тұрды. Жолдыбай аман-саулық сұрастырған болып біраздан соң «төсеп болған шығар» деп үйге алып кірді. Кірген соң кебістерін шешіп, Әжібай ең жоғарыға, басқалары онан төмен отырысты. Аман-саулықты солғын ғана алысты да, біразға дейін басқа сөз сөйлеспей отырысты. Әрі-беріден соң Қартабай Жолдыбайға ымдап, екеуі тысқа шықты.

- Қойды айдаттырып ал да, Құрманды болысты шақырып кел! – Қарабас тоқтыны соярсың, жақсы етіп сой, жә, қара!.. бүгінін саласың ба? Жартысын саласың ба? Қайтесің, жә, өзің қарарсың, болыс келеді ғой, аз салмассың, әйтеуір жетерлік етіп саларсың, ет саларда апанды шақырып алып, екеуің ақылдасып саларсың. Болысқа кісіні жылдам жібер, әлде қойды айдатып алған соң жібересің бе? Құрмандыға, жоқ, қазір жібере беремісің? Жә, оны ыңғайына қарарсың, - деп бұрылып кетті. Байқаған кісіге Қартабайдың бетінде «не ғып кетер екен, Мақтым айрылысарда малды көп сұрар ма екен, жоқ, алып кетер ме екен» деген қорқу әсері бар еді. Болыс келеді ғой, ол айырап, бірақ малды көп бергізбес деген үміті де жоқ емес. Мақтымды

айырып алып біреуге еберсек, онда бір қарасын болысқа байлармыз деп үйге кіріп кетті.

Үйдегілер сұп-сұр болып жантайып жатыр екен. Мақтым тесіктен сығалап қарап, отырған Әжібайды көріп «Алла тағала, осы Әжібайды, баласын, кемпірін маған көрсетпегей енді» дегендей көзін жылдам онан айырып, басқаларына қарай бастады. Олардың бәрі де Әжібайдың туысқандары екенін танып, біліп, көзін басқа жаққа аударып жіберді. Қартабай мен қонақтар қысқа-қысқа сөйлесіп, шай ішіп, әрі-бері отырғансын, болыс та келді. Болыс келгесін қайта самауырын салып, соны ішіп отырған кезде Әжібай:

- Иә, болыс! Мына Қартабай менің сүйісіп болысқан құдам еді, менің көңілімде еш нәрсе жоқ еді. Қартабайдың да көңілінде еш нәрсе жоқ сықылды еді. Келінім кетіп қалып, соны алып кетейін деп келдім, - деді. Болыс:

- Олай екені рас қой, бірақ келініңе жәбір көрсетіп, соғыпсындар, кет! кет! деп үйден қуып шығыпсындар. Ол не қылғаныңыз? Адам баласы ғой, ұрып-соқпай-ақ жіберсең ол пақыр кетпес пе еді? Жазғаны әйел болғаны ма? Күйеуімді қайтейін, әсіресе атам менен енемнен қорлық көрдім дейді. Анау күні солай деп Қартабай жылап келгенсін рас-өтірігін білейін деп, келін баладан сұрап едім, бала өзі көрген қорлық-зорлығын айтты. Сосын жаным аяп кетіп, орысқа арыз беріп қойдық, - деді. Бұл сөзді естігенсін Әжібай:

- Болыс-еке, о не дегеніңіз! Келініммен кінәластыр, мен қашан өйткен екенмін? О, не дегенің? – деп сасқалақтап – О не, дегенің? – дей берді.

- Мен де баланы үгіттеп қарап едім, сірә, баланың барғандай ыңғайы көрінбейді. Онан да аз-маз мал ал да құтыл! Саған түбі кісі болмас! – деді. Әжібай «орыс» деген сөзді естігенсін құты қашып, үннен қалды. Шай болғасын төртеуі сыртқа шығып ақылдасты.

- Осы пәлеге қалармыз! – Онан да мал алайық та құтылайық! – Баланың дені сау болса, қатын табылар, - деп үйге кірісті.

Сонан ары сөйлесіп, бері сөйлесіп, саудаласып, бір құнанша, бір бұзаулы сиыр алып, талақ қағазға қол қойды. Ант асын жеп, сқһүп-сұр болысып, ауылдарына малдарын айдап қайтты.

IX

Мақтым айрылысқасын өзін ең бақытты кісі санады. Көңілі толды. Алдындағы бақытты күннің бәрі бәрін нұрлы етіп көрген сықылды. Сол күндердің тез келуін асығып күте бастады. Баяғы өзінің қыз болып, үйде жүргенде Асанмен жолыққандағы пландарының енді болуына көңілі сенді.

Бәтимаға Әжібайдікінде жүргенде өзінің не қылғанын, Асан келіп: әуелде келе алмай қалып, әлі де алу ойында болғандықтан екеуі уәде байласып, сол себепті өзінің қашып келгендігін айтты. Әуелгіше бойын таранды. Сыланды-сипанды. Қайта толысып, бұрынғысындай бола лмағанмен көңілі көтеріліп қалды. Енді Асан қашан келеді? Баяғы пландары қашан жарыққа шығады? Қашан мен ойнап-күліп рахатқа батам. Өз еркіммен жүрем деп асыға бастады. Қартабай мен Ақсұлу:

- Баланың дегенін қылдық. Баланы бір кедей жерге зорлап беріп обалына қалдық қой де пжүргенде, әуелі алланың, сонсын болыстың жәрдемімен

айырып алып, көңілді тындырдық, енді Асанның әкесімен иә басқа байырақ кісімен қашан бәтуаға келер екенбіз, - деп олар да күте бастады. Сонымен жүргенде бір жұма өтті, екі жұма өтті, келеді деген Асан әлі жоқ. Мақтым енді бірден бірге шектене бастады.

- Мені алдап, тек аз аз күндікке көңіл қосып, мені қор қылайын деп жүр ме осы? – деп ойлай бастады. Сонда да: - жоқ, жоқ, ол мені алдамайды, ол мені сүйген болар, - деп өзін өзі жұбатса да, шайтаны түскір, әуелгі ойды әкеліп ойға сала беретін болды. Сол ойға қалай түсіп кеткенін өзі де білмей қалып, аңғарған кезде:

- Ай шайтан түскір! Ойға қайдағы жаман нәрсені түсіре береді-ау, осы! – деп жылдамырақ есінен шығаруға тырысады. Сол екі ойдың, күдік пен үміттің ортасында күнімен-түнімен арпалысып әуре болады.

Күн өткен сайын, сол әуелгі ойы түскір жаман болса да көбірек ойға оралып, «шынында солай болмағай еді» деп күдікшіл ойының жамандығынан тұла бойы дірілдейтін. Соның жүзеге асуы түгіл, тіпті ойлауды да жаратпайтын еді. Бірақ өмір сенің жаратпағаныңы, қарай ма? Болатын нәрсе болады ғой: үш жұма өтті, ай өтті, Асан әлі жоқ. Кей уақытта сол күдігі шынымен рас болмағай деп жылап та алады да, үмітшіл көңілі:

- Мен жаман ырымды бастадым-ау, әлі алмайым деген сөзі жоқ қой, әлі де алар, - деп көзінің жасын жылдамдата сүртіп тастап, дым көрмеген кісідей бола қоятын. Бір күні сол жаққа баратын бір қатынна Асанға: «Келсін, мен үйге келдім, басым босады, құдаласып алуың ғана қалды», деп сәлем айтып жіберді.

- Иә, алла, өзің есіркей көр!!! Асанның көңіліне жақсылық сала көр! Егер мені алдап кетсе, мен онда масқара болдым! Иә, алла! Тілегімді бере көр! –

деп кешке дейін қатынның шапшаң оралуын күте бастады. Кеш те болды. Бір қатынның келе жатқанын көрді. Қатыны түскірдің жүрісі өнбейді! «Құрғырдың шаты ісіп кеткен бе, жылдам жүрсе қайтеді?» деп Мақтым сыртқа шығып қарап тұрды. Қатын жайменен үйіне келді, байымен әңгімелесіп шықпай қойды. Мақтым ішінен:

- Құрғыр, елшіден келді ме? Не әңгіме таусылмайтын!? Келіп маған жылдам хабар айтса қайтеді?! – деп қатынды біраз жерге апарып тастады. Қатын бірталай әңгімелескесін сыртқа шығып, әуелі бір үйге кіріп, бір жер ошақтың басын абарып, сірә да келер болмай Мақтымның сабырын қашырды. Мақтымда айтпаған қарғыс қалмады. Және Мақтым:

- Бұ қатын «алам» деген жақсы хабарды әкелер ме екен? Жоқ қайтер екен? – деп тұла бойы мұздап, дірілдеп бір жерде тұра алмайтын күйге жетті. Бәтима: «Әлі саған келген жоқ па?» деп сұрағанда Мақтым: «Жоқ, нағып жатқанын иттің?» деді. Ымырт жабылып бара жатқан уақытта қатын сиыр саууға желінің басына келді. Соны көре салып Мақтым да желінің басына келіп, қатынмен аман-саулық сұрасып, қайда барғанын, кімді көргенін сұрады. (Сонда әлгіні жылдам айта ма екен деген ой ғой). Ол өзінің көргенін, барғандарын айтса да, Мақтымның ойындағы сауалына жауап бермеді. Қатынның дым білмейтіндігіне, жылдам айтпайтындығына іштей ыза болды. Ақыры шыдай алмай Мақтым:

- Манағыны не қылдың? – деді. Қатын:

- Манағы деген не?

- Саған не тапсырып жүрген мен де кісі емеспін-ау, - дегенде қатынның ойына түсіп кетіп:

- Ой! – деді де, - мен Асанға жолығып айттым, - дегенде Мақтымның жүрегі лүпілдеп аузына тығылып, түре келіп тұра алмайтындай күйде. Мен айтып болғасын үндемей отырып-отырып:

- Заман ілгері ғой, көрерміз-дағы! Деді. Бар айтқаны осы, - дегенде Мақтымның көзінен бұршақ-бұршақ жас домалап үйге қарай жүре берді. Бұл бетпен үйге барудың қисынын таппай, төбеге қарай дәретке кетті. Тасаға жеткенше аяғын қалай басқанын білмей, тәлтіректеп барып, екі қолымен бетін басып барып құлады. Сол жерде адам аярлықтай, есінен айрылғандай болып бірталай жылады. Қас қарая есін жинап үйге қарай жүрді. Мақтым ішінен: «ол «көрерміздағы!» дейді. Қандай жаман сөз. Мені пәлен жылдан бері «алам, алам» деп жүріп, барған жерімнен қаштырып келтіріп тұрып, енді «көрерміздағы» дейді. Ай-ай, қандай жаман сөз, деп сол жерде өкіріп тағы да жылады. Әлден уақытта Асанды өзінің алдына айыпты кісідей айдатып әкеліп, жазасын бергізгісі келді. Өмір бойына Сібірге айдатып, тәнінің қайбірін кесіп алып, азаптағысы келді. Уақыт өтіп, ойлағанының біреуі де болмады. Тіпті ең болмағанда Асан келіп, кешірім де сұрамады. Айдатып алдыруға мұның қайбір солдаты бар. Есеңгіреп жатыр. Әрең дегенде тұрып, үйіне қарай жүре бергенде алдынан шыққан Бәтиманы көргесін тағы құлады. Тағы жылады. Тағы арыз айтты. Бәтима:

- Әсемжан, Әсемжан! Не болды? Не болды? – деп Мақтымның басын көтеріп қайта, қайта «не болды» деп сұрады. Мақтым баяғы ма, өкіріп жылап:

- Алдай, жеңешекей, қайтейін! – Ойбай-ай, ішім жанып бара жатыр, қайтейін баяғыдан бері мені алдап жүріпті, бүгінде «көрерміздағы» дейді. Ой жеңешекей!!!... деп аяқ жағын айта алмай талып кетті.

- Ой, қарағым-ай! Мен қайтейін! Оны алладан сұрамасаң?! – деп көңілі бұзылып, еңкілдеп ол да жылады. Бір уақытта Бәтима:

- Жүр, қарағым! Енді жылағаныңмен бола ма? Ондай ит тиabyлмас дейсің бе? – деп сүйемелдеп үйге алып жүрді. Мақтым қайда келе жатқанын, не ғып келе жатқанын білмей үйге кірді. Қартабай мен Ақсұлу үрпе-шүрпе болып, қорқып, екеуі бірден:

- Не болды? Не болды? – деп сұрауды жаудыра бастады. Бәтима:

- Ішім ауырып барады деп далада жылап жатыр екен, жүре алмаған соң мен алып келдім. Ене! Жылдам төсек салшы! Қолым талып барады, - деді. Ақсұлу:

- Алдай-алдай! Жүрегім ұшып кетті ғой! Иә алла, сақтай гөр, өздерінен кететін болғасын дуалаған ғой, ай! Баба бұзған оңбайды ғой, ай, сақтай көр! – деп жылдамдата төсек салып жүр. Қартабай да:

- Иә алла! Иә алла! – деп төр алдында не қыларын білмей, көзі жасаурап ол отыр. Төсек салып жатқызғасын Мақтым көпке шейін жылады. Біраздан соң әлгі "көрерміздағы" деген сөзді қайтадан тексеріп, оқаста білдірмейін деп

қысыла егіліп, көзінің жасын тия алмай қойды. «Заман ілгері ғой» дейді. Заман ілгері болатын ба еді? Мен келгелі бір айдан асып бара жатыр, енді не ғып жүр. Ең болмаса келіп кетсейші! Тағы да «көрерміздағы» дейді ол. Иә алла! Иә алам, иә алмайым дегені ғой. Бұл заманға шейін неге білмейді алар-алмасын деп бір егіліп, бір жылап, әлгі сөздердің мағынасына түсіне алмай жатқанда түн ортасы ауып ұйқыға кетті. Түс көрді. Асан қап-қара болып кетіпті. Бұған қарамай теріс айнала береді ме қалай? Қарамай жүргесін Мақтым бір кісілерге айтып еді, олар Асанды ұстап, мойнына шынжыр байлап, Мақтымның алдына әкеліп өлтірейін деп жатыр. Мақтымға жалынды ма, әлде Мақтымды алатын болды ма? Әйтеуір аман қалды. Мақтымның жалғыз өзі айдалада адамып жүріп, жыланға кездесті. Ол қуды ма? Немене? Қорыққанынан айғайлап жібергенде, өз даусынан өзі оянып кетіп, тағы да баяғы ойларды қайта тексеруге, тағы өксіп жылауға кірісті. Сонда да одан өшін алатын амал таба алмай арып-ашып, тағы ұйқыға кетті. Тағы да әлде қандай шұбалаңқы, қорқынышты түстер көріп жатқанда әтештердің таңертеңгі айғайлағандары оятып жіберді.

Х

Жұрт әлдеқашан қыстауға кірген. Күн ызғырық жел болып, жағымсыздана бастады. Малдарды таңертең өргізгенде суыққа ұрынғысы келмей әрең жайылатын еді. Түс ауа ауылға қайтып келіп, қашан пішен береді дегендей мөліп тұратын еді. Балықшылар да бүрсеңдей тоңып, ауларын жинай алмай, үйге тығыла береді. Теңізшілер де «енді бірден артық шыға алар ма екенбіз?» деп тарап кетісті. Ауылда қалған қарттар күздікке сойылған тай-өгіз, қойлардың етін аңдып үйге жүрісетін еді.

Біздің Мақтымның да осы күн сықылды қабағы ашылмай қойды. Асанға тағы да хабар жіберіп еді, «мені енді қойсын, әке-шешем жаратпайды!» деп жауап алды. Бұл хабар келгенсін бұрынғыдан да жаман қайғырды, бұрынғыдан жаман іші ашыды. «Қашанға дейін құр қайғыра берейін! Онан да бұйырған кісіге барайын, бұл жара ұмытылар!»... деп өзін-өзі жұбатса да, кейбір кезде Асанның жасаған қорлықтары есіне түскенде шыдамай көінен жас егіл-тегіл кететін еді. Солай ой-қайғыдан арықтады, құп-қу шөлмектей болды. Ас ішпеді, ұйқының да көбін оймен өткізеді. Соңғы кезде жөтелетін болды. Қартабай мен Ақсұлу түнде жатқанда бата бұзғанның жамандығын, бата айырумен пәленшенің қызының оңбай, ақырында қор болып өлуін, қазір де мына Мақтымның да анда-санда талып қалуын, жүдеп кетуін айта келе «баланы кедей жерден айырып алдық қой, енді бір бай жер тап келгей-дағы» десіп қойысатын. Осыменен бірталай уақыт өтті.

Бір күні сәске кезінде біреу сырттай сөйлескесін Қартабай үйден шықса, Жанбол қарт екен. Қартабай атының басын ұстап:

- А, Жәке! Хош келдің? Түс! – деп түсіріп, үйге тез кіріп кетіп, - төсеніш салындар! Жанбол қарт келіп түсті, үйді сыпырындар, бұрыннан сыпырып қоймайсындар ма, кісі-місі келсе бүлінесіндер де қаласындар! – деп сыртқа қайта шығып кетті. Біраздан соң алдынан Қартабай, соңынан Жанбол қарт екеуі кіріп, Жанбол аман-сау сұрасқаннан кейін тұмағын шешіп отырды.

Қартабай да өзіне салынған орынға отырып, пешке сүйеніп тұрған Ақсұлуға:

- Самауырыныңды! – деп ымдады. Жанбол:

- Күн бірден суытып кетті-ау! Пішендерің көп пе еді?

- Ауылдағыдан басқа далада үш мая пішеніміз бар. Жаман емеспіз, - деп қойды Қартабай. Сонымен шай қайнатылып, бауырсақ пісіріліп Ақсұлу бәйбіше қазанға ас салды. Мақтым мен Бәтима Қартабайдың бір жақынының үйіне қыдырып кеткен болатын. Сонымен шай ішіп болғансын Жанбол Қартабайға:

- Саған болыс жіберіп еді. Баяғыдан бері көп жыл көрші болып, «ища» дескен жоқ еді, енді тіпті жақын болсақ қайтеді, - деп бастады. – Екі әйелі болғанымен. Үлкені қартайды, соңғысы бала-шағасынан қолы босамайды. Қолы қысқа. Бала мен келінінің өз жұмысы өзінде. Осыдан қолайлы адам жоқ. Саған мен де кеңес берем: өзі бай десең бай, болыс десең болыс, ондай кісіге жақын болған адамның арманы бар ма? Есіктегі басыңды төрге сүйрейді ғой, - деді. Қартабайға бұл сөз әуелінде оғаш көрінсе де, соңынан үндемей отырып қалды. Жанбол онан әрі соза түсті.

- Бәйбішеңмен ақылдас, жарлының қойнында болғанша, байдың аяғында болғаным артық дейтін еді ғой. Сенің балаңның осындай орынға орналасуын тіпті ыңғайлы көрем, - деді. Қартабай да:

- Иә, сіздің жаман жерге сілтемейтініңізді білеміз ғой, - деп бір қойды. Ақсұлу да пештің ар жағынан естіп:

- Алла берді, болысқа берсең арманың бар ма?! Әншейін кісіге де береміз ғой, алла берді, - дегендей болып, шаттығынан не қыларын білмеді. Қартабай біраз ойланып отырып шырайланып:

- Сіз бен болыстың айтқанынан шыға қоймаспыз! Өзіміз ақылдасайық! – деп күліп қойды ішінен.

- Мақтымды алла тағалам жақсы жерге келтірді, ананы кедей деп менсінбеп едік. Мынау өзі болыс, өзі бай жақсы болды ғой, - деп қуанысты ата-анасы. Біраз үн-түнсіз отырып, Ақсұлу далаға шыққанда Қартабай да сыртқа шықты. Сыртта Ақсұлу екеуі бір қораның түкпіріне кіріп, бірталай сөйлесті. Ақсұлу:

- Алла берді, енді береміз деп қазірден бастап айта бермей не қылып отырсың? Онан артық првительге береміз бе? Тек алатын нәрселеріңді сұрай бер! Тіпті балаларға ақылдаспа! Олар жастықпен қарт деп жаратпайды. Мақтымның билігін өзім аламын! – деді. Қартабай Мақтымның өзіне айтып қараймыз ба деп еді, Ақсұлу:

- Ой, алда-ай, мен не айтып тұрмын, әке-шесін баласы билей ме, әлде баласы әке-шешесін билей ме? Көп сұрап сиымсыздық етпе! Өзінің бер деп жібергені болар, соны ал да бер! Мақтым да болыстан артық кімге барам дер дейсің? Болысқа қыз беру жұрттың бәріне тие бере ме? – деген соң Қартабайдың көңілі өсіп, не қыларын білмей судай тасыды.

Сонан соң екеуі үйге кіріп, Қартабай Жанболға:

- Ақылдастық! Болыс пен сіздің сөзіңізден шығып қайтейік! Онан артық кімге береміз деді. Жанбол:

- Бәрекелде! Айтқан сөзімізді жерге тастамағаныңызға алла риза болсын!

Қанша сұрайсың? – деді. Қартабай:

- Болыстың өзінің бер деп жібергені болады ғой, біз оны саудаласып қайтейік? – деді. Соынмен ары соғып, бері соғып, ақырында бес қара мен мың сомға беруге, енді он бес күннен соң құда түсуге сөз байласып, Жанбол ас ішіп аттанып кетті.

Жанбол кеткесін Қартабай өзінің болысқа ата болатындығын, болыстың төрінде өзінің шалқайып отыратындығын, Мақтымды да жақсы жерге орналастырып, ендігі жерде болыстың арқасымен барлық кісілерге өадірлі болатындығын ойлап-ойлап, ақырында Мақтымды «Қандай бақытты еді?» деп қойды. Кешке таман Бәтима мен Мақтым да келді. Мақтым жақындарына барып көңілін көтеріп, қасына 15 жасар Шарипа деген қызды ертіп келді. Бәтима сиыр саууға шыққанда Ақсұлу да мұның қасына келіп:

- Бүгін Жанбол қарт жаушы болып келіп, болысқа Мақтымды айттырды. Алла беріп, Мақтымды жақсы жерге орналастыратын болдық, - деп айтып, сүйінші сұрағандай шаттанды. – Осы естіген сөздерін, істеген істерін, тәңірі

343

жарылғасын, Мақтымға айт, естірт, - деп Бәтимаға қарады.

- Ие, сөйттік десендерші! – деп ойланды. – Әй, Әсемжан, оған тағы риза болмайды ғой, - деді. Ақсұлу кейіп:

- Оған риза болмағанда кімге риза болады? Осы бәрін бүлдіретін сен! – деп бірталай жекіп тастады. Сонымен кеш болды. Ас желінді, шай ішілді. Мақтым іс тігіп, өзара күлісіп, кішкене жақта отыр. Жатар уақыт болған соң, төсек салысып, Мақтым, Шарипа, Бәтима үшеуі бірге жатты. Жатқасын біраз сөйлесіп, ана қыз ұйықтағасын, Бәтима Мақтымға:

- Біздің үй болыспен құда болысатын болыпты ғой! – дегенде Мақтым:

- Кім үшін?

- Баяғы, сағандағы.

- Болыстың баласына ма?

- Жоқ, болыстың өзіне, - дегенде, Мақтым не қыларын білмей.

- Ойбай-ай, ойбай, жазған басым сорлаған екем ғой! – деп еңіреп қоя берді.

Бәтиманы құшақтап: - Әй, жеңеше-ай! Құдай менің бағымды ашпады ғой! Үйткенше өліп қалсамшы! Ойбай құдай-ай қайтейін! Әкемнен үлкен кісіге душар болдым-ау, құдай мені неге өлтірмейді онан да, - деп дауысын шығарып жылады. Ана жақтағы Қартабай мен Ақсұлу да оянып:

- Ау, бұ не. Бұ не? – десіп шошып кетті. Ақсұлу кішкене жаққа келіп:

- Мақтым, Мақтым! Не болды? Не болды? – дегенде, Мақтым: - Ойбай-ау! Ойбай, мені әкемнен үлкен кісіге бергендерің не? Мені онан да тірілей көміңдер-дағы! Құдай менің бағымды ашпады ғой! Ай, қайтейін! Обалым әке-шешеме! – деп сыңсыды. Ақсұлу да:

- Ай, алда, ай жүрегім ұшып кеткенінші! Ай, құдай-ай, бата айырған, дуаланған сорлы! – деп қайтып барып қартына көргенін, естігенін айтты. Қартабай:

- Дуаланған ғой, болысқа көрсетпестен бұрын дуа қайтаратын молдаға көрсетер ме еді? – деді. Мақтым да біраздан соң дауысты қойып, өксіп жылады. Оқтаста өзінің көрген қорлығы есіне түскенде, солқылдап егіліп

кетеді. Бәтима:

- Шырағым, оның несіне күйінесің? Тәңірінің салғанынан басқа бола ма?- деп жұбатады. Мүсіркеген сөз өксіп-өксіп жылауына себеп болды. Бір уақытта қойды. Мақтымның көз алдына болыстың ағарған шашы, күректей сақалы, кебежеде й қарны келді. Күректей сақалы тұншықтырғандай, қарны үстін езгендей, сасық аузымен бетін сүйгендей болды. Бұдан құтылғысы келсе де өз еркімен құтыла алмағандай сезінді. Бүркеніп жатты. Онан жаман көзіне аюдай үлкен, тастай ауыр қарын елестеді. Басты, жанышты құтыла алмады. Түре келді. Аан жерден, мына жерден күректей сақал көрінді. Қайтадан жатып еді, тағы да үстін басты, күректей сақал көрінді. Бұлай қараса да, олай қараса да баяға күректей сақал келіп, тұншықтырып, кебежедей қарын басты. Әнеки ана бұрышта күректей сақал, мына бұрышта күректей сақал. Ақырында өзінен-өзі «Күректей сақал! Күректей сақал!» деп иманы ұшып, орнында қақсап жатты. Бұдан құтылайын десе шара таба алмады. Олай аударылды, бұлай аударылды, езілді, иленді. Ақырында өзін қыл сықылды жіңішке үзілетін нәрсе деп сезді. Қорықты. Иман айтты. Өзім қандай екенмін? деп денесін ұстап, жүдеп кеткенін сезді. Тұрып отырса әлгі ойлар көз алдынан кетпеді.

Сонымен түні бойы әуреленіп таң да атты. Сол уақытта көзі ілініп кетті. Түсіне ілдеқандай нәрселер енді. Қорықты, күректей сақалды болыс па? Шайтан ба? Бір нәрсе қуды. Ұстап алып еді. Күректей сақалымен тұншықтырды. Кебежедей қарны жанышты. Тұла бойы нан болып езілгенін, қыл болып үзілейін деп тұрғанын көрді. Сонан қорықты. Шошып оянды. Қараса сәске болып қалған екен.

Мақтым ауырғандай болып төсектен тұрмай, күні-түні жылап, Асанды қарғайтын еді.

- Алдына келсін! Мен ол болмағанда әуелгі күйеуімнен айырылмайтын едім, ол өз теңім еді. Тек осы Асан ба? Шайтан ба? Мені азғырды да азып кеттім. Мен ол күнімнен жақсы күн табам деп онан айырылдым. Мен екі күндестің үстіне, қарт шалға барып не адам болам, онан да мен өлейін деп күйінетін еді. Түн болса, күректей сақал мен кебежедей қарын көз алдынан кетпей езетін, жаншатын, қылдай қылып тастайтын еді. Сөйтіп жүргенде он

бес күн толып, құда да түсті. Болыстар тәуір жетектеп келгенде Қартабай аяғынан тік тұрып, қалбырақтады да қалды. Баласына, келініне, кемпіріне ақырып-бақырып жүріп бар мәзірін аузына тосып, қонақ етіп қайтарды. Мақтым тұрмай жатты, ауырды. Және «Мен әкемдей кісіге, екі қатын үстіне бармаймын» деп Бәтимадан айттырды. Қартабай мен Ақсұлу не деп жоруға білмеді. Өйткені өздерінің үміт еткен кісілерінен де артық кісі, әрі болыс, әрі бай кісі тап болып айттырып отыр ғой. Олардың есебі бойынша «дүниеде болыстан, ұлықтан артық кісі жоқ, олардан басқа кісі кісі емем» болғансын не деп жорысын енді!?

Оқушылар айып ете көрмеңіз!

Иә, солай жорыды. «Әжібайдікі дуалаған, өмірінді қор қылайын, жақсы кісіні де жаман көрсетейін деген екен! Алла қайырын өзі берсін!» десті. Қартабай да болысқа ата болу, болысқа жағыну ойы мықты болғандықтан

Мақтымды осы күйінде болысқа көрсетуге қорынып, «алмай кете ме?» деп солдаға көрсетуге қаулы қылды. Бір күні Ермағали молдаға барып жайды түсіндіріп кітап аштырды. Ермағали:

- Бір қара шашты, қыр мұрынды, қара жігіт өзінің дегенін қылмағансын дуалаған екен, жеті күн оқу керек, - деді. Мақтым «Менің ауруым жоқ, оқытудың керегі жоқ!» дегенде, молда «дуаланғандар сөйтіп ерегеседі!» деп емдеуге кірісті. Жеті күн оқып, жеті күннен соң молда келген күні өзі тығып қойған дуасын Мақтымның төсегінен тауып алып:

- Міне таптым, енді иншалла жазылады, - деп алдап бір қойды, алып ол кетті.

Онан ештеме болмады. Бір тиындай пайда таппай, молданың сасық аузынан шыққан сасық түкірігінің исінен әрі жеті күндей өз еркімен жата алмағандықтан бұрынғысынан да төмендеді.

Қартабайдың онан да үміті үзілді. Қайғырды, күйді. Жанды. Ақсұлуға да, Бәтимаға да кейігіш болды. Бойлай барқылдап ұрысады да жүреді. Ақсұлу да Қартабайдың ұрысуын "жөні бар!" дегендей оған қарсы сөз айтпады. Тек о да Бәтимаға жау болып, айналдырғаны, ұрысқаны Бәтима болатын. Сөйтіп жүргенде болыс күйеу «ұрын» келетін болып, хабар жіберді. Оған Қартабай да, Ақсұлу да «Енді қайтеміз, енді қайтеміз?» деп састы. Болыс «келем» дегесін болмайды ғой. Қорынса да, ұялса да, орнын, қонақ асысын әзірлеп күтінді. Мақтым бұған бұрынғыдан да артық күйінсе де, қайғырса да, әкешешесінің айтқанынан қайтпайтынын білген соң қарсы істейтін амалы болмағандығына қатты қамықты. Дым да істей алмады. Істейтін амалы тек жылау. Айтқан күні болыс та келді. Басқа оңаша үй болмағандықтан өз үйіне түсірді. Қартабай өзі бірге әңгімелесіп, қойды сойдырып, сыртынан шаттықты болса да, ішінен «Мақтымның ауру екенін білмегей еді, тәуір көрінгей еді, иә алла, өзің жәрдемші бола көр! Тастап кетпегей еді» дегендей тыпыршумен болды. Сонымен ет те желінді, артынан шай ішіліп, жатуға қалғасын, болыс далаға шығып кетті. Ақсұлу:

- Сендер осы жаққа жатыңдар! Болысқа ана жаққа, Мақтымның қасынан жақсы етіп төсек салып бер! Және өзің біз жатқасын болысты қабаттастырып үйге кіргізіп жібер! - деді. Бәтима:

- Төсек сал десең, салып берейін, атамнан үлкен кісіні қалай бірге алып кірейін! Ұялам, кірсе өзі кірер, - деді. Ақсұлу бұл сөзге мықты ашуланып:

- Жағыңды қарыстыр! Иттен туған неме! Бұларды жақсы кісімен қосылып адам болсын десең, қызы да, келіні де үріп тұрған ит! Осындай кесірліктің бәрі сенен, қарашы айтып тұрғанын! – деп иттен алғысыз етіп сөкті. Бәтима төсек салып жүріп:

- Екі сөздерінің бірінде «осы кесірліктің бәрі сенен!» дейсіңдер, мен не қылып едім? – Ақсұлуға қарсы шығып, бірталай шапылдасты. Қартабай бір шетте тұрып:

- Үндерің өшсін! Сыртта кісі тоңып тұрып қалды. Болыңдар, қойыңдар! – деп шыпжыңдаудан басқа ештеме істей алмады. Ақырында кемпірін қойдырып, жаман атақтың бәрі өзіне қалатындықтан Қартабай Бәтимаға жалынып-жалбарынып әрең жіберді. Бәтима бетінен басып, ұялғанынан әрең

кетті. Соның арасында болысқа сөйлесіп тұрған Қартабайдың үлкен баласы:

- Не қылып жатырсыңдар? Болыс тоңып қалды ғой, - деп үйге келді. Бәтима сыртқа шықты да болысқа:

- Үйге жүріңіз! – деді. Болыс жеңгелік ақысын бермек болып «тоқтаңыз» десе де ұстап ала ма деген кісідей, үйге жып-жылдам кіріп кетті. Артынан іле-шала кірген болысты ана жаққа бұрып жіберді. Болыс төсекке келіп шешініп жатып, жан-жағына қарманып қараса Мақтым жоқ. «Өзі келмес пе екен?» деп бірталай жатып тосты. Мақтым жоқ. «Бұл қайда кеткен?» деп біраз ойланып жатып-жатып, тағы да іздеді, жоқ. Түрегеліп сол бөлменің ішін түгел қарады. Жоқ. Не қыларын білмеді. Қайдан қарарын білмей, «әлде мені алдап жіберіп жүрмегей еді» деп Бәтимаға күдіктене қарап қойды. Ана жақтағы кісілер ұйықтасын деп жатты. Бір уақытта жаймен тұрып, қамыс сылдырласа тоқтай қалып, мына жаққа іздеп келді. Қараңғыда біреудің аяғын басып кетіп, сүріне жығылып, қарны жарыла жаздады. Тұрып қармалап, сипалап жүріп, бір қатындай кісі тапты. Тапқанмен кім екенін білмей, отты жандырайын десе, көрініп қалып ұят бола ма деп бірталай отырды. Сонда да бір мезгілде батырланып, өзі Қартабайлар жағына шықты. Мақтым бүркеніп жатыр. Ар жағында Бәтима мен күйеуі.

Мақтымның қасына жатып, өзі ептеп тартып еді, кірпіше домалап болмады. Сол жерде бірталай таласып болмағасын, болыс зорлап, сүйреп ана жаққа алып бара жатқанда Мақтым жан-дәрмен жасап болыстың қолынан сытылып шығып, Қартабайлар жаққа қашты. Болыс айрылып қалып, аң-таң болып тұрды да, тағы да іздеуге кірісті. Қартабайлардың жағында жоқ. Бас жағында жоқ. «Ірге жағында болмақ керек» деп ойласа да, о жаққа бара алмады. «Қартабай оянып кетсе, ұят болар!» деп тағы іздеді, жоқ. Қайтып келіп өз жағын тағы іздеді. Жоқ. Қартабай жаққа барып, шырпы жағып қараса, ірге жағында Мақтым бүрісіп, бүркеніп жатыр екен. «Енді болмады» деп орнына барып ойға батты. «Бұ несі?» деп өз-өзіне сұрау беріп, ақырында:

- Үлкен кісіден ұялғаны ғой! Ай сақал! Қарттық! – деп кіжініп, ойын басқаға бұрмай жатып біраздан соң ұйықтап қалды.

Ертең ертемен Қартабай тұрса, Мақтымның қасында жатқанын көріп, жүрегі мұздап қоя берді. Өз-өзінен:

- Иә, алла, иә алла! Дуа! Ай алла сақтасын! Қайран балам қор болды-ау! – деп көзінен жасын ағызып жіберіп, өзінің не болғанын білмеді. Қорынды. Алладан тіледі. – Бұ не деген қорлық! Өзінің ойындағысындай жерге де бердім. Онан да мынадай болып отыр. Ойбай-ай, мына болыстан ұят болды-ау! Япырм-ай, алмай кетпегей еді, - деп көзінің жасы тама-тама дәрет алып, намаз оқыды. Не оқығанын, не істегенін білмеді. Намаз соңынан алладан тіледі. Һәм болыс та ұялмасын, үй іші де білмесін деп Мақтымды оятып:

- Тұр, шырағым тұр, ана жаққа бар! – деп айтса да Мақтым бармады. Қартабай тағы ұялды, қорықты. Алладан тағы тіледі. Сонан соң Бәтиманы, кемпірін «шай қайнатындар!» деп, «болыстың атын қара!» деп баласын

оятты. Өзі Мақтымды көргісі келмей далаға шығып кетті. Сонан шай қайнатылып, болыс та тұрып, дым болмаған кісідей білдірмей бұрынғысындай жарқылдап шай ішіп, аттанып кетті.

Мұнан соң Мақтым жөтеле бастады. Төсек тартпаса да едәуір ауру болды. Ертеңді-кеш денесі қызып, түре келсе басы айналып жығылатынды шығарды. Қай уақытта жатып та қалып жүрді. Әке-шешесі «мұның дуасы түспеген екен» деп Сәрсен молдаға қаратып, жеті күн оқытты. Онан да ештеме болмады. Қартабай мен Ақсұлу да тарықты.

Онан-мұнан естіген емді де қолданды. Ақсұлу Мақтымға: - Тәуір бол, болыс келгенде, шырағым сыр білдірме! Үлкен кісі ғой, ұят болар, ондай кісіге барған адамның арманы бар ма? Басқа кісіні айттырса көрмей жүр ме? Сені тәуір көрді ғой! Жамандығыңды білдіре көрме! Сен «қарт» дейсің, қарт болса да жақсы кісі ғой. Онан артық кісі жоқ. Ана күні өзіңді соның арқасында азат етіп алдық қой. Сондай әр жерде жақсылығы тие береді, - деп үгіттейтін еді. Мақтым айтқанын тыңдап отырып, ештеме болмайтындықтан үндемейтін еді. Сөйтіп жүргенде болыстың алатын мезгілі болып, той жақындады. Мақтым күннен-күнге салбырап жүдеп бара жатыр. Қартабай онан жаман күйінді, састы. Сонда да тәуекел етіп, той жасауға кірісті. Күйеудің келетін күні болды. Келді. Қартабай жақсы тойдың кәделерін алып, болыстың әкелген жібек нәрселері мен малдарына риза болды. Сонда да «Мақтым шырды бұзбағай еді» деп алладан тілеп, қалтырап жүр. Шай ішіліп

болған соң қатындар Мақтымды күйеуге апаруға қам қылды. Мақтым бармады, жалынса да болмады. Сонымен баяғы күйеудің аяғын құшып болыс та жатты. Болыс ойға кетіп, «Бұл несі? Анау күні де бірге жатпай, қашып кетіп еді, енді бұл жолы да келмеді. Мені жаратпай жүрген болар! Өйтсе мен мұны не қылам?! – деп ойласа да, - жоқ, ұялып жүрген болар, жаратпаған күнде де ауылға апарып еркін дүниеге кіргесін, кимегенін киіп, ішпегенін ішкесін, өзі-ақ түзелер! Жас адам ғой» деп өзін-өзі жұбатты. Соынмен ертеңіне шай ішіліп, ет желініп түс ауа жөнелмек болып ат жегілді. Жөнелуге айналған соң Мақтым әкесінің малға, байлығына, болыстығына қызығып, шалға, екі қатын үстіне бергендігін айтып, адам шыдап тұра алмайтындай дауыс қылды. Естіген адамда ағыл-тегіл болмаған кісі қалмады. Мақтым көп жылап, жүрегі қысылғандықтан талып қалды. Басқалар «өліп кетпегей еді» деп үрпиісіп, су бүркіп, кішкене тәуір болғасын арбаға мінгізіп, жөнелтіп жіберді. Қартабай Мақтымның аттанарда айтқан сөздерін есіне алып: «Қайран балам, дуаланып қор болды-ау! Жақсы кісіні де жаман деп білді-ау» деп күн ұзақ жылап, көзі ісіп кетті.

XI

Мақтым болыстікіне келген соң езілді, жаншылды. Күректей сақал түн болса шынында да түншықтырып, дем алдырмайтын еді. Кебеже албасты сықылданып басып жаншып езетін еді. Өзі жаратпаса да, болыс «мал беріп алған қатыным» дегендей, өзінің дегенінше «өлдім» дегеніне қарамай іс қылатын еді. «Мені жаратпай жүрсең, мен сені қор қылайын» деп ұратын, соғатынды шығарды. Мақтым бұл қорлықтарға себепші болған Асанға мың сан лағнат айтып, қарғайтын, сілейтін еді. Тек өлтіріп тастауға күші жетпейтінін біліп Асандікіне бара алмайтын еді. Әжібайдікінде жүрген күндері осы күнде көзінен бір-бір ұшты. Сол ойларды күніне мың рет

ойланып, диуана кісі сықылданып кетті. Болысқа һәм үй ішіне білдірмей, далаға барып жылап-жылап қайтады. Аллаға дұға қылып, өзін жылдамырақ өлтіруін сұрайды.

Сонымен ас-су ішіп, бұрынғысынан жаман жүдеді. Бұрынғысынан жаман уайым-қайғы күшейді. Бұрынғыдан да жөтелі басылмады. Тұрып жүре алмай, басы қаңғырып жатқысы келсе де болыстың: «бұрынғы сүйгенін жоқтап ауырып жатыр» деп ұратынын, күндес қатындардың «қызмет еткісі келмей, еркелеп жата береді» деулерінен қорқып, төсек тартып жата алмайтын еді. Болыс жоқта, басқа үйде отырғанда ғана жатып-жатып алатын. Бірден бірге аурау күшейіп, тынысы тарыла беретін болған соң, төсек тартып жатпасқа шарасы қалмады.

Мақтым бұлай жатып алған соң бұрынғы бұрынғы ма! Екі қатын «тоқал еркелеп жатыр, қызмет етпейді, біз оған құлдық қыламыз. Оны соқпайды, тимейді, жұмсамайды» деп өне бойына болыстың сыртынан сөз қылып кіжінеді. Болыстың үлкен бәйбішесі ортаншы қатынға өне бойына Мақтымды жамандап, жала жабады. Әрі болысты қызғанып, әрі күндестік қастығымен болыстың Мақтымды еркелетіп, соқпай артық көретіндігін,

өздерін кем көретіндігін жылап айтып, үлкен баласының миын қатырды, құлағына құйды. Болыс өзінің қасына жатқанда ортаншы қатын:

- Ана кіші қатының өне бойына еркелеп, ауырдым деп төсектен тұрмайды, оны неге еркелетесің? Сонша ол хан қызы ма еді? Анау күні қонақ үйде писарьмен сөйлесіп тұр екен, мені көріп қалған соң ана жаққа кетіп қалды! – деп ол қыңқылдайтынды шығарды. Бәйбішесі де кейіген заманда осы сөздерді айтып, болысты қоздырып қояды. Баласы мен келінінің де болыстың оын соқпай, осылай жатқызып қойғанына зығырдандары қайнап, қолдарынан келсе, Мақтымды өлтіріп тастағылары келеді. Болысқа риза болмай, көбіне қырын қарап көрмеуге тырысады. Шай ішуге амалсыз жиналады. Сонда да қырын қарасып отырып шай ішісіп кететін еді. Қысқасы,

сол үйдегі кісілердің бәрі Мақтымның сорына қарай болысқа жамандайды да жатады. Болыс бұлардың сөзіне нанып, һәм баласы да қырын қарап жүрген соң

«Осындай істерге сен себепші болдың ғой!» дегендей жатқан жерінен шашынан сүйреп, бұрынғы үлкен екі қатынға жұмсайтын дойырмен Мақтымды өлтіргенше соғатынды шығарды. Кей уақытта талдырып та тастады.

Мақтым орнынан тұрмақ түгіл, күннен-күнге нашарлай берді. Осы қорлықтарды көрген соң болысқа бұрынғыдан дұшпандығы артты. Болысты өңінде түгіл, түсінде де көргісі келмеді. Болысты қолынан келсе өлтіргісі келді. Өлтіре алмады. Дүниеге ата-анасына, бүтін қазаққа, болысқа, екі қатынға мың сан қарғыс айтты. Өзінің осы дүниеде еш қызық көре алмайтындығына бұрынғыдан да сенді. Дүниеге қол сермеді. Жүзі сарғайды. Ерні кезерді. Көзі үңірейді. Тұла бойында дәрмен қалмады. Тек түнімен күйіп-жанып, біресе тұрып, біресе жатып, әлденендей ойлармен шатасып өз-өзімен шатасып сөйлесіп шығатын болды. Оқтаста болыс қасына келіп, «не ішесің?» деп сұраса, болысты көргісі келмей, жүзін аударып жіберіп, «дымда

ішкім келмейді» деп жауап қайтарады. Болыстың сақалын көргенде тұншыққандай, жуан қарны езердей көрінетін еді. Болыс жаратпай, жағымысыз жауап берген соң «өлмесең тұрма» деп кетіп қалатын. Сонымен бір-екі ай өтті. Мақтымның қалы ауырлай берді. Өзі бір бөлмеде жеке жатады. Әке-шешсі де жайын білуге бір-екі келіп, «қарағым, тәуірмісің» деп күн ұзын сұрағанда да жауап қайтармай, қырын қарап жатып алатын.

Ақсұлу болыстың үлкен қатындарына:

- Әжібайдікі баламды кететін болған соң, дуалап бұзды, алла жазасын берсін, қайтаын?! – деп жылап-жылап қайтып кетті. Болыс Мақтымды әке-шешесінің кетерінде бақсыға қаратып, «қағынды екен!» деген соң, бір қоймен қақтырды. Онан да ештеме болмады. Бірден бірге Мақтым төмендегеннен төмендей берді. Болыстың үй іші Мақтымның төмендегеніне қуанғандай. Бұрынғыдай күндеулерін қойып, іштерінен жаман көрсе де, оқтаса қасына келіп, ол-бұл айтып кетіп жүрді. Болыс та «жұрттан ұят болар» деп Мақтымның қасына бір қатын жалдап әкеліп бақтырды. Сол қатын сүйемелдеп сыртқа шығарып тұрады, сусын береді. Сонымен қыс та өтуге жақындады. Мақтым оқтаста қысылып, демі бітіп қиналатын болды. Болыс «осы қайтып кетер екен» дегендей болып қарт молданы басына әкеліп қойды. Қартабай мен Ақсұлуға да хабар айтты. Оларға кісі жіберген соң Мақтым кішкентай тәуір болғандай еді. Ақсұлу кіріп, шешініп болып, Мақтым жатқан үйге кірсе, бас жағында қарт молда дем салып отыр, оның төменгі жағында болыс, Мақтымның мына жағында болыстың бәйбішесі, оның төменгі жағында әлсін-әлі Мақтымның маңдайына, жүрегіне сулы орамал жауып бір қатын отыр. Ақсұлу келген соң бәйбіше орын беріп, өзі кетіп қалды. Ақсұлу көзінің жасын төгіп, Мақтымның қолын ұстап:

- Қарағым, тәуірмісің? – деді. Мақтым шешесін көріп, бірталай көзін тігіп қарап жатып-жатып:

- Тілектеріңе жеттіңдер! – деді қолын тартып алып, бетін бұрып жатты. Сонан соң тағы қысылды, ышқынды. Иегін қақты. Аузын ашты. Бір уақытта демі тыйыла бастады. Молда да «Ла-илаһа-иллаланы» даусын шығарып, жылдамырақ айтып, Мақтымның бетін жаба бастады. Ақсұлу мұны көріп:

- Ойбай! Қарағымнан айрылдым! – деп айғайлап жылай бастады.

1917 ж.

«Айқап» журнал және елдік сана идеялары

XX ғасырдың басы - қазақ қоғамдық санасының дүр сілкінген шағы. Түрлі идеялық бағыттар мен жаңа жанрларда жазылған көркем шығармалар соның айғағы. «Айқап» журналы - халықтың алдында тұрған өзекті мәселелерді, демократтық идеясы бар өткір шығармаларды көпшілікке кешіктірмей таныстырған басылым. Осы дәуірдегі қазақ қоғамдық санасы мен мәдениеті, әдебиеті туралы сөз қозғайтын кез келген зерттеуші бұл журналға соқпай өте алмайды. Осының өзі көп нәрсені аңғартатын болса керек.

«Айқап» қазақ қоғамдық санасының аса көрнекті қайраткері Мұхаметжан Сералиннің жанкешті еңбегі мен тікелей басшылығы арқасында 1911-1915 жылдар (қыркүйекке дейін) аралығында Тройцк қаласында шықты. Журналдың прогресшіл позициясы, демократтық, ағартушылық идеясы бірден байқалды. Қазақ елінің саяси-әлеуметтік жағдайы мен мәдениеті, өнері мен әдебиетінің алдында тұрған барша маңызды мәселер жариялана бастады. Кейде Ресей үкіметінің ресми цензурасы мүмкіндік берген деңгейге де қарамаған. Сол үшін айыппұл төлеген. Кейбір сандарының қайта парақталғандықтан материалсыз, ақ бет қалпында шыққан кездері де жоқ емес,

Негізгі ойларын насихаттауда «Айқап» халқымыздың ауыз әдебиеті мен көркем шығармаларды, солардың ішінде өлең мен прозаны, драматургияны шебер пайдаланды. «Манап» пьесасының жариялануы, ол туралы С. Сейфуллиннің сыны - осы мақсаттағы шығармалар. Әрі бұл қаламгердің 1917 жылы жазылатын «Бақыт жолында» пьесасына апарар жол болды. Сол тәрізді Б.Майлин мен С.Торайғыровтың, М.Сералин т.б. жазған материалдары қаламгерлердің шеберліктерін шынғауына қолайлы әсер еткені даусыз. Мерзімді баспасөз бетінде жарияланған шығармаларға сын көзімен қараудың оқырмандар әдеби талғамдарын қалыптастырған үлкен мектеп болғаны да шындық. Журнал маңына топтасқан ағартушы-демократтық бағыттағы қаламгерлер мен зиялы қауым осының айғағы. Елдің тауқыметі мол тыныс-тіршілігі, мұң-мұқтажы, кәдімгі өмір үшін күресі туралы сан алуан шығармаларды журналға жолдап отырған да солар. Қиын жағдайларда көмек көрсетуді сұрағандары да баршылық.

Журналдың қазақ қоғамдық санасында тәуелсіздік пен елдік идеяларды қалыптастырып дамытудағы еңбегі ұшан-теңіз. «Басқармадан» айдары арқылы бас мақала ретінде беріліп тұрған материалдарда қазақ елінде ғана емес, Ресейде, тіпті дүние жүзінде болып жатқан маңызды уақиғаларды кездестіруге болады. Әсіресе Ресей мемлекет думасында қаралып жатқан мәселелер туралы журнал дәйектемелерінде қазақ елінің

ең көкейтесі мәселелері қабаттаса қозғалып отырды. Ә.Бөкейханов пен Б.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы мен М.Сералиндер қазақ елі мен жері туралы саяси-әлеуметтік мәні зор мақалаларыды жиі жариялаған.

«Айқап» бағдарламасында көрсетілетін тоғыз істің үшеуі тікелей әдебиетке қатысты. Олар: “фельетон (көркем проза. – З.Б.), өлең жырлар, кітаптар хақында һәм ғылым бабынан”. Журнал бетінде жарияланған материалдардың жалпы бағыты да оның сол кездегі әдеби өмірдің бар саласына қоян-қолтық араласқанын көрсетеді. Әдебиеттің адамзат қоғамындағы орны мен халық алдындағы міндеттері, ауыз әдебиеті үлгілерін «әзір кеш болмай тұрғанда» жинастыру, жариялау, көркем әдебиет тілі, жаңа жанрлардың қажеттігі, роман туралы әңгімелер, үздік шығармаларға бәйге т.б. Осының бәрі - «Айқап» журналы белсене араласқан мәселелер.

Журнал туралы жарияланған азды-көпті еңбектер арасында С.Зиманов пен Қ.Бисембиев, Б.Кенжебаев пен Х.Бекхожин, Т.Кәкішев пен Т.Қожакеев Ү.Сұбханбердина мен Н. Қарашева, Қ. Ыдырысов, С.Ергөбек т.б. зерттеулерін ерекше атауға болады.

Қазақ өмірінің үлкен проблемаларына батыл араласа бастаған «Айқаптың» өнер мен әдебиеттің қуатты қасиетін пайдалануға ұмтылуы заңды. Негізінен Шоқан, Ыбырай, Абай бастаған реалистік әдебиетті, өткір көсемсөзді одан әрі дамытты. Мұнда классикалық шығыс әдебиеті мен көрші елдер шығармаларының да әсері мол. Сол арқылы жаңа жанрлардың көркемдік әдіс-тәсілдері мен бейнелеу құралдары, құрылысы мен құрылымдық түрлері, жаңа пішім үлгілері орнықты. Көркем прозаға баяндаудан диалогтерді бөле жазудың, бейнелеудің әдістері келді..

Журналдың әдеби шығармаларды жариялау мен насихаттаудағы қызметі бірнеше бағытта айқын көрінеді. Көркем әңгімелер мен аудармалар, жолжазбалар, очерктер, өлең - толғаулар мен арнаулар үзбей жарияланып тұрған. Бұлардың арасында Ғұмар Қарашев пен М.Сералиннің, М.Жұмабаевтың пен С.Сейфуллиннің, журнал тілішсі М.Кәшімов пен Қалимолла Ғабдолрахманұлының (Ғ.Қарасуи), М.-Ж. Көпеев пен Ш.Құдайбердіұлының, М. Малдыбаев пен Б. Ержановтың, Ғ. Уәлиханов пен Х.Лекеровтің, С.Торайғыров пен Ә.Ғалымовтың, С. С.Дөнентаев пен Ж.Сейдалиннің, Ж.Тілеулин тәрізді ағартушы-демократ жазушылардың шығармалары бар.

Журнал жаңа жарияланған әдеби шығармалар туралы хабарлама жасап оларды көпшілікке таныстырды. Көлемді көркем туындыларға арналған сыни-мақалаларды басты, қоғамдық өмірде болып жатқан маңызды уақиғаларды кешіктірмей жазып, ел назарына ұсынып отыру туралы үлкен ұйымдастыру жұмыстарын да қолға алды Жастарды тәрбиелеуде драмалық шығармалардың, романдардың қажеттігі туралы пікірлері осының дәлелі. 1914 жылғы «Айқаптың» 18-санында: «Журналымызда «Манап» драмасы басылып келе жатыр, бірінші бөлімі басылып бітті, екінші бөлімі де басылады. Ойымыз жеке кітап етіп

бастыру еді, бірақ драма ұнай ма, ұнамай ма, соны оқушыларымыз ашық хат етіп жазып білдірсе», – деп жазады. Драмалық шығармалардың қажеті туралы ойларын К. Тоғысовтың «Надандық құрбаны» туралы мақалада да әрі жалғастырады.

«Айқап» өзінің бір санында «қазақтарды қара сөзбен ойларын әдемілеп жеткізуге үйретуді мақсат қылдық», – деп жазды. Бұл шынында да солай еді. Көркем көсемсөз бен прозалық шығармаларға пікір айтуда жарияланған мақалалардың табысын, кемшілігін көрсетуде оның ролі өте зор. Журналдың С.Көбеевтің «Қалың мал» романын қазақ халқының рухани дамуының зор табысына балауының өзі ойландырады.

«Қазақ» газетінде жарияланған (1915, №1) роман бәйгесі туралы әңгімеге кеңінен тоқталып, жеңімпаздарды анықтауда өз ұстанымдарын ұсынады. Роман жанры тәрізді көркемдік қасиеті пәрменді жанрлардың өркениетті елдер әдебиетінде аса маңызды орны бар екенін айта келе, халықты ояту мен тәрбиелеуде олардың атқаратын рөлінің ұшан теңіз екенін айрықша ескертеді.

«Айқап» мұндай шығармалардың көркемдік қасиеттеріне жұрт назарын аударып отырды. М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», А.И.Лихановтың «Манап», С. Көбеевтің «Қалың мал», Ғ. Қарашевтің «Бәдел қаж» туралы материалдар осының айғағы.

Журнал бетінде түрлі аудармалар да жарық көрді. Атап айтқанда, А.П. Чеховтың «Қара қарғасы», Л. Н. Толстойдың «Ілиясы», А.И.Лихановтың «Манапы», А. Сорокиннің «Ұғылмай қалған әні», «Отанның исі яки сахараның сыйы жусан» т.б. Көркем проза үшін аса қажетті шеберлік тәсілдерін үйренуде, үлгі ретінде де бұл шығармалардың мәні зор. Әсіресе, гуманистік және демократтық идеяларды насхаттауда бұл шығармалардың атқаратын қызметінің айрықша екені көпшілікке мәлім.

«Айқапта» жарияланған шығармаларды ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық сананың және әдебиетіміздің идеялық-көркемдік жүйесінде қарастырса өтіп жатқан күрделі процестерді анық байқауға болады. Журнал бұл үдерістердің бейтарап көрермені ғана болып қалмаған. Мүмкіндігіне орай, маңызды, мәнді мәселелерге қолма-қол араласып, журналдың ғана емес оқырмандарының да пікірлерін жариялаған. Қоғамдық сананың оянуы мен өркениетті елдерде өтіп жатқан үдерістерді қалың көпшілікке таныстыруда бұл басылымның атқарған қызметін бірер мақала көлемінде айтып шығу мүлде мүмін емес.

Әдебиетіміздегі көркемдік дамудың кезекті сатыларына өтудегі табыстарды, ізденістер мен шегіністерді, қиындықтарды жүйелі түрде талдай қарағанда көркем мазмұн ман идеялық ізденістердің тікелей демократтық, азаттық идеялармен байланысты болғанына көз жеткізу оңай. Ол үшін журнал бетіндегі маңызды материалдарға мән бере қараған жөн. Қозғайтын тақырыбының көздеген идеяға, көркем мазмұн құрлысының қаламгерлер шеберлігіне, тіліне және шығарма жеке компоненттерін сомдау жолындағы ізденістеріне көңіл аудару керек.

Замана мәселелері туралы көргендері мен ойларын, толғаныстарын тебірене жазған журнал оқырмандарының сан түрлі ой, армандарына сонда ғана көз жеткіземіз.

Журнал бетіндегі материалдарды қоғамлық-гуманитарлық және әдебиеттану ыңғайына орай талдау 20 ғасыр басындағы қоғамдық сана қозғалысын жүйелі түрде, жан-жақты танып, бұлтартпас дерек береді. Оның күрделі, қайшылықты табиғатының мәнді белгілерін де осыдан оңай табуға болады.

Бұл - сонымен бірге, поэзия мен күрделі прозаның кейбір құбылыстарының төркініне барлау жасап, байымдауларға баруға мүмкіндік. Олардың бүгінгі әдебиетміздегі роліне, қызметіне, оқушылар тілегін қанағаттандыру сырына қатысты зерттеулерде осы шығармалар үлкен әдеби дерек.

Қазақ поэзиясы оқырманды оқу мен білімге, мәдениет пен өркениетке шақырған үгіт-насихаттық, дидактикалық дәстүрлі үлгіде ғана шектеліп қалған жоқ, Замана мәселелер алға тартқан күрделі, қиын тақырыптарды қолға алды. 1912 жылы «Айқап» журналында жарияланған Мағжан Жұмабаевтың «Жатыр», «Шын сорлы», «Жазғытұры», «Бұлбұл» т.б. өлеңдерінің көркемдік, мазмұндық мағыналарының күрделілігі дау туғызбаса керек. Сол тәрізді, Ғұмар Қараштың мақала, өлеңдері де ағартушылық бағытта жазылған дерексіз материалдардан көркемдік деңгейі мүлде бөлек дүниелер.

«Айқапта» жарияланған прозалық туындылар ұсақ уақиғалы шағын көлемнен мәнді көріністерді қамти алатын байсалды шығармаларға өтті. Сол арқылы көркемдік талғамы жедел дами бастаған оқырмандардың талап-тілегін қанағаттандыра алды. Өз заманының талабынан табылып, түрі мен рухы бағытында да соның белгісін, табын сақтады.

Ағартушы реализмнің қазақ әдебиетіндегі көрінісі тәрізді шығармаларда өмір алға тартқан мәселелерді бейнелеуге ұмтылған қазақ жазушыларының ізденістері сайрап жатыр. Әсіресе, жаңа жанрды дамыту жолындағы әрекеттерге арнай тоқталуға болады..

«Айқап» бетіндегі проза негізінен үш топқа бөліне қарастырылып келеді. Олар: әңгімелер, жолжазба очерктер және аудармалар.

Бұл шығармалар негізінен «фельетон» рубрикасында жарияланып отырған. Бірақ осындағы жарық көрген барлық шығармаларды көркем прозаға жатқызу қиын. Мәселен, «Қазақ қай жылы Россияға қараған», «Қазақ өкпесі», «Қазақ шежіресі», «Қазақ халқына ең керекті оқу», «Қазақ қарындастарымызға» т.б. Аталған мақалалардағы басты мақсат идеялардың қоғамдық сананың өзекті мәселелерімен етене жақындығы көрініп тұр. Сонымен бірге, басқа рубрикаларда, «Хабаршыларымыздан», «Басқармаға келген хаттарда», жарық көрген материалдар арасында көркем әңгіме, очерк тәрізді шығармалар көп кездеседі. «Қызды көп сақтаудан көрген зарымыз», К.Тоғысовтың аты көрсетілмеген үш қысқа әңгімесі т. б.

Осы әңгімелерде 20 ғасыр басындағы прозаның даму заңдылықтары және жанрдың алдында тұрған негізгі мәселелер анық байқалады.

Авторлар идеялары мен ойларын халыққа әсерлі жеткізу үшін шығарма негізіндегі уақиғаларға көркем пішін беруге тырысқан. Жасанды ситуацияларды, сюжет, фабулаларды пайдаланады. Баяндау, әңгімелеу, суреттеу, диалог, портрет, тәрізді түрлі бейнелеу тәсілдерін ұштауға ұмтылды. Еңбек пен тәжірибені ғана емес, үлкен талант қана аңғара алатын диалог пен баяндау арасындағы күрделі қатынастарды игерудегі қаламгерлердің ізденістері олардың шығармаларында мен мұндалап тұр. Кейбір авторлар осы бір «қыл көпірді» айналып өтудің, соған соқпаудың әдістерін іздеп, бірыңғай баяндауға көңіл бөлсе, екіншілері таза диалогқа құрылған шығармаларға ұмтылған.

1911 жылы жарық көрген әңгімелер – негізінен түрлі авторлардың шығармалары. Бірақ, он екінші жылдан бастап проза саласында ғана жазатын авторлар тобы көрінеді.

Журнал бетінде жарияланған прозалық шығармалар негізінен белгілі дәрежеде редакцияларға ұшыраған. Өйткені, жарық көрген материалдарды топтастырып, салыстыра қарағанда бір стильді, түрді байқау қиын емес, Сонымен бірге журналда жарияланған әңгімелер де басқа шығармалардың тууына әсер етіп, өздері де үлгіге айналыш дәстүр қалыптастырған.

Жарық көрген әңгімелердің саны қаншалықты көп болса, тақырыптары да сан алуан. Түрі мен идеясына үңілгенде негізгі ой, басты идеяны көркем мазмұн арқылы бейнелеуге ұмтылғандары көрінеді. Соған қарағанда көркем прозаға жаппай көңіл қоюдың осы кезден басталғаны анық.

1912 жылдың орта тұсынан бастап «Айқап» бетінде көркемдік құны жоғары, журналдың тұрақты авторларының әңгімелері жариялана бастайды. Олардың біразы қазақ атқамінерлері мен ел билеушілердің, байлар мен болыстардың, қулығы мен сұмдығы мол түрлі пысықайлардың озбырлығын әшкерелейтін, қалың бұқараның соларға наразылығын бейнелейтін шығармалар. Осылардың арасында «Айқап» жұмысына белсене араласқан Х.Лекеровтың да бірнеше әңгімелері бар. Журнал бетіндегі прозалық шығармалар арасынан әдебиетшілер назарына ілінген екі-үш әңгіменің бірі де Х.Лекеровтың «Болыс пен Шотай» аталатын әңгімесі.

«Айқап» журналының хатшысы Ә.Ғалымовтың «Бейшара қыз» аталатын әңгімесі де прозалық шығармалар арасында ерекше көзге түседі. Әңгіменің стилі мен тілі, құрылысы мен құрылымы баяндау шеберлігі арқылы әдемі үйлесім тапқан. «Айқап» прозасында табиғат көріністері көбіне жеке-дара бейнеленсе, мұнда күрделі прозаның кең тынысын танытатын белгілер, табиғат көріністерін шығарма идеясы мен құрылымына байланысты бейнелеу бар: «Июль айы еді. Жайлауға жұрт жаңа көшіп келгендіктен ауылдың әр тарапы көкорай шалғын, көзге көрінгеннің бәрі сүйкімді еді. Ерте тұрып атырапқа көз салған кісі рахаттанып, бытырап жайылып жатқан малдар һәм есіктің алдындағы айнадай жалтыраған көл, дауыл жоқ болғандықтан дыбысын шығармай тып-тыныш қана таңның тәтті

ұйқысында жатқан көлменен алты жеті шақырым шамасындағы орыс поселкасының қарасын көрер еді. Малдары балалап, аз егіндері салынып болып жұмыс бір ыңғайланғандықтан бұл мезгіл шаруаның бір тыныш мезгілі болғанға қазақ халқы жаралғаннан жан досы болған ұйқыға «енді пішенге дейін айрылмайық» деген уағдамен айналған еді. Сол себептен жоғарыда айтылғандарды ерте тұрып менен басқа көруші де жоқ еді».

Бар уақиғаны лирикалық кейіпкер атынан баяндай отыра автор өзінің сол ортаға қатысын, оны қабылдаудан пайда болған эмоциялық әсерін де ірікпей қосады. Тып-тыныш табиғат пен өзінің әлдеқалай тыпыршыған сезімдерін қарама-қарсы, контрасты қалыпта әнгімелеу арқылы оқушысын әлдеқандай үрейлі уақиғаға дайындайды.

Әңгімеде уақиға өтетін ортаның көркем суреті бар. Талықсып жатқан Алтынайға (бас кейіпкер) көмек көрсетуге ұрықсат етпеуші діндар шалкемпірлер, уақиғаны қызықтаушы қыз-келіншек, аяқ асты табылған дауға қуанып, «барымталап» қолын уқалап, жұмыссыздықтан еріккен топ т. б.

Ә. Ғалымовтың бұл әңгімесі – шеберлікпен жазылған әдемі шығарма. Автор табысының бірі – әңгімеші, лирикалық кейіпкер. Ол жай баяндаушы емес, шығарма құрылымының аса маңызды бөлшегі. Бар уақиғаны ақыл ой, сезім таразысына тартушы, сыннан өткізуші, уақиғаға идеялық-эмоциялық бағыт беруші. Ол Б.Майлиннің Қасымжанын еске түсіреді.

Ә.Ғалымовтың осы әңгімесінде де табалдырықтан аттап ішке ене бастаған жаңа, жиырмамыншы ғасыр тынысынан мүлде бейхабарлау жатқан қазақ елінің самарқау тірлігі бар. Бірақ, қаламгер оны тікелей үгіт-насихаттық үлгіде емес, баяндаушы атынан берілетін көркем байымдаулар арқылы жеткізеді.

«Айқап» бетіндегі прозалық шығармаларда автордың уақиғаға қатысын білдіріп, қорытынды шығаруы өте көп кездеседі. Көпшілігінде үгіттік, насихаттық, публицистикалық сарын бар. Журнал атынан берілетін шолу, сыни материалдарда көркем шығармалар үшін ақыл айту, дидактиканың қажетсіздеу екені, суреттеу мен бейнелеудің керектігі үнемі айтылып отырады. Негізінде журнал сондай шығармаларды жариялауға тырысқан

«Айқап» журналының қазақ халқын жер алып, қала салуға, егін егіп, отырықшы болуға шақырғаны мәлім. Оның бұл еңбегі, шынында да, босқа кеткен жоқ. Қазақ даласының түрлі түкпірлерінде шақыруға үн қосып, отырықшы болуға тілек білдірушілер көп болды. Алайда, ұраны «жер алып, егін сал» болғанмен жеме-жемге келгенде патша үкіметінің ұлықтары халықты өзінің ата қонысынан, шұрайлы жерлерден көшіріп, сусыз, құнарсыз шөлейттерге, егін шықпайтын жерлерге ығыстырды.

Қазақ халқының санасына қатты әсер еткен саяси-әлеуметтік жағдайлардың бірі - әрі ірісі де осы жер саясаты. Халық күн көрісіне, шаруашылығына аса қолайсыз тиіп соншама күйзеліс, дағдарыс әкелген уақиғаның әдебиетіміздегі көріністері біршама. «Айқап» журналының бетінде бұл тақырыпқа арналған бірнеше көлемді әңгімелер жарық көрді. Оларда қазақ елі тап болған қилы бір кезеңдердің бүгінгі оқушыға беймәлім,

шынайы көріністері бар.

Журнал бетінде біраз шығармалары жарық көрген Ж.Тілеулин казак шаруаларының жерге орналасу тарихын жақсы білгенге ұқсайды. Оның әңгімелеріндегі жер бөлу ісі басындағы патша ұлықтарының алуан түрлері соның айғағы. Бұлардан ешқандай жақсылық күтуге болмайтынын, олардың елді алдауын ашық көрсету автордың халқы алдындағы атқарған үлкен істерінің бірі.

«Ат үстінде көрген түс» - атты әңгімесі қаламгердің идеялық ойларын аңғартатын шығарма. Онда қаламгердің қоғамдық, әлеуметтік мәселелерге үн қосумен қатар көркемдік ізденістері де аңғарылады.

Жер алушы Мұқыл мен Қақсал жерді өлшеп, бөліп беруші ұлықтар соңында бір жеті жүріп, әбден әуре болып, ақыры мақсаттарына жетіп, елге беттеп келеді. Жолдағы әңгімелеріне қарағанда әуреден құтылғандарына, әрекеттеріне риза. Соларын әңгімелеп, сапырып келеді. Бірақ бұлардың әңгімесі қалың ағашты тоғайға, келгенде-ақ кілт тыйылады. Өңдері қашып, өздерімен өздері болып түс көргендей бір жұмбақ күйге түседі.

Бұл өзгерістің себебі осынау түгінен майы тамған жер, бұлардың ата қоныстары еді. Енді ол қоныс аударушыдар қолына өткен: «Олар осындай күймен ағаш ішіне енгенде, Мұқылға белгілі теректің жапырағы, желі азғантай болса да бір қайғылы дыбыспен судыраңқырап тіл қатты, былайша деп сөйлегендей де болып көрінді... «Бізден айрылып, ағайындарыңды да ренжітіп жер алып келе жатқандарына мәз боласындар»...

Сөйтіп, теректің жапырағы сөйлейді. Бұл - ойды, идеяны жеткізуде фольклорлық тәсілді қолданудың нақты бір көрінісі. Бірақ, әңгімеде қаламгер ізденістерінің табысы, тыңнан қосқандары да жоқ емес.

Өмірдің проблемаларына арналған реалистік әңгімеде теректің жапырағын сөйлету жаңа бір көркемдік шешімге меңзейді. Саялы орман ішінде ерекше көрінетін сұлу теректер мен алуан түрлі шөптерді, осы тыныштықты бұзғысы келмей, аттардың да пысқырынбай тына қалуын Ж.Тілеулин жайната суреттейді. Әңгімеде жақсы суреттелген диалогтар да бар.

Осы тақырыпта Ж.Тілеулиннің «Мейірімді төре» аталатын тағы бір әңгімесі де жарияланған. Онда жер бөлуші ұлықтар мен жер алушы казактардың қарым – қатыныстары, мінездері арқылы бейнеленеді.

Әңгімеде жер алуға ұмтылған казак кедейлерінің көрген зорлықтары мен патша ұлықтарның момын елге істеп отырған зорлығы, халықты алдауы жан-жақты суреттеледі.

Сол кездің өзінде-ақ патша үкіметінен ешқандай жақсылық күтуге болмайтынын, оның ұлықтарының елді алдауын ашық көрсету автордың да, «Айқаптың» да халқы алдындағы атқарған үлкен істерінің бірі.

Осы тақырыпты Б. Майлин де «Болған іс» аталатын әңгімесінде қозғайды. Алайда қаламгер бейнелеген басты идея, Ж.Тілеулин әңгімесіндегідей жерді жалға сату мен оның нәтижелерінің әсерін кейіпкерлер психологиясы арқылы көрсету емес, жер сатумен

айналысушы қазақтардың түрлі типтерін суреттеу.

Әңгіме өзара тең үш бөлімнен тұрады. Бір қарағанда әңгіменің негізгі кейіпкері Жанпейіс тәрізді. Бұл әсер образдың біршама шебер жасалуынан туындайды. Шынында да аз-мүз ақшаны олжа көріп, барды-жоққа қарамай жерін сатып, кейін өзінде жоқ жерді бере алмай, не алған ақшасын қайыра алмай соққыға жығылып, шауып жүрген Жанпейіс образында ұтымды детальдар мен сәтті теңеулер жеткілікті..

Алайда, әңгіменің басты кейіпкері – Қажыбай бай. Автордың ізденістері мен табыстары осы образға қатысты. Әңгіме басында қасына молдасын ертіп, ауыл маңындағы төбеде өткен күн әңгімелерін ермек қылушы, шаруасыз, бейқам адам тәрізді. Алайда кеше ғана қаладаи келген Жанпейістің барлық ісін біліп отыр. Оның артық жер сатып жүргенін де байқайды, алайда Жанпейістің алған ақшасына қызығады.

«Болған іс» болашақ суреткердің әңгіме жанрындағы үлкен мүмкіндігін көрсетеді. Тілге ұсталығы, кейіпкер психологиясын суреттеудегі шеберлігі, стилі, әдістері т.б.

... «Сен қаламен араласып жүрсің ғой, осы шаруамды тындырып берші» деген бай сөзіне мәз болған Жанпейісті суреттеуде, Б.Майлиннің прозасында кейін жиі қолданылатын тәсілдер байқалады. «Әбден болады, жер алатын орыс көп, мен өтікіземін деп кеудесін көтеріңкіреп қойды». Диалогтарда кейіпкерлердің тек қана соған лайық сөз ерекшелігін сақтауға, даралауға тырысу сезіледі. Әңгімеде кездесетін табиғат көріністері де автор ойын аша түседі және оның мүмкіндігін де паш етіп тұрғандай: «Суық қыстың ызғарымен жер өзінің түрінің кеткендігін біліп, қарағанға көңілді көріну үшін ойын, қырын қызғалдақпен безей бастады. Алты айғы қыс жер үйде жатып күн өткізген қазақ байғұстар, таза жерге шығып рахаттану үшін киіз үйлерін тігіп қырға шықты».

Әңгіме Б.Майлиннің алғашқы шығармаларының бір болса да, оның прозаға ерекше қабілетін, мол мүмкіндігін танытқан. Алайда, сол кездегі қазақ прозасына тән баяндау мен диалог арасындағы күрделі қатынасты бейнелеудегі қиындықтарға, Б. Майлин де жолыққан. Бірақ оның осы қиындықты меңгеруге тым таяу тұрғаны да анық.

«Айқап» журналының фельетон рубрикасында «М.М.» деп қол қойылған Б.Майлиннің тағы бір әңгімесі жарияланған. Әңгіме бірден-ақ табиғат көріністерінің сұлу суреттерімен оқушы назарын аударады, «...Ағаш арасында сұлу қыздай жайқалып, найқалып, назданып тұрған әдемі шөптерді көрген адам басуға аярлық еді.

Масатыдай құлпырған көк сүйріктердің арасында отырсаң, басыңда қап тауындай қайғың болса да бір жарқын үміт, қиялдар аясына батар едің»

Әңгімеде табиғат көріністері жалаң баяндалмай белгілі идеяға байланысты алынады. Автордың тілі де сәтті теңеулер мен метафораларға бай. «Себепсіз жалқаулықтың жайлы жастығына сүйеніп ұйықтаушылар сансыз көп еді», «Біреу бақан, біреу сойыл, әркім қолына түскен нәрсесін алып жылқыға қарай қанатсыз ұшты.» т.б.

Талантты қаламгер С.Торайғыров қаламынан шыққан «Ауырмай есімнен

жаңылдым» аталатын әңгіме де алғаш рет «Айқапта» жарияланған. Шығарма өзінің көркемдігімен бірден оқушысын баурап алады. «Ауырмай есімнен жаңылдым» – нақты орны, тіпті уақыты да көрсетілгенмен көркем әңгіме тәрізді шығарма.

«Бесінші июньде кешкі шәйді ішіп бола берген мезгілде бір бала ентелей басып келді де (қақалып-шашалып): Молдеке кітап! Неке қияр, неке кітап, сұрайды» деді.

Шағын үзіндінің өзінен-ақ ХХ ғасырдың басындағы прозаға тән ерекшеліктер бірден байқалады: уақиғаның болған уақытын, орнын көрсету, суреттеу барысында кейбір қажетті-ау деген, бірақ қалып қойған сөздерді, детальдарды жақша арқылы да келтіріп отыру, баяндау, диалог арасындағы күрделі қатынасты анық сезінбеу, оны бейнелеуде шеберліктің жетіспеуі, қалыптасқан дұрыс формаларының болмауы т. б.

1913 жылғы «Айқаптың» соңғы санында «Мұқат» деген бүркеншік атпен М.Сералиннің аты көрсетілмеген ұзақ әңгімесі жарияланған. Автордың көтеріп отырған проблемасы да салмақты. Әңгіме - адамдардың ой-пиғылын билеп бара жатқан ақша, алтын туралы.

Шығарма уақиға орны мен уақытын хабарлаумен басталады. «Өткен 1911 жылы доңызда Қостанай уезіне қараған Шұбар, Сары ой, Қара балық, Әйет һәм Дамба елдерінде жауын болмай, ыстық көп болып, егін, пішен шықпады»

Осыған қарағанда әңгімені болған уақиға негізіне жазылған көркем очерк пе деп те қаласың. Алайда, бірте-бірте әңгіме документальдық үннен арылып, таза әдеби әуенге ауысады. Әсем табиғат көріністері мен елдің жай-күйінің келісті суреттері оқушысын бірден-ақ жетелей жөнеледі.

Автордың негізгі идеясы көшпелі өмірдің бар бейнетін, шаруасын атқарушы қазақ әйелдерінің аянышты тағдырын бейнелеу тәрізді. Алайда мұнда дала өмірінің бар тірлігіне араласа бастаған сауда, ақша қатынастары мен баюдан баскада ойы жоқ патша ұлықтарының қорқаулығы да сөз болады.

Дала өмірін өзгертіп бара жатқан алтын, ақша қатынасына байланысты ойлардың «Айқаптың» 13-санында жарияланған (1913) А.Сорокиннің «Ұғылмай қалған ән» атты шығармасымен үндестігі бар.

Осы шығармадан бастап журнал бетіндегі әңгімелерде диалогтарды жаңа жолдан жазып, алдына сызықша қою басталады.

«Бұл сөзді естіген соң Зәурештің жүзі құбылып кетті. Сәрсенбай начальникке.

– Дұрыс қой тақсыр, сіз маған жамандық ойлайды демеймін, сіз қолдаған іс неге теріс болсын, бірақ мен...

Начальник. «Сәрсекке, молда кісі өтірік айта ма?».

Үзіндіден диалогтарды берудің бұрынғы дәстүрінің де, тырнақша арқылы төл сөзше белгілеудің де қатар қолданылып отырғаны көрінеді. М.Сералиннің осы әңгімесі – көлемі жағынан да, көркемдігі тұрғысынан да қазақ әдебиетінде орны болуға тиісті шығарма.

Аталған автордың стийге түсірген «Ақыл мен Ырыс» (1914) ертегісі де

М. Сералин жазып алып, жариялаған ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі. Баяндаушының кейбір сөздері болмаса, ертегі негізінен диалог формасында берілген. Мұның өзі жоғарыда айтылған баяндау диалог арасындағы қатынасқа журнал редакторының айрықша көңіл бөлгенін көрсетеді

XX ғасыр басындағы прозадағы көркемдік ізденістерді көрсететін шығармалардың бірі - Б. Ержановтың «Бозбалаларымыздың бір түрі» (1914, № 12) – аталатын желілі, ұзақ әңгімесі. Бұл автордың көркем прозадағы тырнақалды туындысы емес. Оның 1912 жылы Қазанда жарияланған «Оқуға махаббат» повесі бар.

Әңгімеде «Оқуға махаббатта» көтерілген негізгі идеяға, халықты оқу-өнерге, білім алуға шақыратын Б.Ержанов шығармаларының негізгі идеясына қайта жолығамыз.

«Оқуға махаббаттағы» Елеусіз табандылығы арқасында мақсатына қолы жеткен идеал ретінде ұсынылса, мына әңгімесінде жастықтың желігін қуалап, той томалақ іздеген Құрмаштың кейінгі қиын тағдыры бейнеленеді. Б.Ержановтың бұл көлемді әңгімесі – мазмұны мен құрылысына, кейіпкерлер әлемі мен көркемдік ерекшеліктеріне қарағанда повесть жанрына жақындау.

«Айқап» журналы алғашқы сандарынан бастап қазақ қоғамы алдында тұрған ірі-ірі мәселелер мен проблемаларды оқу-ағарту мен білім, мәдениет пен әдебиет, діл мен дін, жер мен су т.б. қозғаған шығармаларды жариялады. Бірақ кейінгі жылдардағы сандарында құрылысы мен пішіні, құрлымы мен тілі жарастық тауып мазмұны мәнді, қоғамдық сана үшін қажетті туындыларға көңіл аударған. Көркемдік дәрежесі ойдағыдай көлемді шығармаларда күрделі идеялық сипарттар молаяды. Елдік сана мен тәуелсіздік идеялары басым түсе бастайлы. Сол үшін «Айқап» журналының дайын тұрған талай сандары қайта қатталып айып пұл да төлеген.

«Айқап» бетіндегі шығармалар қазақ қоғамдық санасы мен әдебиеті алдында тұрған өзекті проблемаларды анық көрсетті. Мүмкіндігі мол қуатты жанрлардың – поэзия, проза, драматургияның түрлі тәсілдерін шебер пайдалану арқылы маңызды әлеуметтік, саяси мәселелерді қозғады. Қоғам алдында тұрған өзекті мәселелерді тікелей үгіт-насихаттық үлгіде емес, көркем мазмұн арқылы түрлі әдіс тәсілдерді қолдана отыра жеткізеді. Әдеби жанрларды меңгеру мен шеберлікті ұштау, үйрену үшін ғана емес, ресми идеология тарапынан болатын қытымыр қысымдардан құтылу үшін де қажет еді.

Осы процесте «Айқап» журналы бетінде жарық көрген көркем шығармалармен оның мектебінен өткен қоғамдық сана қайраткерлерінің рөлі өте зор еді. Ол кейін профессионалдық қазақ әдебиетінде орасан зор шапшаңдықпен дамыған жағдайларды дайындап берді.

Осы стильдегі очерктер «хабаршыларымыз» циклында да кездесіп қалады.

Әдебиетіміздегі бұл серия «Түркістан уалаятының газеті» «Дала уалаятының газеттерінен» басталады. Сол кезде-ақ қазақ даласын

аралай шыққан саяхатшылар мен оқыған жастар өздеріне әсер еткен оқиғалар мен естігендерін газеттерге жолдап отырған⁵. Жолжазба очерктердің қазақ әдебиетіндегі пайда болу, жариялану себептерінің, идея ерекшелігінің, түрінің типологиялық тұрғыда қарастырғанда өзге елдер әдебиетіндегі осы тәрізді құбылыспен, үлгі, түрмен толық сәйкес келетінін анық аңғаруға болады.

Бұл жолжазбалардың өздеріне дейінгі шежіре-намалардан айырмашылығы көп. Оларда ел тұрмысы мен қиын жағдайларға тап болған адамдар әрекетінің кәдімгідей көріністері бар. Авторлар оқиғаларды жалаң баяндамай қолдарынан келгенше өз сезімдерін де қосады, оған қатысым білдіреді. Бұларда Ыбырай Алтынсарин және Шоқан Уәлиханов шығармаларының ты-нысы байқалады, жалғастық бар². Және бұл жанрларда аты-жөні белгісіз көптеген адамдар жазады. «Топ – өнері» аталған беллетристика осы кезде қазақ әдебиетінде қанат жаяды.

Журнал бетінде жарық көрген очерктердің сапасы да түрлі дәрежеде. Олардың ішінде материалды меңгере, көркем шеберлікпен жазғандар да, көргендерін натуральдық стильде, қаз-қалпында бұлжытпай тізушілер де бар. Қалай болғанда да, қазақ даласының тіршілігін танытуда, әдебиетіміздегі күрделі процестердің табиғатына барлау жасауда бұл шығармалардың маңызы өте зор. «Прозалық шағын шығармаларды біріктірудің өзінше бір түрі – жолжазбалар. Ол орыс сентименталь әдебиетінде сюжетті баяндауды екінші қатарға ысырып тастап негізгі «үлкен жанрға» айналды»³.

Кезінде Карамзин мен Радищев сапарнамалары орыс әдебиетінде қаншама еліктеушілер туғызса, «Айқап» бетіндегі жолжазбалар да оқушылары ортасында сондай қозғалыс туғызған. «Орынбордан Ташкентке шейін», «Омскіден Алтайға саяхат», «Семейден Камышовқа дейін», «Әулие ата мен Шымкент арасы», «Әулие ата мен Тоқмақ» арасы, «Верныйдағы көрген білгендерім» т.б. Авторлардың кейбіреулерінің, мысалы, М.С.Кәшімовтің, Радищев, Карамзин еңбектерімен жақсы таныстығы сезіледі. Баяндау стилі мен шығармаларының құрылысы тіпті аттарына шейін ұқсас. Мысалы, М.С.Кәшімовтің «Мұңлы Мариямы» «Бедная Лизаны» еске салады.

Міне, осы шығармаларды бажайлай, зерттей отырып, проза дамуының кезекті сатысындағы түрлі процестерді белгілеуге көмектесетін пайымдауларға баруға болады.

Енді осы жолжазба очерктердің бірнешеуіне нақты тоқталайық. «Айқаптың» 1912 жылғы бірінші, екінші сандарында «Орынбордан Ташкентке шейін» аталатын жолжазба жарық көрген. Очерктегі көзқарастарына қарағанда автордың біршама білімділігі көзге түседі. Мұнда көркемдік талаппен қарағанда көзге түсетін ерекше бояулар

⁵ Қараңыз: Бекхожин Х. Қазақ баспас өзінің даму жолдары. Алматы, 1964.

² Қараңыз: Фетисов М.И. Зарождение казахской публицистики. Алма-Ата, 1961.

³ Кулешов В.И. «Отечественные записки» и литература 40 гг. XIX века. М., 1958.

болмаса да, оқушысына жақсы әсер қалдырар жылылық бар. Автор қазақ арасындағы оқу жайына негізгі назарын аудара отыра үлкен-үлкен ойларға да барады. Мысалы, қазақ халқының тардахын жазу туралы. «Хұсайыния» медресесіндегі емтихаидар кезіне тап бюлған автор қазақ балаларының біліміне сүйсіне, медреседегі оқылатын пәндердің Россия гимназияларындағы программалармен сәйкес келуі оны қуанышқа бөлейді.

Қазақ балаларының медресеге қабылдану шарттары, оларға көрсетілетін жеңілдіктер жайы сөз болады. Таза баяндауға құрылған әңгімеге автордың эмоциясы да мол қатысқан.

Журнал бетінде жарық көрген жолжазбалар ішінде көлемі мен көркемдігі жағынан да ерекше көзге түсетіні – Ғабдолрахманұлы Қалимолланың «Омскіден Алтайға саяхат» аталатын очеркі⁶. Көрсетілген автордың «Айқап» бетінде «Қарасуи» деген жасырын атпен бірнеше көлемді әңгімесі, мақаласы жарық көрген. Автор ағартушы-демократтық идеяны қолдайтын прогрессивтік бағыттағы адам². Журналдың бірнеше санына созылған көлемді очеркте қазақ даласының, дәлірек жазсақ, Қазақстанның шығыс өлкесінің көркем табиғаты мен адамдарының қиын тірлігі сөз болады.

Көлемді очерікте әңгіме объектісі де, баяндау стилі де өзгеріп отырады. Уақиға араларында автордың түсіндірмелері, дәйектемелері бар.

Жеке-жеке очерктерге негіз болатын уақиғалардың шашылмай қатар-қатар тұтас берілуі, өзара байланыста көркем баяндалуы оқушыны да, жазушыны да тәрбиелейтін үлкен фактор. Оның қоғамдық санаға қозғалыс салатын қуаты мол. Қ.Ғабдолрахманұлы сапар кезінде бастан кешкендерін талғап, талдап, негізінен көлемді, ірі уақиғаларды қозғайды. Мысалы, қыстан күйзеліп шыққан Кереку (Павлодар) қаласы маңындағы қазақ кедейлерінің ауыр тұрмысын суреттейтін мына уақиғаларға қарадыз. «Пароход тоқтасымен арқаларында қамыттары бар азған-тозған отыздай қазақ жігіттері келіп пароходқа қызмет етісіп һәм қайсы бір нәрсе көтеріп келіп кіргізсе, қайтарында пароход есігінің сыртында отырған бір қазақтан еңкейіп бір нәрсе алып кетеді».

Бұл – кәсіп іздеп өндіріс орындарын жағалап жүрген қазақтардың бір тобы ғана. Әлгі қайтарда еңкейіп алып жүргендері құнсыз, қара бақырлар. Бұл ауыр жұмысты пароходта үнемі қызмет істейтін жұмысшылардың өздері де бейнетімізге тұрмайды деп арзансынса, күйзелген ауылдардан тамақ іздеп келген қазақ жігіттері бәріне де көнеді. Мұны өндіріс қожалары да жақсы біледі. Олардың аянышты түрін көріп, автор қазақ жерінің халі мен шаруашылығы, халықтың күнелтіс қамы, кәсібі туралы үлкен ойларға барады. Автордың қазақ қоғамы тап болған жаңа жағдайға көзқарасы біртіндеп ашылады. Өйткені, ХХ ғасырдың

⁶ Ғабдолрахманұлы Қалимолла. Омскіден Алтайға саяхат. «Айқап». – Троицк, 1913, № 2, 3, 4.

² Қараныз: Бейсембиев Қ. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. Алма-Ата, 1976; Дербісәлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. Алматы, 1966.

³ Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1976.

басында қазақ елінің салт-санасын шындап қирата бастаған өмір жаңалығына шошына қараушылардың да, өткенге жалтақтаушылардың да болғаны белгілі.

Қ.Ғабдолрахманұлы жүкші жігіттердің бірімен кездеседі де, екеуінің әңгімесі қазақ даласына кең қанат жайған қажыға барушылар және сол жақтан келуші сейіттерге ауысады.

Әңгіменің басқа тақырыпқа ауысуы үлкен шеберлж-пен берілген.

Көпшілікке мәлім, бұл кез қазақ даласында мұсылманшылдық үгіттің өте күшейе түскен шағы болатын³. Қажыға барушылар санының артуы үгіттің нәтижесі тәрізді.

Ағартушы-демократ жазушылар қажыға барушылар мен соларды іздеп қазақ даласына келуші сейіттер қозғалысының мәнін ашып, көптеген еңбектер жазды. Мысалы: Ғ.Қарашевтің «Бәдел каж» аталатын еңбегі осы мақсатта жазылған кітаптардың бірі³.

Қаж сапарына аттанған діншілдер сонау Араб түбегінде өздеріне елпілдеп құрмет көрсеткен кейбір қулардың ішкі есебін ұққан емес. Тіпті, олардың тегін қошеметі туралы ел ішінде өсіре баяндап түрлі әңгімелер де таратты. Ғабдолрахманұлының осы жолжазбасында бұл «құрметтің» негізгі себебі ашылады.

«Мәдине мүнірінің күн шығыс жақ бетінде жаңа салдырған үйі бар, соны қазақтарға сатып тәкие жасатып өзін ішінде басқарып тұратұғын нәзір етіп жаздырып һәм өзі сатып ақшасын алып, һәм өзі тұрып пайдаланбақ ниеті бар. Сол ниетін өз үйіне түскен қажыларға айтып, олар мақұлдап, соның ақшасын өзі келіп ел ішінен жинамақшы болыпты. Алла ризалығы үшін бұл іске қызмет еткісі келетұғынын, өзіне дүние қажет емес екенін айтыпты. Сол себепті надан қазақтардың көңілін өзіне аударып, ықыластандыру үшін қажылардан бір нәрсе алмапты. Олар ата-бабасынан бері қарай қазақты алдау жағына жетілген адамдар. Ол сол қажыларға көп болса бір жүз теңге расход жасаған болар. Ал ел ішіне келген уақытта ол қажылардың біреуі жүз теңгесін қайырады».

Әңгіменің кейінгі бөлімдері Семей, Зайсан, Тарбағатай маңында тұратын қазақтар мен Қытай қол астындағы елдер тұрмысына арналған. Мұнда да автордың негізгі назары тікелей халық тұрмысына ауады. Семей қаласындағы қайшылықтарға толы мәдени өмірдің қолжазбада шынайы көріністері бар. Мысалы: қаладағы екі қазақ мешіті имамдарының қара басының қамын ойлаудан аса алмауы, медресенің біріндегі шәкірттердің «кәлам шәрифтің» өзін де оқи алмауы, екіншісіндегі молданың «сиыр молда» атануы тағы басқалар.

Сонымен қатар, онда халық үшін еңбектеніп жатқан адамдар туралы да қызық мәліметтер бар. Мысалы, ХХ ғасыр басындағы қоғамдық өмір мен ағартушылық қозғалыс туралы сөз қылғанда есімін құрметпен атауға болатын Мұстақым Малдыбаев туралы да біраз мәліметтер келтіреді. Ол қиыншылыққа қарамай, қазақ балалары мен қыздарын төте оқумен оқытып, елге аянбай қызмет қылуда. «Қадимге» қарағанда «ұсуыл-жәдиттің» пайдалылығын ел де сезіп келеді.

Бір-бірте жолжазда географиялық, этнографиялық мәліметтер де молая бастайды. Алайда, автор барлық материалдарды халық өмірімен байланыстырып отырады. «Үйлері шикі кірпіштен, жаңадан құйған кірпіштен салынған үйлер, магазиндер бар. Шәһардың қақ жартысы деп айтарлық қазақ. Көбі – Арғын, Тобықты, Қаракесек. Кәсіптері – алып сатарлық тері саудасы. Іштерінде магазин ашып, кішікене дүкендер ашып, сауда етіп тұрғандары да бар... Шеттегі шәһар болса да мұндағы қазақ, ноғай ағайындар бәрі де ашық пікірлі, ғылымға көңіл, ықыласты адамдар көп. Ғылым іздеп зағраницаға кеткендері де жоқ емес».

Келтірілген үзіндіде Зайсан шәһары туралы біршама тәуір мәліметтер бар. Қаладағы медреселер туралы жазуды да автор ұмытпаған. Қытай жеріндегі қазақтар туралы әңгімелерді автор екі ел арасындағы шекарадағы бекеттен бастайды. Мұнда әрлі-берлі өтушілерді тексеріп тұрған жиырма шақты орыс солдатты мен Қытайдан ететін малды қарайтып мал дәрігері әңгіме болады.

Осы өлкеде айдан артық уақытта елдің қараңғылығы мен надандығын, жергілікті қытай әкімдерінің, окрдайларының зұлымдығын, заңсыз әрекеттерін көреді. Олардың шабармандарының да халықты қан жылатуы, мінуге ат, сойысқа мал алып, елге тыныштық бермеуі әңгімеленеді. Автор қай уақиға, факт төңірегінде жазса да салыстыруларды пайдаланады. Ол Россия мен Қытайға қараған қазақтар тірлігін әр кез салыстыра баяндап отырып, Россия қол астындағы қазақтар тұрмысының, мәдениетінің артықшылығын көрсетуге тырысады.

«Омскіден Алтайға саяхатта» Қытайда тұратын керейлердің ауыр тұрмысы мен тарихына да біраз көңіл бөлінген. Онда ауыл атқамінерлерінің өздеріне түскен шығынды елге бөлуі онсыз да әбден титықтап отырған халықтың жағдайын мүлде нашарлата түссе, не болса соған таласып, ақырында Қытай әкімдерінен жүгіну елді аяусыз тонауға әкеліп соғатыны сөз болады. Автор мұндай дауларды табыстың негізгі көзіне айналдырып отырған жергілікті өкімет өкілдерін сынға алады.

Орманды, қарағайлы жерде тұрса да сол ағаштарды үй салуға пайдаланушылардың жоқтығына, жергілікті басқару аппаратының мүлде әлсіздігіне автор жиі назар аударып отырады. Әсіресе, үкімет тарапынан ешқандай жалақы алмайтын шабармандардың түрлі жолдармен елден салық жинауын, айыптыларды жазалайтын, не қамайтын орынның болмауын, қандай қылмыс болса да құн төлеу жолымен реттелетінін автор ашына әңгімелейді. Үстем тап өкілдерінің халыққа жасап отырған зорлық-зомбылықтарын, озбырлықтарын ашық баяндайтын эпизодтар мен әңгімелер автордың саяси көзқарасынан да хабар береді.

Жолжазбаның орта тұсында барып автор саяхатының мақсаты белгілі болады. Ғабдолрахманұлының мақсаты – елдің ата-тегін тексеру мен тарихи уақиғаларды, сол өлкенің табиғаты мен әдет-ғұрпын, салт-санасын жазып алу, көршілес торғауыт, ұранқай, қара қалмақ, таңғұт, малқа секілді

этникалық топтардың хал-ахуалын көрсету т.б.

Осы мақсатына қарағанда, әрі «Айқап» бетінде жарық көрген шығармаларының стилі мен тіліне үңілгенде, автордың қаражаяу адам еместігі, өз кезінің әдебиеті мен өнерінен, жалпы көркемдік дамудан, саясаттан біршама хабардар болғандығы көрінеді. Оның «Айқап» журналының 1913 жылғы 8, 9, 10, 11-сандарында жарияланған «Күнкөріс тартысына біздің де әзірленуіміз тиіс» және осы жылғы 13, 15, 17-сандардағы «Исләм дүниесінің өзгеруі» аталатын көлемді мақалалары осының айғағы⁷.

«Омскіден Алтайға саяхатта» автордың сауаттылығын, араб тілін білетіндігін дәлелдейтін қызық бір эпизод бар. Автор Куанбай қажы ауылына келгенде «сейітпіз, Арабстаннан келеміз» деп «қашқар сарты қияпатты» зор сәлде киген адамдармен жолығады. Сарт тілі мен араб тілін ажырата алмайтын надандар елінде олардың аңқау елге арамза молда болып мал жинап жүргендерін автор бірден байқайды. Ғабдолрахманұлы олармен араб тілінде сөйлеспек болады.

«Сейітпіз деп жүруші әпенділер! Пайғампарымыздың тілі болған араб тілімен неге сөйлемейсіз? Тәкаппарлық қыласыз ба? Болмаса пайғампардың нәсілінен сейітпіз деп жүргендеріңіз өтірік пе? Яки қазақ халқы шетінен надан, ғафыл, жақсы мен жаманды айырмайды деп ойлайсыз ба? Жоқ, олай емес. Тарих, ғылым ғасыры болған бұл ХХ ғасыр қазақ халқына да аз-аз нұрын шашып, олардағы надандықты кеміте бастады. Бір заман келер, қазақ халқы да тегіс көзін ашар. Ол кезде қазіргідей қазақты, кім болса сол алдап жүре алмас, олар да дән мен қауызды айыра бастар» (астын сызған біз.— З. Б.).

Бұл сөздерге жауап бермек түгіл араб тілін үстірт те сезбейтін алаяқтар осылай әшкереленеді.

ХІХ ғасыр соңғы ширегіндегі саяси әдебиетте үлкен ұғымға айналған «дән мен қауызды» пайдалану автордың түрлі саяси әдебиеттермен де таныстығын білдіреді.

Автор не болса соған сеніп, алданып, таланып отырған елді, дау-дамайларға босқа рәсуа болып жатқан ақшаны өнер, білім, мәдениет тәрізді игі істерге жұмсауға шақырады. Бұл әлгіндей қайшылықтарды көре тұрса да оның негізгі сырын ұға алмаған ағартушылық, демократтық көзқарас.

«Айқап» бетінде жарық көрген жолжазба очерктер ішінде журнал тілшісі, ХХ ғасыр басындағы ағартушы-демократтардың бірі Мұхамет-Сәлім Кәшімовтің шығармалары ерекше көңіл аударарлық.

Ғабдолрахманұлы Қалимолла очеркі Қазақстанның шығысында тұратын қазақтар туралы біраз мәліметтер берсе, М.Кәшімов жолжазбалары оңтүстік: Түркістан, Шымкент, Әулие ата, Верный маңындағы елдер туралы қызықты мәліметтерге бай. 12 жылғы 3-сандағы очерктен бастап, 1914 жылғы 22-санға дейінгі фельетон рубрикасында жарияланған

⁷ Қараңыз: Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. Алма-Ата, 1976, стр. 326; Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. Алматы, 1964, 90-бет.

очерктерді ортақ атаумен біріктіріп жариялауға да болар еді.

Автордың жазу стилі, очерктердің құрылысы, кейбір эпизодтар Радищевтің «Петербургтен Москваға саяхат» кітабын еске түсіреді. Әр әңгіменің, жеке-жеке атауына қарамастан бәрінің басын біріктіретін ортақ кейіпкер – автор. Ол көрген, естіген оқиғаларын өз қабылдауымен, әсерімен араластыра отырып, даласының мәдениеттен шеттеу қалуын сынайды. Оқушысына әлеуметтік кеселдерді көрсетеді. Оларды мәдениетке шақырады. Өмір өзгерістеріне көз тігіп, енді-енді ояна бастаған қазақ даласы шындығының бар көріністерін тізбектей беруі арқылы автор көлемді, тұтас реалистік шығарма жазып шыққан.

Бір қарағанға автор осы сериядағы желілі әңгімелерінде көрген, білгендерін жіпке тізгендей жаза берген тәрізді. Бірақ сол кездер шындығын бүгінгі іздеушілер үшін бұл жолжазбалардың ішінде қаншама қажетті материалдар, керекті детальдар бар!

Енді осылардың біршама маңыздыларына арнайы тоқталамыз.

Журналдың 1912 жылғы 3-санындағы «Әулие ата шаһарында русско-киргизский школ» аталатын очерк – осы сериялардың басы. М.Кәшімов жолжазба очеркінде, әсіресе елдегі оқу-ағарту жұмыстарына айрықша көңіл бөліп, нақты міндеттерді көрсетіп, проблемалар көтереді. Қатар тұрған екі мектеп пен ондағы мұғалім, молдаларды (оқытушы синонимі ретінде де алуға болады.— З.Б.) салыстыра суреттеу арқылы көп ойларға бастайды. Бірінің шәкірттері кәдімгідей оқу оқып жатса, екіншісінің оқушылары әріпті зорға таниды. Мұның негізгі себебін автор олардың оқытушыларынан іздейді. Бір мектептегі оқытушы дүниеден жан-жақты хабардар болса, екінші мектептегі молда – «Намангандық сарттың» білім дүниесіне қатысы шамалы. Ол тіпті қазақ балаларын қазақ тілі деп өзбек тілінде оқытып жатқан тәрізді. Оған мән беріп жатқан ешкім жоқ. Сондықтан да оқушылар автор қойған сұрақтардың бірде-біріне жауап қайтара алмайды.

Бұл мектеп қала маңындағы 10 болыс қазақтардың жинаған ақшасына ашылса да небәрі 35-40 шақты ғана қазақ баласы оқып жатыр. Талапкерлер көп, бірақ мектепте орын жоқ.

Очерктегі көңіл аударарлық бір факт – мектеп мұғалімінің Ташкенттегі мұғалімдер жиналысына қатысқаны.

Мұғаліммен әңгімеде аса қажетті бірнеше мәселелер қозғалады. Мысалы, қазақ жастарын тез сауаттандыру үшін, таза қазақ тілінде оқытуға күш салу керек. Ол үшін қазақша оқыта алатын мұғалімдердің болуы шарт. Оларға тұрақты жалақы жасау, қазақша оқу құралдарын басып шығару т.б. мәселелер сөз болады. Осы оңтүстік мектептеріне Арқадағы қалаларда, Орынбордағы баспадан шығып жатқан оқу құралдарының жетіспеуі айтылады.

Осы жылғы бесінші номерде жарияланған «Әулие ата мен Шымкент арасы» аталатын очеркте автор біраз суреткерлік танытады, табиғат көріністері мен адам психологиясының қатар суреттеу арқылы ой айтуға талаптанады. Автордың шеберлігі, шамасы да байқалады. «...Жолға шыққан екі адам болып, көрмеген жердің ой, шұңқыры көп дегендей өз

еліміздің алыс қалғандығы, оның үстіне таныстардан да айрылғанға көңіл жұқарып келе жатқанда елде жүргенде, Алатау, Қаратау деп естігенде, жердің шеті ме деп таң қалатұғын Алатау һәм Қаратауды көреміз, һәм Алатаудың басы аппақ қар, етегі қоңыр ала болып көрінеді. Қаратаудың басының мұнарланып мұңайып тұруы біздің көңілімізді тағы жұқарта түссе де, күмістей жарқырап, сарқырап аққан арықтың сулары шуақ болып тұрған күннің көзі бізді жұбатып аяндап келе жаттық».

Көріп отырғанымыздай, автордың жазу шеберлігі біршама. Бірақ өкінішке орай, автордың мүмкіндігін танытатын бояуы қалың мұндай жолдар сиректеу.

Одан әріде қалың төлеп қыз алып бара жатқан шалдың көші, қазақ ауылдарының күйсіздеу тіршілігі, олардың тіпті үйлеріне де ешкімді қондырмаулары. Шақпақтағы базар, ондағы адамдардың әңгімелері – бәрі қаз-қалпында, тіпті натуралдық стильде баяндалады.

«Айқаптың» 1912 жылғы алтыншы санынан бастап 1913 жылғы екінші санға дейінгі аралықта жарық көрген жолжазбалар тақырыптары мен жазылу стилі, көркемдігімен де біртектес, ұқсас. «Шымкенттен» (1912, №6), «Түркістан шәһарында» (1912, №9-10), «Шымкент уезіндегі ас» (1912, №13), «Әулие ата» (1913, № 1), «Әулие ата мен Тоқмақ арасы» (1913, № 2) т.б. – бұл жолжазбаларда автор көрген-білгендерін көбіне жалаң баяндайды. М.Кәшімов назарын өлкедегі оқу-ағарту ісіне аударады. Ауылдағы мешіт, медресе көріністері, кездескен молда, мұғалімдер, шәкірттер жайы жан-жақты баяндалады. Мысалы, 1913 жылғы бірінші санындағы «Әулие ата» очеркінде мешіт, медресе ұстаушы имам, қажылардың «қаңырап бос тұрған» медреселермен ісі болмай, өз құлқындарының қамын ойлауы, көп әйел алуға салынушылығы сынға алынады.

Очеркте күн санап, күшейіп, қанат жайып келе жатқан жаңалық пен жаңа оқудың қаймағы бұзыла қоймаған тіршілікке де өзгеріс әкелгендігі баяндалады. Әулие атадағы ескіліктен ай-рылмайтын қожа-молдалардың қарсылығына қарамастан, Уфа тәрізді қалалардан жаңа оқуды меңгерген жастар, мұғалімдер келуде. Қожа-молдалар оларды қумақшы болып, жанталасып, ел ішіне түрлі өсек, «сұмдықтар» таратса да жаңалық қанаты күн санап қатаюда. Ел арасында оқу іздеп үлкен қалаларға аттанушылар да бар.

Бұл әңгімедегі оқушы назарын аударатын бір қызық жай қаладағы үкімет тарапынан ашылған «русско-туземный» мектебіндегі дін мұғалімінің орнына жиырма шақты молдалардың таласуы, осылардың арасынан біреуін алу үшін арнайы комиссияның құрылуы.

М.Кәшімов өздеріне жер алу үшін «кредитный товариществодан» қарыз сұраушылар мен шөп шауып, тасу, отын дайындауды тұрақты кәсіп қылушылардың шыға бастауы туралы да әңгімелер қозғайды.

«Айқаптағы» М.Кәшімов жолжазбаларының ішіндегі көлемдісі де, көркемі де «Шабдан батырдың асы»⁸. Очеркте қырғыз-қазақ елінің ас беру

⁸ Кәшімов М. «Айқап». – Троицк, 1912, №3, 50-61-беттер.

салтынан, әдет-ғұрпынан этнографиялық мәліметтер мол келтіріледі. Мысалы, келушілерге арнап тігілген 2,5 мың шамасындағы үй. «...Шеттен келгендер адаспас үшін, әр түрлі ту тігіліп қойылды. Пржиуалскийге (Пржеваль-скіден келген – З. Б.), қызыл ту, Пішпек уезіне қара ту, Қазаққа көк ту, Сарт, Ноғайға ақ ту, басқа шеттен келушілерге қызыл ала ту тігіліп, әр жұрт өздеріне тігілген тулардың астына барып тұрды. Жиналған жұрт 50 мың шамасында хисап алынды».

Асқа жиналушылардың Тоқмақ пен ас өтетін жер арасы – алпыс шақырымға сыймай ағылуын батырдың еліне ғана емес, Орта Азияға мәлім, қалаулы адам болғандығымен түсіндіреді.

М.Кәшімов халқына қадірлі болған батырдың өз бейнесіне қайта-қайта оралып, жаңа бояулар қосып толықтырып отырады. Оның халық қамын ойлағаны оқу-ағарту ісіне көңіл қойғанынан дей отырып, оны бүгінгі ұрпақтардың ісімен салыстырып қарайды. Өзі халқының алдында соншама беделді, абыройды байлықпен емес, игі істерімен, батырлығымен алса керек. Өйткені, өзі дүниеден өткенде артында бір ат, бір сиыр да қал мапты. Әрі балаларына маған ас бермендер деп жазып өсиеті калдырған.

Он күнге созылған ырду-дырдуға «жүз мың сомнан артық ақша шығын болса, оның қайдан келгені, қанша пайда болғаны да көпшілікке мәлім тәрізді», – деп жазады автор.

«...Аз болғанда жүз мың сырап етілген бұл аста батырдың ұлы Ғасамалдин әпенді «Айқапқа» жәрдем түгіл подписшик те айта алмады. Енді бұл мол ақшаның қандай орынға жұмсалғаны содан белгілі болды ғой. Қырғыздардың пақырлары шыға алмастай борышқа батып қалды. 60 сомнан кем расход қылғаны жоқ. Пақырлардың ішінде ақша таба алмай қызын сатқандары да көп. Жас жігіттердің қызмет қылып өтеймін деп өздерін сатып, пұл алғандары да естілді. Числоның он төртінде, үй әкеліп тігушілер құтылдық па, жоқ па дегендей жапыр-жұпыр үйлерін жығысып әп-сәтте жоқ болды».

Очеркте осыншама ел жиналған аста қарапайым халық мойнына түсіп отырған салмақ пен пайда бөлісудің қамында жалаңдап жүрген ұйымдастырушылар бейнелері біршама шебер-лікпен жасалған. Мысалы, ас кезінде ел билеушілердің бірнеше рет бас қосып, жиналған пұлдан батырдың атында мектеп ашайық, «Айқапқа» жәрдем қаржы берейік дегенмен де оны бөлер кезде өз құлқындарынан аса алмайды. Олар, Шабдан батырдың тұқымдары, оның көзінің тірісінде маңынан халық кетпеген мешіттің өзін қаңыратып бос қойып отыр. Батырдың мек-тебінде төрт жыл бала оқытқан, біршама сауатты Нұралдин әпенді манаптар мен батырдың балалары қырын қарай бастаған соң, басқа орынға ауысқан. Сол мешіттің бас азаншысы аста жиналған елге темекі сатып отыр. Сөйтіп, қаншама шығын болып өткен батырдың асында оның өз атын шығаратындай халыққа мәнді ештеңе де қалмайды.

Жолжазбада қызығы мол этнографиялық, этникалық, тарихи мәліметтер, экзотикалық сипатты уақиғалар көп кездеседі. (Мысалы:

найзаласу сайысы, ат бәйгесі кезіндегі адам өлімімен аяқталатын жан түршігерлік уақиғалар т.б.). Бірақ, автор қызығы, экзотикасы мол осы бағыттың өзін бөлек қуып кетпей, оңы негізгі мақсатқа, ел тұрмысының халық өмірінің суреттерімен, өзінің ағартушылық-демократтық идеяларымен байланыстырып отырады.

Очерк соңында табиғат көріністерінің де келісті суреттері бар. «... Жолдағы зілзәде (жер сілкіну – 3. Б.) болған жердегі таулар қарамаққа қорқыныш болса да жарқ-жұрқ етіп, шолпы-сы сылдырлап бұрандай жөнелетұғын сұлулардай таудан бұрылып, бұралып ағып жатқан бұлақтар жанға рахат берерлік еді».

Осыдан кейінгі сандардағы: 1913, № 4, «Тоқмақ ауылдары», № 7, «Верныйда көргендерім», № 11, «Лепсі (Шұбар ағаш) қазақтарының жайынан» аталатын жолжазбалармен «Айқап» бе-тіндегі М.Кәшімовтің осы сериялы әңгімелері аяқталады.

Енді М.Кәшімовты, 1914 жылғы «Айқаптың» 21, 22-сандарында жарияланған «Қытай қазақтарының жайынан» және «Бақсы қаласы» аталатын очерктеріне тоқталайық.

Алғашқы әңгімеде («Қытай қазақтарының жайынан») авторды таң қалдырған бір уақиға айтылады. Бұл туралы Ә.Дербісәлиннің «Қазақтың октябрь алдындағы демократияшыл әде-биеті» аталатын еңбегінде жазылған. Алыстағы бір ауылда тұратын қазақ қызының М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамалына» пікірін естіп, автор таң-тамаша қалады. Автордың осы уақиғаны баяндау тәсілі көңіл аударарлық. Уақиғаны жалаң баяндаудан суреттеуге, диалогқа, ішкі монологқа өтіп отыратын ұзақ әңгімеде М.Кәшімов жолжазбаларының дәрежесін көрсете алатын мәнді белгілер бар.

«...Мұнысын (М. Дулатов романының финалын.– 3. Б.) мен қолайсызырақ көремін. Бұған сіз не айтасыз?– деп менен сұрады.

Мен жартымды жауап бере алмадым. «Өз басыңызда болмаған соң сондай романды көңіл қойып оқымайсыздар ғой, болмаса ендігі ол турада бірер сөз жазушылар да болар еді.

Менің ойым: Міржақып мырзаға әдейі теңіне қосып алып қаштырған соң, Жамалды мұратына жеткізіп бақытты етіп көрсетіп, кітабының атын да «Бақытты Жамал» қою керек еді. Бұл сөзді қыздан естіген соң, Қытай қазақтарының ішінде терең ойлы, ашық пікірлі романды сынау (таңқит) қыларлық зерек қыздың барлығына таң қалдым»⁹.

М.Кәшімовтің барлық жолжазбаларындағы жазу стилі жоғарыдағы үзіндіде айқын байқалады. Мұнда да диалогтан баяндауға, одан диалогқа өтер тұстардағы қиындықтар көрініп тұр.

«Бақсы қаласы» да осындай стильде жазылған, бірақ мұнда автор пайдаланатын айшықты сөздер, сөйлеуші мінез-құлқын көрсететін детальдар көп².

Очерк Бақсы қаласының түрлі тілдерде аталуын баяндаудан басталады.

⁹ Кәшімов М. Қытай қазақтарының жайынан. «Айқап». – Троицк, 1914, № 21, 290-291-беттер.

² Кәшімов М. Бақсы қаласы. «Айқап».– Троицк, 1011, № 22, 304-бет.

Оның маңындағы қазақ, орыс, ноғайлардың жай-күйін, олардың арасындағы оқу мәселесін әңгімелейді. Автордың 50-60-тай шәкірт оқытып жатса да төте оқуды білмейтін молдамен әңгімесінде сәтті детальдар бар. «Қарт адамсыз, сонша баланы қалай оқытасыз? – деген автор сұрағына, «Сауаты ашылған балаларды бір-біріне оқытып қоямын»,– деп жауап береді.

«Сөзге волостной управитель де қосылып – «бұл өзі құдай артық жаратқан адам» – деді. Волостнойдың бұл сөзі молдаға жақты білем, «мен қалай» деген адамдай маған бір көтеріліп қарап қойды:

«Газет, журнал алғызасыз ба?» деп әңгіме қозғап едім, түсі бұзыла бастады¹⁰. Келтірілген үзінділерде адамның мінез-құлқын суреттеуде автордың тәп-тәуір шеберлігі байқалады. Қала көріністері мен бос тұрған мешіт-медреселерді суреттеуде де образды жолдар кездеседі. «Бақсыдағы медресе һәм мешіт тәп-тәуір салынған, бірақ «бос тұрмын» деп жылап тұрған сықылды көрінді».

Сонымен, қорыта келгенде, «Айқап» бетінде жарық көрген жолжазбалар – сол кездегі қазақ елі тұрмысының біршама реалистік көркем суретін жасаған шығармалар. Олардың арасында өте көркем жазылғандары да бар. Мысалы: «Омскіден Алтайға саяхат» пен «Шабдан батырдың асы» т.б.

Журналдың алғашқы сандарындағы очерктерде бастап жолжазбаларды асықпай салыстыра қарау үстінде көркем прозаның күрделі салаларының бірі – көркем очеркті қазақ қаламгерлерінің қалай меңгергенін, қандай қиындықтарға жолыққанын аңғаруға болады. «Айқаптың» тұрақты авторлары күн санап қаламын ұштай түссе, журналдың өзі де кейінгі жылдарындағы сандарында біршама көркем материалдарды жариялауға мән берген. Дала, қала суреттерінен бастап, адам мінез-құлқын суреттеуге, кейде ішкі монологқа да барып отырады. Алғашқы кезде авторлардың адымын аштырмай, қолын байлағай «диалог – баяндау – диалог» қиындығы да кейінгі очерктерде кәдімгідей келісім тапқан. Бірақ, көркем очеркті меңгерудің қаншалықты қиындығы олардың шығармаларындағы натуралдық ұсақ баяндаулардан анық аңғарылады. Бұл – осы натуралдық тізбектен көркем, келісті очеркке өтер тұстағы қиындығы мол өткелдік кездің көрінісі.

Жоғарыда арнайы тоқталып, талдаған азын-аулақ очерктермен «Айқап» бетіндегі материалдардың бітпейтіні анық, біз олардың арасынан өз мақсатымызға лайық, проза даму процесін көрсете алатындарын ғана алдық.

Қосымшалар:

¹⁰ Сонда.

² Қараңыз: Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1976; Дербісәлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. Алматы, 1966; С а т ы б а л д ы н е в Ә. Рухани қазына. Алматы, 1987; Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. Алматы, 1975.

1. Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз.....	281
2. Бәти.....	289
3. Торайғыров С. Зарландым.....	293
Ауырмай есімнен жаңыдғаным.....	300
Өлеңмен жалбақ драманың материалдары.....	303
Сақып пен Жантұрсын.....	306
4. Майлин Б. «Шұғанаы белгісі».....	306
5. Сарталиев С. «Мақтым».....	323
Әдебиеттер.....	351
Мазмұны	566

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай (Құнанбаев Абай (Ибраһим)) Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1977. 312 б.

2. Аверинцев С.С. Поэтика древнерусской литературы: - Жанры и стиль. М.:Наука, 1989. 260 с.; Аверинцев С.С.Плутарх и атичная биография. –М.:

наука, 1973.-278с.; Взаимосвязь и взаимовлияние жанров в развитии античной литературы. – М.: Наука, 1989. 276 с.

3. **Адибаев Х.** Казахская литература. – Алма-Ата: Мектеп, 1970. -280 с.

4. **Аймауытов Ж.** Жан жүйесі мен өнертану. Қызылорда: Қазақстан мемлекеттік баспасының күншығыс бөлімі, 1926. -80 б.; Мағжанның ақындығы туралы // Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – Б.: 409-428; Психология. – Қызылорда-Ташкент, 1928.-448 б.; Психология.– Алматы: Рауан, 1995. -448 б.

5. **Акимов Б.М.** В спорах о художественном методе. – Л.: Худож.лит., 1979. - 375 с.

6. **Акынжанов М.** Формирование общественно-политических взглядов казахских просветителей. – Алма-Ата: Книгоиздат, 1955. - 95 с.

7. **Александрия.** – М. – Л.: Наука, 1965. - 269 с.

8. Андреев Ю.А Русский исторический роман 20-30 гг. –Москва – Ленинград: Изд-во АН СССР, Ленинградское отд., 1962.- 167 с.

9. **Анисимов И.И.** Новая эпоха всемирной литературы. –М.: Сов. Писатель, 1966. - 688 с.

10. Аристотель и античная литература. - М.: Наука, 1978. - 230 с.

11. **Асмус В.Ф.** Вопросы теорий истории эстетики. – М.: Искусство, 1968. - 654 с.;

12. **Атымов М.** Қазақ романының поэтикасы. –Алматы: Ғылым, 1975. - 312 б.; Қажым Жұмалиев (өмірі мен творчестволық қызметі). – Алматы: Ғылым, 1987. - 160 б.

13. **Ауэрбах З.** Мимесис.- Москва: Прогресс, 1976. 556с.

14. **Ахметов З.** О своеобразии казахского литературного процесса начала XX века) Известия АН Каз ССР. Сер. Филол. 1990. №2.; Современное развитие и традиции казахской литературы. – Алматы: Наука, 1978. - 328 с.; Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее созидания. – Алма-Ата: Наука, 1984. - 252 с.

15. **Әбдіғазиев Б.** Асыл арна. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.-126 б.

16. **Әбдіманов _Ө.** «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. 168 б.

17. **Әбдірахманов Т** Жаңа ғасыр көгінде. -Алматы: Жазушы, 1969.-180 б; Таланттар талғамы. –Алматы: Мектеп, 1988. -168 б.

18. **Әбсемет М.** Міржақып. – Алматы: Кенже-Пресс, 1995.- 154 б.

19. **Әбілқасымов Б.** Телқоңыр. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993. 174 б.

20. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Изд. АН КазССР, 1961. 375 б.

21. **Әдібаев Х.** Көкжиек. – Алматы: Жазушы, 1978. - 295 б.; Уақыт және суреткер. – Алматы: Жазушы, 1967. - 227 б.

22. **Әзиев Ә.** Қазақ повесі: Жанрдың совет дәуіріндегі туу және қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Мектеп, 1989. - 224 б.

23. **Әлмашұлы Ж.** Сұлтанбек Қожанұлы. -Алматы: Қазақстан, 1994.128 б; Нәзір Төреқұлов. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. - 132 б.

24. **Әуезов М., Аймауытов Ж.** Көркем әдебиет туралы // Еңбекші қазақ. 1927. 8-9 тамыз.; Әр жылдар ойлары./ Мысли разных лет. – Алматы:

- Жазушы, 1959.- 556 б.; Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 б.; Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы. Жазушы, 1979. - 1986.; Абайтанудан жарияланбаған материалдар.– Алматы: Ғылым, 1988. – 368 б.
- 25. Базарбаев М.** Әдебиет және дәуір. – Алматы: Жазушы, 1966. 272 б.; Көрікті ойдан көркем сөз. – Алматы: Рауан, 1994.- 368 б.
- 26. Байғалиев Б.** Жүсіпбек Аймауытов)) Жұлдыз, 1989. №6. 176. - 180 б.
- 27. Байтанаев Ә.** Шын шеберлік. – Алматы: Жазушы, 1969. - 219 б.
- 28. Байтанаев Б.** Устно-поэтические традиции в структуре казахского романа. – Алматы: Ғылым, 1994. - 174 с.
- 29. Байтұрсынов А.** Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.
- 30. Бақбергенов М.** Дүбірлі дәуір шежіресі. – Алматы: Жазушы, 1987. - 208 б.
- 31. Барабаш Ю. Я.** Алгебра и гармония. О методологии литературоведческ-кого анализа. – Москва. Худож. Лит., 1977. - 224 с.
- 32. Барманкулов М.** Тюрская вселенная. – Алматы: Білім, 1996. 237 с.; Хрустальная мечта тюрков о квадрациях.- Алматы:ОФ БИС,1999.- 416 с.
- 33. Бахтин М.** Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1979. - 424 с.; Проблемы поэтики Достоевского. 4-ое изд. М.: Советская Россия, 1979. - 318 с.
- 34.Бейсембиев К.**Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. – Алма-Ата: Казахстан, 1976. - 428 с.
- 35. Бекизова Л.** От богатырского эпоак роману // Национальные-художественные традиции, развитие новых повествовательных жанров адигейских литератур. – Черкасск, 1974. - 288 с.
- 36. Белецкий А.И.** Судьбы большой эпической формы в русской литературе XIX-XX вв.// Белецкий. Избранные труды по теории литературы. – М.: Просвещение, 1964. - 478с.
- 37. Белинский В.Г.** Поли. собр. соч.: В 13-т. – М.: Худож. Лит., 1953-1959.
- 38. Бердин Е.** Тайыр Жомартбаев // Жұлдыз, 1963. №10. 152-153-бб.
- 39. Бердібаев Р.** Ғасырлар толғауы. – Алматы: Жазушы, 1977. - 320 б.; Дәстүр тағылымы. Зерттеу, мақалалар.–Алматы: Жазушы, 1973. - 232 б.; Сол бір жылдарда // Жұлдыз, 1995. №5-6, 118-140-бб.; Социалистік реализм туралы. – Алматы: Қазақстан, 1966. - 88 б.; Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы (30-40 жылдар). – Алматы: Мектеп, 1971.- 200 б.;Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995. - 352 б.; Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ғылым, 1987. - 240 б.;Суреткердің ерлігі // Қазақ әдебиеті, 1987. 28 сентябрь; Қазақ романы. – Алматы: «Білім» қоғамы. 1975. - 45 б.;Роман және заман. – Алматы: Жазушы, 1967.- 280 б.; Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. - 232 б.; Бердібаев Р. Тарихи роман. – Алматы: Санат, 1997.- 336 б.
- 40. Бердяев Н.А.** Философия творчества, культуры и искусства. В 2-хт. – Москва: Искусство, 1994.
- 41. Берков П.Н.** Проблемы исторического развития литератур. Статьи. – Л.:Худож.лит., 1981. - 494 с.
- 42. Бертельс Е.Э.** Роман об Александре и его главные версии на Востоке.

–М.-Л.: Наука, 1948.; История персидско-таджикской литературы. Избр. Труды. – М.: Изд-во восточной литературы, 1960. - 556 с.

43. Бес арыс: Естеліктер мен эсселер, зерттеу, мақалалар. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 544 б.

44. Бикмухамедов Р. Орбиты взаимодействия. – М.: Советский писатель, 1983. - 239 с.

45. Бисенгали З.Қ. XX ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997.- 266 б.; XX ғасыр басындағы қазақ прозасы. – Алматы: Мектеп, 1989. - 136 б.; Казахский роман начала XX века. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 400 с., Казахская проза начала XX века. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. - 220 с.

46. Благой Д.Д. Диалектика литературной преемственности)) Благой Д.Д. От Кантемира до наших дней. 2-е изд. Т.І. – Москва: Худож. лит., 1979. 249-269 с.; От Пушкина до Маяковского. Закономерности развития русской литературы XIX начала XX века. – М.: Изд-во АН СССР, 1961. С.- 87.

47. Боранбаев Ж. «Тар жол, тайғақ кешу» неге аяқталмай қалды? // Қазақ әдебиеті, 1995. 17 қазан.

48. Бораев Ю. Искусство интерпритации и оценки. – М.: Советский писатель, 1981. - 399 с.

49. Божаяев М. Особенности развития казахской литературы во II половине XIX и начала XX века. Дисс... док. Филол. Наук. – Алма-Ата, 1970. - 372 с.

50. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1995. - 478 б.

51. Брагинский И.С. Проблемы востоковедения: Актуальные вопросы восточного литературноведения. – М.: Наука, 1974. -494 с.

52. Бунге М. Причинность: Место принципа причинности в современной науке (перев. С англ.). – М.: Иностранная литература, 1962. с. 511.

53. Бушмин А.С. Наука о литературе: проблемы, суждения, споры. – М.: Современник, 1980. - 334 с.; Преемственность в развитии литературы. 2-е изд. – Москва: Худож. лит., 1978. - 224 с.

54. Валиханов Ч.Ч. Сочинения: в 5-ти т. –Алма-Ата: Наука, 1961-1972.

55. Васи́льев С. Теория отражения и художественное творчество. (Перевод с болг.) – Москва: Прогресс, 1970. - 496 с.

56. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – М.: Высшая школа, 1989. - - 406 с.

57. Виноградов В.В. Сюжет и стиль. – М.: Изд-во АН СССР, 1963.- 192 с.; Виноградов В.В. О языке художественной прозы. – М.:Наука, 1980.- 360 с.

58. Волков А.А. М.Горкий и литературное движение конца XIX начала XX века. – Москва: Советский писатель, 1958.- 495 с. Волков А.А. Русская литература XX века. Дооктябрьский период. Изд. 5-е, испр. И доп. – М.: Просвещение, 1970. 527 с.; Волков А.А., Смирнова Л.А. История русской литературы XX века. Дооктябрьский период. 6-ое изд. Перераб., доп. – Москва: Просвещение, 1977. 383 с.

59. Вопросы истории литератур Востока. – М.: Наука, 1979. - 388 с.

60. Выготский Л. Психология искусства. – М.: Искусство, 1964.- 392 с.

- 61. Гачев Г.Д.** Жизнь и художественного сознания. Очерки по истории образа. Ч.1.- М.: Искусство, 1972. - 200 с.; Гачев Г.Д. Национальные образы мира. – М.: Советский писатель, 1988. - 445 с.
- 62. Гегель Г.В.** Эстетика: в 4-х томах. – М., 1968-1973.
- 63. Гей Н.К.** Проза Пушкина. Поэтика повествования. – М.: Наука, 1989. - 269 с.; Гей Н.К. Пафос социалистического реализма. Изд. 2-с. доп. – Москва: Худож. лит., 1973.- 144 с.
- 64. Гете И.В.** Собрание соч.: в 10-ти т. – Л.: Худож. лит., 1956-1959.
- 65. Гинзбург Л.Я.** О психологической прозе. – Ленинград: Худож. лит.77. - 443 с.
- 66. Гольдентрихт С.С.** О природе эстетического творчества. -М.: Изд-во МГУ., 1966. - 241 с.
- 67. Горкий А.М.** Собр. соч.: в 30-ти т. -М.: Гос.изд. худож. лит.
- 68. Грифцов Б.А.** Теория романа.- М.:Тослитиздат, 1927.- 155 с.;Грифцов Б.А. Психология писателя.-М.: Худож.лит., 1988. - 462 с
- 69. Грознова Н.А.** Ранняя советская проза. (1917-1925). – Ленинград.: Наука, Ленингр. отд., 1976. 203 с.; Грознова Н.А. Советский роман, его теория и история. Библиографический указатель.1917-1964. -Л., 1966. - 258 с
- 70. Гросман Л.П.**Поэтика Достоевского.-М.:Молодая гвардия,1965.-605 с.
- 71. Гуляев Н.А.** Теория литературы. 2-ое изд. испр.доп. -М.: Высшая школа, 1985. - 271 с.
- 72. Гумбольд В.** Язык и философия культуры.- М.: Прогресс,1985. 456 с.115. Гумилев Л.Н. Древние тюрки.- М.: Товарищество Клышников-Комаров и К., 1993. - 526 с.
- 73. Гура В.** Роман и революция. Пути развития советского романа. 1917-1929 гг. -Москва.: Советский писатель, 1973. - 400 с
- 74. Габдиров И.** Писатель и действительность.- Алма-Ата: Жазушы, 1984. 216 с.
- 75. Ғабдуллин М.** Қазақ халқының ауыз әдебиеті.- Алматы: Мектеп, 1974. 320 с.
- 76. Ғабдуллин Н.** Қаһарман және оның ұлттық сипаты // Жұлдыз, 1971. №10.; Ғабдуллин Н.Уақыт сыры.- Алматы:Жазушы,1981.- 232 б.Ғабдуллин Н. Замандас бейнесі. Зерттеу, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1981.- 232 б.; Реализм көріністері // Әуезов тағылымы: әдеби сын, мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987. 392-406-бб.; Ғабдуллин Н. Ел ашуы – жан ашуы // Қазақ әдебиеті, 1974. 6 декабрь.
- 77. Дәдебаев Ж.** Мұхтар Әуезов. -Алматы: Рауан. 1991.- 88 б.;Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. -Алматы: Ғылым, 1991. - 208 б.; Дәдебаев Ж. Қазақ тарихи романы, дәстүр мен жаңашылдық.- Алматы: ҚазМУ баспасы, 1988.- 78 б.
- 78. Декс П.** Семь веков романа (Перевод с французского). -М.: Иностранная литература, 1962.- 482 с.
- 79. Дербісалиев Ә.** Араб әдебиеті. Классикалық дәуір.- Алматы: Мектеп. 1982. -208 б.; Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары.- Алматы: Рауан. 1995.- 238 б.;

- 80. Дербісәліев Ә.** Қазақтың октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1966.-126 б.; Дәстүр және жалғастық. – Алматы: Ғылым, 1976.- 304 б.; Шәкәрім Құдайбердиев // Краткая литературная энциклопедия. Т.VIII. -М.: Советская энциклопедия, 1974. - С. 336-337.; Әдебиет туралы толғаныстар. -Алматы.: Ғылым, 1990.- 294 б.
- 81. Джуманов М.М.** Мотивы борьбы за свободу и социальную справедливость в узбекской литературе 1905-1917 гг.)Автореф.дисс... канд.филол.наук. – Ташкент 1975.- 28 с.
- 82. Джусойты Н.Г.** От сказителя к писателю – путь далекий // Вопросы литературы. 1971. №9. - С. 81-89.
- 83.** Динамическая поэтика. От замысла к воплощению. -М.: Наука. 1990. - 262 с.
- 84. Дмитриев В.А.** Реализм и художественная условность.- М.: Советский писатель, 1974.- 279 с.
- 85. Днепров В.** Проблемы реализма. -Л.: Советский писатель, 1961.- 371с;
В. Идеи времени и формы времени. – М.-Л.: Советский писатель, 1980. - 598с;
В. Черты романа XX в.- М.-Л.: Советский писатель, 1965. - 548 с.
- 86. Добин Е.** Жизненный материал и художественный сюжет.-Л.: Советский писатель, 1958.- 333 с. Герой, сюжет, деталь.- М.-Л.: Советский писатель, 1962.- 408 с.
- 87. Добролюбов Н.А.** Собр. соч. в 9-ти т. -М.: Художлит., 1961-1964.
- 88. Досжанов Д.** Абакты.- Алматы: Қазақстан, 1992.- 286 б.
- 89. Дүйсенов М.** Әдебиеттегі түр мен мазмұн бірлігі. -Алматы: ҚМКӘБ, 1962. - 211 б.; Дүйсенов М., Кәкішев Т. Ұлы Октябрь шуағы. – Алматы: Мектеп, -134 б.; Дүйсенов М. І.Жансүгіров. Монография. -Алматы: Ғылым, 1965.- 302 б.
- 90. Дулатова Г.** Ардақтап өтеп әкемді // Бес арыс.-Алматы: Қазақ университеті. 1992. -478-541 бб.
- 91. Дүйсенбаев Ы.** Сұлтанмахмұт Торайғыров.- Алматы: Қазақстан. 1967. - 114 б.; Мұхтар Әуезов.- Алматы: Ғылым, 1974. - 221 б.;Қилы заман туралы // Жұлдыз, 1977. №5. 181-188 бб.; Эпос және ақындар мұрасы. Алматы: Ғылым, 1987.- 344 б.; Ғасырлар сыры.- Алматы: Жазушы, 1970.- 193 б.
- 92. Дюришин Д.** Теория сравнительного изучения литературы. – М.: Прогресс, 1979. - 320 с.
- 93. Дюсенбаев И.** Проблемы изучения истории казахской литературы дореволюционного периода XVIII, XIX и начала XX вв. //Автореф. дис, док.филол.наук.- Алма-Ата, 1966. - 68 с.
- 94. Елеуенов Ш.** От фольклора до романа-эпопеи.- Алматы: Жазушы, 1987.- 352 с.; Жаңа жолдан. // С новой сторки. -Алматы:Жазушы,1989. 320 б.;Мағжан. -Алматы: Санат., 1995.- 384 б.
- 95. Ерғобек Қ.** Арсытар мен ағыстар. 1- 6 кітаптар. Алматы. 2003-2006.; Жан жылуы. -Алматы: Жалын. 1981.- 136 б.; Баянғұмыр. -Алматы: Жазушы. 1991.- 232 б.; Сәбит Мұқанов. -Алматы: Мектеп. 1989. - 141 б.
- 96. Ершов Л.Ф.** Русский советский роман.- Ленинград: Наука,1967. 340 б.
- 97. Еспенбетов А.** Сұлтанмахмұт Торайғыров.- Алматы: Ғылым, 1992.

- 200 б.

98. Есімов Ғ. Абай – хәкім.- Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994.- 200 б.; Санадағы таңбалар.- Алматы, 1995. 200 б.

99. Жаксылыков А. Образы, мотивы, и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы.- Алматы, 1999. - 422 с.

100. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі.-Алматы, Ғылым, 1968.-265 б.
101. Жанр сипаты. Мақалалар жинағы. -Алматы: Ғылым, 1971. -270 б.
102. Жанровые разновидности романа в зарубежной литературе XVIII-XX вв.- Киев – Одесса: Высш.школа, 1985.

103. Жетписбаев Б. Символ в движении литературы. Алматы.: Ғылым, 1999. - 288 с.

104. Жирмунский В.М. Народный героический эпос. -М.-Л.: Госпитиздат, 1962.- 435 с.; Теория литературы. Поэтика и стилистика. -Ленинград.: Наука. 1977. - 407 с.; Сравнительное литературоведение. Восток и Запад. Избр. труды.- Л.: Наука. 1979. - 496 с.

105. Жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы қазақ әдебиеті.- Алматы: Ғылым, 1997. - 512 б.

106. Жолдасбекова Б.Ө. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанның орыс эпикалық прозасы...автореф. док. дисс., 2006.

107. Жолдасбеков М. Асыл арналар.Зерттеулер,мақалалар.-Алматы: Жазушы, 1986. -328 б.; Древнетюркские литературные памятники и их отношение к казахской литературе. // Автореф...дисс.канд.филол.наук. - Алма-Ата, 1969. - 26 с.

108. Жұмағалиев З. Дауылды жылдар шежіресі.- Алматы: Мектеп, 1987. - 104 б.; Шындық және көркем әдебиет.- Қарағанды.: ҚарМУ, 1993. - 216 б.

109. Жұмалиев Қ. XVIII-XX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1967.-436 б.,Очерки из истории казахской дореволюционной литературы. -Алма-Ата: Мектеп, 1968.- 434 с.; Қазақ эпосы мен тарихының мәселелері.- Алматы: ҚМКӘБ, 1958.- 404 б.; Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. - Алматы: ҚМКӘБ, 1960.- 364 б.

110. Жұртбеу Т. Бесігінді түзе)) Жұлдыз, 1987. №3,10,11. 1988, №7, №8.; Бейуақ. - Алматы: Қазақстан, 1990.- 304 б.

111. Зарубежная эстетика и теория литературы XIX-XX вв. Трактаты, статьи, эссе. - Москва.:Изд-во МГУ, 1987. - 510 с.

112. Затонский Д.Искусство романа XX века. –М.: Худож.лит.1973. 536 с.

113. Захарова В.Т. Имперессионистические традиции в русской прозе начала XX века. -Москва.: Московский педагогический университет, 1993. - 162 с.

114. Зиманов С.З. Роль университетов и научных обществ России в культурном развитии Казахстана в XIX веке. Навеки вместе. Алма-Ата: Наука, 1982. – С.208-213

115. Ибраев Ш. Казахсий эпос. Проблемы системного и сравнительного анализа. -Алма-Ата: Қазақ университеті, 1987. - 120 с.

116. Ибраев Ш. Поэтика казахского героического эпоса. -Алматы: Қазақ

университеті, 1993. - 220 с.; Художественно-определяющая система героического романтического эпоса тюркоязычных народов// Типология и взаимосвязи фольклора народов СССР.- М.: Наука, 1980.

117. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы.- Алматы: Ана тілі, 1996.-304 б.

118. Исмаилов Е. Әдебиет туралы ойлар.- Алматы: Жазушы, 1968. -317 б.

119. Исмаилов Е. Ақын және революция.- Алматы: Жазушы, 1983.- 432 б.

120. Исмакова А. Казахская художественная проза.- Алматы: Ғылым, 1998. - 394 с.

121. Истоки русской беллетристики. Возникновение жанров сюжетного повествования в древнерусской литературе. -Л.: Наука, 1970. - 596 с.

122. История всемирной литературы. А 9-ти т. -М.: Наука, 1984.

123. История жанров в русской литературе X-XVIII вв.- Л.: Наука, 1972. - 467 с.

124. История казахской литературы: в 3-х т.- Алма-Ата: Наука, 1968-1979.

125. История Казахстана. Дореволюционный период //Библиографический указатель). В 2-х книгах. -Алма-Ата: Казахстан, 1988.

126. История литератур народов Средней Азии и Казахстана.- М.: Изд-во МГУ, 1960. - 491 с.

127. История русского романа: В 2-х т. -М.-Л.: Изд-во АН СССР, Н-1964.

205. История русского советского романа. Книга 1-2. -М.: Изд-во АН СССР, 1965.

128. История русской литературы. В 4-х т. -Л.: Наука, 1980-1983.

129. История армянской советской литературы.- М.: Наука, 1966.

130. История белорусской советской литературы.- Минск: Наука, 1977.

131. История грузинской советской литературы. -М.: Наука, 1977.

132. История советской многонациональной литературы. В 6-ти т. -М.: Наука, 1970-1974.

133. История татарской советской литературы. -М.: Наука, 1965.

134. История узбекской советской литературы. -М.: Наука, 1967.

135. История киргизской советской литературы. -М.: Наука, 1970.

136. Кант И. Соч. в 6 т. -М.: Мысль, 1963-1966.

137. Какишев Т. Сакен Сейфуллин (Авториз. перевод с каз. яз.) -М.: Молодая гвардия, 1972. - 223 с.

138. Кәкішев Т. Октябрь өркені.-Алматы: Жазушы,1962.- 204 б.; Оңаша отау.- Алматы: Жазушы, 1982.- 222 б.; Дәуір дидары.- Алматы: Жазушы, 1985. - 304 б.; Сын сапары.- Алматы: Жазушы, 1971.- 172 б.; Садақ.- Алматы: Жалын, 1985.- 264 б.; Ескірмейді естелік.- Алматы: Жазушы, 1994.- 432 б.; Кер заманның кереғар ойлары.- Алматы: Қазақстан-мұра, 1995.- 168 б.; Санадағы жаралар.- Алматы: Қазақстан, 1992.- 264 б.; Қазақ әдебиеті сынының тарихы.- Алматы: Санат, 1994.- 448 б.; Мағжан-Сәкен. Ғылыми эссе.- Алматы: Қазақ университеті, 1999. - 449 б.

139. Кедрин З.С. Из живого источника. Очерк советской казахской литературы. 2-С изд. доп. -Алма-Ата: Жазушы, 1966. - 432 с.240. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі.- Алматы: Мектеп, 1986. - 214 б.; Көркемдік дәстүр жалғасытығы. Преемственность художественной

традиции: -Астана: Елорда, 2000. - 288 с.;

140. Кемеңгерұлы К. Шығармалар.-Алматы:Мұраттас,1995. -184 б.

141. Кенжебаев Ш. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Мақалалар жинағы. -Алматы: Ғылым, 1974.- 170 б.; ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1976.- 268 б.; Асау жүрек. (С.Торайғыров өмірінен). – Алматы: Рауан, 1995.- 160 б.; ХХ ғасыр басындағы қазақтың демократ ақын-жазушылары. -Алматы: ҚМКӘБ, 1958. - 306 б.; Жиырмасыншы жылдардағы қазақ совет әдебиеті.-Алматы: ҚМКӘБ, 1961. - 120 б.; Жылдар жемісі.- Алматы: Жазушы, 1984. - 286 б.; Әдебиет белестері.- Алматы: Жазушы, 1986. - 400 б.

142. Кереева-Канафеева К.Ш. Русско-казахские литературные отношения (Вторая половина XIX – первое десятилетие ХХ в). 2-е изд.- Алма-Ата: Казахстан, 1980. - 280 с.

143. Кожин В. Происхождение романа: Теоретическо-исторический очерк.- М.: Советский писатель, 1963. - 439 с.; Становление классического стиля в русской литературе. // Теория литературных стилей. Типология стилевого развития нового времени.- М.: Наука, 1976. –С.65-94.

144. Конрад Н.И. Запад и Восток.Статьи. 2-изд. испр. и доп. – М.: Глав. редакция восточных литератур, 1972. - 496 с.

145. Кор-оглы Х.Г. Туркменская литература.- М.: Высшая школа, 1972. - 241 с., Узбекская литература.- М.: Высшая школа, 1972.- 302 с.

146. Кубачева В.Н. Восточная повесть в русской литературе XVIII начала XIX века. // XVIII век. Выпуск 5. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1962. –С.295-315

147. Кузнецов М.М. Пути развития советского романа. – Москва.: Знание, 1974.- 158 с.

148. Кузьмичев И. Литературные перекресты: Типология жанров, их исторические судьбы.- Горький: Волго-Вятское изд-во. 1983.- 208 с.

149. Кулешов В.И. “Отечественные записки” и литература 40 гт. XIX I.- М.: Изд-во МГУ, 1958.- 401 с.

150. Кумисбаев У. Казахские и персидско-арабские литературные связи XIX-XX вв. – Алматы: Наука, 1990. - 136 с.

151. Куприянова В.Н., Макагоненко Г.П. Национальное своеобразие русской литературы: Осерки и характеристики. – Л.: Наука. 1976.- 417 с.

152. Күмісбаев Ө. Ортақ арна. – Алматы: Жазушы, 1985. - 176 б.; Терек тамырлар,- Алматы : Ғылым. 1994. - 176 б.

153. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жзаушы, 1983.; Сөз өнері. Алматы: Мектеп, 1976. - 376 б.; Жебе: Әдеби толғаныстар мен талдаулар. – Алматы: Жазушы, 1977. – 380 б.; Жанр сыры. – Алматы: Жазушы, 1964. - 169 б.; Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. - 380 б.; Арна. Зерттеу, сын, эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. - 256 б.; Көзқарас.- Алматы: Рауан, 1996. - 256 б.; Таңдамалы шығармалар.- Алматы;Санат, 2003-2006; Дана дидар.Астана, «Астана полиграфия»,2009.- 384.;

154. Қазақ әдебиеті. Әдібаев Х., Базарбаев М., Қабдолов З., Нұрғалиев Р. – Алматы: Рауан, 1994. - 320 б.

- 155. Қазақ әдебиетінің тарихы.** 3 томдық. – Алматы: Ғылым, 1960-1967.
156. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. - 144 б.
157. Қазақ романдарының поэтикасы. Мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1975.- 310 б.
- 158 .Қалижанұлы У.** Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: Білім, 1998. - 256 б.
- 159. Қараев М.** Классикалық дәстүр және әдеби процесс. – Алматы, 1993. - 104 б.; Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолдары. – Алматы: Мектеп, 1986. - 176 б.
- 160. Қасқабасов С.** Қазақтың халық прозасы. - Алматы: Ғылым, 1984. - 271 б.
- 161. Қирабаев С.** Көптомдық шығармалар жинағы. 1-8т., – Алматы:»Қазығұрт»2007; Революция және әдебиет. Мақалалар мен зерттеулер. 2 томдық. -Алматы: Жазушы, 1977.; Әдебиет және дәуір талабы, - Алматы: Жазушы, 1976. - 300 б.; Спандияр Көбеев. -Алматы: ҚМКӘБ, 1958. - 158 б.; Талантқа құрмет. Мақалалар, зерттеулер, портреттер. -Алматы: Жазушы, 1988. - 248 б.; Сәкен Сейфуллин, - Алматы: ҚМКӘБ, 1962.- 442 б.; Жүсіпбек Аймауытов. -Алматы: Ана тілі, 1993. - 224 б.; Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері, -Алматы: Білім. 1995. - 288 б.
- 162. Қожанов С.**Шығармалары. –Алматы: «Арыс». - 352 б.
163. Қожакеев Т. Ұстаздық еткен жалықпас. // Бес арыс. -Алматы, 1992. – Б.422-452.; Заман түзелер деп жүрмін. // Қазақ әдебиеті,1989. 13-қазан.;Сара сөздің сардарлары. -Алматы: Санат, 1995. -168 б.;Сатираның сардары. // Лениншіл жас, 1990. 16 қаңтар.; Көк сеңгірлер. -Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 270 б.
- 164. Қоңыратбаев Ә.** Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы: Санат, 1994. - 282.; Қазақ эпосы және түркология. -Алматы: Ғылым,1987.- 368 б.
- 165. Қыраубаева А.** Ғасырлар мұрасы. -Алматы: Мектеп, 1988. - 163 б.
- 166. Левитов Н.Д.** Психология характера. 3-е изд. испр. и доп. - М.: Промсвещение, 1969, - 424 с.
- 167. Лейбниц Г.В.** Соч. : в 4-х томах. - М.: Мысль, 1982-1984.
- 168. Ленобль Г.М.** История и литература. Изд. 3-с.- М.: Худож. лит. , 1977. - 302 с.;
- 169. Лизунова Е.В.** Современный казахский роман. - Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР, 1964. - 360 с.
- 170. Лихачев Д.С.** Внутренний мир художественного произведения Вопросы литературы. 1968. №8. -С.74-79.; Поэтика древнерусской литературы. 3-е изд. , доп. Москва, Наука, 1979. 352.-с.
- 171. Ломидзе Г.В.** В поисках нового. Статьи о проблемах национальных литератур. - М.: Советский писатель, 1963. - 352 с.
- 172 Лосев А.Ф.** Проблема символа и реалистическое искусство. - М.: Искусство, 1976. - 384 с.
- 173. Лотман Ю.М.** Структура художественного текста. -М.: Искусство. -384 с.

174. *Лукач Г.К.* К истории реализма. - Москва: Гослитиздат, 1939. - 369 с.
175. *Луначарский А.В.* Собр. соч. : в 8-т.- Москва. : 1963-1967.
176. *Мағауин М.* Ақын, тарихшы, философ // *Бес арыс*, - Алматы: Қазақ университеті, 1992. –Б. 85-127.; *Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер.* - Алматы: Жазушы, 1991. -432 б.; *Жаңа эпос жасау жолында // Жұлдыз*, 1986, №10, Б.168-180.
177. *Майтанов Б.* Қаһарманның рухани әлемі. -Алматы: Жазушы, 1987. - 232 б.; *Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау.* - Алматы: Санат, 1996. - 336 б.; *Тәуелсіздік - күрес мұраты.* –Алматы: Құс жолы,2012. - 490 б.
178. *Мақыров С.* "Сұлушаш" романының реалистік сипаты // Қазақ әдебиетіндегі реализм мәселелері. -Алматы; КазПИ баспасы, 1978.; "Ботагөз" романының жазылу тарихы. - Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 1994, - 90 б.
179. *Мамыраев Б.* Казахские литературные связи начала XX века. -Алматы: Наука, 1991. - 95 с.; Основные тенденции развития казахской литературы первой четверти XX века. Алматы: Ғылым, 1998. - 262 с.
180. Мелетинский Е. Введение в историческую поэтику эпоса и романа. - М.: Наука, 1986. 318 с.
181. *Мотылева Т.* Достояние современного реализма. - М.: Советский писатель, 1973. - 438 с.
182. *Мусинов А.* Казахско-киргизские связи. - Алма-Ата: Наука, 1974, - 160 с.
183. *Мұқанов С.* XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. - Қызылорда: Қазақстан, 1932. - 458 б.; *Өсу жолдарымыз.* -Алматы: ҚМКӘБ, 1960. 669 б.; *Тандамалы шығармалары. 16 томдық.* - Алматы: Жазушы, 1972-1980.
184. *Мұстафин Ф.* Ой әуендері. - Алматы: Жазушы, 1978. - 296 б.
185. *Мұхаметханұлы Қ.* Абайдың ақын шәкірттері. –Алматы: РГЖИ "Дәуір", 1993. - 224 б.; *Шәкәрім // Бес арыс*, -Алматы: Қазақ университеті, 1992. - Б: 10-30 ; *Мұхтар кешкен қилы заман. // Абай*, 1992. №3.
186. *Мүсірепов Ф.* Заман және әдебиет. - Алматы: Жазушы, 1982. - 352 б.
187. *Мырзахметов М.* Шәкәрімнің үш анығы // *Құдайбердіұлы ГТТ.Үш анық.* -Алматы, 1991.; *Әуезовтің Абайтанудан жарияланбаған материалдары.* (авторларының бірі). - Алматы: Ғылым, 1988, 368 б.; *Әуезов және Абай*, Алматы: Қазақстан. 1997, - 272 б.; *Патшалық Россияның аймақтарындағы саясаты// Қазақ әдебиеті*, 1990. 26 қаңтар- 2 ақпан.
188. *Нарымбетов Ә.* (авторларының бірі) *Сәкен Сейфуллин: Әдебиеттердің көрсеткіші.* -Алматы: Қазақстан, 1965. - 40 б.; *Қазақ совет поэмасы.* - Алматы: Ғылым, 1977.- 240 б.; *Нарымбетов Ә. Қазіргі қазақ поэмасы* -Алматы: Жазушы, 1982.- 248 б.
189. *Наурызбаев Б.* Қазіргі қазақ прозасындағы Майлин дәстүрі.-Алматы: Ғылым, 1979. - 180 б.
190. *Негімов С.* Шәкәрімнің көркемдік шеберлігі//Қазақ тілі мен әдебиеті, 1991. №2. 52-56 бб.; *М. Әуезов прозасының ырғағы. // Каз ССР ҒА Хабарлары. Филолог сер.*, 1979. №4.

191. **Николаев П.А.** Реализм как творческий метод Историко-теоретические очерки. - Москва: Изд-во МГУ, 1975. - 280 с.
- 192 **Нұрғалиев Р.** Екі томдық таңдамалы шығармалар. -Алматы: Жазушы, 1991-1992.; Өнердің эстетикалық нысанасы. Алматы: Мектеп, 1979, - 192 б.; Телағыс: Монография, Алматы: Жазушы, 1986. -440 б.; Нұрғалиев Р. "Алаш" деп ұран салған// Жалын, 1994, №3-4- Б.: 255-283
193. **Нұрқатов А.** Шығармалары. 1-5 т. –Алматы:Ана тілі,2013.; Мұхтар Әуезов творчествосы.- Алматы: Жазушы, 1965. - 400 б.; Жалғасқан дәстүр. - Алматы: Жазушы, 1980. - 312 б.;
194. **Нұртазин Т.** Жазушы және өмір. Алматы: Жазушы, 1960. - 372 б.; Бейімбет Майлин. -Алматы:Жазушы, 1966.; Шеберлік туралы ойлар. - Алматы: Жазушы, 1968. - 286 б
195. **Нүсіпбеков А.** "Қилы заман" туған жылшардын хикаясы. // Лениншіл жас, 1977. 18 февраль.
196. Октябрьге дейінгі қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1976. - 272 б.
197. **Омарұлы Б.** Зар заман поэзиясы. -Алматы; Білім, 2000, - 368 б.
198. **Оразаев Ф.** Замана қаһарманы. Зерттеу. Алматы: Жазушы, 1981. - 248 б.; Оразаев Ф, Сәкен - көркем әдебиет кейіпкері // Қазақ ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сер., 1971. №1.
199. **Ордалиев С.**Конфликт және характер.- Алматы:Жазушы, 1970.-184 б
200. **Османова З.Г.** Встречи и приобщения: Поэтика в контексте литературы. - М.: Наследие, 1993. - 232 с.
201. Очерки истории азербайджанской советской литературы, - Москва: Иш. АН СССР, 1963.- 570 с.
202. Очерки истории таджикской советской литературы. - М.: Изд. АН СССР, 1961. -479 с.
203. Очерки истории туркменской советской литературы. -М.: Наука, 1980. - 113 с.
204. **Өмірәлиев .** Көне түркі әдеби ескерткіштері.-Алматы: Арыс. -656 б. Қ
205. **Пархоменко М.Н.** О традициях и новаторстве национального романа в Средней Азии // Роман и современность. - М.: Мысль, 1971. – С.165-195.
206. **Петров С.М.** Советский исторический роман. - М.: Сов, писатель, - 1958 с.
207. **Петров С.М.** Реализм. - М.: Просвещение, 1964. - 490 с.
208. **Плеханов Г.В.** Эстетика и социология искусства. В 2-х т. Т.І. - М.: Искусство, 1978.; Литература и эстетика. В 2-т. - М.: Искусство, 1958.
209. **Поспелов Г.Н.** Вопросы методологии и поэтики. Собр. статей. - М.: Изд-во МГУ, 1983.- 335 с.; Проблемы исторического развития литературы . - М.: Просвещение, 1972. - 271 с.; Стадиальное развитие европейских литератур. -М.: Худож. лит., 1988. - 207 с.; Эстетическое и художественное. - М.: Изд. МГУ, 1965. - 360 с.
210. **Потебня А. А.** Теоретическая поэтика. - Москва: Высшая школа, 1990. - 344 с.; Потебня А. А.Эстетика и поэтика.- М.: Искусство, 1976. - 614 с.
211. Поэзия и проза Древнего Востока. - М.: Худож.лит., 1973. - 735 с.

212. Проблемы реализма. Материалы дискуссии о реализме в мировой литературе. Москва, 12-18 апр., 1957. - М.: Гослитиздат, 1959. - 635 с.
213. Проблемы реализма в литературах народов советского Востока. - Баку, 1974. - 247 с.
214. Проблемы психологизма в советской литературе. -Л.: Наука, 1970. - 395 с.
215. Проблемы художественной формы социалистического реализма. В 2-т. - М.: Наука, 1971.
- 216. Пропи В.** Фольклор и действительность, - М.: Наука, 1976. - 325 с.
217. Развитие реализма в русской литературе: В 3-х т. - М.: Наука, 1972-1974.
- 218. Рахымжанов Т.** Қазіргі қазақ романының поэтикасы. 1-бөлім. - Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 1992. - 148 б.; Қазіргі қазақ романының поэтикасы, 2-бөлім. - Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 1992. -68 б.
219. Русская литература конца XIX начала XX века (90-е годы) - М.: Наука, 1968. - 502 с.
220. Русская литература конца XIX начала XX века (1901-1997) - М.: Наука, 1971. - 592 с.
- 221. Сағынбекұлы Р.** Жүсіпбек Аймауытұлы, -Алматы: Рауан, 1997. - 104 б.
- 222. Садырбаев С.** Халық әдебиетінің тарихи негіздері. -Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 215 б.
- 223. Сатпаева Ш.** Казахская литература и Восток. - Алма-Ата: Наука, 1982. - 200 с.; Казахско-европейские литературные связи XIX и первой половины XX века. -Алма-Ата: Наука, 1972. - 280 с.; Шәкәрім Құдайбердиев, -Алматы: Рауан, 1991. - 49 б.
- 224. Сахарова Е., Семибратова И.** Энциклопедия русской жизни. Роман, повесть в России второй половины XVIII начала XX века. -М.: Книга, 1981. - 382 с.
- 225. Серікқалиев З.** Ақыл таразысы. -Алматы: Жазушы, 1976. - 304 б.; Дүниетану даналығы. -Алматы: Білім, 1994. - 224 б.; Ақ жол.Сын кітабы. – Алматы: Жазушы,1990.- 464.; Тағдыр және біз. –Алматы:Ана тілі,1996.: Жан-дауа.Көркемдік ой танымына көзқарас.2004. - 400 б.; Сын кітабы.Тандамалы әдеби мақалалар, зерттеулер. –Алматы: Раритет, 2008. – 504 б.
- 226. Сильченко М.С.** Казахская литература XIX начала XX века: Учебник-хрестоматия. 4-е изд. - Алма-Ата: Казучпедгиз, 1962. - 122 с.
- 227. Скафтымов А.** Нравственные искания русских писателей: Статьи и исследования о русских классиках. - Москва: Худож лит. , 1972. - С. 27-31.
- 228. Смирнов И.** От сказки к роману. Труды отд. древнерусской литературы. -Л.: Наука, 1973, Т.27. - С. 284-320.; Проблемы реализма в русской прозе начала XX века. Москва: Просветитель, 1977. - 208 с.
229. Советский многонациональный роман, - Москва: Наука, 1985.- 398 с.
230. Советский роман: Новаторство. Поэтика. Типология. - Москва: Наука, 1978. - 693 с.

231. Судьбы романа. - М.: Прогресс, 1975. - 374 с.
232. Судьбы русского реализма начала XX века: Собр. статей. - Москва: Наука, 1972. - 283 с.
233. *Сучков Б.* Исторические судьбы реализма. М.: Сов. писатель, 1970. - 456 с.
234. *Сұбханбердина Ү.* Әдеби мұраны зерттеудің кейбір мәселелері// Әдеби мұра. -Алматы: Жазушы, 1970. - 255 б.; Шығыстық сюжеттер. // ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы, 1972. №6.- С.127-132
235. *Сүйіншіалиев Х.* Шәкәрім Құдайбердіұлы. // Бес арыс.-Алматы: Рауан, 1990. Б.5-20.; Абайдың қара сөздері. - Алматы: ҚМКӘБ, 1956.- 171 б.; Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезендері. Алматы: Қазақстан, 1967. - 388 б.; Қазақ әдебиетінің тарихы. –Алматы, Санат, 1997. -928 б.
236. *Сыдықов Т.* Қазақ тарихи романы. -Алматы: Ердәулет, 1996. - 252 б.
237. *Сыздықова Р.* Көптомдық шығармалар жинағы, -Алматы:»Ел-шежіре» (1-8 т.: 2014.; Қазақ әдеби тілінің тарихы, -Алматы; Ана тілі, 1993.
238. *Таханов Ш.* Национальный характер в романе Ж. Аймауытова "Қарткожа" //Изв.АН Республики Казахстан. Сер.филол., 1992, №1. -С. 52-58.
239. *Тәжібаев Ә.* Есімдегілер. Алматы: Жазушы, 1993. - 400 б.;
240. *Темірболат А.Б.* Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. -Алматы:Ценные бумаги,2009. -504 с.
- 241.Теория литературы: Основные проблемы в историческом освещении. Кн.: 1-3. -М.: Изд-во АН СССР, 1962-1965.
242. *Тогжанов Ғ.* Әдебиет және сын мәселелері.- Қызылорда, 1929.- 142 б
243. *Толстой Л.Н.* Полн. собр. соч. - М.-Л., 1928-1989.
244. *Томашевский Б.В.* Теория литературы. Поэтика. Изд-во 5-ое.- М.-Л. 1930. - 240 с.
245. *Тынянов Ю.Н.* Поэтика. История литературы. Кино. - М., 1977.
246. *Уэллек Р., Уоррен О.*Теория литературы. -М.:Прогресс. , 1978. 126 с.
247. *Фокс Р.* Роман и народ (Перевод с англ.). М.: Гослитиздат, 1960.
248. *Фролов И.Т.* Органический детерминизм, Телеология и целевой подход в исследовании // Вопросы философии, 1970. №10. –С.75-77
249. *Фролов И.Т.* Генетика и диалектика. - М., 1968.-217 с.
250. *Хасенов М.* Сәбит Мұқанов және фольклор. - Алматы: Ғылым, 1980.- 409 б.; Мемуарлық шығармалар және оның жанрлық табиғаты // Жанр сипаты. Алматы: Ғылым, 1971. –Б. 311-322
251. *Храпченко Б.М.* Собр. соч. : в 4-хт.- Москва, Худож. лит. , 1980-1982.
252. *Чернышевский Н.Г.* Полн. собр. соч. в 15-ти т. -М.: 1939-1963.
253. *Чичерин А.В.* Возникновение романа-эпопеи. - М.: Сов. писатель. 1975. - 376 с.
254. *Шалабаев Б.* Из истории казахской дореволюционной прозы и романа.- Алма- Ата: Казминпрос, 1956.- 114 с.
255. *Шәріпов Ә.* Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары. -Алматы: Ғылым, 1973. - 286 б.
256. *Шәріпов А.* Сұлтанбек Қожанұлы - әдебиетші. Алматы: Ер-Дәулет, 1994, - 98 б.

257. *Шеллинг Ф.* Система трансцендентального идеализма. -М.; 1936. - 383 с.
258. *Шешуков С.* Неистовые ревнителі. Из истории литературной борьбы в 20-х г. 2-ое изд. М.: Худож. лит, 1989. - 351 с.
259. *Шиллер Ф.* Собр. соч. в 7-и т. -М.; 1955-1957.
260. *Шкловский В.* О теории прозы, -М.: Изд-во Федерации, 1962.- 265 с.; Повести о прозе, -М.: Худож. лит. , 1966. - 463 с.; Тетива: О несходстве сходного.-М.:Сов.писатель,1970. - 375 с.
261. *Ысқақов Б.* Қазақ-татар әдеби байланыстары. -Алматы: Ғылым, 1976-175 б.
262. *Ысқақов Д.* "Ақбілек әлемі" // Жұлдыз, 1990. №8. 179-183-бб.; Сын шын болсын. - Алматы: Қазақ университеті, 1993. - 128 б.; Сынсонар. - Алматы: Рауан, 1994. - 238 б.; Әдеби сын тарихы.Оқу құралы.-Алматы.2012,- 580 б.
263. *Ысмағұлов Ж.* Абай ақындық тағлымы (өмір шындығы – ақын көзімен). -Алматы: Ғылым, 1994. - 279 б.; Міржақып Дулатов (Алғы сөз) // ДулатовМ. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991.-Б. 3-18
264. *Эйхенбаум Б.М.С.* О литературе. Работы разных лет. -М.: Сов. писатель, 1987. - 540 с.
265. *Эмрах и Сельви*, необыкновенные приключения Кара оглана и другие турецкие народные повести. (Перевод с тур. сост. вступ. ст. 5-20, и примеч. Х.Г. Кор-оглы). 2-е изд. -М.: Наука, 1982. - 447 с.
266. *Энгельс Ф.* Диалектика природы // Маркс К., Энгельс Ф. Соч., т. 20.
267. *Якименко Л.Г.* Избранные работы: В 2-х т., 3-е изд. -М.: Худож. лит., 1982.
268. *Якобсон Р.О.* Работы по поэтике. - Москва: Прогресс, 1987. - 460 с.
269. *Якобсон П.М.* Психология художественного восприятия. - Москва: Искусство, 1964.- 86 с.; Психология художественного творчества.-Москва: Знание, 1971. - С.48 с.: Психология чувств. 2-ое доп, изд. - Москва: Издание АН РСФСР, 1958. - 384 с.

Көркем шығармалар

1. *Аймауытов Ж.* Бес томдық шығармалар жинағы (1996-1999); Қартқожа. Әңгіме, - Қызылорда - Ташкент, 1926. 208 б.; Ақбілек// Әйел теңдігі, 1927. №2-5. (аяғы жоқ.); Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. - 560 б.;
2. *Әуезов М.*Жиырма томдық шығармалар жинағы. –Алматы;Жазушы, 1979...
3. *Байтұрсынұлы А.* 6 томдық шығармалар жинағы.-Алматы. «Ел шежіре», 2013.Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы- Алматы. Мектеп,2002
4. *Жомартбаев Т.* Қыз көрелік. Роман. -Семей: "Ярдам", 1912. 43 б.
5. *Кәшімов М.* Мұңлы Мариям. - Казань: Брадан Каримовтар, 1914. б.
6. *Көбеев С.* Қалың мал. Казан: Каримия / Казань: Литотипография Г. его

Дома "Бр. Каримовы", 1913. - 85 б.; Қалың мал. Түзетіліп, толықтырылып 2 басылуы. - Алматы: ҚМКӘБ, 1934. - 107 б.; Таңдамалы шығармалары. - Алматы: ҚМКӘБ, 1960. - 295 б.

7. **Құдайбердиев Ш.** Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1988. - 560 б.

8. **Майлин Б.** Бес томдық шығармалар жинағы. –Алматы:Жазушы, 1986.

9. **Сейфуллин С.** Бес томдық шығармалар жинағы. –Алматы:Жазушы, 1986.;Тар жол, тайғак кешу. - Қызылорда: Государственное издательство К.С.С.Р., 1927, 422 б.; Тар жол, тайғак кешу // Қызыл Қазақстан, 1923, №19-21, 22-24. 1924, №3,4,7-9; 1926, №11-14, 15-18.; Тар жол, тайғак кешу. - Алматы: ҚМКӘБ., 1936. – 530 б.; Тар жол, тайғак кешу // Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы, 4-т., Алматы: Жазушы, 1988. - 434 б.

10. **Торайғыров С.** Толық шығармалар жинағы. - Қызылорда, 1933.- 345 б.;Екі томдық шығармалар жинағы.- Алматы: Ғылым, 1993.

11. **Мұқанов С.** Адаскандар.- Қызылорда: Қазақ баспасы, 1931. - 317 б.;Адаскандар. Роман. Түзетіліп екінші басылуы. -Алматы - Қазан: Қазақстан көркем әдебиет баспасы, 1935. -368 б.; Мөлдір махаббат. - Алматы: Жазушы, 1988. - 544 б.

12. **Мөңкеұлы М.**Шығармалары. – Алматы: «Арыс»,2013. -288 б.

13. **Қанайұлы Ш.** Қайран, халқым. –Алматы:Раритет,2002.- 216 б.

14. **Садуақасұлы С.** Екі томдық шығ.жинағы.-Алтаты,»Алаш». – 2003.

15. **Төгісов К.** Шығармалар жинағы.- Алматы:»Алаш», 2003. – 256 б.

16. **Шал ақын.** Өлеңдер зерттеу, деректер.-Алматы: «Арыс», 2003. – 200 б

17. **Орманбетұлы Н.** Кер заман. –Алматы: Алаш, 2004. - 320 б.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
Бірінші тарау:	9
Жаңа типті прозаның алғышарттары және заманаталабы	9
1.1. Мақсаты басқа мектептер және қазақ қоғамдық санасы.....	13
1.2. Қазақ қыздарының бас бостандығы жолында күресі.....	16
1.3. Қазақша әліпби туралы айтыстар және жаңа кітаптарғасын.....	18
Бақылау сұрақтары мен білктілікті тексеру.	
Екінші тарау:	
Қазақ прозасының дамуы және мерзімді баспасөз.....	25
2.1. «Айқап» журналында жарияланған проза.....	28
2.2. Журналдағы очерктер мен жолжазбалар.....	45
2.3. «Айқаптағы» аудармалар.....	55
Бақылау сұрақтары мен білктілікті тексеру.	68
Үшінші тарау:	
Жаңа жанр жолында.....	73
3.1. Жандыбаев А. «Жас ғұмырым яки жстықта ғафлат» романы.....	75
3.2. Кәрі Палуан (Кәрім Машин) «Садық әпенді» повесі.....	80
3.3. Ержанов Байбатыр «Оқуға махаббат» повесі.....	82
3.4. Кәшімлів Мұхамед-Сәлім «Мұңла Мариям» повесі.....	87
3.5. Жомартбаев Тайыр « Қыз көрелік» повесі.....	94
3.6. Көбеев Спандияр «Қалаң мал» романы.....	103
3.7. Торайғыров Сұлтанмахмұт «Қамар сұлу»	111
3.8. Майлин Бейімбет «Шұғаның белгісі».....	119
3.9. Сарталиев Салахидден «Махтым» хикая.....	123
Сарталиев прозасы туралы ойлар.....	163
Бақылау сұрақтары мен білктілікті тексеру.	
Төртінші тарау.	
4.1. Халық прозасының көркемдігіне көз тігу.....	175
4.2.М.-Ж. Көпейұлы жинаған халық прозасы.....	181
4.3. Ы.Алтынсариннің прозалық шығармалары.....	185
4.3. Абайдың Қарасөздері.....	192
Бақылау сұрақтары мен білктілікті тексеру	
Бесінші тарау.	
Халық прозасы туралы толғамдар.....	206
5.1. В.Радлов, Г.Потанин, Ә.Диваевтар жазып алған әдеби мұралар үлгісі.....	214
5.2. С.Мұқановтың қазақы әңгіме,хикаялардың көркемдігіне көңіл бөлуі	218
5.3. Б.Майлин және халық прозасы.....	239
5.4. М.Әуезов және халық прозасы.....	253
5.5. С.Сейфуллин және халық прозасы.....	264
5.6. Халық прозасының тілі.....	279

Қорытынды.....	284
Бақылау сұрақтары және пән жүйесін игеру нәтижесі.....	288
Қосымшалар:	
1. Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз.....	292
2. Бәти.....	300
3. Торайғыров С. Зарландым.....	304
Ауырмай есімнен жаңыдғаным.....	311
Өлеңмен жалбақ драманың материалдары.....	314
Сақып пен Жантұрсын.....	317
4. Майлин Б. «Шұғанаы белгісі».....	317
5. Сарталиев С. «Мақтым».....	334
6. Әдебиеттер.....	380
Мазмұны	396

басылды.

